

Мұратхан Қожахметұлы ҚОЖАХМЕТОВ  
Жандос Қожахметұлы СМАҒҰЛОВ

# АБЫЗ ДАЛА, АНЫЗ ДАМА – АКТОФАЙ



Қараганды - 2021

Мұратхан Қожахметұлы Қожахметов  
Жандос Қожахметұлы Смагұлов

**АБЫЗ ДАЛА,  
АЦЫЗ ДАЛА -  
АКТОЕДАЙ**

(Толықтырған екінші басылым)

Қараганды - 2021

ӘОЖ 908

КБЖ 26.89

Қ56

Қ56 Қожахметов Мұратхан Қожахметұлы

Жандос Қожахметұлы Смагұлов. Абыз дала, Аңыз дала -

Актогай. Тарихнамалық зерттеу. Толықтырған екінші басылым.

Қараганды: Тенгри, 2021. 444 бет.

ISBN 978-601-7652-27-2

География ғылымдарының кандидаты, профессор, географ-  
галым Мұратхан Қожахметұлы Қожахметов пен Халықара-  
лық Акпараттану академиясының академиги, филология  
ғылымдарының докторы, профессор, филолог-галым Жандос  
Қожахметұлы Смагұловтың бүл кітабының мазмұнына  
Токырауын арнасына орналаскан Актогай ауданындағы ел мен  
жердің тарихы, тайпалық-рулық құрылымы, географиясы өзек  
болған. Еңбекке тарихи және мұрагаттық деректер негізгі арқау  
болғанымен, олар ел азында сакталып келген аныз-әпсаналармен  
тығыз байланыстагы салыстырмалық мәнде пайымдалған. Халық  
бастан өткөрген тарихи оқигалардан мол мағұлымат беруімен  
қатар, ата-баба шежіресін зертелеуде, өз бағасын ала алмай келген  
тарихи тұлғалар мен үлттых құрханиятка олжа салған өрендерді  
тәншіп білу мен бағалау жолында танымдық және тәгілімдық  
маңызы да жоғары екені анық.

Кітап туган ел мен жер гарихын білуге құмар жалпы копшілік  
оқырман қауым мен зерттеушілерге арналған.

ӘОЖ 908

КБЖ 26.89

ISBN 978-601-7652-27-2

© Қожахметов, 2021



Мұратхан Қожахметұлы Қожахметов (1946-2017)



Жандос Қожахметұлы Смагұлов

## **СӨЗ БАСЫ** **немесе Аңыздан ақиқатқа**

Адамзат қогамында бір ғана Ұлы Сыншы бар. Ол – Тарих. Оnda есік пен төр жоқ, сондыктan да тарих. Ал тарихтың жақсы және жаманы болмайды. Сол тарих сарайының есік-босагасын өз калауымызша қолдан жасал алып, өткен дәүірлердің тылсымынан төр іздесек, онда ол тарих болмай қалады. Өйткені, ол тарихтың шаңырағы болmas еді. Бұқіл адамзат тарихында жеке адам, оның жеті атадан тұратын тайпалық-рулық генеологиялық құрылымы, шежірелік ұғымдағы ата, ру, тайпа, ұлт, халық гайыптан бірден пайда бола қалмайтыны - дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Жер Ана түгілі Айға адам қоидырып, Марсты зерттеуге көшіп отырган XXI ғасырга жеткен бүгінгі ұрпакқа дейін, олар қогамдық даму формацияларына сай эволюциялық өсу-жетілу үдерістерін бастан кешірді. Тарих көшіндегі ата-тек шежіресінде сонау Адам Атаяха Анадан басталған ұрпак жалғастығының жолы ғасырлар бойы ұзаққа созылған қалыптасу сапарын бастан откерді.

Ұлы Даға өркениеті тудырган шежіре мәліметтеріне деректік талдау жасау, көшпелілік болмысқа тән тарихи ой-сана мен таным өрісін, оның табигатын және құрамдық бөліктерін, әлеуметтік мәдени қызметтің тануға жол ашады. Ежелден бергі өртегілер, жыр-дастандар, тарихи әңгімелер, аныз, кария сөз, шешендік билер сөзі және басқа да ауызша айтылып, халық жадында сақталған мұралар шежірелік дәстүрді құрайтын ішкі деректерге жатады. Өз кезінде Ш. Уәлиханов казакта «бірде-бір мәнді оқиғасы, бірде-бір керемет кісісі туралы айтылмай қалғаны, халық жадында сақталмай қалғаны жок», – деп атап өткен. Расында да халықтың ауызша жадынамасын құрайтын ауыз әдебиетінде мол тарихи деректік кор бар. Ол деректемелердің тарихи шындықка карым-қатынасы көп жағдайдағы ғылыми тұргыда жан-жақты қарастырылмай келді.

Барлығымыздың дасазгер Д. Сәдуақасов пен ақын А. Бекенинің «Алтын бесік - Ақтогайым» әні шырқалғанда орнынан қарғып

тұрып қол согатын, сағына еске алатын бір ғана қимасымыз, алтын бесігіміз – Ақтогай бар. Ол жер шары картасында кішкентай ғана бір нүктө. Алайда сол бір жалғыз нүктеден тарағып жатқан туған жердің нұрлы шуагы бәрімізді жылдытып, армандарға бастал, альстарға жетелен келе жатыр.

Караганды облысындағы жеке әкімшілік-басқару орталығы ретінде құрылғанына 90 жыл толып өткен Ақтогай ауданының тарихын тек осы уақыт өлшеміне сыйғызу мүлде дұрыс болмайтыны айтпаса да түсінікті жайт. Бұл 90 жыл - казақтың хандық, би-шешендік және рулық-ақсақалдық тұрғыдағы ел билеу жүйесін талқандап, ұлттық ой-сана, тарихи таным-білік пен таянылымның астан-кестеңін шыгарған үш ғасырларға созылған отаршылдық ұstemдіктің заны жалғасы ретінде зорлық пен зомбылық, аштық, құғын-сүргін зұлматтарын ала келген кенес дәуіріндегі, яғни тоталитарлық социализмдегі бастан өткерген кезсі мен егемендікке кол жеткізген жылдардың ғана тарихы. Ендеше 1928 жылы жеке аудан болып құрылғанға дейін де қасиетті Ақтогай топырағы, толқынды Тоқырауын өзені бойын жайлаган елге ата мекені, кіндік қаны тамған туған жері болып келді.

Тарихы теренде жатқан, батыры мен би-шешендер көп шыққан, әдебиет пен өнерде айтулы тұлғалар тарту еткен, ән мен жырдың өлкесі саналатын осы өнірдің коне тарихын былай қойғанда, Қазан төңкерісіне дейінгі бір-екі ғасыр бұрынғы тарихы туралы деректердің өзі тым мәрдымсыз. Болса да олар жылнамалық, шежірелік және тарихи анықтамалық еңбектер мен мақалаларда шашылып жатыр. Ал ел аузында ақиқаты басым түрде айтылатын аныз-әпсенеларды кеңестік идеология ұлттық рухты әлсірету үшін барынша жокқа шығаруға ұмтылғаны айқын шындық. Келмеске кеткен тотолитарлық-әкімшілік жүйе халық санасын ұлы державалық шовинистік көзқарастагы орыстандыру, ділсіздіндіру мен дінсіздіндіру саясатымен ғана улап қойған жоқ. Сонымен қатар тарихи жадымыздың ұлттық жәдігерлерді де ұмыттыру үшін зымяндықпен ұтшылдыққа қарсы құрес

желеуімен космополитизм мен нигилизм секілді неше түрлі мәнгүрттедіру әдіс-тәсілдерін аясыз колданды.

Досбол би «Бәрінен сөз бастау кын, тауып айтсаң мереке қылады, таптай айтсан келеке қылады» деп, аталы сөзді бәрінен жогары қойған екен. Кез келген қалам иесі өзіндік субъективті көзқарасын білдіруде категесуден тыс қала алмайтыны ақиқат нәрсе. «Кім ізденсе, сол категесуге мәжбүр болады» деп неміс ақыны Гете айтканда, шынында да ізденбей, айтпай-жазбай тыныш жатқан адам кемшіліктен ада болатыны анық. Әсіресе, тарихи және өлкетанушылық бағыттардағы зерттеулерге бой үрган адамға барлық деректер атаулысын камту мүмкін еместігі және бар. Сондыктан да ел-жер тарихына байланысты басқалардың көзқарасына сәйкес келе бермейтін кейбір категілерге ұшырап жатсақ, ол белгілі бір дәрежеде зандылық деп ұқкан жөн. Сонымен катар барлық елге жағу мүмкін емес екенін есте ұстай отырып, «Платон - менің досым, бірақ маған шындық кымбат» деген Аристотельдің созін басты нысанға алдық. Себебі «турасын айтпай аталы сөзді талай өлтіргенбіз», енді оның реті болmas.

Біз бұл тарихи дерекнамалық кітапта Ақтогай ауданы тарихы туралы бұрын-сонды гылыми танымдық, публицистикалық сипатта жазылған енбектер мен мақалалардағы жалпы жұртқа белгілі жайларды кайталаудан қаламды мақсатты түрде алыс ұстадық. Оларды тек ой өзегінде сөз болар такырыпка сай дәлел мен сілтеме жасау үшін ғана пайдаландық. Сол себептен де беймәлім болып жүрген немесе ел арасында ғана ауызша әнгіме деңгейінде ғана айтылатын және күмәні мен түйткілі көп тарихи оқигаларға толы кезеңдерді зерделеуге дең койдық. Әрине, кешегі Қонырат, бүгінгі Ақтогай ауданы құрылғанан бергі уакыттағы тарихында әр салада енбек еткен адамдары, әсіресе, басшы орындарда қызмет жасагандар мен олардың ұрпактары өз әке-шешелерінің атын іздері даусыз. Франсуз жазушысы Молерме «Әлем кітапқа кіруге ұмтылып тұрады» деп жазған екен. Осы сөзге сай алғатын болсақ, ауданның кенес кезіндегі тоқсан жылдық тарихында өзімнің жүрген ізім мен атымды калдырдым

деп санайтындар туралы жазудан саналы түрде бас тарттық. Оның басты себебі 1928 жылдан бергі аудан тарихының өзі-ак бірнеше кітапқа жүк болатыны даусыз. Сондыктан үй несінін көніліне қарамай берген «кожесінің сұйығын сұйық, қоюын қою» деп тұрасын бетіне айтатын және жазатын табигат берген абадан мінезбен ашық айтын отырмыз.

Бұл кітаптағы басты кейіпкер – халық, оның тарихы мен тағдыры. Ғасырлар таразысы тұргысынан алғанда, кешегі тоталитарлық және бүтінгі авторитарлық билік талантары тұргысына сай жазылатын ресми сипатта айтылып-жазылатын тарих бар да, тек халық жадындаған сақталып, атадан - балаға, үрпактан үрпакқа жеткен, айғайлап айтып-жазуға болмайтын шынайы шерлі тарих бар. Оны түбірлей жазатын болсақ, бірталай аруакты құніреңтеріміз, немесе олардың үрпактары болатын бірталай адамның назасына қаларымыз анық. Сондыктан «қақыры жазған соң ананы неге жазбаған, мынаны неге айтпаған» деушілер де табылып қалар. Ондай сыншыларға айтарымыз, «стаяқтың екі ұшы болатынын, бір шеті өзіне де тиін кететінін» де ойлаған дұрыс шығар. Мәшһүр Жұсіп: «Қазак кариялары айтады жақтырмаган кісісін: «Бұл шіркін, өзін танымайды, кімді таниды, - деген екен. Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылышылар алдымен өзін танды мақсат қылуы керек», – дейді. Тамаша айтылған сез. Жалпы ел-жер тарихы ғылымына ден қоюшылар, оның ішінде қазак шежірелеріне қоңыл қоямын дегендер әуелі, әрине, өзінің тұп-тегін біліп, тайпалық емес, үлптық сана-сезімін әбден жетілліргендер катарында болуы шарт. Ел болған соң оның откерген тарихи жолында жаксы да, жаманы да болды. Енді оларды термелеп тұрасын айтамын деп жаңғыртып жату аргық болары түсінікті. Қалай дегенмен де бүкіл қазак қауымында сөздің шетін шығарса-ак, жауап кайтара алмай құмілжіп томен қарайтын бетке шіркеу, сұйеккө таңба боларлықтай келенсіздіктерден аулак болғаны үшін ата-бабамызға алғыс айтуға тиістіміз.

Халықтан артық сыншы жоқ, оның ішінде талғамы мен ой-өрісі, білім деңгейі мен парасат-пайымы әртүрлі деңгейдегі

оқырман бар екені белгілі. Осы тұргысынан алғанда, кейбір нактыланбаган деректер мен артық-кем айтылған пікірлер болып жатса, алдын ала кешірім өтінеміз. Себебі ел мен жер тарихына байланысты зерттеу мен зерделеу жүргізу - киынның қыны. Біздін басты мақсат – көненің көзіндегі болып келген, бүгіндегі ортамызда жоқ карттарымыздан естіген, қағазға түсірген азыз-әпсана, естеліктер атаулысын уақыт тезін сала отырып, бүгіндегі күн талап-тілегіне сай саралуға. Сөзден – сөз, азыздан – әңгіме туатыны рас болса, бұл кітапта жазылғанның бәрі де тұра сол қалпында қабылдайтын қатып қалған тұжырым емес. Ойды дәлелді айтылған інкір түзейді және тұра бағытқа бағытталған ізденіс толықтырады. Бізден кейін де туган өлкеміздің тарихына байланысты қамтылмай қалған мәселелерді терендете қарастыратын ізденушілер болса, нұр үстіне нұр!

Кітапты қолына алған соң кім де болса, оны жазған қалам иесі туралы білгісі келетіні анық. Жеті жастан білім сонына түстік, одан кейін ғалым болсақ деп максат қудық, содан соң азамат болсақ деп жаксы ат қудық. Балалық шағымды былай койғанда, менің де еңбек жолында алғашқы қадамым тұган жерім Ақтогайда басталды. Ел танылдық, одан соң жер танылдық. Алайда ғылыми салада зерттеулер мен оқулық дәрежесінде 22 кітап шығарғанмен, тұган жерім Ақтогай туралы танымдық және публицистикалық мақалалар гана болмаса, зерттеушілік сипатта ешбір еңбек жазбаптын. Ауданымыздың 90 жылдық тарихи мерейтойы атальп өтейін деп отырған осы тұста көкейде жүрген сол кемшіліктің орнын толтыруды ойлап, бұл кітаптың алғашқы басылымын 2018 жылы Алматыдағы «Арыс» баспасынан жарыққа шығарған болатынбыз. Кітап жалпы көпшілік жүртқа арналғандықтан, сол біршіл басылымды жалпы оқырман қауым жылы қабылдағанын байқадық.

Шынын айтар болсақ, сол алғашқы басылым ауданнын 90 жылдық мерейтойына жеке басымыздан сыйлық ретінде шығарылғандықтан, аудан тарихына байланысты бірталай тұздығы аңы тарихи жайттарды кітапка кіргізбей алып қалған

болатынбыз. Сонымен қоса кейбір әлі де анықталмаған және күмәнді тұстары бар деректерді нактылау кажет болған тарихи жағдаяттар туралы жазбаларды да іркіп қалған болатынбыз. Енді оларды түбекейлі салыстыра қарал, ел-жұргика керек болар ау дегендерін қосып, толықтырып қайта шыгарғанды дұрыс деп үйіардық. Ғұмыр бойы ғылыммен шұғылданып келген үйреништі дәғдымен ғылыми стильге қарай бұрыла бергенімізді айыпқа бұйырманыздар. Тарихи деректнамалық зерттеу болған соң, оқырманға қындық көлтірмеу үшін пайдаланған еңбектерді мәтін арасында бердік.

Кок Тәнірісі осы кітапты жазуды менің маңдайыма бұйырткан шығар. Иә, бәрі де ҳақ тагаланың бұйрығымен. Эйтпесе бір басымызға жазатын ғылым саласы жоқ емес еді ғой. Осы арқылы атак шығару да ойымызда жоқ. Пайғамбар жасына дейінгі адаб еңбекпен алған атақ-абыройымыз өз басымызға жетеді. Шыны керек, бұл тарихнамалық зерттеуді жазу барысында даланың ауызша тарихнамасында (ДАТ) сакталған ескі сөздер, мұрагат құжаттары, тарихи оқигалар мен деректерді бір жүйеге келтіруде үлкен бір коркыныш болды. Ол – ағат айтып-жазып қалсам, Қарекен, Жидекен, Шабекен секілді киелі тұлғалардың аруагы алдында құнәлі де кінәлі болып қалмасам екен деп сескену. Сондыктан осы кітаптағы сөз болатын тарихи тұлғалардың аруагы алдында алдын ала кешірім өтінемін.

Орыстың діни кітабында «Не суди, будешь не судим» деген сөз бар. Көк Тәнірісі көлламызға жазар ой, аузымызға сөз салды, ал көл кагазға түсірді. Откен үрпактың тарихы мен тағдырын жазсак, бұл оларды ақиқаттың сотына тарту емес. Қанша адалын жазсам ба дегеніммен, жаңылыс ой айтып, қате тұжырым жасауым бек мүмкін. Жалған рулық намыска тартып қаралуыңыз да, балағаттауыңыз да мүмкін. Мен де піндердін, оның үстіне барлығын білу, менгеру мүмкін де емес. Қате жазып бұра тартқан жерім болса хабарлас, пікір алыс, дәлелде. Себебі ол ешқандай да қате пікір қагидаға айпалып кетпеуі үшін керек. Келешек үрпак қашан да сыншы болады, біз жазбағанды бәрібір

солар айтады және түзетеді.

Император Наполеон Бонапарт «Біз тарихты жасаймыз, жалған тарихшылар бұрмалап жазады, қалған жұрт соны оқып мәз болады» деген сөнен. Сол айтқандай, бұгінде тайпалық, рулық деңгейдегі ой-санада «жалған тарихшы» болып жүргендердің жазған кітаптары том-том СОКП тарихы сияқты айдалада қалатынына дау жоқ. Неміс ақыны Гете «кім ізденсе, сол адасуга мәжбүр болады» деген екен. Осы ізденіс барысында артык-кем пікірге жол беріп алып жатсам, сіз де ғафу етіңіз, құрметті оқырман кауым. Ақыннатқа сүйеніп білгенімізді жаздық, оның дұрыс-бұрысын әділдіктің таразысына тартып, асылын алып, жасығын жокқа шығару еріктерінізде. Бұл тарихнамадан әркім тек өзіне керегін ғана іздейді және алады деп сенемін. Оқырмандар тарапынан аудан тарихы болған соң айтулы би-шешиен, атакты батыр және тагы да басқа тарихи тұлғалар туралы неге көбірек жазбаған деген пікірдің болатынын да білеміз. Бірак тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт ішінде олар туралы ғылыми, танымдық, шежірелік енбектер көптеп шықкан соң, қайталаушылыққа ұшырамас үшін бұл жағына максатты түрде бармадық және кітап көлемінің тым үлкен болып кетуінен сақтандық.

Кітапты жазу бар да, оны жүртшылық иігілігіне айналдыру үшін баспадан шығару бар. Ал ғылым күган адамның байлық жинамайтыны белгілі. Сол 2018 жылғы ауданның 90 жылдық мерейтойға арналған кітапты дер кезінде шығарып үлгеру қажет болған қысылтаянда, баспахана шығынын көтеретін каражат іздеген менің осы қадамымды құп көріп, екі сөзге келмesten жанашырлықпен демеушілік жасаған актогайтық сана-сезімі ояу, ел тарихы дегенде намысы бар Сәмет Бақаев пен Маман Ибраһымұлы, Бейсентай Омарғалыұлы Жұмабаев, Серік Рақымберліұлы секілді азаматтар демеушілік жасағанын тагы да қайташап айтқым келеді. Себебі олардың сол жолғы мәрттік қолдаулары енді осы кітаптың толықтырылып жазылуына бастама жасады. Оларға айттар алғысым шексіз.

Халық «тойған түске жетпейді, ықылыш естен кетпейді»

деген. Енді сол кітаптың осы толыктырылған нұсқасын баспадан шығару мәселесі туганда Сарымнан руынан тараған рулас-аталас туысқандарым пейіл білдіріп, демеушілік жасауға дайын екендіктерін хабарлады. Сарым-Көшкіннен тараған тогыз атаның ел танитын сөз ұстар азаматтарының қолдау білдірген ақыл-кеңесі мен басшылық үйымдастыруының арқасында гана бұл еңбек сіздердің қолдарыңызға тиіп отыр. Қек Тәнірісі тағдыр-талайына бұйырткан азды-көпті байлығын бөксесінің астына тығып алып, қеуде қағып бос жүргеніше ел-жер тарихы үшін шығып жаткан осы еңбеке қолдау білдіріп Атымтай Жомарттай мырзалық таныткандар азаматтарға таза пейілмен зор ризашылық айтуда тиістімін. Сол арқылы мен де, олар да кіндік қанымыз тамған туган жер алдындағы перзенттік парызымызды өтеуді мұрат тұттық.

## I тарау

### **АҚТОҒАЙ АУДАНЫНДАҒЫ ЕЛДІҚ ТАЙПАЛЫҚ ЖӘНЕ РУЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

«Кіз туырлыкты Алаш болғалы, керегесі ағаш болғалы» ел аузында айтылып, ес-жадында сакталып, ұрпактан ұрпакқа тараған келген шежірелік және азды-көлті жылнамалық деректер бойынша алып қарасақ, Ақтогай жүрттының негізгі тұп-тамыры Орта жүзде Аргын саналады. Аргыннан кейбір шежірелік жазбаларда, аңыз-әпсаналарда және тарихи деректерде есімі Асан Қайғы, Сыпыра жыраулармен қатар аталатын атакты Қодан тайшы туады. Ол Аргыннан тараган барша ұрпактың бабасы болып саналады. Оның есімі тарихи жазба деректерде Қодан тайшы, Қодан жырау, Қодан батыр деген нұскаларда кездеседі. Қодан тайшыға арнағы тоқталу керек. Себебі, ататек сұрасқанда елдегі көп жұрт «Аргын – Қаракесекпін» дейді де, тұп атасының кім екеніне келгенде күмілжіп қала беретінін байқаймыз. Ал білгеннің, әсіресе жас ұрпақ үшін ешбір артығы жоқ,

Қодан тайшы, Қотан, Қотан би – абыз би, акын, Қазақ хандығының құрылуының күесі болған тарихи тұлға. XIV ғасырдың 70-жылдары туып, XV ғасырдың 60-жылдары шамасында кайтыс болған. Энциклопедиялық енбектерде Қодан бабамыз туралы дерек мынандай:

Қодан Тайшы (1370-1460) - акын, жырау. Әскери аксүйек наслінен шыққан. Аргын руының көсемі. Қодан тайшы кезінде қазактардың Әбілхайыр ұлысынан бөлініп, жеке дербес ел болуын жоспарлаған Керей, Жәнібек сұлтандарды колдайды. Шу, Сарысу бойында қазақ хандығы икүрылғанда Асан қайғы, Қазтуғанмен бірге ел-жүрттү бірлікке шакырган, жана хандықты уағыздыған насиҳатшы болған. Қодан тайшының баласы Дайырқожа бидің қазасына (шамамен 1456 жыл) байланысты толғаған «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, күлінім...» деген жоқтау жыры ғана сакталған. Кезінде сөзі өткір, терең мағыналы жырлар шығарған, өз тұсындағы және өзінен соңғы

дәуірдегі әдебиетке үлкен әсер еткен жырау болған. XIX ғасырда жасаган Жанак ақын Қодан Тайшы таланттың қастерлеп, оны өзіне ұстаз тұтқан».

Тарихи дерек бойынша алсак, барлық Аргын тайпасының ақындары оны өздерінің түп атасы деп санайды. Бұқар жырау:

«...Бәрімізді сұрасан,

Котан бидің баласы,

Аргындардың сабасы.

Қаракожа бас болып,

Кабыл да болған дуасы», - десе,

«Біздердің түп атамыз ақын Қотан,

Өзгеден өлеңге ұстын болса керек», - деп Көтеш ақын жырлаған.

Шежірелер бойынша Қоданның баласы Дағыркожаны (Акжол би) Қобыланды батыр өлтіргендеге, Аргындар кешпелі өмір салтына сай кейін өзбектер ханы болған Әбілхайырдан бөлініп, Жетісуға көшкен. Қотан биден қалған әдеби мұра - баласына арнаған жоктауы. Қодан би туралы түрлі деректер Ш. Уәлиханов, Г.Н.Потанин, Мәшіүр Жұсіп, Шәкәрім және т.б. шежірешілер мен зерттеушілер енбектерінде кездеседі. Негізінен алғанда, Орта жүз туралы кез келген шежірелік түзілім бойынша карасак, Аргын баласы Қоданның тарихи тұлғасына байланысты бірнеше болжам бар.

Біріншіден. XІV ғасырдың соңғы ширегінде Ақ Орда аумагында хандық құрган шайбанид Әбілқайыр ханының қарамаганда өз ұлысының билік иесі, тайшы атағындағы беделді ел басшыларының бірі болған. Ол «Аргын – аға баласы» болғандықтан гана емес, «Тайшы» атагы хандық биліктегі аса ірі лауазым иесі деген ұғымды білдіреді. Монгол хандарының «хунтайжи» атагына қатысы болуы мүмкін. «Тайжиді» қазак тұлінің сөйлеу ерекшелігіне байланысты «тайшы» нұсқасында айтылып, қолданысқа еніп кеткен деуге болады. Ал бұл атакпен қазақ тарихында қалғандар санаулы гана. Оны Қодан тайшының өзіне қараған ұлысымен Керей мен Жәнібек құрган

Қазақ хандығының негізін қалаушы кайраткердің бірі болғаны дәлелдейді.

Екіншіден. Ұлы далада ержүректігімен, әсірсе, аскан наизегерлігімен аты шықкан батыр болған. Қодан тайшының жылнамалық тұргыдан алғандағы омір сүрген кезеңі - шамамен 1370-1450 жылдар аралығы болуы керек. Барша Аргын атаулының бабасы болып саналатын Қодан тайшыдан Дайырқожа жалғыз тұган. Ол - бүкіл елге шешендігімен және ел басқарудағы парасат-пайымымен атагы шығып, қара қылды как жарған әділдігімен Ақжол атанған тарихи тұлғалардың бірі. Бүкіл Аргын тайпасының ел мен жер намысын корғаудағы шакырап ұраны осы бабамыздың есіміне байланысты «Ақжол!» болып қалуының өзі-ақ коп жайтты аңғартса керек. Аты ұранга айналған Дайырқожа бабамыздан Каракожа, одан Мейрамсопы тудады. Қазақ хандығын құруши Керей мен Жәнібек ханның бұндағы Дайырқожа - өз заманында «турабидетұғанжоқ» дегенді дәлелдеп, ел арасындағы тайпалық қана емес, бүкіл қазақ халқының мемлекетаралық даушарларында әділ билік айтқандықтан «Ақжол би» атанған айтулы тұлға. Аргын баласы Қодан тайшының тұлғасы мен ғұмыр кешкен дәуіріне байланысты зерттеулер онша көп емес. Солардың ішінде филологияғы ғылымдарының докторы Алмасбек Әбсадыковтың «Тарихи Рашиди және Шәкәрім «Шежіресі»: Ортак ірімдер мен өзгеше интерпретациялар» атты зерттеу макаласының айтары мол. Онда Қодан тайшы, Дайырқожа (Ақжол би) туралы мынандай деректер кездеседі.

Қазақ хандығын құруши Керей мен Жәнібек ханның жеке бөлініп хандық болып шығу оқиғасын түркілік тарихи-шежірелік және халықтық аныздық мазмұнмен қанықкан деректер арқылы косақтай баяндау, 1911 жылы жарияланған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты енбегінде орын алған. Қазактардың жеке бөлініп шыгуына қатысты айтылатын «шынды-өтірікті» сөздерінің ішінен шежіре кітаптардың сөзіне «анықты дегенін һәм дұрыс шежіре хабарына тұра келгендерін» гана алған Шәкәрім былай деп жазады:

«...Сол кезде Шибан нәсілінен Әбілқайыр хан деген 1452 жылы Қазан ханына да, Қырымға да қарамай өз алдына Жошы ұлысының күншығыс жағын билеп тұрды. Сонда қазактың ханы Әз Жәнібек хан еді, Әбілқайырга қарап тұруши еді. Әз Жәнібектің шын аты Әбусағид еді. Тоқайтемір нәсілінен Барак хан баласы еді. 1455 жылы Әз Жәнібек хан немере інісі Шаһгерей ханменен тамам қазакты алып, Әбілқайырга өкпелеп Шудагы Шагатай нәсілінен Есен Бұғанын баласы Тоғлук Темірханға қарады. Әбілқайырга өкпелеген себебін біздің казак былай айтады: «Біздің осындағы Аргындардың аргы атасы Дайырқожа ханның сүйікті казысы екен, әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты және Қара Қыпшак Қобыланды батыр да Әбілқайырга сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дағырқожаны олтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шаригат бойынша қысас қылыш өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшак бұзылатын болған соң, бере алмай «үш кісінің күнүн алып бітім қыл» деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені біздің қазакта мақал болып жүрген «Қара Қыпшак Қобыландыда нең бар еді, құлымын» деген сөз - Дағырқожаның мәйітін айналып жүрін жылаған экесі Қодан тайшы деген кісінің сөзі. Аты – Қодан еді, тайшы деген - өлеңші, ақын дегені. Біздің қазактың аргын атасы Қодан ақын дейтұғыны осы және бұл сөзге бір дәлел аргын Жанақ ақынның уак Жарқын биге айткан өлеңі.

Жарқын би: «Атаңда ақындық бар ма еді?» дегендегенде:

Алашта Аргын ага туған зерек,  
Озгеден өл кісінің жөні бөлек.  
Аргынның тұп атасы - ақын Қотан,

Өленге бізден ұста болса керек, - деп Жанақ ақын айтыпты.

Жоғарыда Әз-Жәнібек хан қазакты алып ауарда Ногай атанған туысқанымыздың жаксылары қазактың жаксыларымен корісіп, амандастып жыласыпты, соны біздің казак домбырашылары «Ormambet хан өлгенде, он сан ногай бүлгенде, ногай-казак айырылғандығы жылау күй деп бір зарлы күй тартады...»

Екіншіден, бұл анызға Мәшһүр Жүсіп жазып алған қазактың шежіре деректеріндегі мына пікіріне көніл аудару қажет. «Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сөз бар еді: «Қыпшак бұзады, Арғын түзейді». Қыпшактың карасы (қарақыпшак) ашуланшак келеді» деген қазактың ескі сөзінің танымы енген. Орта жұздің ірі тайпалары Арғын мен Қыпшак Сыр бойы мен Арқаның Торгай, Қекшетау өнірі, Ертіс бойларын қатар жайлап, көш-коныстары көршілес болып келген. Тобықтылар, оның шінде Шәкәрімнің аргы аталары ХVIII ғасырларда Торгай, Ыргыз бойын жайлап, кейіннен Шыңғыстауга келген. Абай мен Шәкәрімнің аргы аталары Ыргызбай, Торгай деген есімдері осы өнірге байланысты койылған». Олай болса, аргын мен қыпшак ертеден коныска талас елдер болған секілді. Оның үстіне қыпшак пен аргынга катысты нақыл сөзді жазбага түсірген Мәшһүр Жүсіп те, «Шежіре» авторы Шәкәрім де – Арғын руынан шықкан тұлғалар. Демек, оларға ел ауызындағы мәтел айрықша таныс болған деп санауға болады. Осындай халықтық танымдар негізінде «Шежіре» авторы Алтын Орда заманындағы эпос кейіпкері Каракыпшак Қобыландыны Керей мен Жәнібекке катысты пакты тарихи оқиғаның ішіне кіргізіп, оны пакты тарихи окиға деп бағалаган. Оны Мәшһүр Жүсіптің: «Бұл Арғында екі Қотан болған, бірі Қоғамның Қотаны. Ол қазак үш жұз деген атқа иеленбей, жеке бөлінбей тұрған күнде шыққан. Бірі Боганың Қотаны. Қоғам Бұхардағы Қызыл Арыстан ханның тұсындағы болған. Арғын Қотан Бұхарада болған жаксы Габдолла ханмен тізерлесіп жүрген жан», - деп жазуы да дәлелдейді.

Ал Қодан тайшы мен Даіыркожа - түркілік эпос қаһарманы Каракыпшак Қобыланды сынды аса танымал кісі болмаса да, шежірелік аңыздарда есімдері тұрақты кездесіп отыратын кейіпкерлер. Қазак шежірелік аңыздарында Құтан (Қодан) – Арғын руының аргы атасы. Оны аңыздар сөзге ұста болған ақын кісі деп таныса, ендігі бір тұста ол Үш жұз деген атасы. Тінтен, кейір шежірлер оны Байқотан деп атап, Майқы бидің ұрпағына

тірейді. Әз Жәнібек ханға уәзір болған Байкотанин тараған тогыз үлдан қазактың Үш жүзі құралады. Ал Қоданның ұлына саналатын Дайырқожаның есімі А.И.Левшиннің 1832 жылы жарияланған «Описание киргизказачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегіне тіркелген анызда аталады. Онда ол – Алаша ханға ерія. Бұкараны шапқан үш жүз қазактың Орта жүзінің басшысы. Қодан (Қотан, Құтан) атты кісінің казак шежірелеріне танымал болуы кездескіткі емес. Қоңе түркі-монголдық тарихи-шежірелік еңбектерде «Қотан» (Қонқотан) деп аталатын ру аты және сол рудан тараған кісі есімдері туралы деректер кездеседі. Тіпті, кейбір шежіреде, айталық «Монголдың құпия шежіресінде» Қарақыпшак Қобыландының қолынан баласы Дайырқожа өлгендеге Қодан тайшының қайғыланып, зар төгетін көрінісіне ұқсас оқиға желісі кездеседі.

Олай болса, «Монголдың құпия шежіресіндегі» Қонқотандық Менілік – өзі кішкентайынан қолдап, қамкорлық жасаган кісіден зорлық коріп, соган кайғырган кария. Осыған ұқсас көріністі Дайырқожа өлгендеге Қодан тайшы да кайталайды. Оның «Қарақыпшак Қобыландыда нен бар еді, құлым!»? деп жырауы – зорлықтан туган жыр, шықкан зар. Баласынан айырылған Қонқотандық Менілік әкей Шыңғыска істеген жақсылығын айтып өкіне жыласа, Қодан тайшы Ногайлы еліне көп камкорлық жасаганын тілге тиек етіп күніренеді:

Қарақыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді, құлым?  
Сексен асып, таянганда тоқсанга,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлым!  
Адасканың жолға салдың,  
Бұл Ногайлы елінің.  
Акқан бұлак, жанган шырак  
Жалғыз күнде құрыдың!  
Кара қыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді, құлым!  
Казак аныздарындағы Аргынның тұп атасы Қодан (Құтан)

«Монголдың құпия шежіресіндегі» Қонқотан руының, ал оның баласы Дайырқожа мыңбасы Дайырдың прототипі болуы ғажап емес. Ал Дайырқожаның есіміндегі «қожа» сынары – кейінгі замандағы мұсылман дінінің әсерінен койылған қосымша атау. Қодан тайшының түп бейнесінің монголдың аныз, шежірелеріне тірелетіндігін айқындастын қосымша бір белгі – оның есіміне қосарланып отырган «тайшы» деген атау. Бұл атау – монголкалым ғилемдерінің қытай тіліндегі лауазымы. Оның түркілік магынасы Әблігазы шежіресінде «жагымды дауыс иесі» немесе Жалайыри шежіресінде «ұлы баҳшы» легенді білдіреді. Ал «баҳшы» сөзі түрк тілдерінде жыршы, ақын деген магына да қолданылатыны белгілі. Екінші сөзben айтқанда, Қодан тайшы бейнесінде хан жаңында кеңесші, ақылшы қызмет атқаратын жырау бейнесінің белгісі бар. Тіпті монголдық Дайырдың әкесі Чирка (Шырқа) да хан жаңында отырып жоктау немесе жұбату айтатын жырау кісі. Қонқотан руынан шықкан Менілік әкейдің Шыңғыс ханға көрсеткен камкорлығы мен Әбліқайырдың жаңындағы Қодан тайшының Ногайлы жұртына камкоршы болған бейнесі және олардың бастарынан откізген оқигалары (мысалы, балаларының қапылыста қаза туып, зорлықшыларға өзі қызмет жасаған әміршінің аділ жаза қолданбауы) бір-біріне жақын. Ортақ коріністің екі халықтың мұрасында сакталып жеткені кездейсоктық емес. Бұл халықтар – Шыңғыстық биліктегі бір жүйенің үқсас көшпенілік танымының шекпенінде болған жүрт. Әрине, көне азыздың барлық беліктері жаңартылмаған, тек жалпы жобалы мазмұндық фабуласы сакталған. «Монголдың құпия шежіресіндегі» Қонқотан руына қатысты айтылатын оқигалардың Шәкәрім келтіріп отырган анызben оқигалық тұрғыдан ғана емес, кейінкерлердің аттары арасында да жақындық, үндестік бар. Біріншіден, монголдың Қонқотан («қонқ» - Әблігазының жазуынша монгол тілінде үлкен деген магынаны білдіреді) руының атауы мен қазақ шежірелері бірде «ер», бірде «бай» деп атайдын Қотан (Құтан, Қодан) есімдері, сондай-ақ Шыңғыс әскерінде мыңбасы болған Дайыр мен Дайырқожаның есімдері бір-біріне

өте жақын. «Моңголдың құпия шежіресінде» Дайыр деген атпен белгілі мыңбасы – Шыңғыс ханинан мыңбасылық лауазымын алған 92 әскербасының бірі. Мыңбасы Дайырдың есімі казак хандарының жылнама-шежірешісі Қалыргали Жалайыридың жылнамасында да аталады. Ол оны Менілік ечегенің үрпағынан тарагады. «Мыңар Дайр, шул қайм Қонқутан ерді, Шунун жұмлә уругы Мұңлік ичигенің үругы білән» деп жазады Жалайыри. Шыңғыс хан тарихында болған оқиғалар мен тарихи тұлғалар аңыз, шежіре деректерінің әсері Қазақ хандығы құрылтып жаткан жаңа саяси оқиға тұсында кайта көрінеді. Өйткені аңыз жанрына үнемі жанғырып, үнемі толығып отыру тән. Көне дәуірден жетіп, кайта жанғырган жаңа шежірелік аңызға қазақ қоғамының хал-ахуалына, оның сұранысы мен танымына қарай қоғылған қосымшалар қосылған. Қорыта келгенде, Шыңғыс заманындағы Қонқотан, Дайыр есімлерінің Эбілқайыр хан тұсындағы Қазақ хандығының құрылу оқиғаларында жанғыруына себеп болған тарихи-фольклорлық негіздері осындай сипатта болды деген пікірге токталамыз.

Ұлытаулық өлкетанушы Жақыпбек Дайыровтың «Елдікке козгалыс Ұлытаудан» атты макаласындағы зерттеушілік ізденіс Қара қыпшак Қобыландының Дайырқожаны өлтіруінің тарихи себептерін көлтіреді. «Бұрынғы Ақ Орданың шаһарлары Үзген, Созак, Сығанакты жаулап алған Эбілқайыр хан 1446 жылы Сырдың бойына деңдей кіреді. Астанасы да Ордабазардан Сығанакқа көшіріледі. Орыс ханының ақ сарайы өзбек мемлекеті билеушісінің ордасына айналады. Эбілқайыр сарбаздары, негізінен, Алтын Орда билеушісі Өзбек ханды жактайтын. Бұл Эбілқайыр ханың жаз жайлауы орналаскан Хан ордасына көшіп келген кезі болатын. Хан ордасы казіргі Ұлытау ауданы, Аманкелді ауылынан (Сарлық селосы) шығыска қарай жеті шақырым жазықтықта орналаскан. Жаздағы Ордада ел басқару ісімен катар, түрлі салт-дәстүрдің, саятишылық, тағы басқа жұмыстардың аткарылар кезі болса керек. Осы Хан ордасының Солтүстік шығысында елу-алпыс шақырымдай қашықтықта Арганаты тауынан бастау алатын

«Бозай» өзеннің бойында ан аулап жүрген жерінде Қобыланды батыр Ақжол биді өлтіріп кетеді. Ақжол бидің әкесі Аргынның атасы Қодан тайшының тоқсанға келген шагы болса керек, мерт болған баласының жансыз денесін айналып жүріп, «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» – деп зарлы толғау айтатыны сол кез», - деп жазады.

Аргын-Қаракесек Кәрсөн-Кернейден шықкан жазушы Софы Сматаев өзінің «Мейрамсопы-Қарқабат» (Алматы, 2010) аталатын сыр-дастанында Қодан тайшыдан қалды деген өлең жолдарын былайша жаңғырта жырлайды. Үзінді ұзактау болса да, тура сол кезең оқигасын поэтикалық үлгіде дәл бере білуіне орай толық келтірелік:

Қарақыпшак Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным?  
Сексен асып, таянганда тоқсанға,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!  
Адасқаның жолға салдын,  
Бұл Ногайлы елінің.  
Аккан бұлак, жанған шырак  
Жалғыз күнде құрылдың!  
Қара қыпшақ Қобыландыда  
Нең бар еді, құлыным!

Құшагымнан ұшып шыққан,  
Қыраным ең аспанға.  
Өң беріп ең, дем беріп ең.  
Куганға да қашқанға.  
Қазагына канатыңмен  
Су сеуіп ең, құлыным!  
Жол табам деп ұлысына  
Ұлардай шулап сасқанда.

Қарақыпшак Қобыландыда  
Нең бар еді құлыным!

Бөлтірігінен айырылған  
Көкжалдай боп ұлыдым.  
Хан жазасы – жан қазасын  
Тұқырпастай берді ме,  
Кек Орданың бүйрығымен  
Үзілді гой жұлының!  
Қалың қазақ орттей лаулап  
Жетті ханиң алдына  
Қауып түсер енді өзінді  
Каншерлік қылғыны.  
Кара кышшак Қобландыда  
Нен бар еді Даңырым!  
Әділ би ең, уәзір ең,  
Адалдық бар – айыбың!  
Кеме қылып жеткізем деп,  
Откізем деп дауылдан.  
Ұмытылып ең қазагыңың  
Калт-құлт еткен қайығын..  
Аттандатып Алашиңа  
Озан-ұран тастап ең,  
Әбілқайыр ханға бүгін  
Естілмейді-ау жай-ұнің.  
Каракыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді, Даңырым!

Омырауды қанға бояп,  
Көзден жасым үзілді.  
Жазсын Тәңірім макшар күні  
Бір көруді жүзінді!  
Қобыланды емес, ханнан ғана  
Сұрап сениң күнүңды  
Кек Орданы коршап алып,  
Аргын, Найман тізілді.  
«Азаттық!» деп сен бастаган

Сілекейдегі сүрлеуден  
Даңғылына айналдырмак  
Аттандатып ізінді.  
Қарақыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді, құлыным!  
Жүргімді жұлқындырып  
Жұлын-жүйкем үзілді.  
Қастандық пен жауыздыктың  
Хан пердесін түргесін,  
Ажыратты халқың бүгін  
Көк Ордадан іргесін.  
Көнбіс құлдай көзін сүзіп,  
Мазақ болған қазақ ем,  
Пәк жаныңын қазасымен  
Қайта оянып кірді есім!  
Тас бұғауды быт-шыт етіп,  
Талқандадық түрмесін!  
Қарақыпшак Қобландыны  
Қаракеттеп қайтейін,  
Батыр емес, хан жыртқыш боп  
Қан күмартып үргесін!

Адалдық пен әділдіктің  
Ұстаган соң ақ жолын  
«Ақжол!» атқа не боп ен.  
Дайырқожам – Ақжолым!  
Халқың бүгін азаттыктың  
Ақ отауын көтерді.  
Салар ертең Көк ордага  
Қызыл ерт пен ақ жалын!  
Қарақыпшак Қобландыны  
Неге ертпедің, Ақжолым!

Ерте алғанда Қыпшағынды.

Тырп етпес ет, хан мынау.  
Жұлынар ед мойнымыздан  
Тұзагы мен қарғыбау!  
«Қанга қан!» деп ханның басын  
Шауып қана түсірмей,  
Негып мұлгіп тына қалдың,  
Үйсінім-ау, Аргын-ау!  
Ой-бойынды шырмады ма,  
Арыстан боп Айға ұмтылмау,  
Жолбарыс боп қарғымау?

Ханды турал, Кек Орданын  
Шығармасақ ойранын,  
Басылады қарғыс таңба  
Сүйектерге, бойға мін.  
Кек пен қайрат сөніп қал пед  
Аргын, Керей, сендерде,  
Тұскеннен соң жанға жара,  
Жүрекке зіл, ойға мұн.  
«Кегім!» деуге жарамайды-ау  
Каракожаң – Құланын.  
Дәл өзіндей болар, ұлым,  
Жас немере – Мейрамын!

Балаң емес, Мейрамсопың  
Ұстайды әлі басты үлкен.  
Тәубам сонда!  
Төге бермей  
Көкіректен жасты іркем.  
ТАР болғанмен жердің ұсті,  
Көк аспанның асты кен.  
Аргын, Алшын! Дауыл боп соқ!  
Ал, «Аттанға!» бастым мен!»  
Кодан тайшы Орта жүздегі Аргын руларының атасы саналса,

Акжол бидей (Дайыркожа) ардақтысының қазасына ашынган Арғын тайпасы дүр көтеріліп, Әбілқайырға шаригат жолына қысастық жасаган Қарақыпшақ Қобыланды батырдан күн өндіруді талап етеді. Шұғыл өткізілген хан кенесінде Қодан жырау бастаған бүкіл Арғын тайпасы мен Керей-Жәнібек сұлтандардың талабы орындалмайды. Дегенмен ханның маңындағы сенимді сарбаздардың жергілікті халықтың наразылығын күшпен басуға шамасы жетпейтін еді. Әбілқайыр Ақ сарайы орналасқан Сығанақ шаһарын қорғауды ұлken ұлы Шаһбұтакқа тапсырып, өзі шағын жасақпен қосымша күш жинауга Ногайлы ордасына аттанады. Хан шеітіміне наразы халық пен Шаһбұтақ сарбаздары арасында қактығыс болып, Шаһбұтақ қаза табады. Шаһбұтактың қазасын естіген Керей мен Жәнібек озара ақылдасып, бұрынғы сөз салған Есенбұға ханға астыртын елшілікке Керейдің ұлken ұлы Бұрындықты аттандырады. Бұлай еткені – Әбілқайырдың бұл екеуін де аман қоймасын түсінгені. Есенбұға хан уәдесінде тұрып, Талас өзенінің бойынан Шу-Балқашка дейінгі аумакты бөліп беруге келіскендігін хабаршы Бұрындық жеткізеді. Содан Керей мен Жәнібек бастаған ұлан-асыр көш, жұқ тиеген түйелер, құймелі арба, аттылы-жаяу халық ханның жазғы ордасынан аттанып, бір айга жуық жүрсе керек.

Керей мен Жәнібек бастаған қазақ тайпаларының көшіп кеткені туралы хабар Әбілқайырға да жетеді. Хабарды естіген хан қаһарына мініп, Қобыландыға көп әскер жинап беріп, «Сенің әлегіннен кетті, енді, кінәнді жу, көнсе кері айдал кел, конбесе еңбектеген баласынан енкейген қарісіне дейін қырып сал да, қалғанын олжала» деп тапсырма береді. Қобыланды қатты қайғырып, үйінде теріс карап жатып алады. Әскербасылар «батыр қашан аттанамыз?» деп кайта-кайта келеді. Батырдың зайыбы – анамыз өте ақылды адам болса керек: «Батыр, ханға көз қылыш аттан, бірақ, былай шыққаннан кейін әскерді қалдыр, кінән – арынның салагасы болын. Арғын ғана емес, барша қазактың алдында. Бар да басынды өз еркінмен ұсын, не көрсөн де жеке өзің көргенің жақсы» деген ақыл береді. Батыр ойланып,

осы байламга токтап, әскерді бастап аттанады. Біраз жүрген соң әскерін Кекілік тауында қалдырып, өзі қазак көшінің соңына түседі. Құып жеткен бойда Ақжол бидің әкесі Қодан тайшыға келіп, қылышын қынынан сұрып қолына ұстасып «міне, алдына өзім келдім, баланың кегін ал, басымды шап» дейді. Сонда Қодан тайшы «йілген басты қылыш кеспес болар» деп қылышты лактырып жіберіп, домбырасын алдырып, бір зарлы қүй шертіпті. Бұл қүй «Қодан зары» кей жерде «Кештім» деп аталатын қүй екен. Ендеше Аргын атасының «токсан ауыз сөзге токтап, алдына келсе, атасының құнын кешетін» тектілігі сол кезден бері қанға сіңіп, тұқымга тараган қасиет деп ойлай берініз.

Қодан тайшы қазакты төніп келген қанды қыргыннан сақтал кешірімдесіп табысқан соң. Қобыланды қышиштарымен өз қандастары қазак рұлары жағына отіпті. Әскердің соңынан ере шыққан жары қазіргі Ұлытаудагы Хан ордасы тұрған жерден солтүстік-батысқа карай 120 шақырымдай жердегі жоғарғы жағы селеулі жазық, төменгі өзенге құяр беті терен сай болатын жазыққа келіп токтап, киіз үй ұстіне бақанга койлегін байлад жалау етіп, бағдарлап қүтеді. Сол жердегі терен сай бұл қүнде «Жалаулы» деп аталады. Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, Қобыландының Ақжол биді өлтіруіне себеп болған жағдай – Самарқанды басып алғып тонағанда Ұлықбек ханының немересі Рәбия сұлтан бегім де Әбілқайыр хандығына колға түссе керек. Сол Рәбияда Ақжол бидің де, әскербасы Қобыландының да көңілі болған. Әбілқайырдың да бұларға деген наразылық көңілінен екеуі өзара іштей өшпенділіктегі болып, соны Ақжол бидің өлімімен аяқталады. Қобыланды Әбілқайырдан қол үзіп, Қазак хандығы косынына косылғанда, Рәбия сұлтан бегімді Әбілқайыр хан төртінші әйелдікке алған дөлінеді. Кейін Әбілқайыр хан да. Рәбия сұлтан бегім де Қожа Ахмет Яссави кесенесі іргесіне жерленген. Әбілқайырдан болінген елдіктің алғашкы козгалыстағы көші Ұлытаудан бастау алған Қазак хандығы Шу-Қордай өнірінде, болашакта Ергістен Еділге. Сібірден Қызылқұмға дейінгі алқалты алыш жатқан өнірде Қазак хандығының туын тігін, Қазак елінің

іргетасын калайды. Керсі мен Жәнібекке колдау көрсетіп, елдік мұратқа атсалысқан Қобыланды батырдың ерлік іс-кимылымың тарихта өз орны бар екені күмәнсіз.

Қодан тайшы туралы сонғы кездे тың ізденістер көрініс тауып, әр түрлі сипаттағы тарихи болжамдар айтыла бастады. Соның бірі Қекбәрі Мұбарак есімді зерттеушінің «Қидан мемлекетін Арғындар құрган» деген мақаласы. Дау туғызытын жерлері болғанмен оны каз-калпында беруді дұрыс санаймыз.

«Шежіреміз бойынша Арғыннан Қодан тайшы, одан Дайыр-Кожа туады. Дайыркожаның енді бір аты Ақжол би. Қожа жалғауы кейінгі гасырларда жалғанған діндар Кожалардың бүрмалауынан келіп шықты. Қытай тарихында «耶律阿保机的前辈是契丹迭刺部的酋长» Жол (Ляо) патшалығын құрган Амбахан{Абаужи} – Қодан [Қыдан] халқының Дайыр (Диела, Диера) руының көсемі. Ол 872 жылы туған, 926жылы 6 қыркүйекте өмірден өткен. Абаужи енді бір жерде Анбажян(安巴坚) деп жазылған. Амбахан деп айтып отырғанымыздың себебі сол. Ен ескі көшпендер әлеміндегі тайшы, амба (анба) деген билеушілік атауларды лауазым, мансап аты ретінде, кейінгі Цин империясы Тэйжі, Амбы деп қолданды.

Ал, Қодандардың (Қыдан) ең әуелгі ханы - Дайыр тайшы. Оны Қытайлар 大贺咄罗 деп таңбалаган. Дайыр тайшының билік жүргізген уақыты 619~623 жылдар. Шежіреміз қайталай еске түседі. Қодан тайшыдан Дайыркожа би емес, Қодан тайшыдан Дайыр тайшы туған. Дайыр тайшыдан соң Мұқы тайшы (摩会, 628 жылы Қодандарды билеген), Мұқы тайшыдан соң Қекі тайшы (大贺窟哥, 648-656 жылдары билеген), Қекі тайшыдан соң 660 жылға дейін Абұға тайшы (大贺阿卜固), Абұға тайшыдан соң Машан (Мошан) қаған (660-696 жылдары такта отырды, Корейлер оны 무상가한 деп таңбалаган билеген. Мошан қағаннан соң, Қоданды Сүйін тектен (Сүйіндіктен) шықкан «Сүйін Оң хан (孙万斩)» деген адам биледі.

Корыта келгенде, Дайыр руы Амба ханның басшылығында Қодандарды бірлікке келтіріп, Жол хандығын құрган. Бұл хандық

Қытай тарихында Ляу деп аталды. Қодандар Қыдан, Қытан, Қытай, Қадан, Қатан, Қатай деген аттармен аталды. Әйгілі Қара Қытай патшалығын Арғыннан тараган Дайыр руы құрган.

«契丹»是k'eiduan的音译，意为“大中”，鲜卑当年分为中东西三部，晋朝以后，“段”部落统治中部地区。“段”的读音与k'eiduan中的duan吻合，意思为“中”。在“段”前冠以“大”字，而称“契丹». Бұл жазуларда Қидан атауының магынасы бөліп қаралған. Қый және Дуан (Доан) сөзі. Дуан (Доан) сөзі - орта, орталық, ортанғы жак магынасында. Қый сөзі - ірі, үлкен маганасыда. Қидан сөзі - үлкен орталық деген магынада, яғни бүгінгі тілмен айтсақ, «Қотан (Дөнгеленген үлкен орта. Қотандасып отыру. Алқа-Қотан жиын)». Арғынның таңбасы да - көз таңба, дәп-дәңгелек котан таңба. Сонымен Қодан (Қотан) тайшының ұлы Дайыр тайшының елінен Дайыр руы қалыптасып, кейін келе осы рудан Ақжол бидін атын жаңғырткан Амба хан шығып, Жол (辽, Ляо) хандығын құрып, Қотандардың атын әлемге әйгілі етті. Амба ханнан кейін Ляо елін өзін Шолпон хан (述律平) деп атаған адам басқарды, Шолпон ханның өз аты – Жолды (月里朵). Шолпон ханнан кейін Ляо елін Жолды Куан - 耶律德光 (Куан-Тек, Куандық руынан болуы мүмкін) басқарды. Ол өзін «Ел тайши (遼太宗)» деп атады. Шын есімі - Жауку, Жауқашар маганасында. Қытайша: 堯骨. Одан кейін Ұлу хан, одан соң Сұлу хан, одан соң Менлі хан болып жалғаса береді. Ен соны екінші реткі Қидан мемлекеті саналатын Батыс Ляо елін 32 жыл билеген Жолғы ханның тағын тартып алғып, оның елін 1212-1218 жылдары билеген Найман ханзадасы Күшлік ханмен (Көшкін хан) аякталды. Тарым шөліндегі Қотан аймагының аталу тарихы да осы жерде өзінің тарихи күшін танытқан Батыс Ляо, яғни Қотандар елінің өмірінен сыр шертеді».

Міне, Қодан тайши туралы тарихи деректердің жалпы нобайы осындай дәрежеде белгілі болып отыр. Жасыратыны жоқ, өз руын, ата-тегін бекзат, асыл тұқымды деңгейінде көрсетуге тырыскан қалталы байшікештер, биілік жолында жүргендер ататек тарихын аласалыран араластырып, «ақсақты тыңдай,

өтірікті шындағы» қылыш бұрмалап жіберді. Тура осы жерде Мәшһүр Жұсіп жазып қалдырган мына бір созін таратада баяндау қажет болып тұр. «Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сөз бар еді: «Қыпшак бұзды, Арғын түзейді». Қыпшактың карасы (Қарақыпшак) ашуланшақ келеді» деген сөзді әулие бабамыз босқа хатқа түсірмеген. Откан ата-бабадан қалған накылдың ел жадында қалған сақталып келуіне сан талай тарихи окига себеп болғаны даусыз. Басқадай әртүрлі денгейдегі ел бұзарлық оқиғаларды айтпаганда, ұлт тағдырын басқа арнага бұрган ірі тарихи талқынығана жазсақ та болады. Ғылыми дүниетанымда тек белгілі бір ортадағана айтылып жүрген «Қыпшак бұлдіреді, Арғын түзейді» тұжырымын тарих былайша дәлелдейді.

1. Алғашкысы осы біз жазып отырган Қарақыпшак Қобыландының Аюкол билі (Дайырқожаны) аң аулап жүрген жерінде өлтіріп кетуінен барша қазақ арасы бүлінді. Соның салдарынан қазақ тайпалары екіге бөлінді де, жартысы казіргі өзбектерге барып сіңіп жоғалды. Оларда ұлтым өзбек, тұбім Конырат, Дулат, Үйсін т.б. дейтіндер молынан кездеседі. Бұл окига Қодан тайшы басшы болып, Керей мен Жәнібектің Қазак хандығының құрылуына себеп болды.

2. 1916 жылы 19-31 жас аралығындағы ер-азаматтардан окоп казу жұмысына солдатқа алу туралы орыс патшасының июнь жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс басталды. Э. Бекейхан бастаган Алаш арыстары көтеріліске шығудың зардабы караштайым халықка ауыр болатынын, елге әскер шығып, канды қыргын ашатынын білгендейтен де оған қарсы болды. Соған қарамастан Торғайды А.Имановтың, Жетісуда Һекболат батырдың көтерілісі бұрк ете тұсті. Ел арасына жазалаушы отрядтар шықты. Бакыттымизға орай Ақпан төңкерісі болып, патша тақтан тайды. Уақытша үкіметтің әрі-сәрі кезеңінде Алашорда үкіметі құрылып, «Алаш автономиясы» жарияланды. Бірак большевиктер Қазан төңкерісін жасап, жер дүние ақ пен қызылдың соғысынан аласапыранға тұсті. Осы кезде Алаш арыстарының көтерілісшілерден құрылған жиырмада мың қолмен Алаш әскеріне

келін косыл» деген ұсынысын А. Иманов қабылдамай таstadtы. «Ел бүлдіргіш қыпшактығына» басып, бұл да қыпшақ, христиан дініне кірген шоқынды Ә.Жанкелдиннің азғыруымен қызылдар жағына шығып кетті. Соның салдарынан Алашорда үкіметінің соты А. Иманов бастаған 19 адамды өлім жазасына кесті және үкім орындалды. Алаштықтар автономияны нығайту үшін амаалсыздan Колчакка алақан жайып, жәрдем сұрауға мәжбүр болды. Бұның ақыры қазақ халқын патшалық отаршылықтың кеңес дәуірі кезеңіндегі жалғасы болған қызыл империяның езгісіне түсуге душар етті. «Қыпшак бұзады, Аргын түзейдіге» басқа да ірілі-ұсақты мысалдар келтіруге болар еді, бірақ ол бұл кітаптың мақсатына жатпайтындықтан осымен дögарамыз.

Әлкиса, тарих керуенінің ізімен жылжып отырсақ, тарихи маглұматтар XYII ғасырдың соны мен XYIII ғасырдың басында Аргын-Қаракесек руы Ташкент шаһарының түбінде тұрыпты. Ә.Бекейханов 1905 жылы Санкт-Петербург қаласында шыккан «Материалы киргизому землепользованию» деп басталатын енбегінің Семей облысы Қаркаралы уезіне арналған VI томында: «1728 жылы Алтай мен Қаракесек рулары мұнда Түркістаннан келіпті. Мұнда тұратын калмақ пен түрікпендермен жер үшін ұзак үақытқа созылған құреске түсіпті. Алтай мен Қаракесек рулары мұнда орныққан соң 20 жыл өткен соң, яғни 1748 жылы Бекей сұлтан келіп орналаскан... Ку болысының қыргызы (казагы) Мұсатай Тәттімбетұлы осыдан 200 жыл бұрынғы, яғни 1700 жылдары Қаракесек руы Ташкент маңында тұрғанын, сол қаракесектердің бірі, Ақбота және Ку болыстарындағы көптеген рудың түп атасы Бертіс хан қала басшылығында лауазымды қызмет атқарғанын айтты. Шамамен 150 жылдай бұрын, яғни XYIII ғасырдың қыркүншы жылдары Бошан бұтагынан тарайтын қаракесектер Қазыбек би бастал (Бошанның 5-ші ұрпағы), Ку-Едірек тауларында кошіп жүрген қанжыгалы руының билері Абыз бен Шомактың шақыруымен, Сарыарқадан коныс қарауға әуелі шолғыншылар жіберіп, коп ұзамай оздері де қозгалады. Саны мол, әрі мал басы өскен қаракесектер көп

ұзамай қанжығалыларды Баянауылға және одан да әрі солтүстікке ығыстырып, босаган жерге өздері қоныстанады» (Караныз: Ә.Бекейхан. Шығармалары. III том. Астана. 2015. 234-бет).

Басқа бір дерек көздері бойынша Каракесектердің байырғы қоныстары Қаратудың түстік етегі, қазіргі Түркістан қаласына таяу маңақен. Қыс ауыр жылдары олар Сырдарияның жағасына, орта ағысын бойлап өскен қалың тогайды мекендерген. Эйгілі Қаратудың бұрынғы аты – Аргынтау болған. XIX ғасырдың басына дейін аргындар Сарыарканың өне бойына, батысында Ұлытаудан бастап, шығысындағы Шыңғысқа дейінгі өңірге жайала қоныстанды. Қарқаралы төнірегін Аргынның Қаракесек, Куандық, Қарауыл, Қанжығалы, Тобыкты руларамен катар Кіші жүздің Тама, Алшыны мен Жағалбайлысының ауылдары, Ұлы жүздің кейбір агалары мекендерді. Арқадан жер алғанда Қазыбек бимен бірге Өлтеке-Сарым елі қоса келгені белгілі. Қазыбек бидің қызы Манканның: «Сырдың бойын жаратпай, Аргын баласын өрдірін, Жер әптердің Арқадан», - деп айтқан жоктауында да бар. Міне, қазіргі Қараганды облысы Бұқар жырау ауданындағы елді мекен Жауыргау. Семізбұғы аймагынан бастап, жерге орналасуы бірте-бірте Токырауын өлкесіне де жеткен.

Бұған күдік көлтіретіндерге III. Уәлихановтың «Қарқаралы сыртқы окургіндегі болыстықтардың қысқы қоныстары» атты мақаласын дәлелге тартамыз. Бұл зерттеу III. Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағының (1985) 4-томының 148-155 беттерінде берілген. Ол қазірде В.В. Григорьевтің жеке корында (ЦГАЛИ, ф. 159) сакталып тұр. Оган «Записка представляет собой официальный статистический материал, собранный еще в 30-х гг. XIX в» деген анықтама берілген. Онда ғалым осы окургке жататын 17 болыстықтарды жеке-жеке атап тұрып көрсете келіп, олардың қысқы-жазғы атамекендерінің атауларын береді. Яғни, 1850 жылға дейін Қарқаралы сыртқы окургінде 17 болыстық болған. Олар:

1. «Надан Тобыкты болысы».
2. «Төлеңгіт болысы».

3. «Керей болысы».
4. «Таракты болысы».
5. «Көшім-Байбұрын болысы».
6. «Жағалбайлы-Байбұрын болысы».
7. «Жалықпас болысы»
8. «Нұрбике-Шаншар болысы».
9. «Айбике-Шаншар болысы».
10. «Қара-Әйтімбет болысы».
11. «Әлтеке-Сарым болысы».
12. «Кәрсөн-Керней болысы».
13. «Қояныштағай» болысы.
14. «Дүйсенбай-Шекшек» болысы.
15. «Қарауыл-Қамбар» болысы.
16. «Мамбетай – Тобықты» болысы.
17. «Жұзбенбет-Тобықты» болысы.

Бұл макаладағы «Әлтеке-Сарым болысының» жайлау-кыстаулаты аттауын толық берсең, көзі қаралты ойлы жан көлжайды ангарапы анық. «Қысқы орындары мына мекендерде орналасқан: Әулие, Тоганбай-Сарша, Нұртай, Кенелі, Елек, Серкебас, Майтас, Бектауата, Орынқой, Тұзбасы, Сымбық, Жәнет, Қуыс, Бас-Қарабұлақ, Бесапан, Аққұм, Сарықөл, Қоныратшат, Ағадыр, Әуезбакы, Қаракозы, Байкозы, Сарытерек, Ծубана, Керегетас, Желтау, Бегазы, Қөлденен, Шомбай, Жінішкеөзек, Айдай, Қуыстас, Жыланды, Шымтау, Тиектас, Тоқырауын, Беріккара, Қызыларай, Шан, Қонысбай, Қараменді, Қызыладыр, Үштаған, Бесшокы, Үйкі-Кермінке, Аюлы, Маутан, Аққоян, Қараганды, Қазбек, Қайракты, Қатпере-Маутан, Сарыжал, Байпак, Баспалдак, Қызылқұрт, Қаратұлкі, Жаман Қаражал, Сарша, Сарыоба, Сырт Түйінбай, Терек, Нұра, Алмалық, Шерше, Қаратоганбай, Шымдысай, Арқарлы, Қоянкөз, Жаманеспе, Күшокы, Жосалы, Қарғалы, Жанәлі, Магаш, Шамак, Құмемшек өзенімен, Айтуған, Қоғалы, Соналы, Тасан, Желдітау, Керегетас бүкіл өнірімен, Сарытерек барлық жер аймагымен. Ал жазғы жайлау өзендері Нұра, Сарысу, Талды; Топар өзені бойындағы мекендері Қоянды,

Уштаған, Жауыр, Ереймен, Құшоқы, Байгара көлі, Семізбұғы, Алтынды, Тағанак, Қекпекті, Сарысу, Өртөнгенжал. (4-том, 152-бет).

Әрине, бұл бұрынғы тарихи жер атаулары кенес дәуіріндегі әкімшілік-территориялық бөлістер мен шаруашылықтардың құрылуына байланысты өте қаты жаңаша өзгерістерге түсіп кеткеін белгілі. Жогарыда астын сызып көрсеткен жер атауларында «Жауыр» – қазіргі Теміртау қаласының жаңындағы «Жауыртау» атылатын екі шағын биіктік. Жер атауы да солай болған, өндірісті қала салынғанда сол кезгі билік басындағылар Теміртау атап жіберген. «Семізбұғы» - қазір де сол атаудағы елді мекен. «Қекпекті» деген кенес кезеңіде «Свердлов атындағы совхоз» аталды да, қазір тарихи атауы қалыптына келді. «Құшоқы» деген жер атауы Баянауылға шыға беріс жолда тұр.

Осы 4-томдағы бұл мақалага көлтомуыкты құрастыруышы авторлар Шоқан колжазбасына сүйене отырып түсініктеме жазған. Онда болыстықтың атала себебі мен мекендерген жер атаулары берілген. (408-409-беттер). Мысалы, «Надан-Тобуктинская волость – названия от имени казахского племени дадан-тобыкты. Зимовка: на северном берегу Балхаша, в устье р. Токрау до урожище Кандыкты. Летовки: на юге по р. Токрау» деп мекендерген жер атауларын нақты көрсетсе, енді басқаларына «Альтеке-Сарымовская волость – Территория, занятая казахами отделения альтеке-сарым из рода каракесеков» деген сипаттағы екі түрлі үлгіде берілген. Аудан тарихына қатысы болмагандықтан, басқаларын тізіп жазуды дұрыс деп таппадық. 1850 жылға дейін Қарқаралы сыртқы окургінде 17 болыстық болған деп отырган себебіміз де жоқ емес. Шоқан «Жұзбенбет-Тобыкты» болысы дегенде «Дұзбенбет-Тобуктинская (Жұз-Мамбет Тобыктинская) волость. Выделилась в 1850 г. из «Мамбет –Тобыктинской волости» деп атап көрсетеді.

Ш. Уәлихановтың «Қарқаралы сыртқы окургіндегі болыстықтардың қысқы коныстары» атты мақаласындағы жоғарыда келтірілген жер атауларын шежіре бойынша қуалап,

неліктен осылай аталу этимологиясын жазу ұзак болар еді. Тарихи жер атауларына ие болған қасиетті тұлғаларды өз румен атасына қарай икемдеп, «анқау елге арамза молла» болып жүргендерді не аруакка, не адамға тапсырудың амалын таппай отырмыз. Шоқан көлтірген жер атауларының біреуіне ғана, ягни Әуезбақы әулие туралы ғана сөз етелік.

Әуезбақы (Әуез енен) әулие туралы жазылған алғашқы деректі С.Кенжекараулының «Дадан Тобыкты (Өмір) шежіресі» (2002) атты кітабынан кездестіреміз. Автор бұл тарихи әпсананы кімнен және қашан, қайда жазып алғаны туралы ешбір сілтемеде, түсінік те бермеген. Алдағы талданатын сөз өзегіне қажет болатындықтан түгелдей берелік.

«Халқымыздың ерлермен бірге ел қорғаган болған, есімдері анызға айналған аналар өмір сүргені тарихтан белгілі. Солардың бірі - Дадан Тобыкты елі аса қастерлеп, әрағына бас иетін анамыз - Әуезбақы – Әуез-енен. Әуезбақы анамыз шамамен XVII ғасырдың аяғында Түркістан өнірінде Тұсінторе деген адамның шанырағында дүниеге келген. Бораншы баласы Байбазардың бәйбішесі. Әуезбақының бойында ерекше қасиет барын анғарған үлкен атасы Арық батыр екен. «Әуезбақы келін елді аузына қаратқан әулие, шаралатты адам болады», - деген екен ол. Әулие анамыздың тарихта өз орны бар. Қараменде би, Санаби, Жидебай, Жалантөс батырлармен тұстас болуы және олардың Әуез-енені аса құрмет тұтуы, ақыл-кеңес алуы туралы әңгімелер күні бүгінге дейін ел аузында келеді.

Сол аныздардың бір парасы: Солтүстік Балқаш өнірінің Шұбартубек маңында қазактардың қалмақтармен ауыр шайқасы болады. Сол соғыстың бір тынысты кезінде казак қолын бастаған Жидебай батыр үй сыртынан Әуез-енене: «Әулие-ана, жау алдырмай тұр. Нендей кеңесініз бар», - дейді. «Батырым, Қоныртасқа тұне. Ертеңіне жауды Итішпестің Алакөліне дейін қуып, ақсүйек етіп үйерсін», - деген екен анамыз үй ішінде отырып. Анамыздың айтқаны келіпті. Жидебай бастаған кол жауды Сарышаган, Мынарал, Буырлыбайтал асырып, Қорынтай

құдығында талқандалғы. Сол жер күні бүгінге дейін Аксүйек деп аталады. Жасы ұлғайғанда әулие анамыз үйден көп шықпай көрінкелдігімен еліне шарапаты тиін отырган. Науқастарды емдеғен. Жау тиерде, жылқыга ұры келерде алдын ала біліп, елді сақтандырып отырган. Ұзақ жасалты. Дүниеден өтерінде балаларына: «Мені шыбықтан асырып, Қонырбелдін батысина жерлендер, 40 күнге дейін басыма келмендер. Далада тамак бермендер», - деген өсиет айтты. Балалары: «Басына қырық күн бойы бармауымыз қалай болар екен», - десе, анамыз: «Бекер жатпаснын. Қырық күнге дейін бір мәнісі болар. Мен жатқан жер ел өтетін кең жол болар, ел шәлдемес жер болар», - деп жауап береді. Әуез-енен өзі өсиет еткен жерге Балқаш көлінің солтүстігіндегі 90 шақырым Бектауата тауының шығысына жерленеді. Қырық күннен кейін басына келсе жазық далада бұлак көзі ашылып бұрқырап су ағып жатады. Бұл жер сонан бері Әуезбақы аталады. Киелі, қасиетті жер саналады. Балқаны қаласы мен Ақтогай ауданы жолаушыларының токтап өтер жол торабы» (247-бет).

Шежіредегі Әуезбақы әулие туралы осы мәтін әр түрлі өзгерістермен толықтырыла түсіп, «Ақтогай. Энциклопедиясының» 389-бетінде, Т.Аршабеков, А. Туганбаев, М.Қожахметовтың «Арқаның Ақтогайы. (Ақтогай ауданының тарихы мен географиясы)» (2018) кітабының 155-бетінде берілген. Айырмашылықтары мынада:

1. С.Кенжеқараұлы шежіресіндегі Әуезбақы әулиенің туған-өлген уақытын жалпылама түрде гана «XVII ғасырдың аяғында» деп жазылса, «Энциклопедия» мен «Арқаның Ақтогайында» туған жылты 1748-1850 деп нақты көрсетіледі. С.Кенжеқараұлы жазып отырган «XVII ғасырдың аяғы болса» 1680 жылдан кейінгі уақыт болып шығады. Кейінгі аталған екі кітапта туған-өлген жылын «1748-1850» деп көрсетушілер бұл датаны қайдан алғанын жазбайды, аныздық түрде болса да ешбір дерек келтірмейді.

2. С.Кенжеқараұлының Әуезбақы әулиенің дүниеге келуі «XVII ғасырдың аяғы» деген дерегі мен «Қараменде би, Сана би,

Жидебай, Жалаңтөс батырлармен тұстас болуы және олардың Әуез-енені аса құрмет тұтуы, ақыл-кенес алуды» туралы жазғанын тарих растамайды. Тұган-өлген жылын «1748-1850» деп жазған соңғы екі еңбек санаға сиымсыз күтептікке бой алдырган. Оны дәлелделік.

1. С.Кенжекараұлының «Дадан Тобықты (Өмір) шежіресінде» (2002) Қараменде бидің өмір сүрген уақыты 1720-1810 жылдар деп көрсетілген (245-бет).

2. «Ақтогай. Энциклопедиясында» 1709-1776 жж. деп берілген (468-бет).

3. Т.Аршабеков, А. Тұганбаев, М.Қожахметовтың «Арканың Ақтогайы. (Ақтогай ауданының тарихы мен географиясы)» (2018) кітабында 1707-1797 жылдар арасы деп көрсетілген (158-бет).

4. Уикипедияда Қараменде бидің өмір сүрген жылдары екі макалада екі нұсқада берілген. Ол - 1720-1818 және 1707-1797 жылдар.

5. Ал «Ақтогай. Энциклопедиясында» Жидебай батырдың тұган-өлген жылдары 1713-1812 жылдар арасының деп берілген.

6. Жалантөс (Соқыр) батыр Құлышқұлы 1698-1775 жылдар арасында өмір сүрген деп көрсетілген. (431және 439 беттер). Ал кейінгі деректерде 1576-1656 жылдар екені дәлелденді. Бұл туралы К. Сәденовтің жазбаларын қаранды.

Сонда 1748 жылы туылған Әуез енененнен 1576 жылы, яғни 172 жыл бұрын тұган Жалантөс (Соқыр) батыр жорықта аттанар алдында Әуез әулиеден қалай ақыл кенес алғып жүргені жоғарыдағы олардың «тұстас болуы және олардың Әуез-енені аса құрмет тұтуы, ақыл-кенес алуды» деген пікірді жазғандарды еш ойландырмаган. Бар мақсаттары Әуезбакы анамызды қайткен күнде де Тобықты руына жакыннату үшін тарихты бұрмалап жіберген. Тіпті жастары ен кемі 25-30 жас үлкен және көріпкелдігі мен әулиеліктері жүрттап аскан Жидебай батыр мен Қараменде бидің сол шапқыншылықтар кезінде ғана түскен жас келінге келіп ақыл салуы, согыстың жай-жапсарын сұрауы тіптен де нанымсыз екеніне ой жібермеген.

«Ұлттық Энциклопедияда» «Қазбек би 18 ғасырдың 40-жылдары Сыр бойынан Арқага ауа кошті» деп нақты көрсетілген (5 том, 45-бет). Бұл кезде Балқаш бойында Тобықтылардың исі де жок. Олардың келуі XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басы арасында гана. Ұлы Абай «Құдайдан корық, адамнан ұял» деп жазып еді. Өз руыңды, атанұды құрметте, кадірле, бірақ шындыкты бүрмаламасанышы. Аруак пен сөздің киесі бар екенін ұмытпасанышы. Осындай жалған акпарат таратушылардың жүгендің жұмыстары Ақтогай ауданында Сарым руына келген кірмелердің ата-тегінен безінін, даурені жүріп тұрган руга телінуіне және жас ұрпактың ой-санасының бүлінуіне әкелгені рас. Оларды қандай Тұлен-шайтан тұртіп жүргенін кім білсін.

XVIII ғасырдың ортасында Қарекесек руы төмендегі топтарға жіктелді: Ақша - Башан: Таз (Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар) - Ақбота, Бөрлі, Құ, Дегелең, Едірек болыстары, Байбөрі - Абыралы, Сарытау болыстары, Жапту, Манат, Машай (Кәрсөн-Керней, Кояншы-Танай, Дәулет) - Қызылтау, Мойынты, Ақшатау болыстары, Тұйте: Танас (Бөргөз, Әлтобет) - Аксары, Беріккара болыстары, (Қара-Ішор, Әлтобет) - Кент болысы, (Ер, Тогалак) - Темірші, Тұйте, Майқы (Әлтеке, Сарым) - Нұра, Тоқырауын болыстары, Жалықбас. Оны келесі беттерде келтірілетін Қаркаралы уезінің картасына қарасақ, айқын ангаруға болады. Бұл Ә.Бекейхан катысқан 1896 – 1903 жылдары Даалалық өлкені зерттеу үшін арнайы шығарылған атакты Ф.Шербин экспедициясы материалдары негізінде жасалған. Даалалық өлкенің барлық уездерін зерттеуді мақсат еткен бұл экспедицияны құрганда Мемлекеттік мұлік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазакстандағы жер саясатын жүргізуге пайдалануды көзdedі. Экспедицияның міндеті аумақты табиги, тарихи жағынан зерттеп суреттей, осы мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, шаруашылық жүргізу, жер пайдалану тәсілдерін анықтау және көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықтарға кажетті жер көлемін белгілеп, оның қоныстандыру корына алынатын колемін анықтау болатын. Әсіресе, Ресейдің оргалық


губернияларынан көшіріп әкелінген крепостной шаруаларды қоныстандыру максатында шаруашылық құру максаты жолындағы статистиканы зерттеуге баса коңіл бөлінді.

Отаршылдық және миссионерлік саясатқа сай күрылған экспедицияны земство статистигі маманы Ф.А. Щербин баскарды. Құрамына казак зиялышарынан Э.Бекейханов, Т.Жалмұхаметов, И.Жақсылыков, И.Құдайқұлов, И.Тілекеев, Г.Саркин, Р.Мәрсеков, Е.Итбаев, М.Бекетаев, М.Сатыбалдин, Т.Есенқұлов, Ұ.Базанов, т.б. кірді. Щербина экспедициясы Ақмола, Торғай және Семей облыстарының бар 12 уезін мұқият зерттеді. Экспедиция осы аймактардың «bos жерлерін» анықтауы тиіс болды. Нәтижесінде 1893 – 1905 жылдары далалық облыстарда казак руларынан 4074180 десятина, оның ішінде Ақмола қоныстандыру ауданында – 2550202 десятина, Семейде – 499566 десятина, Торғай – Орал аймағынан 1024412 десятина жер тартышталынды. Жиналған материалдардың негізінде казактардың жер пайдалануы жөнінде он үш томдық жинақ басып шыгарылды (1-13 т. 1898-1908). Экспедиция материалдарын патша өкіметі казактардың «басы артық» жерлерін күшпен тартып алуды күшейту үшін пайдаланды. Бұл материалдар XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бас кезіндегі казак шаруашылығының жайкүйі жөнінде тенденсі жоқ тарихи деректеме болып табылады. Осындай кездे алаштың айтұлы ұлы Әлихан Бекейхановтың ерлігі еске түседі. Ол 1896-1903 жылдар арашында Щербина экспедициясына мүше болып, казак жерін отарламақ болған орыс отарлаушыларына «казактың жерінде бос жаткан ұлтарактай жер жоктығын» ғылыми негізде дәлелдеп, қауілтін бетін қайтарып тастаған еді.

Казак халқының құрамындағы үш жүздің әртүрлі ру адамдарының Қаркаралы округінде тоғысуын қалмактармен және жонғарлармен өткен соғыс салдарымен ғана түсіндіруге болады. Жонғар басқыншылығы салдарынан көп рулар онтүстіктен ауа көшсе, біразы жауға карсы қылыш көтерген сұлтандар жасағы қатарында болды. Сонымен коса, Орта жүздің Ордасы

Қазақстанның кіндігінде Ұлытауға ту тіккенін ұмытпауымыз керек. Едірек - Қу тауларына коныстанған Қаздауысты Қазыбек би, Көкшетауға ордасын орнатқан Абылай сұлтан жонғар, қытай және орыс басқыншыларына карсы қүресін осы жерлерден басқарды. Сарыарқа қазақ жерінің қақ ортасында, жау өтінен тыс жатқандықтан, бұл өнірде емін-еркін көшіп жүру де біршама қауіпсіздеу еді. Сондықтан, XVIII ғасыр сонынан бастап бұл өнірде халық барынша тығыз орналасты. Қазақ тайпаларының орналасу картасы мен Қарқаралы уезіндегі елдің орналасуы туралы картага мүқият қарасақ, шын мәнінде де солай екенін байқау қын емес. Осындағы цифрлы сандарымен белгіленген жерлер туралы терендей накты білгісі келген адам Э.Бекейханның 15 төмдүк жинағының III томындағы Қарқаралы уезі бойынша халықтың жерге орналасуы туралы жазбалары мен кесте-таблицалармен салыстыра қараса көп жайға қанығады және өз ага-бабасының мекен еткен күзеу-қыстауларын анықтаң ала алады.





Алайда осы Актогай жұртының тайпалық-рулық құрамы туралы жазылған шежірелерге карасақ, Токырауын бойындағы елде бір кезде жұрт билемесе де оздерін аксүйек санаған төрелер, кожалармен қатар, Қенесары-Наурызбай көтерілісінен кейін қалып қойған Кіші жүзден «Алшын-Табын» руының кейбір аталары, аумалы-төкпелі заман ыңғайымен келіп орналасқан Шыңғыстаудағы Тобықтыдан «Дадан Тобықты» мен «Жуантаяқ» ру тармагы, төре тұқымдарымен араласуына байланысты және болыстық құрылтуына орай жер болінісіне сай қоныс тепкен төлеңгіт, түрлі себептермен келіп орнығын қалған Қарқаралы және Абыралы Каракесектерінен «Қамбар» мен «Байборі», не Найманның «Қаракерей» руынан, не Керей тайпасының бір атасы екенін біле қоймайтын өздерін «Керейміз» дейтін бір кауым да бар. Шет ауданы Каракесектерінен «Қояншы-Тагай» руларының кейбір атаптары және қазақиленген кеткен түпкі тегі белгісіз ногай, сарі, татарлар сияқты аздаған кірмелер бар. Олардың қасиетті Актогай топырағына келіп мекендеуінің әртүрлі себептері болғандыктан арнайы тоқтаімаймыз. Оны тек аудан тарихына байланысты алдағы тарауларда ішінара соз етсек те жеткілікті.

Сондау «Атабан-шұбырынды, Алқакөл-сұлама» атанған кезден бері Токырауын аринасы қоныс болған ел-жұртың ататегінің жалпы алғандары сыр-сипаты осындай дәрежеде. Арқа беліндегі Қызыларай-Бегазы тауларын, тарихтың тылсым сырларын бауырында сактап жатқан құпия тас сандық деп бағалаймыз. Академик Өлкей Ҳақанұлы Марғұланның археологиялық зерттеулерінің нәтижесінде «Бегазы қорымы» қола дәуірінің құпия сырын актарып, қазактың ұлы даласындағы еркениет пен мәдениеттің ошагы ретінде әлемді дүр сілкіндірген гылыми жаңағы болып танылғаннан бастап, бұл онір зерттеуші ғалымдардың, зиялды қауым өкілдерінің, табигат жана шырлары мен қызыгуыш саяхатшылардың арнайы ізден келін, ат басын тірдейтін киелі мекеніне айналды. Тарих гылымының кандидаты, ғалым Арман Бейсенов: «Айналасы 5 мың гектардай осы бір алқапка, адамзат дамуының қола дәуіріне тән қорымдар мен

таңбалы тастардың, сақ дәүіріне жататын корған-обалардың, тұркі дүниесін бейнелейтін мұсін тастардың, тіпті Дешті Қыпшак заманындағы гибадатхананың шоғырланып, тізбектеліп орналасуы – бұл жердің тегін емес, тектіліктे болғандығының айғагы, тарихи туризмінің таптырмас сатылары болатындығының қуаттай келе, саяхатшылар үшін жол сапар картасын табиғаттың өзі – көліктің кай түрі болсын, пайдалануға жарайтындей етіп үйлестірін қойған», - дейді. Бегазы аталуын құні кеше ғана көрермендердің көз аймына айналған «Жау жүрек мын бала» фильміндегі батыр қызы Қорлан сияқты, Бегазы да жауға шалқан батыр қызы болған, таудың аты соның ерлігіне сай қойылған деген аныз ел аузында сақталған. Рас-әттірігін кім білсін, бірақ бала кезімізде бұндай әнгіме айтыла коймаушы еді. Таудың аталуына байланысты Ә.Марғұлан оз еңбектерінде де ештеңе жазған жок.

Сарыарқаның кіндік тұсы саналатын Қызыларай тауына жақын жердегі «Қайдауыл-Шеруке» аталатын онірдегі ұсак шоқылы «Қызылтас», «Балапан» тауларының боктерлерінде бүкіл Арқадағы су аринасы екіге боліпе агады. Алғашқы айырығы «Нұра» өзенінің бастауынан бастап солтүстікке Қарагандыға карай «Кара Нұрага» бағыт алса, екінші айырығы онтүстікке «Токырауын» өзені бастауынан жол тартып, жолдағы ірілі-ұсақты өзендер қосыла отырып Балқаш көліне карай агады. «Актабан шұбырынды» заманынан бастап өткен ғасырларда ата-бабаларымыз, сонау Балқаш көлінің бауырындағы Бектауата тауынан шығып Токырауын өзенін бойлай келіп, «Қайдауыл-Шерукеге», «Наршөккен» арқылы «Нұра», «Байқасқа», «Айқынбай», «Жарас» өзендерінің бойын өрлей отырып, «Кара Нұрага» жетіп, «Қорғалжын», «Теніз» көлдеріне дейін жайлап қайтады екен. Нәк Бектауата тауынан бері казіргі Караганды қаласының дәл тубіндегі «Сокыр» өзені, «Саран», «Топар» елді мекендері тұрган осы жерлерді «Әлтеке-Сарым» болысына қарайтын рулар жайлай ретінде мекендеген. Осы екі тайпалық одактан тұратын бұл елді сыртқы жұрт бұрындары «Жалпак жатқан Сарымдар», Шет ауданындағы Сарымның Токсан

атасынан тарайтын ру-atalарды «Ой Сарымдары», ал Конырат ауданындағы Отемістен тарайтын ру-atalарды «Қыр Сарымдары» деп атап кеткен. Ен далада жөн сұраспайтын жолаушы болмайды. Сондайда жол сұрасқанда сапар шегуші адам:

- Сарым еліне бара жатырмын, - десе,

- Оның кайсысына жол тарттын? – деп нақтылаған. Сонда не «Ой Сарымы», не «Қыр Сарымдары» атауы арқылы барап жерінің негізгі бағыты айқындалған.

Сыр бойының тумасы Досбол шешен ел аралап жүрген бір сапарында жолы Токырауын арнасындағы Сарым еліне түсіпті. «Сырт көз сыншы» деген гой, сонда елмен жата-жастана танысып-біліскең соң қайтарында біздің елге:

Тұяктысын семіртіп,

Пұл қылатын жер екен,

Құл-құтандын сөйлетіп

Би қылатын жер екен,

Ағаштарын әсемдең,

Үй қылатын жер екен.

Алпыстағы кемпірін,

Кызы қылатын жер екен, -

деп баға беріпті деген де сөз калыпты.

«Елің, жерің жаман» деу былай тұрысын, «итің нашар екен» екен дегенге бола намыстанатын қазақ емеспіз бе? Қалай дегенмен де бұрындары да, казірде де Ақтогай жүртты туралы үрпагы намыс тұтатындаі кемдіктің болмаганы анық. Қой коралас, ауылты іргелес отырган Каракесектің рулары мен болыстықтары Сарым еліне, оның ішінде Токырауын бойындағы ел-жүрт туралы бұлтартпас тарихи дерекке негізделген басы артық намыска тиерліктеі оқигаларды ауызга ала қоймайды. Ел болған соң ішінде тексізден туған нашары мен тентегі, кірмелер жасаған кемдігі болған шығар-ау, алайда оғаш сөзге өзек боларлықтай көрінгенге күлкі, сөзге түрлі, сүйекке таңба боларлықтай іс-эрекеттерден аулақ болған. «Жеті жарғыдан» бері келе жатқан ата занға, не болмаса шарніғатқа қайшы келер оқигалар агаулысынан ада

болғанымыз ата-бабамыздың көрегендігі мен бірлігінің арқасы екендігі мактануға тұрарлық. Ұлы хакім Абайдың «Ел жаманы Тобықты» дегенді неге айтып-жазғанына пайыммен тереңдете ой жіберсек те жеткілікті.

Содан да болар, ел арасындағы жер-жесір дауының кесірінен шетке ауган кейбір рудың әлсіз де нашар аталары коңсы қону үшін ел таңдағанда Сарым елінен пана іздеген. Оған намыстаннып жатудың қажеті жок екенін түсінген жөн болар. Ескертे кетелік, кім де болса да ақиқаттан атاي алмасы анық. Эрине, шындық - ете ашы.

Тұжырымды ой айтқан екенбіз, ендеше дәлел көлтірелік. «Кәрсөн» руының «Қозыбақ» атасының сөз біледі деңен Иманбай атты бай да беделді бір адамы атакты Керней Құлжанбек болыстан:

- Бізде ел жақсысы кімдер болады? - деп сұрашты. Сонда Құлжанбек болыс еш ойланbastan:

- Ол – Сарым елі, - депті. Иманбек өркеуде, тентек мінезді адам болса керек, бұған бірден ашу шақырады да:

- Қалайша Сарымдар жақсы болмақшы? - деп келісе коймапты. Сонда Құлжанбек болыс айтысты:

- Оған үш бірдей айтарым бар. Біріншіден, Майқы баласы консыны көп қондырады, іштеріне келген Тобықты, Табын, Кожа, Алишин, Керей баласын бөлектемеді, әрқайсысын тайпа ел кылышп, өз билігін өзіне берді. (Кәрсөн-Керней Ақша-Бошаннан тараса, Әлтеке-Сарым - Майқыға жатады. Ж.С.)

Екіншіден, біздің ел мына шөлден жайлauга Наршөккенге көшкенде жолда Таңды мен Нұрада отырган Сарым елі жері үстіне барып қонамыз. Сонда «мұның қалай?» демейді, «қашан қөшесін?» демейді, көшкен күні жылап айырылышамыз. Ал әрі «Қызылтау» барып конғанда Қояншы-Тагай ағамыздың балалары колында бір-бір сойыл алышп, жылқыга күн тұгызбайды, тез арада көшкенше малға маза бермейді.

Үшіншіден, Майқының артықшылығы бізде де қожа бар, сізде де қожа бар, соларды біз не істедік? Біздер ұры еттік, сіздер

жынды еттіңдер. Ал Майқыбаласы елін иманға үйігіп, баласын қожадан оқытып отыр» деген баға берілті. Бұл ашаршылық жылдары Қоңырат ауданында жетім балалар үйін ашып, соның директоры болған Нұрбек Бекеевтің ел аузынан жазып алған дерегі. (Қараныз: А. Нұрбеков. Мәңгілік тұғыр. Алматы: Нұр-Принт. 2015. 35- бет).

Сол жалпак жаткан Сарым елі өз бауырмалдығы мен момындығынан әлі де бір айныған смес. Осыған сай тұра реті келіп тұрган соң айтуға тиістіміз. қожа-молла ұстап, бала оқытып, тілдерін қалимаға келтіргенімен біздің ел, яғни Актогай жұрты, онша Аллашыл емес. Керісінше, құдайшылдығы исламға сіңісіп кеткен Тәніршілдіктің қагидаларына бейім тұрады. Ол дегениңіз біздің көне кездегі ата-бабалық діні салт-дәстүрімізben астасып жатыр. Тәніршіл діні әдет-ғұрылғары мен ырымдарын былай койғанда, қайтыс болған адамды жерлеуінін өзі Қазақстанның басқа жерінде кездеспейді. Бізде мәйітті таң атқан соң тұра құн шығар алдындаған жерлеу дәстүрі кейінге дейін берік сақталып келді. Оның себебін кейбіреулер кешегі Сталин шақырың кезінде жұмыстан кешікпеу үшін осылай жерледі деп түсіндіргісі келеді. Мұлде олай емес. Ол - ата-бабамыздың сталинизм дәүірінде де берік ұстапты келген діни ата-салты. Социализм кезеңінде де көрші аудан, совхозда қайтыс болған рулас-аталас адамға бару үшін жұмыстан сұранғанда биілк ешбір қарсылықсыз босатқан.

Қ. Қараманұлының «Тәнірge тағым» (1996) атты кітабын қарасаңыз, онда ислам діні кіргенге дейін түркі жұрты өлген адамды таңертең ерте жер қойына тапсыратыны жазылған. Осы бір салтты сактаған көне көз қариялар «жерленетін адамның қабіріне құннің нұры түспеуі керек» деп түсіндіретін. Тегі пәнниден бақыта аттанған адамның бұл жарық дүниедегі атқарар жұмысы аяқталды дегенге сай ой айтатын. Бұның нақты бағзыдан бері сактаған себеп-салдары да бар. Ежелгі түркі заманынан бері келе жатқан осы жерлеу дәстүрін біздің елдің бұлжытпай сактауына таң қалмасқа болмас. Ол Аспанды – жер бетіндегі барша тіршілік агаулыға нәр берген Ата, ал Жерді – сол тіршілікті бауырында

міпелеген Ана деп ардақтаудан туған. Ежелгі түркілердің мұрагері ретінде ата жұртқа не болып қалған казактар Құнгे табынбаган. Алайда Құнді ерекше қадір тұтып, Тәнірдің көктегі белгілерінің бірі ретінде күрметтеген. Халқымыздың Құнді ерекше касиет санайтынының әлі ұмытылмаган жоралғысы ретінде біздің елдің мәйітті құн шықтай жер койнына тапсыруы айғак.

Түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилевтің түркілердің осы ежелгі сенімі жайында: «Құнді қастерлеу дербес ғұрып емес, сол ғұрыптың бір бөлшегі ғана. Құн (Ежелгі Митра) Мәңгілік Аспанның (Хормустың) көзі саналатын» деп жазады. (Қараныз: «Поиски вымышленного царства» Москва: Наука, 1970. 287 бет). Ендеше Қек Тәніріге күрметі оның аспандагы белгісі саналатын Құнге байланысты жөн-жоралғылар арқылы сакталған. Құнді қастерлеуге байланысты сакталған әр аluan салттардың бәрінің тұп-тамыры Тәніріге деген кошамет нышанынан туындаған.

Осындай ежелден келе жатқан, оны тіпті кенес дәуірі озгерте алмаған дәстүрі тәуелсіздік алғаннан кейін, елде білікті де білімді дін иелері азайып, тез арада «коқып шыққан» жаңа моллалар ислам шаригаты бойынша «танертен, түсте, кешке жерлеуге болмайды» дегенді шығарды да, қазір сағат он бірлер шамасында жерлеу үрдіс алып кетті.

Ерте жерлеуді басты себебі: Қөніл айта келген адам сол марқұм болған жанның қонақасысы мен дәлеліне катысып, түнімен естелік айтып, таң атқан соң жаназасына тұрып, топырак салғаннан соң барып қайтатын болған. Сол үшін ауылдан бірнеше үй дайындалып, келген адамдарды соған орналастырып, ас-су беретін. Ал қазір көп аймақта бейіт басына тек марқұмның ет-жакындары ғана барып, қалғаны тамак аңдып қонақасы берілетін дәмхананың маңында топырлап жүретін жаман әдет пайда болды. Құдайға шүкір, бұл біздің елде онша белен алып тұрмаганына тәуба. Топырак салу, мәйітті арулап жерлеуге катысу ұлттық бір рәсім еді гой. Қатты өкпелесіп, қайта көрместей болатын ағайынның бір-біріне «Өлсем топырак салма» дегенге дейін баратын қарғысы айтылудан қалғаны қашан!?

Ата-салт пен дәстүрді берік ұстанған сол қойдан қоңыр біздін елге кенес өкіметі орнағанан бері аудан басқаруға кім келіп басшылық құрмады дейсіз?! Халық олардың жақсысын да, жаманын да көрді. Аудан халқының тарихи жадынамасында олар туралы ризашылық көнілмен де, айы сатиралық күлкімен де еске алатын ауызекі әнгімелер дегеніңіз, жаза берсе толып жатыр. Олардың бәрін термелеп жатудың қажеті де шамалы. «Гитлер келеді де кетеді, неміс халқы қалады» деп Сталин шал айтқандай, олар келді де кетті, халық қалды.

Аудан құрылғаннан бастап оның басшылығына тек сырт жердін адамдары басшы қызметке тағайындалуының саяси тұрғыдағы себептері де жоқ емес. Кенес өкіметіне қарсы көтеріліс ашып қарсы шықкан ең қауіпті деген аудандар республика басшылығының «қара тізіміне» ілінді де, ол сол жергілікті жердегі ұлт кадрларының мансаптық өсу жолын кесті. Сондықтан Созақ, Ыргыз, Абыралы, Бокты, Адай және Тоқырауын көтерілістері болған аудандардың көзі ашық және оқыған ұлтжанды азаматтарына жасырын түрде саяси сенімсіздік білдірілді. Оған Алаш көсемі Ә. Бекейханов пен оның саяси күрестегі сенімді серіктері Ә. Ермеков пен Ж. Ақбаевтың да тұра осы Коңырат ауданынан шығуы өз әсерін тигізбей калмады.

Кейбір деректерге қарағанда Алматыдан Қарағандыға қарай салынатын теміржолды жоспарлаушы М. Тынышбаев басында оны келешекте өндірісті қала болуға тиісті Коңырат руднигі мен Балқаш арқылы «Коңырат ауданы» территориясы бойынша салуды ұсынған. Оның өнеркәсіптік, экономикалық, шаруашылық тиімділігі жеткілікті түрде зерттеліп барып жоспарланған болса керек. Ақын С. Аксұнқарұлының «Жас Алаш» газетіне жариялаған «Алашорданың сонғы тұғы» атты мақаласында мынандай деректі келтіреді. Кенес дәуірінде М. Тынышбаевтың жоспарынан хабары бар бір оқыған адам теміржолдың Актоғай жері үстінен салынбауы себептерін белгісі келіпті. Сонда жергілікті кариялар «Совет өкіметінің Ә. Бекейханов, Ә. Ермеков пен Ж. Ақбаевтай қас жаулары шықкан аудан арқылы теміржол салу саяси тұрғыда

корсоқырлық саналып, негізгі жоспарды мақсатты түрде бұрып жіберген» деп жауп беріпті. Анық-қанығына куәлік бере алмаймыз, бірақ билетіндардің айтуынша, темір жол салудың алғашкы жоспарында Алматы-Шу-Балқаш-Ақтогай-Шет-Жарық аркылы жүргізу белгіленсес керек.

Сталин шалдың жеке басына табыну кезеңі мен одан кейінгі тоталигарлық жүйе мезгіліндегі уақытта, әрісі Мәскеудің, берісі Казакстандық республика басшылығының қадағалауындағы ең қауіпті деген аудандар «қара тізіміне» іліккен «Қоңырат-Ақтогай» ауданы ел-жұртты осының барлығына төзін, өз ұрпағының негізгі бағытын өнер-білім мен гылымға караі бұрды. Осы салалар бойынша бізден өнер таланттары мен оқымыстылардың көптеп шығуының саяси-әлеуметтік себептері өсінде жатыр.

## II тарау

### ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҚАРҚАБАТ АНА

Бізді еліміздің басқа өнірлерінде «Аргын» немесе «Бес Мейрам» деп атайды. Әулие Мәшіүр Жүсіп өз жазбаларында Абылай ханның осы «Бес Мейрам» туралы айтқан мына сөзін хатка түсіріп кеткен. «Кезіндегі ұлагатты Абылай хан екі сезінің бірінде айтып отырады екен: «Осы «Бес Мейрамның баласы» деген ел, пайғамбар мен шадияр туғызбады демесендер, адамның бұлбұлы мен дүлділі түгел туған ел. Олардың Куандығы бар, оның өлгенше бітпейтін жуандығы бар. Оның қара қүйедей жегенін білдірмейтін Сүйіндігі бар. Қара құрттай қалтаған қалың Қаракесегі бар. Батыры көп, жаудан қорықпайды, шетінен шешен туады да, даудан қорықпайды», – деп жазады.

Осы Бес Мейрамның бірі Болатқожа бабамыздың бір тайпа ел дәрежесіне дейін өсін-өрбіген ұрпактарының Қаракесек атануы туралы дағаның ауызша тарихнамасында бірнеше нұскадағы аныз-әнгіме, әпсана-хикаят бар. Қазақ шежіресі мен жылнамалары Қаракесек руының шығуын Мейрамсопының үшінші әйелі Қарқабаттан туатын Болатқожаның есімімен байланыстырады. Ол - накты дерек. Қолда бар шежірелер бойынша, ол 1500 жыл мұғдарында туған. Ә.Бекейханның жоғарыда аталған енбегінде жазылған аныз-әпсанада мынандай дерек бар:

«Қазіргі кезде ояздағы қазақ тұрғындардың көвшілігі Қаракесек руының түрлі тармақтарына жатады, олар ояздың барлық өніріне кеңінен орналаскан. Қаракесек - Мейрамның Қарқабат есімді тоқалынан туған ұлының лақап аты. Ол ұлдың аты - Болатқожа, аныз деректеріне қарағанда, оның лақап аты төмөнделегі жағдайда пайда болған. Бірде Мейрамның бәйбішеден туған балалары тоқалдан туған ұлдармен «қазақ – қалмак» соғыс ойынын ойнап жүргенде, оның соны төбелеске ұласып кетеді. Осы жанжалда Болатқожа Мейрамның кейінгі әйеліне еріп келген Шұбыртпалымен бірге ағаларынан кесек атып корғанады. Лақап

ат осылай пайда болады. Оның үстіне, «қара» Болатқожаның тоқалдан тұганын көрсететін, кемсітушілік мәнде айтылса керек. Болатқожаға Қарakesек лақап атының берілуі руладар арасындағы бәсеке барысында өзгені кемсіту үшін жұрт ойдан шыгарған (соның ішінде, Найман тайпасы), таза тұрмыстық әпсана болса керек» (239-бет).

Айтпасак-жазбасақ «асыл сөздің атасы өлең», негізі бәйбіше балалары әйтеуір мазак сөзге дайын тұрады. Қазак деген ұлттан гарышқа тұнғыш рет Қарakesектің Құдайберлі руының ұланы, кешегі кенес заманында одаққа караган он бес республиканың, қаптаған орыс жұртынан бір адам қолынан келмеген СУ-29 истребителін кемеге кондырып әлемді таңдандарған Тоқтар Әубекіров космоска үшінканда олар: «космосқа бірінші Лайка мен Белка деген иттер ұшты, одан соң Қарakesек ұшты» деген мазак сөз шыгарды. Ойпырм-ай, жетпіс жыл кенес үкіметі кезінде бір казақты ұшырмай қойған орыс билігіне наразы болудың орнына, гарышқа казақ ұшқанына, Орта жұз, оның ішінде Бесс Мейрамның бірі Қарakesектен ұшуын мақтан еткеннен горі, «көре алмайтын көп жаманың» деңгейінде танылды. Ендеше Болатқожаның Қарakesек атануына Өлекендей дананың келтірген дерегінің негіз жоқ емес.

Әлкиса, бұл да болса Болатқожаның Қарakesек аталуына байланысты ел арасында айтылған, қағазға түскен бір нұсқа болса, тағы басқа да мазмұндағы үлгілері түрлері бар. Соның халықтың тарихи жадынамасы арқылы ел аузындағы сакталған шынайы шындыққа жақын нұсқасында Болатқожаның Қарakesек атануы былайша баяндалады.

Мейрамсопы бабамыздың картайған шағында Қаркабат Анамыз:

«Екі әйелдің баласы екі рулы ел болар» деген. Сіз көзініздің тірісінде мына балаларыңызға енші боліп беріп кетіңіз. Енші бөліспегеннің басы өскенмен маты өспес деген бар, - деген етініш жасаса керек. Мұны құп көрген Майрамсопы бабамыз балаларына енші боліп беретінін хабарлап, бір күнді белгілейді.

Содан енші болетін қуні ел жиналып жатқанда Қарқабат А纳мыз баласы Болатқожаны шақырып алып:

— «Бұғін енші бөлісken кезде сабыр сақта. Жылқы суға құлаған кезде тал түске дейін келген жылқыга таласуыш болма. Таза тұқымды қаны бар және осетін жылқы суға тал түste құлайды. Оған дейінгі келген малды агаларына бер. Олар аларын алып болған сөн. құн түске таянғанда бәйбішенің балаларына «Ал, ағалар, осы уақытқа дейін келген жылқының бір үйіріне де таласкан жокпын. Жолды сіздерге бердім. Ендігі қалған жылқыны маган алуға рұқсат етініздер» деп сұра. Сонда әкен Мейрамсопыдан бастап бүкіл елдін аксақал-карасақалдары сенің сезінді костар» деген ақыл үйретіпті.

«Мейрамсопы балаларына енші бөледі әкен» деген хабар аймаққа тарағ, «досы бар, дүшіпаны бар», арнайы шақырганы бар, сынай келген бар, басқа рулардың да адамдары келеді. Құн арқан бойы көтерілгенде Мейрамсопы бабамызға біткен қалың жылқының алды өзенге суға құлайды. Бәйбіше балалары саналатын Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендіктер «Анау үйірді мен аламын, мына үйір менікі» деп өзара бөлісіп алыпты. Қарқабаттай анасының ақылына ден койған Болатқожа бабамыз ешқайсына таласпай, өз ұрпағымен тоғтты адамның бір шетінде ешқайсысына да таласпастан үндемей тұрыпты. Бәйбіshedен тұғандығын алға тартып өктемдікке басқан агалары осы алғашқы келген қалың жылқыны өзара бөлісіп мәз болысыпты. Содан құн түске таянып, келген қалың жылқының соны сүйила бастаганда Болатқожа бабамыз ортага шығып:

— Уа, әке, ел жаксылары және агаларым! Аnam – Қарқабат, токалдың туды демесеніздер, мен де Мейрамсопының бір баласымын. Мениң де енші алуға қақым бар. Бағанадан бері ата дәстүр бойынша «алғашқы жол ағанікі» деген салтқа сай мына келген қалың жылқының бір үйірін алам деген жоқпын. Агаларым алған еншілеріне риза болса, ендігі келетін жылқыны менің еншіме байланыздар, - дегіті.

Сонда «тоқалдан тұғансын» десе де қоудесін ешкімге

бастырмай жүргөн баласынын ешбір қымыл да жасамай, сөз де катпай тұрғанын түсінбеген Мейрамсопы бабамыз да, ел жақсылары да, тіпті «Е-е, канша мал калды дейсін» деп тоқмейілсіген агалары да Болатқожа бабамыздың сөзін құп көріп, қоштау білдіріпті. Енші болуге жиналған жұрттың ризашылығын алған сон, бабамыз жылқышыларын сайладап, қалған жылқыға ие болуга кіріскең екен.

Сол-ак екен күн шыкканнан бері тал түске дейін келмей қалған бір кос жылқы жарыса құйғытып өзенге суга келеді. Барлығы назар аудара караса, ылғи қаракөктің тұқымы! Сан жағынан аздау көрінгенімен бірінен бірі өтетін асыл тұқымды нағыз дала сәйгүліктерінен тұратын үйірлер болып шығыпты. Ол кезде мал танымайтын казақ болушы ма еді, бәйбіше балалары өздеріне тиген жылқы мен Болатқожа бабамызға бұйырған үйірлерді салыстырып жібергенде көзге кораштығы байқалып-ақ қалса керек. Өзара құнқілдесіп, «мына тоқалдан тұган қу бізді тагы айдал сокты» деп ашу-ызага ерік беріпті. Оған қарап жатқан Болатқожа бабамыз жоқ, өзіне еншілі тиген жылқыға көнілі өскен ол, тиесілі еншілік барлық малды тұра агалары тұрған көптің алдынан шұбырта айдал өтінді. Олардан көріп жүрген корлық-зорлықтарына деген іште жүрген қызылын бір қайтарсам деген де ой болған да шығар, бәлкім. Сонда енші беруге жиналған барша жұрт бабамызға тиген жылқының тұрпатына сүйсініп, жабыла «қайырлы болсын» айта құттықтал риза болысыпты.

Еншіге тиген жылқысын ауылға алдына айдал әкелгенде, ылғи бір таза қанды қаракөктің тұқымы бұйырғанына көнілі толған Карқабат А纳мыз малды агаларына кыр көрсете алдарынан айдал өткенін естігенде:

– Қап, бағам-ай, оны бекер жасағансың, барша елге мазақ қылғандай болысың ғой. Енді олар жалған намысқа бой алдырып тыныш жатпас, бір қымыл жасар. Өлтірмесе де сабап алуға тырысар. Егер олай болып жатса, агаларыңа кол көтерін, камши үйіріп, сойыл салма. Қазір анау төбеге қарауыл қой. Ол жақтан топтаған адамдар шықса, ана кермедегі Ақтанау атты

мін де, алдынан қарсы шыға көлденеңдей каш. Таяқ жесен етің көтерер, «Ақжол» ұранды Аргын баласы «сырты түк, іші бок» мал үшін жауласып кетіпті деген сөз кейінге калар. «Бәйбіше балалары тоқал шешесінің аулын шауыпты» деген де жаман атқа қалармыз. Саган келетін ажалды көріп тұрган жокпын. Қалғанын өз ақылына сай әрекетің арқылы көрерсің. Қанша куса да өз еліннің шегінен шығып кетіп, өзге рұлы жұртқа құлқі болмандар. Қалай болғанда да ағаларына қарсы ұрыс ашып, бас жарып, сүйек сындыра көрме. Әйтпесе ол өшпес кекке айналып, үрпактан үрпакка кетер, - депті.

Айтқанындағы-ак ашу-ыза бой алдырган және көре алмаган коп жаманың сөзіне ерген бәйбіshedен туған ағалары бастаган бір топ адамның даурыға шауып бет алып келе жатқаны белгілі болады. Үйден атқа мінуге сай сыпа киініп шыға келген баласына Қарқабат Анамыз:

– Аман кайт, балам, - деп батасын беріпті де, Актанау атқа мінерде, - Құғын түссе, бұл жарықтық өзі де шабады, - деп конышындағы дырау камшысын алып қалты.

Ауыл арасы жақын, Болатқожа бабамыз ауылға төніп келіп қалған топтың алдынан көлденеңдей шауып ете шығыпты. Қазақ барымта мен ұрыс-жанжалға осал ат міне ме, аналар да тани салып сонынан атой сала қуады. Осы аныз-әпсананы айтушы аксақалдардың бірі «кешке дейін күшпіты» десе, бірі «таңдан күгеннан ымыртқа дейін сонынан қалмапты» деп әсірелей әнгімелемеуші еді. Мәселе қанша қашып, сонша қуғанда емес. Анасының ақылына ден қойған Болатқожа Бес Мейрамға тиесілі жер көлемінен сыртқа шықпай, айнала шауып жеткізбей койса керек. Қашқаның да, қуғаның да бар сыйынары - бір Құдай. Сойыл сілтер жерге жеткізбegen сон, құғыншылар тоспа қоя коршай қаумалап, жан-жактан ортага ала қамай қуады.

Көріпкел қасиетке не Қарқабат Анамыз баласына тегін атты таңдал мінгізе ме?! Актанау тұлпарға ерік берсе, жеткізбей-ак кетер еді. Бірак күтыла қашатын жер шектеулі, айнала қашқаның баар жері шамалы. Жаны қысылса да Болатқожа бабамыз

баска ру мекендеңен жерге ат басын бір бұрмапты. Себебі, «бас жарылса, борік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген ата намысына кір келтірмеуді ойласа керек. «У ішсөң де руынмен» деген ата дәстүрлік қагиданың мықты орнаган шағында, «ел арасын бұзар тентек» атанатының білмеді дей алмасак керек. Енді еш амалы қалмай, қоршауга түсер болған соң Болатқожа бір қыстаудың ескі корасына атын кіргізіпті де іштен берік бекініп алыпты.

«Ана ақылын алған арымас» дегендей, шешесінің өнегелі тапсырмасын ойынан бір шығармаган Болатқожа қыстаудың кора есігін іштен мықтап бекітіп тастап, күгіншыларды кіргізбеуге амал жасайды. Ол кезде казіргідей құрылым материалдары, ягни кірпіш мұлде жок. Қолдан құйғаны болған күннің өзінде оны кора салуга пайдага жаратпайды. Тек бейіт, мола салуга ұзак сақталуы үшін ешкінің майын, жылқының қылын қосып арнайы құйғаны шындық. Қора-копсы атаулысы кірпіш тәріздес етіп шымнан кесіп алынған кесектерден қаланатын болған. Қораның құлаган ашықтау тұсина тұрып алып, төбесінен суырып алған сырғауылмен қүгіншыларды жасқап, ал атпен тоніп келгендерін кораның шым кесектерімен ұрып жолаптай қойыпты. Дәлдеп бастан ұрган тастай кепкен шымкесектерден ұріккен аттар кораға жақындаған алмаған болса керек. Жаяулап келіп корадан сүйреп шығармакшы болып бай балаларына жақпакшы құл-құттаниң шыққан кейбір итаршы немелерді сырғауылмен ұрып тастап отырыпты.

Содан қүгіншылардың алғашкы ашуы басылып, амалы таусылған соң өзара ақылға салыса келіп:

– Қой, бұл тоқаңдан туған қу жалғыз енді алдырмас. Осы қыстау кораның кара кесегі біткенше атқылар. Мыналардың біріне «қолы бата тимесе де, кате тиіп жазым болар» да күныкер қалармыз. Ажалы мен көрер бейнеті жокқа құлаган қыстаудың қаракесегі де кару болады еken ғой. Даудың ендігі қалған сөзін әкеміздің алдында шешелік, - деген тарасып кетілті.

Жалған намысқа бой алдырып өз бабамды актап, басканың атасын даттарым жоқ. Әйбішеден туғанымен, бір атанаң баласы,

«сырты түк, іші бок» мал үшін ашу-ызага бой алдырганымен, Болатқожа бабамыздың жан саугалап басқа ел-ру ішіне кашпауынан көп жайды түсінген де шығар. «Жалғыздың жары - құдай» дегенімізben де, қалайда «көп коркытады, терең батырады». Алғашқы дүрмекпен атой сала шығып қалғанымен, акыл токтатып, сабырга бой алдырудын да уақыты жеткен шығар. Олардың арасында басу айтар ара ағайын да болмады дей алмасак керек. Шындалп өлтірмекші болса, қораны ортеп жіберсе де амалын табар еді гой. Абыз жасына келіп, енші боліп берін, әрқайсын бір-бір ауыл етіп отырған Мейрамсопыңай экелеріне атамекен болса да «қалатұғын сай үшін де емес», «ыскырса желдікі, айласа жаудыкі» болатын, «өлеңұғын тай үшін» «ұлынды өлтіріп келдік» деп бармақшы ма?! Жолы кішілігін біліп, жағасынан алған жоқ, қару асынып қарсы тұрган жоқ, жәрдем сұрап басқа руға барып ел арасына іріткі салған жоқ. Енді не керек?! Ақылга салса, есті адамды ойландырар іс-эрекет емес пе??!

«Мал ашуы - жан ашуымен» бірдей болатын көшпелі тұрмыстыршылікте малдың, оның ішінде жылқының орны ерекше екенін айтып жату аргық. Ол күн көріс қамы үшін гана емес, «байлық – колдың кірі» дейтін мал дегенмен де атақ-данқ, абырай үшін де қажет екенін кім жокка шығарады. Ашу-ыза басылғанымен, іштегі ыза-қыжыл тарқай коя ма? Мал танитын адамдардан жансыз салып байқатса, шын мәнінде де бірінен бірі өтетін кіл асыл тұқымды үйірлер Болатқожаның еншісінде кеткеніне коздері жеткен соң, бәйбішке балалары:

«Токалдан туған қу жалғыздың еншісіне бізге қараганда көп жылқы кетті. Біздің наразылығымыз бар, үйір басын санаймыз, артық болғанын атамыз» деген сөзді ара ағайын арасына салады. Содан ел жақсылары қайта жиналыш малды санап келіп жібергенде, Болатқожага еншіге бұйырган жылқы бір үйір басы кем болып шыкса керек. Енді басқадай қарсы дау айта алмаган даугерлердің аузына осылайша күм құйыстыпты.

Міне, содан бері Bolatқожа бабамызды сабамақшы болып қуғын салған бәйбішке балаларынан корғанғандагы осы бір көзсіз

ерлікке бергісіз ақылмен жасаған қымылды әуелі Бес Мейрам арасында, одан соң барлық ру-тайпалар арасына тараң кетін, бүкіл ұрпағы «Қаракесек» атаныпты.

Бұның барлығы - ескіден қалған асыл сез. Бұл нұсқаны мен өз ауылымның шежірешіл ескі көздерінің өкілдері болып келген Мұсахан, Інкәбай, Истатай, Қабдолла, Сейдігазым және әкем Қожахметтердің бір-бірін толыктыра отырып айтатын әңгімелерінен алғаш рет бала шағымда естіп едім. «Тұбі Қаракесек қой, қашпаганда корка ма?» деген мазақ сез осыдан қалған деп отыруши еді, кайран шежірешіл карттар. Содан бері мен Болатқожаның Қаракесек атануына байланысты осы деректі, кешегі 25 болыс болып өсіп-өнген осы тайпаның жолым түскен қай аймағында болса да гұмыр бойы сұрастыра жүрдім. Сонда аздаған әсірелеуештік бағыттағы озгешеліктер болғанымен, негізгі жобасы осы жазғанымнан бір ауытқыған емес. Тіпті Қытайдың Шыңжан өлкесіндегі Іле казак ауданындағы бес ауыл Арындардагы Қаракесектерден де осы нұскадағы аңыз-әңгімені естідім. Қытайдағы Аргындар шежіресін жазушы кариялар да оны сол шежіреде көлтіріпти.

Мейрамсопы бабамызды Қарқабат Анамызереңше құрметтеп, қызмет көрсетеді екен. Өмірінде Мейрамның табанынан сыз өткізбей, етіне сұық су тигізбей күтіпті. Тұзге отын тере шыкса, ку қөдені жұлып әкеліп отағасының табан астына төсеп, түнде дәрет алатын құманлы бауырына басып жылтырып жатады екен. Қарқабаттың осындай ықыласын көрген сайын Мейрамсоны: «Ой, көсеген көгерсін! Бір туганыннан бір туганың аса берсін! Өсіп-өнген ұрпағының ұранына шык!» - деп бата беретін көрінеді. Аруақты атаниң сол батасы кабыл болып, Қаракесектер іргелі елге айналды, патша заманы кезінде 26 болыс ел болды, елі мен жерінің айбары сиякты нелер жақсы-жайсанылар шыкты, Қарқабат Ананың есімі інсі «Қаракесек» руының ұранына айналды. Оның да ел аузында сакталған өзіндік тарихы жоқ емес.

Қарқабат анамыздың сәуегейлігімен еншіге бұйырган малдан кіл тұлпар жүйріктер шығып, Болатқожаның коскан

аттары бәйгенің алдын бермеуге айналыпты. Үш жүздің бар баласы бас қосатын ас-тойларда шабандоз бала алғашқыда мәредегі керменен бүкіл Аргынның ұраны «Ақжол! Ақжол!» деп шақырып өттіп жүріпті. Бір заманда Үш жүздің балай койганда, түркі тілдес қыргыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ секілді көрші елдер катысатын аса үлкен асқа сауын айтылып, Болатқожа да соған жүйрігін жаратса керек.

Асқа аттанайын деп дайындалып жүргенде Қарқабат Аnamыз баласын шақырып алыпты да:

— Ұлым, сапарың сәтті болсын. Бұйырса бәйге де, атак-абырой да сенікі. Жүйрігіндегі ешкімнің көзіне түсірмей бөлек ұста. Бірақ сен бұл жолғы бәйгеден үлес алма. Барлығын да агаларың бастаған Бес Мейрам баласына қараған елге таратып бер. Тек иәбандоз бала мәреден өткенде «Қарқабат! Қарқабат!» деп ұран шақырып өтсін. Маган да, саған да осы абырой жетілікті, - деп батасын беріпти.

Содан айтканы келіп, Болатқожаның тұлпары басқа аттардан кара үзіп бәйгеде жеке келіпті. Үйреткеніндей шабандоз бала мәреге жақындастымен-ак «Қарқабат! Қарқабат!» деп бар дауысымен ұран шақырыпты. Бәйге десе ауыл қазагы түгіл, қазіргі каладагы асфальтта туғандардың өзінің делебесі қозып шыға келеді. «Қай ат келді? Кімнің аты озды?» деп даурығыскан жүрт бұрын естімеген «Қарқабат!» деген ұранның жүйрік ат кімдікі екенін білмей дал болса керек. Аргынның жөн білетіндері түсіндірген соң барып қана бәйге Аргын Бес Мейрамның Болатқожасына тиесілі екенін, ұран болған Қарқабат анасы екені белгілі болыпты. Міне, содан бері қалың Қаракесек жауға шапқанда «Қарқабат!» деп ұраны шақыратын болды. Тек осы Қаракесектен өз руласына ұран дәрежесіне көтерілген Әлтекеде – Жиідебай батыр да, Шұбыртпалыда Ақжолтай Ағыбай батыр гана. Ал Бес Мейрамның басқа аталары сол баяғы «Ақжол!» ұранымен шектеліп калды. Тек кейіннен өз руынан шежіре жазып, ататегін түгелдеушілер басқалардан қалысамыз ба деп, кейбір адамдарын ұран болды десіп жүр, бірақ оның шындықтан ауылы алыс жатыр.

Рас-өтірігіне бүгінде мен түгіл, көнекоз тарих та қуәлік бере алмас. Бірақ осы енші бөліскен кезде Куандыктың бес ұлы бес ауыл болып, өсіп-өнуге бет алған кез болса керек. Мәшіүр Жүсіп бабамыз Сүйіндік бәйбішеден кенже туган деп көрсетеді. Сүйіндіктен жалғыз – Айдабол болса керек те, Бегендік, Шегендік - онша өспеген аталар. Осыған байланысты тағы бір аныз-әпсананың шеті шыгады. Ол Сүйіндік тайпасының ішіндегі Каржас руының пайда болуы турасында. «Қарқабат!» деп алғаш рет ұран шакырылған осы аста аттүяқ алтын мен қалы кілем жапкан нар түйе бастатқан тоғыздатқан бәйге беріліпті. Анасының сөзін екі етпеген Болатқожа барлығын Бес Мейрам балаларына тең бөліп, сыйга тартыпты. Мұндан үлкен аста бәйге басы нар түйенің бүйдасын артында сұраушысы жок жетім ұл балага ұстаратып, оргағана сол жетелеп шығады екен. Бәйгенің бәрін алуға дәмелі болған жуан жұдырық Куандыктар бірге туса да, оның басқа бауырларына бөлініп кеткеніне наразылық білдіріпті. Бұл кезде Мейрамсопы да, Аргұл бәйбіше де қайтыс болған. Сонда Бес Мейрамның барша билігіне ие ақылшы, бүкіл елге сыйлы Қарқабат А纳мыз тапсырмасы осылай екенін білгенен кейін гана, ас үстінде жиналған елден ұялып шу шыгармагтты.

Сүйіндіктен жалғыз – Айдабол гана екен дедік кой. Осы бәйге басы болған тоғыздатқан малдың нар түйесін жетелеген жетім ұл баланы алғысы келген Сүйіндік ағасы Куандықка:

– Менде баланың басы кем гой. Жалғыз гой. Мына баланы маган киынды, мен алайын, – деп өтініш жасайды. Бес Мейрамның үлкені ретінде аттүяқ алтын мен бәйге басының ен тәуірін алса да, ол кісі іштарлық жасап, баланы бермейді. Алайда Болатқожа бұған келгенде Сүйіндікті қолдап шығыпты. Астан елге келген соң да баланы алғысы келген Сүйіндік осы әнгімені кайта қозғаса керек. Ел басшылары өздері болғандықтан, амалсыздан сөзді ара ағайын ортасына ақылга салыпты. Әдет-тұрып, салт-сана, жен-жоба білетіндер ақылдаса келіп, бұл дауды Қарқабат А纳мыздың алдына барып шешуге ақыл қосады. Айтылды-бітті, баланы алып кесімді сөзді айтту үшін Қарқабат А纳мыздың алдына жүгініспті.

Есімі бір тайпа елге ұран болған дана анамыз құлжаның сақасын алдырыпты да:

— Олай болса, бір реттен гана асық ііріндер. Асыққа қайсының таңдауын түссе, бала сонікі болсын. Қарсы жак соған келісіп, дауды үдепесін, - дегенінде, Қуандық өзінін туа біткен өктемдігіне басып, қолына сақаны алып:

— Алшысы мен тәйкесі де, бүгі мен шілгі де менікі, - деп шексіз жуандық мінез танытыпты. Сонда Қарқабат Ана:

— Қайтесін енді. Сүйіндік балам, тәнірдің жазғаны болады да. Саған енді бар қалғаны асыктың омпысы мен қаржысы гана. Қуандық, сенің таңдауын төртеу, мынанкі екеу гана. Ендеше асық іірудің бірінші жолын Сүйіндікке бересін және мен айтқан жерге іресіндер, - деп көндіріпті. (Омпы - іргенде асыктың тікесінен тонқая түсіү болса, қаржы – оның екі айыр ұшы бар жағы жоғары қарап түсіү). Бұлай түсіү сирек болады. Сондықтан көп адам өні біле бермейді. Ж.С.). Қарқабат Анамыз барлығын далаға алып шығып, асыкты бір күмдау жерге іріруге шешім жасаган. Құдай қолдан, аруақ жебеп, Сүйіндік сақаны ііріп жібергенде, ол топ етіп барып қаржысынан тұра қалыпты. Бұқіл жұрт шу етіп, таңдай қағысыпты. Бұны кездейсоктықтан болған дегеннен көрі, анамыздың көріпкелдік касиеті басым жатқанына дау айту қын болар. Сонда Қарқабат Анамыз:

— Ал, Сүйіндік, балаң құтты болсын! Артынан бір рулы ел тарасын. Атын бұдан былай Қаржыасық кой, - деп батасын берілті. Баланың сол Қаржыасық деген есімі кейін айтылу бойынша Қаржас болып кеткен екен деседі.

Міне, қазіргі Сүйіндіктің ішіндегі Қаржас руы сол баладан тараган ұрпак деп аңыз қылатындар осы оқиганы дәлелге келтіреді. Ескі көздердің айтуынша Мәшіұр Жүсіп жазбасында осыған ұқсас бір нұсқа болса керек. Алайда оны кейін жарыққа шығарушы қаржастар мұны айналып өтіп, танымдық айналымға қоспағанға ұксайды. Сондықтан қазіргі Сүйіндіктердің өзі мұны мойындей коймайды. Эрине, ол жағы да түсінікті. Кім де болса «байгеге тігіліп келген жетім баладан тарады» дегенді

жоқка шыгарғысы келетіні анық. Бұны олар «Әкеміз картая келе бір жас тоқал алығты. Содан туган баланы көрі мен жастың арасынан туган сон, Кәріжас деп ат қойыпты. Ол кейін Қаржас болып кетіпті» дегенді негіздейді. Шамасы келгендер төрт-бес әйел алған ата-бабамызда картайғанда тоқалдан туган баласы аз болды дейсіз бе? Солардың бәрі Кәріжас атанған жок қой. «Естіген құлакта жазық жоқ» болса, оны білу үшін сұраган тіл мен естігенін жазған қолда да жазық жоқ. Біз білгенімізді жаздық, айылқа бұйыратындар болса, өз атапарының тегін өздері қазып алсын.

Қарқабат А纳мыздың әулиелігі мен корегендігі, парасаттылығы мен даналығы, адамгершілігі мен адалдығы жайында анызбен астаскан әнгімелер көп. Тағы бір даналығы туралы мына бір аныз да ел аузында сақталып келді. Жаугершілік бір кез тап болып, ел азаматтарының бәрі соғыста жүргенде, осыны пайдаланып аңдыған жау Болатқожаның ауылын шауып, бір болік жылқысын барымталап айдаш кетіпті. Сойыл тиіп жаралы болған жылқышы келін хабарлаганда, ауылда жау алған жылқының сонынан қуар белді адам жоқ болса керек. Сонда Қарқабат А纳мыз әлгі жылқышының атын міне салып жаудың соына түсінти. Арттан шыққан күгіншы жоқ екенине көздері жеткен жылқы алушылар ел шетінен шығып біраз жерге келген сон бір сайға бекініп, бір тайды сойып тастанап аялдан жатса керек. Қарауылшы «бір салт атты адам келе жатыр» деп хабар береді. Олар «жалғыз өзі күгіншы болып шығатындей бұл қандай жүрек жұтқан адам» деп қайран қалысады. Жақындағанда тоспадан ат қойып қамап алғанда қараса, ат үстіндегі бір кейуана кемпір екенин көреді.

– Оу, шешей, не іздең жүрсіз? Жалғыз жүргеніңіз не? – деп аң-таң қалысыпты.

– Ой, балалар-ай, мына сендер айдан кеткен жылқыда менің жалғыз кәрі бием кетіп бара жатыр. Соны күнп келдім, - дегін А纳мыз.

– Пәлі, шешей, кәрі бие үшін осыншама жерге келдіңіз бе? Кане, қандай бие еді, алып қайтыңыз, - деген мал жаулаушылардың

басшысы Қарқабат А纳мыз көрсеткен кер биені ұстаттырып, ерттең беріш мінгізеді.

— Ал, елдеріне аман жетіндер, — деген ықылас білдіріп, Қарқабат А纳мыз жақын төбенің басына шығып алып, жағасынан тибен инесін алып биенің шоқтығына бойлата сұғып алышты. Сонда кер биесі кісінеп жібергенде барлық жылқы елең етін, дүр ете қалыпты. Қарқабат А纳мыз тұра сол сәтте «Ойхой, жануарларым, құрау-құрау» деп шақырып, шауып жөнелілті. Қалың жылқы сол дүр еткен бетте қайырмакшы болған жауға ешбір ие берместен, а纳мыздың сонынан жөнкіле қашыпты. Тілі бейқам отырған жаудың аттары да қосылып кетіп, олар жаяу қалыпты. Сөйтсек кәрі кер бие осы бар жылқының құты саналатын, мал басы болған енелері еken. Соны білген Қарқабат А纳мыз осылайша өз акылымен жаудан жылқы да айырса керек.

Тұра осыған ұксас аныз Ұлы жүздегі Албан, Суан, Дулаттың анасы атанған, есімі ел ұранына айналған абыз аналардың бірі - Домалақ ана, яғни Бәйдібек бидің үшінші әйелі Нұрила туралы да бар. Соның бірі мынау: «Бірде Бәйдібек баба жоқ кезде жауласып жүрген бөтен елдің адамдары келіп, оның бар жылқысын айдал кетеді. Олар жол-жөнекей Домалақ ана отауына жолығып, сусын сұрайды. Домалақ ана сусын беріп, олардан олжа қалайды. Үйір-үйір мол жылқыны оңай колға түсіріп бара жатқандар «қалағаныңды ал» дейді. Сонда айдалып бара жаткан жылқының Бәйдібектікі екенін штей танып, біліп тұрған Домалақ ана мал басы саналатын Сарыайғырды құндігімен нокталап алғып қалады. Әйткені Сарыайғыр бір кісінесе, қалған жылқылар қайтып келетінін біледі. Олар кеткен соң көн ұзамай жау қуып кеткен жылқыны ізден, Бәйдібек бабаның бәйбішесінен туған тоғыз ұл келеді. Домалақ ана тоғыз ұлға «сөндер эрі бармай-ақ койындар, жылқылар өздері қайтып оралады» десе, тоғыз ұл «тоқалдың сандырагын қайтеміз» деп ана сөзін елеместен, жылқы сонынан кетеді. Алайда тоғыз ұл жау қолынан түгел мерт болады да, Домалақ ана айтқандай Сарыайғырдың кісінеуінен кейін жылқылар дін аман түгел қайтып келеді. Домалақ аナンың

өмірі жүген-құрық тимеген шу асауды еш қарсылықсыз қолына тоқтатқан қасиеті, жылқының қайтып келетінін білген әулие, көрегендігі ел ішінде азыз болып тарап кетеді». Бұл карға тамырлы казақ жайлаган ұланғайыр даладаға оқнға сюжетінің ауысусы гана дер едік. Осы анызды жазушы Шерхан Мұртаза өзінің «Домалак ана» атты драмасының негізгі желісіне айналдырды.

Үш тайпа елдің анасы атанған Домалақ аナンЫң дана болғанына еш күмән-күдігіміз жок. Бірақ осы анызды айтып жеткізушилер тарапынан кеткен логикалық тұргыдағы селкеулікті айтпасақ болмас. Біріншіден, жылқы алған барымташылар сол ел түгіл, жақын мәңдағы жұртта ешбір із қалдырмауга тырысады. Үйір-үйір жылқы ізделмей қалмак емес, ендеше олар ешқандай айғақ тастамауды ойлайды. Ендеше келіп Домалақ аナンЫң отауынан сусын сұрауы, олжа калаганда Сарыайғырды беріп кетуі ақылға сыймайды. Өзі айғыр болса, өз үйірі бар жылқы кетіп бара жатқанда ол кісінемей тұра ма, онда қалың жылқы сол кезде-ак кайыру бермей кайта оралар еді ғой!?

Екіншіден, Шерхан Мұртаза өзінің «Домалак ана» атты драмасында осы Сарыайғырдың қара санына қыл шылбырдан бұрау салғанда кісінеген дауысынан жылқы қайтып оралды деп келтіреді. Сарыайғыр - қанша құт болса да ерек мал, казакта кие саналуы мүмкін, бірақ ешқашанда айғыр мал басы саналмайды. Әдебиетте уақыт және кеністік деген ұғым бар. Жылқыны алғаннан кейін біраз уақыт та өткен. Бәйбішесінен туган тогыз ұлдың іздең барып мерт болуы оған дәлел. Дауысы қанша зор болса да, жер түбіне кеткен және ел арасына таратылып жіберген жылқыға айғырдың кісінеген дауысы жетіп, оның қайтып келуі тым әсіреленген киял-ғажайыпка тән нәрсе.

Бұган салыстырмалық тұргыда қараганда, оз ақыл-білігімен жаудан жылқы айрып алып қалған Карқабат Аnamыздын жасаған іс-әрекеті ақылға қонымды және қазакы тұрмысқа сай нанымды. Қанында қазаки мінезі бар және жылқы малынан хабары бар адам Кербие мен Сарыайғырдың мал басы боларлықтай қасиетін өздерінің таным-білік деңгейімен саралай жатар. Егер күмәнді

болып жатса, онда мына бір аңыз-әпсанага ой жүгіртсін.

«Бағзы заманда бір патша өз ханзада ұлына екінші бір араб елі ханының ханшасына құда түсіпті. Ол отыз күн ойынын, қырық түн тойын өткізіп, жасауын беріп, қалыңдықты керуенмен ұзатыпты. Мезгіл көктемгі шақ болса керек, қайтып келе жатканда жолдағы бір ұлксн өзенін қатты тасып кетуіне тап болыпты. Керуенбасы тәжірибесі бар деген сака түйелерді көн басына қанша салғанымен, үлкен сен мұзы көшіп, тулай аққан өзенге беттемей койыпты. Амалсыздан керуен көш кідіреді. Нар түйенін үстіндегі балағанда отырган ханша-қалыңдық пердесін ашып не болғанын сұрастырыпты. Мән-жайды білген соң керуендеңі түйелерді қарап жіберіп:

— Анау алтынши тұрған жас түйені керуеннің алдына салындаршы, өзенге бір түссе сол ғана өтеді. - десе керек.

— Ханның еркетогайы не біледі дейсің, - деп күнкілдеген керуенбасы орында маска еш шарасы жоқ, сол жастау түйені керуеннің басына салса, ол сескенбестен суга түсіп, көшті бастайды. Сонынан басқа түйелер де еріп, қарсы жағалауга өткен соң ханзада қалыңдықтан:

— Сен ол түйенің өзенге корықпай түсетінін қайдан білдін? – деп сұрапты. Сонда қалыңдық:

— 99 мың ғаламда жаратылған кандай да болсын тіршілік иелерінде анасына тарғайтыны болмайды. Біздің арабтардың өмірі мен тұрмыс-тіршілігі түйе малына тығыз байланысты. Мен бұл түйенің енесін білуші едім, батыл, жүректі мал болатын. Суға бір түссе осы түсер дегенім сол, - деп жауап беріпті. Ойланып қалған ханзада керуенде түнгө сол жерге қондыруды бұйырыпты. Ертеңіне жолға камданған шағында керуенбасын шакырып алыпты да:

— Керуениң басын кері бұр. Ханшаны барлық жасауымен апарып еліне жеткіз, қайтадан ханының қолына тапсыр, - деп бұйырыпты. Қаннен калерсіз отырган ханша көштің басы кері бұрылғанын көргеннен кейін себебін сұрамай ма?! Сонда ханзада:

— 99 мың ғаламда жаратылған тіршілік иелерінде анасына

тартпайтыны болмайды деп өзің айттын және дәлелдедін. Ендеше ел сенің шешенің жас кезінде женіл жүрісті деген атагы шықкан әйел екенін айтады. Сенің де шешене тартпаганыңа кім кепіл? Сондықтан да осындай берік шешімге келдім, - деп керуенді тастап аттанып кетіпти».

Міне, бұл да болса, Қарқабат А纳мыз бен оның Кербиесіне байланысты оқиғасының негізі теренде жатқанына бір дәлел. Қазакстанның тұпкір-тұпкірінен ат косатын аламан бәйгелерде шабандоз бала Қарқабат А纳мыздың атын ұран шақырып мәреден шауып өтіп жатса, несі айып, несі шам!? Оның орнына ауылдының атын айтады, бұл да болса аруакты былай қойғанда, ата салтымызды білмей макұрым қалып бара жатқыныздың белгісі.

Ал осындай көріпкелдік дана қасиетке ие Қарабаттай А纳мыздың тұбі күн еді деушілердің парықсыздығына жүректі ауыртып қайтеміз, надандығына қарнымыз ашады. 25 болыс болған кабыргалы Қарекесектен бір кезде надан атаған тобыктысын асырғысы келген С. Кенжекараұлы «Дадан Тобықты (Өмір) шежіресінде» (2002) атакты Дайырқожаны атауды тастап кеткені былай тұрсын, Болатқожаны Құннен (Қарқабат) туған деп ерекшелей көрсетеді. Қенгірбай би мүйіздеуінен қаңғып Шыңғыстаудан ауганында, тұяқ тірер жер таппай Балқаштың шөліне қамалған Дадан Тобықтыны бауырына басқан Қарекесектерге айтқан алғысының түрі осы. Өздерін қойши, бүкіл тобыктыға сөз келер дегенді ойлай алмаган санасыздар айтқыш, білгіш, жазғыш болып кетті. Иә, Шерхан айтқандай «бір кем дүние». Есім-сойынмен кітап шығардың ба, алған дерегінді айтқан-жазған адам аты-жөнін келтір де дәлелде. Болмайды екен, «анау айтты деген» алжыған шалдардың лакпа сөзі қажет емес. Сөздің киесі бар, Қарқабаттай А纳мызды күн еді деп ағат айтушыларға бар карғыс-лағынетіміз бағыттамай-ақ қоялық. Эйтпесе, аруакка тапсырсак, бар пәле-жала қате айттып-жазған адамның өзін табар. Ел арасында «Көшкіннің карғысынан сакта» деген бір сөз болуын еді...

Арнайы білімі болмаса да тарихшы-өлкетанушы немесе шежіреші болғандардың көбісі осы бір кемсітушіліктен тұган ағат сөзді бірінен соң бірі ауыздарына түкіріп койғандай кайталайды. Ал басқалар өз тума ру-аталары туралы шежіре мен мақалаларда осы сөзге намысттанбак тұрсын, елеусіз етіп жазбай кетуді де білмейтініне тан қаласың. Олардың бәрінің тілге тиек ететіні қыргыздың Жұнді руынан Шоже ақын Қарекесек ақындарымен айтыска түскенінде олардың мысын басу үшін айтатын екі ауыз өлеңі. Ол:

«Қарекесек кап-кара құннен туған,

Казбегі би болып бетін жуган», - деп келетін сөзі. Оны бір деректерде Шоже ақын Кемпіrbай ақынмен айтысқанында айтыпты делінеді. (басқа ақын да болуы мүмкін. Ж.С.) Абылай хан қыргыздарды шапқанында Қаз дауысты Қазбек би бабамыз күлдүкка атып келген қыргыздардың бір руынан шықкан сінірі шыққан кедей және екі көзі загип Шоже көбіне көп Қаркаралы төрелерінен шыққан аға сұлтандардың сөзін сөйлеп, жырын жырлады. Оның Алшынбай мен Құнанбайға айткан өлеңі аға сұлтандықтан айырылған Құспек торенін тапсырмасы бойынша айтылған.

Дүрілдеп сөз сөйлейсін, Алшынбай таз,

Өлең айтпай қайтемін дәулетім аз.

Екі сөздін бірінде соқыр дейсін,

Шыныменен жараткан құдай болсан.

Былшылдамай алдымен өз басын жаз.

Жылын - кой, келдін Балта елу тортке,

Бойына картайғанда өсек ертпе.

Құсбектің төрт кара атын парага алған,

Алшынбай не айтады ақыретте?! - деп түйрейді.

Ақын Балтаниң «ит соқыр» деген дөрекі сөздеріне ақын елінің аға сұлтаны болып тұрған Құнанбайдың да бір көзі кем екенін айтып:

Жалғыз соқыр халқына тышсыз болса,

Құтылсаншы мына отырган Құнанбайдан. - деген өлеңі кешегі

кенес кезеңіндегі таптық көзқарасқа сай асыра бағаланып және бұрмалана дәріптеді. Кенес дәуірінде «Шәжені езілген қедей таптың ақыны» деп осы өлеңін онды-солды пайдаланушылар сондыктан да терен мәніне бара бармен. Түбі қыргыз болса да Шәженің төрелердің ортасынан ойып тұрып орын алуды өзі-ак осы сөзімізге дәлел. Сол Құспек төре аға сұлтандықты қайта алу үшін ебін тауып Алшынбайдың бір тойында каракөк сәйгүліктің бір үйірін сыйға тартылты дегенді барша шашарлар аныз етіп айтады.

Мейрамсөпіның бәйбішесі Нұрпая Кіші жүздің қызы еді деген ел жадында сақталғандықтан айтылып келді және жазылып жүр. Нұрпаяның шешесі қайтыс болып кеткен екен. Ол ұзатылғанда оны тұган женгесі Айнамкөз бен Қарқабат атты немере сінлісі ұзатып салуга бірге ере келген. Бұл дегеніміз қазіргіше алғанда – қалыңдықпен бірге келетін және тойда отыратын қыз жолдас. Олар елге қайтқанша ел басына жаугершілік заман туып, ауылдарын жау шауып ерек кіндіктің бәрін қырып кеткені, ағасының жау қолында қаза тапқаны туралы да хабар жетеді. Содан бұлар ізделмей қалып, еліне қайта алмай қалса керек. Сол көне дәуірдегі ескіден жеткен аныздарда Нұрпая бәйбіше «Ағамның төсі тиген женгемді ешкімге де қимаймын және кор қыла алмаймын» деп Мейрамсопы бабамызға озі алып берген деседі.

Осы тараудың басында Алаш көсемі Ә. Бекейханның «Осы жанжалда Болатқожа Мейрамның кейінгі әйеліне еріп келген Шұбыртпалымен бірге ағаларынан кесек атып корғанады» деген сөзін көлтірдік. Осы кейінгі әйелі деп отырғаны - Нұрпая бәйбішенің ұзатып салуга келген женгесі Айнамкөз. Жазушы Софы Сматасев өзінің «Мейрамсопы-Қарқабат» (Алматы, 2010) аталағын сыр-дастанында Нұрпаяның әкесін Құдысбай карт деп атайды да, ал женгесінің атын Нұржамал деп береді. Айнамкөз емес, бұл есімді жазушы неге сүйеніп алғаны белгісіз. Эрине, көркем шығарма болған соң кейіпкерінің атын қалай атау автордың өз еркі. Алайда барша Қарекесек рулары аныздарында,

шежірелерінде Айнамкөз аталағы жүрсе де неғе өзретіліп алғаны белгісіз. Э. Бекейханның «еріп келген бала» деп көрсетуінде негіз жоқ емес. Ал шежірелік аңыз-әпсанаlardа Шұбыртпалы аталаған бала Айнамкөздің ішінде келген дегенді дәйектейді. Яғни, Нұрпаяны ұзата келген сапарында Айнамкөз екікабат келген де, жаугершілік күн туын еліне қайта алмай қалғанда Мейрамсопы ауылында босанған. Элекеннің «еріп келген бала» деп отырғаны осы – Шұбыртпалы.

Садык Смағұлов деген автор өзінің «Abai.kztergi» «Сынпатайдың олімі» атты мақаласында бұларды кожалардан шыккан қыздар еді дегенді айтады. «Аргынның Мейрамсопы батыры Түркістандық кожалардан қызы алғаны белгілі. Нұрпая қызды шыгарып салуға женгесі Айнамкөз, қайын сіңлісі Қарқабат ере келеді. Сол жылы Арқа қызы ерте түсіп қалып жауған қар, мамыр айына дейін астынан еріп, мұртын бұзбай жатып алады. Көктем шыға қалтақ-қазақ согысы басталып батыр жорыққа аттанып кетеді. Соғыстан аман есеп келген батырга үш мұндық өзара келісе келе Қарқабатты Мейрамсопыға қосады. Қызға бергісіз сұлу женгесі Айнамкөзді де Нұрпая үтітеп «үшеуміз бір жерде болайық» деп Мейрамсопының кондіріп, үшінші үш отау болып отырады. Қарқабаттан Болаткожа (Қаракесек) туын шешесінің аты Қаракесектің ұранына айналады» деп жазуы да сөзімізді дәлелдей түседі. Эрине «Түркістандық кожалардан қызы алғаны» деген пікір дәлелдеуді қажет ететіні анық. Бұл тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта өздерін барынша «тектіміз, аксүйекпіз» дегенді дәлелдегісі келіп жүрген кожалар әuletінің шыгарған бір жорамалы да болуы мүмкін. Бірак барша Қаракесек тайпасының аксақалдарынан жеткен сөзде «Нұрпая мен Қарқабат анамызды Кіші жүздің қыздары еді» дегенге ден кояды. Ал қожаның қыздары дегенде де бір сөздің ұшығы болуы да керек. Мүмкін Айнамкөз женгесі қожаның қызы шыгар, оны Аллатагаладан басқа ешкім де білмейді. Жазба жадігерлік колжазба, бұрынғы шежірлер мен жылнамалардан нақты дерек келтіре алмаған соң, олардың да, менің де айтқаным бос сөз болып шығуы кәдік. Мәселе Қарқабат

анамыздың кай нәсіл, кай тайпадан шыққанында емес. Бірак әркім өзіне тартып, оз білік-танымының деңгейінде айтып-жаза беруіне де болмайды. Одан есімі ұранга айналған анамыздың абырай-беделі түсіп қалмақ емес.

Мейрамсоны бабамыздың Қарқабат А纳мызды алуы туралы да аныз-әпсана жетерлік. «Ұлы сөзде ұятық жок» дегенге сайсақ, соның бір парасы - Қарқабат А纳мыздың дәретке отыруына байланысты айтылып келеді. Бәрінде де шешеміз түзге отырганда дәреті тон жерді қарс айырып кетеді екен. Оны корген Нұрпая бәйбіше мен женгесі таң қалатын болышты. Ақыры ақылдаса келіп: «Қой, бұл Қарқабат жақсы тұқымның қызы еді ғой. Тағдыр айдал бір жерге келген ұшеуміз бірге болайық. Мынаның жатырынан бір тайпа ел тарайын деп тұр-ау осы» деп оны да Мейрамсопы қосады. Ақиқаты сол - А纳мыз Нұрпая бәйбіше ұзатылып келгенде Қарқабат күн болып келмеген. Керісінше Мейрамсопы бабамызға балдыз, Арғын еліне құдаша болып келеді. Артында Каракесектей бір тайпа ел қалдырып, аты ұранға айналған адамды күн болған деу ақылға сия ма?! Құлдан құл туады, ал тексізден ісілмас туатынын айтып жату артық болар. Ал Шәже ақынның күннен тұған дегенінің де өзіндік мәні бар. Ол көбіне көп Каракесектегі Қамбар мен Жалықпас руласына байланысты айтылады. Қамбар жаудан колға түсіп күн болып жүрген қалмак қыздан тараган десе, Жалықпас та жаудан олжага түскен тұтқын баладан тараган деседі. Біз Мейрамсопы бабамыздың эйелдері мен олардан тараган үрпакты таратып жазбаймыз және ол біздің осы кітапты жазудағы мішдетімізге жатпайды. Болатқожаның Каракесек атануы мен Қарқабат А纳мыз туралы айтылатын аныз-әпсаналар толып жатыр. Олардың ішінде бізді кемсітетін пигылда айтылатындары да бар, оның бәрін тәспіштен жатсақ, әнгіме ұзаққа кетеді. Сонымен әзірше осы жазғанымызben токтаттық. Сөз сонында жалғыз айттарымыз сол: барша қарakesектер тұратын елді-мекендер мен аудандарда аты ұранға айналған Қарқабат А纳мыздың атына қойылған не бір көше немесе ескерткіш белгінің жоқтығы ғана өкінішті. Куандықтың кей аталары тарихта

бары-жогы белгісіз барымташы бір адамын батыр етіп көрсетіп, астына ат мінгізіп, қолына наиза ұстасып еңселі ескерткіш те қойып, ас берे тойлады. Жарар, олардікін «азған ұрпақ атасымен мактанды» дегенде сыйып жібергенімізбен, Карқабат Анамыздың ұлықтанбауы сүйекке таңба және тайпалық елдігімізге сын!

### III тарау

#### **ЕРКІНДІК АҢСАҒАН ҚАЙРАН ЕЛ**

Қалың Қаракесектің Ақша-Майқы тармағынан тарайтын Элтеке – Сарым руларының Сарыарқаның ең биік тауы болып саналатын Қызыларайды бетке алып, Токырауын мен Талды Нұра бойына келін тұрактыв орналасуы, тарихи тұргыдан алғанда әйгілі «Актабан шұбырынды, Алқакол сұлама» оқиғасынан кейін болған. Бұқыл Орта жүз Арғын осы жонғар шапқыншылығынан кейін Сыр бойынан ауганда Сарыарқаны бетке алғаны тарихи шындық. Қалың Қаракесеккен және өз аталас туысы Элтекемен бірге Сарымның Тоқсанының ұрпактары Шет ауданы жеріне тұрактаған, олар «Ой Сарымы» атанса, Өтеміс ұрпактары Ақтогайға, Токырауын өзені бойына қоныс тебеді. Бұлар Қызыларай тауына байланысты жер ынғайына орай сыртқы ел арасында «Қыр Сарымдары» аталып кеткен.

Содан бері бұл олkenі жайлаган қалың жүрттың Жер-Анасы – Ақтогай, Су-Анасы – Токырауын, Тау-Анасы – Қызыларай, Бегазы, Бектауата болып кетті. Ақтогай – бұл өңірдегі қазіргі аудан орталығы тұрган жердің ежелден бері келе жатқан атауы. Ал бұрынғы әкімшілік тұргыдағы ел атаулары бойынша бір кезде Токырауын болыстығы, Қоңырат ауданы болып аталған кезеңдері де болған. Токырауының бойы боса-болмаса да қалың жынысты тал-тогайға толы, ал өткен ғасыр басында Ақтогай кенті орналасқан Шатырша тауының баурайы аппак ақ қайынды орман болған деседі. Оған күмandanатындар болса, «Жамшы» елді мекеніне бара жатқан жолдағы алыстан өте сұлу шокы болып көрінетін Жалпаккайың аталатын биік таудың баурайында жайқала өскен ақ қайындарды мысалға алар едік. Сондыктan аудан мен оның орталығының Ақтогай деген үғымда аталуына қандай да болсын географиялық, лингвистикалық, топонимикалық талдау жасап жату артық. Баршаға белгілі жайтты құр білгішсініп кайталай беру ешкімге де абырой әпремесі анық.

Тура осы жерде арнайы токталып айта кететін күрделі мәселе бар. Ол – Токырауын өзенінің аталауына байланысты. Әзірше тарихи-этнографиялық тұргыдан біз білетін үш түрлі болжам бар. Өларды ономастикағының географиялық жер-су аттарының койылу тарихын зерттеп-зарделейтін топономика саласы бойынша қарастырып көрелік.

Бірінші. Барша казак халқының басына зұлмат болып төнген «Актабан шұбырынды, Алқакол сұлама» оқиғасынан кейін Сыр бойындагы ата-мекенін тастан шықкан жұрттың шеті осы өзенге жетіп токтаган. Соңан соң шұбырган ел көшін осы өзенте келіп дөғарған соң, «Болды, осымен токырадық, токтадық» деп, келіп орналасқан өзенді басында «Токырау, кейіш Тоқырауын атап кеткен екен» деген болжау сөзді бұрындары ел аксақалдарынан жіңі естітін едік. Немесе «олар ері карай кайда баарына жол таппай, бұл жерде тұрактап қалуға не болмаса көшерін білмей дағдаруға мәжбүр болғандықтан, яғни, токырауга түскендіктен де осылай аталды» деген сипаттагы нұскада да айтылатын еді. «Қазак тілінің түсіндірме сөздігінде» тоқырау сөзіне екі түрлі түсініктеме берілген (Алматы, 2008 ж. 808-бет).

1. Сәл кідіру, токтау, бәсенсү, бөгелу.

2. Өнеркәсіп орындарының өнім, табыс бермей дағдарысқа ұшырауы. Ендеше ұлттық тіл білімі ғылымында осы айтылған тоқтау, бөгелу мен дағдарыс ұғымдарының Тоқырауын өзенінің осылай аталауын кетуіне себеп болды деген жоғарыдағы болжамнан алыс түсіп жатқан жоқ. Шынында халық ұғымында тоқырайтын не өзі? Біздін білуімізше, құғынға түсіп, жана өріс таппаған көш тоқырайды, шабуылға шығудың жолын таппаған әскери қол тоқырайды, жаңа арна таппаған ағын су тоқырайды. Атақты Ақтамберді жырау өзінің бір толғауында:

Кекорай шалғын кек майса,  
Сырдың бойын жайладық,  
Жетісу, Балқаш, Ұлытау,  
Сауық құрып тойладық,  
Сұмырайға күтпес сұмдықты

Тіледік қашан, ойладық!  
Көшіп, босып коныстан  
Қанжығаға саптаяқ  
Қалайша бүгін байладық?  
Үдере көшіп конған жер  
Тоқырауын, Жамши кеп.  
Сарысу мен Атасу  
Бермекпіз кімге алшы деп?!

Ертістің ұзын бойына  
Шакырып едік біз қашан,  
Осыған корған салшы деп,

- дегенде жұртынан көшіп, босқындыққа ұшыраган елдің жай-күйін тарихи шындыққа сай бейнелеген. XVII ғасырда, егер накты айтсак 1675-1768 жылдары казак тарихындағы аласапыран кезенде өмір сүрген Актанбердінің «дүшпеннан корген корлығым, сары су болды жүрекке. Он жетіде құрсанып, қылыш ыңдім білекке. Жауға қарай аттандым, жеткіз деп, құдай, тілекке» деп, өзі айтқандай, он жеті жасында ақ қолына кару алып, ел корғауга аттанған батыр екені тарихтан мәлім. Ендеше осы толғауда айтылатын «Тоқырауын», «Жәмші» жер атаулары сонау XVII ғасырдан, яғни одан да бұрын бар деген сөз.

Егерде географиялық жер бедеріне сай карасақ, Каракесектің Сарыарканың осы өніріне орналасқан ру-atalары Қызыларай тау сілемдерінің шығыс-солтүстік жағынан әрі қарай аспаған. Ол шамамен алғанда Тоқырауын арнасынан ең әрі кеткенде 100 шақырым гана жер. Одан әрі қарай Қазан төңкерісіне дейін «Қотанабұлақ», «Төлеңгіг» болыстықтары атанған тобықтылар мен төре-төленгіт және басқаларынын жері кетеді. Ал өзен-су атауларымен байланысты алсақ, үлкен арналы Тоқырауынның екі жак қабагы, оған шығыс пен солтүстік тараптан келіп құттын Қаратал, Қасабай, Жінішке, Кусақ, Каршығалы. Актайлақ секілді орташа өзендер мен сай-салалардан келетін шағын өзеншелер жатады. Олар ел арасында еспе деп те аталады, мысалы, «Ақтұмсық еспесі», «Ахмет еспесі» «Шұбарөзек еспесі»,

«Сарыөзек еспесі» деп келеді. Бұл өзен-сулардың кейін әкімшілік басқару орындары болған колхоз, совхоздардың құрылудына немесе басқа да себептермен аттары өзгеріске түскендері де жоқ емес. Мысалы, аудан оргалығының дәл желкесінде Тоқырауын өзені екіге айырылып барып қайта қосылады. Соның бірі Дадан Тобыкты-Шака Қараменде бабамыз жерленген соң ел ішінде «Қараменде айырығы» деп аталды да, оған келіп қосылатын орташа өзен картада Қараменде өзені болып белгіленіп кетті. Ал оның алғашқы тарихи атауы казір ел жадынан мұлде ұмытылды.

Эрине, ел аузындағы аңыз-әпсана нақты тарихи жазба дерек болып табылмайды. Ш.Уәлиханов айтқандай, «Аңыздың бәрі тарих емес». Бірақ олар ақиқаттың ауылышынан да алыс жаткан да жоқ. Себебі, Арғын ішіндегі «Жеті момынның» біріне жататын Тобыкты руы Сырдан ауган соң Батыс Қазақстандағы Үргыз, Кенгір өзендері бойынан қоныс таптай Орга барып, одан қалып Найман-Матайды ығыстырып карт Шыңғыстаудан әрен дегендे қоныс тапқан. Оған атакты ақын Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» дастанындағы:

Арғындар сол көшкеннен көше берді,  
Батырлары жер шалып, қоныс көрді.  
Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы,  
Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді.  
Орнығып қалып Арғын сонда қалды,  
«Жеті момын» олардан өте салды.  
Ор, Елек, Ойыл, Қыл қыстамак боп,  
Жаз жайлайға Мұғаджар тауын алды...

- деп келетін өлең жолдары нақты дәлел. Ад Тобыктыдан басқа осы «Жеті момынға» жататын Атығай-Қарауыл, Қанжығалы және Бәсентиіннің үш атасының казіргі Қазақстанда кай жерлерді мекендей жатқанын шежіреден хабары бар адамга айтып жату артық. Ендеше Тоқырауын өзенінің топономикалық тұрғыдағы аталаудың қазақтың ауызша тарихнамасындағы осы бір деректі жоққа шыгаруға болmas.

Мәшіһүр Жұсіп Қөпейұлының «Арғын-Тобыкты шежіресінде»

жазылған: «Тобықтыны Өрдін (Ордын) қара ағашынан осы жерге шейін бастап келген Мамай батыр еді. Қанжығалы абыз Шомақ Боктыбайдың жасауын ұрлап алатұғын осы мырза. Мамайдың үрлагандығы айқындалғаннан кейін, Арғын ортасында тұра алмай, өзіне ерген Тобықтыны ертіп алып, Найманға ауып кеткен. Боктыбайдың жасауын үрлагандықтан, бұл жақтағы қалың Арғынға жексүрын болғандықтан, Еңлік, Кебек те бұл жакка беттей алмай жатқандығы – сол». Бұл - бір. (Қараныз: edq.kz/2017/11/03/арғын-тобықты).

Екінші. Тоталитарлық-әкімшілік жүйеге негізделген кенес дәүірінде коммунистік идеология ұлт тарихына тамыр тартатын кез-келген аңыз-әпсаналық деректерді жокқа шыгаруға ұмтылғаны жалған емес. Бұқіл рулас-аталасына камкор болған байлар атаулыны «кәмпескелеп жер аударған» қызылкөз белсенділер «батыр» аталып дәріптелген заманда Тоқырауын өзенінің аталуына байланысты жоғарыдағы айтылатын даланың ауызша тарихнамасының деректері бұрмаланып кеткен деуге толық негіз бар. Соның салдарынан өзен атауына байланысты екінші бір нұсқа пайда болды. Оған - Тоқырауынның Балқаш көліне жетіп тікелей құймай, жақындаған барып 20 шақырымнан астам жерден құмға сіңіп, оған жер асты арқылы барып қосылуы себеп. Ол мекен кейінгे дейін Сага деп аталып келді. «Сага» сөзі үлкен өзендердің теңіз-көлге барып қосылатын жеріне байланысты ғана қолданылатыны әлімсақтан белгілі. Жоғарыда «жана арна талпаган ағын су тоқырайды» деп отырғанымыздың өзі де осыдын. Бірақ Тоқырауын бойына орналасып, Бектауата тауына дейін жайлаган ел оның сағасына барып құмға сінгенін көріп барып кана өзенге ат берді деп жату мүлде ерсі. Тегі ол осы кенес дәүірінде шығып, ел арасына тарап кеткен бір болжаяу сез болар дегенге сенгіміз келеді. Бұл жорамалды айтушылар Балқаш бойына кейін келіп орналаскан Дадан Тобықтының аксақал-карасақалдары болар. Себебі, бұл ел «Ақтабан шұбырынды. Алқакол сұлама» оқиғасы кезінде, одан біраз кейінде де Тоқырауын-Балқаш бойына табан тіреген жоқ. Жеке болыстыкка

қолы жетіп, Актоғайдың ақ бидайына тойынған соң Тобықтының аузы дуалы бір шалының «жер - біздік» дегенді дәлелдеу мақсатында ділмарсып айтқан жорамалы ел арасына тарап кетсе керек.

Сондыктан да қалай дегенмен де Тоқырауын өзенінің тілдік магынадағы гидротопонимикалық тұрғыда аталаудың жоғарыда ел-жүрт көшінің келіп тоқтаудың байланысты айтылған бірінші нұсканың тарихи гана емес, этнографиялық, этнотопонимикалық негізі бар дегенге ден коятынымызды жасыра алмаймыз.

Үшінші. Фасырлар бойы азаттық үшін болған қанды құрес барысында сан мындаған құрбандықтарға бара отырып қол жеткізген тәуелсіздігіміз орнаган соң, құлдық санада сілкініс туып, ел-жер тарихына жаңаша көзқараста қарай бастадық. Тарихымызды ұлттық мұдле тұрғысынан қаруға мүмкіндік алып, өшкенімізді жандырып, өлгенімізді тірілте бастадық. Ол үшін Кек Тәңіріне мың да бір алғыс! Алайда ата-бабасын қадірлеп, халық тарихындағы өз орнын алып беруге ұмтылған жаңашыл қадамдар кейір «пысықайлардың» атак шығаруға деген пендешілік пигылдарын тудырды. «Атасының атын – ауылға, көкесінің атын - көшеге» қойдырган ақшалылар біршама келенсіздіктерге бой алдырды да, халық тарапынан наразылық тудырыл, сынға ұшырады. Қазір бүкіл қазакта «арқалы ақыны, қамал бұзған батыры, дауга тұспеген шешені» жоқ рулар калмай бара жатқаны да жасырын емес. «Азған ұрпак атасымен мактанаң» дегендей, ондайлар келсін-келмесін ел-жер тарихына өз руластарының аты-жөні белгісіз немесе үқсас есімдерін келсін-келмесін тықпалауда.

Бұның өзі – айтылып отырган ойдың өзегі болып тұрған Тоқырауын өзенінің атына байланысты. Оның себебі: Балқаштың шығысын жайлаган Жалайыр елінде Тоқырау деген батыр болыпты-мыс. Сол Жалайыр бір кезде осы Сарыарқаны жайлапты-мыс. Тоқырауын өзені сол батырының атымен қалығты-мыс. Ол бір шал айтқан кейінгі кезде жазылған шежіреде жарияланыпты-мыс.

Ал, ендеши, саган керек болса!? Егерде бүкіл Арғын жиылып

Сібірдегі Аргун өзені бойына барып, бабамызга ескерткіш койып, ас беріп жатсақ (онымыз тарихи тұрғыда дәлелді дс болар еді), барша әлемге құлқі боларымыз анық. Бірақ, казірдегі казак оргасында ата-бабасымен мактану үдеріске айналып ортырған кезде, «аузы қисық болса да бай баласы сойлең кететіндікке» кайран қалмасқа болмас. Егер Жалайырдан шықкан бір атак шыгарғыш ақшалы «дангой» ертен келіп Токырауын бойына «Бабамның жері» деп ескерткіш койып жатса, таң қалмаңыз.

Рас, көшпелі қазак жұртында бұл өнір мен өзенді кім қоныс етпеді дейсіз. Ол түгілі түрікпен мен қалмак та жайлаган. Бір кезде Жалайырларға да мекен болған шыгар, оның Токырау деген батыры да болған шыгар. Бірақ, бабаларының жерленген бейті қайсы екенін көрсете алмаса, бәрі «анау айтыптыдан» аспайтын бос сөз боп қалары анық. Батырдың бәрі Қаракесектің Куандықтың Сармантай-Мұратымен шекарасында жаткан Сарым-Құлық Жалантөс батыр емес қой. Оның атын да сол жердегі өзенге койып атамай, «Соқыр» өзені деп кеткен. «Соқырдың» не себептен осылай аталғанын байланысты тарихи оқиғага негізделген аңызды ешкім де жокка шыгара алмайды. Себебі, тіл білімі ғылымы гидротопонимика саласында өзенсу атауларын адам атымен атаяу өте сирек, ал кейбір жерлерде мұлде кездеспейді десе де болатыны ғылыми дәлелденген. Гидротопонимикалық атаулар көбінесе сол өзен-судың белгілі бір касиетіне, ерекшелігіне байланысты берілетініне талай мысал келтіруге болады.

Әрине, ашығын айтқанда, бұл үш болжау-жорамалдың үшеуі де даулы мәселе. Оларды барлық Сарымдар - өзінше, Дадан Тобыктылар - өзінше, ал Жалайырлар өз бетінше колдана беруіне болады. Одан біздің елге де, оларға да келін жатқан пайда да, зиян да жок. Тек «катасымен мақтанатындар» үшін кеуде қағар сөзінің сыралғысы үшін гана керек. Біз тек ел-жер тарихын білсем деушілерге дерек беру мақсатында жазып отырмыз және өз пікірмізді де ашық айттық.

Қаракесектің Әлтеке-Сарым рулары бірден осы Ақтогай

өлкесі. Тоқырауын бойындағы жерге бірден келіп орналасты десек, қателескен болар едік. Бұл турасында екі түрлі жорамал бар. Біріншісі - көнекөз қариялардан ел аузында қалған әпсана-аңыз. Ақтогай тумасы Құтжанов Ғазиз бұл туралы мынандай дерек келтіреді: «ХVIII ғасырдағы «Актабан шұбырынды, Алқакөл-Сұлама» атанған ел басына күн туған кезде Сыр бойынан ауган Аргын-Каракесек руларымен катар Сарымның Құлсары-Кошкін руы ауылдары Нұра бойына келіп қоныстанған болуы керек. Ол - қазіргі Нұра ауданы, кешегі кенес кезеңінде «Шахтер», «Урожайный», «Энтизуасский», «Путь Ленина» совхозы болып жерлер. Ел осіп, мал қебейіп, жылтық-койга жайылым тарыла бастаған соң қалын Қуандық жуан жұдырықтығын жасап, Нұра өзені бойындағы жерден ығыстырып шығарғанымен, жауынгер Каракесектігіне басып бүкіл Сарым елі, оның ішінде Құлсары-Кошкін және Құлық руы үрпақтары Сокыр өзені бойын, қазіргі Саран қаласы маңын жайлauғa ұстал қалған» (Бұл туралы толық білгініз келсе, 2005 жылы жарық көрген «Тағылымға тағым» атты еңбегімді қарап корініз). Содан бүкіл Сарым рулары біртіндеп ел танып, жер алып, қоныс ауыстара келіп Тоқырауын бойына қоныстанып, Ақтогай өнірінің көп жерін жайлаган. Бұған тағы да Шәкәрім ақынның «Есіл, Нұра, Сарысу, Қарқаралы Шалқар көл, Ұлытаудан алды жерді» деген өлең жолдарын мысылға келтірсек те болады.

Ал екінші жорамалды алсақ, атакты ғалым Эл-Машани мен Төкін Ақышев өздерінің «Қазактың тас-қола дәуірі мирастары» (Алматы, 1996) еңбегінде: «Болатқожа, Ақша – Түйтө тұқымдары 1760 жылдары Қазбек би, Жидебай, Жарылғап батырлар бабалары Қаратай-Сыр бойындағы ежелгі қоныстарын тастан, Орталак Қазакстандағы Солтүстік Балқаш өніріне, қазіргі Ақтогай – Қарқаралы – Абыралы – Баянауыл жерлеріне қоныстанған», - деп жазады. Реті келгенде айта кетейік, Ақжан әл-Машани Қаракесек-Сарым-Кошкін руының бір атасы Орысбайға жиен болып келеді. Ендеше ғұлама ғалымның өз нағашыларының тарихына бей-жай қарамаганы анық.

Біз осы екі жорамалдың бірін қолдал, екіншісін терістеуден аулакпыш. Алайда аныз-әнисана тарихи тұргыда алғандағы шындыққа жақын. Себебі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы 1723-29 жылдары өтті. «1723 жылы көктемде Жонгар шапқыншылары қазактың оңтүстік-шығыс аудандарына басып кіріп, Талас өзенінің алабына дейін жетті» (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 1 том). Егер қазіргі Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жері жау аягының астында қалған болса, онда Аргын руларының Шу өзенін бойлай Балқаш арқылы Ақмола, Қарағанды, Баянауыл, Қарқаралы төңірегіне жетуі еш мүмкін емес. Ал босқынга ұшыраган ел Беттақдала арқылы өтті деу ақылға сыймайды. «Боскан халықтың жағдай тым ауыр болды. Жұрт жолшыбай шөптің тамырын, жаужұмыр, алғыр, козықұйрық, кайыңның қабығын жеп күнелтті. Әйелдер, балалар мен қаріттар ауыр жолдың азабына шыдай алмай, аштан қырылды. Ш. Ұәлихановтың жазуы бойынша, бұл қазақ халқының өміріндегі ауыр кезең болды. Жонгарлар, Еділ қалмактары, Жайық казакорыстары, башқұрғгар тұс-тұстан қазақ ұлыстарын талқандады, малын айдал әкетті, құл-қүнделікке тұтқыннады, ел қыстын сұғы мен жұт, аштықтан құйзеліске түсті» (Сонда, 220-бет).

Қазақстанның географиялық картасына кез салсаныз, біздін оймызыша, Аргын рулары Сыр бойындағы Шиелі ауданының тұсынан Сырдарияға барып қосылатын Сарысу өзенін өрлей келіп, Орталық Қазақстан жеріне жеткен. Шапқыншылықтан қашкан жұрттың ішінен Кіші жұздің Тама, Жагайбайлы руларының кейбір аталарының және Аргын-Куандықтың бірер руларының Жанаарқа ауданы жері мекендеп қалғаны соны дәлелдесе керек. Олай болса F. Құтжановтың келтірген дерегіндегі Сарым-Әлтеке руының алғашқыда үлкен Нұра өзені бойына, яғни осы ауданындағы аталған жерлерге келіп орын тебуі әбден ықтимал.

Кіші жұз сұлтаны Әбілқайыр бастап Ресейге отар болуымыздың алғашқы басталуын ресми түрде 1731-32 жылдар деп жүргенімізben, жонгарлардың шапқыншылығының 1742-43 жылдарға дейін жалғасқаныны тарихи шындық. 1750

жылдардың аяғында орыс отаршылары солтүстік өнірде бекініс салу жұмыстарын шұғыл түрде қолға алғып, казак-орыстар мен қарашекпендердің алғашқы легі бүкіл Қара Ертістің, Қоргалжын-Теніз көлдерінің, Есіл-Нұра өзендерінің бойына коныстану шарасын жоспарлы түрде қарастыра бастады. Арғын рулары солтүстікке қарай жайлауға шыгатын сулы-нұлы жайылым жерлерінен айрыла бастады. Малмен гана күн көрген казак амалсыз жаңа қоныс пен жайлау іздеуге душар болды. Ол келіп басқа тайпаларды былай қойғанда, Арган руларының өз ішінде жер дауын туғызбай қалмады

Жер, ата қоныс, атамекен ұғымдары - казақ жеке ұлт атанып қазақ болғаннан бері онын барша жандуниесі, болмыс-бітімімен біте қайнасып, ажырамас тұтастыққа айналып кеткен қасиетті түсінік. Қөшпелі өмір сүрген дана халықтың дербес тәуелсіздікті сактау қалу, ұлтты ұлықтау, ұрпақ өсіру жолындағы барлық іс-әрекеті де осы атамекен ұғымына тығыз байланысты.

Міне, орыс отаршыларының жергілікті жүргіткіштерден ығыстыра бастауы мен ел арасындағы жер дауы Әлтеке-Сарым руларын Нұра ауданындағы алғаш қоныстанған жерлерінен кетуге мәжбүрлекен. Ендеше тың игеру кезіндегі жаппай жырту салдарынан таілай ата-бабамыздың мolasы бұзылып, сүйектері орыс соқасы мен тракторының астында қалды деген сөз. Шет ауданы жерінде ағатын Талды мен Нұра өзендері Шерубай Нұрага қосылып, ол қазіргі Саран, Шахтинск қалаларының жанынан етіп барып, Шахан қаласының маңында Үлкен Нұрага, яғни халық аузындағы аталуымен айтсақ, Қара Нұрага құяды. Әлтеке-Сарым рулары осы Шерубай Нұраны өрлей жана мекен іздеуге мәжбүр болғанға ұксайды. Әлтеке мен Сарымның Токсанының ұрпағы Нұра, Талды өзендері бойын қоныс етіп, Шет ауданы жеріне токтайды. Ал Сарым-Өтемісінің Боксары, Құлсары-Көшкін, Құлыш аталарының ұрпағы әрі асып, Токырауын өзені ағысын қуалай Бектауатага дейінгі жерге ие болып, ата-мекенге айналдырып ұрпақ таратты.

Олардың Сырдан аууы Әл Машани мен Т.Ақышов айткан

1860 жылға сәйкес келмейді. «Ұлттық Энциклопедияда» «Қазбек би 18 гасырдың 40-жылдары Сыр бойынан Арқаға ауа көшті» деп нақты көрсетілген (5 том, 45-бет). Олай болса Г.Күтжановтың дерегінін негізі жок емес. Ақтогай ауданында тұратын елдің атамекендік тарихын осы кезден, яғни XIII гасырдың орта шенінен бастап зерделеген жөн секілді. Оған Сарым-Өтеміс ұрпағына катысты ен коне дейтін күмбезді мола-бейітердің өзі шамамен осы уақыт кезеңіне аса қоймайтыны тага да дәлел.

Егерде бұл жер иесіз жатыр еді десек, тарихка киянат. Каз дауысты Қазбек билін көрегендік саясатынан Құ. Қарқаралы, Абыралы аудандарының жеріне түпкілікті коныс тепкен Каракесектің кейбір тармагы бұл жакка да қол созған. Тоқырауынның шығыс жак жағалауы, Қызыларай тауынын күнгей баурайы Каракесек Сенкібай би бастаған Қара-Шор, оның ішінде Майлық руының және оларға кірме қыргыздардың иелігінде еді. XX гасырдың I жатысында Сарым Өтеміс ұрпағы оларды біргіндеп Қарқаралыға қарай ығыстырып жіберді. Қазір олардың басым болігі ауданның Қызыларай елді мекенінде ғана тұрып жатыр.

Арғын-Қуандық руы шежіресіндегі деректерде жалғыз Әлтеке-Сарым емес, Каракесектің бірталай ру-аталары Коргалжын-Теніз төнірегіндегі қалың Темеш пен Караганды маңындағы Қара Тока, Қареке-Сармантай руларының арасында қыспакта қалған. Ұзакқа созылған және өте киын жер дауы болса керек. Нұра ауданындағы коныс болған жерді тастал шыққанымен, Әлтеке-Сарымдар жонғарға карсы құрестегі белді батырлары Жидебай мен Жалантостің беделі аркасында Караганды төнірегінен біржола кетпеген. Караганды каласының маңындағы Соқыр өзені мен қазір қаланың дәл ортасында қалғаан Бұқпа өзені - Каракесек Әлтеке-Сарым мен Қуандық Караке-Сармантай-Мұраттың шекарасы. Жайлауга бүкіл қыр Сарымы Тоқырауынды өрлей келіп, Шеттегі Сарым-Тоқсан балаларына косылып. Талды Нұраны бойлай Құлық Жалантос, Әлтеке Жидебай батырлармен бірге Соранга (қазіргі Саран каласы) және

Топар елді мекеніне дейін көшкен. Жалаңтөс батыр бабамыздың мазары Соқыр өзенінің бойында (қазіргі әуежай жанындағы бейіт) тұрғызылуы тегін емес.

Кейін Ресей қасіпкерлері жергілікті байлардан тас қемір, мыс, сирек металл кен орындарына бай жерлерді тым арзанга жалдаға та, сатып алғып та жатты. Осылайша, мыс рудасына бай Нілді шатқалы Байзаков деген байдан 86 рубль күміске сатып алынды. 1859 жылы Н. Ушаков Қарағандының бас шатқалындағы тас қемір кен орнын Игілік Отепов деген байдан 255 рубль күміске, сонымен бірге Сарань кен орнын 114 рубльге сатып алды. Бұл - F.Мұсіраповтің «Оянған өлке» романында суреттегетін Қареке-Мұрат руының Игілік байы. Тас қемір кен орны - қазіргі Майқұдық қемір шахталары. 100 кв. км ауданды Қарағанды пайдалы қазбаларды қазу жөпіндегі компанияның жеке менилігіне өтті де, жергілікті рулар және Әлтеке-Сарымдар бұл жерлердегі ежелден қолданып келе жатқан жайлауынан айрылып қалды.

Ел ішінде жер дауы болмай тұрмайды. Сонда ата-бабаның, атакты адамдардың бейітін көрсетіп дәлелдеу қажет болған. Мысалы, Қаракесектердің дәл осы Қара Нұраның бойын тастап шығуына байланысты бір оқиганы айта кетелік. Қаракесек Шаншардың ішінде «Мола бұзған Сәдібек» деп аталатын ру атасы бар. Нұра өзені бойындағы бір жерге Қуандықтың Тока руымен арада үлкен дау болады. Шаншар-Сәдібектер Токалардың бір жерін:

— Ақыры бос жатыр гой, біз жайлай тұралық, - деп қолка салып өтініп, сұрап алышты. Арада оншакты жыл өткен сон олар:

— Ал, ағайын, мал-басымыз өсті, жерді қайтар, енді басқа өріс ізде, - деген талап қойса керек. Сонда Сәдібектер:

— Қайдағы жер? Біз бұнда Сыр бойынан келгеннен бері мекен етіл тұрып жатырмыз. Өз жерімізде отырмыз, - деп жеңістік бермегіті. Даушылар:

— Құдай куә, ел-жұрт куә, жер біздікі. Дау-шарға салатын болсандар, оған дәлелге осы жерде қайтыс болған беделді адамымызға салынған моламызды көрсетеміз», - деп белсеніп

шыккан. Қара Нұра бойындағы мал өсіруге қолайлы жерден кайткен күнде де айырылғысы келмеген сәдібектер:

– Онда бір аптадан кейін даугерлерінді ертін келіндер. Мола тұрган жерді көрсетіп, жер иесі екендерінді дәлелдендер. – деген шарт койыпты.

Солтүстік өңірге жайлауға шыгуға қолайлы, жағасы нұшалғанды Қара Нұрадағы жерден айырылғысы келмей қалай да ие болуды мақсат тұтқан Сәдібек руы бір түнде моланы бұзып, кірпішін өзенге ағызып жіберіп, уағдаласқан күні тұра моланың орнына отарлап қой ііріп тастаған. Не моланы корсете алмай, не «аруагымыз қойдың тұяғының астында қалды» дей алмай. Қуандық-Алтай Тоқасы амалсыздан өз жерін дәлелдей алмай мысы құрылғы. Бұның аяғы үлкен дауға ұласып, содан бері ол руга «Мола бұзған Сәдібек» деген ат тағылса керек.

Ел өседі, жұрт жанарады, сонда ұрпақ ауысканда немесе ел жерден ауар жаугершілік, ашаршылық, жұт сияқты әр түрлі жағдайларда барша казак мойындаған атакты адамдардың күмбезделіп салынған бейті елге нұска. жерге меже болған. Әйтпесе Жалантөс батыр Сокыр өзенінің бойына сонау Балқаштан Карагандыға дейінгі жерден жерленетін екі метр орын тағпай келіп жаткан жоқ емес. Мысалы, Қарасек Шаншардың Алишынбай биін жерлейтін Карқаралы мен Қу тауында бейіт салар жер табылмап па?! Мазары тұра Баянауылдың Сүйіндігімен шіскара болып табылатын бұрынғы Бақаев совхозының Құрама бөлімшесіне қатысты «Би басы» деген бұлактың жаңында. Дадан Тобықты Қараменде әулиенін де сонау Балқаш, Бектауата аумагынан жер тағпай, Тоқырауын айырығына келіп жерленуі де бостан бос емес. «Елу жылда ел жанарады, жұз жылда қазан», ұрнақ ауысканда жер дауы болып қалатында болса, «міне, бабамыздың мазары» деп көрсету үшін даулы сөзге дәлел.

Қазан төңкерісінен соңғы аумағында орай кейіннен келіп қосылған кірме ру-атаның шағын өкілдерін айтпағанда, Ақтогай ауданының негізгі жүртілік болып топырақта келіп орналасуының негізгі қысқаша тарихы

осындаи. Ал XV ғасырдан «Ақтабан шұбырындыға» дейінгі тарихы Қаратай баурайы мен Сыр бойында қалды. Оның жалпы нобайын Қазақ хандығы тарихын зерттеген тарихшы, археолог Галымдардың еңбектерімен танысу арқылы білуге болады. Актоғай топырағының көне тарихы Э.Марғұлан, Қ.Ақышев, М.Қадырбаев және тағы басқа да Галымдардың еңбектерінде сөз болады. Әсіресе, Ә.Марғұланның «Бегазы-Дәндібай мәдениеті», зерттеуі мен ұжымдық авторлардың «Орталық Қазакстанның көне мәдениеті» және тағы да басқа еңбектердің түган жердің ежелгі тарихын зерделеуге көмекі мол.

## IV тарау

### **АҚТОҒАЙ ЕЛ-ЖҮРТҮ ЖӘНЕ КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ КӨТЕРІЛІСІ**

Орыс отарындығының басқыншылық саясаты күшіне бастағанда бүкіл қазак халқы сиякты Ақтөгай-Тоқырауынды жайлаган ел-жұрт Абылай, Уәли, Бекей хандықтарын бастаң кешірді. XIX ғасырдың бас кезінде Абылайдан соң Орта жұзді билеген Уәли ханның Ресей мен Қытай арасын бөлмей ұстанған бұлғытак саясаты патша үкіметіне ұнамады. Сондыктan 1815 жылы Орта жұзге Қарқаралыдан карт Бекей екінші хан болып тағайындалды. Бұл басында қазактың ел басшылырының хандық билік жүйесін сақтап калуға жасаган ең соңғы тағызынысы сиякты көрінгенімен, артында патшалық Ресейдің ұлы державалық және отарлаушылық қитұркы саясаты жатты. Басты мақсаттары Қарқаралыда жаңадан оқурға ашып, аға сұлтандық билік жүйесі енгізуудің негізін қалауда болатын. 1817 жылы Бекей хан, 1819 жылы Уәли хан қайтыс болған соң, Ресей Орта жұзге ешкімді хан етіп бекітпеді. Яғни, 1817-24 жылдар аралығында бүкіл ел ресми түрде мүлде хансыз қалды. Жарғы-жарлықпен арнағы түрде хабарлана қоймаса да, қазак даласында хандық билікті жою туралы іс-шараларды жоспарлау жолындағы іс-шаралар үйимдастырыла бастады.

Орта жұздің соңғы хандарының бірі Уәли ханның мұрагерлік ата салты бойынша орнына хан болып сайлануға тиісті ұлы Ғұбайдолла - 1817-1824 жылдар аралығында хандық билікті сақтап калу жолындағы құресті бастаған бірінші тарихи тұлға десе де болады. Көкшетау сыртқы оқурғаннан ашылуына наразы болған осы қарсылыкка онымен катар ашылуға тиісті Қарқаралы оқурған жататын біздің елдің де катысы болғандыктан, аз да болса айта кеткен жөн болмақ. Оның себебі, тарих гылымынан соңғы кезде жарияланып жатқан гылыми еңбектер мамандар болмаса, жалпак жұрттың қолына көп түсे бермейді. Сондыктan да ең

құрығанда өз ел-жүртіның тарихына байланысты деректерді біле жүргені дұрыс деп ойлаймыз. Бірак біз түрлі құжаттардан сілтеме келтіре отырып талдаудан аулақпыш. Мәселенің жалпы мәнін түсіну үшін орыс генерал-майоры С. Броневскийдің Санкт-Петербургтегі шығатын «Отечественные записки» журналының 1850 жылғы №120-122 сандарында жарияланған «Записи о киргиз-кайцаках Средней Орды» аталатын макаласын ғана алдық. Макаланың Ғұбайдолла сұлтанның хандық билікті сақтап қалудагы әрекетінің не себептен қарулы құреске ұласлағанын танытатын тұстары мен Қарқараңыз аймагына қатысты жерлерін ұзак та болса түгел келтіруді құп санадық.

Сонымен орыс отарлаушыларынан қазақ даласын түрлі биліктерге бөлуде ерекше қызмет атқарған генерал-майоры С. Броневский былай деп жазады:

«Орта жұздің соңғы ханы Уәлидің баласы Ғұбайдолла сұлтан Орта жұзде жаңадан орнығып жаткан басқару тәртібіне байланысты Кокшетау сыртқы окургіне ага сұлтаны ретінде сайланды. Осыған орай Омбы басшылығы оның дәрежесін бекітті, ол орыс өкіметіне қызмет етуге ант беріп, осы қызметке ие болды. Алайда осыған қарамастан ол хандыққа сайланудан бас тартпай келеді. Хан болуга оған біз жақтан рұқсат етілмеді. Қытай елінің шені мен атагына масаттанып және қытай тату-таралғыларына қызығып, ол Қытай патша ағзамына адамдарын жұмсал, астырытын келіссөз жүргізуде. Ол қытай билігіне «Мен мұрагәрлік тәртіппен Орта жұздің ханы болым» деп айтатын көрнеді. Қытай өкіметі өзінің ежелден келе жаткан саяси дәстүрі бойынша, 1824 жылы Баянаула таулары арқылы Ғұбайдолла сұлтанмен кездесуге арнайы елшілік жіберді. Кокшетау дуанының орыс шенеуліктері Ғұбайдолла сұлтанның өзінің соңынан ертіп әкету ойымен халықты жинап жүргені туралы біліп, оған бұл іс дұрыс емесін түсіндірді. «Сен бір жола орыс патшасының бодандығына түскен сон, енді шыға алмайсың, әйтпесе Ресей заны бойынша сотка тартыласың» деп Ғұбайдоллаға ескертті. Ресейдің «Сібір қазактарының билік жүйесі туралы Жарғысындағы» талантарға

сәйкес бүкіл Орта жұз Ресейдін қол астына қарадан уақытында енді сенің хандық құрам дегенің занға қайши болады» деп айтылған болатын. Бірақ Ғұбайдолла бұл кеңесімізге құлак қоймай, көзімізден таса болды. Сондықтан біз оның сонынан карулы әскер жіберін іздедік.

Ал Қарқаралы сыртқы окургі тараапынан қытай елшілігіне өтуге рұқсат беріп, олардың межелі кездесетін жеріне әскер жіберілді. Атты казактар дәл уақытында ұлгерді. Сібір линиялық казак әскерінің бастығы сотник Карбышев қытайлармен бірінші болып кездесу жасап, оларга ақыл айтЫП, Ресей қол астына қарайтын қазактар ортасынан хан сайлап, колдау жасаудан бас тартуга көндірді. Қытай елшісі қарсылық білдіріп, өзінің келген мақсаты бойынша Ғұбайдолла ханды қабылдау рәсімін орындағынын айтты. Себебі ол Қытай Императорының жарлығымен жұмсалған көрінеді еken және осы жарлықты іске асырмай қазақ даласынан елге қайтпайтынын айтЫП жатты. Ал сотник Карбышевтің қолында облыс басшылығынан алған тиянакты жазылған нұсқаулары бар еді. Соған сәйкес сотник Карбышев қытай елшісіне «Бұл әрекетіңіз араздық тұғызады және сондай қүшпен сақтап келе жатқан түсіністігімізді бұзасын» деп өз сөзінде айтқан болатын. Қытай елшісі конбей отырып алды. Сол уақытта сотник Карбышев Көкшетау округінен Ғұбайдолла сұлтанның өзінің пікірлес серіктестерімен межелі жерге келе жатканы туралы хабар алЫП, Ғұбайдолла сұлтанды тұтқындауды ойға алЫП, тұн жамылған шакта шабуыл жасал Ғұбайдолланы колға түсірді. Карбышев халық арасынан кек шығатынан корқып Ғұбайдолланы құлық жолмен колға түсірген еді. Сөйтті де карауылға бақылатып отырып Омбы қаласына заң бойынша оның ісін карауга тез аттандырып жіберді. Содан кейін қытай елшілерімен айлакерлік етіп жөнге салды да, бейбіт жаймен тараасты. Оларға сотник Карбышев азық-тұлік жағын камсыздандырып, қазактардың қарақшылық шабуылынан сақтандыру мақсатында әрекет етті. Олар қазактардан сактанатын еді, қасында 300 адам карулы әскері болса да карауыл регінде

біздерден бірнеше казак адамын алдыргып, шекара жаққа шыгарып салуға өтініш етті. Сонымен жиырма бес (25) атты казак оларды шыгарып салып, алты жұз (600) адам әйелдерге үқсаган қытай әскерін 300 шакырымнан астам жерге дейін шыгарып салды. Қытай елшілігі қанағаттанып кеткендігінің дәлелі сол, өздерінің кекшіл мінездеріне қарамастан біздерге ешбір кінә артпады. Және Ғұбайдолла сұлтан оларға екінші мәрте елшілік жібергенде, оны қабылдамай «Ресей қол астына қарагансындар» деген» (75-88 беттер).

Бұл үзінділе Ғұбайдолла сұлтанның Қытай елшілерімен Каркаралы аймагының жерінде кездеспекші болғаны ерекше көніл аударғады. «...Ал Каркаралы сыртқы окурға тарапынан қытай елшілігіне отуге рұқсат беріп, олардың межелі кездесетін жеріне әскер жіберілді» деген пікір тегіннен тегін айттылған. Ендеше Қаркаралының жайлап калып Қаракесек рулатының елбасшылары мен халқы да (оның ішінде біздін Ақтогай слі де бар) Уәли хан баласы Ғұбайдолла сұлтанның хандықты қайта орнату жолындағы күресінентыс қалмаган болып шығады. Эттең, шіркін, оның қандай дәрежеде болғанына коз жеткізу киынның киыны. Сол кезден қалған тарихи құжаттарда аз-маз айтылғанымен, олардың көбісі орыс отаршылдығының мұддесінде және ұлы державалық шовинистік пигылдағы ұлттық кемсітушілік сипатта жазылған. Жергілікті халықты «дикари», «туземцы» деп таныған орыс отаршылары казак халқын «бұратаналар» деп есептеді. Сонымен катар, макалада Сібір линиялық казак әскерінің бастығы сотник Карбышевтің Қытай елшілерімен кездесуді тасталкан жасауы мен Ғұбайдолла сұлтанды тұтқындаудағы ерекше «ерлігі» осыны айқаттайды. Каркаралыға барада жолдағы қазіргі Қоқтас елді мекенінде оның жасағы тұрған жерді сол кездің өзінде-ақ Карбышевтің есімімен атады, ол тіпті кеңес заманында да өзгерген жок.

Қытай елшілерінің Қаркаралы аумагына Кереку жағынан Баянауыт арқылы келгеніне дау жок. Себебі, оларға орыс еркін орын теуіп қалған Қоқшетау, Ақмола төңірегіне сұғынуға мүлде

жол жөк. С.Броневскийдін осы мақаласындагы қытайларды «300 шақырымнан астам жерге шығарып салды» деп жазуы да соны мензейді.

Бір таң қаларлығы Қытай елшілерінің құрамында болып отыр. Елшілікке жүретіндердің саны әрі кетсе 50-60 адамнан аспаса керек еді. Ал олар 600 адаммен келген. Оның 300 адамы қарулы әскер де, қалғандары әр түрлі дәрежедегі қытай шенеуіктері мен қызметшілері болып шығады. «Олар қазактардан сақтанатын еді, қасында 300 адам қарулы әскері болса да қарауыл ретінде біздерден бірнеше казак адамын алдырып, шекара жакқа шығарып салуға өттініш етті. Сонымен жиырма бес (25) атты казак оларды шығарып салып, алты жұз (600) адам әйелдерге ұксаган қытай әскерін 300 шақырымнан астам жерге дейін шығарып салды» дегендеге бұл орыс генерал-майоры С.Броневский жалған айттып отыр. Біздің ойымызша, Ғұбайдолла сұлтанды тұтқындаған соң, Ресей жағы қайткен күнде де Қытай елшілерін баска Қарқаралылық Қарәкесектердің төре-сұлтандар мен ел басшыларына жолыктырмауга бар айла-шарғысын салған деуге толық болады. Сонымен Ғұбайдолла сұлтанның хандық билікті қалпына келтіремін деген талпынысы осылайша сәтсіздікке ұшырады. Ал оған Шет, Ақтогай жерін жайлапан Шұбыртпалы, Карсөн-Керней, Қояншы-Тағай-Дәulet, Әлтеке-Сарым рулары ел басшылыры мен батырлары араласпауы мүмкін еместігі айтпаса да түсінікті.

Осыдан соң-ақ Ресей патшалығы тез арада 1822 жылы «Сібір қазактары туралы Жарғыға» сәйкес хандық билік жойып жіберді. 1824 жылы «Орынбор қазактары жөніндегі Жарғыны» шығарып, қазактардағы билік атаулының барлығы Ресейдің отаршылдық әкімшілік жүйесімен түбекейлі алмастырыла басталды. Бірақ бұл жарғыларды қазактар қабылдамады да, 1841 жылы Ұлығтауда Кенесарыны үш жұздің ханы етіп көтерді. 1846 жылы Кіші жұздегі Бекей Ордасының ханы Жәнгір хан қайтыс болып, 1847 жылы Кенесары хан өлтірілгеннен кейін барша билік атаулы отаршылар мен олардан шен-шекпен киген жандайшалтарға кошті.

«Кенесары Қасымов бастаған қазактардың ұлт-азаттық қозғалысы» (Құжаттар жинағы, 1996) атап аттын енбекте Кенесары хан 1841 жылы Орынборшекара комиссиясының төрағасы генерал Генске жазған хатында: «1825 жылы Қарқаралы, Қазылыққа Имантай Бокейоглы сұлтан-правитель болып, еш кінасыз үстімізден дүйшандық корсетті» деп көрсетеді (36-бет). Бұл жерде айта кететін бір мәселе бар. Кенесары хан «Имантай» деп жазбаған болуы керек, құжатты араб қаріпінен аудару барысында кате кеткен. Себебі, Қарқаралы окургіне алғаш сұлтан-правитель болған Тұрсын Бекейұлы. Оны халық Жамантай төре атап кеткен. Міне, Кенесары ханың Жамантай Бекейоглы деп жазғаны осы құжаттар жинағын шыгарушылар тарапынан Имантай болып кеткен. Сонымен катар оның ага сұлтан болуы 1825 жыл емес. Себебі, Ғұбайдолла сұлтан тұтқындалған соң, Ресейдің отаршылдық саясаты мен билігі үшін енді еш кедергі болмады. Олардың ендігі қаракеті казактардан тезірек айт қабылдап, Ресейдің қол астына толыктай қарату, өз «Жарғыларының» максат-мұдделеріне сай жүргізілуге тиісті әкімшілік және билік жүйелерін жүзеге асыру еді. Соның негізінде 1824 жылы ашылған Қарқаралы окургіне Бекей ханың Шыңғыс деген екінші ұлынан туатын немересі Тұрсын (Жамантай), ал Қекшетау окургіне Уәлихан баласы Ғұбайдолла бекітілді. Ғұбайдолла дәл осы жылы тұтқындалып, Сібірге жер аударылды. Қазак даласындағы басқа аға сұлтандықтардың ашылуы сәл кейінпрек жүзеге асты. Накты айттар болсак, олар мыналар:

1831 ашылған Аяқөз окургіне Эбілпайыз ханың немересі Өшін сұлтан, 1832 жылы ашылған Ақмола окургіне Сәмеке ханың немересі Конырқұлжа Құдаймендин, 1833 жылы ашылған Баянаула мен Үшбұлак окургтеріне Едігे баласы Шон мен Абылайхан немересі Нұрмаганбет, 1834 жылы ашылған Аманқарагай сыртқы окургіне Уәлихан баласы Шыңғыс, 1844 ашылған Қекбекті окургіне Абылай хан шөбересі Қисықагасұлтан болып сайланды. 1824 жылы 8 сәуірде ашылған Қарқаралы мен 29 сәуірде ашылды деп бекітілген Қекшетау окургтері құрамына

басында осы жоғарыда аталған оқурғтердің көп жері 1831 жылға дейін тұтастай қараган. Мысалы, Сүйіндік Едіге баласы Шоң би Қарқаралы аға сұлтандығына бағынуга әрдайым карсы болып, 1833 жылы Баянауылды жеке уездге бөліп әкетті және ол төре тұқымынан шықпаған алғашқы аға сұлтан еді.

Олай болса Қарқаралы оқурғіне қараган бүкіл елдің сұлтандық билікке бағынуы 1824 жылдан басталады да, Шет-Актогай жұрты жататын Әлтеке-Сарым болыстығының құрылуын да осыған байланыстыра қарау керек. Осы еңбекте Менъкович деген шенеуіктің Кенесары ханнын Ресей мен Орга Азия хандықтары арасындағы сауда керуендеріне кедері қелтіріп отырғаны туралы 1837 жылы жазған жасырын хабарламасы (донесение) берілген. Ол: «Менің дерегім бойынша, Қарқаралы оқурғінің Әлтеке-Сарым және Қарсон болыстықтары Кенесарыға қосылу үшін Кіші Ордага бет алып көше бастаганын хабарлауды өзімнің міндетім санаймын. Ақтау бекінісінен алыстау далалық жерлермен айналып өту арқылы, олар өздерін аңдыған әскери отрядтармен кездеспеуді ойластырған. Эрине, өз жасырын адамдарын жіберу арқылы К.Қасымовпен қосылу үшін алдын ала келіскең. Бұндай жағдайда оқурғтік басшылықтың тез арада сактық шараларын ұйымдастырғаны теріс болмас еді» деп жазады (58-бет). (осыдан бастап сілтемелерді қазакшалаған біз. Ж.С.).

Шет, Актогайды жайлаган ру-аталардың Кенесары ханды жақтаған 500 ауылдың қатарында болғаны бұрыннан белгілі жайт. Ұлт азаттық көтерілістің алғашқы басталуы 1837 жыл екені тарихтан белгілі, ал осы дерек бойынша біздін елдің Кенесары ханға алғаш қолдау көрсетуі мен көтеріліске қосытуы 1837 жыл болып шығады. Ал 1838 жылдың 16 сәуірінде аға сұлтан Т.Шыңғысов пен заседатель Ізбасар Алдабергенов патшаокіметіне түсірген хабарламада 1837 жылдың аяғы мен 1838 жылдың басында Кенесары көтерілісіне қосылған болыстықтардың аттары, ел басқарған төрелер, билер және әр старшындар аты-жоні және үй саны берілген:

1. Дүйсенбай-Шекшек болысы. Би Косет Жанғысов

бастаган Шекшек руынан 4 үй. Дүйсенбай руынан билер Құдас, Манас, және Жанай Бұлановтар, Едіғе Жапанов, Байтұма Ботпаев, Төртұғыл пен Төлес Қожанов, Жұнбай Шоганов және қазак Сарқылдақтың балаларымен 60 үй. Шашты руынан билер Айтан Райымбердиев, Байболат Баймурзин, Бекет Дарабаев, Арқабай Есенкелдин, Жапек Тосатов, Сатай Бекболатов Жұнді Қайданов және Малай Тілесов бастаган - 45 үй. **Барлық жиыны: 109 шаңырақ үй.**

2. **Әлтөбет болысы.** Би Ахмен Көтенов, Жансыбай Жанкин, Төртүғұл мен Теке Мырзабаев бастаган әлтөбет руынан - 20 үй, Барлық майлық-шор руы: старшины Мынбай Тұменбаев, және билер Онбай Тұменбаев, Карапшы Байменов, Сәти Элімбаев, Қошек Мендибаев, Сүтемген Наурызбаев бастаган 128 үй. **Барлығы: 148 шаңырақ.**

3. **Қара-Әйтімбет болыстығы.** Қара руының старшины Дүйсенбай мен би Сарыбай Сенкебаевқа қарайтын 70 үйлі қазактар, осы рудың мойнак атасының старшины Сайдалы Сармурзин қол астына жататын 30 үй, Әйтімбет руының билері Елемес Жанақов пен Итқара Итізеков бастаган 10 үй. **Барлығы: 110 шаңырақ.**

4. **Қыргыз болысы.** 684 үйден тұратын бұл болыстық өз сұлтаны Батыр Бекеев және старшындары Өтеген, Байтлес. Жидебай Бекпасовтар. Бердікожа Қошекбаев, би Әлібек Ізбасаровтардың бастауымен кетті. Тек оқурғте сұлтан Әшімтай Батыров қасындағы аз ғана үй қалды. **Барлығы: 684 шаңырақ.**

5. **Надан Тобықты болысы.** Бұл болыстықтың 903 үйі өз сұлтандары Тастанбек Құшіковтің кезінде кошті. Тек старшындар Кебек Қалымбаев пен Айдобол Дулатовқа қарайтын 148 үй кошпей қалған. **Барлығы: 903 шаңырақ.** (Құжатта тұра осылай «Надан Тобықты болысы» деп жазылған соң бүрмалауга еш хакымыз жок. Тобықты нағашыларым әдейі алды деп реніш білдірмеуін сүраймын Ж.С.)

6. **Толенгіт болысы.** 891 үйден тұратын бұл болыстық сұлтан Шатемір Болатханов бастауымен кетті. **Барлығы: 891 шаңырақ.**

**7. Керей болысы.** Қасқа атасы. Старшын Пішан Көрпебаевка жататын 20 үй казақ, Шақантай-Матак атасынан старшын Ескібай бастаган 36 үй, Құттыберді-Қарабай атасынан старшын Ермен Естемесов пен билер Бұғынбай мен Төлеміс бастаган 36 үй, барлық Қамбыс руы, би Байұзак Қамбысов бастаган 29 үй. **Барлығы: 101 шаңырақ.**

**8. Әлтеке-Сарым болысы.** Билер Есенаман Жидебаев пен Тәнірберген Үкібаев бастаган Дос атасы, 37 үй. Старшын Эйнек Болатов пен би Қыншақбай туыстарымен 16 үй,

**Барлық Тоқсан атасы:** старшындар Байыс Жаманқұлов, Торпак Байтөкин және билер Солтан Кошықбаев, Дәүлең Есілбаев, Бөрі Кенжебаев, Құрманбай Шұбышев, Тұрак Жандыгеков, Аю Табылов, Құлжанбай Тілеулин, Қашке Жантуганов бастаган 390 үй, Тек тана би Қыдыралі 22 үй туысқандарымен кошией қалды. **Барлығы: 390 шаңырақ.**

**Барлық Өтеміс атасы:** Старшындар Балапан Шабанбаев, Жақсыбай Қазыбаев пен билер Наурыз Қазыбаев, Куандық Тоганбаев, Тарбак Байгелов, Шегентай Башкеев, Арқар Мәдебаев, Аракбай Бұланбаев бастаган 240 үй, Бұлардан тек билер Тезекбай және Дағар Бұланбаевтар өз туыстарымен көшкен жоқ. **Барлығы: 240 шаңырақ.**

**9. Қарыншы-Керней болысы.** Ұшагайынды руы, старшын Базар Ескергенов пен билер Тобышак Ұрынбаев және Асай Ботахановқа қарайтып 99 үй. Карсон руынан би Соқыр Бошанов бастаган 15 үй. Бесагайынды руынан старшын Есберген Садырбаевқа қарайтын қазактардан және билер Желке Күшіков, Дүбін Мендібаев, Қосқұлақ Қангелдин, Қойши Жанкелдин, Сүгір Жәутіковтер бастаган 50 үй, Керней руынан старшындар Қара Байтыков пен Жарқынбай Тазовтарга жататын 30 үй. **Барлығы: 194 шаңырақ.**

**10. Қояншы-Тағай болысы.** Билер Байарыстан мен Беспай өз туысқандарымен 15 үй. **Бар-жоғы 15 қана үй.**

Бұл деректер «Кенесары Қасымов бастаган қазактардың ұлт-азаттық козғалысы» (Құжаттар жинағы) атты еңбектің 72-

73 беттерінде көрсетілген. Тек бір ескеретін жайт - құжатта ру, ата және адам аттары орыша берілгендейткен қазақшага түсіргенде тұра келмеуі мүмкін екенін айта кеткіміз келеді. Және Қаракесекгің ішінде «Үшагайынды руы», «Бесағайынды руы» деген ру-аталар жок. Тегі топтастырып айтқандықтан құжатқа солайша жазылып кеткен болуы мүмкін. Немесе Бес Бошанды кейде «Бесата» деп атайдындықтан осылай жазылған шыгар.

Бұл тарихи құжат бойынша Кенесары Қасымов бастиган қазактардың ұлт-азаттық қозғалысына аталған болыстыктар бойынша барлығы 3 мың 858 шаңырактан тұратын ауылдар катысқан. Жинактай айтар болсак: Дүйсенбай-Шекшек болысы - барлығы - 109 шаңырак, Әлтөбет болысы - барлығы - 148 шаңырак, Қара-Әйтімбет болыстығы - барлығы - 110 шаңырак, Қырғыз болысы - 684 шаңырак, Надан Тобықты болысы - 903 шаңырак, Төленгіт болысы - 891 шаңырак, Керей болысы - барлығы - 121 шаңырак, Әлтеке-Сарым болысынан барлығы - 683 шаңырак. Оның ішінде: Әлтеке руынан бар-жоғы - 53 үй тана болса, Сарым руының Тоқсан атасынан - 390 шаңырак, Сарымның Өтеміс атасынан - 240 шаңырак, Кәрсөн-Керней болысынан барлығы - 194 шаңырак, Қояншы-тагай болысынан бар-жоғы - 15 үй.

Егерде болыстық ашу үшін 1000 шаңырактан астам үй болу керек ететін әкімшілік талапқа сай қарайтын болсак, әр болыстық қандай деңгейдегі құрамда көтеріліске қатысқаны көрініп тұр. Осылардың ішінде ең азы - Әлтекеден - 53 үй, Қояншы-Тагай болысынан бар-жоғы - 15 үй. Қояншы-Тагай болысынан аз үйдің катысуын олардың жерін ертерек орыс алудымен түсіндірсе де болады. Қояншы-Тагай болыстығының жері қазіргі Шет ауданына қарайтын Батық, Ақой (бұрынғы «Просторный» совхозы), Красная Поляна, Өспен, Еркіндік, Мұқтар, Жарық елді мекендер территориясын қамтыған. Қояншы-Тагайдың бір тармағы Даuletтің қыстауының орны Ақойдың қарсы бетіндегі таудың бауырында жатыр. Алғашқыда Кенесары ханның Актау бекінісін шабуынан кейін бұл жерлердің көбін орыс отаршылары басып

қалды. Қазіргі Сарысу, Жарық станцияларына қарай сыйыла сырғыған Қояншы, Тағай, Дәulet рулары негізгі атамекенің көп бөлігін тастай келіп, Жарық-Шет маңайына қарай ығысты. «Өспеннің» халық жадындағы атауы – Кеңөзек. Осы өнірде кен көздері бар екені аныкталған сон Қареке-Мұраттың капитализмін нарықтық саясатын тал баса тани алған Игілік Өтепов бастаган шонжарлары бас болып, Куандықтың Қара Тока атасының бай-бilerі бірігіп, Кеңөзекті Қояншы-Тағайлардан 100 қойға сатып алды. Осы Кеңөзектегі мыс рудасына бай Нілді шатқалы Байзаков деген байдан 86 рубль күміске сатып алынған. Егер сол кездегі рубльдің құнымен есептегенде 1 қой – 3 рубль, құлышынды бие – 25 рубль тұргандығымен салыстырғанда Өспен-Нілді кен орнын орыс көпестері су тегінге алып, қыруар пайдаға кенелген.

Қазактың кен байтақ жерінде осыдан басқа Нілді деген жер атауы жоқ. 2008 жылғы «Қазак тілінің түсіндірме сөздігінде» «Ніл» сөзіне 3 түрлі түсініктеме берілген. Олар: Ніл – көк шөптің шырынды бояуы, Ніл қара көк – шымқай қара көк, Нілдей бұзылды – аяқ астынан айнып қалды, бұзылды. Яғни нілге салу – бояуга салу да, нілдей бұзылу – бояу түсінің өзгеруі. Бұлардың ешқайсысы жер атауы болуына негіз бола алмайды. Тегі өспендік жұрт арасында жүрген мына бір сөздің жаны бар. Успен кеніші ағылшындардың қолына еткен кезде сондағы кен басшысы бір ағылшынның Нельда деген кызы ауыр дерттен кайтыс болып, сонда жерленген. Нельдага бейіт салды ма, оны білмейміз, бірақ сол өнір Нельданың қазакшага бейімделген нұсқасы Нілдіге айналып кеткен. Өспенде тұратын Қара Токалар Нілді атауына әр түрлі нұскадағы байламдар айтып жүр. Мысалы аtabабаларымыз мысты бұрын ніл деп атаған деген сиякты. Бірақ олары шындықтың ауылынан алыс жатыр.

1907 жылдан бастап Успен кеніші (Кеңөзек) Лондондық банкирлер қаржыландыратын Спасск мыс кеніші акционерлік қогамының кол астына көшеді. Ұзындығы 40 шакырымды құрайтын «Спасскзауыты – Қарағанды кен» тартабанды теміржол іске қосылады. Бұнымен қоса, өлкенің ауыл шаруашылық

өнірлерінен алыстығы және өнірде аграрлық саланың дамымауы азық-тұлікпен қамтамасыз етуде біраз қындықтар туғызды. 1847 жылы Н.А.Ушаков деген көпес Ақмола округтік приказына бірнеше өтінім беріп, көп уакыт отпестен Нілді және Соқыр-Саран мекеніндегі мыстың бірқатар бай кеништерін сатып алды. 1852 жылғы 16 акпанда Екатеринбургта Саран-Успен ауданының пайдалы кен орындарын игеру бойынша компания құрылды. Оның катысушылары: А.Т.Рязанов (35 пай), Т.П. Зотов (35 пай), Н.А. Ушаков (20 пай) және Н.И.Севостьянов. Мыс қорыту зауытының құрылышы басталды. Бұл жерде 1855 жылдан бастап мыс өндірілді. Успен кениші Спасск мыс қорыту зауыты үшін мыс кенинің негізгі шикізат базасы болды. Зауытқа кенді қазактар арба жегілген түйемен, атпен немесе өгізбен тасыды. Қысы-жазы кен тиелген ат-арба мыс қорыту пештерінен тұтін будақтаган Спасск зауытына қарай баяу қозғалып бара жатар еді. Басталқыда Успен кенишінде кенді ашық тәсілмен өндірді. Кеннің құрамында 16-дан 30%-га дейін мыс болды.

Осында отаршылдық зорлықтың салдарынан Қояншы-Тагай болыстығына жататын үш ата (Қояншы-Тагай-Дәulet) Жарық, Шет аймагына қарай ығысып барып, Әлтеке-Сарым, Қарсөн-Керней болыстықтары жерінен пана іздеуге мәжбүр болды. Олар Кенесары котерлісінә қатысуга түгелімен қосылып кеткендіктен босап қалған Сарым-Қожағұл, Байдәулет руладының ата-мекенін басып алып орнықты. Кейінде ұрпактары Қояншы-Тагай-Дәulet аталарына ас бергенде, негізі ата-мекені болған жерлерде емес, Шет ауданы жерінде өткізіп, ескерткіш-белгі қоюының себебі осында жатыр.

Казір айтуга оңай болғанмен, орыс отаршылдары билігіне карсы болып, сонына ерген елді ертіп Кенесарыға қосылу әншейін шаруа емес. Ендеши «Бұлар кім?» деп Ақтогай жұртын екі ойлы қалдырmas үшін және құжаттагы қате корсетілген жайларды анықтау мақсатында тоқтала кетүге тұра келеді. Ататек шежіресіне сүйене отырып ділтегенімізде, Токырауын болыстығына жататын елді Кенесары-Наурызбай бастаган ұлт-

азаттық көтерілісіне бастаған Сарымның Өтеміс тармагынан тарайтын елбасылары мен билерінің қай ру атасына жататыны төмендегідей болып шығады.

1. Балапан Шабанбаев – Сарымның атакты би Шабанбайдың екінші баласы, Боксарының старшыны.
  2. Жақсыбай Қазыбаев – Қошкін Қазыбайдың алтыншы ұлы, Құлсары-Құлыктың старшыны.
  3. Наурыз Қазыбаев - Қошкін Қазыбайдың бірінші баласы, Қошкіннің ауылдарының би.
  4. Куандық Тоганбаев – Құлық-Таңат Тоганбайдың үшінші ұлы, Таңат ауылдарының би.
  5. Бәйгелов Тарбак – Құлық – Жалантөстің төргінші баласы Бәйгелдің ұлы, Жалантос ауылдарының би.
  6. Шегентай Башкеев - дұрысы Шегетай Бәкшеев, құжатта кате берілген. Құлық-Жалантөс-Алтайдың ұлы Бәкшенің тұнғышы, Жалантос ауылдары би.
  7. Аркар Медебаев, Арақбай Бұланбаев – Боксарының алты атасы ауылдарының билері. Аркар - Жоламанның екінші ұлы Куаттан тұған, бірақ неге екені белгісіз, үшінші ұлы Медебенің атына жазылған. Арақбай Бұланбаев емес, Құланбаев болуы керек, кате кеткен. Бұл да Жоламанның үлкен ұлы Құланбайдан тұған. Ал көтеріліске ермеген Дағар, Тезекбайлар Боксарының үшінші ұлы Қалқаманнан туатын Бұланбайдың балалары.
- Бұл жерде айта кететін тағы бір мәселе - Балқашты жайлаган Дадан Тобықтылар осы кездे жеке болыстық болған жок. Сұлтан Тастанбек Қүшіков бастаған «Надан Тобықты» мен сұлтан Шигемір Болатхановқа ерген «Төленгіт» болыстықтары - Семейдің елінен. Дәл осы кезде Балқаштық Дадан Тобықтыларының қай болыстыққа қараганы туралы ешбір дерек колға түспеді. Оларды Кенесары көтерілісіне қосылмады деуге ешбір негіз жок. Жалпы алғанда жер ыңғайына байланысты Каркараты оқурғынеге жатуға тиісті, сондықтан не Элтеке-Сарым болыстығының немесе Қарсөн-Керней болысы құрамына карауы керек. Бірақ Кенесары-Наурызбай көтерілісіне қосылу үшін

көшкен елдің қатарында жекелей айтылмайды. Соған караганда Кенесары ханды қуған енбегі үшін хоружный эскери шенін алған Құнанбайдың ықпалынан аса алмаса керек деп топшылаймыз. Қалай дегенмен де С.Кенжекараұлының «Дадан Тобықты (Өмір) шежіресінде» осы рудан шыққан ел басы болған Байжомарт және Мәнжіғұл секілді батырларына байланысты деректерде олардың Кенесары-Наурызбай көтерілісіне қатысқаны туралы ешқандай да деректер келтіре алмаған. Қайта Мәнжіғұл батырдың Құнанбайдың талсырмасымен Кенесарының сенімді серігі бола алған, ел арасында «Тентек төре» атанған Құдайменде сұлтанды ұстауга көмектескені гана жазылады.

Бір тан қаларлық жай, Қарқаралы окургінің эскер бастығы Карбышев осы 1838 жылы 7 қыркүйегінде жазған Ақмола және Қарқаралы окургтерінен Кенесары ханға косылған тайпаратулардың атаулары мен мекендерін көрсеткен рапортында болыстық аттары өзгерген және толықкан. Онда Қарқаралы окургі бойынша:

Қаракесек Қара-Шор және би Жаманбай бастаған Дүйсенбай-Шекшек болыстары;

Болыс Арап пен би Жабай бастаған Элтөбет болысы;

Сұлтандар Өнке мен Жадық Уәлин және би Сарыбайға ерген Қара-Әйтімбет болысы – Шу өзені бойында Қоңыр тауы маңайында;

Қаракесек Бесата болысы (матінде – Биш-ата Каракисетская) және болыс Байсейіт бастаған Керней болыстықтары;

Кәрсон және Қояншы-Тағай болысы мен Әлтеке-Сарым болыстығының рулады – Ақтау, Жалтас, Тайатқан-Шұнак таулары мекендерінен жатканы туралы айтылған (Сонда 104-бет).

Біздің ойымызша, бір 1838 жылдың сәуірінен қыркүйегіне дейінгі арада болыстық атауларының аяқ асты өзгеруі мүмкін емес. Эскери қызметтегі Карбышев тарапынан ел жағдайын накты білмегендіктен де болар, дәлме-дәлдік жетіспеген. Оған караганда аға сұлтан Тұрсын Шыңғысовтың (ел арасындағы аты – Жамантай төре) жазған хабарламасында (4 наурыз, 1839 жыл)

көтеріліс кұрамындағы Элтеке-Сарым болыстығының жағдайы біршама анық айтылған. Төрт беттен тұратын бүл құжатты түгел келтіру мүмкін емес. Негізгілерін қыскаша айталық. Хабарламада Балхаштың онтүстігін ала көшип, Шуга бет алған Элтеке-Сарым болыстығына Қарқаралыдан заседательдер Шушерин, Черемисиновтерді тілмаштарымен және Ребровтың 50 адамдық эскери отрядының жіберілгенін мәлімдейді. Оларға он бірдей міндет жүктелген. Бастылары мыналар:

- а) көшкен ауылдар санын, олардағы үйлер мен адамдар санын анықтау;
- ә) ел арасында үгіт-насихат жүргізіп, ру басылары мен болыс-билиерден Ресейге басеркімен бағынуға аnt алу, болыстықтагы казактарды қорғауға алушы міндеттену, өз ата-мекендеріне қайтарып, қалған елге қосу;
- б) төленбекен алым-салықтарды өндіру;
- г) Сұлтан Құдайменде Ғазиннің көтеріліске қосылғысы келмеген ауылдардан шауып әкеткен барымта малдар саны мен ол тұғында ұстап отырган адамдарды анықтау;
- д) 650 үйден тұратын Кәрсон-Кернейдің болысы атагын өз еркімен иемденген Құдаймендені түсіріп, елдің жаңа болыс сайлауына жағдай жасау;
- е) сұлтандар Қ. Ғазин, Тұртан және Қоске Ормаковтарға қосылған болыстықтарды қайтарып, кінәлілерді беделді адамдардың кепілдемесін алу арқылы Қарқаралығы жеткізу (126-бет). Міне сондаға осы сұлтандардың ел арасындағы беделін түсіріп, күшін азайта аламыз деп жазады.

Рас, патшалық отаршылыққа қызмет еткен аға сұлтан және басқалардың жазған құжаттарында көтерілістің шынайы болмысын ел, халық мұддесіне сай көрсетті дей алмаймыз. Олар отаршыл саясаттың талабына сай жазылды. Шынын айтқанда, елді көтеріліске үйимдастырылған сұлтандар тарағынан өздерін қолдамай патша жағына қнайғандарға қысымшылық жасалған. Бірак Кенесары-Науырызбайдан бүкіл Аргындарға қысым болмаган секілді, оны мына құжат дәлелдейді. Орынбор

қазақтарының сұлтан-правителі Ахмет Жантөрин 1844 жылы Кенесарының Кіші жүз Жаппас руы мен Аргындарға деген қарым-қатынасын салыстыра келін былай деп жазады: «Кенесары Аргындарды өзіне зорлықпен корқытып қоскан емес, өзінің қылмыстық шапқыншылықтарына катыстыра қоймады. Аргын қазақтары оның бірде бір бүлкішіл іс-әрекетіне катысан жок десе де болады. Сол арқылы ол барша Аргынды өз жағына шыгарып алуды армандайды» (237-бет).

Кенесары хан көтерілісіне катысуға ұмтылған барша қазакты қайтару жолында Ресей барлық айта-шарғыны, зорлық-зомбылықты қолданғанына, қанша адамды өлтіріп, қанша мал әкеткеніне осы кітаптагы көптеген құжаттар дәлел болады. Ел арасына іріткі салушылырды былай қойғанда, бұл жолға татар, башқұрттардан шыққан дін иелерін де кеңінен тартқан. Қазір кейбір тарихшылар, журналистер Кенесарыны Кавказда Ресейдің отарлау саясатына карсы шыққан имам Шәмілге, оның көтерілісін мұсылмандардың қасиетті соғыс жиһадқа теңестіртпіреді. Олар: «Егерде Кенесары газаут жарияламаған болса, патша үкіметі оның кол астындағы әскерлердің арасына іріткі салу мақсатымен 1837 жылы Омбы мұсылмандарының діни басшысы Ахун Мұхаммад Шариф Эбдірахимовты Ақмолага жібермес еді» деп жазады. Мысалы, осы Омбы мешітінің ахуны Шариф Эбдірахимовтың жазған жасырын хабарламасын алып қаралық. (9 тамыз, 1839 ж). Ол сұлтан Бірәлі Тоқов бастаған семейлік тобықтылардың көтеріліске қосылмаган Бәсентиін, Найман ауылдарын шауып барымта алғанына күэ болғанын айта келе, Қаракесек Шаншар болысынан Алшынбай мен Берді Тіленшин, Қазанғап Мұшекин жене Мендерекелердің Кенесары-Науырызбайға іш тартатынын, хат алышып, елге келіп кетуге шақырганын айтады. Мұнда бізге ең керегі - сұлтан Құдайменде Газин жайындағы пікірі. «Бұл сұлтан өзінің тентек мінезімен Әлтеке-Сарым болыстығының басшылығын өзінің экесі Ғазы сұлтан Бекеевтен тартып алды және Кәрсон-Керней болыстығы мен баска да казактарға билік жүргізіп, наразылығын тұғызуда.

Сондықтан Ресейді мойындаған билер мен күрметті адамдар окурғ басшылығының әлсіздігіне арыз білдіруде. Қалай дегенмен де олардың Кенесарыға деген карым-қатынасы шын берілгендік пен сабырлылықта толы. Алайда Қарқаралы окурғінен Карагаш тауына дейін барған олардың шағын боліктері Қарқаралыға кайтып жатыр» деп жазады (138-бет).

Тыңшы ахун бізге тарихи маңызды дерек берін отыр. Себебі көтеріліс кезінде Әлтеке-Сарым болысы Жаксы Жәкен – Жаниұтты Ботантаев еді деп жазылып жүр. Бұл шындықка сай келе коймайды, хан-сұлтандарға деген теріс көзкарастан бұрмаланып кеткен болу керек. Өйткені Орта Жұздің соңғы ханы Бекейдің бәйбішесінен Қексал мен Шыңғыс туады. Шыңғыстан Тұрсын төре (Жамантай), төртінші әйелінен туатын Тәуекенің ұлы Құспек - Қарқаралыда алғашқы ага сұлтандар болып сайланғандар. Ендеше олар төртінші әйелден тұган Сұлтанғазыны Әлтеке-Сарымға болыс сайлаган. Себебі, біріншіден - хан баласы, аксүйек төре, екіншіден - өздеріне туыс болғандықтан ел билеуде сенімді серік. Ұлт көсемі Әлихан Бекейханов екінші әйелден туатын Батырдың төртінші ұлы Мырзагайдан тарайды.

Жоғарыда айтылған Омбы мешітінің ахуны Шариф Әбдірахимов өз хабарламасында ел шағын топпен көшіп жатыр дегенімен, Арғын рулары, оның ішінде Қаракесектер Кенесарымен көтеріліс сонына дейін калғанға ұқсайды. Орынбор шекара комиссиясының 1844 жылы 12 қыркүйектегі хабарламасында: «К.Қасымов бұлғынға катысу үшін жергілікті билікке бағынбай көтеріліске қосылған тайпа-рулар мыналар: Тортқара, Қаракесек, Назар, Шекті, (мәтінде – чиқшинского) оның Қабак ру тармагы, Алшын, оның Серкеш ру тармагы, Арғын, оның Алтай-Қарпық және Әлтеке-Сарым ру тармагы, Балталы. Бағаналы ру тармактары» деп жазылған (269-бет). (Қате кеткен, соңғы екеуі Ұлытаулық Наймандарға жатады. Ж.С.).

Ел ішінде, оның ішінде Шет ауданындағы ой Сарымдарының қалам ұстагандары мен өлкетанушылары пайымдауынша, Кенесары-Науырызбай көтерілісіне Әлтеке-Сарым болыс-

тығындағы елді бастап апарушылар Жақсы Жанғұтты мен шұбыртпалы Ақжолтай Ағыбай батыр деген үғымды ондың солды келтіріп жүр. Енбекте Аюжолтай Ағыбай батырдың Шұбыртпалы және Қаракесектің басқа руарымен Ұлытаудағы көтерілісшілерге келін косылғаны туралы гана дерек бар (203-бет). Атакты тарихшымыз Е.Бекмахановтың «Кенесары хан көтерілісі» (1992) енбегінде басқа батырлармен бірге Ағыбайдың әскер колбасшылардың бірі болғандығын, Ақтау бекінісін талқандағанда Қыпшак Басығара батырдың денесін жауга қалдырмай алып шыгулағы ерекше ерлігі мен 1844 жылы Наурызбай батыр екеуі Екатерина бекінісіне шабуыл жасап, 100 солдатты тұтқындан алып, көптеген әскери кару-жарап, 1847 пүт астықты колға түсірғені туралы деректерді келтіреді (14 және 30-беттер).

Жақсы Жанғұтты осы көтеріліс кезінде Әлтеке-Сарым болысы болған еді деушілердің сөзін тарих растамайды. Себебі Жанғұтты Ботантайұлы, 1810 жылы Қараганды облысы Шет ауданы Аюлы тауының баурайында дүниеге келіп, 1873 жылы Сауд Арабиясының Мекке қаласында дүниеден өткен. Ендеше Кенесары хан көтерілісі басталған 1937-38 жылдары Жақсы Жанғұтты бар-жогы 27 жаста гана. Қанша дана да дара тұғанымен осы жаста бүкіл Әлтеке-Сарым болыстығына басшы болды деу көңілге қона коймасы да анық. Оны Жақсы Жәкен туралы жазылған мына бір дерек растай түссе керек.

«Жанқұттының алғаш жұртқа танылуы Жамантай төремен жауаптасуы. 1924 жылы Қарқаралыға аға сұлтан болып сайланған Жамантай төре елдің барлық ігі жақсыларын жинағты. Жер көріп, ел танысын деген ниетпен Ботантай өзімен бірге Жанқұттыны ертіп келеді, мұны көрген Жамантай:

– Бұл қатын-калаш, бала-шаганың өсек айтатын жері емес, алқалы топ бас қосатын мәжілісі емес пе, мына бала кім? - денті. Сонда Жанқұтты:

– Гафу етініз, кеше келгенде бір үйге қонақ болып, дәм ішіп едік, бір аксақал «еті арық екен» деп тылжырынып отырды, бүгін

мені көріп сіз тыжырынып отырсыз!? Сонда бұл қалай? «Адам алжыса астан шошиды, тәре алжыса жастан шошиды» деген осы ма? Болмаса, «асыл тастан шыгады, акыл жастан шыгады» деген аталы сөзді аттап кеткенің кай сасқандығыны? - депті. Жамантай қасындағытардың бірі:

– Сөзін қара, болайын деп тұрган бала екен! - дегенде, Жамантай төре:

– Болайын деп емес, болып тұрган, төрт құбыласы тен түсіп толып тұрган жас екен, бұдан былай біздің округтің ішіндегі дауга қатысты мәселені осы шешетін болсын, - деген шешім шығарыпты.

Эрине, бұл да болса Жанқұтты шешенді зерттеушілер тарапынан «қанына тартпағанның қары сынын» дегеннің ықпалында тым артықтау айтылған пікір. Бірден және бір көргеннен бір окурғтің билігін бере салу еш кисынга келе қоймас, бірақ осыдан кейін барып қапа Жақсы Жанғұтты Әлтеке-Сарым болыстығының дау-шарына араласқан. Жамантай төре 1824 жылы гана Қарқаралының сұлтан-правителі болып бекіді. Ендеше осы окига Жақсы Жанғұттының он бес-он алты жастагы мұғдарына сәйкес келеді. Бұл жастагы бозбалага барша окурғтің дауын сеніп тапсыру мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті.

Кәмел Жұністегі 1998 жылы «Парасат» журналының №5 санында жариялаган «Жақсы Жәкен» атты макаласында:

«Жәкеннің өмірінің бір кезеңі тәуелсіздік жолындағы Кенехан бастаған көтерлісшілердің катарында өтті. Бесата елі кешегі Саржанға да қолдау көрсеткен, Қармыс өзенінің бойында Саржан орда тігіп, оны жылдан аса мекен етіп, орыспен арбасканын көне көз кариялар айтып отыратын еді. Кенесарының Ортауда Орта жүздің, Ұлытауда бар қазакқа ханы сайланғанын Ескей жыршы да, Қасым Сырымбетұлы да бізге жеткізген. Ал Анарбек Шортанбай жыраудың бұл туралы:

Ортауда Кенесарыны хан котерген,

Орта жүз соңына ерген тым ертеден.

Бесата баласынан Жанғұтты бар.

Бәйсейіт, Дүйсенбай мен Есбай, Қара,

Бір қол бол көрінетін жеке дара, - деген сөзін кейінгіге қалдырып кетті. Коп мылтықпен жасанған жаудың мысын сойылмен сан басқан көтеріліс жеңіліс тауып, Кенесары қапылыста қаза болған соң Жангұтты елге оралған. Елге оралған Кенесарының жақтастарына орыс үкіметінің жылы кабак танығпаганы анық» деп жазады.

Айтылар ойдың өзегі - Элтеке-Сарым болыстығының алғашқы болысы болған кім екенін анықтау. Оған «Шет өнірі тарихы» атты еңбекте мынадай мәлімет бар. Онда «1839–1844 жж. жасалған тізімде Кояншы-Тагай, Жалықпас, Надан Тобықты, Алтай, Темеш, Толенгіт, Үйсін, Керей, Кәрсон-Керней, Қара-Айтымбай, Дүйсенбай-Шешен, Байборі, Элтеке-Сарым сиякты Қарқаралы округінің рулары үкіметке қарсы қозғалыска белсene шыққан» деп көрсетілген. (Мұндағы Қара-Айтымбай, Дүйсенбай-Шешен дегенді Қара-Әйтімбет, Дүйсенбай-Шекшек деп оқыған дұрыс. Ж.С.) Осы «Шет өнірінің тарихы» зерттеу енбегінің авторлары Ж.О.Арғықбаев пен М.С.Жакин аға сұлтандық сайлау туралы мына деректі келтіреді:

«1924 жылы ерте қоқтемде Қарқаралы бағытында Семиер форпостынан 300 адамдық отряд аттанды. Оның құрамында князь Дадианов, Сотников, Карбышев, Чириков, Кинжинев, Копейкин, дәрігер Зильберштейн, топограф Кошелов, бірнеше тілмаш 250 орыс-казак әскері және құрылғалы тұрган Қарқаралы округінің болашак екі заседателі - Бубенов, Налабердин болды. Бұл отрядты полковник С.Б.Броневскийдің өзі баскарды.

Қарқаралыда 8 сәуір күнгі сайлауда аға сұлтан болып Тұрсын (Жамантай) Шыңғысұлы сайланды. Шыңғыс Бекейханның үлкен ұлы, сонда Тұрсын Бекейдің немересі болған. Қазақ ішінен заседатель болып Елдебай Ортауұлы, Жаманбай Ңұралыұлы сайланды. Осы үшеуі молланың қолынан Құранды сүйіп, Ресейге адалдықтарын мәлімдеп, өз қызметтеріне кірісп қетті. Ал округтің ішінде болыстарды ұйымдастыру 1824 жылы жаз бойы біртіндеп жүрді. Элтеке-Сарымға төре Бекейдің Сұлтангазысы

бөліс болып сайланғаннан кейін әр рудын билерін (әкімшілік атапу старшын) тағайындауға кіріседі»

Тарихшы ғалымдар Ж.О.Артықбаев пен М.С.Жакин осы болыстық сайлау туралы айта келіп, біздің ел үшін аса бір маңзы зор мына тарихи құжатты келтіре кеткен.

«1824 жыл. 13 шілде. Біз төмөнде кол қойғандар, әр ауылдан жинала отырып, бірауыздан майор Сұлтанғазы Бекейхановты қазакқа адал, Ресейге берілген деп таныдық. Сол себептен оны Сарым-Қаракесек болысының басшысы қылыш бірауыздан сайладық. Мөр болмагандықтан, бұл приговорға таңбамызды бастық.

Билер: Кағашибай Тоқабаев, Ботантай Шуашбаев, Баланбай Жаманбаев және Әлтеке-Қаракесек болысының билері Есенаман Жетібаев, Қоганбаев»

Бұл құжатқа сүйенетін болсак, Әлтеке-Сарым болыстығының алғашқы ресми атапу Сарым-Қаракесек болысы деп аталған. Ал оның алғашқы болысы сұлтан Ғазы Бекейханов болып сайланған. Оны жогарыда келтірілген Омбы мешітінің ахуны Шариф Әбдірахимовтың жазған жасырын хабарламасы да нактылайды. Сондықтан оның сұлтан Құдайменде туралы пікірін тараталық. «Бұл сұлтан өзінің тентек мінезімен Әлтеке-Сарым болыстығының басшылығын өзінің әкесі Ғазы сұлтан Бекеевтен тартып алды және Кәрсон-Керней болыстығы мен басқа да қазактарға билік жүргізіп, наразылығын тұғызуда» деп жазуы да сұлтан Ғазы Бекейхановтың Әлтеке-Сарымның алғашқы болысы болғанын анықтай түседі. Сонда 1824 жылдан көтеріліс аяқталғанша да Қаркаалы аға сұлтандығы бойынша ресми тұрдегі сайлау бойынша сұлтан Ғазы Бекейханов болып танылғандығымен, 1847 жылы көтеріліс талқандалғанға дейін ел билігі Құдайменде сұлтанның қолында болғандығына ешбір дау болмаса керек.

Осы айтылғандарға қосымша дерекке поляк саяхатшысы А.Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» (Қазак даласына жасалған саяхат туралы жазбалар) 1861 жылы Парижде поляк

тілінде басылған атты кітабындағы жазбалары да дәлел бола алады. А.Янушкевич 1846 жылғы генерал Вишневский басқарған әскери экспедицияға қатысқан. Экспедицияның жол сыйбасын қысқаша былай сипаттауға болады. Семейден шықкан топ онгустік — шығыс бағытты бетке ұстап, Арқат, Әлжан, Ақадыр тауларын басып өтіп 28 мамырда Аяқөзге жетеді. Бұл арада олар Кокпектіден шықкан генерал Вишневскийді тосады. Аяғезде өншакты құн аялдайды да, 13 маусым құні жолға шығып Шыңғожаға барып қөнады. Одан әрі Лепсі арқылы Жетісу жерін аралап, Алатау баурайына дейін салар шегіп, қайтар жолда Тарбағатайға қарай ойысады. Одан соң қайтадан Балқашка қарай құлдилайды. Аргысы Шыңғыстау, Ақбастау, Тұлпар, Қекшетау таулары арқылы Токырау, Тұндік өзендерін бойлай, Қызыларай, Беріккара тауларын бөктерлей Қарқаралыға жетеді. Қайтар жол - Омбы. Бұл сапарда саяхатшы хан Бекейдін үрпактары Рұстем, Гази, Жамантай, Құсбек, Батырмен. Мәмбетей Тобықты руын билеген Шалғынбай төре Біралиндермен де дәмдес болып, әңгімелерін тыңдайды.

А.Янушкевич өз жазбасының 4 сентябрь деп белгідеген қүнінде былай деп жазады: «Таңертен өте салқын болды. Жерді де, киіз үйді де аппак қырау басқан. Құсбектің альютанты Кожансұғірдің әні мен жыры тұні бойы бір толастамады. Ол бар өнерін төгіп, саясат араластыра жырлады. Оның «Кенесары! Кенесары-Саржан» дегені құлагымызға әлсін-ілсін естіліп жатты.

Кенесарыға еріп кеткен әйгілі Құдайменденін әкесі Газы сұлтан келді, ол байсалды, корікті аlam екен. Газы өз баласынан өзі корқалы. Сондыктан Балқашка емес, Қарқаралы жаққа қарай Құсбекке жақын кошіп-конып жүреді...

Кешкісін казактар хан деп атайдын Құсбектің үйінде болдык. Бәрі дұға кайырганнан кейін қымыз ішіп әңгімелесіп отырды. Төрде - 68-ге келген, жасы басқалардан үлкен Газы сұлтан. Мен оның және жолбарысты женгөн Рұстемнің арасына келіп отырдым. Жылқы етін әкелгенде Газы маган бір кесек, Рұстем тағы бір кесек

ет ұсынды. Шаршы топ алдында қожасы төленгіттердің айыбын кешірді. Ғазы өз төленгітін тұтқындаған еді, бірақ Виктор ара түскен соң, ол қамаудан босатып, өзіне шакырып, бір аяқ қымыз ұсынды. Төленгіт қымызды ішті де, аякты қымызға толтырып қайтадан Ғазыға қайтарды. Ол ернін тигізіп, төленгітке берді. Бұл бірнеше рет қайталанды, содан соң айыбы кешірілгенге қожасы бір кесек жылқы етін ұсынды...

Ғазы сұлтан менің ел-жұрттымның алыс-жақындығын сұрады. Мен елімнің бұдан 5 мың шакырым жерде екенін айттым. Волганың бізге ағыып баратыны рас па, Польшада қандай өзендер бар? Ол осының бәрін сұрады. Ол маган Петербургте болып, теңіз бетіне салынған Кронштадты коргенін айтты. «Россия Кронштадттан басқаларға көз тігеді» деді ол» (245-бет).

Бұдан шығатын қорытынды мынау: 1824 жылы 13 шілдесінде Сарым-Қаракесек болысының басшысы болып бірауыздан сайланған майор Сұлтанғазы Бекейханов тарихи құжат бойынша Кенесары хан көтерілісі біткенге дейін болып есептелген. Әрине, орыс билігі мен аға сұлтандар «қарамағындағы еліне ие бола алмады» деп орнынан тайдыруға шешім де шығарған болар. Бірақ оны ешқандай тарихи құжат растамайды. Орнына басқа адамды сайлайын десе, өз биліктерінен шығып кеткен елге қандай үкім жүргізе алмақ?! Және де Кенесарыны хан деп танып соңынан ерген Элтеке-Сарым елі олардың жарлықтарын не қылсын! Ал, 1837 жылдың жазында «халқым» деп қан жұтып, «елім» деп еңіреп жүрген Кенесарыны Орта. Айыртау бектерінде жиналған аргын, қыпшак, найман, керей, уақ және коңырат руының өкілдері ақ киізге отырғызып, Орта Жүздің ханы етіп сайлады, ал Ағыбай батырды бас сардар етіп тағайындаиды. 1841 жылы қыркүйекте үш жүздің өкілдері жиынында Кенесары казақ халқының ханы болып сайланғанин кейін де, Элтеке-Сарым болыстығының көтеріліске қосылған ру-аталары өз анттарына адал болды. Бүгінгі ұрпактары қалай мактанса да еркі бар. Әрине, 53 үйі ғана катысқан Элтекелер мен 15-ак үйі қосылған Қояншытаяйлардан басқалары.

Жоғарыда сөзімізге тиек еткен орыс шенеуігі Меньковичтің 1837 жылы жазған «Менің дерегім бойынша, Карқаралы оқурғаның Әлтеке-Сарым және Кәрсон болыстықтары Кенесарыға косылу үшін Кіші Ордаға бет алып көше бастаганын хабарлауды өзімнің міндептім санаймын» деп жазған жасырын хабарламасы (донесение) мен 1839 жылы 9 тамыздағы діни басшы ахун Шариф Әбдірахимов жазған жасырын хабарламасы бойынша алып карасақ, ауыл би-старшындары таңбасын басып ресми түрде сыйланбаса да, көтеріліс кезінде барша Әлтеке-Сарым болыстығының билігі Құдайменде сұлтанның қолында болған.

Сондықтан Әлтеке-Сарым болыстығындағы Актогай, Шет өкіріндегі жұрттың котеріліске қатысуын белсене ұйымдастыруши тұлға, ел «Тентек төре» деп атаган **Құдайменде сұлтан Ғазин** болса керек. Бұл жерде Кенесары көтерілісінің бас сардары болған Ақжолтай Ағыбай батырдың ролін төмendetейін деп отыргамыз жок. Шұбыргапалы руының батыры Ақжолтай Ағыбай батырдың ел арасында қанша беделі болғанымен Әлтеке-Сарым болыстығындағы барша руладаға ықпал жасай алды деу де киын. Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазактары туралы Жарғысының» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін біргіндеп жоюы, қазак елін жалпы ресейлік басқару жүйесіне сіністіріп жіберуді көздеген жымысқы саясатына алғашқыда Ғұбайдолла сұлтан карсы шықса, кейін оны Саржан сұлтан басқарды. Алайда Ресейге карсы құресте одактас болған Кокан хандығының сатқындығынан 1836 жылы олардың тікелей нұсқауымен Саржан сұлтан өлтірілді, 1840 жылды Қасым төре қаза тапты. Осы кезде Қасым сұлтанның баһадүр батыр ұлдары, Саржан сұлтанның туған інілері Кенесары мен Наурызбай шығып, қалың қазак елі Кенесарының сонынан ерді. Анықталмаған деректер бойынша Құдайменде Ғазин осы Саржан сұлтанның қызын алған күйеу баласы еді деген де сөз бар. Оған дәлел - Смахан төрениң жазып қалдырган 18 дәптерден тұратын «Әлекеннің өмірі» атты колжазбасы. Соның 6-дәптерінде: «Орысқа қарамаймын деп ауган Бекейдің бес немересі: 1) Құдайменде Сұлтанғазыұлы. 2)

Қантай батыр Абылгазыұлы. 3) Онқаұлы. 4) Жәдік». 5. Рұстем Батырұлы. Кенесары Ақмоланы алғанда Атығай Басықара, сұltан Қантай батырлар оқка ұшкан. Құдайменде Кенесарыға косылым, Саржаниның Халыфа сұлу деген қызын алған. Онқаұлы, Жәдік шешек шығып өлген. Рұстем кайтып келген» деп жазады. (Қараныз: Бекейханов С.Р. Откен күннен белгі бар. Алматы, 2016. 82-бет).

Оқырманды жаңылыштырmas үшін аныктай кететін бір жайт бар. Шежірелер бойынша Құдайменденің әкесі Сұлтанғазы деген атпен белгілі. Ұлт көсемі Ә.Бекейхан өзінің «Родовые схемы. Каркалинского уезда» деген атпен орысша жазған шежіресінде Бекей ханының 1-әйелінен - Қексал, Шыңғыс, 2-әйелінен - Батыр, Борі, 3-әйелінен Уали, Есім, Тәуке, 4-әйелінен әйелінен – Сұлтан Газы мен Әблігазы, 5-әйелінен – Әлеке, Әбет есімді 11 ұлы болған деп көрсетеді. Осындағы Сұлтанғазының бірінші әйелі Бораштыдан Құдайменде. Оспан, Өмір, Сыдық, Әбеу деген бес ұл туды деп жаза келіп, осындағы Құдайменден Қашым, одан Нұрыш туады. Бұл Нұрыш 1898 жылы 45 жаста деп аныктама да бере кетеді. Ал екінші әйелі Апattan Қанқожа, Бабахан, Даýыр туды деп жазады. (Ә. Бекейхан. Таңдамалы. Алматы, 1995. 116-бет).

Ал Т. Жақсыбайұлының 1999 жылы шықкан «Шежіре. Актоғай өніріндегі Қаракесек руына жататын Сарым еліндегі Өтеміс-Токсан ұрпактарынан тарайтын Токсары, Құлық, Құлсары, Кожагұл ұрпактарының шежіресі» атты енбегінде аудандагы төре тұқымдарының да рулық тараптамы берілген. Онда бұл ұрпактың тараптамдық мәліметтерге төре Галиханұлы Сейітжанның Смахан тореден алып қалған шежіреге сүйенгенді туралы айтылған (247-бет).

Актоғайдың төре тұқымына көтүсті осы екі шежірені салыстыра карасак, біршама айырмашылық бар. Т. Жақсыбайұлы өз шежіресінде Бекей ханының «1-әйелінен - Қексал, Шыңғыс, 2-әйелінен - Батыр, Борі, 3-әйелінен Уәли, Есім, Тәуке, 4-әйелінен – Жәнгір, 5-әйелінен - Сұлтанғазы мен Әблігазы есімді 10 ұлы

болған деп көрсетеді. Э.Бекейхан жазған 5-әйелден туатын Әлеке, Әбет бұл шежіреде мұлде жок және 4-әйелінен әйелінен туды деп көрсетіп отырган Жәңгірден тараған үрпақта ешбір таратылмаған. Бұл, әрине, шежірені жазушының категілігі емес те шығар. Ол өзіне келіп түсken деректерді жүйелеуші және жазушы ғана. Ағалы-інілі Әлихан мен Смаханның шежірелерінің екі түрлі болу себебі неде? Анықтайтын мәселе - ұлт көсемі болған Әлекендей данамыз жазып кеткен Әлеке, Әбеттер, олардан тараған үрпақ кайда кетті, Жәңгір кайдан пайда болды? Төре тұқымына «Абылайдың тұсі» шындыққа айналып кетпегенін дәлелдеу керек шығар. Каркаралы төрелері жиналып Қарағандыда басқосу өткізгені бар еді, біздін төрелер одан қалайша шет қалды екен!?

Ру-ата тарататын осы екі шежіреде де Сұлтанғазының бірінші әйелі Бораштыдан Құдайменде, Оспан, Өмір, Сыдық, Әбеу деген бес ұл туды, екінші әйелі Апаттан Қанқожа, Бабахан, Дайыр туды деп жазылған. Тек орындары ауысып кеткені болмаса, басы түгел. Бұларға арнайы көңіл боліп отырган себебіміз – шежірлерде әкесі Ғазы сұлтан деген атпен көрсетілген Құдайменде патша заманындағы құжаттарда бірде Құдайменде сұлтан Газин, бірінде Құдайменде Сұлтанғазин деп көрсетіледі. Сондыктан оқырман жұрт шатасып қалмауы үшін екеуінің де аты-жөні және ел арасындағы аталатын «Тентек төре» де бір ғана адам екенін байқату.

Осы Қ.Ғазиннің аты «Құжаттар жинағындағы» материалдарда Есенкеліді, Ержан, Наурызбай сұлтандармен және басқа көтеріліс басшылырымен катар аталып отырылады. Мысалы 463-бетте 1846 жылы Құдайменде мен Наурызбай екеуінің 100 қолмен котерілістен Ташикентке кашқан Сары үйсін руын шапқаны айттылады. Басқасын былай қойғанда, заседатель Смельницкий мен Беккожа Үйсінбаевтің Кенесары Қасымов ордасы мен сұлтан Құдайменде Газин ауылдарының кай жерде қоныстанғаны туралы жазған астыртын хабарын алсақ та жеткілікті. Олардың «Мятежный султан Кенисары Касымов и товарищ его сұлтан Худайменды Газин со своими сообщниками имеют настоящее

время будто бы перезимовку в ногах реки Чу, на урочище Сарысу» деп жазуларына қараганда, патша шенеуіктері К.Ғазинді көптің біріне санамаганы анық (440-бет). «Худайменды Газин со своими сообщниками» дегенді таратсақ, олар осы сұлтанның соңынан ерген қалың ел деп санағанымыз дұрыс болар. Оған Құдайменде сұлтан мен Құлық Бабеке батырдың көтерілістен соңғы қуганға түскен тағдыры мен ажалдары дәлел. Тыңшы ахун жазған «Әлтеке-Сарым болыстығының басшылығын өзінің әкесі Ғазы сұлтан Бекеевтен тартып алды және Кәрсон-Керней болыстығы мен басқа да қазактарға билік жүргізу» дәрежесіне дейін жету үшін екінің бірінің колынан келе коймайтын ақыл мен жүректілік көрек екеніне кім дау айта алар екен?

«Тентек торе» атанған Құдайменде сұлтан мен көтеріліс батырларының бірі, соғыс кезінде атына оқ тиіп жаяу қалған Ағыбай батырга қарғып түсін атын берген Сарым-Құлық Бабеке батыр туралы тарихи деректер тым мардымсыз. Алайда көтеріліс кезінде елді ұйымдастыру мен соғыста ерлік көрсетуде ерекше көзге түскен осы екі тұлға туралы зерттеу жүргізу мақсатында патшалық Ресейдің әскери және согар архивін актару қажет-ақ. Қ.Ғазин мен Бабеке батыр және Дінмұхаммед Сұлтангазинді туган жер тарихында елеулі тұлғалар ретінде зерделеу қажет-ақ. Тарихшы емесіз, біздің мақсат – ой салу, бағыт-бағдар беру ғана. Біреулер кешегі Ленин-Сталинді, компартияны жыrlағандарды, кеңестік идеологияның сойылын соққандарды да дәріптей көрсетіп жүр гой. Солар ғұрлы жоқ па?

Бүкіл Шет, Ақтогай топырағындағы ру-аталардың қазіргі ұрпақтары «Кенесары көтерілісіне толық катысқанбыз, тіпті Қыргыз шекарасынан қайтқанбыз» деп мақтанады. Ол дұрыс та. Тарихи шындық тұргысынан алсак, елдің Кенесері-Наурызбай көтерілісінен кейін, қайта келіп орналасуы 1840 жылдардың аяғы - 1850 жылдардың орта шені болып шығады. Кенесары-Наурызбай өлімінен соң өзіне ерген елді бастап қайта қайтқан Құдайменде Ғазин, Ақжолтай Ағыбай батыр, Жақсы Жанғұтты және басқа да ел басшылары бастаған Әлтеке-Сарым рулары

ата-мекеніпе қайта келін орналасады. Ағыбай батыр қазіргі Шет ауданындағы Талды, Ақшоқы елді мекендері орналасқан жерлердегі ата-мекен қонысы Қарқаралы бекінісіне жақын болған соң, орыс шенеуіктерінен және оларға ерген аға сұлтандардан сескеніп, көтерілістен соң ғосырауын бойына келіп аз уақыт тұрып, соナン соң Тайатқан - Шұнақ, Тасарапта қарай ығысқан. Өз ата-мекеніне Кіші жүзден Кенесары ханға келіп косылған Тіленшин Жоламан батыр бастаған Алшын мен Табын руының көтерілістен соң Қарәкесекке ерген ауылдарын орналастырган. Патша жендеттерінің кудалауынан корыққандықтан олар Кіші жұз жеріндегі өз атамекеніне қайта орала алмаған, Алшын мен Табындардың Шет ауданы жеріне келіп орналасуының себебі осында. Қарауыл қарап обалы шоқысынан бастан, бүкіл даласты аныз-әпсанага толы Ақтогай топырағындағы елдің Кенесары бастаған үлт-азаттық көтерілісіне қатысадағы бел-белесінің қыскаша алғандығы тарихы осындей. Біз тарихшы емеспіз, сондыктан қате пікір болуы да занды. Тарихи құжаттарға және ел жадында қалған ескі сөзге сүйеніп, білгенімізді ғана айтып отырымыз. Осы жерде Ш.Уәлихановтың «Бірак аныз тұра тарих емес» деген сөзін қаперінізде ұстауды ұмытпаңыз.

Осылан байланысты Э.Бекейхановтың ата-бабасы терелердің Әлтеке-Сарым болыстығына келіп орналасуының мезгілі қашан екен деген тың мәселе туындаиды. Тарихи деректер бойынша алғанда, Ақтогай төрелерінің Желтауға келіп орналасуы да Кенесары көтерілісінен кейін болған. Егемендік алғанға дейін бұл туралы тек Смахан төрсінің әңгімелерінен және сол кісінің колжазбасындағы естеліктер арқылы ғана мәлім болды. С.Р. Бекейхановтың «Откен күннен белгі бар» кітабында Смахан төре өзінің 3-ші дәптерінде былай деп жазады:

«Жамантай, Құсбек екі немере ағасы Шаншарға (ру аты. Ж.С.) әмір гып біздің ауылды құған. Ку тауының сыртында «Төрекашкан» деген өзен бар. Содан Кент келіп, Батыр төре өліп, Боқтыда Тұңғыл өзені күнбатыс қабагында Эбліғазы «Қарашокысы», күншығысалдында бейті бар. Солтанғазы шешесі

Жал ханым Бекейдін сүйегін артқан түйені жаяу жетелеген сонда. (Бұл жерде кате кеткен секілді. Бекей ханның емес. Батырдың мәйті болуга тиісті. Не қолжазба авторынан, не төте жазуды орыс алфавитіне түсірушіден жансактық болған. Ж.С). Серкелі Сарыбай баласы Жолдасбай сонда, Әшімтай, Бексұлтан Боктыда қалып, Рұстем, Мырзатай Сарым ішіне келіпті 1858 жылы. Ол күнде төренің жана туган баласы тас салады екен болысқа. Қазактың 10 сом алым тартқаны тас салады екен.

Рұстем Сарым Шоңбаймен сөйлесіп «сені болыс коямын, маган жер бер» деп, Үлкен Желтауды айналасымен - Токырауын, Ақтұмсық, Аяқ Сарытерек, Қызыларай - соны алыпты. Шоңбайды болыс қылышты. Рұстем төрені бейті – Аяқ Сартеректе, сексен төрт жасында өліпті. Қыстауы – Желтау-Караңгірде, інісі Мырзатай қыстауы - Каражалда».

Міне, осы Смахан төрені естелігінде айтылатын уақыт мерзімі Алаш көсемі Әлихан Бекейханның гылыми зерттеуінен алғыс түсіп жатқан жөк. Бұл турасында Ә.Бекейханов 1905 жылы Санкт-Петербург каласында шықкан «Материалы киргизкому землепользованию» деп басталатын енбегінің Семей облысы Карқаралы уезіне арналған VI томында накты жазып кеткен. Зерттеу Ә.Бекейханның 2016 жылы жарық көрген 15 томдық жинағының III томында жарияланған. Еңбек орыс тілінде жазылған. Жұртшылыққа түсінкті болу үшін еркін аударма түрінде қыскартға беруге мәжбүрміз. Автордың әр рудың мекендерін жерін цифр санымен көрсеткен картограммадағы сілтемелерін де беруді кажет деп таппадық. Картограммада әр руды жер-жерге орналасуына байланысты группа деп бөліп, оларды цифрлі санмен белгілеп, түрлі топтарға бөліп тастанған.

Ә.Бекейхан XVII ғасырда Қарқаралы уезінің жеріне тиесілі Қарқаралы, Қазылық, Кент, Бокты, Ку-Едірек, Абыралы тауларына Қарекесектер Кіші жүздің Жагайбайлы, Жетіру рулары және Найманнның Матай, Куандықтың Алтай ру тармагымен қатар келіп орналасты деп көрсетеді. Сонымен қатар Карқаралы уезінің Темірші болыстығына қарасты Қекшетау тауына Орман

сұлтан бастаған Тарактылардың орналасуы мен Қарекесек Шаншардың Таз атасы, Куандыктың Алтай ру тармағының Ку-Едірек тауларынан Ақмола уезіне қарасты Семізқызы тауына қарай ығыстырып шығаруы мен алғашқы аға сұлтан Тұрсын төрөнің бүл төніректен Қарекесектерден басқа ру-аталарды қызып шығу тарихын жан-жақты жазады. Олардың біздің сөз етін отырган тақырыпка қатысы жанама түрде ғана. Егер накты білгісі келген адам, Ә.Бекейханның 15 томдық жинағының III томының 233-237 беттерін қараса, көп жайға қанығады.

Одан әрі Актогай төрелерінің Қарқаралыға, одан сон Tokyrauyn бойына келіп орналасуы турасын Ә.Бекейхан былайша дәйектейді:

«Осы кезде Бекей ханының ұлы Сұлтангазы Бекей хан алғаш иеленген территорияның оңтүстік батысына қарай жылжып, Лепсі уезіне барып орналасқан Салыр руын ығыстырып шығарып, осы босаған жерді өзінің төленгіттерімен және қарамагындағы Кожағул руымен келіп мекендеді. Біз жоғарыда Темірші болыстығына қарасты Кокшетау жерін басында тарактылар мекен етіп, одан басқа жакқа көшкенін жаздық. Байқауымызша, бүл 1824 жылдар шамасында саны көп Қамбар руының қысымымен болды. Өйткені оның есте қалатын себебі осы жылы Қарқаралы станицасы негізін қалады. 1830 жылы казіргі Байбөрі руының Қыдырәлі атасы иеленіп отырган жерді Сармантай руы тастан шығуға мәжбүр болып, олар қазір мекендеп отырган Спасск болыстығына барып тұрақтады.

XIX ғасырдың 40-жылдарында осы уездік дала жерінде қазактарды орыс әскеріне баруға шакырады екен деген сыйыс тарап кетті және Тұрсын сұлтан (Жамантай) Шынғысұлы орыс үкіметіне қазак балалары мен қыздарын орыс мектебіне беруге уәде беріпті деген сөз шықты. Бұл хабар, әсіресе билікті колына алып алған ірі руладың зорлықтарына душар болып отырган саны аз руладың наразылығының туғызды. Немере ағалары болып келетін сұлтан Тұрсын Шынғысовпен билік үшін таласка үмтүлған Батырдың ұлдары сұлтандар Рұstem

мен Мырзатай өз қарамагындағы және қосыла ерген рулармен Сырдария облысының Қаратай жеріне көшіп кетті. Олар осында жергілікті сұлтандармен қактығысқа түсті және тонауга ұшырады. (Әрине, тек қана жер үшін. Ж.С.) Қаратауды 2 жыл мекендеген соң Рұстем мен Мырзатай сұлтандар Қарқаралы уезінің жеріне өздеріне қарасты казак руларымен қайта оралды. Бокты тауының маңайындағы өздерінің бұрынғы мекендеріне қайта келгендерінде, ол жерлердін басқа рулар алып қойғанын көріп, Ақмола уезіне кошуге мәжбүр болған Алтай руыннан қалған Қу тауының Қызылшілікті бұлагына тұрақтады. Бірак олардың Қу тауын мекендеуі ұзакка бармады: бір жылдан соң қазір осы Қу тауын мекендеуші ұлken ру Жарылғап ығыстырып шығарды. Осындай сәтсіздіктен соң бұл қазактар (төрелер мен оған төлеңгіттер мен ерген шағын рулар Ж.С.) Қызыларай тауына тұрақтады, ал сұлтандар Токырауын өзеніндегі Желтау тауының Аяқ Сарытерек сайна орналасты. Сұлтандар бұл жерге келгенше оны онтүстікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендеген». (237-238 беттер).

Бұдан әрі қарай Ә.Бекейхан қазіргі Қарқаралы уезінің жерін Қаракесек тармагына жататын ру-аталар түпкілікті мекендең алғаны туралы айта келе:

«Яғни, біздің уеде сұлтандар мен төлеңгіттерден басқа, Аргын тайпасынан: Куандық, Қамбар, Қаракұл Қанжығалы, Тобықты; Найманың Көкжарлы тармагынан Садыр мен Токбан; Таракты, Қыпшак, Уак, Керей, яғни сөз жоқ, Орта жүздің ірі рулары; сонсоң Ұлы және Кіші жүздің аздаған қазактары, ерекше ру Қырғыз және Кожалардың бір-екі тобы бар» деп жазады. (Мәтінде «особое племя кыргыз» деп берілген. Бұл жерде автор олардың қазаққа жатпайтынын меңзесе керек. Ж. С.) Автордың «Так в группе 8-25 мы находим султанов с туленгитами и роды Кипчак и Таз (Каракесек), в гр. 219 султанов с туленгитами, Уак, Кыргызь и Танас (Каракесек), в гр. 194 султанов с туленгитами. Кыргызь и Куандық и т.д.» деп жазғанына қарай отырып, Каракесектің Майқы-Танасы бір туган болса, Майқыдан

тарайтын Әлтеке-Сарымдар да сол төніректен табылуға тиісті деп шамалаймыз.

Ә.Бокейханның осы енбегінің алғашқы «Жерге орналасу» атты тарауының сонын «Жалпы айтқанда 50-жылдардан сон (XIX ғасырдың. Ж.С.) Кенесары көтерілісі құшпен басылғаннан кейін жергілікті қазақтардың өмірі ешбір киыншылықсыз тыныш отті, жерге орналасу түрлері табиғи түрде адам санының өсу жолы арқылы жүрді... Эрине, әкімшіліктің араласуынан туған ұлкендікішілі оқигалар тумай қалған жок емес. Бірак жалпы алғанда олар салыстырмалық түргыдан келгенде тыныштықта өтті» деп аяқтайды. Бізге түсінікесіздігі - Ә.Бокейхан өз кандас туысы «Тентек төре» - Құдайменде сұлтан туралы, оның құғынға түскен тағдыры оқигасынан неге айналып откені, неліктен аз да болса магұлымат бере кетпегені. Оны тек патшалық цензураның бәрібір де өткізбейтінің білгендікten деп кана жорамаудаймыз.

Әлекенің Рұstem мен Мырзатай сұлтан ауылдарының «Қызыларайтауынатұрактады, алсұлтандар Тоқырауынөзеніндегі Желтау тауының Аяқ Сарытерек сайына орналасты. Сұлтандар бұз жерге келгенше, оны оңтүстікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендерген» деген пікіріне байланысты жаңаша ой өрбіру қажет.

Қабылсаят Әбішевтің осы «Орталық Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 4 кыркүйектегі санындағы «Тарихи сабактастық» атты мақаласында Ағыбай батырдың Тасаралдан жер алуы туралы дерек бар. Шұбыртпалы руы Кәрсөн-Керней болыстығына көшкенде, Әлтеке-Сарым болысы Шоңбай Балапанов «келісемін» деп мөр басуына қарағанда, Шұбыртпалы руы көтерілістен кейін осы болыстыққа қараған жерді мекен еткені байқалады. Қ. Әбішев оны өз мақаласында: «Тоган қазып егіншілікпен шұғылданған. Мекендерген түрғын жері Жәмші мен Тоқырауын өзенінің аралығындағы аймак» деп көрсетеді.

Ендеше «жер тобесіз, ел төресіз болмас» дегенімізben, Сарым-Өтеміс ұрпағы Шоңбай Балапановтың Шет ауданындағы Әлтеке-Сарымдардан болыстық билікті қолға алуының тарихи себептері жок емес. Оған:

– біріншіден, Тұрсын мен Құсбек аға сұлтандар билікке таласта өздеріне қарама-карсы келе берген Рұстем мен Мырзатай сұлтандарды алыстатып, олардан қалатын жерге ие болуға мүлделі болды. Сол себептен бұл сұлтандардың Ақтогай топырағына қарай жылжуына, олардың Шоңбайды болыс кою туралы талабына карсы болмады;

– екіншіден, Смахан төренің «1858 жылы Рұстем, Мырзатай Сарым ішіне келіпті. Ол күнде төренің жана туған баласы тас салады екен болысқа. Қазактың 10 сом алым тартканы тас салады екен» деп жазуында мән жатыр. Бұл турасында С.Р. Бекейханов «Өткен күннен белгі бар» атты кітабында: «Ағайынды Рұстем мен біздің аргы атамыз Мырзатай Тоқырауын өзені бойынагы Сарым еліне 1858 жылы келеді. Ол уақытта төренің отбасында ұл туса, ата-анасы өз мұрагерінің тұратын жеріне белгітас орнатып отырған. Онда да болыстыққа әрбір койылған таска 10 рубльден акша төлейтін болған. Ағайынды екеуіне бұл жер ұнайды да. олар осында коныстануга шешім кабылдайды. Рұстем сол жердің иесі Сарым Балапанұлы Шоңбаймен: «Сен бізге осы өнірден жер бересін, ал біз сені болыс етеміз, - деп келіседі. Сөйтіп біздің бабаларымызға Желтау, Тоқырауын, Аяқсарытерек, Қызылашық деген жерлер бұйырады Ал Шоңбай болыс болады. Біздің бабаларымыз сөзінде тұрады» деп нақтылайды. (65-бет).

– үшіншіден, бұл жерлер көтеріліске дейін Шұбыртпалы руының атамекені болмаған. Болса Ағыбай бастаған батыры бар олар, өлсе де кеппесе керек еді. Тегі Кенесарыға ерген ел ілгерінді-кейінді ата мекеніне оралып жатқанда уақытша мекен еткенге ұксайды. Қ. Әбішевтің жоғарыдағы мақаласында «Мениң архивімде 1850-1868 жылдар арасында келген көптеген адамдардың тізімі бар. Соның көпшілігі Көшкін руынан. Жер талшылығы Ағыбай елін қоныс аударуға мәжбүр еткен. (Осы тарихи құжаттардың фото көшірмесі де бар). Сондыктан Ағыбай батыр Кенесары қозғалысында Тоқырауын елінен кетіп, осында кайтып келген» деген інкірі әлі де дәлелдеуді кажет ететіні анық. Себебі, дәл сол шакта Тоқырауын бойында бос жатқан жер жок.

Көтерілістен соң қайтқан ел үздік-создық өз ата мекендеріне қайта оралды. Бұл біздің жоғарыда жазған «Ағыбай батыр ата-мекен конысы қазіргі Шет ауданындағы Талды, Ақшоқы елді мекендері орналасқан жерлер Қарқаралы бекінісіне жақын болған соң орыс шенеуіктерінен және оларға ерген аға сұлтандардан сескепіп, көтерілістен соң Токырауын бойына келіп аз уақыт тұрып, сонан соң Тайатқан-Шұнак, Тасаралға қарай ығысқан» деген пікірімізді дәлелдей түседі;

– төртіншіден, С.Р. Бекейхановтың «Ол уақытта төренін отбасында ұл туса, ата-анаңы өз мұрагерінің тұратын жеріне белгітас орнатып отырған» дегенді де ұшқары пікір. Смахан төре: «Ол күнде төренің жаңа тұган баласы тас салады еken болысқа» деп отыр. Бұл жerde «тас салу» дегенді болыстық сайлауда дауыс жинағанда берілетін тас болуы керек. Яғни, Рұстем. Мырзатай сұлтандар Шоңбай болыстықка түскенде өз төленгіттерімен тасты сол болыс болуы үшін салған деп ұққанымыз дұрыс болар. Эрине дәлел керек-ак, алайда сөздің реті осыған бұрылады.

Яғни, бұдан шығатын корытынды мынау:

Балапанұлы Шоңбайдың болыс болып сайлануы 1855-56 жылдар шамасына тұра келеді. Төрөлдердің қолдауына ие болған соң ғана емес, бұл Шоңбай елге жайлы, әділ болған соң ұзақ жылдар бойы болыстық аткарған. Болыс сайлауы кезінде, елубасылар жиналғанда:

«Ал, ағайын, біреуіннің тышқақ лағына зияным тиген жоқ, біреуіннен бір тыын пара дәметкем жоқ, керек десе біреуіннің бір тайыны да лауга мінгенім жоқ. Ағайын-тұган мен кедей-кепшікке есігім ашық, төрім жазық, дастарханым жаюлы, сабам пісулі болды. Ендігісін өздеріңіз білесіздер, - деп салмақты елдің өзіне салады екен. Сондайда жиналған елубасылар:

– Басқаның төрінде отырганнан, Шабанбай ұрпақтарының босағасында отырғанымыз артық» деген токтамға келісетін болған. Ол Әлтеке-Сарым еліне болыс болған соң барып қана Рұстем мен Мырзатай сұлтан ауылдары Желтау төнірегінен жер алған. 1856 жылы Шұбыртпалы старшинасы Садыр Шолаков пен

би Ағыбай Қоңырбайұлы өз қарамақтарындағы 188 шаңырак Шұбыртпалы руын Қарасан-Керней болыстығы еліне көшіруге рұқсат сұрап патшалық әкімшілікке өтініш-хат жазады. Сол күжатта Әлтеке-Сарым болысы Шонбай Балапанов «келісемін» деп мөр басқан. Әлтеке-Сарым болыстығында бар-жогы 30 үй Ақтогай төрелері мекен еткен №7 ауыл аталған жерлер ауқымына 188 шаңырак Шұбыртпалы руы сыйып тұрақтануы да мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті. Оларға ең құрығанды 100 қыстау керек дегенде, оларға осынша жерді қайдан алмақшы екені ешкімнің ойына да кірмеген.

Сондықтан да К. Әбішевтің «Сондықтан Ағыбай батыр Кенесары қозғалысында Тоқырауын елінен кетін, осында қайтып келген» деген пікірі шындықтан алыс жатыр. «Жеріннің аты - елінің хаты» деген ұлағатты тәрік етіп, ең болмаса бұрыннан келе жатқан белгілі бір жер атауы немесе «міне, тұр гой» көрсетер шұбыртпалының қадірлі бір адамының мolasы да жок екенін ескермеген. Ол Ә.Бекейхан 15 томдық жинағының III томының 233-237 беттерінде Ақтогай төрелерінің Тоқырауын бойына орналасуы турасында жаза келіп, «Сұлтандар бұл жерге келгенше, оны онтүстікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендеген» деп жазған пікіріне сүйенген болуы керек. Алайда К. Әбішев өз мақаласында мына бірбұлтартпас деректі ескеруі де керек еді. Оны ф.ғ.д., профессор А. Ісімакова өзінің «Ұлт тарихында кездойсөк оқиғалар болмаған, бәрінің де мәні бар» атты мақаласында былай деп келтіреді: «Ағыбайдың шешесі Қойсанан Ақмоладағы Тарақты руынан Сойылқос батырдың қызы екен. 13 жасында экесі өліп, Ағыбай шешесімен екеуі ғана қалған. Қойсананың зираты Жезқазған облысы, Шет совхозының «Қармыс» бөлімшесінің шетінде. Қазір зирағтың орны ғана қалған. 1930 жылдары жана үкіметтің белсенділері кірпішін бұзып, құрылысқа пайдаланған екен. Ағыбай батыр (1802-1885) Бөгенбайдың бесінші ұлы – Конырбайдың баласы. Менің үлкен әкем Дулат батыр – (1810-1857) Бөген Нысанбайдың «»Кенесары-Наурызбай» дастанында Кенесарының: «Сендар едің қанатым Ағыбай, Дулат, Мендібай»

деп атаган үш батырының бірі, Бөгенбайдың ұлken ұлы Боранбайдың Марқабайынан туады. Аталарымыздың айтуынша, Ағыбай бұл інісін ерекше еркелетіп, жорыктарда қасында ұстайтаған екен. Дулат батыр науқастан 47 жасында Қайракты деген жерле қайтыс болған. Бұл кісінің зиратын Ағыбай батыр 1858 жылы салдырган. Дулат батырдың күмбезі бір кірпіші кисаймай сол бетінде тұр». (Қараныз: Ақжолтай Ағыбай батыр. Алматы: Ғылым, 2002).

Ағыбай батырдың шешесі Койсананың зираты Шет ауданындағы Талды, Ақшокыға жақын «Қармыс» белімшесінін жерінде жатуы бекер емес. Ягни Шұбыртпалы руы Шет ауданындағы Элтеке мен Сарым-Токсан руымен қоныстас болған. «Жоғары Қайракты», «Теменгі Қайракты» елді-мекендері жерін бірлесе жайлаганы деуге толық болады. Ол біздің жоғарыда жазған «Ағыбай батыр қазіргі Шет ауданындағы Талды, Ақшокы елді мекендері орналаскан жерлердегі ата-мекен қонысы Каркаралы бекілісіне жақын болған сон, орыс шенеуіктерінен және оларға ерген ага сұлтандардан сескеніп, көтерілістен сон Тоқырауын бойына келіп az уақыт тұрып, соナン сон Тайатқан - Шұнақ, Тасаралға карай ығысқан» деген пікірімзді дәлелдей түседі. Бұған ф.ғ.д., профессор А. Ісімақованың өз бабасы Дулат батырдың күмбезі туралы пікір де дәлел бола түседі.

«Онгустікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендеғен» дегенде Элекен шұбыртпалылардың бұл жерден Тасарал бойына қуылуын айттып отыр. Кенесары мен Науырызбай қыргызда қалған сон Ағыбай батыр өзінің шұбыртпалы руымен Тоқырауын бойына келгені рас. Негізгі ойы – қыргыз шекарасында тағдыр тәлкегіне түскен Қөшкін. Құлық руладының ауылдары, Жамшы бойындағы Элтекенің кей аталары атамекніне келгеніше Тоқырауын бойындағы Бегазы тауынан бастап, Желтау, Дастар, Қарақия таулары бойын, Сарытеректен Жамшы өзеніне дейінгі аралықты өз иелігіне айналдырып алмақшы болғаны байкалады.

Көтерілістен соң қол бастар батырлары жан сауғалап кеткен, ел билігіндегі Құдайменде төресі сонына түскен құғыннан

қашақ болған Әлтеке-Сарым болыстығына қараган елдің тозтозы шыкты. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей күн туғанда әр ру басшысы билер өз аталастарының қамын ойлан кетті. Оның себептері де жок емес.

Біріншіден, көтеріліске қатысқан қалың қара халық патша жазалаушы жендердегінің қыспагында қалды.

Екіншіден, олар өз атамекеніне бірден бет түзеуіне жағдайлары болмады және он жылдан астам қол үзіп қалған қоныстарының кімнің иелігінде кеткенін білмей бірден қайта көшіп баруға корыкты.

Үшіншіден, үдерे көшіп барғанда күгінға түсін, тонауға ұшыраған елді күтін отырган ешкім де жок. Сондыктан елді шашау шығармай ұйымдаса отырып біргіндеп кошуді ойластыруды. Алдыңғы барғандар ата қоныстарын қайтарып алу үшін орнығып қалғандармен дау-шарға түсе келе зандастыруды. Рас болса Қ. Әбішевтің «Менің архивімде 1850-1868 жылдар арасында келген көптеген адамдардың тізімі бар. Сонын көпшілігі Көшкін руынан» деген пікірінің шындығы осында жатыр. Яғни, 1850-1868 жылдар аралығы дегендеге бұл көшу 18 жылға созылған. Абыройы сол – Сарым-Өтеміс атасынан тараған ұрпақтан сол Шу, Тараз, Шымкент төнірегінде ешкім қалмай, елден шашау шықпаган. Алайда Қ.Әбішев айтып отырган осы тізім туралы жазу үшін өзіне бірнеше рет хабарласып, етініп сұрапанымызben «әнен-міне» деп сұттау айтып сөзінің күйрығын ұстаптайды кетті. Эрине, «өзім жазсам» дейтін гылым адамының пейіл-құшгарлығы да бар шығар. Сондыктан «Орталық Қазакстан» газетінің 2002 жылғы 4 қыркүйекте шықкан санындағы «Тарихи сабактастық» атты мақаласында жазған бұл пікірін дерекпен дәйектей алмай отырмыз. Көтерілістен соң сол 1850-1868 жылдар арасында келген ру-аталардың ата мекенінде қайта орналасуына байланысты накты дәлеліміз жок, ал ол тізім ел аузында сакталған оқиғаларды дәйектеуге бірден бір негіз болар еді.

Біз жазып отырган «Ағыбай батыр көтерілістен соң Тоқырауын бойына келіп аз уақыт тұрып, соナン соң Тайагқан-

Шұнақ, Тасаралға карай ығысқан» деген сөздің мәні мынада. Кенесары-Наурызбай өлімінен соң Ағыбай батыр қабыргалы Қарекесекті былай қойғанда, Әлтеке-Сарым болыстығына карайтын ел-жүртты тастап, олардын бұрын келіп өз шұбыртпалысымен Бегазы-Желтаудың бауырына келіп тығылды. Оны жер дауына байланысты болғандықтан ел аузында сакталып келген мына бір тарихи ескі сез дәлелдей түседі. «Ағыбай батыр өз шұбыртпалысымен Тоқырауын бойына мұлде орныгу үшін, «бұл жер бұрыннан біздің мекен дегенге» дәлелге келтіруге өзен бойындағы Көшкін атасының Ақтұмсықтағы үлкен бір тоганының басына түйенің ку басын алдын ала көмдіріп кояды. Себебі, бұл аймақ бұлардың бұрынғы ата мекені емес. Көтерілістен кайткан ел қайтсе өз атақонысына оралары анық. Қордай-Шу бойынан ұйымдаса жылжып көшіп келген Сарымның Өтеміс үрпагы бұрынғы атамекеніне келсе, шұбыртпалылар жайлап алған. Содан қоныс таласынан жер дауы туады. Сонда өз айла-кулықтарын дәлелге алғысы келген Ағыбай батыр бастаған шұбыртпалылар «бұл жер атамзаманнан біздікі» деуге дәлелге келтіру үшін сол түйенің ку басы көмілтген тоганының басын казуды дәлелге тартады. Қазып жіберіп караса, шыға келген түйенің басы әрі кетсе үш-төрт жылдан аспаган бас сүйектің канқасы болып шығады. Жер дауы екі рудың арасында болғанмен, билік шешімге тайпа басшылары ғана емес, ара ағайыннан да белді өкілдер қатысатыны анық. Ел арасында «Құлсары-Құлық» бір туған» деген сез бар. (Көшкін - Құлсарыдан жалғыз туған. Ж.С.) Осы ру би-басшылары бұл жөнсіздігін айттып, Ағыбайға ел арасын бұлдірмей, жерді босагуын талап етеді. Ағыбай батыр оған да көнбекен екен. Сонда накты жер иесі Сарым-Өтемістің екі батыр жігіті (есім-сойларын білмей отырғанымыз өкінішті. Ж.С.) Ағыбайдың екі жағынан тұра қалып, алқымына садақ оғын кезеңіп:

– Ақиқатына жығыл, айтесе ажалың тұра осы жерде, - деп көзсіз өжеттік жасапты. Аямасқа бекінгенін анық таныған Ағыбай канша батыр болса да, амалсыздан шындықты айттыгы».

Осы ескіден қалған деректі оқиғаны А. Тұғанбаев ағамыздан жазып алдым. Рас, ағамыз өз қаына тартып, «Ағыбайға садак кезеген тобықтының батыр екі жігіті» дегенімен, бұл шындыққа ұшқары пікір деп ойлаймыз.

Біріншіден, кенес дәуірі орнағанша Дадан Тобықтылар Желтау, Жіңішке өзені мен Сарытерек манайына аяқ басқан жок.

Екіншіден, Дадан Тобықтының кейінде аяқ астынан пайда бола қалған кейбір өлкетанушы-тарихшысымактары қанша дәріптегенімен, бұл рудың егіншілік өнері «Бес жындының тоганынан» асқан емес.

Осы сөзді кітаптың тағы бір-екі жерінде келтірдік-ау деймін, білмейтіндер үшін жаза кетейік. Тоқырауын бойындағы Сарым елінің егіншілік дәстүрінен үлгі алғысы келген. Тобықтының бір атасының бес ағайынды жігітінің үшеуі өзен жағасынан тоган тартып, егін салғысы келіп игілікі жақсы іс бастапты. Үш ағасының осы бастамасына екі інісі қатты қарсы болады. Ағалары күндіз азантанып қазған тоганды, олар тұнімен жүріп қайта көміп тастап отырышты. Бұл жер казіргі Нарманбет ауылынан Айыртас елді мекеніне қарай 5-10 км. шамасында жатыр. Тоганның қазіргі кездегі тереңдігі кісі бойындей, ал сол кездегі тереңдігі шамамен түйе бойынан кем емес болған-ау деп шамалаймыз. Сондықтан Ағыбайға садак кезеген екі жігіт тобықты руынан болуы еш мүмкін емес. Өйткені шұбыртпалылардың көтерілістен сон барып орнықкан жері Дадан Тобықты мекен еткен жер аймагы емес. Оған Ә.Бекіхан мен Қ. Әбішевтің жоғарыда келтірген «Сұлтандар бұл жерге келгенше, оны онтүстікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендерген» сөздері айқын дәлел.

Көшкін руын нақты тоган басы жер иесі деп отырганымыз, Қ. Сәденов өзінің «Аулым – Жаланқестің Қызылтасы» (2016) кітабының 32-бетінде Құлық руы аталарына Бегазы тауынан бастап Жіңішке өзенінің екі қабагын, Тоқырауын бойын еншілеп беруге үмтүлғанымен, қалай дегенмен де Тоқырауын бойында Құлық руының аталарының егін салған үлкен тоган атаулары атымен жок. Бұл туралы толық білгілізкелсе, А. Қалымбергеновтің

«Орысбай тоганы» (Караганды: Арко, 2017) атты кітабын қарап көріңіз. Болмаса 2005 жылғы «Тагылымга тагзыым» еңбегіміздегі «Аға үрпақ тагылымы» атты мақаламен танысыныз. Сонда Тоқырауынның Сарытерек пен Актұмсық арасындағы екі жағалау қабағында 10 тоган, 3 дірмен болғанын жазғанбыз. Атап айтсақ, Қойлыбай тоганы, Рысбай тоганы, Қабанбай тоганы. Бегетай тоганы, Орысбай тоганы, Шақабай тоганы, Тұлкібай тоганы, Қазыбай және Шиманбай тоганы, Елубай тоганы және тағы басқа шағын тогандар атакты Ақбидай, бесбас бидаймен қоса, қожа бидай, ақ бикеш, қызыл бидай, тары, арпа осірген. Қасымбек, Сенбай. Дұйсенбек деген қолы шебер адамдардың дірмендері үн тарткан. Нұра, Тоқырауын, Қотанабұлак. Балқаш, Кәрсөн-Керней болыстығындағы халықты нанмен қамтамасыз еткен. Бұған Тоқырауынның Жайдак деген жеріндегі Рұстем төре мен Жіңішке өзені бойындағы төрелердің 3 тоганы мен дірменін косыныз. Ел-жер тарихында егіншілікті дамытуда ерен еңбек сінірген осы тогандарды жер мен судың ерекшелігін тап басып тани алып, су бөгетін салушы, ыждағатпен пайдаланушы тұлғалар ел санасынан өшіп, атаусыз қалып бара жатқаны өте өкіпішті. Халықтың ең жаман қарғыс «Озің білме, білгеннің тілін алма» дейтіні дұрыс-ау осы. «Ақтогай. Энциклопедия» атты кітапты шығарушы дилетанттар елдің егін шаруашылығындағы осындай тұлғалар мен тогандарды агаусыз қалдырып, оның орнына бұрын билікте болғандар мен қазір отырғандардың әке-шешесін, бауыры мен баласын тықпалау кателіктеріне бой алдырган. Мұны жазбасқа амал болмады, себебі ондағы ойымызда Ақтогай ауданының құрылғанына 100 жыл толу мерейтойы кезінде ескерілсе деген тілек жатыр.

1856 жылы Шұбыртпалы руы старшинасы Садыр Шолаков пен би Ағыбай Конырбайұлы өз қарамактарындағы 188 шаңырак елін Кәрсөн-Керней болыстығы еліне көшіруге рұқсат сұрап, патшалық экімшілікке өтініш-хат жазуының осындай тарихи себептері бар. Себебі өтірігі әшкөреленген Шұбыртпалылар бұл «Әлтеке-Сарым» болыстығында сінді кала алмайтын еді

де, амалсыздан Кәрсөн-Керней болыстығы елінің қарамағына көшүге рұксат сұран өтініш жазуга мәжбүр болды.

Ә.Бекейхан 15 томдық жинағының III томының 233-237 беттерінде Акгөй торелерінің Токырауын бойына келіп орналасуы турасында жаза келіп, «Сұлтандар бұл жерге келгене онтүстікке кеткен Шұбыртпалы руы мекендеген» деп жазуының себебі де осында жатыр деп есептеуге толығымен болады.

## V тарау

### ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН ЕСІЛ ЕРЛЕР

1837-1847 жылдардағы Ресей империясының отарлық саясатына карсы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс аяусыз талкандалғаннан кейін Токырауын бойын жайлаган елде бірден тыныштық орнай қалды десек, қателескен болар едік. Ұлт азаттық соғыс басылғанмен де жекелеген ерлер отаршылдықка карсы күресін тоқтатпаған еді. Соның бірі Құдайменде батыр өз серіктерімен Ақмола, Қарқаралы, Аягөз аралығында тынбай әрекет етіп, орыс үкіметінің бүйіріне сұр жебедей кадалған. Орыс отаршыларының құлдық қамытына басын имеген батырдың күгінга тұсу і мен ажал құшуы туралы ел арасында бірнеше нұскадагы аныз-әпсана сакталып қалған. Қобі жазылып алынып хатқа түсті, түрлі кітаптарға кірді. Олардың негізгі мазмұны бір болғанмен, айтушы және жазып алушының жеке көзқарасының ықпалымен әр түрлі сипаттағы деңгейде беріледі. Біз оларды ретімен түгелдей келтіре отырып, шындығын таразыға тартуды оқырманның өз еншісіне қалдырамыз.

Солардың басым көпшілігі - Құдайменде сұлтан Газин мен Құнанбай төнірегіндегі әңгіме. Оған патша жендегтері мен оларды колдаған ел басыларына ұстаптай, ел арасын паналап жүрген «Тентек торе» атанған Құдайменде Газин мен көтеріліске қатысқаны үшін сottы болып, айдаудан екі рет қашып, үшіншісінде темір кісеннен босау үшін екі өкшесін кесіп тастал, елге оралған Сарым-Құлық руынан шықкан Бабеке батырды ұстап бермеуі накты дәлел. Құдайменде Газиннің Желтаудагы «Жекежал» қыстауына жайлаган Ақтогайдагы төрелерден шыққанын жоғарыда жаздық. Жасыратыны жок, көтерілістен соң Бекейханнан тараган бүкіл сұлтандар әuletі биліктен ығыстырылып, Қуандық, Қарәкесектен аға сұлтан болуға бірде бір адамға сенім білдірілмеді. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында: «Алшынбай – бүкіл Қарқаралы бойындағы беделді би. Оған

дау-жанжалдарын шешү үшін тайпа-ру болып келіп жатады. Алшынбайдың колдау таппаган Құсбек төре ага сұлтандықтан айрылыды» деп жазады. 1849 жылы Тобықты Құнанбай карадан хан шығып Қарқаралы окурғіне аға сұлтан болғанда, Қ.Ғазин мен Бабекені ұстатуға араласты.

Әскери жасактар мен тыңшыларды былай қойғанда, ол Дадан Тобықтыдағы Құланшы атасынан Мәнжігүл батырды көндіріп, Құдайменде сұлтанды ұстауды катты тапсырган. «Ұстап әкелмесен, жаза колданамын» деп те күш көрсеткен. Тұтындалап берейін десе, сұлтанды колдаган бүкіл ел назасынан сескенген, ұлт азаттығы үшін құрлескен батырлығын ерекше қадірлеғен, ұстамайын десе. Құнанбайдан жасқанған Мәнжігүл батыр жасырынып жатқан жеріне келіп, сұлтанның өзімен ақылласқан. Сонда сұлтан: «Құнанбай қазір билік қолында тұрған соң ешкімнен де корықпайды, ол - діншіл адам, құдайдан ғана коркады. Сен «Ұстагтырган да Құдай, босаттырган да Құдай» деп айтып бар» деп үйретеді. Солай деп айтып барғанында Құнанбай: «Бұл сенің сөзің емес, сұлтанның өз созі гой», - деп батырды жазаламай жіберген. Бұл біздің Ақтогай топырағындағы шежірешіл карттардан жеткен соз. Ол - ел арасында ең көп тараган және негізгі бірінші нұсқа. Осы Құдайменде сұлтан, Құнанбай және Мәнжігүл батыр арасындағы бұл оқиганың хатқа түсken бұдан басқа тағы төрт бірдей варианты бар. Оларда негізгі оқига жүйесі мен басты кейіпкерлері сакталғанмен, аздаган өзгертулермен баяндалады. Бұл туралы екінші нұсқасын білгініз келсе, С.Кенжекараұлы «Дадан Тобықты (Омір) шежіресі» атты еңбегінің 248-бетінде ел аузында сакталған мынандай құнды деректі көлтірген. Оны сол қалпында толық берелік:

«Мәнжігүл Шегірұлы Ебескі (Құланшы) Шагыrbай тармагынан. Өз руын басқага басындырмаган, басынан дүшпан сөзін асырмаган. Досқа мәрт, жауга серт, әрі батыр, әрі балуан күш иесі болған. Құнанбай қажымен замандағас, сол кісінін тапсырмасын көп орындаған, бір-бірімен іштей сырлас кіслер. Мәнжігүл батыр құнделікті тұрмыста кен, ағайын-туысқа, көрші-

коланға жайлышы, ел ортасында беделді кісі болған. Кенесары көтерілісін іштей қолдап, ретті жерінде демең отырган. Бұл көтеріліс женилген соң Кенесары батырлары құғынга түседі. Солардың бірі - төре Құдайменде. Оны ұстауды патша әміршілері Қарқаралы дуанының аға сұлтаны Құнанбай мырзага жүктейді. Құнекен Мәнжіғұл батырды шақыртып алғып, Құдаймендені ұстауға жұмсайды.

— Байжомарт батырдың Сырлыжак атын алғып беріңіз. Ұзак жолға басқа ат жарамайды, — дейді Мәнжіғұл.

Қапылыста қолға түскен Құдайменде:

— Мені орыска киясын ба? — десе керек. Батырды орыс бұғауына қимаган Мәнжіғұл:

— Маган не істе дейсін? Жөнін өзің айт, — дейді.

— Құдаймендеге күшім жетпеді. Ұрып жығып, атымды алғып кетті дегейсін Құнанбайға, — депті.

Сөз осыған байланыпты. Атын беріп, Мәнжіғұл елге оралыпты. Екі батырдың ауыз бірлігін түсінген Құнекен әңгімені одан әрі терендегеген екен».

Ал осы оқиғаның үшінші бір нұсқасын Кәмел Жұністегі 1998 жылы «Парасат» журналының №5 санында жариялаған «Жақсы Жәкең» атты мақаласында сөз етеді:

«Құдаймендені ұсташа үшін жандарал Құнанбайға да сөз салды. Құдаймендемен іштей тілекtes Құнанбай амалы қалмай бұл іске Мәнжолды жұмсаса да, астыртын Құдаймендеге де «сактансын» дегенді жеткізген. Сырлыжак жүйрікті мінген Мәнжол Құдаймендені күшіп жеткенімен де, орыска ұстал бермей, Сырлыжакты батырга беріп, кері оралған. Құнанбай алдында кінәлі сезініп, оның бетін көре алмай жүрген Мәнжолға Жаңғұтты: «алдына бар, ол діншіл еді, не десе де «құдайдан да» дей бер», — деп ақыл үйреткен. Алдына келген Мәнжолға Құнекен:

— Сырлыжакты міндің, — десе,

— Құдайдан да, — дейді Мәнжол.

— Құдаймендені қудын.

– Кууым да күдайдан да.  
– Неге ұстап әкелмедин?  
– Ұстамаум да күдайдан да. Сонда Құнанбай:  
– Эй, сенен мұндай сөз шықпаса керек еді, ана Жангүтты үйретіп жіберген екен гой» дегі. Елінің азаттығын аңсаған кайран ер Құдайменде соғысып жүріп, Үштөбе деген жерде қайтыс болған». Оқып отырысқындар, мұнда Мәнжіғұл батыр – Мәнжол болып, ал Құдайменде сұлтанның сөзі Жангүтты биге телініп кеткен.

Бұл оқиға туралы кітапқа түскен тортінші пұска да бар. Ол А.Нұрбековтің әкесі туралы шығарған «Мәнгілік тұғыр» атты естелік кітабында «Мәнжіғұл батыр мен Құдайменде» деген тақырыпта жарияланған. Оны автордың әкесі Нұрбек Бекеев жазып калдырыған. Бұл нұсқада автор оны кімнен жазып алғандығын айта келіп, оқиға жүйесін белай баяндайды:

«Қарқаралыда тұратын зейнеткер Үрзахан Эмірханов бұл хикаяты менің сұрауым бойынша айтып берді. Ел өзіне керегін ала жатар.

Мәнжіғұл - Тобықтының Құланшы бұтагынан шыққан батыр. Құдайменде болса, Солтангазы төрениң үлкен баласы. Сол Құдайменде Бесата елінде казы болып сайланып, елге тынышсыз болыпты. Кесірлі болып кара халыққа маза бермепті. Көрікті қыз-келіншектің сонына түсіпті. Содан Бесата баласы наразы болып, Құдайменденің шанырагын ортасына түсіріпті. Майқы жігітері оргаларынан бір кой шығарып, оның канына қолдарын малып, Құдайменdedен күтылуға сертгеседі.

«Құдайменде казы болып тұрып кісі өттірді» деп қағаздал Қарқаралы оязына арyz түсіреді. Ояз жауапқа шакырса бармайды. Сейтіп қашақ болады. Әулие, Қызылтас, Қызыларай жерінде бұқпантайлап жүреді. Құдайменде батыр атанады. Сол Құдайменде Тобықтының Байжомарт байымен егес болады. «Сені шабамын» дейді торе баласы. Бай сасады. Мені корғаса Мәнжіғұл коргайды деп саларға шығады. Өйтегіні араларында өкпе-реніш бар екен. Содан ағайындылар арыздасып, татуласады. Бай

батырга астындағы Керкұла деген жүйрігін береді. Байжомартты шабуға ниеттенген Құдайменденін сонынан Мәңжіғұл батыр түсіп береді. Бір жардан секіргенде Құдайменде төре аттан түсіп қалады. Мәңжіғұл жетіп келсе, төре жылап коя береді.

Енді батыр ойланады. Әрі ойлап, бері ойлап астындағы Керкұланы береді. «Құдайменде аттан жұлып алды» деп айтамын дейді. Артынан Байжомарт бай да жетеді. Жаяу қалған батырды көреді. «Бұл қалай?» демейді. Батырдың түсіп қалғанына сенбейді.

Бай батырды өлтірем деп ана құдықтың басына бір барады, мына құдықтың басына бір барады.

– Сен мені шынымен өлтірмекшісін бе? - деп сұрайды батыр.  
Сонда бай:

– Жоқ, сені әдейі коз қылып келе жатырын. - дейді. Батыр жылап коя береді. Бай мен батыр осылайша татуласады» (34-бет).

Ал осы ел арасына кен тарап, ұмытылмай сакталып келген бұл оқиғаның бесінші нұскасын шежіреші кария Т. Жақсыбайұлы өз «Шежіресінде» (1999) біршама жатық және ақиқатты түрде жазады. Актоғайдың төре үрпактарын таратта келе, шежіренің 255 бетінде «Тентек Құдайменде туралы бір ауыз сөз» деген косымша берген. Ол мынандай:

«Құдайменде ел аузындағы азыздарға қараганда өте тентек болған дейді. Өзін жауларынан қорғап жүретін сарбаздары болыпты. Әкесі Солтангазының кезінде орыс патшасынан алған шені де болған. Құдайменде орыс патшасына өш болыпты. Құдайменденің екі орыс офицерінің басын кесіп алғаннан кейін, оны орыс патшасының қолына ұстап талсыру үшін қазактың ага сұлтандарына арнайы тапсырма да беріледі. Әлбетте халық өзі жаксы коретін азаматын қыран құска, аспандагы айға теңейді. Әрине оның бәрін бірдей шындыққа жанаспайтын жактары да болатынын естен шыгаруға болмайды. Алайда әңгіме - азаматқа деген халықтың сүйіспеншілігінде.

Атақты Құнанбай аға сұлтан кезінде Құдаймендені қаншама рет шақырса да алдына келтіре алмалты. Құнанбай Тобықтының

атақты батыры Мәнжігүлға Құдаймендені ұстап әкелуді тапсырады. Құдаймендені іздең шыққан Мәнжігүл Балқаш көлінің маңын шарлап келе жатып, сексеуілге атын байлап койып, шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан Құдайменденің ұстінен түседі. Мәнжігүл Құдаймендеге өзін ұстап әкелу үшін іздең шықканын айтады. Босатып қоя беруге Құнанбайдан коркатынын, ал ұстап әкетейін десе халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, атағы да, батырлығы да ел арасына тараған кеткен данкын қадірлелітінін айтады. Сонда Құдайменде сұлтан ойланана келе:

– Құнанбай - құдайшыл адам. Ұстагтырган да Құдай, босаттырган да бір Құдай, - деп айтып бар дейді. Мәнжігүл батыр кайтып келіп осының бәрін Құнанбайға айтады. Сөнда Құнанбай:

– Бұл сенің сөзің емес. Құдайменденің сөзі гой, - деген екен».

Осы сонғы нұсқа біз білетін және бір кездे жазып алған алғашкы нұсқаға жақын әрі нақты. Құдайменде сұлтан мен Мәнжігүл батыр арасындағы оқиға әр айтуши мен оны хатка түсіріп жариялаушы тарағынан өзгеріске түсіп кеткен. Оның 2-4 нұскаларындағы бір кездегі хан-сұлтандарға деген теріс көзқарас пен «канынатартлағанның каны шықсын» деп өзаталасының атын оздыруға бейім тұратын қазақылық мінезді де жокқа шығаруға болмас. Қарқаралылық зейнеткер Үрзахан Әмірханов Кенесары-Наурызбаймен қапталдаса жүріп ұрыска кірген, көтерілістен соң өзін ұстаяға келген екі орыс офицерін лақша бауыздап, басын кесіп алған Құдаймендедей батырды шыбын жаны үшін «жыларатып» койған. Сол күн жан үшін елі құрметтеп Түркістандағы Қ.Иассауи кесенесіне апарып жерлеген Мәнжігүл батыр да «жылал қоя береді». Эрине, осыны айтуши адамда да жазық жоқ, кенес дәуірінде барша қазаққа хан-сұлтан мен бай-бағланын жамандатқан таптық көзқарастың кесірі тиіп тұргандығын ангару кын емес. Елдің биін – баспак, батырын - саспак, төресін - оспақ қылған кенестік идеологиядагы нашар көзқарастан әлі де толық арылып болдық, тұлғаларымызды танытуда кем-кетікті толтырыдық дей алмасақ керек. С.Кенжекараұлы мен К. Жұністегі өзаталасының атағын шығаруға деген ұмтылышына да кешіріммен

карау керек шыгар. Сонда да кім де болса ақиқаттың ауылышынан алыстамаганымыз дұрыс. Себебі қандай да болса «хатқа түскенді балталап өшіре алмайсың» деген сөз бар. Келешек үрпактың қандай таразыға тартарын да кеперде ұстау керек.

Ырзахан Эмірханов айткан «Содан Бесата баласы наразы болып, Құдайменденін шанырағын оргасына түсіріпті» деген пікір мүлде шындыққа жана спайды. Керісінше Әлтеке-Сарым мен Бесата баласы Құдайменде сұлтанды патша жендертерінің ұстаудың барынша қорғап, қажет жерінде хабар беріп құтқарып отырған. Мұмкін Бесата баласынан өзін ұстауга белсене кірісken жандайшаптарға Құдайменде сұлтанның тізесі батқан да шыгар. Қалай дегенмен де бүкіл ел болып құбынға шықты деу ақылға сыймайды. Бұл жерде Кәрсөн-Керней руының төре тұқымын ұстамаған ел екені де кеперінізде тұрсын.

Қарқаралы окургінің әскер бастығы Карбышевтің осы 1838 жылы 7 қыркүйегінде Ақмола және Қарқаралы окургтерінен Кенесары ханға қосылған тайпа-рулардың атаулары мен мекендерін көрсеткен рапортында «Каракесек Бесата болысы (мәтінде – Биш-ата Каракисетская) және болыс Байсейіт бастаған Керней болыстықтары бар» деп көрсеткен дерегі бойынша Бесата балалары Құдайменде сұлтанмен бірге азаттық жолындағы қүресте бірге болған. Шындығында Құдайменде Газин Кенесарымен котерілісте бірге болып, ол жеңіліс талқан соң да өмірінің соңына дейін патша үкіметіне багынбай кетті. Ел арасында тәуелсіздік үшін құрескен Құдаймендені Байсейіт би өзі де, баласы Нұрлан да, кәрсөн Есептің Қөпбайы да, Әлтеке-Сарымның болысы Құшікбайдың Дәuletі де соңына дейін қолдап, оны кейде ел ішінде жасырынып келіп, конактап жатуына жағдай жасаган. Осы үшін Есептің Қөпбайын, Байсейіттің Нұрланың, Құшікбайдың Дәuletін 1855 жылы сотқа тартып, Қөпбайды заседательдіктен, Нұрлан мен Дәuletті болыстықтан түсірғен. (КР ОММ. К-345, Т 1, 1-1698, 51-папка).

Шет ауданының тумалары «Кекбөрі Керней» шежіресін жазған журналист-жазушы Т. Майбас пен тарихшы ғалым

М.Жакиннің макалалары мен кітаптарында Байсейіт болыс пен оның баласы Нұрлан мырза туралы терендете зерттелді. Сонда Құдайменде сұлтан күгінга түсіп жүрген кезінде Нұрлан мырза оған көп көмектесіп, қамқор болғаны, сонын салдарынан құдікке ілініп қамауға алынғаны туралы да деректер молынан кездеседі. Оны ел аудында сакталған мына әңгіме де дәлелдей түседі.

Байсейіт би баласы Нұрлан істі болып қамауға алынғанда артынан күшті уезд оргалығына барады. «Анық-қанығын тексереміз» деп патша шенеуіктері істі созбалакқа салады. Байсейіт би басқа да әділдік іздегендермен бірге оязға кіру үшін босағасын күзetedі. Қанша өтініш жазса да ұлық кабылдамайды. Осылайша бір күні есік алдында топ адам арасында сарылып отырганында ояз кенсесінен Шорманнның Мұсасы шыға келіпти. Сонда Байсейіт би:

— Өй, Мұса, жақсылығынды Баянауылға ала кетпе! — деп қарты айғай салығты. Жалт қарап, Байсейіт биді таныған Мұса сәл бөгеліп тұрыпты да, оядың кенсесіне кайта кіріпти. Біраздан соң шыққанында:

— Болады, Байеке, болады, - дегіп де ағтанып кетіпти». Міне, Байсейіт би баласы Нұрланды бір ауыз сөзімен сottалып Сібіріе айдалудан осылайша аман алып қалыпты. «Нұрланды босатып алу Байсейіт биге бір тайтұяқ алтынға түсіпті» - деген де сөз бар. Байсейіт бидің алғырлығы - салмақ салатын адамды тап басып тануында. Атағы Мәшіұр Жұсіп Қаратаяға әулиелерді зиарат қыла барғанында айтқан: «Қылшак - Ыбырай, Тобықты - Құнанбай, Тортуыл - Қаржас - Мұса - казак маңдайына не ғып сыйып жүрген жандар екенін білмеймін! «Шыңғыс - орыска жуық, мұсылманға сұық» - деген. «Қылшак Ыбырай - кажымас кара болат!» - деген. «Тобықты Құнанбай - биік шыңның басынан шықкан қайнар бұлак!» - деген. «Қаржас Мұса қабыршағы жоқ, жып-жылмагай, колға тұрмас кара балық!» - деген. Себебі Мұса деген кісі заманындағы жандардың ішінде жоргасы болса керек». Ендеше Мұса мырзаның орыска жақындығын білгенінің арқасында ғана баласын айдаудан аман алып қалып отыр.

Ел жадындағы осы создің тағы бір нұсқасын жазушы Т. Майбас «Оныншы ауыл. Шежіре кітабы» еңбегінің 72-бетінде: «Эсіресе Нұрланның үстінен арыз кардай борайды. Құнанбай оны қаша қамағтығранмен Байсейіт сонша рет шығарып алғып отырыпты» деп келтіреді.

Бұған нақты дәлелге КР Мемлекеттік орталық архивте сакталған мына бір құжатты келтірелік:

«1855 г., 31 января, 6 - Предписание Военного губернатора Областному правлению сибирских казахов.

Господин командир отдельного Сибирского корпуса от 27 января сообщил мне, что по данным им секретным предписаниям начальнику Каркаралинского отряда и тамошнему Приказу обвиняемые в укрывательство Худайменды Газина показаниями киргизов, захваченных сотником Фроловым в ауле сего султана, заседатель от киргиз Кокпай и волостной управитель Карсен-Кернеевской волости Нурлан Байсейтов содержатся арестованными в Каркаралах на гауптвахте; а для удостоверения как в справедливости сего извета, так как и в справедливости подозрений, возбужденных бывшим начальником Каркаралинского отряда войсковым старшиной Евреиновым на старшего султана Тулеке Турсынова о соношениях его с Худайменды Газиным, командирован был чиновник особых поручений Главного управления Западной Сибири Карбецкий.

Из произведенного сим чиновником секретный удостоверения оказывается:

1. Что управитель Нурлан Байсейтов и заседатель Кокпай действительно были близких сношениях с Худаймендой Газиным и содействовали ему укрываться от преследований наших отрядов.

2. Что старший султан Гулек Турсынов, хотя и на изобличается в непосредственных сношениях с Худайменды Газиным, но тем не менее брат и другие родственники Турсынова имели свидания с Газиным и следственно можно заключить, что о пребывании сего беглеца в округе старшего султану было известно.

3. Что о письме старшего султана Тулеке и Худайменде Газину, перехваченном войсковым старшиной Евреиновым нельзя положительно сказать писано ли оно самим Тулек или подложно, и султан сей отзвался, что он грамотны не знает.

4. Что почти все киргизы Каркаралинского округа знали о пребывании Худайменды в семье округе и что, вышепоименованных должностных лиц, способствовал также укрывательству его и управитель Алтеке-Сарымовской волости Даulet Кучукпаев.

По собрании сих сведений Его высокопревосходительство предлагает мне: заседателя от киргиз Копая и управителя Карсен - Карнеевской волости Нурлан Байсентова освободив из под ареста сменить с занимаемых ими должностей и предписать Приказу распорядиться о выборе вместе их других ордынцев, более благонадежных. Равным образом сменить и волостного управителя Алтеке-Сарымовской волости Даулета Кучукпаева; старшему султану Тулеке Турсынову сделать строгое замечание и внушить ему, что повторство лицам подобным Худайменды Газину, преследуемым Правительством за сделанные ими преступления, не непростительно не только должностному лицу, но и всякому подданному Его Императорского Величества и что Его высокопревосходительство снисходит к его поступку в настоящем случае единственно уважения к его молодости и внимания к носимому им званию старшего султана, но что восстановит прежнее доверие начальства он может нeliцемерной преданностью к Правительству правотой своих действий и неограниченным усердием к пользам службы.

*Генерал-майор Фон Фридрихе (подпись)*

*Секретарь (подпись)*

*ЦГА РК, Фонд -345 он 1, д. 102, л. 1-2.*

*(Караңыз: Шығыс Сарыарқа.*

*Карқаралы өңірінің откені мен бүгіні. Алматы: Эвро, 2004).*

«Сөзден сөз туар» демекші, әнгіме Керней Байсейіт би мен оның жалғызылы Нұрлан мырзаның Құдайменде төреге жанашыр болуынан шығып кетті гой. Байсейіт би мен Құнанбайдың текеңіресі ұзакка созылды. Оған да басты себеп – көтерілістен кейінгі Құдайменде төренің тағдыры. Кәрсөн - Кернейде Байсейіт би - малды бай, әлді тұқым. Ол кезде сотқа тарғылудың көбінде түрлі рулаар арасындағы барымта жасаудан туындайтын қылмыс көп болған. Нұрлан – Атымтай Жомарт атанып, ырысына біткен ак адат малын таратумен аты шықкан адам, оның ұры ұстап, барымта алушмен жұмысы болмаган. Аға сұлтан ретінде Құнанбай орыс ұлыктары тапсырмасымен Құдайменде төренің сонына тұсті. Нұрлан мырза қорған болды. Сондыктан оның кайта-кайта істі болып, жаламен абақтыда отыруының басты себебі осы Құдайменде төреге байланысты десек дұрыс болар. Барымта-сарымта, ондағы кісі өліміне құн дауы болса, Нұрлан мырза жазықты деп табылып жер аударылар еді. Құдайменде төреге байланысты накты дерек, бұлтарғпас айғақ кемшін болған соң, билер соты да, орыстың әкімшілік соты да жаза кесуге бара алмаган.

Құдайменде төре сонына Құнанбай құғын салған соң, оның аға сұлтан болуынан бері карсы болып, қыргиқабак келе жатқан Байсейіт би мен Нұрлан мырзаның елінен пана іздемегендеге кайтеді! Ақтогайдың Қызылпасты паналады, Сарытеректен Балқашка қарай жолдагы Қошкін Тоқабайдың «Қараشوқысының» Кенелі жақ бетіндегі «Құдайменде биігі» аталатын құзды шатқалдың бүгінде аты ұмытылған, санаулы адамдарға наға біледі. Ақтогайдың қандас төре ауылдары аңдулы, тек астыртын байланыс болмаса, аяқ та баса алмайды. Дадан Тобықты елі боса-болмаса Құнанбайдан бір елі аса алмайтыны анық. Сондыктан да Құнанбай жансыздарды осылардың арасынан іздеді. Оның тапсырмасымен Мәңжіғұл Шегіров пен Байсары Жанықұлов бастаған дадан тобықтылар төренің сонына шам алғып тұсті. Бұлар «Тентек төре» қазасынан кейін де Қарқаралы сыртқы окурғінің заседателі Трусовка ел арасындағы жансыз ретінде

аянбай қызмет жасады. Оны мына мұрагат құжаты дәлелдейді. (Бұл құжаттың толық нұсқасымен танысамын десеніз мына зерттеуді қаралызы: Аршабеков Т.Т., Алдабаев Н.Ж. Кенесары жорығы ізімен. Қараганды: Литера ЖШС Баспасы. 2015. 217-221 беттер). Құжат орыс тілінде және ұзак болған соң қажет жерлерін кысқа ғана түрде түпнұсқамен бердік.

**Секретно.**

**Его Превосходительству Управляющему Должность  
Военного Губернатора Сибирских Киргиз господину и  
Кавалеру Фон-Филрихуот Засадателя Каркаралинского  
Внешнего Окружного приказа Турусова**

**Рапорт**

Разведывая, от кого именно вышли слухи, я узнал что 5-го числа сего месяца приехали в Қаркарулар в нескольких человек киргизы Надан-Тобуктинской волости 6-того числа утром из них бий Манжугул Чегиров и киргиз Байсары Джаныкулов предявили заседателю Свирцевскому, что к Абыбаю Конурбаеву приехали от сына Кенесары три человека с подарками и приглашают его приковывать в Карагату, и что г. Свирцевский к захвату лазутчиков не сделал никакого распоряжения, и спустя черыре дня, посылькою к Абыбаю аульного старшину Альтеке-Сарымовской волости Узака Куланов, за вызовом в Карагату его Абыбая.

Бий Манжугул Чегиров и киргиз Байсары Джаныкулов объявившие мною выше просили, чтобы имена их остались в тайне, потому что они не имеют большого состояния, не считаются в народе людьми очень значительными и будучи совершенно преданы правительству опасаются, что за открытие этой тайны навлекут на себя негодование и гонение от своих однороднее. Полученные мною от Чегирова и Джаныкулова сведения я даю полное подтверждение, потому что верность подданства Абыбая Конурбаева с его однородцами, привыкшими к набегам и хищнической жизни очень сомнительна, каково сомнение, как и удостоверения ныне разделяют многие киргизы».

Заседатель Турусов. Ноября 14 дня. 1855 года, Каркаралы.

Байсейіт би - Құнанбай аға сұлтандыққа түскенде, оған бүкіл Каракесек елінен өз Кернейін бастап жалғыз өзі қарсы шығып, бәсекелес адам ретінде Құшікбайдын Дәuletін ұсынған адам. Сондагы оның мына сөзі сақталып қалған. «Тобеде отырган жағалтайды жарда отырган жапалақ қалай басқарады? Қабырғалы Каракесектің билігін Маябоздың тобығына берді деген не сүмдүк? – деп шарт кетсе керек». (Т.Майбас. Оныншы ауыл. Шежіре кітабы. Алматы: Қазакпарат, 2007. 66-бет). Байсейіт бидің ерекше салмак сала менсінбей айтып отырган «Маябоздың тобығы» дегені не? Енді соган келелік.

Атакты Мәшіұр Жүсіптің әулиелігі мен білімдарлығына ешкім шәк келтіре алmas. Осы коріпкел бабамыздан «Маябоздың тобығы» туралы бір жазба сөз қалған екен. Дадан Тобықтыны былай койғанда барша, Тобықты руы өз ататері жайлы түрлі шежірелері мен жылнамаларында жазуға арлағанымен, шежірешіл Мәшіұр Жүсіп кария «Қара мес» атты қолжазбасында хатка түсірген бұл аныздық дерек ел жадында сақталып келгенін атап айтады.

«Бала күнімізде естіген сөз еді. Тобықты ұраны «Маябоз» деп. Ол қалай ұран болған десек, былай деуші еді:

– Бұрынғы заманда қазақ-қалмак жауласқан күнде қалмак женін, қазак қашып құтылған. Қояндей бір боз атқа мінген бір қатын қалмактан қашып құтылып, қазакқа келіпті. Байы қалмақта өліп қалған. Бұндағы қатынга бай боларлық азамат аз. Танымал-танысы жок осы қатын аяқсыз қанғып, қазақ арасында жүріп, өзі буаз, екіқабат екен. Балгерлік баксызық қылып, дерг қараш, қақырганы қайма алтын, түкіргені түйме алтын болып, ауру-сырқаулы айтпай біліп, сұрамай танып, өз аяғымен жүріп қарайтұғын болыпты. Мінгені қояндей ақ боз ат, озі күйлі, жуан, семіз, оның үстіне екіқабат, буаз болған соң қай ауылға барса да «Маябоз» келеді дей берген соң, «Маябоз» атаныпты. Өзі босанып, ер ұл тауып, баласының атын Елетан қойыпты. Енді сондай түпсіз, тексіз бала пайда болып, оның аты Елехан

болыпты.

Елетан, Елехан егіз козыдай болып өсіпті. Ержете бастаган соң қызыкты, сүйкімді, өнерлі болып, әркім қызыға бастапты. «Бала қылып аламыз» деп біреуіне біреуі кимай, Аргын, Найман, Коңырат, Қыпшак төрт арыс Орта жұз таласыпты. Сонда бұлар көп ортасында сөзге байлау, матау қылып, «бәйгеге ат қосайық, қай аттымыз озғанымыз алайық» деп, бәйгеге ат қосыпты. Аргының Ақтобық аты алдында келіп, Аргын алып, мұны «ак тобық аттың бәйгесіне келіп еді» деп баланың атын «Тобықты» койыпты.

Бұрынғылар айтуши еді: Ақсопының баласы Толыбай ұранды Қанжыгалы мен Маябоз ұранды «Тобықты» деп. Және казакта қалған бір сөз бар еді:

Елетан елге тенелді,  
Ешкі койға тенелді.

Бұл Елетан дегенді кім дегенде Тобықтыны айтады деуші еді. (Караңыз: Мәшіүр Жұсіп Көпесев. 2 томдық шыгармалар жинағы. 2-том. Алматы, Ғылым, 1992. 74-бет).

Міне, «Маябоздың тобығы» деген сөздің түпкі тарихы осында жатыр, оны сөз білетіндер өзі де түсінетін шыгар. Білмейтіндер болса, Байсейіт бидің бұл жерде «Маябоздың тобығы» деп отырганына, «Қалқаман-Мамыр» оқигасында Энет баба бастаган Тобықты Қалқаманды садақтың оғына олімге байлағанда, ол мініп шауып өткен ақбоз ат қосылып, ел жадында жаңғырды да отырды. Тобықтыға ұран болған «Маябоз» атауы кейінде мақсатты түрде ұмыттырылды, себебі «Маябоз» деген кім деген сұрақ тууы кәдік болды да, ескі тарих жаңғырып кететін анық еді. Тобықты шежіресін жазушылар осы ұран мәселесіне көп жақындармай, «Ұранымыз – Акжол, таңбамыз - көз таңба» деп жакауратып кететінін себебі де сонда. Содан да болар, тобықтылардың әрбір руы аруақ шақырганда амалсыздан өз атасының киелі адамдарының есімін айтумен шектеліп жүрген жайы бар.

Ал осы «Маябоз» атауын ел-жүрт білмеді, айтпады десек,

қателік болар еді. Қызыларайлық Майлық руының Мұқтар Әмірзаков деген адамы ауданда үзак жылдар бас дәрігердің орынбасары болып істеген Тобыкты Оразбек Ракымбековке нагашы болып келеді екен. Екеуі нагашы-жиен ретінде катты қалжындааскан болса керек. Керек десеніз, бір-бірімен хат жазу арқылы да әзіл айтыс жазысқан. Сондай скеуара жазба айтыстың бірі - аудан тарихында партиялық жолмен сырттан келіп елге баскарғандардың кезінде өзіміз күэ болған мына бір келенсіз оқигасына байланысты.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшы Жаманқұл Шайдаровтың ет пен жұн тапсыру жоспарын асыра орындау үшін, карапайым кара халықтың жеке малын машинамен ерістен құдырып әкелін каматып, ауылдық кенестің тізімінен артық малды етке өткіздіртіп, 1928 жылғы қампескенің екінші түрін жасағаны ел жадынан алі ұмытылған жок. Соның арқасында «ауыл шаруашылығының қай саласында болмасын ете талантты үйімдастыруши, білгір маман екенін танытқан Ж.Шайдаров 8 және 9-сайланған ҚазССР Жогарғы Кеңесінің депутатығына сайланды. 2 мэрте Еңбек Қызыл Ту. «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапаттағы». (Актогай. Энциклопедия. 2018. 596-бет). Ұрнактары «Заманының зангары» атты естелік кітап шығарып дәріптеген осы партократ хатшыны және 1969-1978 жылдары аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, атқару комитетінің төрағасы болған Жұмаділда Үйдіровас туралы шындық сүйеттін, ақиқатын айтатын ел азаматтары жақсы атай қоймайды. Міне елу жылдан аса уақыт өтті, мына бір сөзді ел алі де естен шығармай айтып жүр. Ж.Үйдіровас басқа жакка қызметке кетіп бара жатканда, ел азаматтары жол жоралғысы салтымен шығарып салады. Сонда қолындағы аракты ішкен болып ишігінің үстінен артына төгін отырғанын корген бір азамат:

– Эй, Жұмаділда, елімді бынап бітіп едің, енді кететін болсан, жерімді бынамай кет, - деп бетіне айтып салыпты. Бұл сол партократтың елдегі он жылдай жасаған жұмысына берген

халыктың бағасы десе де болады. Сол кезеңдегі тоталитарлық биліктे болған олар туралы қазірде шетпұшпактап жазылып та жатыр. Бірақ барлық ақиқат ел-жұрттың жадында. Тарихтан асқан сыншы жок. Зерттеуіміздің басты максатына жатпағандықтан оған теренделеп баруды жөн санамаймыз.

Тұрмыс-тіршілігі үшін асырап ұстап отырган күш-көліктік малынан және өз отбасы мен қалада тұратын баласына соғымға союға дайындал жүрген ырзығынан айырылған халық қатты киналды. Райком хатшысының осы бір зорлығына наразы О. Рахымбеков «әділет үшін құрескөр едің гой, осы озбырлыққа қарсы аұзың неге буылды, тілің неге кесілді, шындықты неге айттайсын» деген мазмұндағы төрт шумак өлең шығарып, нағашысы Мұқтарға әзіл хат жазып жіберсе керек. Оған Мұқтардың жауабы мынау:

Балық аулап, ау құрып,  
Өсіп едің тары жеп,  
Копактан салған үйлерін,  
сусыз шөлде тілпі көп.  
Баялыш, көкпек отынды,  
Жусан, қамыс, ебелек,  
Қаракога үйген шөп.  
Көтерілмес арық мал,  
шөп орнына оны жеп...  
Шөлде жүрсөн шөлдер ен,  
Дәрігер бол кімді емдер ен,  
Маябоз атаң қолдаган,  
Дадан атаң ондаган.  
Мылтық атып, тазы ергіп,  
ат міндін бүгін жорғадан.  
Шындыққа осы шамданып,  
Еңлік-Кебек, Мамырдай,  
Боп жүрмесін арты кек.  
Әзіл-калжың құлқі ғой,  
Нағашы мен жиеннің

арасында болатын,

жарасымды мысыл тек. (Толық нұсқасын Т.Жақсыбайұлының «Шежіресінен» (Қарағанды, 1999) қараныз. 344-бет).

Бізге кажеті Ж.Шайдаров, Ж. Үйдірысов емес, оларды тек сөздің реті келген соң гана алдық. Бізге керегі – Маябоз! Мұқтар Өмірзаков Маябозды атауының соңы Еңлік-Кебек, Қалқаман-Мамыр оқиғасында кек қуысып кетпе деп, сактана отырып қалжындастыруының себебі де осында.

Реті келіп тұрған соң Мәшіүр Жұсіп бабамыздың мына бір сөзін келтіре кеткен артық болmas. «1721 жылда Ақтабан шұбырынды болды деп «Қалқаман-Мамырда» айтылған. Мамай тобықтының бір табының атасы, өзі Жұмағұл баласы Мырза, Мамай екі кісінін аты. Қабекен - Кенгіrbай биге койылған ат. Қабай дегені Абай дегендей. Жуантаяқ - тобықтының бір тап елінің аты. Қанжығалы Боктыбайдың жасауын ұрлаған осы Мырза мен Мамай екен деседі. Көп Арғын шауып тарап алады деп, Найман оргасына ауып барған. Солай болғаны үшін Еңлік-Кебек жұмысы болған уақытта, Арғынға беттей алмағаны сол». (Сонда 73-бет). Ақиқатында да Кіші Жұзден бастаған барша қазакты Ресейдің боданына айналдырган Әблілқайыр ханды Кек жарлы Барак сұлтан өлтіріп, ол өлім жазасына кесілгенде құткарып қалған Арғын билері Еңлік-Кебекке корған болуга жарамады деуге болmas. Бегінде піркеу болған бара алмағанын Мәшекен мысалға алып отыр.

Ол аз болса Тобықтымен жерге таласта Кәрсөн-Керней елінде қалған Байсейіт билің мына сөзін келтірейік. «Аға сұлтандыққа талас болғанда Кара би Құнанбайды жақтап, Кернейдің екі биінің арасна сызат түсіпті. Билердің жеке басындағы араздық сыртқа теуіп, бара-бара Кернейдің Шаң мен Тұйте балалары араласудан қалыпты. Құнанбай шырақ алып түсіп, Байсейіттің тілінен тұтанған от өртке айналыпты. «Өртке қарсы өрт кояды» деп Бәшекен (Байсейіт би. Ж.С.) де тілін тарта коймалты. Осы өрттің шоғы айналып келіп Нұрланға түседі. Бидің баласы қалага жүруден шаршалты. Құнанбай қанша рет каматса, Бәшекен сонша

рет шыгарып алыпты. Ақыры бұл шетін дау Есілде өтетін сиезде қаралмақшы болады. Жасы келіп қалған Бәшекен Нұрланың Есілге жалғыз жібере алмай, Кәрсөннің уәлі ауыз би Есбергенді көздепті. Есбергенге хабарласса, дауга Қара би де баратын болып шығыпты.

– Қара би Есілге барса, басқа шаруамызды күйттейік, – деп Есберген мен Бәшекен ауылда қалыпты. Үш ай өтіп, сүйінші хабар жетеді. «Құнанбайдың жолын берсін» деген тагы бір хабар жетеді. Баласының шыргалаңынан әбден запы болған Бәшекен:

– Бұл Тобықты зілман болып шықты. Қараменденемен сүйкенісіміз Алатауда барып дамылдады. Құнанбаймен сүйкенісіміз Есілде дамылдады. Ендігі балалар ауылдан аспай-ақ қойсын, – деп райлылығын білдіріпті». (Т.Майбас. Оныншы ауыл. Шежіре кітабы. Алматы: ҚазАқпарат, 2007. 75-б).

Осындағы «Қараменденемен сүйкенісіміз Алатауда барып дамылдады» деген бұрын-соңды айтыла қоймаган сез. Дадан Тобықтылар мен Кәрсөн-Кернейдің ескі көздерінің арасында гана айтылып, жалпы жұртқа тарамаған тарихи өқиганың бір ұшығы гана. Дадан Тобықтылар өз ата-бабасы туралы шежірелер мен түрлі жазбаларында, Кәрсөн-Кернейдің жеріндегі адам өліміне дейін апарған қактығыс туралы ештеңе келтіре коймайды. Төрекан Майбас та өз кітабында оны ел жадындағы бір дерек дәрежесінде алып, өз бабасы Жарылғап батырды актау үшін ақиқаттан алыстаған. «Бір-бірімен жақсы сыйласқан Қараменде би мен Жарылғап батырдың өмірлерінің соны кикілжінге толы болған» деп жақауратуының сыры сонда жатыр (18-бет). Себебі бірде-бір Кернейдің жігіті бұл батырының өз бетімен козгала алмайды. Оның үстіне «Қарабұлак» - Жарылғап батырдың ата мекені. Артық айтсақ, аруактар кешірсін, біздің шамалдауымызша, бұл даудың тууы тек қана жер үшін болған қактығыста Қараменде бидің Сәрік деген баласының казасына байланысты туындауы мүмкін. Т. Майбас жогарыда көрсетілген еңбегінде:

«Агайыны Кенгірбаймен қүренқабак болып, Шыңғыстаудан көшіп, алғаш табан тіреген жері Жарылғалтың «Қарашокысы»

болатын. Көш Керней жерінде екі рет қозғалды. Оған себеп ел жуандарының «Кәрсөн-Кернейдің жеріне Тобықтыны енгізбейміз» деген сөзі болады. Ел арасы ашылmasын деп, бұл сөзден Жарылғап та аса алмайды. Екінші қонған жері «Қарабұлактағы» жер Қараекеннің сүйікті ұлы Келтеге тете інісі Сәріктің сокқыга жығылып, қаза болатын жері. Бұл жер бүгінге дейін «Сәрік басы» деп аталады. Оның алдында көз тиіп Келте қайтыс болады» деп жазады (18-бет). Яғни, Дадан Тобықтылардың Кернейдің «Қарабұлагынан» көшуі осы екі ру арасындағы қарулы қактығыстан соң болған. Т. Майбастың «Қарекең қошпекші деген хабарды алған Жарылғап көрісіп қалмақшы болып атка қонады» деген пікірі де үшқары сөз. Өзі адам қазасына дейін барып, қоныс алған жерінен қуып шығып отырганда, қоштасып қаламын деп арнайы келуі ақылға сыйымсыз. Оған қараганда мына жазғаны нақты болар.

«Қарекең жай кетпей жұрттына екі тісі майырылған ұшака шашып кетіпті. Мұны көрген Жарылғап жанындағыларға:

– Біз айтарымызды айтып болған екенбіз. Екі тісі майырылған ұшака шашып кетуі - алдымға екі рет келдін, үшінші рет келме дегені. Майырылған екі тісі - мерт болған екі баласы болар. Енді кайда қонса да, каралы кошке тиуюғе болмайды! - депті». Олай болса, Керней мен Тобықтының жер үшін қарулы қактығысы екі рет болып, Жарылғап батыр енді қошпесе шауып алуға үшінші рет келіп отыр. «Болса да бастан қан шықты» деп, өйтпеске амалы да жок. Мерт кеткен жай көп қарашаның да жігіті емес, ру басы Қараменде бидің баласы Сәрік болып тұр гой. Құн сұралмай қалуы еш мүмкін емес.

Міне, осы Сәріктің сокқыга жығылып, қаза болуынан туган даудыңсоңы ұзакқа кетін Арқада шешілмей, сонау Алатауда болған бітімгершілік сотта аяқталған болуы керек деп шамалаймыз. Оның қандай сипатта болғаны, екі жақтан кім қатысқаны, құн төлеу қандай көлемде болғаны туралы Дадан Тобықтылар да, Қарсөн-Кернейлер де үндемейді. Ендеше біз де сөзді созбайык.

Осы Құдайменде сұлтандай есіл срдің жерленген жері мен

моласы да белгісіз болып қалып отыр. Ал өлімі туралы да ел арасында сакталған әнгіме-аңыздар да баршылық. Соның бірін Т. Жаксыбайұлы 1999 жылы шыққан «Шежіресінде» былай деп келтіреді. «Елден жырек кетіп қашып жүрген Құдайменде өзіне келе жаткан адамдарды көріп «мені ұстауға келе жатқан орыс солдаттары екен» деп өзін-өзі жарып жіберілті. Ал шындығында ол келе жатқан өзіне жолықпак болған ағайындары болып шығады. Құдайменденің өлігінің үстінен шыққан ағайындары енді оның сүйегін «орыс солдаттары тауып алып, басын кесіп алып кетіп жүрер» деген қауіппен көмген жерін жылқының аяғына таптатып жіберілті» деген аныз ел аузынан бүгінге дейін жеткен екен» (256-бет). Қалай дегенмен де Ақтогай жүртшылығы осыған ден кояды және сұлтан ағайындарының ісін құптайды. Себебі орыс солдаттары өлгенін дәлелдеу үшін Құдайменде сұлтанның басын кесіп әкетеді деп корыккан. Кенесары ханның басын кесіп әкеткені туралы сөз өргтей қаулап тұрған бұл кезде туыстарының бұлары да нанымды әрекет еді деу керек. Элемде қастасқан жау батыры мен ел басшысының басын кесіп әкетіп сактаған бір гана ел бар. Ол – Россия. Оның Кунсткамера деп аталатын қоймасында елі үшін енірекен қаншама боздастардың алтын басы жатыр.

Құдайменде сұлтанның өлімі, жерленген жері мен моласы туралы мына бір деректі алға тартуымызға тұра келеді. Егер қазіргі үрпактарынан ынталанып жатқандар болса, тексеріп коруіне болады Гой дейміз. Себебі аруак иесі, ақы иесі солар, көлденен жүрттың бұған бел шеше кірісуі киын болар.

А.Нұрбековтің «Мәңгілік тұғыр» (2015) атты кітабында әкесі Нұрбек Бекеевтің Қаркаралыда тұратын зейнеткер Үрзахан Әмірхановтан жазып алған «Құдайменденің өлімі» атты шағын мәтін бар. Онда Құдайменде сұлтанның қазасы былайша баяндалады:

«Құдайменде Қызылтасты паналайды. Жерден ор қазып, тығызып жатады. Бір күні қасындағы қарауылшысы қалың түйені танымай, «жау келіп қалды» деп хабалайды. Төре «турмеде шіріп, кор болып өлгеніше өзімді жарып жіберейін» деп канжарымен

өзін өзі жарып жібереді.

Құдайменденің тіршілігінде жауы көп болған белгілі. Сүйегін алып кетеді, қорлайды деп төрелер Қызылтастан қырық жер казып, бетін жауып үйеді. Қарқаралы ояздары Құдайменде шын олді ме деп кісі жібереді. Келген адамдар әлгі қырық қамырды да ашады. Алайда Құдайменденің сүйегі табылмайды.

Ырзахан Эмірхановтың әнгімесі осымен тәмам болды. Мен детдомда директор болып жүргендеге анға шығып, тогай аралаганымда Қарақұланың касындағы бес-алты бейіттің біреуінің іргетасы ете жалпак екенін байқадым. Мұны көріп еріксіз тан қалдым. Бұл қалай деп көрші тұрган ауылдың есті азаматтарының бірі Қожагүл Эміргалы Құрымбаев ақсақалдан сұрадым. Сонда ол кісі айтты: Құдайменденің қабірін нак сол жалпак тастың астына жіберген дең» (35-бет). Ел аузында сақталып жеткен осы деректегі Қызылтас – кешегі «Жамшы» совхозының «Бірлестік» бөлімшесі орналаскан окшау тау. Тұсініксіздігі сол – Ақтогайда қаптап жүрген қайдагы калын түйе? Солай болған күннің өзінде түйені жылқыдан айыра алмайтын қарауылшы адамның сырттанындай болған Құдайменде сұлтанның қасына қалайша серік болып жүр өзі? Осының ел арасындағы кейбір нұсқасында «Ағайындары ишкітарына уық асынып алған екен, соны қарауылшысы мылтық асынған солдаттар екен деп шатастыпты» делініп те айтылады. Азаттық үшін арпалысқан есіл ерді іздең шықса, олардың уық асынуының себебі неде екені де ақылға сыймасы анық. Қалай дегенимен де анығы - Құдайменде сұлтанның өзін өзі мерт күлүү мен денесін іздетуші орыс шенеуіктеріне қайда жерленгенінің белгісіз қалуы.

Ал Нұрбек Бекеевтің өз көзімен көрген «Қарақұланың касындағы бес-алты бейіттің біреуінің іргетасының жалпак екені» туралы жазғаны батыр сұлтан туралы ерекше көніл аударапрық дерек. Ұлт көсемі Әлихан Бекейханұлының «Шежіресіндегі» төрелерді таратқан кестесінде «Сұлтанғазының бірінші эйелі Бораштыдан Құдайменде, Өспан, Өмір, Сыдық, Эбей деген бес ұл туды деп жаза келіп, осындағы Құдайменdedен Қашым, одан

Нұрыш туады. Бұл Нұрыш 1898 жылы 45 жаста» деп анықтама да бергені белгілі. Ал «екінші әйелі Алаттан Қанкожа, Бабахан, Дайыр туды» деп жазылған. Осы туыстары патша заманында Құдайменде сұлтанның қайда жерленгенін амалсыздан айта алмады деген күннің өзінде, артында том-том еңбек қалдырган Әлиханның өзі осы батыр туысы туралы ештеге жазбауы бізді қайран қалдырады.

Т. Жаксыбайұлының «Шежіресінде» Құдайменде сұлтан Солтангазының бесінші баласы деп көрсетіліп, оның үрпактарын былай таратқан: «Құдаймендеден Сердәлі, одан Биал, одан Большібай, одан Алдан, Жұмаш. Алданнан (Алышынбайдан) Маралбай, Оралбай, Жанар, Жазира. Маралбайдан Ерсін, Айжан, Жұмаштан Асыл, Әсет». Сонда Әлихан жазған Қашым, одан туган Нұрыштан туган үрпақ қайда? Тіпті Әлекен Нұрышты «1898 жылы 45 жаста» деп көрсетіп отырғой. Тері Т. Жаксыбайұлы өз шежіресіне катысты мәліметтер жинаған тұсында Әлекен шежіресі қолына түспеген де, Актогайдагы төрелер берген деректермен шектелген.

Бұны дігтеп жазып отырган себебіміз дежоқемес. Құдайменде сұлтандай есіл ерді Актогай тарихындағы өзіне лайыкты ардақты орнын бағалап, аудан оргалығында бір көшенін атын беріп, ескергіш орнатса да артық емес. Ал Актогай төрелері бас қосып, Каракұланың қасындағы бес-алты бейіттің іргесіндегі ете жалпак тасты зерттеп, егер астынан мәйіт шығып жатса құлпытас орнатса болар еді. Кейбір руладың атасымен мактантан үрпактары барымташы болған кісісін «елді жаудан корғаған батырымыз» деп тарихты бұрмалап жатқанына караганда, Кенесарыдай ханың сенімді серігі бола алған және одан соң да құресін токтатпаған Құдайменде Газиннің аруагына құрмет, жерімізге абырай.

Құдайменде сұлтан, Құнанбай мырза, Мәнжігүл батыр арасындағы бұл оқиғаға байланысты ел аузында сақталып келген деректер осындай. Біздің көңіліміз оның осы Т. Жаксыбайұлы жазған шежіредегі нұқсасын колдайды. Себебі Құнанбайдың діншілдігі ол ага сұлтан болып тұрғанда айрықша таныла

көймаганы белгілі. Бұған дау айтушылар табылып жатса, Құнанбай Қарқаралыда мешіт ашуын тілге тиек етері анық. 1995 жылы Алматы қаласындағы «Атамұра» баспасынан шыккан «Абай» энциклопедиясында тәмендегідей деректер жазылған. Үзінді көлтірейік:

«Құнанбай мешіті - Қарқаралы қаласында құрылды 1850 жылы басталып, 1851 жылы салынып біткен мешіт. Мешіт салу жөнінде 1847 жылы әңгіме қозғалып, арасында Құшік Тобыкты болысы Құнанбай бар, 16 болыс қол қойған. Аға сұлтан майор Құсбек Таукин мөр басқан мешіт салу туралы акт дуанға тапсырылған. Онда құрылдың үшін ҳалықтан қаржы жиналатыны айтылады. 1849-52 жылдар Қарқаралы округіне аға сұлтан болған Құнанбай құрылдың жүргізу ісін өз колына алғып, тыңғыштықты аяқтагандықтан мешіт ҳалық арасында Құнанбай мешіті аталып кеткен», - дейді энциклопедиялық дерек. (372-бет). Осы энциклопедиялық деректі абайтанушы галым Мұздыбай Бейсенбаев мұрагаттық деректер арқылы дәлелдейді. Ол мұрагаттагы - Л-20, Каз.ар. ф-374 ОП-1 П-3104. санды «Дело о строительстве мечети в Каркаралинском селении» аталатын құжат. (Бұл туралы толық білгініз келсе, М.Бейсенбаевтың «Абай» журналының 1995 жылғы №3 санындағы «Құнанбай қажы» макаласын караңыз. Ж.С.). Осы тұрғыдан алғанда Құсбектен соң Қарқаралы округіне Құнанбай аға сұлтан болған. Құсбек тұсындағы мешіт салуға дең ҳалықтан жиналған қаражатты орынды жұмысап, мешіт салу жұмысын аяқтау, Құсбектен кейін аға сұлтан болған Құнанбайдың тікелей міндеті емес пе?! Егер тұра сол кезде Құнанбайдан басқа адам аға сұлтан болғанда, мешіт құрлышының салынып бітуіне сол басшылық жасап, мешіт сол адамның атымен аталатыны анық қой! Байсейіт би Құнанбай аға сұлтандыққа түскенде оған бүкіл Қаракесектен жалғыз өзі карсы шығып, оған қарсы Құшікбайдың Дәулеттің ұсынғанын айттык. Егер ол сонда аға сұлтандыққа өтіп кеткенде, мешіт Құшікбайдың Дәулеттің атымен тарихта қалары даусыз.

Ия, Құнанбайдың аға сұлтан болуы, жеке басының

артықишилығынан тана емес, себебі «қарадан шығып хан болып» аға сұлтан сайланған жалғыз Құнанбай емес, Қаржас руынан Шорманның Мұсасы, керей руынан – Еске, Баганағы Найманнан – Ерден, Сибан руынан шыққан Есеней де аға сұлтан болған. Хан тұқымы болмай, қарадан шықса да Құнанбайдың аға сұлтан болуын сол кездегі феодалдық алауыздықтың отына май құйып отыратын патша өкіметінің отаршыл саясатынан деп түсініміз керек. Бұл - тарихи шындық! Орыс отаршыларының казакты қазаққа айдан салу, яғни сексеуілді сексеуілмен ұру саясаты, бұл - әбден сынақтан өткен, дүниежүзі отаршылары үлкен айлакерлікпен қолданған, тамыры теренде жаткан ел билеу әдісі еді. Бұл атакты Тәттімбет Қазанғапұлы болыс болып ел билеу жұмысына араласып, тіпті патша ағзамға сый-сияпта апарушылардың бірі ретінде көзге түскен уақыт болатын. Ол 1855 жылы II Александр патшаның таққа отыруына байланысты салтанатты жиынга да шакырылды. Бұл салтанатқа Орта жұз депутатиясынан сегіз адам қатысады. Олар: подполковник Шыңғыс Уәлиханов, прaporщик Ыбырайым Жайықбаев, сотник Мұса Шорманов, Ақмоладан Бегалы Қоңырқұлжин, Баянауылдан заседатель хорунжий Шекербай Малгелдин, болыс Аккошқар Кішкентаев, Қарқаралыдан Тәттімбет би Қазанғалов, Кокшетаудан Шұбек Байсарин. Осы Тәттімбет аға сұлтандық сайлауга тұскесі келетінін айтып Алшынбай биге барғанында:

– Балам, заман жаман, сұрқы катты бұзылып тұр. Тілді алсан, сениң осы сайлауга түсуінді құштамаймын. Құнанбай орыс ұлыктарына жағып тұр. Оны өзін де білесің. Құнанбай - сырт елдің адамы. Аға сұлтандықты соган берелік. Шыңғыстауда жатып біздің елге үстемдік жасай алmas. Ел билігі өз қолымызда болады гой, - деп келісімін бермеген» деген сөз ел жадында сақталып, қарекесектік шашарлардың аузынан түспейді. М.Әуезов «Абай жолы» епонеясында: «Алшынбай – бүкіл Қарқаралы бойындағы беделді би. Оған дау-жанжалдарын шешу үшін тайпа-ру болып келіп жатады. Алшынбайдың қолдау таппаган Құсбек төре аға сұлтандықтан айрылды» деп жазуында да үлкен мән жатыр.

Алшынбай би колдап, бүкіл қарекесек болыстарын былай койғанда баскаларына жактатып ага сұлтан болып кеткенде мешіт осы Тәтімбеттің есімімен аталарына дау болмаса керек. Сонымен катар Қарқаралыда мешіт салынуының да ұлт болашағы үшін маңызы да зор еді. Себебі орыс отаршылдарының жергілікті халықты орыстандыру, христан дініне кіргізу саясаты жоспарлы түрде өріс ала бастады. Қарқаралыға әр тараған келген ногай, башқұрт, татар текгес мұсылман қауым екілдерін христиан дініне құштеп енгізу басталған тұста, оларды және соларға еліктеген казактардың өзге дінге кіріп кетпеуі үшін мешіт салу аса қажет болғанын Алшынбай бастаган ел жақсылары білмеді. түсінбеді деуге болмайтыны ақиқат.

VIII-XIX ғасырлардагы Ресей империясының отаршыл саясатын жан-жакты зерттеген тарихшы маман Нұрғали Махан «Ұлт порталы» сайтындағы «Құнанбай: ақиқат пен аныз» мақаласындағы Құнанбайдың Кенесары-Наурызбай көтерілісіне қарым-қатынасы туралы зерттеулері осы тарихи тұлғаның ғұмырындағы біраз күмәнді жайттардың бетін ашады. Ол өз зерттеуінде архив деректеріне сүйене отырып былай деп жазады:

«Енді Құнанбайдың Кенесары көтерілісіне катысы туралы бірер сөз. Құнанбайды дәріптеп, оны «ұлттық тұлғага» айналдырығысы келген көттеген авторлар өз мақалаларында, Құнанбай орыс отаршылдығына карсы шыққан және Кенесары көтерілісін іштей колдап, оған астыртын көмек беріп отырған, - деген пікірді жіңі кайталап жүр.

Бірақ, олар өздерінін осы пікірін ешқандай дерек көздерімен немесе тарихи құжат арқылы дәлелдеп көрген емес. Ақиқатына келсек, дерек көздері ментарихи құжаттар Құнанбайдың Кенесары көтерілісіне катысуын көрі дәлелдейді. «Жұлдыз» журналының 1996 жылдың наурыз айындағы санында, «Алаш» партиясының көсемі, халқымыздың ұлы перзенті Әлихан Бекейханның туған інісі Смахан Бекейханның естелігі жарияланды. Сол естелігінде Смахан Бекейхан: «Кенесары, Наурызбайды ұстап берген адамға

шен береміз деп даала уәлаятын билейтін оқуружни корпус жар салды. «Ұстап береміз» деген адамдар мыналар: Қарасан Қөпбай, шор тогалақ Олжабай, тобыкты Құнанбай, қамбар Сыртынбай, қамбар Жапалақ. Осы бесеуі 600 карателни этряд алып, 600 казактың мықты жігітін таңдал алып, 1200 кісімен аттанып Сырдың бойына барды», - деп жазады өз естелігінің алтыншы дәптерінде. («Жұлдыз» журналы, 1996 жыл, №3).

Смахан Бекейханның естелігіндегі Құнанбай туралы деректі ешқандай тарихи құжатқа негізделмеген естеліктік дәрежедегі ғана акпарат деп қарасақ, белгілі абайтанушы ғалым Мұздыбай Бейсенбаевтың 1995 жылы «Абай» журналына басылған «Құнанбай қажы» атты ғылыми макаласындағы кейір мұрағаттық деректерге назар аудармау мүмкін емес. Мұздыбай Бейсенбаев: «Құнанбайдың бұдан кейінгі жылдарындағы қызметі жайлы Москва архивтерінде сакталған мәліметтер мынандай:

- «1841 жылы «бұлікші» сұлтан Кенесары Қасымовқа карсы ұйымдастырылған экспедицияга катысқан;
- 1844 жылы 30 июльде Кішік-тобыкты болысының управителі болып сайланған;
- 1846 жылы 11 июльде «бұлікші» сұлтан Кенесары Қасымовтың қозғалысын қатысқаны үшін «Хорунжий» атагы берілген;
- 1849 жылы 22 октябрьде Карқаралы округінің ага сұлтаны болып сайланған», - деп нақтылады.

Белгілі ғалым, профессор Тұрсын Жұртбай ғылыми монографиясында Құнанбайдың хорунжий әскери шенін алуы жөнінде былай деп жазды: «Архив деректері бойынша «Кенесарының бұлігін басуға қатысқаны және патша ағзамға ерекше сенімді қызметі үшін 1846 жылы 4 (14) маусым қүні Құнанбайға хорунжий әскери шені берілген. (Мемлекеттік архив 193, 374, 2550. Тұрсын Жұртбай. «Бесігінді аяла». Монография-эссе, 377-бет, Астана, «Фолиант» 2003 жыл).

Байқап отыргандарыныздай, белгілі ғалымдар Мұздыбай Бейсенбаев та, Тұрсын Жұртбай да Құнанбайдың Кенесары

көтерілісін басуға қатысканын Ресейдің Москва, Петербург, Омбы секілді калаларының мұрғатында сақталған тарихи құжаттар арқылы дәлелдеп отыр. Дей тұрсақ та адалдық үшін атап өтуіміз керек. Мұздыбай Бейсенбаев «Құнанбай қажы» атты ғылыми макаласында Құнанбайды киялап келіп актай отырып, Құнанбай Кенесары көтерілісін басуға соншалықты белсене кіріспеген, әшейін бержагымен ат салысқан деген пікір білдіріп, осы пікіріне дәлел ретінде сол кездегі Қаркаралы дуанының ага сұлтаны Шыңғысов пен заседатель Неговскийдің әскери губернаторға жолдаган ұсыныс хатын келтіреді. Егер өз ұсыныс хатында ага сұлтан Т. Шыңғысов: «Құнанбай мен Бөжей Кенесары Қасымов көтерілісі тұсында өкіметке айтартықтай комек көрсеткен жоқ», - деп жазса, бұлардың орыс шенеуіктерінің алдында бедел алып кетпеуін ойластырганы анық. Ал заседатель Неговский: «Бұлар болашакта Ресей империясына ете қажет адамдар, әсіресе Құнанбай Өскенбаев» деп атап көрсетеді.

1839 жылғы губернаторға жазылған осы хабарламадан соң, архив деректері бойынша 1840 жылы және 1841 жылдары, яғни губернаторға жазылған хабарламадан кейін екі жыл өткен соң Құнанбай Кенесарыға қарсы үйымдастырылған әскери экспедицияға қатысады. Аға сұлтан мен оның заседателі губернаторға қанша жерден хат жаза берсін, казак даласын түпкілікті отарлауды максат етіп, осы мақсатын жоспарлы түрде жүзеге асыру жолында түрлі ғылыми экспедициялар жіберіп, казактың даласы мен оның халқын ғасырга жуық ұзак зерттеген отаршыл Ресей империясы жайдан-жай ешкімге де офицер шенін беріп, аға сұлтандықка сайлатпаған. Бұл - ақын факт!

Мұрагаттық деректер бойынша Құнанбайдың Кенесары көтерілісін басуға қатысканы былай тұрсын, ол отаршыл Ресей империясына етken қызметін атап көрсете отырып, «енбегімді орынды бағаласаныздар екен» деп өтініш-арыз жазған. Яғни, басқаша сөзбен түсіндірсек, ол өз халқын отарлап жаткан орыс империясына қалтықсыз қызмет еткені үшін олардан марараптаграда сұраған. Дәл осылай болған! Бұған дәлел жоғарыда

келтірілген мұрагаттық құжаттар! Аристотельдің «Платон менің досым, бірақ маган шындық қымбат» деген сөзімен айтсак, ақиқаты осы!

Тұра осы жерде ұлт азаттық көтерілістен соң, сөл соғыс бойында қанды көйлек жолдас болған Құдайменде сұлтан мен Ақжолтай Ағыбай батырдың қарым-қатынасы туралы айтпай кетпесе болмас. Кенесары көтерілісінің ең бір белгілі өкілі Ағыбай Қонырбайұлы туралы халық арасында аныздар, әпсаналар, жырлар көп сақталған. Алайда солардың бірде-бірінде Ағыбайдың көтерілістен соң Құдайменде сұлтанмен қарым-қатынасы туралы ештеңе айтылмайды. «Тентек төре» құғынға ұшырағанда Қызыларай, Әулиетау, Қызылтасты ғана панарап жүруінің себебі қалай? Патша тарапынан кешірім алып Тасаралды мекен еткен Ақжолтай Ағыбай батыр қалайша ғана сұлтанға пана болуга ат салыспады екен?! Қожағұл Мағаз ақсақал осы кітапты жазу барысында әңгімелескенімде «Сарытерек» аймағына жататын «Майтас» деген тауда «Құдайменде биігі» аталатын құзды шатқал бар екенін, өзі барып көргенін, құғыншыдан корғануга талсырмас нағыз корған боларлық жер екенін әңгімелеп берді. Мағаз ақсақал сол «Майтастағы» қыстакта шопан болған адам. Кейін сол құздагы үнгірден бір адамның қаңқа сүйегі табылғаны туралы ел арасында бір сөз тарағанын айтты. Бұл - кеңес заманында болған уакиға. Ол қаңқа сүйектің табылуының соны қалай болғанын сексеннен асқан кария есіне түсіре алмады. Қалай дегенмен де ол Құдайменде сұлтанның мәйіті болуы еш қисынға келмейді. Себебі «Тентек торедей» ержүрек адамның ел-жүрт пен ағайынтуған тарапынан ізделмей қалуы, жасырын жерленбей қалуы еш мүмкін емес.

Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми әмбебап кітапханасы шыгарған «Сарыарқа батырлары» атты библиографиялық әдебиеттер көрсеткішінде жазылған Ағыбай батырдың көтерілістен соңғы тағдырына көніл аударалық. Онда:

«Аға сұлтан Құнанбай мырза, Жанғұтты би, Шорманың Мұсасы, Кәрсон руының иғі-жақсыларының жерімізден Ағыбай

батырга жер бөліп береміз деген шешімдерін құптаپ, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтқа хат жолдайды. Осыдан кейін оны Гасфордт қабылдайды, біраз уақыттан кейін-ак патшаның Ағыбай батырга кешірім жасаған хатын алғаннан кейін, генерал-губернатор Ағыбай батырдың жаңа конысын картага түсіріп, мөрін басып береді. Ак патша Орта Азия мен Кавказ халықтарының арасынан отар-шыларға қарсы күрескен «империя жауларының» арасынан Ағыбай батыр мен Кавказдағы Шәмілге гана кешірім жасаған. Ал Шәміл болса 63 жасында Меккеге қажылтыққа барғанда қайтыс болған. Сол уақытта генерал-губернатор өзінің суретшілеріне Ағыбай батырдың суретін салғызып, Ресейдің Петербор қаласындағы әлемге әйгілі Эрмитаж корме-музейіне жіберген екен» деп жазылған. «Сарыарқа батырларындағы» бұл жазбаға Жұмағұл Шәжентегі деген автордың «Орталық Қазақстан» газетінің 2001 жылғы 23 маусымында жарияланған «Ақжолтай Ағыбай батыр» макаласы негіз болған.

Бұл туралы Қабылсаят Әбішевтің осы «Орталық Қазақстан» газетінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі санындағы «Тарихи сабактастық» атты макаласы да бар. Онда Ағыбай батырдың жер алуыбының дәйектелген: «Шұбыртпалы елінің Кәрсөн-Керней болысына көшуі туралы Алматыда 338 корда (область Сибирских Киргизов) жазылып, сакталған. 1856 жылы Шұбыртпалы старшинасы Садыр Шолаков пен би Ағыбай Коныrbайұлы өз қарамактарындағы 188 шақырақ Шұбыртпалы руын Кәрсөн-Керней еліне көшіруге рұқсат сұрап Фон Фридрихске прещение жазады. Сол күнде Әлтеке-Сарым болысынан Шонбай Балапанов «келісемін» деп мөр басқан. Келесі жылы осы мәселені талқылау үшін Каркараты дуанының 127 би қатыскан съезі өтеді. Съезде мәселе толық шешілін, Шұбыртпалы елі Кәрсөн-Керней болысына көшірілсін делінген. 127 би тегіс қол койған құжаттың ішінде Ағыбайдың салған көзіндірік - Арғын таңбасы бар. Бұл орналасу екі жақтың келісімімен, ағайындық жолмен ресми құжатпен шешілген. Әлтеке-Сарым елінің бұл

мәселеге баруы, онтүстікте қалған ағайындардың көптеп келуі. Губернатор приказдарында Ташкенттен кошіп келген қазактарды ауыл-ауылға тіркеуге рұқсат берілсін деген құжаттар көп. Менің архивімде 1850-1868 жылдар арасында келген көптеген адамдардың тізімі бар. Соның көшілтігі Қошқін руынан. Жер тапшылығы Ағыбай елін коныс аударуга мәжбүр еткен. (Осы тарихи құжаттардың фото көшірмесі де бар). Сондыктан Ағыбай батыр Кенесары қозғалысында Токырауын елінен кетіп, осында қайтып келген. Оны Кенесары қозғалысын тергеген Главное управление Западной Сибири ведомствосының іс-қагазында былайша көрсеткен. «Ағыбай Конурбаев - близкий соподвижник Кенесары Касымова, прописан кибитковладелцом Алтеке-Сарымовской волости Каркаралинского внешнего округа» дейді. (Омбы архиві 366 кор. 3 кор)».

Ж. Шөжентегінің «Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтқа хат жолдайды» дегені тарихи шындыққа жана спайды. Генерал Фон Гасфорт Түркістан генерал-губернаторы болды, біздің өлкеге қатысы жоқ. Сондыктан Қ.Әбішевтің «Фон Фридрихске прощение жазады» дегені дұрыс және мұрагат құжаттымен дәлелденген. Ол «Сол құжатта Элтеке-Сарым болысынан Шоңбай Балапанов «келісемін» деп мөр басқан» десе, «Орталық Қазақстан» газетінің 2006 жылғы 11 шілдедегі санында Қайырбек Байсеркін «Елін амандаған Шоңбай би» атты мақаласында оны «Сонымен Шоңбай Жаксы Жангүттының Алшынбайдың замандасы болып тұр» деп дәлелдей түседі.

Олай болса көтерілістен соң да Актоғайлық ел-жүртпен тығыз карым-катаста болған Ақжолтай Ағыбай батырдың Құдайменде сұлтанның күгінга түскен тағдырына неге арашашы бола алмағаны беймалім қалып отыр. Ол туралы ел аузында да ештене айтыла коймайды. Ақжолтай Ағыбай батырдың Кәрсөн-Керней болысына көшүі мен Тасаралдан жер алуына тоқталып отыруымыздың себебі де осында. Мәселе биліктегі туыстұқымдас аға сұлтан төрөлдерді былай койғанда, Ағыбай батырга осыншама қамкорлық жасаган ел басшылары мен иғі жақсылар

Құдайменде сұлтанға неге қамкорлық жасамады, неге оған да кешірім жасауға талпынбады дегенге ой жүгіргү. Дегенмен тарих ақиқатты сүйеді, алдағы уақытта анықтала жатар. Бұл - ел мен жер тарихы үшін ғана қажет.

«Тентек төре» атанған Құдайменде сұлтан мен көтеріліс батырларының бірі, соғыс кезінде атына оқ тиіп жаяу қалған Ағыбай батырга қарғып түсіп атын берген Сарым-Құлық Бабеке батыр туралы тарихи деректер тым мәрдымсыз. Шежіреші қария Тұрсынбек Жақсыбайұлының Әтеміс үрпактарын таратқан «Шежірелерінде» (1999, 2001) біршама дерек бар, бірақ олар тек ал аузынан жазылып алынған аныз-әңгімелер. Сарымның Құлық руының Таңағ атасынан тарайтын Бейсеудін Қармысының екі бірдей батыр ұланы Бақаеке мен Құлеke де осы Кенесері-Наурызбай көтерілісінде ерлігімен көзге түскен ерлер. Бабеке батырдың да көтерілістен кейінгі қуғынға түскен тағдыры мен казасы тарих койнауында құпия қалды. Бұл скеуі туралы елдің ардакты азаматтарының бірі Қауаз Мұқажанов ағамыз аудандық «Тоқырауын тынысы» газетінде (29.01.2010) «Батыр бабалар туралы қысқаша деректер» атты макала жариялады. Осы ерлер туралы Санкт-Петербургте тұратын Ю.Поповка да сұрау салып іздеді. Ел-жүрт оқып-білген осы макаладагы баяндалған деректерге алып-косар ешбір материалымыз болмаган сон, оны кайталап беріп жатуды артық көрдік. Дегенмен ел-жүрт біле жүрі үшін Қ.Сәденовтің «Ауылым Жалантостін Қызылтасы» (2016) атты кітабындағы мына шағын үзіндіні келтіре кеткен артық болmas. Автор:

«Бабеке елге келген соң тұтқындалып, түрмеде бетіне «өте қауіпті жау» деген танбаны күйдірін басқан еken. Үш рет итжекенге айдаған, үшеуінде де кашып келген. Сондыктан да Бабекенің басын не өлідей, не тірідей әкеліп беріген адамға патша үкіметі бәйге тағайындалты. Тіпті Бабеке олгенен кейін де сүйегін аламыз арнағы адамдар екі рет келіпті. Бірақ үрпактары, туыстары Молдаш деген қыстақтың жанындағы өзен жағасына, Балсұт деген қызының бейтіне жерленген жерінен казып алып,

қыстың күні Монша қыстагындағы Жақсылық деген баласының үйінің қабыргасының астына қойып, жаз шыга елеусіз бір сайға апарып жерлепті» деп жазады.

Бұған косымша тағы Қ.Әбішевтің осы макаласындағы күнды дерекке жүгінелік. Ол:

«Осы Шонбай Ағыбаймен қатты дос болған. Өзінің баласы Бөлкенбайға Ағыбайдың ағасы Дулаттың Патсайы деген қызын әперген. Патсайыдан Сейіткали, Жағылар болыстар тұған. Бөлкенбайдың қызын Ағыбайдың ұлына атастырган. Бірақ кейін ол қыз өліп, Ағыбай қалыңын алмай өзіне тігілген ақ үйде жатып Бабекенің батыр екенін елге айтып, халықтың қозінше «Бұл Кенекен жақсы көрген бір мойын шошқа батыр гой» деген екен. Сонда Тәтігүл деген де «согыста мен Кенесарымен бірге болдым дейді. Осы шын ба дегенде», «Экеліндер ол - қалжакты. Кенекенді өтірік әзіл, оснагымен құлдірген, сабазым - деп Тәтігүлды алдырыпты. Сөйтсе, Тәтігүл әскердің қалжынбас артисі есебінде екен. Кенесары қозгалысында осы елден қатысқан үш адам Ағыбай, Бабеке, Тәтігүл еді», - деп жазады.

Міне, Кенесары ханмен бірге азаттық үшін күрессе шыққан Құдайменде сұлтан мен Бабеке батырдай тұлғаларды ел болып ардақ тұтып, арулап жерлемек түгіл, олардың денесі жаткан жердің өзі белгісіз қалып отырған жайы бар. Заман озып, үрпак ауысқан сайын олардың тұлғасы көмескілене беретіні даусыз. Ендеше аудандық мұражай мен өлкетану саласындағы зерттеу жұмыстарын осы тарихи тұлғалар туралы тың ізденистер жасауға бағыттаған артық болmas еді. Құдайменде сұлтан мен Бабеке батырдай тұлғаларды аудан тарихында ұлыктап, ескергіш орнатуды да келешек үрпак еншісіне қалдыра береміз бе?

## VI тарау

### **ТАНЫЛМАЙ ҚАЛҒАН БІР ТҰЛҒА**

Туган жер тарихынада Құдайменде Газин мен Бабеке батыр секілді елеулі тұлғалар сиякты белгісіз қалып, аудан тұғлі, ел барша қазак еліне еленбей қалып отырған тагы бір ардақ тұтар арысымыз бар. Ол - Дінмұхаммед Сұлтангазин. Анықтала қоймаған және екішты дерек бойынша, Ресейде Санкт-Петербург университетін бітірген, алғашқы ұлт баспасөзінің бірі «Дала уалаяты газетінін» редакторы болған Дінмұхаммед Сұлтангазин Құдайменде сұлтанның баласы не туысы, яғни Сұлтангазы сұлтан үрпактарының бірі болса керек. Белгілі жерлес өлкетанушы Ю.Попов фольклорист ғалым Г.Потанин туралы «Последняя поездка Григория Потанина» атты тарихи танымдық мақаласында былай деп жазады: «В том, что Каркаралинский уезд действительно богат легендами Г.Н.Потанин убедился еще несколько лет назад. В 1853 году, во время поездки ученого в аул отца Чокана Валиханова – Чингиза Валиевича, расположенного в урошице, Сырымбет Кокчетавского уезда Акмолинской области, его сопровождал юный студент Петербургского университета Д.Султангазин. Родился Султангазин на берегах реки Токрау, берущей начало в отрогах Кызыларайских гор. Молодой человек записал по просьбе Г.Н.Потанина сказки родных мест. Долгое время каркаралинские сказки Султангазина пролежали в портфеле редакции «Живая старина» и были напечатаны только в 1916 году с предисловием и под редакцией Г.Н.Потанина». Бірақ неге еkenі белгісіз осы жерлесіміз туралы білетішіміз аз. Дінмұхаммед Сұлтангазиннің өмірі мен тағдыр-талайы туралы не төрелер шежірелерінде, не аудан тарихы туралы әңгімелерде мардымды ештеңе айтылмаган да жазылмаган. Э. Бекейханның «Таңдамалы» (1995) еңбегіндегі Ақтогай төрелерінің ататек таратылымында да, Т.Жақсыбайұлының «Шежірессіндегі» (1999) «Ақтогай ауданындағы Торе үрпактары» тарауында да Сұлтангазы

Бекеентен тарайтын үрпактар қатарында Дінмұхаммедтің есімі ешбір жерде аталмайды. Сонымен катар осы айтулы тұлға туралы ұлт журналистикасы тарихын зерттеушілер де тереңдеп бара алмай жүр.

Қарқаралыда Мәди Бәпиұлының 125 жылдығына арналған ғылыми конференцияда қазір Ресейде Санкт-Петербург каласында тұратын осы өлкетанушы Ю.Поновпен кездестім. Сонда оның жоғарыдағы мақаласынан хабарым болғандықтан, Д. Сұлтанғазин туралы басқаша деректер таба алғаны туралы сұрастырып, біраз пікір алмастық. Ол да ерекше назар аудара накты іздестіргенімен, архивтерден қажетті ешкандай тарихи дерек таба алмай жүргенін қынжыла тұрып айтты.

Дінмұхаммед Сұлтанғазин - Ақтогай ауданы тарихы түгіл, бүкіл ұлт тарихында елеусіз калған ірі тұлғалардың бірі. Оның есімі мен ғұмырнамасы казак руханиятына сінірген еңбегі әділетсіздікпен бұрмалана жазылып жүр. Ол – «Түркістан уалаяты» газеті редакторы болған Шаһмардан Ибрағимовтан кейін қазақтан шықкан екінші редактор. 1888-1902 жылдары шықкан «Дала уалаяты» газетін шығаруды ұйымдастыруши және алғашқы басынысы. Ол – Қарқаралы uezінің халық ауыз әдебиетінің ұлтілерін жинап-жариялаған аудан тарихынан шықкан тұңғыш фольклорист ғалым. Ол – Токырауын болысынан шықкан алғашқы журналист, публицист, аудармашы.

Сөзіміздің табан тірдейтін тірегіне Ю.Поповтың «его сопровождал юный студент Петербургского университета Д.Султангазин. Родился Султангазин на берегах реки Токрау, берущей начало в отрогах Кызыларайских гор» деген сөзін алдық кой. Оны бұл автор аспанинан алып отырған жок. Г.Н.Потанин оны «В доме последнего казахского царевича» атты мақаласында тұра осылайша атап тұрып жазған болатын. Негізінде Д. Сұлтангазиннің «Дала уалаяты» газетін редакторы болғаны туралы алғаш пікір білдірген Ақселеу Сейдімбеков болатын. Ол өзінің «Даланың ауызша тарихнамасы» еңбегінде Ақтогай

ауданын аралаганда ел ішінде атакты «жынды» Ысқакпен кездесіп бірнеше рет әңгімелескенін жазады.

Соз реті келіп тұрганда, осы бір тұла бойы тарихқа толы шежіре кария туралы айта кеткеніміз орынды болар. Бұл дана карияны «жынды» атап жүрген де кешегі кеңестік идеологияға қалтыз қызмет жасаган партократтар кауымы. Эйтпесе Актоғай жұрты ол кісіні еш қапысыз сыйлан, қадір тұтты. Шежіре карттың тентек мінезді ғұмыры билікке жақлады, оның өзі ұнатлаған адамын ретін тауып балағаттап тастауы да қоғамға деген карсылығы мен құрдымға кетіп бара жаткан ата дәстүрді сақтап калу жолындағы құресі еді деп ұғынғанымыз жең болар. Себебі орыс отаршылдығының зардалтарын қозімен көріп, күә болған кария тоталитарлық заманда соның жалғасын көріп отырып қалайша үнсіз қалсын?! Осы Ысқақ аксакал туралы аздықепті қалам тартушылар оның тұлғасын сайқымазак, бояуыз адам дәрежесіне дейін төмендесіп жүргені окінішті. Керісінше Актоғайлық төре тұқымдарымен бірге болған, әсірессе Дайыр төре, Смахан төрелермен бірге өткен ғұмырын, Э.Марғұлан бастаган галымдар секілді тұлғалармен кездесу сәттерін танымдық тұрғыда зерделеу жағы назардан тыс қалды. Әзіршे ен онды және тәуір берілген пікір журналист, акын Мирас Асанның «Егемен Қазакстан» газетіндегі «Қызыларай қазылығы» атты мақаласындағы:

«Ысқақ Сүлейменұлы деген боктампаз адам болған. Тентек адамды жүрт «жынды ысқақ» атап кеткен. Оның бокаяуыз сөздерін жүрт тансық көріп, реті келсе өткен-кеткен адамдарды сыйбатып алып отырган. Марқұм Ақселеу Сейдімбек ағамыз да өзі тіленін барып, жынды ысқактың боктығын естіп кайткан деседі. Кейін әңгімесіне кейіпкер де қылған. ысқақ кария үй-ішінен бөлек, ел ішіндегі қисық-қыңыр, телі-тентектерді сол бокаяуыз созімен тыйып отырган. Тарихшы галым Тұрсын Жұртбай «Құнанбай» атты кітабында жазғандай, қыр басында балалармен ойнап тұрған Қиясбайдың ерсі қылығына Абайдың ренжіп айтатын әңгімесіне Қиясбай ақылды кейіпте қарсы ренжіп: «Мен дүниенің өзін мазак

етіп жүрген жокпын ба?» дейтіні бар. Біз айтып отырған жынды Ыскак та сол Қиясбай сиякты кер заманды келістіріп сынансыбап алғандардың бірі» деген баға.

Жанаарқада Сәкен Сейфуллиндегі сұнкар да сері ақынның сенімді серігі болған «жынды» Эбен мен біздің «жынды» Ыққактың ғұмыр жолы ұқсас. Бұндай адамдардың өмірі философияда «отсуждения», яғни «когамды, ғұмыр кешіп отырған ортасын жатсыну» деген пәлсапалық категорияға жатады. Бұл адамдар басқалар секілді өзі жақтырмайтын қоғамның құлдық камытын мойнына іліп алып тарта беруге еш көнбейді. Қайтсе мінез корсетеді, ол барады да басқалар тарарапынан түсінбестік тұғызады. Соңсоң партиялық билік пен оның өкілдеріне карсы боғауыз соз айткан адамды қалайша «жынды» демесін. Сол Ыскак қарттан балағат естіген бірталай нартоқраттар бір сөз айта алмай сүмірейіп шығып, сотка тартуга халықтан корыкты, жаман атқа калудан сескенді. Ал халық колдауына ие бола алмаган қаншама адам кенестік билікке карсы шыққан бір ауыз сөзі үшін ғана «дисидент» атанып, «психологиялық ауру» деген диагнозben жындыханага тоғытылып, кор болып өлгеніне мысал жеткілікті.

Осы Ыскак ақсақалға елге журналистік сапармен келген А.Сейдімбеков арнайы барып сәлем бере жолығып, ел-жер тарихы туралы әнгімелер сұрайды. Оның ішінде Актогай төрелері туралы да білгісі келген болуы керек. Сондағы Ыскак қарияның айткан әнгімесін өз енбегінде былай деп жазып қалдырыпты:

«Бес Мейрам дегенін Арғыннан тарайтын Мейрамсолының балалары. Мейрамсопыдан Болатқожа (Каракесек), Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік деген бес бала туған. Сол бесеуінің ұрпағы Орта жүздің сұйекті руладына айналған. Бұларды шежіре тілінде «Бес Мейрам» деп жинақтап кайыра салады. Үлкен хандар жойылып, калың қазақты Ресей үкіметі қырық жілік еткен басиесіз заманда Бекей осы «Бес Мейрам» ұрпағына хан болған. Төрелердің аргы атасы Шынғысхан екенін білетін боларсындар. Сол Шынғыс хан ұрпағынан тарайтын Кекжал Барактан Бекей туады. Бекейдің өзінен тоғыз ұл болған. Сол

төгіздың үлкені Шыңғыс деп аталған. Шыңғыстан Жамантай туады. Жамантай кезінде Алшынбай, Құнанбай, Жанак ақын, Сокыр Шөже, Тәттімбеттермен дәмдес болған Қаркаралыда «Хан Жамантай» атасып тұрды. Бекейдің екінші баласы – Сұлтанғазы. Сұлтанғазыдан Құдайменде мен Дайыр туады. Жаңагы мен сөз етін отырган Дайыр осы. Құдайменеден Діnmұhambet туады. Бұл үлкен экесінің атына жазылын, Діnmұhambet Сұлтанғазин болып, кезінде Даға уалаяты» газетін шыгарған адам. Діnmұhambetтің экесі Құдайменде өз тұсында Кенесарымен көңілі жарасқан дос болып, көмек көрсеткен.

Бекей ханың тағы бір баласы Батыр сұлтан болған. Батырдан Мырзатай. Рұстем деген екі ұл тұган. Рұстеміне әншілік, күйшілік ақындақ конған өнерпаз адам екен. Кезінде Жанак ақынмен айтыска түскен. Ал Мырзатайдан Нұрмагамбет туады, одан Элихан туады. Баяғы Алаштың туын котерген Элихан Бекейханов осы. Элиханды көрдім, мына опасыз жалғанда бір-ақ рет келетін сабаз еді гой! Элиханың Лиза деген қызы, Үкітай деген ұлы болды. Лизасы кезінде Смағұл Садуақасовпен отаскан. Қазір Ленинград жағында үлкен ғалым деп естімін. Ал Үкітай болса, бертінде 1957 жылы Хакасия елінде қызметте жүріп дүние салыпты. Замана шіркін бұл тұқымның осылай тоз-тозын шығарды.

Элихан өзінің бесінші экесінің атыналып, Бекейханов болған. Бекейханың бейті Қарагандыдан Ақмолага қарай теміржолмен шыға шыға берісте «Хан басы» деген жерде. Бұл бұйрық дегенді койсанышы, сол Бекей ханың бейтінің ішінде Орта жүзді аузына қаратқан Жанак ақынның сүйегі жатыр. Бекей ханың бұл төнірекке белгілі тұқымы туралы айтарым осы». (А.Сейдімбек. Қазактың бейпіл сөздері. 43 -бет).

Журналист-жазушы, кейін фольклортанушы ғалым болған А.Сейдімбек Ыскак аксалдан жазып алған осы «Діnmұhambet Сұлтанғазин кезінде Даға уалаяты» газетін шыгарған адам» деген деректі не себептен індете іздеп дәлелдеуге үмтыхамғаны да түсінікті. Себебі кенес дәүірінде бұл Элихан тұлғасына

байланысты жабык тақырыптардың бірі болатын-ды. Бұған қоса қазак журналистикасының тарихын алғаш тылыми зерттеуші Х. Бекхожин, және оның зерттеулеріне сүйенген Ү. Сұбіханбердина, Б.Әбілқасымовтар бірінен соң бірі «Дала уалаятының газетінің» редакторы деп біздің жерлесімізден басқадай бір аттас болып келетін семейлік Дінмұхаммед Сұлтангазинде жазып, бұқіл тылыми ортада тұжырымдан тастанды. Ол кезде оларға қарсы «бұларың қалай?» дейтін адам шықлады. Сондықтан Ақтогайлық төрелерден шықкан Дінмұхаммед Сұлтангазин тұлғасының тылыми айналымдар мен тарихи деректерде неге бұрмаланып жүргенін аныктайық. Ол үшін ең әуелі «Дала уалаяты» газеті дегеніміз қандай жарияланым болғандығы туралы тоқталып кетелік. Себебі, филолог, журналист мамандар болмаса көп жүрт біле бермеуі мүмкін.

«Дала уалаятының газеті» - 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейінгі аралықта Омбы қаласында аттасына бір рет шығып тұрған басылым. Бұл «Ақмолинские областные ведомости» атты орыс тіліндегі газеттің жергілікті халықка арналған косымшасы ретінде пайда болды. Оның жарыққа шығуы - 1882 жылы жер құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген Дала генерал-губернаторлығының құрылымынан байланысты. Газеттің басты мақсаты - жергілікті халықты тұрлі үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру. Газеттің орыс тіліндегі басылуына редактор болып И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Попов, Д.Лавров деген кісілер қол қойып отырган. Қазак тіліндегі алғашқы атапты «Особые прибавление к Ақмолинским областным ведомостям» болған. Газеттің ең бастапқыдағы редакторлары ретінде саналған және басылымның казақшасын үзбей редакциялаған генерал-губернатор канцеляриясының ага тілмашы Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтангазиндер болатын. Газеті басында көлемі 1 жарым баспа табак болып 4 бетке басылып тұрған. 1888 жылғы 8-санынан бастап газет көлемі екі есе көбейтіліп, тұтас бір баспа табакқа жетіп, 8 бет болып шықкан. 4 беттік сандарында газет

беті екі бөлікке бөлініп басылған. Сол жақтағы 1-бөлігінде араб әрітерімен жазылған қазақша макалалар, он жақтағы 2-бөлігінде орыс тіліндегі материалдар басылған. Ал 8 беттік нөмірлерінде алғашкы төрт беті түгел қазақша, қалған төрт беті орысша басылған. Араб қаріпімен қазақша жазылған материалдардан қазақтар тек акпарат алып кана коймай, өз тілінде оқып, жазып, ойлай білуге де үйренді.

Ұлттық баспасөздің қарлыгаштарының бірі «Дала уалаяты газетінің» дүниеге киелі қазак халқының откен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Басылымдағы мәліметтер патша өкіметінің жарлықтары мен өкімдері, ресми ережелерімен бұқараны таныстырумен катар, өнірдегі егіншілікті оркендету, отырықшылыққа көшу, ғылым жаңалықтары, дәрігерлік көмек, діни өмір салты, мектеп ашу, қазак тұлған, әдебиетін дамыту проблемалары, ел басқару, сауда ісін жолға кою. мал тұқымдарын асылдандыру және т.б. көптеген мәселелерді қамтып тұрды. «Дала уалаяты газетінде» басты шығармаларда қазак өмірінің барлық күрделі оқиғалары мен құбылыстары толық, тұтас қамтылмаса да, қазак халқының тарихында болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш баспасөз бетіне түсіп, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің негізін қаласуға көмектесті. Бұл басылған шығармалардың ішінен қазактың ғасырлар бойы ұрпактан-ұрпакқа мирас болып келе жатқан ауыз әдебиетінің, шығыс әдебиетінің нұсқаларын және озық идеалы орыс әдебиетінің нұсқаларын көреміз. Бұл шығармалар уақытында өте маңызды болумен катар, сол кездегі қазак әдебиетіне жаңа ағым, жаңа түр, жанрлардың бастамасын ала келді. Мұнда қазак өмірінің әрбір көрініс - кезеңін сол өз заманына сай бейнелеумен қатар, өмірді реалистік түргыдан суреттеп, ескіні сынап, жаңағабой ұру талабы да байқалады. Эрине бұлар қазак әдебиетіндегі алғашкы қадам болғандыктан, кейбір елеулі кемшилік барына қарамастан, кейінгі әдебиетімізге иті әсерін тигізді. «Дала уалаяты газетінде» басылған коркем шығармалардың бір тобы қазактың оз төл әдебиеті болса, енді бір тобы орыс тілінен аударылған не шығыс

әдебиетінен ауысқан әдеби жазба үлгілер. Бұлардың бәрі мазмұн, коркемдік жағынан әр түрлі деңгейде болса да, казактың жазба әдебиетінің дамуына жағдай жасады. Бәрібір де цензураның қатал бакылаудыңда болғандыктан да газеттегі казактардың рухани өміріне байланысты әрбір макалада патшалық Ресейдің казак даласында жүргізіш отырған отарлық саясаты шенберінде ұстанған позициясы анық айқындалып тұрғаны анық.

1894 жылы осы орыс тіліндегі «Акмолинские областные ведомости» газеті «Киргизская степная газета» деген атауга өзгерген кезде, казак тіліндегі қосымшасы «Дала уалаятының газеті» деген атпен шыға бастады. Оның бүкіл казак халқының ой-санасын оятудағы маңызы зор екенін түсінген патшалық билік ақыры оны 1902 жылы жауып, «Сельскохозайственный листок» деп атап, ел руханиятындағы ролін мүлде төмендетіп жіберді. Себебі, газет баскармасы манайына казактың еркін ойлы оқыған азаматтарының топтаса бастауынан патша жандармериясы қатты сессенді. Оның үстіне 1905 жылғы алғашқы орыс революциясының да дүмпүі жақындал қалған еді.

Кенес дәуіріндегі Ы.Алтынсарын туралы зертеулерде және жоғары сынып оқулықтарында айырықша мадактала жазылған Н. Ильминский газеттің шығуына үзілді-кесілді карсы болған адам. Егемендікке дейін ұлы педагог «Ыбырайдың орыс досы» деп мактап жүрген Н. Ильминскийіміз - ғұмыр бойы казактарды орыстандыру мен христиан дініне кіргізіп шоқындару жолында енбек еткен миссионер, ягни, бір сөзben айтқанда, қыр казактарының қас жауы. Осы Н.Ильминский «Особые прибавление к Акмолинским областным ведомостям» шыкканына тұра бір жыл болғанда «Акмолинские областные ведомости» газеттің жергілікті бұратана халыққа арналып казак тілінде шығатын қосымшасын тез арада жабу керек. Ол туземецтердің ой-санасын оятуға және оқу-білімге ұмтылуы мен өз тарихын білуге деген құлшынысын жоғарылатып бара жатыр» деп генерал-губернаторлықка талап-арыз түсірген.

Қатаң цензура жағдайында шыкса да, сол ұлтжанды

журналистер патша өкіметінің отарлау саясатына наразылықты тұспалдап айта білді. Тіпті қазактың сол кездегі алғашкы журналистерін толғандырмagan бір де бір әлеуметтік-саяси, ғылыми-мәдени мәселе болған жок десек, аргық айтқандық болмас. Олар казақ халқын құрып кетуден сактайтын жолдарды іздеңдер етіп, өз ұлтының отарлаушы ұлтлен тен болуын, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, тілді сактау жөніндегі мәселелерді көтерді. Сонымен бірге қазактың алғашқы агартушы тұлғалары Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ұбырай Алтынсариннің идеялары мен ізденістеріне толы өлеңдері мен мәкалаларын жариялады. Әрине, ұлтжанды журналистердің мұндай «ұлтшылдығы» отаршыл әкімдерге ұнай қойған жок. Ақыр сонында ұлтқа қызмет еткен басылымды жауыптынды.

Ұлт тарихында осындай ерекше орын алатын «Дала уалаятының газетінің» алғашкы редакторы біздің жерлесіміз Дінмұхаммед Сұлтанғазин болған! Алаш ұранды бар қазактың көсемі Ә.Бекейханов және Алашорда үкіметіне байланысты теріс көзқарас осы бір ардакты тұлғаның тарихтан өз орнын алуға кесірін тигізді. Ол үшін бізге философиялық ұғым бойынша терісті терістеу, яғни, катені дұрыстау керек болып тұр. Ал журналистикадагы «Дала уалаятының газетінің» тарихына арналған барша ғылыми әдебиеттерде оның алғашқы редакторы болды деп жазылғатын Дінмұхаммед Сұлтанғазин мұлде басқа адам. «Бұл кім еді?» деген сұралққа «Қазакстан. Ұлттық Энциклопедияда» С.Өзбекұлы деген автордың жазған мәкаласы арқылы жауап берелік. Онда:

«Сұлтанғазин Дінмұхаммед (10.5. 1867- Семей қ. – 1917, Баку қ.) – қогам қайраткері, алғашкы қазақ зиялыштарының бірі. Экесі Газы Болатұлы Уәли ханның Ғұбайдолла деген үлкен ұлының баласы. Сұлтанғазин экесінің тікелей ықпалымен Томск университетінің медицина факультетіне окута түседі. 1891 жылы Санкт-Петербург университеті шығыстану факультетінің араб, парсы, түрік, татар тілдері өліміне ауысады. Бұл факультетті бітірген соң 1895 жылы зан факультетіне түсін, 1897 жылы

аяқтайды. 1898-1902 жылдары қазак даласында екі тілде шығып тұрған «Дала уалаятының газетінде» редактор және аудармашы болып қызмет етеді. Сол жылдары ол екі тілге бірдей публицист, аудармашы, ақын, заң және тіл ғылымының ірі маманы ретінде танылады... Сұлтангазин 1896 жылы Ақмола облысы Көкшетеу uezіне қазак халқының аныз-әнгімелерін жинауға барған Потанинмен бірге жүріп аныз-ертеғілерді орысшага аударып берген. 1910 жылдан өмірінің сонына дейін Бакудегі мұсылмандарды оқытатын діни орталықта шығыс тілдерінен сабак берген» деген өміrbаяндық дерек берілген. (8-том. 92-бет).

Осы бойынша алып қарасақ, бірнеше бұрмаланған күмәнді пікірлерге тал боламыз. Біріншіден, автор «Әкесі Газы Болатұлы Уәли ханның Ғұбайдолла деген ұлken ұлының баласы» дегені шындықтың ауылынан алыс жатыр. Егер Ғұбайдолланың ұлken ұлының Газының баласы болса, неге Болатұлы болып тұр? Уәлиханның ұлken ұлы, Орта жүздің мұрагер сұлтаны Ғұбайдолла Уәлиханов туралы деректерде тұган және қайтыс болған жылдары белгісіз деп жазылған. Шоқан Уалиханов пен Г.Н.Потаниннің жазған енбектерінде Ғұбайдолла Уәлиханның алғашқы әйелінен, ал Шыңғыс соңғы әйелі Айғанымнан тұган деп жазылғаны белгілі. Ал өмір сүрген жылдарын Ғалым Қадірліұлы өзінің «Жылғара Байтөқін» деген зерттеуінде: «1832-1838 жылдар аралығында Көкшетау дуанының ага сұттаны болып Ғұбайдолла кайта сайланады. Полковник дәрежесіне дейіш көтеріледі. Ғұбайдолла Уәлиханов шамамен 1777 жылы туып 1851 жылдары қайтыс болған. Ол алтын медальмен және «Ага сұлтан Ғ.Уәлиханов» деп жазылған алтын қылышпен марапатталған. Өмірінің соңғы жылдарында отырықшылықка көшіп, Қопа көлінің маңына және Бурабайдағы Қызылағашта өзіне арнап үйлер салғызады. Бірак, Ғұбайдолла Кенесары Қасымовтың көтерілісін қоштады деп айыпталып, Сібірге «Итжеккенге» жераударылады, содан тек 1847 жылы гана оралған (8 жыл жүріп), 1851 жылы ол қайтыс болады» деп нақты көрсеткен. Осыған сай алып қарасақ, 1867 жылы тұган деп көрсетіліп отырған бұл семейлік Д.Сұлтангазиннің

Ғұбайдолла Уәлихановтың баласы Болаттын ұлы Ғазы сұлтанның тугандығын шежірелік деректер растигайды. Оның Қекшетау жерінде емес, Семей қаласында тууы да күдік келтіреді.

Екіншіден, туган жылы 1867 деп тайга таңба басқандай жазылыш түр. Ал «Дала уалаятының газеті» 1888 жылы ашылды. Сонда бұл Д.Сұлтанғазин газет ашылған жылы бар-жогы 21 жаста ғана және Томск университетінің медицина факультетінде оқуда жүр. Бұл біз жогарыда жазған «Газеттің ең бастанқыдағы редакторлары ретінде санаған және басылымның қазақшасын үзбей редакциялалан генерал-губернатор канцеляриясының аға тілмашы Е.Абылайханов пен Д.Сұлтанғазиндер болатын» деген дерекке мүлде кайшы.

Елдің берін шатастырышып жүрген де - екі Д. Сұлтанғазиннің Санкт-Петербургте оқуы. Ұлттық қоғамдық саяси журнал «Ақикат» 1994 жылғы № 10 санында заңғылымының кандидаты Сәкен Созақбаевтың «Жеті жүрттың тілін білген» деген зерттеу макаласын «Тұлғалар тұғыры» айдарымен жариялады. Макала семейлік Д. Сұлтанғазиннің өміріне, қызметіне арналған. Онда: «Дінмұхаммед Сұлтанғазин әкесінің ықпалымен 1890 жылы Томск университетінің медицина факультетіне оқуға түседі, бірак оны бітірмейді. Ол Ресей халық ағарту министрі И.Д. Деляновікे өтіпшіш жазып, Томск университетінен Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетіне ауыстыруды сұрайды. Министрдің келісімімен 1891 жылы тамыз айында Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетінің араб. парсы, түрік, татар тілдері бөліміне студент болып қабылданады. 1895 жылы шығыстану факультетін бірінші дәрежелі дипломмен үздік бітіріп шыгады да, сол жылы заң факультетіне түсуге өтініш береді. 1897 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп, зангер мамандығының дипломын алады: ол - екі мамандық бойынша университеттік білім алған тұнғыш казак, 7 тілде - араб, парсы, түрік, татар, орыс, француз, казак тілдерінде еркін оқыған,- деп тұрып жазылған. Сонда ол осы 7 жыл бойы оку қуып жүргенінде «Дала уалаятының газетінің»

ашылуы мен басылымның қазақшасын үзбей редакциялаған, макалалар жазған генерал-губернатор канцеляриясының аға тілмашы Е.Абылайхановпен бірге жасалған жұмыстарға ол қай жерде үлгеріп жүр деген сұрақ ешкімді толғандырмадан.

Ушіншіден, 1891 жылы Санкт-Петербург университеті шығыстану факультетінің араб, парсы, түрік, татартілдері бөліміне ауысып, бұл факультеттің бітірген сон 1895 жылы заң факультетіне түсіп, 1897 жылы аяқтаған семейлік Д.Сұлтанғазиннің бұл жылдары Омбы қаласында шығып тұрган «Дала уалаятының газетінде» редактор болуы еш мүмкін емес. Оның қисыны келмейтінін білген С.Әзбекұлы «Ұлттық энциклопедияда»: «1898-1902 жылдары қазак даласында екі тілде шығып тұрган «Дала уалаятының газетінде» редактор және аудармашы болып қызмет етеді», - деп газеттің тек соңғы төрт жылданнан кейндеған еншілеп берген.

Біз «Дала уалаятының газетінің» алғашкы редакторы біздің жерлесіміз Дінмұхаммед Сұлтанғазин болған деген тұжырымды пікірді айтуды дұрыс деп санаймыз. Ол үшін әзірше мына төрт дерекке ғана сүйенеміз:

Галым Г.Потаниннің «студент Петербургского университета Д.Султангазин. Родился Султангазин на берегах реки Токрау, берущей начало в отрогах Кызыларайских гор» деген сөзі;

Ыңқақ ақсақалдың «Құдайменdeden Дінмұхамбет туады. Бұл үлкен экесінің атына жазылып, Дінмұхамбет Сұлтанғазин болып, кезінде Даға уалаяты» газетін шығарған адам» деген сөздері;

Галым Ахмедовтың «Алаш алаш болғанда» кітабында Д.Сұлтанғазин «XIX ғасырда оқығандар» тізімінде - № 14-ші, «Егемен Қазақстан» газетінің 1998 жылғы тамыздагы санында «Ертеден ел таныған жоғары білімді қазактар туралы» деген макалада № 19-ші ретпен жазылған. Бірақ оның тұған жері бірсесе Семей немесе Қарқаралы деп жазылады. Актоғай ауданы сол кездегі әкімшілік бөліністер бойынша Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің құрамына кіргендігі де осы қателесуге негіз болып жүргені анық. Ал Г.Н.Потанин нақтылал, «Тоқырауын

бойында туган» - деп көрсеткені даусыз шындық. Осы Г.Ахмедовтың «Д. Сұлтангазин туысы Райымжан Бекейхановтың айтуы бойынша, өмірінің соңғы жылдарында Бакуде дәрігер болып қызмет істеген. Сонда қайтыс болған. Бақуға қалай кеткені белгісіз» деп жазған пікірі де ескеруесіз қалып жүр. (125 бет).

Жерлесіміз Мырзахан Қалиакпардың «Азия Транзит» деген журналда жариялаган «Қазақтың тұнғыш редакторы - Ділмұхаммед Сұлтангазин» атты макаласының да айтары бар. (2003. - №9. 28-29-беттер). Кейбір өз сөзіне өзі қарсы келген даулы пікіріне қарамасақ, онда бізге керегі - «Қасиетті Актогай өнірінде, киелі Тоқырауын топырағында туган Д. Сұлтангазин есімі зиялды, қайраткер, ұлтын, тілін сүйіп, құрметтеген білімдар болғанын ұрпактар біліп өссе, оның халқы алдында сіңірген енбегінен нәр алса, кеп нәрсе үтқанымыз болар еді» деген тұжырымы. Автордың жазуынша асқан білімді, ірі қоғам қайраткері, жерлесіміз Д. Сұлтангазиннің есімі Актогайды № 14 кәсіби-техникалық мектепте Актогай зиялыштарының тізімінде жазулы түр екен.

Әрине, Актогайлық Д. Сұлтангазиннің ғұмырбаяны мен тағдыр-талайы әлі де дәлелдеуді қажет ететін түсінікті. Ғылыми жетекшім профессор Т.Кәкішев «Сын салары» (1971) енбегінде ұлттық әдеби сынның туу дәуіріне сай «Дала уалаятының газетін» қарастырганда Д. Сұлтангазинді «Шоқанның туысы» деп көрсеткеніне қарамастан, Г.Потанинің сөзін дәлелге нақты дәлелге келтіре отырып, жазған докторлық диссертациям мен «Қазак әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999) атты монографиямда «Актогайдың Тоқырауын өзені арнасында, Қызыларай тауында туган» деп жазған болатынын. Үстазым:

- Не Арғын-Қарекесектерден шықкан ұлыларың аз ба? - деген наразы уәжіне қарсы:

- Сіз өз Кекшетауының тартқанда, мен өз Актогайима бүрмаймын ба? - деп сөзден ұтып кеткенім бар еді. Кек Тәнірісі ғұмыр беріп жатса, ешбір дау-дамай тудырмайтын нақты бір корытындысын не өзім, не шәкірттерім дәлелдеп те шығарармыз.

Иә, казак әдебиеттандырылымының Абызы, менің рухани үстазым  
Т.Кәкішұлы «Іздеушісі мен жоктаушысы болмаса, алтын да  
жарқырамайды» деп қалай дәл басып айтқан!

## VII тарау

### **ТОҚЫРАУЫН БОЛЫСТЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ**

Облыстық басқару формасына көшкен кезде Қарқаралы аргындары үшін дербес әкімшілік өлшем Қарқаралы уезі болып келген еді, ол уезд Шыңғыстаудың батыс сілемдерінен Мойынты өзені мен Ақадыр шектеріне дейін, Балқаш көлінен Баянуыл таулары аймагына дейін созылып жататын. 1897 жылғы деректер бойынша, уезде барлығы 104569 казак болған. Онда 181 старшындық болып, олардагы шаруашылыктар саны 30 528ге жеткен. Алғашкы он жыл ішінде уезд халқы қебейін, 38 616 ауылға жетті, олардың ішінде аргындар 32 515 ауыл еді. Қалған ауылдар басқа руларға жатады. Қазак жерінде облыстық басқаруды енгізе отырып, орыс үкіметі жаңа әкімшілік өлшемдер енгізуге, оларға руллық атау бермей, топономикасын коса өзгертіп, рұлық негізді тұптамырымен жоюға ұмтылды. Уезд жерінің қалған басым көпшілігі Қарекесек руының, оның Бошан, Майқы, Танас, Жалықбас, Әлтеке, Сарым деген т. б. аталарының конысына айналды. Олар Токырауын, Жәмші, Кусак, Ашанбел, Мұқыр өзендерінін бойын, Қарқаралы, Кент, Ку, Едірей, Қорпетай-Нұртай, Қызыларай, Қоңыр тауларын, осы өнірдегі көптеген алқаптарды мекендеді. Уезде бастапқы кезде барлығы 19 болыс болды. Мұндай саясат Ресейдегі капитализм дамуына байланысты түбекейлі өзгерістерге сай келген еді. Жергілікті сұлтандар мен бай-болыстарлардың билігіне балта шабу арқылы патша өкіметі олардың қолынан экономикалық, саяси күштерді тартып алғып, Қазақстанды жалпыресейлік қажеттерге байлан тастады. Олар бұл арқылы ен бастысы Қазақстанды өзінің өнеркәсіп тауарлары үшін шикізат базасы мен рыногына айналдыруды максат етті. XIX гасырдың басында аймактың шығыс бөлігінде басталған әскери-казак отарлау кезең-кезеңімен жалғасын тапты. Қарқаралы казак станицасына 1827 жылдан бастап 1850 жылдарга дейін ресейлік

орыс-казактар көшіп келуі үздіксіз жүрді. 1869 жылдан бастап Қарқаралы енді уездік орталық болады. 1883 жылы тұрғындар саны 1548 адам болып, олардың 181 адамы немесе 11,6 %-ы ғана казактар болды.

1850-1870 жылдар аралығында әкімшілік жолмен осы уездікке қараған Әлтеке-Сарым болыстығына жататын Токырауын бойындағы елдің тарихы мен би-әкімшілік құрамы туралы мұрагаттық деректер тым аз. 1872 жылдың 27 қаңтарында шықкан «Семипалатинские областные ведомости» газетінде жарияланған дерек бойынша 1865-1870 жылдар аралығында, Қарқаралыда төре Құсбек төре аға сұлтан болып тұрғанда «Әлтеке-Сарым» болысының болысы Жанқұтты Ботантаев, орынбасары Ұзак Құланов болған. Бұл құжат Қазакстаның мемлекеттік архивінен алтынып, кошірмесі 2001 жылы шықкан «Қаракесек Сарым» шежіресі 243-278 беттері аралығында толық қамтылған. Жанқұтты Ботантаев пен Ұзак Құлыновтың мөрлерінің таңбасы көрсетілген.

Карқаралылық өлкетанушы, казір Санкт-Петербургте тұратын Ю.Поповтың ғылыми зерттеулерінің ел мен жер тарихын зерделеуде беретін деректері маңызды. (Караңыз: Волостные управители 1872 – 1904. «Пульс», 28 шілде, 2006 ж). Осы мақала бойынша 1871 жылғы 3 желтоқсандағы Семей генарап – губернаторының бұйрығында Әлтеке-Сарым болысының әкімшілік құрамы мынандай болған: «Уш жыл уақыт мерзіміне болыстықта Малыбай Байғұтдинов, орынбасарлыққа Ербекей Машаков сайланған. Халық билері болып Жұбанай Атығаев, (ките кеткен, дұрысында Жұбанышбай Бытығасев. Ж.С.), Құзембай Саумалов, сұлтан Даир Ғазин, Баймұрын Иманов, Арыстанбек Даuletбаев, Дүйсенбай Торғаев, Жакай Ақтаев, Кенеш Құркінбаев, Жамансары Данияров, Жандар Бөлемісов, Қайрап Төбетов, Дүкенбай Шоңбаев сайланған. Болыстық молласы болып Шынқожа Төлегенов бекітілген». Ю.Попов бұл деректерді 1872 жылғы 27 қаңтардағы «Семипалатинский областные ведомости» газетінен алған. Осы болыстық құрам әр

түрлі өзгерістерге ұшырай отыра, 1878 жылға дейін келеді де, Нұра және Тоқырауын болыстықтары болып екіге бөлінді. Оның билік жүйесінде ғана емес, ел тарихында да өзіндік себептері жок емес.

Жаксы Жанғұттының тұсында Әлтеке-Сарым - бір ғана болыс. Ол кісіден бұрын Өтеміс ұрпағынан Боксарыдан Шонбай болыс болған. Оны біз Рұстем мен Мырзатай сұлтандардың Ақтогайдың Желтауына келіп орналасуына байланысты жоғарыда жаздық. Соған байланысты алғанда оның болыстықка саллануы 1857 жылдың мұғдарында. Ендеше ұрпактарының болыстықты жиырма жыл басқарыпты дегені, оның өзінен кейінгі балаларының болыс болуына қарай айтылған болып шығады. Сонда Әлтеке-Сарымға Шонбайдың болыс болу жылдары 1857-1865 жылдар аралығы болып шығады. Ал 1865-1870 жылдар аралығында Әлтеке-Сарымның болысының болысы Жанқұтты Ботантаев. Мәселе кімнің болыс болғандығында емес. Мәселе – осы бір ғана болыстықтың екіге бөлінуінде, яғни Нұра және Тоқырауын болыстығының құрылуында. Тып-тыныш жаткан ағайынды Әлтеке-Сарымның аяқ астынан екіге жарылу себебі неде? Ол – Керней Жарылғапберді батырдың Дадан Тобықтыны Ақшатая төнірегіндегі Қарашоқы, Қарабұлақтан қуып шыққан соң, олардың Балқаштағы бір отар кой мен бір үйір жылқы ғана сиятын Орта Дересін бойын мекен етіп, кейін Әлтеке-Сарымнан жер алуына байланысты. Дадан Тобықты Әлтеке Жидебай батыр мен Сарым Шабанбай биге жер алу үшін қолқа салып, тіпті Жидекенмен кие салыстырып, Тоқырауынның сағасын, одан етінге тоған салуга екі құлақ су алып, біргіндеп жоғары өрлеп казіргі Нарманбет аулы төнірегіне дейін мекендеуге кол жеткізуі - хандық билік жойылып, аға сұлтандық, болыстықтар құрыла бастаған 1820 жылдардың іші. Кенгіrbай Семейдегі Шыңғыстаудан мұйіздел қуып шыққан соң, басында түпкі ойлары Сыр бойына ауу болғанымен (біздінше, құрсылтау, әйтпесе онда кім жер дайындал отыр дейсіз. Ж.С.), ел танып, жер алған соң, Ақтогайдың ақ бидайына тойынған Дадан Тобықты Кенесары-

Наурызбай көтерлісі талқандағаннан кейін бірте келе жеке болыстық болу жағдайына ынғайлана бастаса керек. Оған кезінде аға сұлтан болып Қаракесекке билік жүргізін қалған Құнанбайдың бүйрекі бүрмады деп ешкім де айта алмайды. Болыстық үшін ауыл, үй саны толу кажет. Құнанбай Жақсы Жанғұттымен сыйластығын алға тартып, Әлтеке-Сарымның Балқаш жақтағы кейбір ауылдарын негізі Дадан Тобықтыдан құрылмақшы жана болыстыққа икемдеуге кірісken. Алғашқы қауіп, әрине, аулы аралас, койы қоралас жатқан Өтеміс ұрпағының Көшкін-Құлық руының, Әлтекенің Әтембек-Койгел аталарының ауылдарына түседі. Осыған байланысты Қарқаралыда жын болып, Көшкін-Орысбай Құзебай би мен Ұзак Құланов бастаған Өтеміс ұрпактарының ел басшылыры шу шығарып, дау бастайды. Оған дәлел үшін тағы да ел аузында қалған сөзге жүгінеміз. Құтжанев Газиздің сөз білетіндерден жазып алған дерегін дәлелге алалық. Онда: «Семей губерниясы, Қарқаралы уезі кезінде Жақсы Жанғұтты уақытында Саумал би балаларымен Қарқаралы барады. Құзебай тік мінезді, ұшқыр да батыл адам болса керек, Тобықтылардың болыстық ашуына байланысты шу шығарыпты. Жанғұтты Саумал биге салмакты сөз салып, ол баласын басыпты. Сол жолы Тоқырауын жеке болыстық болып құрылыпты дейді. Естуім бойынша үй басын көбейту үшін (болыстықка толу үшін 1000-нан астам жеке шаңырак үй саны болу керек. Ж.С.) санак жүргенде Кожагұл және Байдәүлеттерге жер берін, көшіріп әкелген» деп жазылған. (Тағылымға тағзым, 2005, 24 - бет).

Жақсы Жанғұттының Саумал бабамызға баласына басу айтқызуының себебі де жок емес. Дадан Тобықтылар жана болыстық ашуға ұмтылыс жасағанда қыр Сарымының би-батырлары «Дадан Тобықтыны Бектауатага дейінгі жерден қуамыз» деп шықса керек. Ел арасының бүлінуі билікке де, жалпақ жұртқа да онай шаруа емес. Осыны бетке ұстап бетінен қайтпай қойған Құзебай би мәселені тізеге салып отырып, бүкіл Әлтеке-Сарым ру басыларының алдына көлденен тартып, жаңадан Нұра және Тоқырауын болыстығының құрылуына

себепкөр болған екен. Бір жағынан сол кезде жерге ентелей кіріп келе жатқан Дадан Тобықтыны тоқтатып жерді, екіншіден, бүкіл Өтеміс ұрпагының тұтастығын сактап қалады. «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп жалған намысқа басатын казак үшін, бір рұлы елдін жартысы басқа болыстыққа бөлініп кетуі - елдін бетіне шіркеу, сүйеккө таңба. Калай дегенмен де Дадан Тобықты Аргынның бір баласы болғанмен кірме ел, ал мал дауын мен кыз дауын былай койғанда, жер дауы мәселесі тұган осындай кезде қызынбайтын қазақ жок. Ол қанымызда бар. Қаладагы қазактар түгілі, ауылга бара қалсан, олар тап бір сениң қолында тұргандай-ақ сенен «не қытайларға жер берейін деп жатырысыңдар ма?» деп кекетеді. Міне, сізге жер мәселесіне келгенде - қазактың бей-жай, немкүрайлы қарай алмайтындығы.

Аристотель айтқандай, «Платон менің досым, алайда шындық одан артық» деген сөз бар. Тарихи шындық тұрғысынан келсек, Балқаштан Шетке дейінгі ен жатқан Өтеміс ұрпагының жеріне қоз тігушілер аз болмаган секілді. Ол үшін көне қоз кариялардан естіп, жазып алған мына бір ділмәр сөзді айтар едік. Бірде Жақсы Жанғұтты ел адамдарымен жылқы суарып жатқан құдық басында тұрса керек. Айғыр біткен үйірлерін бөлектегендіктен жылқы кайыру бермей, жылқышылар әбігерге түсіп жүрсе керек. Сонда ауылға келе жатқан Керней Жарылғапберді батыр атына қамшы басып жіберіп, қашкан жылқыны кайырып құдық басына қуып әкеліп, Жақсы Жанғұттыға сәлем барғен соң:

- О, қадірлі Жақсы Жәк! Сіз осылай сырттан ғана бақылап кана тұрсаныз гой. Қалғанына мен ие болар едім де, ешбір шашау шықпас еді, - депті. Сонда Жанғұтты:

- Е-е, батыр. Сениң айтып тұрғаның біздін болыстықтың өзіне таяу жері ғой. Оған мен қонғенмен, Шонбай болыстың етегіне қонған соқыр бақ сен екеумізге көне кояр ма екен, - деген жауап қайырыпты.

Бұның мәнісі Жарылғапберді батыр Жәмші өзені бойында жатқан жерге коз тігіп, өз болыстығына қосып алушы ойлап жүрсе де, ел жақсылары мен ата заңнан аса алмаса керек. Сол

ойын Жақсы Жанғұттыға тұспалмен жеткізгені еken. Оның үстіне Өлтеке-Сарым болыстығының жері үлкен, халқы да екі болыстыққа жетіп жығылады. Енді оған жана болыстық ашкысы келген Даdan Тобықты да, жерін кенейткісі келген Кәрсөн-Керней де көз тікпегенде кайтеді? Ел басшыларын бір-біріне айдал салып қойып, ру татулығын бұзып, екі жакты да тәуелді етіп ұстауды қоздеген орыс ұлықтарының отаршылдақ саясаты тағы бар. Осындаи әрі-сәрі жағдай туып, орысқа нара беру арқылы болыстық ашып, жерге ие болғысы келген Дадан Тобықтының дауынан ел арасы бұзыла жаздайды.

Ал шанырак саны жеке бір болыстық ашуға толмаған аз гана Дадан Тобықтылар Шынғыстаудағы қалың Тобықтыдағы Жуантаяқ пен жеке болыс болып отырган төлеңгіттерді «алдына мал салам, басыңа үй тігемін» деп арнайы шакырып үй тартып, сал кейін жеке «Балқаш болысы» болды. Оған әсіресе «Еңлік-Кебек» оқигасынан кейін Кебек тағдырына ара тұспедің деп өз түбі бір Тобықтысына, оның ішінде Кенгірбай, Үргызбай төнірегіне дүрдіараз болып жүрген Жуантаяқ ауылдары белсене кірісіп, көшіп келді. Эйтпесе Қокше-Жуантаяқ Даdan Тобықтыға жатпайды. Бұл Дәүлетектен тараса, Даdan - Рыспетектен өрбіген ұрпақ. Балқаш, Ақтогай өніріне Жуантаяқтар мен төлеңгіттердің келуінің осындаи тарихи және әлеуметтік себептері бар.

Қаркарайдағы жыында Қошкін Құзембай Саумалов дау шыгарғанда аға сұлтан Құсбек Тәукинге салмак салған Ақтогайды Рұstem мен Мырзатай төре ұрпактары және оларға жер берген Шонбай болыстың баласы Дүкенбай би Шонбаев Тоқырауын болыстығының ашылуын барынша колдады. Бұл Құзембайдың ел арасындағы беделін де өсіре түскен. Осы Құзембай би сайланғанда әкесі Саумал би сынай қарап отырып:

- Жамансың, балам, жамансың! - десе керек. Сонда атағы шыға бастаганын алға тартқан Құзембай:
- Әке, о не дегенің? Ел мактал жүр ғой, - дегенінде, әкесі:
- Жамандығың сол - не елді алдамайсың, не елден алданбайсың, - деген баға берілті. Ел ішіндегі Өтеміс

ұрпақтарына қатысты бір дауда қарсы жақ күш көрсете сөйлеген екен. Сонда Жақсы Жанғұтты оларды: «Мықты болсан Күзембай бидің бопсасына шыдал көр» деп бетін қайырып тастапты. Бір жағынан Шабанбай биден соң бүкіл Өтеміс ұрпақтарының, қыр Сарымындары елдің сөзін сөйлеп жүрген Күзекене берген бағасы болса, екіншіден дау ушықласын деген болар. Сөйтсе Күзембай би алғыр да батылдығына қоса, шынында да сұнғылалықпен бопсалап сөйлеп, қарсы бидің алдын орап кетеді екен. Жақсы Жәкен осындай баға берсе, Күзембайды аузын айға білеген атакты Құнанбай да жоғары бағалаған екен.

Тағы бірде ел арасындары барыттаның соны үлкен дауга айналып, бітім бола қоймай тым ұзаққа созылады. Содан «бүкіл Сарымның билік сөзін ұстайсындар, құн алып кайтындар» деп сенім артқан соң, билер Күзембай, Қүренше, Ұзак үшеуі дауласкан құныкер қарсы жақпен келісіп, Құнанбайдың алдына барып төрелік сұрап бітіспекіп болады. Дұрыстап қарсы алған Құнанбай даудың мән-жайына қанығу үшін үнсіз гана екі жақтың билерінің сөз сайсын тыңдайды. Біраздан соң Сарымның билеріне сынай карап отырып басшы болып барған Күзембайдан:

- Сен кім боласың ? - деп сұрапты.

- Мен Сарымның Өтеміс ұрлагынан Көшкінмін, оның ішінде Орысбай атасынан Күзембаймын, - дегенде, Құнанбай :

- Э, сен еліңнің дауылды-даулы күндерде қағатын «Долана» қазығы екенсің. Басыңнан сөз, еліннен дау асырмассың, - деп сүйсіне қаралты.

- Ал сен кім боласың ? – деп енді Қүреншеден сұрапты.

- Мен - Әлтеке Қүренше деген боламын.

- Эй, сен таңсәріден кешке дейін шапса бір таймастың нак өзі екенсін.

- Сен кімсің ?


- Мен де Әлтеке - Сарымның жоғын қуушымын. Атым – Ұзак.

- Оh, сен ақылды-ак екенсің. Бірақ, атыңды қате қойған екен, эттең, жасың ұзак болмас, - деп басың шайқаған екен. Сонан ұзак ойланып барып:

- Мені ара ағайын деп дауга бітім сұрай келген екенсіндер. «Өнбес дауды өспес ел қуады», одан да дауды қойындар да қыз алысып, қыз берісіндер. Жылқыға тана, сиырга кой, койга қылқан беріп берік бітісіндер. Артық-кемі қалың малда өтслер, - деп шешім шығарыпты. (Қылқан дегені туырлық пен үзік үшін киіз болса керек Ж.С.). Осы билікке екі жак та риза болып тарасып, кейін құдандалы туыс болып кетісіпті. Бұндағы Ұзак Әлтекенің Әтембекінен старшын болған – Ұзак Құланов. Ал Қүренше - Әлтекенің Жарасынан дау қуып, билікке араласқан кісі. Ұзак онша бай болмаса да, оқыған және ақылды болған соң старшындықка сайланған, бірақ Құнанбай айтқандай жасы ұзак болмаған. Ақтоғайдагы Әлтекенің билік сөзін Қүренше ұстаса, қыр Сарымы Әтеміс ұрпағынан дау-шарда Күзембай би жүргендігіне бұл да бір дәлел.

«Әлтеке-Сарым» болыстыры «Нұра» және «Тоқырауын» болыстықтарының құрылуының басы-касында Қөшкін Күзембай би тұрганы анық. Экесі Саумал да, Күзембай би де - ел қадірлеген тұлғалар. Жерлес галым Қ.Әбішевтің ауызша айтқан: «Нагашы экеміз Мұсахан ақсақалға архивтен тапқан Күзембай бидің морінің суретін әкеліп корсеткенімде, әулелі маңдайына басып, ерекші ықыласпен сүйіп:

- Ардактым-ай, бір кезде ел басына құн тұғанда ел мен жерді сактал қалған әулием-ай, - деп тебіренді», - деген сөзі дәлелдей түссе керек. Сол мөрдің суреті мынау:



Бүкіл Токырауын арнасындағы тарихи тұлғалардың жаңартылуға дейінгі мазарларына барсаңыз, топыракты кабірді ғана көрер едініз. Рас, кейін қайтадан ондеу барысында кейбір кабірлердің мәрмәр таспен жабылып, жаңарғанын көрер едіңіз. Бірақ Шет-Ақтогай өлкесінде қонеден бері келе жаткан ак мәрмарға ұксас тастан сұпылап жерленген екі-ак адамның шошакты мазарын кездестіреміз. Ол - Саумал мен Күзембай билердің кесенесі. Сұпылап жерлеудің осындай үлгілері Түркістандагы Қожа Ахмет Иссаяйдің кесенесінде кездеседі.


Осында қойылған ақ тастар бүкіл Токырауын бойы түгіл, Сарыарқада кездеспейді. Білетіндердің айтудың, бұл теңіз түбінен алынатын ақ тас, былайша айтқанда «ракушка» деп аталатын теңіз ұлулары қабыршағынан ұзак жылдар бойы түзілетін тау жынысы. Ендеши ол Сарытерекке, бабаларымыздың басына сұпылап қою үшін қайдан және қалай жеткізілген деген сұрақ тұр. Біздің ойымызша оларды сол Түркістаннан арнайы барып экелген деуге болады. Ендеши бұл іске тек Қошқін руы ғана емес, барша қыр Сарымдары бір кісідей атсалысып, барлық шығыны мен жеткізуіне ел-жұрт болып көтерген деуге болады. Дәлелге төмендегі суреттерді қараңыз.



Көшкін - Орысбай -  
Саумал баласы Күзембайдын  
шошак бейтінің ішіндегі құлпытасы (сыпа)  
Суретте қара шанырагы иссі  
Калымберған Амантай



Қарағанды облысы Ақтогай ауданы  
Көшкін - Орысбай - Саумал бабаның күмбезі  
Шамамен 200 жыл Қоршаған, ескерткіш қойған  
Бәкірдің балалары





**Би Күзембай Саумалұлы**

**Күзембай би Саумалұлы (шамамен 1830 жылы туып, 1905 жылы қайтыс болған)**

Токырауын болыстығының құрылудына осыншама еңбек сініріп, ел тұғастығын сактап қалуда күрескер дарежесінде танылған Күзембай би Саумалұлының портретін салдыру арқылы

кітапта беру үшін тікелей ұрпағы, қара шаңырағының иесі Амантай Қалымбергеновке ағамызға өтініш білдірдік. Ол ағамыз жетекші консультант ретінде материалдар жинақталып, «Күзембай бидің тұр-тұлғасы осындай болған» деген ескі сөздің жүйесі бойынша ұрпактары арасынан ұқсас-ау деген кісілердің тұр-тұлға кескіндерін түсірте келіп, суретші маманға тапсырыс берді. Ол үшін Э.Бокейханың «Таңдамалы» (1995), Қ. Байсеркиннің «Шабанбай би», Ю.Поповтың «Хасен Бижанов. Окружение, дела и встречи», Т.Жақсыбайұлының «Қарakesек-Сарым шежіресі», Ж.Башардың «Сарытерек ауылдық округі Ақтогай ауданы: таным мен тағылым», А.Қалымбергеновтің «Орысбай тоганы» атты әр түрлі жанрда жазылған кітаптардағы материалдарды пайдаланған. Күзембай би Саумалұлы шамамен 1830 жылы туып, 1905 жылы қайтыс болған деп жорамалды түрде алдык. Себебі ұрпактарының өмір сүрген уақыт мөлшерімен санамалай қараганда осы жылдардың олшемі анықталды.

Бұл ұсынылып отырган Күзембай би Саумалұлының суретін кескіндеген автор – Абеу Өміркелді Мұктарұлы. Ол - Алматы көркемөнер училищесін 1976 жылы үздік бітірген майталман кәсіби суретші. 1990 жылдан бері ҚазССР және СССР Суретшілер одағының толық мүшесі. Балқаш қаласының «Құрметті азаматы». Өзінің көркем өнер саласындағы енбектері арқылы еліміздің тандаулы суретшілерінің бірі ретінде танымал маман. Ол салған Күзембай бидің бұл портреті 2020 жылдың З желтоқсаны құні дайын болды. Өміркелді Мұктарұлына осы бір жаңашыл іске қолдау білдіргеніне ризашылық білдіріп, бабамыздың аруагы қолдасын дейміз. Ал би бабамыздың осы суретін салуда оның қаржылық шығының көтергендер - Қалымбергентегі Амантайұлдары Аскар мен Талиғат. Өз ата-тегін, ондағы көрнекті тұлға атанған бабасының беделі мен бейнесін білсем және елге таныстырысам деген игі де изгі тілектеріне мын да бір алғыс айтамыз.

Эрине, еліміз бен Ақтогай ауданы тарихында ойып тұрып орын алғатын тарихи тұлғалар би, батыр, шешендердің

ешбірінің фото-суреті қалмаган. Тек қана күйші Аккызы апайдан басқаларының тұра төл бейнесі сакталмаған. Олардың қазірде беріліп жүрген майлы бояумен кескінделген суреттерін руластары мен ұрпақтары кейіннен салдырыды. Ол – дұрыс та. Ойткені ата тарихтан макұрым қалып бара жатқан жас буын ұрпак үшін өте қажет дүние. Құзембай би Саумалұлының бұл суреттік кескіні де сол катардан орын алады деп сенеміз.. Біз тарих көшінен өтіп жоғаламыз, ал олар соны жалғастырады.

Төменде біз осы Тоқырауын болыстығы ашылғаннан бергі ел билігінде болған би-болыстардың сайлану мерзіміне байланысты уақыт мерзіміне сай тізімдік деректерді келтірдік. Әрине олардың бәрі бірдей қара қылды как жарған әділ де болмаган шығар, патша әкәмшілігінің бүйрықтарын орындау үшін елге зәбір де көрсеткен болар. «Заманың тұлқі болса, тазы бол шал» деп те билікке таласқандары да, шен-шекпенге қызыққандары да болған шығар. Мыңды айдаған бай болған солардан бұғінге не қалды? Орыс отаршылдары құжаттарындағы аты-жөндерін малданғаннан басқа несімен мағасақ және мағансақ екен!? Эйтеуір ұрпақтары «бабамыз бай-болыс болыпты» дегеннен басқа тілге тиек етер не бар? Тек тәуба дейтініміз – қазақ тарихында жаман аттары қалмаганы. Оның барлығы - өткен тарих. Бірақ қалай дегенмен де олар бұрынғы Қоңырат, қазіргі Ақтогай ауданы халқы тарихында елдің жоғын жоктал, дау-шарда жүрттың тыныштығы мен есесінің кетпеуі жолында қызмет атқарды. Оған дәлел - Тоқырауын болыстығына сырттан басқа ел қосылмаса, ата жүрттынан ауа көшкен ру-аталардың болмауы.

Жоғарыда жазған себептерге байланысты Әлтеке-Сарым болыстығы екіге белініп, жаңадан ашылған Тоқырауын болыстығының 1878-1880 және 1881-1883 жылдардағы құрамыш өлкетанушы Ю.Попов өз мақаласында былай деп корсетеді: «Болыс – Ербекей Машақов, орынбасары – Құлшебай Саумалов. Халық билері Баймырза Тіленшин мен Арыстанбек Балықбаев екі сайлау бойынша қатарынан би болса (бір сайлау - үш жыл. Ж.С.), Кенесары Құдаймендин, Кожан (Кожаназар) Отаров,

Қоғабай Жантаев, Кенеш Қорқиңбаев, Қайран Төбетов, Алтынбай Тұргынбаев, Сәттібай Қөгелбаев, Тохмет Қүрәншин, Бабажан Кожыков, Жолдасбай Молдажанов және Құшік Оспановтар бір гана сайлау мерзімінде билік жасаган. № 2 ауылдың білік Жаназар Сарин 1879 жылы, ал Кенеш (Кенжебай) Қорқенбаев 1878 жылы өлген». Осы билік құрамы өзгермесстен 1884 жылға дейін келген. 1879 жылы Ресей империясының Еріктілер флотын құруга жәрдемдесу үшін К.Саумалов 15 сом, Сұлтан Дағыр Ғазин 10 сом, Акубаев 10 сом, Белжанов 8 сом, Нұралы Тінәлин 5 сом, ағайынды Медеубай және Куат Балапановтар 34 сом косты.

Генерал-губернатор Г.А.Колпаковскийдің бұйрығымен 1884 жылы өткен санак бойынша Нұра болысында Сарым-Тоқсан үрпагынан Байдәulet (250 үй), Айдабол (307 үй), Қоңыrbай (200 үй), Деріпсал (200 үй), ал Кіші жұз Табын – Алышын (200 үй) калған. Барлығы – 1157 шанырак.

Токырауын болысында төмендегі рулар мен үй саны болған. Сарымның Өтеміс үрпагы: Боксары, Құлсары-Көшкін - 413 үй, Құлық-200 үй, Тоқсан үрпагы Қожагұл-200 үй, Әлтекеден Қойкел – 200 үй, Әтембек-Жарас – 250 үй, Бокей ханың Актоғайдагы тере үрпактарынан - 30 үй. Барлығы – 1293 шанырак. Ата мекені Шет ауданындағы Қожагұлдардың Өтеміс үрпактары арасына коныстанып, Токырауын болыстығында болуының басты себебі тек осында гана емес. Бірақ мерейтой карсаңында оны жазып жату артық және дәлеліміз аз болған соң кейінге қалдырып отырмыз. Ал жогарыда F.Құтжанов айтқан Байдәuletтердің Актоғайға келуі Токырауын болыстығының ашылуына байланысты болмай шығады. Олар мына Токырауын болысына кірген рулардың үй саны қатарында жазылмаганын көріп отырсыздар.

Қара Нұра бойына орыс қарашекпендері келіп қауырт орналастырыла бастаған шағында жергілікті ел руларын ығыстырып, нұлы да сулы жерді тартып ала бастады. Бұл әсіресе, Қуандық-Алтайдың Қареке-Сармантай-Мұрат руларының саны аздау және алсіз аталарына қатты тиіді. Олар қазіргі Теміртау қаласы аймағындағы Нұра өзені жағасынан күшпен

ыгыстырыллы. Олар ертеден Қуандық пен Қаракесектің шекарасы болып келген Бұқпа мен Сокыр өзенінің бойына карай жылжуға мәжбүр болды. Қареке-Мұраттардың жерінен айырылған аталары Сокыр өзенін қөктей етіп, қазіргі Құрма, Жұмабек, Спасск, Қызылқой елді мекендері жеріне қоныстана бастады. Сокыр өзенінен бергі бүгінгі Нұраталды. Аксу маңына дейінгі жерлер Сарым руының Тоқсан атасына жататын Байдәulet-Қожагұл руының мекені болатын. Спасскден Ақтогайға қарайны жолдың бойындағы Қарағандыдан 40 шакырым жердегі үлкен тау әлі күнге дейін Байдәulet таусы атасын келеді. Ресейлік отаршылдық саясатқа карсы тұра алмаган Қареке-Мұраттар Байдәulet және Қожагұл руының кейбір аталарын Таңды Нұраның бойына, Аксу-Аюлы елді-мекенінің жеріндегі ағайындарына жөнкіле көшүгे мәжбүрледі. Шұбыра көшкен жұртқа қыстау, құзеуді кім дайындал отыр дейсіз? Бұл Қызылқойдан Шетке дейінгі жерді қоныстанып отырган ел-жұртқа белгілі бір дәрежеде қыындық туғызды. Бір Сарым ішіндегі бауырлас аталар болғандықтан Тоқсан атасың балалары еріксізден ойып жер берді, қыстауларға орналасуға жәрдем берді. Бірақ ел өскенмен, жер өспейді, бос жатқан жер жок. Бұған Шеттегі Әлтекелер онша бауырмалдық таныта коймады. Тек орыс билігіне қарсылық жасай алмагандықтан еріксіз көнді. Сондықтан Байдәulet руына жататын кейбір ата шаңырактары Тоқырауын болыстыры ашылғанан соң әр түрлі себептермен келіп тұрғанымен, негізгі басым белігінің Ақтогай жерін түпкілікті мекен етуі - тек кеңес өкіметі орнаганнан кейін ғана болды деген қорытынды жасауға болады. Ал жабылып қалған Агадыр ауданының басым жері жаздай агар үлкен өзені жок, шөлді-шөллейтті аймақ. Содан да болар Кәрсөн-Кернейлер бері қарай Шет ауданының орталығына карай сырғып, сол төнірекке не болуга ұмтылды. Ақсу-Аюлы - Қожагұл руының Аю батырының мекені. Өзен аты – Ақсу. Ақсу өзеніндегі Аю ауылы деген сөз қыскара келіп, Ақсу-Аюлы атасып кетті. Эйтпесе онда қаңғып жүрген кайдағы аю, мұнда аштан өлмей ме? Сол Ақсу өзенін Шеттегі Әлтекелер алғашқыда Жарас өзені деп өзгертіп жіберді. Қазір

«Шерубай Нұра өзені» деген атты иеленіп тұр. Шерубай батыр – Орта жүз Аргын – Қуандық тайпасының Алтайынан. Алтайдан – Мойын, одан – Сарша. Саршадан – Кареке мен Биболды тарайды. Биболдыдан – Шерубай. Ол 1693 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарамұрын ауылының маңындағы Сұлу Мәдина деген жерде дүниеге келіпті. «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 9-томында (502-бет) көрсетілгендей, Қарағанды облысының Шет және Бұқар жырау аудандарының жері арқылы ағатын Шерубай-Нұра өзені батырдың атымен аталғаны рас. Бірак Қожағұл Аю батыр кайда, Шерубай кайда? Бұл бұрмалаушылыққа карсы Шеттегі барша Қарәкесек түгілі, бірде-бір қожағұл руы адамы карсы шықпады. Бабасының намысын корғап, тарихи атауын кайтарып алам десе, қожағұлдардың еркінде. Бірак, әй, кайдам...

Улken дау-дамаймен 1879 жылы ашылған Балқаш болыстығының алғашкы болысы болып Орманбет Байжомартов сайланып, ол 1889 жылға дейін басқарады. Осы жылы болыстықты баласы Нарманбет Орманбетовке берін, ол 1917 жылға дейін бір де бір ауыспастан болыс болады. Балқаш болыстығының сонғы болысы, яғни 1917-19 жылдары Шұғайбек Ахметов, орынбасары Макұт Нарманбетов болады (Караныз: Қ.Әскембаев, «Сарыарқа ақсақалдары». «Орталық Қазақстан» газеті, 4 мамыр, 2006 ж.).

Ел мен жер дауы және барымта-ұрлыққа байланысты 1884-1893 жылдары Токырауын болыстығының болысы сайлау сайын ауыстырылғанымен, халық билері құрамы онша взгерістерге ұшырай қоймағанын байқау киын емес. 1884-1886 жылдары болыс - Ербекей Машаков, орынбасары – Шөмен Маңақов, 1887-1889 жылдары болыс – Бекмаганбет Бектасов, орынбасары – Мәмбетқұл Балғымбаев. 1890 жылы болыс болған Беркін Байболов «жұмыс жасамаганы үшін шығарылып», орнына Баймұрын Анаевты сайладап, орынбасарлыққа Әлікей Бекпасов бекітіледі. Осы 1884-93 жылдар аралығында №1 ауылдың биі – Баймырза Тіленшин, №2 ауыл биі - Эбдіrbай Беккулин, №3 ауылда – Жиенқұл Кожаназаров би болып тұракты қызмет атқарады. №4 ауылда – әуелде Тоқымет Құреншин би болып, ол барымта

ұйымдастырды деген күдікпен үшін биліктен алынып, орнына Қосыбай Отепбергенов бекиді. №5 ауылдың билері жиі ауысып, Мерген Тілеубергенов, Мұса Төрежанов (Төрежанов), Байеш Қуатовтар кезектессі би болған. №6 ауылда - Бабажан (Божбан) Кожықов, №7 ауылда – Бекмұқамбет Әкбасов пен Жолдасбай Молдажанов, №8 ауылда – сұltан Кенесары Құдаймендин билік аткарған. 1889 жылты тамыз айында орт болып Бекейханов әuletінін 30 отбасына үлкен зиян келген.

Қарқараты уезіне қараган болыстықтардың тарихы мен билік жүйесін зерттеген еңбектер мен Ю.Поповтың макалаларындағы деректерге сүйенсек, Токырауын болыстығының басшылығын бұдан кейін мынандай адамдар атқарған. 1893-95 жылдары басында Mashak Жантөбетов болыс болып, ол өлген соң орнына Мерген Тілеубергенов сайланып, орынбасарлығын Шемен Машаков аткарған. 1895-98 жылдары болыс - Бөлкенбай Шонбаев, орынбасары – Тойғанбай Балжанов. Халық билері құрамы өзгеріссіз қалып, тек №8 ауылда би болып Ынтықбай Мынғабаев тағайындалады. Жаңалан екі ауыл пайда болады. №9 ауылдың би – Мұса Торежанов, №10 ауылдың би – Ахметжан Балмаганбетов. Ресейлік шенеуіктердің 1897 жылғы жүргізген халық санағы бойынша деректерде Тоқырауын болысында 1388 шаңырак үй тұтін тұтетіп, 5665 адам өмір сұрген. Оның 3256 – сыер адамдар да, 2409 – ы әйелдер.

1898 жылғы I желтоқсанда болған сайлауда Сейіткали Бөлкенбаев – болыс, ал Хамит Құлтебаев болыс орынбасарлығы қызметін атқарады. Халық билері ауылдардың ретіне қарай мына адамдар болған: Ыбырай Бекмурзинов, Әбдіrbай Беккулин, Жиенқұл Қожаназаров, №4 ауыл бойынша кім болғаны белгісіз, Ежебай Омаров, Бабажан Қожұков, Жолдасбай Молдажанов, Кенесары Құдаймендин, Мұса Төрежанов, Бижан Бекшин.

Ұлы Абай айтқан «болды да партия, ел іші бүліндіге» апаратын сайлаулар қитұрқысы мен айла-шарғыларына Актоғай жүртшылығы да ұшырамай қалмаган. Оны 1902 жылғы сайлаудан анық көреміз. Рулар мен әр түрлі аталар тармагы арасында

алауыздық орын алып, арыз-шагым көбейгенге ұксайды. Алғашқыда Байеш Қуатов болыс сайланса, осы жылдың 15 наурызында оны қылмыстық бап бойынша орнына алады. Орнына Алтынбек Қосыбаев болыс сайланғанымен, 1903 жылы 25 маусымда оны да шыгарып тастанды. Бірнеше билер қызметте жазаланып, тек Б.Тіленшин, Б.Қожұқов, Ж.Молдажанов, М.Тережановтар ғана орнында қалады. Қайтадан сайлау өткізіліп, 1904 жылдың соңында Тоқырауын болыстығының бірталай ел басшылары өзгеріске ұшырайды. Ол мына құрамда: болыс - Шайкен Машаков, орынбасар жок. Ауыл билері: №1 - Ұбырай Бекмурзинов, №2 - Эбдіrbай Бекқулин, №3 - Жиенқұл Қожаназаров, №4 - Арыстанбек Тасыбаев, №5 - Омарбай Башкенов, №6 - Нұгман Божанов, №7 - Жәнгір Бабаханов, №8 - Мұса Жаңабаев, №9 - Майбасар Тышбеков. №10 ауыл да, оның би де жойылып, басқа ауыл құрамына енгізілген. «Алты бақан, алауыздықтың» әсері катты болса керек, 1905 жылдан халық билерінің орынбасары деген қызмет түрі пайдада болады.

1905-1907 жылдары болыс болып Шайкен Машаков, орынбасарлығына Қатар Машаков тағайындалды. Осы 1905 жылдан ауыл билерімен бірге орынбасарлары сайланатын болды: №1 ауыл- Баймұрын Анаев және Ұызбай Анаев, №2 - Мұхамбет Шамбаев және Эбділә Бекқулин, №3 - Тойғанбай Балжанов және Базыл Тойғанбаев, №4 - Қарынбай Малаев және Омар Нұрланов, №5 - Салық Дәрменов және Сагади Дәрменов, №6 - Ұқылас Кененов және Нығыман Божанов, №7 - Мұстафа Дүйсенбиев және Байтөре Жалмұханбетов, №8 - Ұнтықбай Мынқоев және Жұзшал Божанов, №9 - Жолшара Мергенбаев және Ибраі Ақланқұлов. №10 - Досымбек Бекмұхамбетов және Сұлеймен Ақжоловтар сайланды.

1904-1905 жылдары Қыры Шығыска әскер катарына кеткен азаматтардың отбасыларына комек ретінде бүкіл Қарқаралы атырабында ақшалай, заттай жиын жүргізілген. Осы корта Шайкен Машаков 10 сом үлесімен кірген. 1906 жылы мамыр айында болыстар бойынша Семей облысы атынан мемлекеттік

Думага сенімді өкілдер сайланған бастады. Оған №4 ауылдан Тоқмет Құреншин, №7 ауылдан Әлихан Бекейханов, №2 ауылдан Нұрмұхамбет Балқанбаевтар ұсынылды. Дала генерал-губернаторы өзінін наурыздагы бүйрігымен тиянакты, пайдалы жұмысы үшін болыс Шәйкен Машаковты III дәрежелі Құрмет шекпенімен марапаттаған.

1908-1910 жылдары болыстыққа Құлмағанбет Жиенқұлов, орынбасарлығына Сейткали Бөлкенбаев тағайындалды. Ауыл билері және олардың орынбасарлары болып: №1 - Құлназар Сарин және Баймұрын Анаев, №2 - Әбдіrbай Бекқұlin және Сәттібай Баймоддаев, №3 - Хамит Құлтебаев және Нұр Бейсембаев, №4-Ахметбек Қосубаев және Садуақас Тоқметов, №5 - Изат Медетбаев және Изадолла Медетбаев, №6 - Божан Қожықов және Қасым Кененов, №7 - Мұстафа Дүйсенбиев және Сламбек Бектанкоjin, №8 - Ермекбай Мынқоев жоне Ахмет Қарашолаков, №9 - Махмет Қоржынаев және Майбасар Тиышбеков, №10 - Ахметжан Бекмұханбетов жоне Досымбек Бекмұханбетовтер сайланды.

1911-1913 жылдары болыстыққа Фалиахмет Мәмбетқұлов, орынбасары Жанқаш Бабаханов сайланды. Ауыл билері және орынбасарлары болып: №1- Сәдуақас Лұқпанов және Естек Құдияров, №2 - Әбдіrbай Бекқұlin және Әбділдә Бекқұlin, №3 - Хамит Құлтебаев және Базыл Тойғанбаев, №4 - Арыстанбек Тасыбеков және Малыбек Шалбаев, №5 - Тыныбай Мергенбайев және Смагұл Балғабеков, №6 - Шайкен Машақов және Әбділдә Машиков, №7 - Жүсіп Шешенбаев және Үскак Дәүлетов, №8 - Ынтықбай Мынқоев және Жыр Сиқымов, №9 - Шагыrbай Қисыков және Алпысбай Ақынов, №10- Досымбек Бекмұханбетов және Ахметжан Бекмұханбетовтер тағайындалды.

1914-1916 жылдары болыс болып Кәрімбек Қосубаев, орынбасарлығына Фалиахмет Мәмбетқұлов сайланды. 1917 жылты Қазан революциясынан кейін советтердің үкіметке келуіне байланысты киын-қыстау заман орнай бастаған. Болыстықтар өз бетінше жеке-дара өмір сүрге көшкен. Семей губернаторының басшысының бүйрігымен 1917-1919 жылдарға Тоқырауын

болысына Бекмағанбет Үрысбеков тағайындалды. Болыстың да, бидің де сайлауының ен соңғы ақыры осы болған. Ауыл билері және олардың орынбасарлары болып төмендегідей адамдар тағайындалған: №1 - Баймағанбет Үскаков және Ұзыбай Анаев, №2 - Әбдіrbай Беккұлов және Рахымжан Әбдіrbаев, №3 - Хамит Құлтебаев және Бәкір Құлымбаев, №4 - Омар Нұржанов және Тойымбек Шамбаев, №5 - Әбілқас Саржанов және Балгас Сәлімбаев, №6 - Мынғабыл Машақов және Жанғабыл Машақов, №7 - Адамбек Мұханмединов және Жарлығап Бекмағанбетов, №8 - Ахмет Аманов және Мұқаш Аманов, №9 - Хасен Ибраев және Иса Итаев, №10 - Жұнісбек Бекмағанбетов және Жұніс Қорынбаев, №11 - Әзімқан Тоқметов және Садықан Тоқметов.

«1878-1917 жылдары Токырауын болыстығында болыс болғандар мен ауыл билері» атты макаладағы 1871-1919 жылдар аралығындағы деректерге назар аударсак, Сарым ішінде Көшкін бабалардың ұрпактары ел арасында сый-құрметке ие болған. Сол өткен заманда болыс-би болғандарының қатарында Саумалов Құзембай, Саумалов Құлшебай, Құлтебаев Хамит, Құлымбаев Бәкір, Құлмағанбетов Жиенқұл, Балжанов Тоганбай, Тоганбаев Базылдың аттары аталады.

Сарым-Өтеміс-Қалқаман ұрпактарынан шыққан Шабанбай би, Балапан, Шөнбай, Бөлкенбай, Сейтқали әр уақыта болыс болғандар. Ел-жер тарихы мәселелеріне жақсы көңіл аударғаны – болыс Сейітқали Балқанбаев пен орынбасарлық атқарған Хамит Құлтебаев екен. Ресей Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі статистикалық комитетінің сұратуы бойынша, олар этнографиялық құндылықтар мен археологиялық тарихи ескерткіштер туралы деректік мәліметтер береді. Біздің ойымызша, тегі бүл сұратудың сонында «Қыр баласы, Ел данасы» - Элихан тұрса керек. Себебі, ол осы комитетте Абай, Михаэлис, А.Седельниковтермен бірге мүше болған. Ал берілген мәліметте ерекше көңіл аударылған, бүкіл республика археологтары әлі қазып біте алмай қойған Бегазы ескерткіштері Элихан аулынан таяқ тастам жерде ғана тұр. Сонына болыс орынбасары Хамит

Күлтебаев кол койған бұл тарихи құжатта мыналар баяндалады. «Бегазыда 10 көне қорған бар, оның ұшеуінде 1 метр 80 см. төрт тас бар. Үш қорған үлкен әрі биік қалак тастармен қоршалған. Қалғандарының үстінде 2 метр 10 см. тастар қойылғаны» туралы айтылады. Бектауата мен Әулиетастағы үнгірлер толық суретtelіп, қазактардың киелі жері саналатыны, Бектауатадағы үнгірдің ұзындығы 100 қадам, ең түбіндегі көл ішінде толған су барын және арнайы денгейдегі тесіктен су ағып тұратыны, төбесінде шағын ойықша тесік бар екені туралы жан-жакты баяндалады. Әттең, бұл құжаттың түпнұсқасын колға түсірсек, ел-жер тарихына қатысты қөптеген сұрақтарға жауап алар едік. Сонымен катар, Бектау-ата тауының Әулиетас үнгірі жергілікті халықтың имандылық жасайтын касиетті орнына айналған.

Әлтеке-Өтеген-Қойкел ұрпағынан тарайтын Жантәбетов Машак, Машаков Ербекей, Машақов Шәмен, Машақов Шәйкен, Машақов Әбділдә, Машақов Қагар, Машақов Мыңғабыл, Машақов Жангабылдар 1871 жылдан 1919 жылга дейін Тоқырауын болыстырына кезек-кезек би, болыс болып отырган. Оған біздің біздің басқадай алып-косарымыз жок.

Бұл жазғандарымыз - тарихи құжаттар бойынша берілген деректер. Рас, ел билеген болыс мен билер барлығы бірдей ел мұддесін қорғап, кара қылды как жарған әділ бола білді деуге болмас. Абайдың «Болыс болдым, мінекей» оленінде айтқандагы болыстар да болған шығар. Бірак олар туралы аргындағы ұрпағы ұялатындағы іс-әрекетке барған дерлік жағымсыз әнгіме ел арасында айтыла коймайды. Бұны тек «Қанына тартпаса, кары сынатын» казак табиғатына бола айтып отыргамыз жок. Тарихшы Қ.Өскенбаевтың «Сарыарқа ақсақалдары» мақаласында («Орталық Қазакстан» газеті, 4 мамыр, 2006 ж) патша өкіметінен күміс медаль, шен-шекпен, әр түрлі дәрежедегі шапан, мактау қағаздары мен алғыстар, күміс сағат пен қасық және т. б. алған болыс-бiller туралы толық айтылған. Тоқырауын болысынан мұндай құрметке жалғызғана Шайкен Машақов ие болып, үшінші дәрежедегі шапанмен марапатталған. Бұл жерде

С.Торайғыровтың «Бір адамга» атты өлеңіндегі «Кесені қолыма алып қарай бердім, ішінде нақақ көзден жас бар ма деп» деген жолдар еріксіз еске түседі. Токырауын болыстығын басқарған би-болыстардың патшадан шен-шекпен алуда онша карык болмаганына қарағанда, олар ел мұны мен жоғын барынша жактаған-ау деген сенімге көбірек дең коямыз. Бір ескеретін жағдай - келтірілген адамдардың аты-жөні мен тектерінің құжаттарда орысша берілуіне байланысты қателіктер орын алу мүмкін. Бірак шежіре бойынша қуалап, оның дұрысын тауып алу онша қыншаруа емес.

Қорыта айтар болсақ, Токырауын болыстығының құрылудының қысқаша тарихы осындай. Туган жер тарихын білсем деген оқырман қауымға, оны зерттесем деп жүрген талапкерлерге және шежіре жазушыларға тарихи танымдық деңгейде септігі тиіп жатса, онда алға койған мақсаттың орындалғаны. Бұл тарауға қосымша ретінде Ә.Бекейханның 15 томдық шығармалар жинағы (2016) III томындағы «Қарқаралы уезінің статистикалық мәліметтер. Ауылдық кестелер» деген тарауының 541-594 беттерінде көрсетілген Токырауын болыстығына қарасты ауылдарының орналасу кестесін беріп отырмыз. Кестеде әр ауылдагы ерек-әйел жан басы, әр түлік бойынша мал саны, кіз үй мен ағаш үй және қыстау үйлері, шошала саны, қанша пұт егін оратыны, қанша шомеле шөп оратынына дейін көрсетілген. Олардың барлығын кітапта беруге мүмкіндік болмады. Осы кестеге сай №3 ауыл болған Қошқін руы бойынша мәліметтер жүйеленді. Өз ата-бабасын құрмет тұтатын адам Ә.Бекейханның шығармалар жинағының III томын тауып алатын шығар. Осы кесте арқылы әркім өз ата-бабасы мекен еткен ата-жұрты мен қыстауларын анықтап алуға болады. Қеңестік қызыл империяның ортақ шаруашылық құру саясатынан кейін бұғынгі үрпак өз тарихи тамырынан айырылып қалды.

**Қарқаралы уезі Тоқырауын бөлістығының  
ауылдық орналасу кестесі**

Н А З В А Н И І І	Хозяйственного участка (акровки) по альбому.	Урочища, где во- торогъ находят- ся земельки.	Поселение по земель- ному разделению.	Количество земельного участка в гектарах			Номер
				Больше или меньше 100	100-105	Менее 100	
<b>ДЕЛ АРГА 26 ХІІІ.</b>							
10 Көббесъ Давыдовъ . . . . .	Жаким-көнисъ . . . . .	Борзай	20 50 52 52 52	52			
11 Несебий Касымъ . . . . .	Сары-чомы . . . . .	Шыр-жекуръ	50 52 52 52 52	52			Касымъ
12 Бекшы Бердымъ . . . . .	Шыр-жекуръ . . . . .	Даныгъ . . . . .	56 52 52 52 52	52			Касымъ
13 Жакимъ Кобыль . . . . .	Даныгъ . . . . .	Тубайъ . . . . .	30 52 52 52 52	52			Касымъ
14 Нұрдай Ахметовъ . . . . .	Тубайъ . . . . .	Кей-тасъ . . . . .	20 52 52 52 52	52			Касымъ
15 Тимо Уростъ . . . . .	Кей-тасъ . . . . .	Тын-котыгъ . . . . .	27 52 52 52 52	52			Рысекъ
16 Көмекъ Вадимъ . . . . .	Тын-котыгъ . . . . .	Енбала-тасъ . . . . .	50 52 52 52 52	52			
17 Степанъ Ильинъ . . . . .	Енбала-тасъ . . . . .						
<b>ТОРГЫСТАН БОЛІСТІ.</b>							
<b>ДЕЛ АРГА 26 Л.</b>							
1. Бекетовъ Матей . . . . .	Беркеевъ Токтару . . . . .	Борзай	20 100 105 105				
2. Байдурулъ Тасымъ . . . . .	Ал-тасъ . . . . .		21 100 105 105				
3. Абдраманъ Тасымъ . . . . .	Устье Жалғазынъ . . . . .		27 100 105 105				Р. Тас.
4. Мансабовъ Осъ . . . . .	Уз-аралъ . . . . .		15 100 105 105				
5. Салырбекъ Лұмынъ . . . . .	Уз-аралъ . . . . .		20 100 105 105				
6. Тастамбекъ Ахметъ . . . . .	Кетенъ . . . . .		30 100 105 105				
7. Байдырай Хасанъ . . . . .	Жар-тасъ . . . . .		20 100 105 105				Р. Тас.
8. Төлеу Бектемеръ . . . . .	Осын-тасъ . . . . .		10 100 105 105				Р. Тас.
9. Мансабовъ Бектемеръ . . . . .	Темиралъ . . . . .		20 105 100 105				Р. Тас.
10. Байдырулъ Ахметъ . . . . .	Далдан-тасъ . . . . .		20 105 105 105				Р. Тас.
11. Торейдай Тобағасынъ . . . . .	Кон-адаръ . . . . .		27 105 105 105				
12. Бекшы Айтисекенъ . . . . .	Ал-тасъ . . . . .	Макимъ	30 95 95 95 95				
13. Сарыбай Жаксыръ . . . . .	Киши-тасъ . . . . .	Макимъ	20 95 95 95 95				Касымъ
14. Площадный Жаксыръ . . . . .	Ах-тасъ . . . . .	Землякъ	20 95 95 95 95				
15. Ерназай Айтотъ . . . . .	Баудель . . . . .		30 95 95 95 95				Касымъ
16. Түрдай Рысекебетъ . . . . .	Кең-тасъ . . . . .		27 95 95 95 95				
17. Назы Сады . . . . .	Кей-тасъ . . . . .		10 100 100 100				Рысекъ
18. Сынгылъ Күйтешті . . . . .	Карын-тасъ (ж. Акын-тасъ)		25 95 95 95 95				
19. Байдырай Елғасъ . . . . .	Кызы-тасъ . . . . .		100 100 100 100				
20. Табанъ Елғасъ . . . . .	Кызы-тасъ . . . . .		30 100 105 105				Р. Тас.
21. Бекшырадетъ Салымъ . . . . .	Ал-тасъ . . . . .		22 100 105 105				
22. Тұрғасынъ Акын-тасъ . . . . .	Төле-Жалғазынъ (ж. Акын-тасъ)		10 110 110 110				Р. Тас.
23. Жакимъ Касымъ . . . . .	Акын-тасъ . . . . .		20 100 105 105				
24. Нұрдай Байдырай . . . . .	Далдан-тасъ . . . . .		7 100 105 105				
25. Осборнъ Томасъ . . . . .	Далдан-тасъ . . . . .		7 100 105 105				
1. Касымъ ж. Рысекъ Бектемеръ.							

Н А З В А Н И Е		Урочища, при ко- торыхъ находят- ся залежи.	Количество запасовъ	Средн. колич- ство залежей	Площадь			
Наименование залежи	Местоположение							
<b>(законы) по азбукѣ.</b>								
ДЕК. АРХ. № 2.								
21 Адильевъ Насибъ .	Карасъ Чы	7	105	105	105	Р. Аз.		
21 Томогель Кадиевъ .	Джалы-кобинъ	11	105	105	105			
22 Рыскуль Кутубеевъ .	Ал-сай .	11	105	105	105	Балыр		
23 Ташхель Кудаевъ .	Чалымъ-сай .	21	105	105	105	Озен.		
24 Кулжебай Газибекъ .	Ал-сай .	41	105	105	105	Озен.		
25 Абильевъ Бактири .	Чалымъ-сай .	41	105	105	105	Ишкеевъ		
22 Томагель Жами .	Кара-чукъгъ	—	105	105	105	Ишкеевъ		
23 Бекетовъ Жами .	Сары-чеки .	—	105	105	105	Р. Аз.		
24 Кесебай Амирзагель .	Боз-батиръ	—	105	105	105	Р. Аз.		
25 Карабай Кесебай .	Сары-чеки .	—	105	105	105	Р. Аз.		
26 Курзакель Ваударъ .	Тол-бузакъ .	—	105	105	105	Ишкеевъ		
27 Карагель Ваударъ .	Сары-чеки .	—	105	105	105	Озен.		
28 Бузакель Сари .	Маджидъ .	—	105	105	105	Озен.		
29 Насибъ Оры .	Кара-батиръ .	3	105	105	105	Ишкеевъ		
<b>Итого .</b>								
<b>ДЕК. АРХ. № II.</b>								
1 Сигнахель Шуркебай .	Карасъ-чи .	72	105	105	105			
2 Алиевъ Давидъ .	Торт-сары .	6	105	105	105			
3 Байдынгель Аккуловъ .	Бузакъ .	20	105	105	105			
4 Даурунъ Бекетровъ .	Бегетъ .	20	105	105	105			
5 Синтибай Бабекъ .	Джарыкъ .	22	125	125	125	Р. Аз.		
6 Чубаджель Мол-закетъ .	Дарынъ .	11	125	125	125			
7 Абильевъ Амирзагель .	Сары-чеки .	20	105	105	105	Ишкеевъ		
8 Бектембай Габитовъ .	Джаланель .	17	105	105	105			
9 Чондакель Отегель .	Баджинъ .	20	105	105	105			
10 Кулжебай Даурунъ .	Ан-сай .	21	105	105	105	Ишкеевъ		
11 Муга Абду .	Кара-тогель .	—	105	105	105	Р. Аз.		
12 Аягаша Мраудова .	Дарынъ .	—	125	125	125	С. ЗВ.		
13 Нурнегель Альбекъ .	Кары-таль .	55	125	125	125	С. ЗВ.		
14 Нурда Альбекъ .	Кары-терекъ .	20	125	125	125	Ишкеевъ		
15 Бекетовъ Найдендарь .	Ар-тогъ .	30	125	125	125	Р. Аз.		
16 Айрель Быргумъ .	Түрк-тобъ .	21	125	125	125	Р. Аз.		
17 Бекетовъ Бекетовъ .	Джалы-кобинъ .	20	125	125	125	Р. Аз.		
18 Бадынгель Шакибъ .	Ал-батиръ .	40	125	125	125			
19 Нуримъ Бозакель .	Джалы-закетъ .	16	125	125	125			
20 Рысакель Балы .	Маджидъ-закетъ .	40	125	125	125	Ишкеевъ		
21 Сулакель Хана .	Сары-батиръ .	50	125	125	125			
22 Абильевъ Хана .	Маджидъ-закетъ .	30	125	125	125			
23 Балыкель Шакибъ .	Калын-чаканъ .	60	125	125	125	Р. Аз.		
24 Сабетъ Гади Назарбекъ .	Берегетовъ .	25	125	125	125	Ишкеевъ		
25 Мурзакель Бабакель .	Кара-чеки .	—	125	125	125	С. ЗВ.		

<sup>1</sup> в 8 метрахъ въ глубину. <sup>2</sup> Средн. количество 10 зал., не имеющихъ пропусковъ.

Н А В В А Н И Е №	Хозяйственного суда (имени) по аксакалу.	Урочища, при ко- торомъ находит- ся земля.	Приданое из земли заселенное.	Приданое из земли незаселенное.			Всего
				Сорго	Ученикъ	Однако же	
АКК. АГЗЗ № 22.							
26	Таубай Даударъ . . . . .	Аб-арык . . . . .	2	140	140	140	Р. 399
27	Амутыры Даударъ . . . . .	Р. Тары . . . . .	2	140	140	140	
28	Муга Будау . . . . .	Балты Карагай . . . . .	2	140	140	140	
29	Сынъ Бекеевъ . . . . .	Сари тары . . . . .	2	140	140	140	
30	Кесегибетъ Бекеевъ . . . . .	Хана-бай-тасъ . . . . .	2	140	140	140	
31	Кесегибетъ Бекеевъ . . . . .	Сари тары . . . . .	2	140	140	140	Р. 399
32	Нурей Кударъ . . . . .	Мохам-адъ . . . . .	2	140	140	140	
33	Сынъ Кударъ . . . . .	Чол-чи . . . . .	2	140	140	140	
34	Күрткүнбетъ Магнебетъ . . . . .	Аб-чакы . . . . .	2	140	140	140	
Итого . . . . .							
АКК. АГЗЗ № 12.							
1	Кастарбай Назаръ . . . . .	Атабай . . . . .	10	150	150	150	Озен.
2	Тогеевъ Балжанъ . . . . .	Каю-чеки . . . . .	12	150	150	150	Сасын.
3	Красбай Нарыкъ . . . . .	Талгатбай . . . . .	6	150	150	150	Озен.
4	Шештербай Кесеевъ . . . . .	Ки . . . . .	20	150	150	150	Кесе.
5	Шештербай Тирекаль . . . . .	Сары-жогасъ . . . . .	15	150	150	150	Дж. Ж.
6	Кусебай Отаръ . . . . .	Төсібашы-тасъ . . . . .	20	150	150	150	Кесе.
7	Кадымъ Сабанъ . . . . .	Джан-сай . . . . .	20	150	150	150	Озен.
8	Алжанъ Красбай . . . . .	Кес-жогасъ . . . . .	20	150	150	150	Озен.
9	Бауръ Кудаевъ . . . . .	Кош-жы . . . . .	15	150	150	150	Кесе.
10	Аманъ Ахметбай . . . . .	Сары-түнеш . . . . .	10	150	150	150	Кесе.
11	Абдиль Ахметбай . . . . .	Абсан-шурт . . . . .	25	150	150	150	Кесе.
12	Садыкбай Шымбай . . . . .	Сары-жы . . . . .	20	150	150	150	Кесе.
13	Касибай Нары . . . . .	Хана-сай . . . . .	—	150	150	150	Озен.
14	Несибъ Аспанъ . . . . .	Кеси . . . . .	4	150	150	150	Озен.
15	Кусебай Красбай . . . . .	Күсемъ . . . . .	10	150	150	150	Кесе.
16	Джанбекъ Джанбата . . . . .	Абсанъ . . . . .	11	150	150	150	Озен.
17	Идрисбай Кизуатъ . . . . .	Кара-чеки . . . . .	4	150	150	150	Кесе.
18	Жемалбай Низматбай . . . . .	Аб-сай . . . . .	30	150	150	150	Озен.
19	Сынъ Сабанъ . . . . .	Аб-кудуль . . . . .	3	—	—	—	Озен.
20	Кебаевъ Кебаевъ . . . . .	Аб-сай . . . . .	20	—	—	—	Озен.
21	Джадасовъбай Кебаевъ . . . . .	Кара оба . . . . .	6	—	—	—	Кесе.
22	Бровинъ Толеевъ . . . . .	Сары-оба . . . . .	10	—	—	—	Кесе.
23	Аманъ Тасиевъ . . . . .	Кара-чеки . . . . .	10	—	—	—	Кесе.
24	Кудатбай Соумъ . . . . .	Листарь . . . . .	15	—	—	—	Кесе.
25	Агъч Кудатбай . . . . .	Шеншарыпъ . . . . .	20	—	—	—	Оз. 33
26	Р. И. Мурзебай . . . . .	Шеншарыпъ . . . . .	—	—	—	—	Озен.
27	Сынъ Магнебетъ . . . . .	Аб-чеки . . . . .	7	—	—	—	Кесе.
28	Дижеукъ Надегель . . . . .	Артаканъ . . . . .	10	—	—	—	Кесе.
29	Калто-тай . . . . .	Майдаш . . . . .	20	—	—	—	Кесе.
30	Азза Малат . . . . .	Байтаки . . . . .	3	—	—	—	Кесе.

Н А Ъ В А Н И Е		Хозяйственного органа (инициативы по автоматиза- ции налогового учета)	Установка, при ко- торой налоги не- существуют.	Итоги		
Номер	Название			Состав налоговых органов, подчиненных помимо налоговых органов	Действующие нормативы	Кодекс налогового права
<b>АМЕ. 1975 № III.</b>						
11	Министр Казахстана,	Каз. энерг.		4 1 1 1 1 1 1	330 130 130 150 250 145 167 180	Регуляционные нормы П. Тарифы
12	Союз. Караганда,	Каз. ОГ		1 1 1 1 1 1 1	150 145 145 150	Фонд Кодекс
13	Утилизация Башкирия,	Алтайский,		1 1 1 1 1 1 1	300 126 130 130	Кодекс
14	Казахстан СССР,	Алагайчик.,				
15	Министр Тувы.,	Усть-Ордын.				
16	Алма-Ата.,	Каргалик.,				
17	Биробиджан.,	Алакурттык.,				
18	Джамбуль.,	Балхаш.				
19	Алматы, Кокшетау.,	Карасан.				
20	Талас., Козельск.,	Кара-Корым.				
21	Мысайдж. Кошкуль.	Кара-Таус.				
22	Кокшетау Кентайка.	Кара-Чарым.				
23	Алматы Кызылбаш.,	Кара-Чесем.				
24	Акмола Талдыкорган.	Кара-Чесем.				
25	Жамбыл Жезказган.,	Кара-Чесем.				
26	Шахтёрск. Нарын.,	Кара-Чесем.				
27	Талась. Нурательск.	Ал-Арба.				
28	Костанай Каратай.,	Индеп.-тюмен.				
29	Хасыр. Кызылорда.,	Сандык.				
30	Оңтүстік Түркістан.,	Казахстан.				
31	Кызылорда Кызылорда.,	Кызылорда.				
32	Акмола Аксайская.	Терек.				
33	Нұраты, Денизбай.	Ал-Сад.				
34	Пілім. Есентай.	Кио-Карт.				
35	Алматы, Тува.	Шым-Мол.				
36	Баяншил Түркістан.	Ал-Аз.				
37	Карасай. Шалдар.	Ал-Аз.				
38	Алматинская Адмания.	Кара-Чесем.				
39	Сары аудитория.	Ал-Аз.				
<b>АМЕ. АМГ № IV.</b>						
1	Джамбуль. Моралы.	Ал-Аз.				
2	Алматы Нетар.	Карасан.-ПЭУ.				
3	Алматы Матыра.	Ал-Аз.				
4	Шымкент. Красно.	Кара-Чесем.				
5	Тас Ненец.	Кара-Чесем.				
6	Алма-Ата.	Кара-Чесем.				
7	Шыгынгы. Аксай.	Ал-Аз.				
8	Саларханов. Аксай.	Кызылорда.				
9	Кызылорда. Болат.	Ал-Аз.				
10	Нуртал. Таудай.	Кызылорда.				
11	Шахтэр. Кызыл.	Кызылорда.				

Н А З В А Н И Е	Хозяйственное земельное пользование (земельные участки) по азимутам	Урочища, при которых находятся земельные участки	Площадь земельных участков		Вид земельного участка
			Площадь земельного участка	Коэффициент использования земельного участка	
АДС. АЛЖИР И. У.					
19 Тулебай Бердым . . . . .	Сары-оба . . . . .	6	62 185 185 185	2	
20 Муса Нуралы . . . . .	Кара-богаз-табын . . . . .	6	55 185 185 185		
21 Альбай Бердым . . . . .	Кара-чеку . . . . .	6	55 185 185 185		
22 Рашыр Нуралы . . . . .	Джигалек чын . . . . .	6	55 185 185 185		
23 Ашутук Огуль . . . . .	Сүркөр-оба . . . . .	6	55 185 185 185		
24 Абильгель Токтасай . . . . .	Сыркөр-оба . . . . .	6	55 185 185 185		
25 Ахмет Негей . . . . .	Булак басы . . . . .	6	55 185 185 185		
26 Азизбай Джура . . . . .	Кара чаласы . . . . .	6	15 184 200 194		
27 Осатын Бечик . . . . .	Кара чаласы . . . . .	6	70 200 200 200		
28 Мустафа Кадыр . . . . .	Магистр арчыл . . . . .	6	70 200 200 200		
29 Ирагтиф Кайрат . . . . .	Сары-оба . . . . .	6	70 200 200 200		
30 Канза Мансуру . . . . .	Кара-чеку . . . . .	6	70 210 210 210		
31 Абильдас Жансуру . . . . .	Джан-чекуры . . . . .	6	70 200 200 200		
32 Салим Алихан . . . . .	Тогты-Кесегель . . . . .	6	70 200 200 200		
33 Талгатбай Джура . . . . .	Шап-чекет . . . . .	6	70 200 200 200		
34 Кульбай Валыт . . . . .	Изубер-сю . . . . .	6	20 10 10 10		
35 Азизбай Тулагушай . . . . .	Кара-чеку . . . . .	6	20 200 200 200		
36 Бандира Тукишай . . . . .	Шекчи . . . . .	6	20 200 200 200		
37 Азизбай Тулагушай . . . . .	Сыркүнүү . . . . .	6	30 200 200 200		
38 Нестасын Воскынбай . . . . .	Ал-оба . . . . .	6	30 210 200 200		
39 Тагтибай Канышбай . . . . .	Кара-чекет . . . . .	6	30 200 200 200		
40 Масабет Сарасын . . . . .	Кара-чекет . . . . .	6	40 200 200 200		
41 Кошкай Торкай . . . . .	Кең-чекет . . . . .	6	40 210 210 210		
42 Коркай Угезуйбай . . . . .	Ульма-жасыр . . . . .	6	60 200 200 200		
43 Тасыбай Кудай . . . . .	Сары-оба . . . . .	6	60 185 185 185		
44 Аргалбай Тасыбай . . . . .	Текес-чек . . . . .	6	60 185 185 185		
45 Аскынбай Тасыбай . . . . .	Джарасын . . . . .	6	60 185 185 185		
46 Маламбет Кудай . . . . .	Джарасын . . . . .	6	60 185 185 185		
47 Шабдан Шабдан . . . . .	Ак-оба . . . . .	6	60 185 185 185		
48 Шабдан Кудай . . . . .	Кызыл . . . . .	6	40 185 185 185		
49 Канча Нысан . . . . .	Кара-чеку . . . . .	6	20 200 200 200		
50 Айнажы Нысан . . . . .	Узун-чек . . . . .	6	20 200 200 200		
51 Түркебай Бекесберген . . . . .	Кара-богаз . . . . .	6	20 200 200 200		
52 Атакада Байдын . . . . .	Кара-чекет . . . . .	6	20 200 200 200		
53 Бекелда Жылбек . . . . .	Джу-чекет . . . . .	6	30 200 200 200		
54 Ахметбай Улан . . . . .	Джан-чекет . . . . .	6	10 200 200 200		
55 Ахметбай Улан . . . . .	Кең-оба . . . . .	6	10 200 200 200		
56 Мергебай Джанбайра . . . . .	Кара-богаз . . . . .	6	10 200 200 200		
57 Намибай Көлбай . . . . .	Тогты-богаз . . . . .	6	10 200 200 200		
58 Альбай Нурсолай . . . . .	Күр-чек . . . . .	6	10 200 200 200		
59 Альбай Нурсолай . . . . .	Кара-чекет-табы . . . . .	6	10 200 200 200		
60 Касым Дордсан . . . . .	Далы . . . . .	6	10 200 200 200		

Н А В А С	Хозяйственное здание (имя) по автодор.	Установка, при ко- торой находят- ся иконы.	Алк. 4225 № V.		Код
			1	2	
124. Григорий Асприан .	Мечт .		53.100/200/200	Боги .	
125. Степанос Гарյаг .	Уг-457 .		43.000/200/200	Очи .	
126. Радонеж Европей .	Чиддис .		33.000/200/200	Очи .	
127. Никита Константи .	Мистер .		43.000/200/200	Ико .	
128. Нана Алану .	Богиня .		75.100/200/200	Ико .	
129. Гавардес Нерубайд .	Джармур-стас .		53.100/100/100	Древние иконы .	
130. Гавардес Сасар .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
131. Тигран Нурат .	Джарс-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
132. Тигран Геворг .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
133. Ишакиу, Нурат .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
134. Гароян Манас .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
135. Тигран Азара .	Упак .		—	Древние иконы .	
136. Гаспаре Кара .	Кар-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
137. Гадрутъ, Манас .	Мардевор .		43.100/200/200	Древние иконы .	
138. Ашоташ Геворг .	Аш-дел-тюб .		37.100/200/200	Древние иконы .	
139. Кутателдзор Ерванд .	Кот-шаг .		23.100/200/200	Древние иконы .	
140. Абракадар Ованес .	Абрамас .		43.100/200/200	Древние иконы .	
141. Тархан Геворг .	Ани-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
142. Ашоташ Геворг .	Ниан .		43.100/200/200	Древние иконы .	
143. Ашоташ Геворг .	Киан .		43.100/200/200	Древние иконы .	
144. Ашоташ Геворг .	Карн .		43.100/200/200	Древние иконы .	
145. Гюнелиан Гюнелиан .	Джанак .		—	Древние иконы .	
146. Годев Ерванд .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
147. Габриэл Геворг .	Джанак-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
148. Гарегин Геворг .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
149. Давид Папюр .	Кара-шаг .		43.100/200/200	Древние иконы .	
150. Гамар Григор .	Гагарин .		43.100/200/200	Древние иконы .	
151. Нурин Чорб .	Джанак .		43.100/200/200	Древние иконы .	
152. Каха Тобак .	Джанак .		43.100/200/200	Древние иконы .	
153. Магна Габбер .	Тата-джанак .		—	Древние иконы .	
154. Тоджук Марин .	Гю-одда .		—	Древние иконы .	
155. Сасар Апред .	Бадар .		—	Древние иконы .	
156. Маги Арги .	Кара-шаг .		—	Древние иконы .	
157. Маранет Ерванд .	Кара-шаг .		—	Древние иконы .	
158. Ашоташ Геворг .	Мистикар .		—	Древние иконы .	
159. Гаспаре Ерванд .	Толстар .		—	Древние иконы .	
160. Геворг Ерванд .	Ак-шаг .		—	Древние иконы .	
161. Геворг Гаспар .	?		—	Древние иконы .	
			Иконо .		

1) Копиями, 9) Аксессуарами из арх. М.А.

В А В В А Н И Е		Изображение на карте и описание	Местоположение при установке прибора	Номер
Хозяйственного аула	Урочища, при ко- тором находят- (известки) по алфавиту.			
		Среднее при- близительное	Среднее при- близительное	Среднее при- близительное
Ал. аль № 7.				
1. Аристофең Балыкбай	Сидра-терек			
2. Ильгата Утас	Айдан			
3. Казы Синай	Арыл-тобе			
4. Стамбель Манып	Айдад			
5. Тобубутек Амальбай	Карычук			
6. Калынай Салып	Орга-терек			
7. Низандай Көсекбай	Кенесет			
8. Оспанбай Аудабай	Кызыл-тобе			
9. Кеңүндай Шынай	Любрет			
10. Кембебай Катебай	Кыныш-чекеш			
11. Торжат Аверь	Коры-атыч			
12. Енгебай Аверь	Бог-терекъ			
13. Сагебай Рысбай	Күзбальменъ			
14. Амжистай Саршат	Тынтын-терекъ			
15. Көбөгөлбай Ашай	Дюе			
16. Кантадай Менсе	Кале			
17. Баранбай Сарсенбай				
18. Жигъ Торекъ	Кары-горекъ			
19. Малашь Карасебай	Озимай			
20. Усень Давлетбай	Джалынгын-таль			
21. Сырбай Баштаевъ	Джолым-таль			
22. Джазулбай Амангельбай	Көпир-кузга			
23. Калымай Кыншат	Көпир-кусма			
24. Күнгіл Балыкбай	Амангиль-терекъ			
25. Медеудай Даңысбай	Каре-чиј			
26. Манасбай Даңысбай	Көпир-кусма			
27. Шалғымбай Шынай	Сир-жыгылъ			
28. Айтурбай Торекъ	Джаса-шатъ			
29. Келдубай Жазалай	Суда-терекъ			
30. Тұзбай Аланжай	Киана-би			
31. Сатыбала Торекъ	Каре-шуръ			
32. Бекет Күнгілъ	Кесе			
33. Көктай Мөсөнбай	Итегъ			
34. Сабакай Даңы	Кар-терекъ			
35. Шүсек Күнгілъ				
36. Мөсөнбай Балаланбай	Каре-чиј			
37. Балыкай Оржан				
38. Осарт Мөсөнбай				
39. Осембай Мөсөнбай				
40. Сатыбай Мәуқасбай				
41. Сатыбай Мәуқасбай				
42. Мете Даңысбай				
43. Даданбай Сарыл	Карасубасъ			

Н А З В А Н И Е	Хозяйственного суда (типовки) по ахыналу.	Урочища, при ко- торомъ находят- ся занески.	Благодаренъ за разрешение.	Служебные данные о занескахъ.			Место
				Оценка этихъ занесокъ	Расстояние до села	Оценка занесокъ	
АХ. АХЫ № Т.							
44 Абиль Балыковъ . . .	Аз-сай . . .						
45 Сынгу Балыковъ . . .	Аз-сай . . .						
46 Абдайбетъ Коркель . . .	Сары-оба . . .						
47 Миней Төсөевъ . . .	Алдан . . .						
48 Шебекей Коркель . . .	Кара-саитъ . . .						
49 Ашуръ Таусъ . . .	Кара-тойтъ . . .						
50 Азиз Караулакъ . . .	Кызылъ . . .						
51 Свагъ Бекеевъ*) . . .	?						
52 Шалабай Кызылъ*) . . .	?						
53 Муха Маджъ . . .	?						
54 Огукей Куюнъ . . .	Аз-сай . . .						
55 Джулатъ Кобанъ . . .	Чабертау . . .						
56 Сандаръ Маджъ . . .	?						
57 Абдайбетъ Маджъ . . .	?						
58 Балакулакъ Сейтъ . . .	?						
59 Абез Мухамидъ . . .	?						
60 Димекей Мухамидъ . . .	?						
61 Беджатъ Мухамидъ . . .	?						
62 Иргизъ Тынбергенъ . . .	Кара-тойтъ/Караулакъ . . .						
63 Тасеевъ Тынбергенъ . . .	Кызылъ . . .						
64 Сүрткебай Дарагъ . . .	Мадж-оба . . .						
65 Шерсъ Тасеевъ . . .	Сор-обаи . . .						
66 Джулатъ Бекзабай . . .	Сары-обаи . . .						
67 Беджаданъ Утегуль . . .	Сары-Туганъ . . .						
68 Енисе Тынсынъ . . .	?						
69 Касымъ Джуль . . .	?						
70 Шекиатъ Мансубъ . . .	Шункурейтъ . . .						
71 Балыгеръ Мансубъ . . .	Джамиши-сай . . .						
72 Балытъ Басуриевъ . . .	Кара-тойтъ/Басуриевъ . . .						
73 Енисе Басуриевъ . . .	Когол-тогисъ . . .						
74 Ергана Абдай . . .	Аз-сай . . .						
75 Джулатъ Кашембай . . .	?						
76 Дарагъ Тынтаръ . . .	?						
77 Кордиганъ Гымитисей . . .	?						
78 Мийндеръ Тынтаръ . . .	?						
АХ. АХЫ № Т.							
1 Шакиинъ Металь . . .	Инчо . . .						
2 Коомчишъ Металь . . .							
3 Джулатъ Металь . . .							
4 Абдайда Металь . . .							
Составленъ							

Н А В В А Н И Е	Урочища, при ко- торомъ находят- ся земки.	Приданое из земли размѣнное.	использованіе из земельныхъ участковъ		ПОДСЧЕТЪ	
			1	2		
<b>ДЕК. ДАГА Ж ТІ.</b>						
Камашъ Матасъ . . . . .						
Альчыкъ Манасъ . . . . .						
Тата Далгашъ . . . . .						
Шошы Тата . . . . .						
Магимашъ Тата . . . . .						
Негербасъ Красный . . . . .						
Исъ Джалыкъ . . . . .						
Дауръ Мордакъ . . . . .						
Шенесъ Монасъ . . . . .						
Кыу Орликай . . . . .						
Шадасъ Шашъ . . . . .						
Ешыкъ Таже . . . . .						
Онуръ Боракъ . . . . .						
Багытъ Текере . . . . .						
Кемербай Далакъ . . . . .						
Толебай Далакъ . . . . .						
Нарыкъ Шейкъ . . . . .						
Киргизбасъ Шайкъ . . . . .						
Вонбасъ Кашекъ . . . . .						
Нүнекъ Бийбасъ . . . . .						
Кумерекъ Зады . . . . .						
Абетрасъ Зады . . . . .						
Дауттарбай Даурустай . . . . .						
Сыра Байтасъ . . . . .						
Касыкъ Бозасъ . . . . .						
Иуга Конекъ . . . . .						
Төмөнбай Бозекъ . . . . .						
Буланжырь Далапоракъ . . . . .						
Талыбай Саларь . . . . .						
Дылбасъ Кончай . . . . .						
Нарыкъ Онуръ . . . . .						
Орнукъ Иса . . . . .						
Саранжырь Джалыкай . . . . .						
Бегетасъ . . . . .						
Сырай Джаласъ . . . . .						
Кемаласъ Джаласъ . . . . .						
Абетрасъ Джаласъ . . . . .						
Табигайбай Конекъ . . . . .						
Бадыкъ Сакыкай . . . . .						
Таужыкъ Кургали . . . . .						
Калыбасъ Джалыкай . . . . .						
Бийбасъ Тажекъ . . . . .						

Н А З В А Н И Е	Хозяйственного суда (имени) по алфавиту.	Учрежден, при ко- торомъ входит- ся заводъ.	Подсудимое по преступ- лению наконечника.	Судимое по наконечнику			Судимое по наконечнику
				1	2	3	
АДЛ АГАЗ № VI.							
17 Трибунъ Эсъ . . . . .	Сибирская крѣп.	Приказъ . . . . .					
Краснодаръ Краснодаръ:							
18 —	Сибирская крѣп.						
19 —	Сибирская крѣп.						
АДЛ АГАЗ № VII.							
1 Кошевъ Балыковъ . . . . .	Ак-чікъ . . . . .	Ак-чікъ . . . . .	0	1			Сибъ
2 Саидбекъ Бектовъ . . . . .			35	1			Сибъ
3 Мустазъ Дайбековъ . . . . .			15	1			Сибъ
4 Чингизбекъ Еркесовъ . . . . .			6	1			Сибъ
5 Оразбекъ Кеворъ . . . . .	Кара-камъ . . . . .	Кара-камъ . . . . .	10	1			Сибъ
6 Мухамъ Алиевъ . . . . .			10	1			Сибъ
7 Жартаевъ Даукбай . . . . .	Талы-буякъ . . . . .	Талы-буякъ . . . . .	3	1			Красн.
8 Ариевъ Ибраимъ . . . . .	Сары-камъ . . . . .	Сары-камъ . . . . .	2	1			Сибъ
9 Муртазъ Имаджанъ . . . . .	Сары-бадъ . . . . .	Сары-бадъ . . . . .	12	1			Сибъ
10 Айтбекъ Жамалдинъ . . . . .	Керог-тасъ . . . . .	Керог-тасъ . . . . .	15	170	170	170	Сибъ
11 Амандосовъ Махмудъ . . . . .	Теретъ . . . . .	Теретъ . . . . .	30	170	170	170	Красн.
12 Мұхамъ Мұхамъ . . . . .	Алдынъ . . . . .	Алдынъ . . . . .	15	170	170	170	Сибъ
13 Бектаръ Динесовъ . . . . .	Кес-чекъ . . . . .	Кес-чекъ . . . . .	30	170	170	170	Сибъ
14 Оразбекъ Шагебай . . . . .	Узуб-демъ . . . . .	Узуб-демъ . . . . .	30	170	170	170	Сибъ
15 Зейнелъ Нуриевиджанъ . . . . .	Кызы-тогъ . . . . .	Кызы-тогъ . . . . .	3	170	170	170	Сибъ
16 Акимовъ Вадимъ . . . . .	Кара-чекъ . . . . .	Кара-чекъ . . . . .	12	170	170	170	Красн.
17 Ахметбекъ Дашынбековъ . . . . .	Уку-шары . . . . .	Уку-шары . . . . .	3	170	170	170	Сибъ
18 Байдаръ Далябековъ . . . . .	Оргекъ . . . . .	Оргекъ . . . . .	3	170	170	170	Сибъ
19 Нұханбекъ Вадимъ . . . . .	Кес-чекъ . . . . .	Кес-чекъ . . . . .	20	170	170	170	Сибъ
20 Сүлейменъ Жерсекъ . . . . .	Джазыбек-чекъ . . . . .	Джазыбек-чекъ . . . . .	4	170	170	170	Красн.
21 Абдесъ Еспекъ . . . . .	Кумы-бадыръ . . . . .	Кумы-бадыръ . . . . .	—	—	12	170	Сибъ
22 Ахметбекъ Бекназаровъ . . . . .	Ак-чікъ . . . . .	Ак-чікъ . . . . .	—	—	12	170	Сибъ
23 Базыбекъ Акжаровъ . . . . .	Жетр-бекъ . . . . .	Жетр-бекъ . . . . .	15	170	170	170	Красн.
24 Валентинъ Жургасъ . . . . .	Тао-бекъ . . . . .	Тао-бекъ . . . . .	20	170	170	170	Красн.
25 Валентинъ Нарбета . . . . .	Кара-бекъ . . . . .	Кара-бекъ . . . . .	40	170	170	170	Сибъ
26 Сабынбекъ Утемисовъ . . . . .	Бажы . . . . .	Бажы . . . . .	20	170	170	170	Сибъ
27 Медалиевъ Шамильбекъ . . . . .	Керог-тасъ . . . . .	Керог-тасъ . . . . .	20	170	170	170	Сибъ
28 Бекъ Жакыровъ . . . . .	Күзег-кора . . . . .	Күзег-кора . . . . .	30	170	170	170	Сибъ
29 Рискулановъ Вадимъ . . . . .	Кара-чекъ . . . . .	Кара-чекъ . . . . .	3	170	170	170	Сибъ
30 Ахметъ Акимъ . . . . .	Кызы-тогъ . . . . .	Кызы-тогъ . . . . .	—	170	170	170	Сибъ
31 Весбекъ Бекназаръ . . . . .	Джазыбек-чекъ . . . . .	Джазыбек-чекъ . . . . .	—	170	170	170	Сибъ
32 Абдрахманъ Тирбасъ . . . . .	Абдашъ . . . . .	Абдашъ . . . . .	—	170	170	170	Сибъ
33 Ахметъ Абдракато . . . . .	Абдиб . . . . .	Абдиб . . . . .	—	170	170	170	Сибъ
34 Омбай Далябекъ . . . . .	Кира-тогъ . . . . .	Кира-тогъ . . . . .	31	170	170	170	Сибъ

1) Таблица из рода Ошской.

Н А В А Н И Е имени и отчества	Хозяйственного суда (или особых) по делам народу.	Учрежден, при по- теропъ находят- ся заявка.	Составляется в			Годы зарегистрированы	Ре- ги- ст- ра- ция
			Составляется	Регистрируется	Оформляется		
АДМ. АРГАЗ № 701							
11 Шеффер Абоз . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	70	135 135 135			
12 Красиль Худайбек . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Рес.
13 Абдигат Осман . . .	Дем-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
14 Абдигат Димитр . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	30	143 143 143			Иног.
15 Сулейман Таргай . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	20	143 143 143			
16 Кудагай Димитр . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
17 Таргай Альбад . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	7	135 135 135			Иног.
18 Молдажет Альбад . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	20	135 135 135			
19 Мез Сарифий . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	10	135 135 135			Рес.
20 Сарифий Бадиев . . .	Чубар-шурт . . .	Башк. респ.	10	135 135 135			
21 Бадиев Бадиев . . .	Тасир-шурт . . .	Башк. респ.	20	135 135 135			
22 Салим Нормудай . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	8	135 135 135			Иног.
23 Джамиль Каюмов . . .	Халым-шурт . . .	Башк. респ.	7	143 143 143			Иног.
24 Салим Каримов . . .	Дем-шурт . . .	Башк. респ.	7	143 143 143			Иног.
25 Томирович Курасов . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	Башк. респ. 134	135 135 135			Иног. 73
26 Красиль Худайбек . . .	Тасир-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
27 Сандыр Чулаков . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	50	143 143 143			Иног.
28 Оварь Актуев . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	7	143 143 143			Иног.
29 Муттафа Меджит . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	20	143 143 143			Сов.
30 Хасанжан Альбад . . .	Чубар-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Сов.
31 Халим Асарбай . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	12	135 135 135			Иног.
32 Сулейман Хисмат . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	22	135 135 135			Иног.
33 Базыбай Ерлан . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
34 Касимбай Даудов . . .	Касимбай-шурт . . .	Башк. респ.	40	143 143 143			Иног.
35 Цуранбай Ага . . .	Дем-шурт . . .	Башк. респ.	10	135 135 135			Иног.
36 Сайтиш Осман . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
37 Магжан Навас . . .	Дем . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
38 Салим Мишаг . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	7	135 135 135			Иног.
39 Таге Аким . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	7	135 135 135			Иног.
40 Метиев Мишаг . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	15	135 135 135			Иног.
41 Салим Карагашуа . . .	Уш-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Иног.
42 Сунокай Шакай . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	6	135 135 135			Сов.
43 Нурабай Мишаг . . .	Дем-шурт . . .	Башк. респ.	13	135 135 135			Сов.
44 Даужаныз Биссан . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Сов.
45 Озбекбай Карагашуа . . .	Сорғы . . .	Башк. респ.	30	135 135 135			Сов.
46 Озирбай Валан . . .	Ал-шурт . . .	Башк. респ.	12	135 135 135			Иног.
47 Таргай Таргай . . .	Дем . . .	Башк. респ.	7	135 135 135			Иног.
48 Кусуль Осман . . .	Кара-шурт . . .	Башк. респ.	16	135 135 135			Иног.
49 Семурбай Талим . . .	Кебаб-шурт . . .	Башк. респ.	20	135 135 135			Иног.
50 Касимбай Куль . . .	Сар-шурт . . .	Башк. респ.	20	135 135 135			Иног.
51 Абдигат Биссан . . .	Шебаб-шурт . . .	Башк. респ.	7	135 135 135			Иног.
52 Абдигат Биссан . . .	Уши-шурт . . .	Башк. респ.	40	135 135 135			Иног.

С 15го января 1954г.

Н	Хозяйственного участка (номера) по анкете.	Учрежден, или же городъ находят- ся виновн.	Сведения по вопросу заселения.											
			Годы	Санкт-Пе-	Среди	Виды	Сроки	Годы	Санкт-Пе-	Среди	Виды	Сроки	Годы	
Н														
1			АНКЕТИРУЮЩИЙ		ЛЮДЕЙ			ВЪЗРАСТА		СЕМЕЙСТВО			ПРОФЕССИЯ	
2	Андрей Тимофеевич	25	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	
3	Киселев Семен	26												
4	Баумбах Евгений	27												
5	Макарова Чулпан	28												
6	Алехина Анна	29												
7	Туркина Анастасия	30												
8	Сивкова Светлана	31												
9	Рыбакова Мария	32												
10	Будникова Наталья	33												
11	Шергутовая Татьяна	34												
12	Джонни Кэти	35												
13	Македдес Борис	36												
14	Дональд Николай	37												
15	Антонова Екатерина	38												
16	Андрей Евгеньевна	39												
17	Мария Евгеньевна	40												
18	Радионова Татьяна	41												
19	Кириакиди Кристина	42												
20	Григорьев Татьяна	43												
21	Денисова Марина	44												
22	Нофал Гунархан	45												
23	Мирза Турсунов	46												
24	Турсунова Аделина	47												
25	Алишерова Юдита	48												
26	Турмушев Татьяна	49												
27	Маддамира Турсун	50												
28	Нуржан Турсун	51												
29	Кючук Турсун	52												
	Бланк анкеты		заполнен		отлично			заполнен		отлично			заполнен	

Печать на анкете

И А В В А Н И Е

Номера из которых	Хозяйственного судна (имени) по линейному.	Урочища, при ко- торомъ находят- ся виновни.	Погонные из оружия			Погонные из оружия всего	Погонные из оружия всего
			Оружие	Ружья	Охотничьи ружья		
<b>АКт. дата 20 2.</b>							
1	Челюскинъ Борисовъ	Джаканс-саи	Шашка	15	97	97	97
2	Абасуль Черновъ	Бычо-адъ	Шашка	7	97	97	97
3	Шахарбекъ Тореевъ	Авалагасъ	Шашка	—	105	105	105
4	Рустемъ Актуагулъ	Кара-коюзъ	Шашка	—	110	110	110
5	Курубекъ Аланбергъ	Кошмекъ	Шашка	12	110	110	110
6	Кылсанъ Мирзай	Ак-сакъ	Шашка	10	110	110	110
7	Абдуръ Саидимбетъ	Ак-сакъ	Шашка	—	110	110	110
8	Тобей Атандъ	Кым-ары	Шашка	22	105	100	105
9	Жамидесъ Амзель	Джарасъ	Шашка	—	110	110	110
10	Тореяръ Кутубей	Кошмекъ	Шашка	—	110	110	110
11	Борисъ Вайманъ	Кара-чи	Шашка	20	125	125	125
12	Шарипъ Кудибетъ	Жум-шагыръ	Шашка	25	90	90	90
13	Сарипъ Самиль	Кара-чекъ	Шашка	10	105	100	105
14	Кадыръ Касимъ	Руданъ	Шашка	—	120	105	105
15	Султанъ Валитулла	Руданъ	Шашка	16	105	102	100
16	Босынъ Джандибай	Ак-сакъ	Шашка	20	105	102	102
17	Жанынъ Жандыръ	Руданъ	Шашка	—	105	105	105
18	Каребай Нисай	Кошмекъ	Шашка	—	105	103	103
19	Сапаръ Таскабекъ	Сари-туркесъ	Шашка	—	105	100	105
20	Сөгөнбай Сарызялъ	Кана-тебе	Шашка	20	105	100	105
21	Тазабергенъ Кидъ	Сари-туркесъ	Шашка	25	105	100	105
22	Абдегенъ Валитулла	Арсланъ	Шашка	40	105	100	105
23	Долибетъ Валитулла	Кара-чекъ	Шашка	25	105	103	105
24	Валиханъ Тореутъ	Шабыръ	Шашка	—	105	105	105
25	Сарынбай Генбау	Сари-обмы	Шашка	—	105	105	105
26	Мурбай Валитотъ	Бозынъ Жандыръ	Шашка	15	105	105	105
27	Дильбетъ Еркецъ	Надынъ Салынъ	Шашка	—	105	105	105
28	Улдай Саребай	Ак-затыръ	Шашка	—	105	105	105
29	Отегъ Жандыръ	Карасады	Шашка	—	105	105	105
30	Бекешка Ахматбетъ	Дорже	Шашка	50	122	122	122
31	Дайбекшъ Барасъ	Ак-адылъ	Шашка	50	105	105	105
<b>ГИРДИССЕ МАНДЪ.</b>							
<b>АКт. дата 20 2.</b>							
1	Азизбекъ Токтаръ	Калекина	Шашка	80	70	70	70
2	Каренбай Токтаръ	Кара-обмы	Шашка	80	70	70	70
3	Оразбекъ Отегъ	Надынъ Тогъ	Шашка	80	70	70	70
4	Раззакшъ Барысъ	Узары	Шашка	6	70	70	70
<b>Итого</b>							
<b>Итого по манесту</b>							
<b>Бюджетные показатели</b>							

Міне, осы «Тоқырауын болысы ауылдарының орналасу кестесіне» байланысты төменде құрамы Көшкін руынан тұратын №3 ауыл туралы жүйеленген мәліметтерді берін отырмыз. Реті келгенде жаза кетелік, осы Көшкіннің ішінде Орысбай аталатын ата бар. Оны ел «оқу конған Орысбайлар» деп те жатады. Жалпы ру аталарының аталуын жаңшы жұрг өз айтуда ынғайына қарай өзгертіп алатыны байкалады. Біздің елдегі ру-аталардың тарихи атаулары нақты калай болғанына дәлелге М.Ж.Көпеев бабамыздың шежіресінен мына үзіндіні дерекке ұсынамыз:

Каракесек атасы - Болатқожадан - Ақша, Түйті. Мұның Түйтесінен - Майқы, Танаш. Майқыдан- Алтеке, Сарым. Алтекеден - бірінші бәйбішеден - Өтеген. Өтегеннен -Байдәулет, Байымбет, Жанықұл («Жаманке» - дейді), Қойқұл («Қойкел» - дейді).

Екінші катынынан-1. Есболат, 2. Дос, 3.Әлмұрат (Алмұрат). Үшінші катынынан - Сапак. Бұл Салақтан - Жиембай, Богұқ. Жиембайдан - Байжігіт, Бокан. Богұктан - Жәнібек, Қоянбай. Әлмұраттан - Атымбек. Атымбектен - Иманәлі, Қорсары, Тамай, Бақы, Қазыбай, Басбалдақ, Жанақа, Марлақ, Төлек, Бөлек. Атымбектен туысады: Ақбота, Жарас. Жарастан: Абыл (Әбіл), Қабыл, Есенкелді. Сарымнан - Өтеміс, Тоқсан. Өтемістен - Құлсары, Құлық, Боксары.

Құлсарыдан - Кошкіш, Кошкіннен - Өрісбай, Қазыбай, Шақабай, Жұманбай, Тұлкібай. Өрісбайдан - Саумал, мұнан - Құзебай, мұнан - Қөлімбай, мұнан - Бәкір. Құлықтан -Жалаңтөс, Тұнғат. Жалаңтостен - Байыңкел (Байкел), мұнан Тарбак, мұнан Әбдірахман. Тұнғаттан - Байсұйеу, мұнан - Ақнан, мұнан - Жанғұтты, мұнан - Жұртбай, мұнан - Жұніс.

Боксарыдан: Жоламан, Еламан, Шабанбай, Қойлыбай, Тәнірікұл. Жоламаннан - Майлы, Құлембай, Құлембайдан - Арықбай.

Алтекениң бәйбішесінен: Байдәулет, Байымбет, Жаманке, Қойкел - Алтекениң бел балалары. Екінші катынынан: Есболай, Дос, Алмұрат.

Кестеде осында болыстықтагы ауылдарың әркайсысына жеке

қыскартылған сипаттама бар. Ата-бабасы осы болыстыкта тұрған әркім жоғарыдағы кесте арқылы өз атасы мен руының адам саны, қыстаулары, мал саны және т.б. деректерді сол жобамен жүйелеп алуына болады. №3 ауыл туралы маган Балқашта тұратын А.Қалымбергенов ағамыз жіберген еді. Сант-Петербургте тұратын өлкетанушы Ю.Г.Поповтың сондагы «Пульс» газетіндегі «Тоқырауын болысының болыстық басқармасы және халық судьялары» атты мақаласына байланысты авторға Көшкін руы аксақалдары туралы басқа қосымша акпарат сұраған екен.

Ю.Г.Поповтың Тоқырауын болысы №3 ауылдың жері, экономика, шаруашылық, тұрмысы жөнінде мәліметтерді 1898 жылы Каркаралы уезін зерттеу жөніндегі экспедиция отрядтарының бірі жинағанын, отрядты Ә.Н.Бекейханов басқарғанын жазып, жоғарыдағы ауылдардың кестесін жіберген. Осы кесте бойынша алғанда:

№3 әкімшілік ауылға барлығы 59 жеке қыстаулық ауылдар кірген. 59 қыстау-ауылдың барлығы Көшкін руына жатқан. XIX ғасырдағы орыс тіліндегі колжазбадан көшіруге байланысты адам аттары мен атаулардың нақты болмауы да мүмкін екенін ескертеміз.

№ 1 ауылдың басшысы Қантарбай Намаз. Әтекбай қыстауы. Ауылда 2 (шаруашылық) отбасы, халқы 13 адам, екі киіз үй, 2 жер үй (ши үй), 2 ас үй (шошала), жылқылар мен түйелер 6, сиыр - 2, койлар -225, ешкілер - 30. 1 пүт бидай еккен, 5 мая шөп үйілген.

№ 2 ауыл басшысы Тоганбай Балжан, Қаршокы қыстауы. Ауылда 3 шаруашылық, халқы 24 адам, 3 киіз үй, 2 жер үй, 2 ас үй. Жылқылар -21, түйелер - 4, койлар -150, ешкілер - 40. 2 пүт бидай және жарты пүт тары еккен. 3 шөмелде шөп үйген.

№ 3 ауыл басшысы Еркебай Нартай, Талқанбай қыстауы. Ауылда 5 шаруашылық, халқы - 28 адам, 5 киіз және ас үйден, бір жер үй. Жылқылар -5, сиыр -1, түйелер - 4, койлар - 36, ешкілер - 35. жарты пүт бидай егілген.

№ 4 ауыл басшысы Шаншарбай Есжан, Қия қыстауы. Ауылда 5 шаруашылық, халқы - 24 адам, 5 киіз үй, 2 жер және 4

ас үй. Жылқылар – 2, түйелер - 3, койлар мен ешкілер 24 бастан, шамамен жарты пүттән бидай мен арпа еккен.

№ 5 ауыл басшысы Шонтабай Төрекелді, Мұздышшат құдығы бар Сарыдонғал қыстауы. Ауылда 4 шаруашылық, халқы - 24 адам, 4 киіз үй, 3 жер үй. 4 ас үй. Жылқылар-8, сиырлар-4, түйелер - 4, койлар - 43, ешкілер-70. бидай мен арпаны 8 пүттән еккен.

№ 6 ауыл басшысы Конакбай Отар. Қыстауы – Гаңбалы тас. Халқы 14 адам, 6 үй шаруашылығы, әр түлік бойынша барлық мал саны - 240.

№ 7 ауыл басшысы Байбала Сабаз. Қыстауы – Жылсысай. Халқы 17 адам, 6 үй шаруашылығы, әр түлік бойынша барлық мал саны - 43.

№ 8 ауыл басшысы Элімбай Күзембай. Қыстауы – Қос донгал. Халқы 13 адам, Киіз үйлер - 4, жер және ас үйтер - 4. әр түлік бойынша барлық мал саны – 144.

№9 ауыл басшысы Бекір Құлғынбай. Қыстауы – Қызылқия. Халқы 8 адам, Киіз үйлер - 1, жер үй – 1, әр түлік бойынша барлық мал саны - 28.

№10 ауыл басшысы Ақыш Жұманбай. Қыстауы – Сары тұмсық. Халқы 14 адам, 9 үй шаруашылығы бар. әр түлік бойынша барлық мал саны - 170.

№11 ауыл басшысы Эбділда Жұманбай. Қыстауы – Жетіжұрт. Сары тұмсық. Халқы 10 адам, 6 үй шаруашылығы бар. әр түлік бойынша барлық мал саны - 239.

№12 ауыл басшысы Байбосын Жолдас. Қыстауы – Сары жал. Халқы 22 адам, 8 үй шаруашылығы бар. әр түлік бойынша барлық мал саны 251.

№13 ауыл басшысы Қасабай Бөрі. Қыстауы – Қожасай. Халқы 22 адам, 8 үй шаруашылығы бар, әр түлік бойынша барлық мал саны -138.

№ 14 ауыл басшысы Мешел Асан, Кесік қыстауы. Ауылда 2 шаруашылық, халқы - 13 адам. Киіз үйлер, жер және ас үйлер 2-ден. Жылқылар -5, сиырлар -2, түйелер -3, койлар -46. Егіндері -3 пүттән, шөп шалпаған.

№ 15 ауыл басшысы Құлышбай Құзембай, Құлышы қыстағы. 2 шаруашылық, халқы 4 адам. Киіз үй -2, жер үй -1, ас үй - 2. Жылқылар -8, сиырлар мен түйелер 3-тен, қойлар -81. Егіндері - 4 пүттан, 36 шөмелде шөп үйеген.

№ 16 ауыл басшысы Жұмабек Жаманбала, Ақжол қыстауы. 3 - шаруашылық, халқы - 12 жан. Киіз үй -3, ас үй -3. Жылқылар -5, сиырлар -1, түйелер -4, қойлар -84. Егіндері -3 пүттан, шөп шаппаған.

№ 17 ауыл басшысы Үйдірысбай Қыдырәлі, Қарашокы қыстауы. 3 - шаруашылық, халқы - 3 жан. Киіз үйлер мен ас үйлер 3-тен, жер үй 1. Жылқылар -9, сиыр -3, түйелер, -6, қойлар -59. Егіндері - 5 пүттан, шөп шаппаған.

№ 18 ауыл басшысы Манасбай Жолбатар, Ақсай қыстауы. 3 - шаруашылық, халқы - 17 жан. Киіз үй -4, жер үй мен ас үй 3-тен. Жылқылар -54, сиыр -1, түйелер -11, қойлар -182. Егіндері -5,5 пүттан. 5 мая шөптен үйген.

№ 19 ауыл басшысы Үскак Саблен, Аккүдық қыстауы. халқы - 9 жан. 7 үй шаруашылық, әр түлік бойынша барлық мал саны - 210.

№ 20 ауыл басшысы Байсалбай Қабылан. Ақсай қыстауы. халқы - 11 жан. 6 үй шаруашылық, әр түлік бойынша барлық мал саны - 160.

№ 21 ауыл басшысы Жайсанбай Қабылан. Қараоба қыстауы. халқы - 13 жан. 6 үй шаруашылық. әр түлік бойынша барлық мал саны - 202.

№ 22 ауыл басшысы Бірмахан Тойғанбай. Сарыоба қыстауы. халқы - 12 жан. 3 үй шаруашылық. әр түлік бойынша барлық мал саны - 227.

№ 23 ауыл басшысы Элілбай Тоқабай. Қыстауы – Қарашокы. халқы - 21 жан. 8 үй шаруашылық. әр түлік бойынша барлық мал саны - 162.

№ 24 ауыл басшысы Құлтебай Саумал. Дастан қыстауы. халқы - 20 жан. киіз үй - 4, жер үй - 2. әр түлік бойынша барлық мал саны – 330.

№ 25 ауыл басшысы Ахмет Құлшебай. Шокпартас қыстауы. халқы - 11 жан. киіз үй - 2, жер үй - 2. әр түлік бойынша барлық мал саны - 167.

№ 26 ауыл басшысы Ахмеди Маукөбен. Шаңырактас қыстауы, халқы - 17 жан. киіз үй, жер үй - 7. әр түлік бойынша барлық мал саны - 60.

№ 27 ауыл басшысы Ысқақ Манғазбай. Ақшоқы. қыстауы. халқы - 5 жан. киіз үй, жер үй - 6. әр түлік бойынша барлық мал саны - 80.

№ 28 ауыл басшысы Жұніс Байготан, Арталық қыстауы. 4 - шаруашылық, халқы - 20 жан. Киіз үй - 3, жер үй - 4, ас үй - 2. Жылқылар - 9, сиырлар - 7, түйелер - 5, койлар - 137, ешкілер - 34. Егіндері - 3 пүттан, шөп шаппаған.

№ 29 ауыл басшысы Қалт Тай, Байкөз қыстауы. Бір шаруашылық, халқы - 3 адам. Жылқы - 1, сиыр - 1, түйе - 1, қойлар - 15. Егіндері жарт пүт. Шөп шаппаған.

№ 30 ауыл басшысы Азна Малай, Байкөз қыстауы. Екі шаруашылық, халқы - 13 жан. Екі киіз үйден, дер және ас үйден. Жылқылар - 2.

№ 38 ауыл басшысы Жненғұл Қожаназар, Ирек қыстауы. 2 -шаруашылық, халқы - 6 жан. Киіз және ас үй 3-тен, жер үй - 2. Жылқылар - 85, түйелер - 10, қойлар - 282. Егіндері - 5 пүттан. Шөп шаппаған.

№ 39 ауыл басшысы Элиқұл Қожаназар, Қарақия қыстауы. Бір шаруашылық, халқы - 6 жан. Киіз үй, ас үй және жер үй бір-бірден. Жылқылар - 36, сиыр - 1, түйелер - 3, қойлар - 72, ешкілер - 6. Егіндері - 2 пүттан. 4 мая шөп дайындаған.

№ 40 ауыл басшысы Тампаш Қонжан, Қарашибілік қыстауы. 3 шаруашылық, халқы 19 жан. Киіз үй мен жер үй 3-тен, ас үй - 2. Жылқылар - 6, түйелер - 2, қойлар - 123, ешкілер 10. Егіндері - 3,5 пүттан. Шөп шаппаған.

№ 41 ауыл басшысы Мұсабай Қосқұлақ, Токырауын өзенінің бойындағы Жартас қыстауы. 4 шаруашылық, халқы - 19 жан, киіз үй - 4, жер үй жок, ас үй - 3. Жылқылар - 10, сиырлар - 10, түйелер

- 3, ешкілер - 31. Егіндері - 9 пүттан, шөп шаппаған.

№ 42 ауыл басшысы Қенекбай Қондыбай, Қарақия қыстауы. 3 шаруашылық, халқы - 19 жан, киіз үй - 3, жер үй - 1, ас үй - 2. Жылқылар - 114, сиырлар - 5, түйелер - 6, қойлар - 125, ешкілер - 21. Егіндері - 4 пүттан. Шөп шаппаған.

№ 43 ауыл басшысы Элімжан Құйрықбай. Қыстауы - Қарашокы, халқы - 11 жан. киіз үй, жер үй - 8. әр түлік бойынша барлық мал саны - 108.

№ 44 ауыл басшысы Айқымбай Түіктікбай. Қыстауы - Жартас, халқы - 28 жан. киіз үй, жер үй - 12. әр түлік бойынша барлық мал саны - 167.

№ 45 ауыл басшысы Жақыбай Жексенбі. Қыстауы - Қойтас, халқы - 22 жан. киіз үй, жер үй - 9. әр түлік бойынша барлық мал саны - 188.

№ 46 ауыл басшысы Жиенкүл Намаз. Қыстауы - Қаражұрт, халқы - 10 жан. киіз үй, жер үй - 6. әр түлік бойынша барлық мал саны - 55.

№ 47 ауыл басшысы Тәпел Баймағанбет. Элімжан Құйрықбай. Қыстауы - Тасты бұлак құдығы жаңындағы Ақшокы, халқы - 31 жан. киіз үй, жер үй - 18. әр түлік бойынша барлық мал саны - 396.

№ 48 ауыл басшысы Қеншібай Қатбай. Қыстауы - Шұбартұбек, халқы - 9 жан. киіз үй, жер үй - 4. әр түлік бойынша барлық мал саны - 10.

№ 49 ауыл басшысы Хамит Құлтебай. Қыстауы - Санабай, халқы - 9 жан. киіз үй, жер үй - 6. әр түлік бойынша барлық мал саны - 155.

№ 50 ауыл басшысы Омар Тыныбай. Қыстауы - Жалпақсары, халқы - 17 жан. киіз үй, жер үй - 9. әр түлік бойынша барлық мал саны - 158.

№ 51 ауыл басшысы Қуанышбай Жылқыбай. Қызыл кезент қыстауы. 1 - шаруашылық, халқы - 3 адам. Киіз үй, жер үй, ас үй бір-бірден. Жылқы - 1, түйе - 2, қойлар - 14, ешкілер - 5. Егіндері - 1 пүт.

№ 52 ауыл басшысы Мұсабай Жалқыбай, Токырау өзенінің бойындағы қыстау. 3 – шаруашылық, халқы – 15 адам. Киіз үй мен ас үй 3-тен, жер үй -2. Жылқылар – 23, сиырлар -8, түйелер -7, қойлар -51, ешкілер -34. Егіндер -1,5 пүттан. Шөпті 18 майдан үйген.

№ 53 ауыл басшысы Нысан Жалқыбай, Токырау өзенінің бойындағы Ақши қыстауы. 2 – шаруашылық, халқы – 10 жан. Екі киіз үй және ас үй. Жылқылар – 11, сиыр мен түйе – 5-тен, қойлар - 69, ешкілер -19. Шөпті 12 майдан үйеді.

№ 54 ауыл басшысы Нұршы Бейсембай, Токырау өзенінің бойындағы Қосбейіт қыстауы. 5 – шаруашылық, халқы – 29 жан. 5 киіз үй мен ас үйден, бір жер үй. Жылқылар – 12, сиырлар -4, түйелер -11, қойлар – 124, ешкілер -4. Егіндер – 4 пүттан. 11 мая шөп үйген.

№ 55 ауыл басшысы Ахмет Налы, Токырау өзенінің бойындағы Шектел қыстауы. 2 – шаруашылық, халқы – 9 жан. Киіз үй мен ас үй үй екі-екіден. Жылқылар жоқ, сиырлар -5. егіндері – 4,5 пүттан.

№ 56 ауыл басшысы Балтықбай Тыныбай. Қыстауы – Ақши, халқы - 15 жан. киіз үй, жер үй - 8. әр түлік бойынша барлық мал саны – 78.

№ 57 ауыл басшысы Қарамұрт Шалбай. Қыстауы – Жұбанышбай, халқы - 10 жан. киіз үй, жер үй - 7. әр түлік бойынша барлық мал саны – 29.

№ 58 ауыл басшысы Әбділхатық Әбділда. Қыстауы – Қаражүрт, халқы - 14 жан. киіз үй, жер үй - 7. әр түлік бойынша барлық мал саны – 46.

№ 59 ауыл басшысы Спан Мөрікбай. Қыстауы – Айыреткел, халқы – 9 жан. киіз үй, жер үй - 5. әр түлік бойынша барлық мал саны – 61 .

Корыта айтканда, Токырауын болысъының тек Көшкін руынан туратын №3 ауылдында 844 адам тұрган. Барлық мал саны – 826 бас. Оның ішінде: ірі жылқы саны – 788, сиыр – 162, түйе – 262, қой – 5851, ешкі – 771 бас.

Ю.Г.Пөпов өзінің «Хасен Бижанов: окружение, дела, встречи» атты еңбегіндс: «Көшкіндер егін шаруашылығымен айналыскан. 168 шаңырак санынан 147 үй тұракты шұғылданған. Олар 187 пұт бидай, 14 пұт арна және басқа дақылдар салған. Егістік жерлері Токырауын арнасындағы «Тұяқтың бейітінен» Жіңішке озені бойына дейін созылған. Мол онім беретіп үлкен тоғандары - Казыбай, Орысбай, Шакабай тоғандары.

Ауылдар Токырауынды өрлей жайлауға мамыр айының басынан көше бастаган. Ал алғашқы легінін кайта оралуы 8 тамыздан басталған, ол да осы егін камына байланысты болса керек. «Котанаңдұлак» болысының малишесі осы егін шаруашылығына көп зиян келтірген. Жайлаудан кайткан уақыттыңда Көшкін руы егінін айтартықтай зиян келтіріп отырғанын және қыстауга тастап кесткен мұліктерді тонаумен айналыскан. Осынан байланысты екі болыстық арасында жыл сайынғы билер съезінде жер даулары туындал отырған» деп жазады. (164- бет).

Негізінен алғанда, Токырауын болыстының күрүлүшінә байланысты мұрағаттарда шан басып жаткан тарихи құжаттарды жарықка шығару, оны бүгінгі ұрпактың иіглігінә айналдыру жұмыстары, ел-жер тарихы туралы зерттеу деректерді толықтыра беру алдағы күннің міндеті.

### VIII тарау

#### ҰЛЫЛЫҚТАР ҰШТАСУЫ



Ақтогай десек Элихан, Элихан десек – Ақтогай бірден еске түсетіні анық. Бұл екеуі атаудың тұтас бір ұғымға айнала жымдастын кеткелі гасырдан астам уақыт өтті. Екеуінің егіз лебізбен қосарлана айттылы ой-санамызда орнықканы сонша, бір-біріңсіз сөз айтуга болмайтыны калыпты жағдайға айналды. Бұл, әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бергі уақыт мұғдарындағы бөкейхановтану ілімінің жаңаша қанат жауына байланысты аскар биіктікке көтерілді. Өмірі, саяси күресі, тағдыр-талайы, үрпактары туралы жан-жакты жазылды. Ә. Бөкейханұлының қалдырган аса зор мол мұрасының таңдамалы XV томдық кітаптарының жарық коруі оған дәлел. Бүкіл қазақ халқы Әліцанды Ұлт Көсемі деп таниды және бағалайды. Ендеше біз осында үздік тұлғаның туған топырағымызда өмірге келгенін мактан тұтуымыз керек. Атак-данқы әлемге мәшһүр болған тұлғаның ғұмыр жолы туралы сөз болғанда міндетті түрде біздін Ақтогай-Токырауынның да аты аталары сезсіз. Сол себептен де кітаптың осы толықтырылған нұсқасында Алаш ардактысы туралы жазбау эбестік болар еді.

«Ақтогай – Алаштың үш арысының Отаны» деген ұғым халық санасында берік орын төлті. Кенестік идеология оларды ел жады мен тарихынан қанша өшіреміз десе де, біздің ел-жүрт ешқашан ұмыткан да жок, ұмыттырган да жок. Осы тұргысынан келгенде Әлекеннің азаттық жолындағы сенімді серіктеп Ә. Ермеов пен Ж. Ақбаев туралы да жазылуы керек екенінін түсінеміз. Бірақ баспа тарапы кітаптың қолемі рабайсыз үлкен болып кетуінен, оның сапасы нашар болатыны туралы ескергесінен соң, олар туралы жазғанымызды кейінге қалдырыдық. Сондыктан оқырман қауымға белгілі жайттарды қайталаамай, тек Ө. Бокейханның Ұлы Абаймен таныс-білістігі туралы ойды өзек ете отырып кейбір тын деректерді ғана а ұсындық.

Негізінде осы Үш Арыстың тағдырын тұган өлкеміздің тарихына байланыстыра жеке кітаптар шыгару қажет. Оны аудан басқарып отырган басшылар ұйымдастырмаса, ол жекелеген адамның колынан келе коймасы белгілі жайт. Мүмкіндік болса, «Ақтогай Ардактылары» атты көп томдық шыгарса да болар еді. Бұган келгенде ешкімнен үzlімай ұсынатын тарихи тұлғаларымыз да, өнерпаз өрендеріміз де жетіп жатыр.

\*\*\*\*\*

**Бастау.** Абай казак үшін бір ғана көркем әдебиеттің ауқымына сыймайды. Ол – күнделікті тіршілігімізді, рухани әлемімізді, қаракан басты алып жүруден бастап биік адамгершілікке дейінгі аралықты тегіс камтитын жан-жакты құбылыс. Әлемдік әдебиетте өзінің көркемдік шеберлігімен, акындық құдіретімен оқырманды тан қалдырган суреткерлер баршылық. Бірақ Абайдың ешкімге үқсамайтын гажайып қасиеті – оның мәнгі ескірмейтіндігі, мәнгі мәнін жоймайтыны, мәнгі жүрек жардытығы, оның шығармаларының кеше жазылған олендей сиясының кеппей өзекті болып тұратындығы. Екінші гажайып қасиеті - әлемдік философияда том-том кітаптарға әрен сыйған ойларды тарының қауызына сыйдырғандай құдіретпен екі-ақ сөзге сыйдыра

білуінде. Абай – казактың ұлттық философиясының негізін салушы, жаратылыстың құпиясына, табигат пен қоғамның, адам мен заманның сырына терең бойлаған кеменгер ойшыл.

Абай халкымыздың мактанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық санасының идеологи. Оның өлмес мұрасын алдыңын өзіміз танып, сосын әлемге таныту - біздің ғұмырлық парызымыз. Өйткені Абайды әлемге таныту - барша әлемге қазакты таныту деген сөз. Абайдың ұлылығы - туган әдебиетімізде замананың болмыс шындығын апқандығында, өз дәуірінің шежіресін шын суреткерлік дарындымен ерекше айшықтап, айқын бейнелей беруінде. Адам болмысы мен қалыбы аса қүрделі дүние болып жарапталы нешеме ғұламалар қашшама уақытын сарп етіп, жаңын сарғайтты, сол саналы тіршілік иесінің жаңы мен тәнін зерттеумен келеді. Қашшама ғаламат құпиялар ашылды. Әлі де сіз бен біз бұлмейтін тылсым сырлардың ұштығы ұшан теніз. Өткенінді, ертеңінді алақанға салғандай етіп болжап, білін отыратын сауегейлер, ойы жарық көріпкелдер, табигатка тарта туган аса дарынды ақындар, жүректің соғысы, қанының жүрісі, көзінің карасы мұлде бөтен брегей қасиет иелері әлі де шұқшағ зерттей беруді кажет ететін кәміл. Ендеше хакімдік дәрежедегі дарын иесі Абайдың мінез қалыбын, болмыс-бітімін, күллі өмір жолын, жүргінің айнасына түскен ғажайып суреттерді сипаттап шығудың өзі оңай емес екені белгілі.

Абай туралы жазу - кез-келген гылым ғана емес, исі қазак атаулының көкейкесті мұраты. Өйткені ұлы ақын есімі өзінің өлең туралы айтқан нақыл лебізіндегі бала бол туганнан ақырғы сапарға сонғы рет көз жұмғанға дейінгі аралықта адам киялын тербел, ойын он саққа бөледі, қиналған сэттерде жол нұскап, жабырқау жаңға жұбаныш, үміткер қөңілге нұрлы бір сәуле әкеледі.

Ә.Бекейханов «Абайды «даланың сүйікті ақыны» деп атауында заңдылық болса да, «Абай сияқты халықтың рухани мұрасын осыншама жогары көтерген қазак ақыны әлі кездескен жок» дейтін тұжырым айтқанда, ғылыми жаңашыл баға берген.

Ол әлі күнгө айнамаған алмас тұғырлы баға болып табылып отыр.

**I. Тұңғыш абайтануши.** Қазақ әдебиеттандырылымында ұлттық әдебиет тарихын зерттеуді жеке дарын шығармашылығын ғұмырнамалық бағытта сөз етуден бастаган әдеби және ғылыми тарихи ой-пікірдің бір жүйеге түсіп нактылана бастаганын көрсететін зерттеу ретінде Кәкітай Ысқақовтың 1909 жылы Петербург қаласында бастырган «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» жинағына жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» атты мақаласы саналып жүр. Рас, бұдан бүрын алғашқы казақ газеттері мен Мұрсейіт колжазбалары арқылы халық арасына тарап жүрген Абайдың ақындық даңқының одан сайын көтеріле түсініне жинақ пен мақаланың маңызы зор болды. Ол біріншіден, Абайдың өміrbаяны, ата-тегі, әлеуметтік ортасы туралы біршама толық маглұмат берсе, екіншіден, ұлы ақын поэзиясының сыншыл реалистік бағыттағы агартушылық және жаңашылдық сипатымен таныстыра отырып, XX ғасыр басындағы казақ поэзиясының жас өкілдеріне Абай өнерін үлгі етті.

К.Ысқақов жазған деп саналатын осы ғұмырнамалық макала Абай мұрасын зерттеушілер тарапынан өз бағасын алды. Э. Қоңыратбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов т.б. зерттеу мақалалары мен ғылыми енбектерінде қазақ әдебиеттандырылымында абыттану ілімінің алғашқы бастауы саналып, К.Ысқақов ұлы ақын өлеңдерінің жинағының тұңғыш құрастырушысы гана емес, ең бірінші болып ғылыми пікір айтуды ретінде де карастырылған. «Абайдың ғылыми өміrbаянын жазуда М.Әуезов сүйенер жазба дерегі тек қана К.Ысқақов жазған Абайдың кыскаша оміrbаяны жайлы дерек қана болатынды» деп атап айттылғандай, кейіннен М.Әуезовтің Абай ғұмырнамасын ғылыми тұргыда зерттеуіне табан тірер негізгі нұсқа болуының өзі мақаланың ғылыми-зерттеушілік сипатын ашып тұр деп бағаланды.

Тарихи шындыққа көз жіберсек, К.Ысқақовтың ұлы ақын мұрасын ғылыми тұргыда зерттеуде жазған бұл

мақаласының орысша нұскасы сәл ертерек жарық көрді. Мақала Ә.Бекейхановтың авторлығымен 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіне жарияланғанда «Абай Құнанбаев» (некролог) деген және орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібірлік бөлімінің «Записки Семипалатинского подотдела...» деп басталатын ғылымн жинағына 1907 жылы «Абай Құнанбаев» деген атпен жарық көреді.

Қазак зияттыларының еңбегін әділ бағалау түргысынан келсек. Абайдың 1909 жылғы жинағының шығуына Ә.Бекейханов Турагұл мен Кәкітайдың Абай шығармаларын бастыруды қолға алмакшы екенін, өзінің осы іске басшылық жасамак ниеті бар екенін атап көрсете келіп, ақынның өмірбаяндық деректерін К.Ысқаковтан алғанын ескертеп көтеді. Орыс тілінде шықкан бұл мақалалар Ә.Бекейханов атымен шыққанымен, оны Т.Жұртбаев Ә.Бекейхановтің деген көрсеткенімен, Абай ғұмырнамасын алғашкы жазушы К.Ысқаков деген пікір әлі де болса өз күшін жоя қойған да жок.

Ә.Бекейхановтың ғұмырнамалық мақаласында әдеби-тарихи бағыттағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің соны ізденісі ретінде танылатын екі түрлі мәселеге ерекше көніл аударылған. Біріншіден, Абайдың дін иелеріне арналған өлеңдеріне түсіндірме жасай келіп, ақынның агартушылық, жаңашылдық идеясын ашып берсе, екіншіден, Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жыл мезгілдеріне байланысты тұған өлеңдері қазак поэзиясында үлкен жаналық болып саналатының көрсете отырып, табиғатты жырлау Еуропа ақындарында ерекше орын алатынымен тығыз байланыста караиды. Абай творчествосының агартушылық және жаңашылдық сипатын көрсету мақсатында айтылған бұл пікірлерлің абайтану ғылымында алғаш айтылғанын былай қойғанның өзінде, ұлы ақынның өмірі мен өнерін, сол арқылы казак поэзиясының кескін-келбетін орыстың әдебиет сүйер кауымы мен казақ оқығандарына таныстырудагы рөлінің өзі зор.

Мақаланың К.Ысқаков жазған деп саналатын қазакша нұскасында бұлар кездеспейді. Сонымен катарап, Ә.Бекейхановтың

өз мақаласында «Абаем переведен на киргизский язык «Евгений Онегин», особенно в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинял мотив. В 1899 году в Кокенской волости киргизской певец Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает «Письмо Татьяны». Адылхан указал на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он певец-ахын Пушкин который воспел, как Татьяна «слу» (красавица) полюбила жигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к кей как мудрец». - деп жазуының ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму жолы үшін үлкен мәні бар.

Бұл 1903 жылы Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деген көп томдықтың XVIII томындағы Абай туралы ғылыми пікір білдіріп, оны жазба әдебиетінің көш басшысы деп бағалаган тұжырымның иесі бұрын айтып жүргендей А.Н.Седельников емес, Ә.Бекейханов еді деген ойымызды дәлелдей түседі. Онда Ә.Бекейханов Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хатын» тындауга болады деп атап тұрып жазған болатын. Ә.Бекейхановтың Көкен болысында болдым деуінің өзі қызық дерек. Ол Абай мен Әлихан кездеспелі ме еken деген ойға жетелейді.

Ә.Бекейханов мақаласын ғасыр басындағы әдеби-тарихи бағыттағы ой-пікірдің көріну дәрежесіне сай бағаласақ, бұл еңбектер - шын мәніндегі ғылыми зерттеу. Қазак әдебиеті тарихында ерекше орын алғындар туралы алдыңғы тарауда сөз еткен ғұмырнамалармен салыстырганда, бұлардың салмағы өзінің ғылымилық сипаттымен ерекшелене түсетіні сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде мақала мен аударманың ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдегі жаңашылдық сипаттарына көніл аудару кажет. Ол үшін бұрын сөз еткен ғалымдардың кайталамай, тек негізгі проблемалық мәселелерді ғана атап өтсек те болады.

1. Ұлы ақын Абайдың ата-тегі мен өмірбаяны естелік деректер келтірілген үлгіде тұнғыш рет жазылып шығып, әдебиет тарихын зерттеуге бастама жасалды.

2. Қазактың халық ауыз әдебиетінің, XVIII-XIX ғасыр басындағы қазак поэзиясы мен шығыс ақындарының, әсіресе озық үлгідегі орыс әдебиет өкілдерінің Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуына тигізген иғі әсерін, өнерге деген эстетикалық көзқарасын қалыптастырудың ықпалының мәнін ашуға деген ұмтылым көрініс талты.

3. Абай поэзиясының құдіретін таныту, ақындық әлемін жанжакты қорсету мақсатында Ә.Бекейханов жинақтагы өлеңдерді 17 түрлі тақырыпқа бөліп жүйелей отырып құрастырады. Академик М.Әуезов: «Жинақтагы жасалған жіктеулер дәл, дәлді емес» деп атап откөндей онша сәтті шықпаса да, осы жинаққа дейінгі қазак кітаптарында бұл сипаттагы тақырыпқа боліп құрастырудың кездеспейтініне көніл аударсақ, жинақтың жаңашылдығы көріне түседі. Себебі, бұл Т.Кәкішев айтқандай «Ақын шығармаларын, оның үстіне тұнғыш рет жарық көрейін деп тұрган Абай жинағын, белгілі бір жүйемен топқа болу әншейін іс емес, творчестволық процесс...».

4. Абай өлеңдерінің қазак поэзиясындағы жаңашылдық келбетін танытуда ойлылығы мен әсемдігін ашу үшін ғылыми-зерттеушілік сипаттагы талдаулар жасап, накты пікірлерайтылған. «Жасымдағылым бар деп ескермедім», «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап» т.б. өлеңдеріне тақырыптық және идеялық магынасы жағынан жасаған талдаулар көніл аударапты. Абай өлеңдерінің құрылтысы мен көркемдігі туралы терең талдау жасамаса да, Абайдың қазак өлеңіне жаңа түрлер қосқан жаңашылдығы үнемі аталып отырады. Осындағы өлеңдерге жасалған ғылыми-теориялық талдаулар қазак әдебиеттану ғылымында тек Абай өлеңіне ғана емес, қазак поэзиясына жасалған алғашкы талдаулардың бірі екенін ескермеске болмайды.

5. Абайдың өлеңді өнер деп түсінуі мен өз айналасына ұстаздық, ақындық үлгісі туралы да біршама дұрыс ой қорытады.

«Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп жаза бастағаннан-ақ бұрынғы надандық пен өлеңді өнер орнына жұмсамай, гибрат үшін айтпай тіршілік орнына айтқандыктан да өлеңнің қазак ортасына бағасы кемігендігін айтып», өзі олардың айтқанынан басқаша жолмен жүргүре шакырғанын, оз төңірегіндегі жастарға да осы жолмен жүргүре ықпал еткеніне ерекше көніл аударады.

Міне, әдеби-тарихи ой-пікірдің күрделене түсіп нақты арнаға, яғни әдебиет тарихындағы ерекше тұлғаларға байланысты айтыла бастауында осындай келелі мәселелердің сөз етілуі - сол кездегі ғылыми ізденістердің мәнін көтере түсері анық. Сол себептен де Ә.Бекейханов Абай өмірбаянын тұнғыш рет жазушы ғана емес, алғаш зерттең ғылыми пікір айтушылардың бірі деп қарau кажет. Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиет тарихын ғылыми тұрғыда тану жолында алғашқы болып қалам тарткан, Абайтану деп аталатын үлкен жолдың соқпағын салған тұнғыш зерттеуші санau керек.

1903 жылы Санкт-Петербургте «Россия. Біздің Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» деп аталатын көп томдықтың XVII томы қазак халқының тарихына арналып. «Киргизский край» (Қазак өлкесі) деген атаумен шыкты. Осы томның «Халкы» деп аталатын бөлімінің «Қазак өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» деген IV тарауын жазғандар - Ә.Бекейханов, А.Н.Седельников, С.Д.Чадовалар деп көрсетілген. Ал «Қазак өлкесінің территория бойынша орналасу тәргібі және оның этнографиякалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деген V тарау авторы - А.Н.Седельников. Бұл еңбектердің этнография, тарих, география және т.б. ғылымдарымен катар, ұлттық әдебиеттану ғылымында да алатын орны зор. Эсірессе V тарауда қазак халқының мәдениеті мен өнері, әдебиеті сол кездегі таным-білік деңгейінде сөз бола келіп, ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір әдеби мұраны ең алғаш рет ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деп боледі. Ауыз әдебиетінен көптеген халық жырларының аты аталып, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырына тарихи және әдеби сипаттама жасалған. Жазба әдебиет өкілдерінен Ногайбай,

Шортанбай және т.б. ақындарды атап, Абайға арнайты тоқталынып, ол «қазақ әдебиетіндегі соны бағыттағы жана әдебиетінің кеш басшысы» деп бағаланады. «Енді қазақ поэзиясындағы жана ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты - формасы жағынан айрықша және мазмұны жағынан (әсіресе табиғатты бейнелеуде) арынды қөттеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегинді» және Лермонтовтың қөттеген өлеңдерін (казактарға түсініктілерін) жақсы аударған, сондыктан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады», - деғен пікірді классикалық мұраны ғылыми тұрғыда игеру жолындағы үлттық ғылыми-зерттеушілік ой-көзқараста соны жаңалық, профессор Т.Кәкішевтің сөзімен айтсақ, «Абайдың көзі тірісінде тұнғыш рет жасалған ғылыми мәнді корытынды» деуге болады. Үлттық әдебиет тарихын зерттеудегі ізденістің елеулі бір қадамы екені анық.

Осы жерде бұл томды, оның шілінде жоғарыдағы тарауларды кім жазды деген сұрап туындаиды. Тарихи деректерге сүйенсек, бұл томдық Санкт-Петербургте А.Ф.Девриенің баспаханасында басылып, оны жазуға Э.Бекейхановпен бірге жоғарыда аталған орыс ғалымдары қатысқан. Кенес дәуірінде Алаш арыстарының мұраларына тыым салынған кездегі ғылыми айналымда жоғарыдағы екі тарау авторы орыс ғалымы А.Н.Седельников саналып келді. Тәуелсіздік алғанымызға дейінгі Э.Бекейханов есімін атауга қарсы талап-тілекке сай бұл томдагы Шортанбайдың «Зар заманы» және Абай туралы мәнді пікірлерді орыс ғалымы А.Н.Седельниковке апарып таңып жүрген тұжырым үлттық әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін орын алып отыр. Еңбектегі ғылыми мәні мол Ү тарау әлі күнге осы орыс ғалымының еншісінде жүр. Қөттеген ғылыми еңбектерде сілтеме әлі де болса осы ғалымға жасалуда. Оған дәлел - бұл тарау Э.Бекейхановтың екі бірдей 1994 және 1995 жылды шықкан таңдамалы жинақтарына енгізілмеген. Соңғы жинақта томдықта орыс ғалымдарымен бірге жазылды деп көрсетілсе де, тек «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» аталағын IV тарау ғана бар.

Еуропацентристік көзкарасқа әбден мойынсұнып, бізге барлығын орыстар жасап берді деп өзімізді өзіміз мансұқ етіп келгеніміздің бұл да бір мысалы.

XVII томдағы қазак әдебиетінің тарихы, оның көрнекті өкілі Абай туралы пікірді А.Н.Седельников жазды дегенде, оның қазак фольклоры мен әдебиеті туралы басқа орыс фольклористермен салыстырында жартымды ештеңе жазбаганын да естен шығардық. Мысалға В.М.Сидельниковтың «Казахское поэтическое творчество казахского народа» аталатын библиографиялық көрсеткішін қарасак та жеткілікті. Әрі-беріден соң осы автор Әлиханнының «Қобыланды батыр» жырындағы әйелдер» аталатын көрнекті мақаласын Ә.Диваевтікі деп көрсетін жіберген. Ен күрында «Туземец» деген жасырын атымен бергенде оны «ұлтшылысын» деп ешкім қудаламасы хак еді. Орыс галымының қазак даласын зерттеудегі негізгі нысанасы географиялық жағдайлары, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, этнографиясы болған. Э.Бекейханов оны «зерітеуші-ботаник» деп көрсетеді. (Тандамалы. 1995, 221-бет). Бұл пікірді «Қазак совет энциклопедиясындағы»: «Оңтүстік Алтай өлкесін зерттеуші. Осы өнірге 12 рет экспедиция үйімдастырып, көптеген озен-қолдерді зерттеу нағијесінде ұлкенді-кішілі 21 ғылыми еңбектері жарық көрді. «Россия» атты сериялық еңбектердің «Қыргыз (казак) өлкесі» деп аталатын кітабын жазушылардың бірі», - деп гана көрсетілген анықтама дәлелдей түседі (Х том. 98-бет). Әзірge қазіргі этнография, фольклортану саласындағы белгілі еңбегі «Қазақ өлкесінің территория бойынша орналасу тәртібі және оның этникалық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» деп атап көрсетіліп жүр. Осындай бір жакты қозқарастың кесірінен де біз дауласып отырган тарау атауы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы» Ә.Бекейханов гұмырнамасында да көрсетілмей қалған (1999, 404-бет). Негізінен алғанда А.Н.Седельников Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір болімінен мүшесі бола тұра атақты «Щербина экспедициясына» қатыспаған және Семей, Қарқаралы өлкесін зерттеді деген де ешбір мәлімет жок. Оны 13 том болып

шықкан енбектің Павлодар уезіне арналған IV томына жазған Ф.Щербинаның алғысөзінен байқау кнын емес. «Собирание сведений по Павлодарскому уезду было произведено во второй половине 1897 года. Сначала сюда были направлены пять партии, именно: А.Н.Букееванова, П.А.Васильева, А.А.Боровского, А.Г.Бутковского и П.П.Кондратьева, а затем немного позже присоединились партии Л.К.Чермака, Н.Ф.Дмитриева и М.Ф.Гусева», - деп жаза келіп, осы партиялардың көмекшілері болды деп бірнеше орыс фамилияларымен қоса Жұсіл Сатыбалдин деген адамды агады. Соңан соң: «а регистраторами были Эрежеп Итбаев, П.А.Беляков, Мажит Чумбалов, султан Тлекиев, Кудайкулов, Джасмаганбетов, Серкебаев, Айманов и Вечеслав», - деп жазады (Тандамалы. 123-бет). Егер «Россия» деп басталатын көп сериялы томдықтың «Қазақ өлкесі» аталатын XVII томы 1903 жылы, ал Э.Бекейханов тікелей қатысқан «Щербина экспедициясының» «Материалдары» 1903-1905 жылдары жарық көрсе, А.Н.Седельников осыншама байғылыми деректерді қай уақытта зерттеп алып жүр деген күмән туады. Соңдықтан «Әдебиетке, әсіреле Абайға байланысты пікір осы тарауда айтылғандыктан Э.Бекейхановтың қатынасы болуы қай дәрежеде екенін ангаруға тиіспіз» деген профессор Т.Қекішевтің пікірінде көп сыр жатыр («Қазақ әдебиеті сынының тарихы». 2003, 170-бет). Сонымен қатар экспедиция жұмыстарына жергілікті жердің беделді және сауатты адамдары қатыстырылған болса, онда Семей уезінің болыстықтарының жері зерттелген уақытта Абайдың бұған ат салыспауы мүлде түсініксіз болып шығады. Мұрагат актарын тарихи деректерді салыстыра дәлелдеуге өзі-ак сұранып тұр.

Біздің ойымызша А.Н.Седельников жазған деп жүрген «Қазақ өлкесіндегі» V тараудың да авторы Э.Бекейханов болуы керек. Оны мына дерек дәлелдей түседі. Осы тараудагы Абай шығармашылығы туралы айтқандагы «Семей әншілерінің ауызынан «Татьянаның хаты» атты елеңін тыңдауға болады» деп жазған пікірін 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетіндегі

«Абай Құнанбаев» (некролог) атты мақаласында: «1899 жылы Көкен болысының әнші қазагы Әділхан бізге «Татьянаның хатын» скрипкага косып орындады. Бізді тан қалдырганы «Татьянаның кайдан білесін» дегенде, Әділхан өзін нұскап койып, орыстың өзі сиякты Пушкин деген ақыны болыпты, ол Татьяна сұлудың Онегин деген жігітті сүйгенін айттып хат жазғанын жырлайды. Сол кеште Әділхан бізге Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңін әнмен айттып, сонымен катар Лермонтов өмірге риза болмаган, ал Пушкин оған данышпанша карады деп түсініктеме берді. Осы жолдардың авторы соңынан Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан аударған өлеңдерін домбырамен косып айткан бірнеше ақындарды кездестірді», - деп нақтылай түсken болатын. Оның үстіне бұл орыс ғалымы қазак тілін жаксы түсініп, сойлей білген деген дерек әзірше жок. Ендеше оның алыс ауылдагы қазак әншісінің не туралы жырлап отырганы туралы айырықша ынта койып тыңдал, ерекше ықылас білдіре коюы негайбыл. Еуропацентристік пигылдагы орыс ғалымдарының көбі миссионерлік және шовинистік көзқараста болғаны жасырын емес. Ә.Бекейхановтың басқа да ғылыми еңбектерімен тарихи және стильдік жағынан салыстыра зерттесе көп сыр ашылатыны анық. Осы кезеңдегі ғылыми бағалаушылық мәнде жазылған мақалаларды қарап отырсақ, жеке ақын-жазушының шығармашылық ерекшелігін ашу арқылы әдебиеттің халықтығы, тарихилігі мәселелерін танытуға деген талап байкалады. Әрине шығармашылық дүниетанымның көрініс табуы секілді күрделі мәселеге бара койған жок. Бірак Ә.Бекейхановтың жоғарыдағы пікіріндегі Абайды жаңа ағымның өкілі деген уақытында сыншыл реализмді айттып отырганына, ал жанр, форма мен мазмұн мәселелерін сөз етуі, ақын творчествосына әдеби талдау жасауга деген үмтүлісты байқатады. Бұл ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің классикалық мұраны игеру барысында жалпыдан жалқынға қарай даму заңдылығына орай нақтылықка бой ұра бастағанына айқын мысал. Қысқасы 23 беттен тұратын бұл тараудағы халықтың орналасу тәртібі, этнографиясы, тұрмысы

туралы жазған жерлерін А.Н.Седельниковке (оларға катысты гылымдар дауласып алған жатса Э.Бекейхановқа) қалдыру керек те, әдебиет мәдениет туралысын Алаш көсемінің еншісіне қайтару қажет.

Бұл томдаты казак әдебиетін, Ұлы Абайды сөз еткен тарауды Э.Бекейханов жазған дегендегенде Элихан мен Абай бірін-бірі білген бе деген негізгі сөз етейік деп отырган мәселе туындейдьы. Бұл мәселені шешіп алу - абыттану гылымы және Э.Бекейханов мұрасын зерттеу үшін ғана емес, ұлттық гылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу жолын көрсетуде де маңызы бар. А.Н.Седельников жазсын, Элихан жазсын, әйтеуір Абай тұлғасы орыс жүртшылығына тұнғыш рет осы еңбек арқылы танылды Гой деп «жауырды жаба тоқып» кете беруге енді болмайды.

## II. Абай мен Элихан кездескен бе?

### 1. Элиханның Абай аулымен туыстық қарым-катаңасы.

Біздін ойымызша, Элихан Абаймен көзі тірісінде кездескен және пікірлес болған. Академик Р.Нұргали Элихан Бекейхановтың 1905 жылды «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған «А.Құнанбаев» (некролог) аталатын мақаласын сөз ете келіп: «Шындығына келгенде, Абай мен Элиханның жас айырмасы екі-ак мүшел, екеуі де бір атырағпан, Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан бұлардың көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы әбден ықтимал, бірақ ондай сөзді Элихан жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, агаларының балалары Шәкерім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты – бұлар туралы анық деректер келтіреді. Қалай дегендегенде, Элиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын ете терен білгендігін айттылмыш мақаладан анық көреміз», - деп жазады. (Э.Бекейхан. Таңдамалы. 1995, 429-бет). Бұл тегіннен тегін айттылған пікір емес. Эрине ол жан-жакты зерттеу арқылы анықтауды қажет ететіні түсінікті.

Бұл турасында зергітеуші Р. Нұғыманбекова өзінің «Әлиханды паналатып, Әміремен дос болғаны үшін қуғындалыпты» атты макаласында: «Шәкәрімнің екінші анасы Ботантай мен Алаш көсемі Ә.Бекейхановтың анасы Бегім ханым бірге туган апалы-сінлілер. Екеуі Тобықты-Жуантаяқ Мамай батырдың кенжесі, жетінші ұлы Жолбарыстан тарайтын Дулат батырдың қыздары. Бегім ханым деп халық Нұрмұхамед төрөнің зайыбы болғандықтан күрметтеп атаған, шын аты - Бегежан. Яғни, Шәкәрім мен Әлихан казақша айтқанда, бір-бірімен туган бөлелер», - деп жазады (Дидар газеті, 17 сәуір, 2015 жыл). Ботантай - Құдайбердінің бәйбішесі. Осыған сүйенсек, екі апалы-сінлілер бір-бірін іздемеді деу ақылға сыймайтыны анық. Сол кездегі казак тұрмысындағы жол-жоралғыға да жатпайды. «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату» деген нақыл сөздің шағуының негізі де осында. С. Р.Бекейхановтың «Откен күннен белгі бар» (Астана, 2010) атты кітабындағы Әлиханның інісі Смахан төрөнің 18 дәптерден тұратын естелігі бойынша карасақ, олар жасөспірім кезінде бірнеше рет нагашылап барған. Сол уақытта кездескен деуге болады.

Атақ-данқы қазактың үш жұзіне мәлім Абайдың бұл қайғысына Ә.Бекейхандай тұлғаның барып көніл айтпауы, қазаға ортактаспауы мүмкін емес. Бұған Шәкәріммен бөле екенін косыңыз. Ол қазаларға Әлиханның ата-анасы міндетті түрде барды. Әлихан Бекейхан 1894 жылы Омбы қаласы Орман шаруашылығы училищесіне математика пәнінен оқытушы болады. Семей мен Омбы арасы онша қашық жер емес. Олай болса Әлиханның Әбіш өліміне байланысты Абай ауылына барған. Шәкәріммен бөле екенін былай қойғанда, оқыған азamat деген атына сын.

Барша Тобықтыны былай қойғанда, оның ішіндегі Жуантаяқ руының торқалы той, топыракты өлім секілді салт-дәстүрлерден Нұрмұхамед төре мен Бегім ханым сыртқалуы ешбір мүмкін емес. «Еңілік-Кебек» оқиғасына байланысты Үргызыбай тұқымымен қыргиқабак болып келген Жуантаяктар Бөжейдің қазасы кезінде,

қырқы мен жылдығын беруде агайыншылық танытпады дей алмасак керек. Ендеше азамат болып қалған шагында Әлихан осындаи жағдаяттарда және арнайы нағашылап барғанда Абайды көрген деп ойлаймыз. Әуездің 5-6 жастагы Мұқтарды Абай ауылына ертіп барғанын талай ғылыми ойга негіз жасап жүрміз гой, оның жанында бұл барынша шындыққа сай келеді.

Бұған коса бүкіл Сарыарқаны быттай койғанда, Қарқаралы уезін құніренткен Абайдың ұлы Әбіштің өлімі кезінде Әлихан сырт қалды дей аламыз ба? Туган жері Ақтогай ауданы «Қаратал» елді мекеіннің тұрғыны, көп жыл атқосшысы, қошірі болған Эшірбек ақсақалдан баласы Оразға жеткен естелікке сенсек, Әлихан өз ауылынан Омбыға көбіне пәуескемен, жыл мезгіліне сай салт атпен жүрген. Онда да айналма болып шығатын Қарқаралы арқылы емес, тіке тартқан. Яғни, кесес дәуірінде бүкіл қазак жастарын койшы болуға шакырган Шұбартау ауданының жерін басып өтіп (Ақтогай ауданымен шектеседі), Бақанас, Шаган өзендерін кесіп өтіп, Шыңғыс тауды бөктерлей Семей арқылы Омбы асқан (Сарыарқаның физикалық картасына қараңыз). Сонда жолдагы нағашыларының ауылына бір рет те сокпауы ешбір мүмкін емес деп ойлаймыз.

**2. Ресей императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесің статистика комитеті.** Әлихан 1894 жылдан бастап Орыстың императорлық география қоғамының Батыс Сібір бөлімінің жұмыстарына белсене араласқандықтан 1896 жылы толық мүшелігіне қабылданып, 1901 жылы оның басқару комитетіне сайланады. Осы қоғамның Семей бөлімшесін ашуға ат салысып, оның статистика комитетінде Г.Потанин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, Е.П.Михаэлис, А.Құнанбаевпен бірге мүше болады. Қазактың екі данасының бұл комитет атқарған жұмыстар барысында таныс болмауы мүмкін емес. Комитет құрамында Е.П.Михаэлистің болуы да көп жайды ангартады. Е.П.Михаэлис кайтыс болғанда «Қазак» газетінде (1914, 44) жазған «Оғат» деп аталатын азасөзінде Абайдың «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма» деген олеңін келтіріп,

осы өлең жолдарымен аяктауы жаксы сыйлас адамдар болғанын байқатады. Осы азасөздегі «Қазактың жалғыз ақыны Абайды тұра жолға салған осы Михаэлис еді. Абай оле-өлгенше «менің көзімді ашқан, маган жаңыашырлық қылған Михаэлис еді» деп айтып отыруши еді». - делінген пікір де көп жайды ангартады (астын сыйған біз). Батыс-Сібірлік Географиялық қоғамның Семей болімшесінің «Запискинің» 1914 жылы Е.Михаэлиске арналған VIII шығуында «Қазақ халқы да Михаэлисті жоқтайды» деп Элиханның осы азасөзін ерекше атап откен. 1904 жылы «Семипалатинские областные ведомости» газетінде статистика комитетінің 1903 жылы ішінде атқарған жұмысының есебі басылған. Есептің бас жағында комитеттің толық мүшелері мен басқарма мүшелерінің тізім де берілген. Осы толық мүшелерінің қатарында бәріміз де әдебиеттен жаксы таныс Е.П. Михаэлис, оның «шәкірті» - Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы және бірнеше кісілердің есімдерінен кейін Элиханның аты-жөні де көрсетілген.

3. **Ұлт азаттығы жолындағы құрес.** Қекшетау мешіттінің имамы атакты Науан хазірет пен осы мешіт жаңындагы медресе мұғалімі Шаймерден Қосшығұловтың Россияның отаршылдық саясатына, дінні мекемелерді, мектептерді, мешіттерді жауып, дін иелерінің мұсылман дінінің шаригат жолымен қызмет жасаудына тыым сала бастаған жаңа тәртібіне қарсы құрес ұйымдастыру мақсатында жер-жердегі ел сыйлайтын адамдармен байланыс жасады. Бізге Ш.Қосшығұловтың Абайга жазған екі хаты белгілі. Алғашкысы - Абай баласы Тұрагұлға беріп, ол «шылым орау» үшін болыс Р.Құлайбердинге беріп, ақын үйі тінітілген кезде соның қалтасынан шыққан хат. Екіншісі - Абай Семейдің уезд бастығы И.С.Навроцкийдің катысуымен Аркат почта болімінен алып берген хат. Абай үйін тініту - 1903 жылы болған оқиға. Науан Хазірет пен Ш.Қосшығұлов бастаған адамдардың казактарды орыстандыру, шоқындыру саясатына қарсы іс-эрекеті ертерек басталған болуы керек. Абайға жазылған екінші хатта Ш.Қосшығұлов Семейдегі жәрменкеде болатын кездесу мен Жетісү жеріндегі кенес туралы жазғанда Абай бұлар жайында

бұрын хабардар болғаны байқалады және хат жазысқан да сиякты. Оған екінші хат соңындағы «Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазак мектебі, Абдулла Зиядуга тисін деп әдепкі жолмен жіберсөніз аламыз» деп жазғандагы «әдепкі жол» тегін айтылмаса керек («Абай тағылымы. 424-бет»). Сонымен катар полиция Науан хазірет пен Ш.Қосшығұловты тұтқындағанда мешіт пен интернаттан жүзден астам гектографка басылған қолжазба кітапшалар тауып алған (Сонда. 421-бет). Бұл туралы Э.Бекейханов өзінің 1910 жылы шыққан «Қыргыздар» (Казактар) аталағын еңбегінде: «Лет 6 тому назад, по доносу волостного писаря, уволенного киргизом-управителем, администрация познакомилась впервые с казахской (енбекте киргизской) прокламацией, напечатанной на гектографе и получившей широкое распространение в степи. В этой первой казахской прокламации авторы на арабском и казахском языках призывали детей Алаша подняться, как один человек, против посягательств русского правительства на религию - ислам и против попытки обратить казахский народ в «крестьян» и православную веру. Эта основная идея прокламации богато иллюстрировалась частными фактами обрушительной политики... В связи с этой прокламацией были проведены впервые политические обыски у известнейших казах, у мулли и учителей, были арестованы библиотека и переписка. Из Кокчетава были административно высланы известнейший во всей киргизской степи ученый – мулла Наурызбай Паласов со своими учениками», - деп жазады. (Аудармасы жоқтықтан және накты болуы үшін еріксіз орысша алдық Таңдамалы. 74-бет). Жазушы Қ.Ысқақовтың ертеректе «Жұлдыз» журналына жарпялаган дерегі бойынша дүние-мұліктегі тәркіленіп, Сібірге жер аударылған.

Міне, осы прокламациямен Э.Бекейханов алғаш рет Абай ауылында танысқан деуге толық негіз бар. Ол А. уезінің казактары Қ. және Б. дегендердің сол уездің священигінің өздерін және дінін қорлағаны үшін жазған шағымына Архипастырдың «дерзкий кляузник киргиз забыл, что он живет не в Турции, а в

России, православно-христианской. Оставить без последствий», - деп жазып қалдырып, жауап бермегенін мысалға келтіріп отеді де прокламациямен қалай танысқанын айтады (Мұндағы К. мен Б. деген Ш.Қосшығұлов және Абайға жазылған хатта аталатын З.Баширов болуы да мүмкін). «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской ж.д., сидя в гостеприимной юрте богатого казаха, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности, о Л.Н.Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный казах, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и вынув оттуда бумагу, передал мне. С нее я и снял вышеупомянутую копию. Оказалось, что казахи все знали ее содержание и, не желая обидеть подозрением мой рассказ, они высказали мнение, что они, т.е. русские писатели, вероятно не русские, особенно Л.Н.Толстой. Все они должны быть мусульмане, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, казахи», заметил один старик», - деп жазады. Осындағы Л.Толстой мен басқа орыс ақын-жазушыларын жақсы білген ауыл - Абай ауылты болмауы еш мүмкін емес, ал беделді казак Абай не Шәкәрім болуы керек. Өйткені қазак даласында әлем және орыс әдебиетімен кеңінен таныс басқа ауыл болды дегенді естіген де, оқыган да емеспіз. Бұл да біздің Абай мен Элихан кездескен деген ойымызды нактылай түседі. Біздің жорамалымызша, Элихан студент кезінің озінде-ак саяси толкуларға белсene катыскannan бастап және «Зарзаман» атты орыстарға карсы әдеби топтың мүшесі ретінде саяси сенімсіз, үнемі андуда болғандықтан кесірін тигізбеу үшін Абай есімін саналы түрде атамай отыр дер едік. Мысалы «Кәкітай» аталатын азанамасында «1906 жылы Керекуден Семейге баруга шыққан мені ұстасын деген Семейге хабар келген. Мархұм Омарбек пен Кәкітай һәм өзге аты теріс достар мені қашыртпак болып, маган карсы үш атпен «Б»-ды жіберген. Мені ұстамас бұрын маган Керекуден «С» қуып келді, қашайық деп», - дегеніндегі кісі есімдерін толық жазбауы ойымызды дәлелдей түссе керекті («С» - Садуақас Шорманов болуы мүмкін).

Сонымен қатар Науан хазірет пен Ш.Қосшыгулов саяси мәнді үгіт: қағаздарын және ҳагтарын ел тыңдайтын сыйлы, көзі ашық, оқыған-тоқығаны көп, халық мұнын ойлайтын адамдарға гана жіберген. Олардың ішінде әзірге белгілері Баянауылда – Садуакас Шормановқа, Зайсанда – Кенишінов дегенге, Семейде – Абайға жіберілген. Элихан бұл кездे Омбыда, әрі саяси құрескер ретінде таныла коймаган, экспедиция мен патша қызметінде жүргендіктен прокламацияны тікелей алмауы занда. Негізі Науан хазірет пен Ш.Қосшыгуловтың бүкіл қазақ халықын отаршылдық зардалтарына қарсы котеру жолындағы құресі максатты да тиянақты түрде зерттеуді қажет етеді. Соңда ҳаттагы «Халық камкоршысы ретінде Сізден еш хабар ала алмадық, ал Сізден әлдекайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр» дегендегі басқа да халық жанашырлары анықталар еді. Сонымен халқымыздың ұлт азаттығы жолындағы тарихының беттері толыға тұсуімен қатар, абайтану, бөкейхановтану ілімдері тың деректермен дәйектелері сөзсіз. Әрине Ә.Бекіхановтың Абай ауылында болғаны да анықтала, дәлелдене түсер еді.

4. **Элихан және Қекітай.** Қалай дегенмен де қазіргі әлихантанушылар айтып-жазып жүрген Абай шыгармашылығымен Элихан тек Қекітай арқылы танысты деген пікір өте күмәнді. Алаш косемі Құнанбай үрпактарымен тонкерістен коп бұрын танысып, сыйласкан. Қекітай Үскакұлымен таныстығы туралы: «Әуелі Қекітайды 1900 жылы күзді күші көрдім. Қасқырдың бөлтірігіндегі тоғыздагы баласы Біләлді гимназияга берем деп Семейге келген-ді. Онда заман тыныш, тұңғиық, бірігіп кылар іс жок, Біз сынаса алмадық» деп жазады. Семейде Қекітай түсетін Тобықтының үйі аз ба еді!? Мәселе аттың басын Элиханның үйіне тіреп тұрып келуінің өзі, олардың арасында бұрыннан туыстық карым-қатынастың бар екенін корсетіп тұр. Ал «Біз сынаса алмадық» деп отырғанын, саясат ісіне байланысты ортак пікір қоса алмауынан деп түсіну керек секілді. Ол дұрыс та. Себебі Ұлы Абай көп сынаган екеуінің бірі арызқой қыр казагына Элиханның бірден ашыла коймаганы

да заңды.

Элиханның 1904 жылы «Абай өлеңдерін кітап қылыш басындар» деп бірінші болып бірден хат жазуы да акын шығармаларымен сырттай ғана таныс емес, жұзбе-жұз пікірлесте болғандығына дәлел болуға тиісті. Кәкітгайға туралы жазып отырган «бірігіп қылар ісі» - Абай өлеңдерін баслаға даярлау. Бұл турасында Ә. Бекейханов: «1904 жылы «Абай марқұмның өлеңін кітап қылыш басындар» деп балаларына хат жазды. 1905 жылы апрель аяғында Кәкітай Абайдың қолжазба кітабын алып, Омбызды маган келді. 1905 жылы жазғытұры саясат ісі қалай болғанын «Қазактың» оқушылары біледі. Кәкітай біздің үде бір жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәзмәйрам болдық. Анық таныстыру» деп жазады.

Алаштанушы С. Аккүлұлы өзінің «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі Думен Анашқа берген сұқбатында: «Әлекен Абаймен көзі тірісінде бір-бірімен кездесті, бір-бірін таниды деп айта алмаймын. Бұл турасында аныз әнгімелерде, тарихи құжаттарда немесе сол кездеңі баспасөздерде ешкандай дерек, мәлімет жоқ. Бірақ, 1904-1910 жылдары Семейде «Семипалатинские областные ведомости» деген газет шықкан. Осы газетте Семейдің Статистикалық комитетінің 1904 жылғы барлық іс-әрекетінің есебі шығады. Осы есеп комиссиясында мүше болған азаматтардың аты-жөндері келтіріледі. Осы тізімге қарасаныз, «Ибраһим Құнанбаев», «А. Бекейханов» деп жазылған. Ягни, Әлекен мен Абай бір комиссияның құрамында болған. Сондықтан олардың өзара жүздесуі әбден мүмкін, - деп бір сұрап туралы пікірде өз өзіне карсы шығады. Бұл да болса біз сөз етіп отырган тақырыптың тарихы тереңде жатканын танытады.

Жогарыда жазылғандай, 1905 жылғы мақаласында Элихан бұл мақаланы жазуға Абайдың ғұмырнамасына қатысты жазуда деректерді немере інісі Кәкітай Ыскакұлынан алғанын атап көрсеткен болатын. Аталған сұқбатта Абайдың тұнғыш жинағының жарыққашығу тарихы туралы С. Аккүлұлы: «Абайдың шығармалар жинағының алғашқы нұсқасы «Семипалатинский

подотдел западно-сибирского отдела и императорского российского географического общества» баспасынан шыгады. Онда «Под редакторством Алихана Букейханова» деп көрсетілген. Элекен Абай шыгармаларының барлығына өзі редакторлық жасайды. Алғысозін де озді жазады. Бірақ, кітаптагы алғысозде Кәкітай Ысқақұлы деп жазылған. Алайда сол кезде Элекеннің өзі қудалауга түседі. Өйткені, ол Бірінші Думага депутат болып сайлануға тырысады. Екіншіден, казак тілінде газет шыгаруға тыңылықты кіріседі. Содан 1906 жылдың 8-қантарында Семейге кайтып келе жатқанында тұтқындалады. Сол кезде Элекеннің портфелінде Абайдың колжазбалары болады. Бұл турасында судьяның жазып алған тергеуінде айтылады. «Менін портфелимде Абай шыгармаларының колжазбасы бар. Соны сактауга тырысындар. Оның құны - 5 мың рубль» дейді Бекейханұлы. Ол уақытта 5 мың рубль коптің колы жетпейтін көлемді қаржы. Ақыры, осы колжазбаны сактап калса керек. Павлодар түбіндегі Ямышевский тұрмесіне отырғызылады, бір-екі ай өткеннен кейін Омбы тұрмесіне жіберіледі. Омбы тұрмесінен ары қарай жер аударып жібергелі жатқанда, өзінің семейлік жерлестері «выборгшико», яғни, сайлаушы ретінде сайлан, күткарып қалады. Себебі, сайлаушының құқы ол кезде ерекше, сайлаушыны тұтқынға алуға рұқсат етілмейді. Сонын бірінші Думаның депутаты болып сайланып кетеді. Элекен ерегіскенде, 1909 жылы Абайдың жинағын Семейден емес, Петербург баспасынан бір-ақ шыгарады, - деген тұжырым білдіреді. Э.Бекейхановтың Абайдың жинағын шыгару жолында ерекше ықыластық танытуының өзі-ақ олардың таныс-біліс болғандығына нақты дерек болса керек.

##### 5. Ф.А.Щербин экспедициясы

Ә.Бекейханов 1994 жылы Санкт-Петербургтің Орман институтын бітіргеннен кейін Омбы қаласына қайта оралып, осындағы орман мектебінде екі жыл мұғалімдік қызмет атқарады. Сонымен қатар Тобыл уезіне жүргізілген статистикалық санак жұмыстарына қатысып, терен білімділігімен қоса ғылыми жұмыстар жүргізуге деген зор ынталасы және кабілетімен көзге

түседі. Ресейдін Жер министрлігі ұйымдастыруымен Ф.А.Щербин басқарған ғылыми экспедиция құрамына алғашқыда статистик ретінде шақырылып, кейін оның жеке зерттеу тобын басқаруға дейінгі құрметке ис болады. «Щербин экспедициясы» 1896-1901 жылдар аралығында бүкіл қазак даласының үштен бір бөлігінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1903-1905 жылдары 13 том ғылыми еңбек жарыққа шықты. Экспедиция Ақмола және Семей облыстарының 12 уезінде жұмыс атқарған болса, Ә.Бекейханов оның Павлодар, Семей, Қарқаралы, Омбы уездеріндегі ғылыми жұмысқа тікелей катыскандығын жазған еңбектері дәлелдейді. Қарқаралы уезінде 22 болыстық болса, экспедиция оның 16-сын түгел аралап шықкан, ал Семей уезінде 19 болыстық құрылған. Ә.Бекейхановтың 1905 жылғы таңдамалы жинағындағы жазылған «Түсініктерде» Қарқаралы уезінің 1898, 1899 жылдары зерттелгенін, үш партия жұмыс жүргізгенін айта келіп: «...первая с А.Н.Букейханом во главе, имевшим помощником Джусупа Сатыбалдина и регистратором Е.Итбаева. Абралинская и Дегеленская волости также были исследованы партией во главе с А.Н.Букейханом», - деп ашық жазылған (459-бет). Бұл болыстарда Абай өлеңдері айтылып, әндері шырқалмады деп ешкім де кесіп айта алmas. «Кекен болысында 1899 жылы болдым» деп жазғанының өзі осы кезге, яғни экспедиция жұмыстарына сәйкес келіп тұр.

Осы уездін Кекен болысында «Татьянаның хатын» естіген ол Абай туралы сұрастырмауы, барып жолыгуга ынтық болмауы мүмкін емес. Бұл Абай атак-данқының бүкіл қазак даласына кеңінен тараған кезеңі болса, Ә.Бекейханов экспедиция жұмыстарының мүддесімен де жолыгуга тиісті еді деген ойдамыз. Себебі экспедицияның негізгі мақсаты қазактың жер қоғамдастығы болғандықтан, ол қазак руларының мекенін, тиесілі жерін белгілеп, оны картага түсірумен шұғылданғаны мәлім. Ал бұл секілді ел тағдыры шешілетін әлеуметтік мәселеден Абайдың шет қалуы ешбір ақылға сыймайды. Жогарыда айтканымыздай, Абай Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің

Семей бөлімшесінің статистика комитетінің мүшесі болған той. Переселендерді көптең орналастыру үшін қазак жерін толықтай зерттеу мақсатында отаршылдық пигылда құрылған бұл экспедиция жұмысына географиялық қогам өз мүшесі, көзі ашық әрі орысша сауатты, орыс достары көп Абайды тартпауы көңілге конымсыз. Себебі экспедиция жұмыстарына жергілікті жердің беделді және сауатты адамдары қатыстырылған болса, онда Семей uezінің болыстықтарының жері зерттелген уақытта Абайдың бұған ат салыспауы мүлде түсініксіз болып шығады. Сонымен катар Э.Бекіханов өзінің қазак руладының шежіресін жазуды экспедиция барысында деректер жинау арқылы алғашкы жылдары-ак қолға алғаны байқалады. Ол экспедиция материалдарының 1905 жылғы Ү және ҰI томдарында жарияланған. Ендеше бұл бағыттағы зерттеуінде де Ұлы Абайдан ақал-кенес алмады дей алмасақ керек.

Ғалым өзінің «Дала өлкесінің тұпкірлеріндегі орыс коныстары» аталатын енбегінде косымша ретінде қызық бір дерек келтіреді. Қазак халқының мал шаруашылығы, жайылымдары, жылқы қыстатуда костардың 1500 шакырымға дейін көшіп жүретінін айта келіп: «Поразительная память на места у киргизских лошадей. Известны случаи самовольного возвращения на родину в Каркаралинский уездь (150 версть от границы) лошадей, проданных ташкентским торговцам и отбившихся от новых хозяев из окрестностей г. Ташкента. В августе 1994 году с Оренбургского конного базара отбились, убежали две лошади киргиза Семипалатинского уезда Оразбая Аккулы и зимою в ноябре того же года оказались на его летовке, где зимою пасутся косы (табун лошадей)», - деп жазады (Таңдамалы. 235-бет). Бізді таң қалдырганы Оразбайдың аты-жөнінің накты келтіріліп отырганы ғана емес. Еңбек кейін 1907 жылы үш ай Семей тұрмесінде отырганда жазылғанымен, арада он үш жыл өтсе де оқиғаның айы мен жылына дейін көрсетілуі. Алаш көсемінің өмір жолына көз салсак, ол бұл жылы оқуын бітіріп Омбыға енді ғана келген. Қалай дегенмен де көзіл аударарлық

дерек, мүмкін өзі күе болған оқига шығар десек қателеспейтін сияқтымыз.

#### **6. Элихан және «Абай жолы» эпопеясы**

М. Эуезов «Абай жолы» эпопеясының 4 кітабында Абай мен Элиханның кездесуін суреттейді. Осындағы ұлтшыл-оқыған Эзімханның прототипі – Элихан. Бірақ кенестік идеологияның катаң талабынан сескенгендіктен жазушы Элиханның атын Эзімхан деп алады және алашордашылдыққа қарсы қозкарас әсерінен біржакты суреттейді. М. Эуезов екі ұлы тұлғаның жүздесуі туралы білгендейді де осы эпопеяда олардың кездесуін шығарма аркауына алған. Бірақ кенестік идеологияның Элихандай тұлғага деген теріс қозкарасы әсерінен тарихи шындықты бұрмалай жазған.

Ә. Бекейхан 1896-1903 жылдарды қамтыған қазак болыстықтарындағы мал-жан, жер есебін жүргізген Ф.А. Шербин экспедициясы құрамында Шыңғыстаудағы елге келгендей тарихтан белгілі. М.Эуезов «Абай жолы» эпопеясында осы оқиганы тілге тиек етіп, кенестік идеологияның әдебиеттің таптығы кагидасты алға ұстай отырып біржакты жазды. Шыгарманың 4-томының «Қастықта» тарауы Уак пен Тобықтының арасындағы жер дауы туралы басталады. Осының орта тұсында «Бұғылы» болыстығының Үлкен Көксенгір тауындағы төр жайлауындағы қалың жиынды сипаттай келіп, тігілген қырық-елу үйдің «санакшы тәрелерге» арналған салтанат екені суреттеледі. Оның басшылығында Оразбай, оның болыс ұлы Елеу болса, Тобықтының төрт болысының Эзімбай, Сәмен, Жанатай, Шұбарлар бастаған атқамінерлері де осында жиылғанын баяндауга келіп тіреледі.

«Енді міне, сол Шұбар да Оразбай, Эзімбайлар хан көтеріп жаткан қазак төресіне амандаса келіп, танысып табысканды. Бүгін жұмыстан босаған кешкі отырысында Эзімкан тәре Оразбай бастаған үй толы жиынга бейіл берді. Өзіне тігілген бес үйлі орданың тап ортасында үш-төрт ак жастыққа шынтақтай сүйеніп, әр жайдан сөз бастап отыр. Кешкі шайдан бұрын ол бұл

отырган Тобықты жуандарын, ру басыларын, ата-текті жақсы білеміз дейтін қазактарды таң қалдыры» де келе, Әлиханның білімдарлығын Оразбайлар тобына жыға суреттейді (Осы және алдыңғы үзінділер М.Әзезовтің 20 томдық шыгармалар жинағынан алынды. 4-том. 258-бет). Әзімханды Абайды бұрын таныл-білмейтін алам ретінде көрсетіп, Шұбардан (Шәкәрім) Абай өлеңдерін сұрап қаныгуга деген құмарлығын те окта-текте әркімнен естіп жүрген тындаушы жан ретінде ғана беріген. «Енді мің, қолына Абай өлеңін айтып беретін Шұбар тиғен соң, ол жарым күндей Шұбарға Абайдың әр өлеңін айтқызып, тындал шыкты. Бірак жаратылсында өленді сүймейтін бұл төре, қашалатықты оқыған адам болса да, өзінің туған елінің тілі, қазак тілінде жазылған Абайдың өлеңін тарс танымады», - деп бір мұқатып етеді.

Әзімканның бір жыл бұрын «Татьянаның қырдағы әнін» естігендегі оқиғасын есіне сала келіп:

«Төре енді өзі анық болжаган жайды жыр қып отырган әншіге, басын жастықтан жұлып алы, ентелей беріп сұрау салды:

– Өй, сенің айтып отырганың «Евгений Онегин бе? – деп өзіне біткен топастау, оқыс мінезімен тұрпайы сұрады», - деп тагы қағытады.

Жазушы Әзімканды Бұкар жырауды Абайдан жоғары қоятын дәрежедегі адам ретінде көрсете отыrsa да, Абайдың аудармаларын жақсы білгендігін жасыра алмаған. Ақыры осы Көксенгіртауынан түстік қана жерде Шақпакта жайлауда отырган «Абайға барып, сәлем беріп, жұз көрісі сейлесіп, білісіп қайтамын» деп берік шешімге келген Әзімкан жол серіктікке басшылықка алған Елеу, Әзімбай, Шұбарлардың жол бойы Абайды жамандаган сөздерінің ықпалымен кенеттен басқа шешім қабылдайды. «Шұбарларды тындаған Әзімкан Абаймен түсінісіден бұрын дауласардай... Осы жайлардың бәрін естіп болғанда жолауышлардың алды Абай ауылына тақап қалған еді. Енді төре шұғыл өзгерді. «Елеу! – деп қатаң үн қатты да, жагын тістеп, қалың қабағын түйіп алды.

– Мен өзгердім. Шакыр анау алдагыларды. Бармаймын бұл

**Абайға!** Мен сәлем беруге тұратын Абайды танығам жок. Болды, қайт бәрің, деп тізгінді шүғыл тартып, атын кейін қарай бұрып алды». (Сонда, 267-бет).

Экспедиция санагы туралы оқиганы М. Эуезов: «Осы түнде Әзімкан төре ойға келмес сүмдүккә өз көлмен құрық берді» деп аяктайды. Оны былай койғанда жазушы Уак пен Тобықтының тартыска айналған айқасының күнәсін де, Сәмен болыстың Абайға қамшы жұмсауының кінәсін де Әзімқанның мойнына артып береді.

Кенес дәуіріндегі социалистік реализмнің әдебиеттің таптығы қагидастының ықпалынан шыға алмаган жазушы тарихи оқиганы бұрмалаганымен қоймай, теріс көркемдік шешім де шығараады. Міне, шығармадағы осы бір ғана оқига жүйесі Абай мен Әлиханның кездескені туралы барлық шындықты жокка шығарып, қарастайым оқырмандар ғана емес, абайтанушылар санасында бекін қалды да бұлжымас аксиомага айналып отырганы анық. Р.Токтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы Абай мен Әлиханның кездесуі туралы баяндаулардың тарихи негізін салыстыра зерттеу мәселесі алдағы күндердің міндеті.

### **Қорытынды.**

Халыққа деген сатқындық ең алдымен оның еткенін жокка шығарып, болашағына сенбеуден басталады. Ал Абай сенді.

Бір жерде бірге жүрсөң басың косып,

Біріннің бірің сөйле сөзің тосып.

Бірінді бірің гizzат, құрмет етіс,

Тұрғандай бейне корқып жаңың шошып, - дейді..

Бізді ынтымаққа, бірлік пен татулыққа шақырады. Ел болғымыз келсе, данышпаннның өсистін өмірімізге серт қылайық. Оның кәусар жырына шомылып, тазарайық. Абайша сабырмен, ақылмен іс қылайық.

Абай шығармаларының әсері халық арасында күшті екені, тілгі рухани жан азығына айнала бастағанын Әлихан Бекейхановтың Абай әндері мен аударма өлеңдері халық арасында қаншалықты сіңісіп кеткенін өзі көрген мысалдармен

арнайы атап көрсетуінен де аңғарамыз. Осы себепті Абайды тұған халқына таныту арқылы үйқыдағы, отаршылық саясаттан езіліп тапталған тұған халқының ой – санасын оятуға, жаңа заман көшіне ілесуге шақырды.

Абайдың әдеби мұрасы мен ғұмырнамасының танылу, зерттелу тағдыры жалпы қазақ әдебиетінің даму өсу жолымен тікелей байланысты құбылыс. Қазіргі заман қазақ әдебиетінің даму жолында өзінің тікелей сүйенер тарихи сабактастыққа сай дәстүрі Абай мұрасы болуы себепті әр уақытта да гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеушілері үнемі назар аударып келеді. Бұл дұрыс та. Өйткені Ұлы Абайсыз қазақ әдебиетін көзге елестету мүмкін емес.

Ал осындай ұлы тұлғаның өлшеусіз мұрасын халықтың рухани игілігіне айналдыру жолында әдебиетші, сыншы ғалымдарымыздың еңбегі ұшан-теніз. Оған басы Ә.Бекейханов, М.Әуезовтен бастап қазіргі Т.Жұртбайғадейін ұзак тізім келтіруге болар еді. Бүгінде кен канат жая өркендер дамып отырған абайтану ілімінің кейінде ұлken салалы арнаға айналу жолында қағаберіс қалып келе жатқан проблемалары да аз емес. Біз оның біреуін ғана тілге тиек еттік.

Түйіндей айтқанда, Абай мен Әлихан секілді ұлы тұлғалар ғұмырнамасындағы тоғысулар мен ұштасулардың ашылмаган актаңдактары толып жатыр. Оған қазіргі таңдағы Әлихан тұлғасына қагысты кейбір бейресми тыйымдық шектеулердің де өз әсерін тигізіп отырғанын жасыра алмаймыз. Басқаны былай қойғанда, орыс әдебиетінде кездейсок кездескен атактылары туралы көпіртіп жазған ғылыми-танымдық мақалалар көп жазылған.. Қазактың екі кеменгерінің таныс-білістігі туралы деректер әлі де болса терендегі зергітеді қажет ететін түсінікті. Біз ұлттымыздың екі данасы қайтсе де кездескен, «айттым бітті, кестім үзілді» деген тұжырым жасауға пейілдіміз. Қандай да болсын жаңаша көзқарастың бірден тұжырымды аксиомаға айналуы онай шаруа емес екені белгілі. Әрине, оны бір мақсатта біріккен ізденіс ғана жасайды.

## IX таралу

### ТОҚЫРАУЫН БОЛЫСЫНДАҒЫ ПЕРЕСЕЛЕНДЕР

Аудан тарихына байланысты азды-көпті қалам тартқан өлкетанушылар мен тарихшы атаулары отаршылдықтың салдарынан Ақтогай топырағына орыс мұжықтары келіп орналасуы болған жок деген пікірді негіздейді. Ол ауданның жартылай шолейтті жер болуы мен мұнда осы ұлттың тұргылықты өкілдерінің көп кездеспеуі салдарынан келіп тугандығы анық. Рас, аймакта орыс патшалығының бұл саясатына сай жаппай орналастыру орын алған жоқ. Бірақ мұнда да қазактың шұрайлы және сулы да нұлы желерін орыстың кара шекпендерінің зорлықпен тартып алуы болмай қалған жоқ емес. Себебі тұра іргедегі Қарқараты бойын басып алып жатқан казак-өрыстардың ықпалы тимей қалуы мүмкін емес те еді. Өрине осы сықылды пікір айтылса, оны дәлелдеу де керек екені түсінікті. Бұған келтірер дәлеліміз мынандай.

Кенес дәүіріндегі «Қаратал» совхозы, қазір шақта «Шабанбай би ауылы» аталатын елді-мекенінің колхоздастыру кезеңі басталғанға дейінгі бұрынғы атауы – «Шылым». Тері Қазан төңкерісі болғанға дейін де солай аталса керек. Ал неізгі тарихи аталуы қазір белгісіз, ұмытылып тарих қойнауында қалды. Оны аныктаудың бір гана мүмкіндігі бар. XIX ғасырдың соңғы ширегінде «Қоянды» жәрменкесі дүрілден тұрған кезде Қарқараты уезінің реесми құжаттарын актарып, осы жерге орыс мұжықтарын орналастыру туралы бұйрықпен танысу керек. Тек сонда гана бұл жердің бұрынғы атауын анықтай аламыз. Көне құлақ қариялардан жеткен сөздерге қарағанда бұл жер Сарым руының Боксары атасының иелігінде болған. Оған дәлелге «Қаратал» совхозының бұрынғы «Қасабай» бөлімшесі, одан жоғарыдағы «Бас Қасабай» аталған қыстасқ, осы маңайдағы «Қасабай» өзенін дәлелге келтіруге болар еді.

Жобамен алғанда «Қызыларай» тауының «Аксоран» биігінің

баурайы мен «Әулиетау» атты табиғаты әсем таудың аймагы «Қоянды» жәрменкесі кезінде орыс көпестерінің назарына іліккен болса керек. Жасыратыны жоқ, осы бір жер жанатындай таулы, орманды, өзенді және әр сай-саласы бұлакка толы нулы да сулы жердің қалай орысқа караганын білмейміз. Эрине, мұрағат актарып анықталып жатса, өлкетануға қосылар бір үлес болары даусыз. Оны туган жерге жанашып тарихшы зерделей ме, жоқ әлде қазірде «аңқау елге арамза молда» болып жүрген калтап кеткен жалған «грамофон тарихшы» зерттей ме, оны алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық. Біздік тек осы бағытта тың ғылыми ізденістер жасау қажеттігін ғана таныту. Осыған сай біздің алдағы жазатынымыз - сол «Шылымды» көзімен көрген карттардан жеткен ескі сөз ғана. Олар атадан балаға жеткен аныз-әпсана болғандыктан да, ақиқатынан аныздық сипаты басым екенін де ескерте кетеміз.

Патша үкіметінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда жүзеге асырған әкімшілік реформалары қазак елінің саяси тәуелсіздігін біржола жойғанымен, бұл реформалар көп ұзамай-ак патшалық әкімшіліктің қазак қогамының ішкі өміріне терендеп еніп, оны игеріп алып кетуге бағытталды. Мұны жоспарлы түрде жүргізген патшалық әкімшілік XIX ғасырдың 60-жылдарының орта тұсынан бастап Қазақстанның отарлаудың «ен сенімді» жолына тұсті. Ол - Орталық Ресейден «крепостной» орыс шаруаларын казак жеріне коныс аударту еді. Патшалық Ресейдің коныс аудару саясаты бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылды. Қазақстан тарихнамасында бұл коныс аудару саясаты үш кезең бойынша бөліп карастырылады.

I кезең XIX ғасырдың 70-80 жылдар аралығын қамтиды, ол 1889 жылғы 13 шілдедегі жарлық шыққанға дейін созылды.

II кезең XIX ғасырдың 90-жылдарынан 1905 жылға дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

III кезең 1906 жылдан 1916 жылдар аралығын қамтиды.

Ресейдің Броневский деген миссионері: «Қазақтардың бар байлығын сан мындаған жылқы үйірлері, түйе, ірі қара

мал табындары мен қой-ешкі отарлары құрайды. Олардың жылқылары ірі әрі жүйрік келеді. Түйелерінің барлығы да кос өркешті, 12-20 пұт жүк көтеретін, шөлге шыдамды жануарлар. Орыс саудагерлері олардың ақбас сиырларын көптең сатып алыш, Екатеринбургке, тіпті Мәскеуге дейін әкеледі. Қойлары ірі, салмақтары 80-100 килограммға дейін жетеді», – деп жазып тан калған байлығы мен атамекен жерін орыс мұжыктары жаппай ала бастады. Алорыстың белгілі саяхатшы галымы Г.Н.Потанин өзінің Қарқаралы уезіне арнайы келген экспедициясы туралы еңбегінде казактардың коныс аудару себептерін: «Жаз бойы болыс-болыс болып, көшіп-конып жүрген ел кыс түсे ауыл-ауылга бөлінеді. Бөтеннің жеріне көз алартпайды. Эр рудың өз қыстактарына көшу себептерін айтсақ, біріншіден, олар жылдың әр мезгілін белгілі бір жерде өткізіп үйренген. Екіншіден, жаз бойы мал тұяғы баспаған таулы аймактың шебі шүйгін болады. Үшіншіден, атабабалары жерленген зирагты олар ерекше қастерлейді. Алайда, осының бәрінс де карамастан, адам өлімі, мал шығыны көп болған қыстаудан казактар бұл жердің қайырымы жоқ деп көшіп кетеді», – деп суреттеген елі мен жері Сарым елі мен Актогай жері. Онымен Қарқаралы уезіне фольклорлық экспедиция жасай келгенде барынша кең танысты.

1905 жылдың қарашасынан реттесін мәселесін реттесу мақсатында коныстандыру мәселелерінің Баскармасы құрылды. 1905-1917 жылдардағы мекеменің 12 жылғы қызметі нәтижесінде бір миллионға жуық коныс аударушылар жерге орналастырылды. Осы саясатқа сай алғанда Тоқырауын бойына, Сарыарқаның ең биігі «Ақсоран» шыны баурайындағы табигаты асем шұрайлы бұл жерге орыстың Қара Иван, Сары Иван және Федор есімді карашекпен үш мұжығының көліп орналасуы екінші кезеңге тұра келеді. Олардың Ресейдің кай аймағынан келгені мен отбасы мүшелері мен басқа да адамдар туралы ешбір дерек келтіре алмаймыз. Егін салу үшін қазған тогандары мен арықтары, оны салған жерлердің қалған жыртылған аныздық орындарына, баубақша салуларына карағанда бұл жерде тек осы үшештіңана болды

деу ақылға сыймайды. Жергілікті тұрғындарды жалға алды деген күннің өзінде де бұның барлығы біртталай жұмыс күшін қажеттігі даусыз. Солай деген күннің өзінде егін ору мен шөп шабуга жалданғаны болмаса, жергілікті жұрт шошқа ұстаган олармен етене араласа жақындастып кетті дей алмаймыз.

Орыста не көп, Иван көп, бұлар ағайынды ма, жоқ әлде жерлес пе, ол жағы да бізге беймәлім. Бұлардың Федоры «Шабанбай» аулынан «Қызыларай» елді мекеніне тау арасы арқылы өтетін кара жолдың бойындағы «Әулиетаудың» баурайындағы орманды алқапқа орналасады. Осы таудың баурайына біткен қалың орманды как жара ағып, «Қаратал» өзеніне келіп косылатын өзеншешін де аты ұмытылған. Тері «Шабанбай» аулының жоғарғы тұсындағы осы өзен өткелінің «Атамбай өткелі» деп аталуына Караганда осы атпен аталған-ау деп шамалаймыз. Одан «Әулиетауга» карай осы өзенінің жоғары жағында үш өткел бар. Жергілікті тұрғындар оларды әлі күнге дейін «Орыс өткелі», «Бірінші құм өткел», «Екінші құмды өткел» деп атайды. Осының «Орыс өткелі» мен «Бірінші құм өткелі» оргасындағы шабындықты үлкен алқаптың әлі күнге дейін «Шодыр» деген атауы сакталған. Жергілікті жұрт әлде тілі келмеген сон ба, болмаса мазактап па, Федорды осылай атаган. Өйткені Федор есімді орыс мұжығы өз отбасымен және басқа шаруаларымен осында коныстанған. Осы алқалтың төр жағында тастан салынған үй жайы мен кораларының бұзылған орнын бала кезімізде талай көрдік. Іргетасы әлі де сакталған болуы керек. Ал бұл «Шодырдан» жоғарыдағы «Екінші құмды өткелден» өткен сон турға тау бөктеріндегі қалың орманды ел «Иzmешке» деп атайды. Ол осы өнірге алғаш коныстанған жоғарыдағы орыс казактарының сол жерге орман арасынан шөп ору үшін жаз кезінде тұруға арналған избушка салуына байланысты аталған. Бұл жерде Федордың Карагай ағаштан қыып салынған избушка үйі болған. Жергілікті ел тілі келмеген сон, қазак тілінің үндестік занына сайоны осылай атаган. «Шодырдың» үйі орны «Шабанбай» аулынан 4 жарым шақырым жер болса, «Иzmешке» 5-6 км жер болар. Жергілікті халық «Избушканы» өз

тілдік ынғайларына қарай «Иzmөшке» деп ағап кеткен. Бала кезде ол үйшіктің қалған орын талай көрдік.

«Қызыларай» таулы қыратының бір биігі «Эулиетаудың» терең сайын бойлай ағатын осы өзенді жағалай өскен қалың орман-тогай «Шылымның» «Қаратал» өзеніндегі орманга келіп қосылған да, казіргі «Жінішке» өзсі бойындағы талды тогайға келіп жалғаскан. Бірак казір ол орман «Атамбай өткеліне» келіп тоқтап тұр. Себебі, «Шылымға» ел коныс теуін, колхоз-совхоз орнағанда өскен ел іргедегі орманды отын үшін шауып құрытты. Қашкан тал болып сиреген тұсы 1960 жылдардың соңына дейін келді де жойылды. Бала кезімізде ішінен қарақат, жидек, бұлдірген терген болатынбыз, кейін оның талқаны шыққанын козімізбен көрдік.

Ал Қара Иван, Сары Иванның үйлері тұра «Шылымның», яғни қазіргі «Шабанбай би» ауылының өз басында болған. Жердің бұрынғы тол атауын жоғалтып, тұра осылайша жаңадан аталуы да келген осы орыс мұжықтарына байланысты. Өйткені бұлар егін егіп, бау-бақша салып, маҳорка үшін темекі екен. Жергілікті жұрт олардан насыбай үтуге косу үшін темекі жапырактарын алып отырган. Жолда кездескен адамнан жөн сұраспайтын қазақ бар ма. «Қайда бара жатсын?» деген сұрапқа «Шылым алуға барамын» деп жауап беріп, содан жердің атын осылай атап кетсе керек. Ал осы Қара Иван мен Сары Иванның үйлері әлі бар. Оның Сары Иванның үйінде Жұманов Мұсахан ақсакал тұрды. Жанартылған, шатырланған қалыптта әлі тұр. Қара Иванның үйінде Смағұлов Кожахмет тұрды. Алдына жаңа үй салған соң ол кора-копсыға айналды. Қазірде Қожахметтің кенже ұлы Жанботаның корасы.

Бұлардың Аксоранның бауырына келіп орналасуы шамамен XIX ғасырдың аяқ шені болса, бұл жерден коныс аударып кеткен уақыты белгісіз. Қалай дегенмен де олардың Қазан төңкерісі кезінде бірде-бірі бұл жерде калмаган. Олар Қарқаралы жағына ауды ма, жок байып алған соң Ресейнә кетті ме, бұл туралы да дерек жоқ. Олардың «Шылымнан» коныс аударуына не себеп болғаны туралы да ел аузында ештеңе қалмаган. «Шылымда»

ұзак жасаған қариялардың бірі Інкәбай аксақал «Ол орыстар патшаның қазактан солдат алу жарлығы шықканша кетіп болған» деп отыратын еді. 1905 жылғы Қарқаралы петициясына байланысты ел арасындағы наразылықтан сескенген болуы кәдік. Тегі осы петицияның бір тармағында атап көрсетілген:

«Сонғы 15 жыл бойы Қыр өлкесін отарлау жүріп жатыр. Қазактардың карауындағы жер жыл сайын тарылып келеді. Мал шаруашылығы негізінен экстенсивті екеін мәлім және мал жайылымына өте көп жер керек. Ресейден коныс аударушыларға ен тәуір жерлер, тұщы су көздері тартып алынып берілуде. Бұлай болмас үшін қазактардың иелігіндегі жерлер олардың меншігі деп танылсын» деген талаптан да сескенген болуы мүмкін. Осы петицияны ұйымдастырушы Бекейханов Элихан мен Ақпаев Жақып болуының өзі дәлел. «Қазак деген халық ешкімнен кем емес. Ақыл да, намыс та бар. Олармен санасу керек. Қазактар орналасқан жерлерді Ресей әскерлері тартып алғаны дұрыс емес. Ресейдің кол астында болған соң басқа халықтар пайдаланып жүрген құқықтармен тең бөлісу қажет. Өз жеріндегі көң байлыкка казактар өздері іе болуын зандастырса. Сонғы 20 жылда казактардан тартып алынған жерлері қайтарылсын» деген талалтың төтесінен қойылуы төгін емес еді.

Шабанбай ауылынан Қызыларай елдімекеніне карай шығатын тау арасы жолымен жүрсөн, тогайды жагалай келе «Орыс өткеліне» тап боласыз. Бұл атаудың осы орыс казактарға еш қатысы жоқ. Себебі өткел тек машина жолдары қолдана бастаған соң гана пайда болды. 1960 жылдардың орта кезінде бір топ орыс геологтары екі жыл бойы жаздай сол жерге шатыр тігіп, тау жыныстарынан қазба байлықтар зерттеді. Мал жоғалмай немесе орістен қайтпай қалмай тұрмайды, жоқ іздеген жұрт малын сол маннан тапқан соң жөн сұраған елге «орыстар отырган өткелде жүр екен» деген секілді жауап беріп, бұл атау ел арасында содан кейін пайда болды.

«Орыс өткелінен» тогайды кесіп өтсеніз, жұрт «Питомнику» атап кеткен үлкен аланға шығасыз. Бұл орысша атаудың да Федор

мен Ивандарға еш қатысы жоқ. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда аудандық орман шаруашылығы осы жерден әр түрлі ағаштарының жас қөшеттерін отырғызып өсіретін тәлімбак, ягни, питомник ашкан. Негізгі максаттары кейбір бұл өлкеде жоқ ағаш тұқымдарын өсіріп тарату болғанмен, олар жерсінбеген болуы керек. Қазір олардан қалған жиде ағашының санаулы тұппері ғана өсіп тұр. Жердің питомник деп аталуы дәл содан қалғанмен, қазір көп айтыла қоймайтынға ұқсайды. Себебі, дәл жаңындагы «Орыс өткелін» атаяй салады. Қазір Шабанбай аулының орманшылары сол дәстүрді жалғастырып осы питомникте ағаш тұқымдарын өсіріп жүр.

«Питомниктен» өткен соң тау бөктерлей жатқан алқапқа тап боласыз. Бұл жердің атауы - «Шодыр», иә, казак Федор иеленіп шөп шалқан жердің жұрт солай атаған. Егін мен бау-бакша да салған болуы керек, себебі, бала кезде көрген жер ыңғайы соган келетін, ескірген атыз соралтары арбаны жүргізбей ит қылатын. Айналасы биік қараган мен тобылғы және басқа да бойшаш бұталар өсken үлкен жазық. Қатарласа өзен агады, бойында аумағы әжептеуір, теренделігі кісі бойындей асатын қарасу ойығы бар болатын. Шамаласақ, Федор осы қарасудан шығыр арқылы бау-бақшасын суарған.

«Шодырдан» өте бере тоғай ішімен акқан өзениң көлденең жатқан күмдү өткелі кезігеді. Ол «Бірінші күмдү өткел» аталағы. Одан өткен соң орман жағаляған жол сізді «Екінші күм өткелге» алыш келеді. Алдыннан Әулиетау аталағын қасиетті жалғыр тасты биік тау бар болмыс-бітімімен жарқ етіп шыға келеді. Таудың не себептен осылай аталағынан ешбір хабарымыз жоқ. Тек бала кезде естіген бір ғана әңгіме бар. Ол мынау: «Әулиетауда ұшар биігіне қарай шығуы қын бір жерінде бір қасиеті мол ерекше тас бар екен. Сол тасқа бақыты жанатын адам кездойсөқ барып кездеседі. Белгісіз бір күш оны ертінен тыс осы тасты құшактатады». Дегенмен де осы мифтін түбінде бір негіз бар секілді. Біздің елдің ән мен күй және сөз бакқанын дәлелден жатпай-ақ коялық. Рас-өтірігіне ешбір күәлік берсе алмаймыз.

Миф те шығар. Құдайсыздар қогамында бұл бір сандырақ сияқты естіліп, ел күле қараган, қазір де мұлде сенбесі анық. Сондықтан Әулиетаудың аталуын накты болған бір оқиғага қарай бұрып жіберді.

«Қызыларай» елді мекенінде Зейнұр деген аңқұмар адам өмір сүріп, откен XX ғасыр сонында қайтыс болды. Сол кісі көктемде арқаралың буаз ешкісін атып жаралап, ол қашып осы Әулиетауға келіп паналагты. Сонынан күған аңшы таудың бір жартасына қамап, енді атпак болғанда түсініксіз бір жағдайға ұшыраган болуы керек. Қасиетті таудың киесі ұрды ма, болмаса аңның иесі ұрады ма, әйтеүір аттан құлап есінен танады. Иесіз қалған ат кеш қарайғанда үйге барады, ағайын-туғаны жиылышп, ел хабарланып ертеңіне ат ізімен келіп тауып алғанда Зейнұрдың аяғы үсіп кеткен екен. Аяқтары сыйып немесе мертігіп барып жүре алмаған ба, жоқ басқа себеп бар ма, ол жағының анықканығын білмейтінімізді ашық айтамыз. Зейнұрдың аяғы тізесінен кесілген мүгедек адам болып гүмір кешкенін өз көзімізben кордік. Осы оқиғаны ауыл карттары Зейнұрдың өзі айтыпты деген мына бір сөзді әсірелей әңгімелесуші еді. «Иттерім аркарды бір жартасқа экеліп камағанда тіке қарап жер тарпып тұрганында как мәндайдан көздел шүріппені басайын деп оқтала бергенімде жартас қақ жарылышп маган қарай от шашқандай көрінді. Одан кейінгісі есімде жоқ, аттан құлап, естен танып қалыптын. Ауыл адамдары тауып алғанда ғана өз-өзіме келдім» депті. Сол сөзі ел арасына тарап кетілгі

Әулиетау бұрын да солай аталды ма, жоқ осы оқиғадан кейін барып ие болды ма, ол жағып да тап басып айта алмаймыз. Бұны халық жер атауын бостан-босқа коя салмайтынын ескере отырып жазып отырмыз. Қазір ауылға келгенде табиғатын тамашалауға барғандар «Әулиетаудың» төбесінен су агар тесігі бар үнгіріне сокпай кетпейді. Бәр-екі жыл бұрын КР Ғылым академиясының археология және этнография институтының ғылымдары келіп, ықылым заманнан бері сакталған тасқа салынған петроглифтер мен суреттерді тауып зерттегені туралы да мәлімет бар. Таудың

бергі жак беті біздің елге, ар жак беті қызыларайлыктарға тиесілі, шекара тау бауырындағы шагын асу арқылы белгіленген. Әулиетаудың соғыс кезінде «трудармия» мен соғыстан қашкандарға пана болғаны туралы әңгімелерді ауыл қариялары Іңкебай, Исатай, Шаяхмет секілді аксакалдардан талай естілік. Ал ол - бөлек әңгіменің өзегі.

Актоғайдың өзге жерлерінде басқадай переселен орыстардың болғаны туралы дерек жок. Тегі бола қоймаган. Себебі жер атауларның сол бұрынғы тарихи аталуымен сакталып қалуы оған дәлел. Рас, Ақтогай Сарымшары арасында фельдшерлік, тілмаштық және айна-тарап сатқан бақалышы саудагерлікпен келген татар, ногай, сарттардың болғаны бар. Бірақ олардың түбі түрік, діні мұсылман болған соң біздің ел бөлектей қоймаган. Ресейден орыс қысымынан ауып келген олар да қазір егемендік алып, бұрын кірме болып жүрген Әлтеке-Сарым аталарынан бөлекtenіп ногаймыз деп шықты. Сарттары - кожа, татарлары - төре болып кетті. Оған дәлел бір кезде канғып келіп, Токырауын бойындағы елде үрпак таратқан ногайлар Қараганды-Актоғай тас жолының бойына «Ногай әuletінің корымы» деген белгі қойып, жат насыл екендіктерін өздері насиҳаттал жүр. «Елден үят болады» дейтін тексті адамы болмаган соң, айтқан адамның өзі жазықты болатын заман туып тұр. Рас, аудан басында Ұлы Отан соғысы кезінде депортацияланып келген Волға бойының немістерінен 20-га тарта орыс отбасылары болды. Олар қазак тілін үйреніп, тіпті мақалдалап жатық сөйлеп кетті. Кейін қыз алып, қыз беріп құдандалы жекжат болып кеткендері де бар. Олардың басым көпшілігі тәуелсіздік алған жылдардан бастап-ақ ата-мекендеріне және құшақ жая қарсы алған Германиясына көшіп кетті. Ал тың игеру кезеңінде сотты болғандарды химияга шыгарып, казак даласына қуып тықкан саясат әсерімен келіп, әр совхозда үйсіз-барансыз канғып жүрген жұмысшы орыстарды айтып жатудың кажеті жок.

Қазіргі Актоғай ауданының әкімшілік аймагына енетін болғандықтан айта кетуіміз керек шығар. Балқаш көлінің


Ақтогай аудапына қарайтын батыс жагалауына орыс переселен мұжықтарының көліп орналасуы «Коргалжын», «Теніз» секілді қолдерге қараганда кеш жүрді. Ал қолдің Іле, Қаратал, Лепсі өзендері көліп құятын сагаларына, яғни шығыс жагалауына Жетісуға келген атты казактар көп қоныстанды. Балқаш қаласы тұрган аумақка кеңпрек келуінің басты себебі – жерінің сортан және шөл болып келуі. Сол себептен аз зерттелуіне байланысты Ресейде Балқашты тұзды көл деген ұғым қалыптаскан еді. Тек 1903 жылды орыс ғалымы Л.С. Берг Балқаш көліне ғылыми экспедиция үйімдастырылған екен. Елдің тұшы кол деп айтқанына сенетіндей жеткілікті тұрде негіз таба алмаган Л.С.Берг өзінің жол лабораториясын теніз суының құрамындағы хлор молшерін аныктайтын аспалтармен жабдықтаумен ғана шектеледі. Ал табаны жалпақ ұлken қайыққа тұшы су толтырылған көптеген бөшкелер тиеп алуды тансырды. Олар Іле өзені бойымен төмен қарай ұзак жүзді. Ал көлге келіп іліккенде, шынында да, ауыз су құйылған бөшкелердің түкке де қажеті жоқ екені айқын болды. Алып шықкан зерттеу құралдары да қажетсіз болып шықты, ал тұшы судың құрамына химиялық анализ жасайтын ештеңе табылмады.

Л.С. Бергтің экспедициясы қайда барса да қолдің суы тұшы болып шыға берді. Осы экспедицияның иәтижелерін корытындылай келіп, Л.С.Берг: «Балқаш бұрын айтылып жүрген басым пікірлерге қарамастан – тұшы көл болып шықты. Балқаш көлін түгел жагалап шыққантопографтарда осы пікірді қуаттайды. Бұл факт ерекше назар аударуға лайық. Құрғақ континентальдық климатты өлке, жылына 200 миллиметрге жетер-жетпес жауын-шашын бар шөл даланың кіндігінде тұрган ағынсыз тұшы көл – мұнда географиялық ғажайып бір құбылыс бар» деп жазды.

Міне осыдан кейінен, яғни XX ғасыр басынан бастал қана Жетісуға келіп орналаскан казак-орыстар Балқаштың батыс жагалауын назардан тыс қалдырмауга көшті. Жаппай қоныстану орын алмаганмен балықпен күнелтуді мақсат тұтқан біраң мұжықтар болғаны даусыз. Балқаш көлінс жақын орналаскан

дадан тобыкты руының адамдары балыкты жазда, қыста да аулап, оны Қарқаралы қаласына жіберіп тұрды. Алайда көшпенді казак арасында бұл әрекет түрі айтарлықтай мал табарлық маңызға ие болған жоқ. Бір жағынан алғанда орыс отаршылдары шоғырлана орналасқан Семей, Верный, Ақмола, Қарқаралы секілді бекіністік орталықтар Балқаштан тым алыста орналасуы келді өзге ұлт өкілдерінің жаппай мекен етуіне кедергі келтірген болуы да мүмкін. Соңдықтан қыстың күні болмаса, өзге жыл мезгілдерінде балық аулау арқылы табыс табу тым өріс алды дей алмаймыз.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСТИҚ КАРТАСЫ



[@Islam\\_jane\\_orkeniet](#)

2020 жылдың 1-ші жарты жылдық мәліметтері

## Х тарау

### АҚТОҒАЙ ХАЛҚЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС КЕЗІНДЕ

Біздің ойымызша, Ақтогай ауданы тарихында екі такырып бойынша жан-жакты зерделеніп, бір жүйеге түседі қоймаған «актаңдақтар» бар. Олар – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ел тарихы мен «Тоқырауын көтерілісіне» байланысты шындық. Бұлар туралы бірді-екілі макалалар болмаса, терендете зерттеу жағы жетіспей жатыр.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Ресей патшалығының соғыс мүддесі үшін қазақтан кара жұмысқа адам алу туралы июнь жарлығына байланысты туындағаны белгілі. Ол жер-жерлерде халықтық толкуларды туғызып, Жетісуда Бекболат батыр, Торғайда Аманкелді Иманов бастаған ірі ұлт азаттық көтеріліске ұласты. Тарихи шындық тұргысынан келгенде, XX ғасыр басындағы ұлт зиялышары мен оқығандары осы 1916 жыл оқиғасына келгенде екі түрлі бағыптағы позиция ұстанды. Оның басты себебі мынада:

1911 жылдан М. Сералиннің басшылығымен шыға бастаған «Айқап» журналы агартушы-демократтық қана жолды ұстанса, Э. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған Алаш арыстары «Қазақ» газетін ұлттық тәуелсіздікке бастайтын саяси құрес орталығына айналдырды. Бұл екі мерзімді басылым арасында ел мен жер тағдыры, зан-закөн, мемлекеттік Думага мүше болу және тағы да басқа халық мүддесіне байланысты келелі мәселелерде пікір қайшылығына ұшырады. Оны осы басылымдар бетіне жарияланған мақалалар айғаттайды. 1916 жылғы июнь жарлығына байланысты халық арасындағы наразылық толкулары бұрқ ете қалғанда, бұрындары саяси құрестен бойын аулак ұстауды мақсат санаған «Айқап» төнірегіндегі казак оқығандары саясатпен қалай айналыскандарын сезбей де қалды десе де болады. Олар ұлт азаттық құреске жалғасқан ел ішіндегі наразылықты бірден колдал, колына қару ұстал тікелей соғысқа емес, тек окоп казу

үшін қара жұмыска алуды нәсілдік кемсітүшілік санады. Сол себептен де ак патша жарлығын орындауға, ұйымдастын түрде карулы карсылық көрсетуге, өлсе тұган жерде өлуге шақырды. Соның салдарынан жер-жердегі 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс бір максаттагы жоспарлы құрестен ғорі стихиялық сипат алғын кетті. Ал «Қазақ» төнірегіндегі бүкіл адамзат қоғамындағы және Еуропадағы ұлт азаттық көтерілістердің тарихынан мол хабардар Алаш арыстары ақылласа келіп, «қара жұмыска» бару керек» деп шешті және ел арасындағы наразылық толқуларды тоқтатуға шақырды. Олар өз көзкарастарын төмендегі негізде дәйектеді: Біріншіден, әр жерде ұйымдастаған түрде басталған көтерілістің жалпыхалықтық сипат алуына отарлаушылық саясаты ешкандай мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, ел арасына әскери жазалаушы құштер әкелінеді, қаралайым жұргышылық зардал шегеді, жазалау, тонау, зорлық-зомбылық салдарынан қара халық құйзеледі.

Ушіншіден, көтерілісшілердің кару-жарагы әлсіз, шиті мылтық, садақ, найзамен патша пулеметі мен зенбірегіне карсы шығу - көзсіз ерлік. Көтеріліс сарбаздары да, ел де босқа қырылады.

Төртіншіден, қара жұмыска барған жігіттердің ой-санасы өседі, ел, жер көреді, орысша тіл үйренеді.

Бұл тұжырымдар М. Дулатовтың «Қазақ» газетіне жарияланған «Алаштың азаматына!», «Торғай һәм Қырғыз уезінің халқына» атты макалаларында көнінен сөз болады. М. Дулатов: «Россия қол астындағы әскерлік қызметінен азат халыктарды, оның ішінде біздің қазақ халқын соғыс жұмысына алуға 25-інші июньде патша жарлығы шыққанан бері бес ай етті. Содан бері бұл халыктардың көбі көніп, кісілерін берді. Бірсыныра халыктар, мәселен, Түркістан сарптары, әуелгі кездे шошынып, «бізді жұмыска алмайды, соғысқа алады» деп көнбей, карсылық қылды. Бұл қарсылық қылғандарды аз күннің ішінде әскер шығып, қырғынга ұшыратты. Жизак деген шаһардың 20 мың халықи жок болды, тірі калғандары босып кетті, мал-мұлік

шаруадан айрылды. Сөйткенмен де бұл Түркістан халқы да патшаның құрығынан құтыла алмай, ақырында көнді, жігіттерін берді. Жетісуга караган қыргыз халқы да көнбейміз деп, таутасқа, сай-салаға панарап қашты, ақырында бұлар да бүлекшілікке ұшырырап, қырган тауып, бұл күнде көніп жатыр. Бұл елдердің бүлік басшылары военный сотқа беріліп, асылды, атылды» деп жазған болатын.

Бір жыл кейін осы газеттегі «Оян, казак!» атты макаласында бүліншіліктердің зардабы туралы айта келіп: «Жауыз үкіметтің жауыздығы мен былтыргы 25-июнь жарлығынан казақ халқы кан жылады, бәрімізден артығырақ қыргыз бауырларымыз қыргынга ұшырады. Күні бүгінге шейін сол қыргыз бауырларымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қыргында: жас балаларын бір шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын-қыздарын бір қойдың пұлына айыrbастап, естиярлары мойнына дорба салып, тілениші болып кеткендері мағұлым болып тұр» дей келе, оларға көмек қолын созуға шакырды.

Егерде біз 16 жылғы көтеріліс жағдайынан толық хабардар болғымыз келсе, онда Э. Бокейхановтың «Күнбатыс майданынан» деген тақырыптағы жасаған макала, баяндамаларын карауымыз керек. Рас, онда Токырауын болыстығынан қара жұмыска барғандар туралы мардымды ештеңе айтыла қоймайды. Алайда 1916 жылы 17 желтоқсанда Минск манайындағы Күнбатыс майданының Земский комитетінің бастығы В. Вырубов дегеннің шакыруымен Әлихан, Мырзагазы, Тел, Мұса, Хасендердің осы қара жұмыска барған қазақ жігіттерінің халжагдайын білу үшін майданға барғанын хабарлай келе, бұнда 12-13 мың қазақ жігіттері 9 кос болып жүргенін айтады. Осы баяндаманың екінші болімінде Э. Бокейханов: «Біз корген казақ бәрі Кіші жұз: Қостанай, Актөбе, Орал, Алыбшын, Гүриев, Бекейлік. Жалғаз-ак 9-ынши дружинада Өскемен, Семей бар... Біздің артымыздан бұл дружинага Каркаралы үйезінен 147 жігіт келген, бұлар әзір шатырда тұрады. Бұлардың бастығы - Азанбай Сәбекұлы» деп жазады.

Соган қараганда Токырауын болыстығы жұртынан кара жұмысқа Алаш арыстарының акыл-кенесіне құлак асып, үйымдастан түрде барған болуы керек. Мысалы, Өскемен төнірегінен алынған жігіттерді орыс тіліне жетік кейір болыстың өзі бас болып үйымдастырып, бөлінбестен бір майданга баруына басшы болып, жетекшілік жасағандары туралы тарихи деректер бар. Осы «Қаркаралы үйеziнен 147 жігіт келген» дегендегі алынған жастардың ішінде біздін Актогайдагы елдін адамдары болуы мүмкін екені даусыз. Жоғарыдағы Токырауын болыстығы туралы дерекке сүйенсек, тұра осы науқан тап келген 1914-1916 жылдары болыс Карімбек Қосубаев, орынбасары Фалиахмет Мәмбетқұлов болған. Ендеше олардың Токырауын бойындағы елдін жер-жерде бой көрсетін жатқан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінے катысын, патшаның жазалаушы әскерінің тонауы мен талкандауға ұласқан қанды жорықтарынан елді аман сақтал қалғанын атап айтуда көзге көз. Негізінен алғанда ел ішіндегі көне көз картардың естеліктерінде, аныз-энгімелерде 16 жылғы июнь жарлығы туралы тарихи оқиғалар жайлышы көңіл аудараптықтай магұлыматтар жоктың қасы.

Токырауының 1917-19 жылдары ел басқарған соңғы болысы - Бекмаганбет Рысбаев. Бұдан кейін ел билігі құл мен күнисен туғанын мактан тұтқан жарлы-жакыбайдан шықкан «Мыркымбайлар» мен аткамінер белсенділердің қолына ауысты. Оның арты аудан жұртшылығының үштен бірі қырылып (анықталмagan дерек. Ж.С.), қалғаны босып кетуіне апарып сокты. Аштықтан шұбырган жұрттың көбі әүпірімдеп Балқаштың балығына жетіп жан сақтады. Ол - осы кітаптагы жеке тараудагы бөлек әнгіменің өзегі. «Айтпасак сөздін атасы өлер», шетін сездірелік. Атасына ас бергенде алғаш колхоз құрып басқарма болғанын, яки болмаса бригадир, белсенді, милиция, партия үйимы хатшысы болғанын айтып мактанатындардың байқал сөйлегені жөн. Әйткені басқа ұлттан ешкім келіп елдін аштықка ұшырауы мен «халық жаулары» болып атылып-айдалуына себепкер болған жок. «Ә.Алпысбаев - ауданымызда 1930-32

жылдары күрүлған жұмысшы-шаруа комитетінің председателі. Серіктіктер ұйымдастырудан бастап, коллективтегендірге дейін қатысып, зор енбек сінірді. Осы төніректің сол кездегі ірі байлары Игенбай, Шаншарбай, Спанбай сияктыларды жалғаның жарығына шыгарып, конфискелеуге қатысқан да сол» деген секілді пікірлер кенес заманының ықпалымен еркше мактандышпен де жазылды (Қараңыз: М.Жарылғапов. «Актоғай – алғын бесітім», 1990).

Казан төңкерісі кезінде біздін елден Угар Жәнібековтен басқа қызыл революционер шықпады. Оның өзі де Қаркаралы жағында қызмет жасады. Совет өкіметіне беріле жан-тәнімен енбек еткендер болғаны да рас. Бірақ олар туралы тарих ел шошынатындей ештеңені алға тарта қоймайды. Социализм құруға кіріскең жарлы-жақытайлардың билігі туған аласаныран жылдарды эрі-сәрі күйде қарсы алды. Актар қашып, қызыл күган дауылды жылдарды да бастан откерді.

1921 жылдың қыс айларында Есіл-Петропавл жеріндегі Колчак ак гвардияшыларының бір болігі, әсіресе, атаман Белов бастаған бандалар өздерінін қанды шенгелдерін айнала жүртка каттыбытыра бастады. Қызылжар, Қекшетау, Ақмолатөңірегіндегі халыкты аяусыз сокқыға ұшыратқан олар жолдагы елді қырып-жоя отырып, Қытайға қарай жөңкілді. Оның ішінде, әсіресе өзінін катыгездігімен, озбырлығымен көзге түскен Токаревтің бандасы болды. Осы топ жол-жөнекей, сәуірдің бас кезінде Қаркаралы жолына түсті. Жолшыбай банда «Цвет жизни» коммунасы шаруашылығының ойран-топырын шыгарып, Миньковка селосында үш адамды, Санников (казіргі Бұқар жырау) селосында он үш адамды, Пролетар селосында коммунист А.В. Пискуновты айуандықпен азағтап өлтіріп, сәуірдің 6-сында құрамындағы 2500 адамы, 700 арбасымен кешке қарай Қаркаралыға жасырын кірді. Уезд, кала басшылары қамсыз, дайындықсыз отырды. Дәл осы кезде Халық үйінде партия, кенес, комсомол активінің мәжілісі өтіп жаткан. Қаркаралы уезінің түкпір-түкпірінен келіп, бас коскан халық өкілдері, коммунистер мен комсомол жастар,

партияда жок большевиктер халық, ел қамын кеңінен сөз етуде болатын. Осылайша отырып, олар қалың жаудың қоршауында қалды. Үездік партия комитетінің хатшылары Иван Малашкин мен Эбжан Медеубаев, аткару комитетінің төрагасы Иван Ляпин, ВЧК бөлімінің бастығы Альфред Чигович, оқу бөлімінің менгерушісі Михаил Хрусталев, соғыс комиссары Герасим Базилевичтер соңғы демі біткенше жаумен айқасқаны, соңғы оқтарына дейін атысқаны кеңес дәүірінде әспеттеле жазылғаны белгілі. Жазықсыз мерт болғандардың жалпы саны 78 адам болды. Қызыл Армияның отрядтары келуден 2 күн бұрын олар қаланы тастан кетті.

Тура осы Токарев бастаған құрамындағы 2500 адамы бар актardың әскері Қытайға өту үшін Семей жеріне бағыт алды. Олардың Семейге өтуін Көшкін-Қазыбайдың екінші баласы Отардан туатын Эліқұлдың Қабдолласы деген аксақат көп әнгімелеші еді. Ол - Токырауын болыстығында ұзак жылдар бойы №3 ауылдың би болған Жиенқұл Қожаназаровтың туысы. Қожаназардан Жиенқұл мен Эліқұл туады. Эліқұлдан Қабдолла, Әbdірахман, Әшім тұган. Эліқұлов Қабдолла орыеша және арабша хат танығандыктan 1930 жылдары сауатсыздықты жоюға байланысты мұғалім болып, одан соғысқа бастан-аяқ катысып, 1946 жылы елге оралған сон «Бірлестік» бөлімшесінде мұғалім болып, зейнеткерлікке шықкан сон «Қаратал» совхозына келіп тұрды. Бала кезімізде осы актар әскерінін аудан жері үстін basып етіп. Семейге өту тарихын көп әнгіме етуші еді. Оның себебі тұган інісі Әbdірахманның тағдырына байланысты еken. Соның кейбір жаңғырығы есте қалғандықтан осы Қабдолла аксақалдың ұлы Қадырханға әкесінің айтқандарынан есінде қалғаны бар ма деп өтініш жасаганымда, ол мынандай оқиғаны жазып берген болатын.

«Токарев бастаған әскер Семейге бару үшін Токырауын болыстығы жеріне ат басын бұрады. Былқылдақ арқылы Қызырарай тауының баурайы арқылы өтуге ерте көктем, сүйрекен қару-жарағы мен 700 арбасымен өту мүмкін болмаған сон есі

жол сорабымен жолдағы мекендердегі елді тонап алып, Шатырша арқылы Сарытеректегі елге келеді. Сонда Қабдолла ақсақалдың інісі Эбдірахманды Семейге карай жол бастауны болуга зорлап көндіреді. Ол кісі хат танитын, орыс тілінде сөйлей алатын пысықтау адам болған екен. Эбдірахман актың әскерін Семейге барап жолдағы біраз ауылдарга соқтырмай, ал басқаларына алдын ала хабар беріп, қамданып отыруын ескертіп қойып отырган. Ондағысы «біз патша жактамыз» дегенді білдіру үшін есіктерін мандайшасына ақ ту іліп қоюды тапсырыпты».

Қабдолла ақсақал «әскерді қобінесе төре-төленгітердің ауылдары үстімен алып отіпті» деп отыратын. «Неге?» деген сұрағымызға «олар патшадан шен-шекпен, сыйлықты көп алды, соларды көрсеткенде тиіспеген болуы керею» деп жауап беріп еді. Рас-өтірігін кім білсін. Сол Эбдірахман 15-20 күн журіп елге аман-есен оралыпты. Білетініміз Токарев бастаган әскер бірді-екілі оқига болмаса, Тоқырауын бойындағы елді қырып-жойып ел шулатпаган болса керек. Эйтпесс олар туралы ел аузында ескі сөздің қалмауы мүмкін емес. Кеңестік идеология канша қаралғанымен, олар кадровая армия ретінде әскери заң мен тәртіпке бағынды. Оған караганда «бай-болястар жау» деген сокырсенімгебой алдырганылғи кедей-кепшіктен құралған қызыл армияның салған ыланы басым болса керек. Ж.Аймауытовтың «Ел корганы» драмасына өзек болған оқигалардан біздің ел де тыс қалмаган болып шығады. «Ол не еді?» дегендердің ынтасын ояту үшін бұл шыгарманың мазмұнын баяндап жатпаймыз. Көк жәшік пен ғаламторға телміргенінше, бір уақыт кітап оқысын деген де ойымыз бар.

## XI тарау

### АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҚБИДАЙ

Қазірде не бір ықылым заманнан бері қалыптасқан және теренге тартқан тамыр қуатынан айырылған, жартылай шөлді аймакқа айналып құрып бара жатқан Ақтогайдың сайын даласына қарап отырып жаңарымызға жас толады, қоңылді мұн камайды. Аспанын гарыш кемелері тұлғалеп, жерін оның протонға толы ракеталары құлап улап, өкпек жел мен тасқын сулары шайып, ежелден бері халқына құтты коңыс болған кең байтак олжесі XX ғасырдың аяғында сырқат халғе тап болды. Қазір бүкіл аймақ алат құшагына дайын тұр. Бір кездері торт түлік мыңғырган мағағоріс болған жайылымдар тозып, озен суы азайып, бұлактары сарқылып, орман-тоғайы сиреп, жер азды. Тұйеден – жампоз, жылқыдан – тұлпар, койдан – бағылан, ешкіден асыл тұқым есіріп емін-еркін күн кешкен ел-жұрт егемендік алғаннан кейін ертеңіне елеңдей бастады.

Орыс отаршылдығы мен кеңес дәуіріндегі ұзак уақыт бойы қазактар тек қана көшіп жүрумен гұмыр кешкен жабайы, тағы халық болды деген ұлы державалық астамшылық пен шовинизмге негізделген бәтуасыз пікір орын алғын келді. Орыстандыру мен христиан дініне кіргізу максатында айтылып, ел-жұртты мәңгүртгендіру саясатына негізделген осындай ойлар тұжырымға айналып, оны бас шұлғи костаумен келдік. Көшпелілік мәдениет мен шаруашылық деген мүлде болмағандай, жер емшегін емген егіншілік дәстүрі жоктай өткен тарихымызға мұрын шүйіре қарадық. Оның барлығы «қазақ халқы Қазан тоңкерісіне дейін сауатсыз, мәдениетсіз, көшіп қана жүрген жартылай жабайы халық еді, революциядан соң орыс халқының аркасында ғана ел болды» деген шовинистік пінғылды ұлт санасына орнықтырудан тұғанына назар аударып жатнадық. Біздің ойымызша орыс тарихшылары мен ғалымдары казактардың жартылай отырықшы және көшпелі болып келгенін де осы егіншілікпен

шұғылданғанын жокқа шығару арқылы дәлелдегісі келді. Себебі егін салудағы ғасырлық тәжірибе арқылы дәнді-дақылдардың небір асыл тұқымдарын шығаруда Еуропа мен орыстардан озып кеткендігіне қызғанышпен қарай отырып, мақсатты түрде жокқа шығаруга ұмтылды. Оны қенестік биліктегі партократтар мен шарлатан ғалым Лысенконың жолын қуушы ғалымдарымыз ерекше қостады. Осы бір астамшылық ойдың кесірі әлі де болса бой көрсетіп қалатыны жасырын емес.

Әрі-беріден соң 1820 жылы Орынбордан Бұкараға елшілік мақсатпен сапар шеккен Негридін тобында белді мұше болған империялық бас штабтың капитаны Е.К.Мейендорфтың Сыр сағасындағы тұрғылықты елдін ергеден отырықши болып, арпабидай, тары өсіретінін тамсана жазғаны де елеусіз қалды. Ендеше сол Сырдың бойынан келген Ақтөгай жұрты өзінің ата-бабадан бері келе жатқан егін салу дәстүрінен аяқ асты қол үзе қалды дегенге кім сенеді?! «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұламаның» зардабынан басында Кара Нұра бойына, одан соң Токырауынга келіп орнатасуының да себебі сонда жатыр. Қаракесек Сарымның Өтеміс атасына жататын рулардың Шет ауданы аумагына тоқтамай, егін салуға қолайлы Токырауын бойын таңдауының да сыры осында болса керек.

Токырауын арнасында сол дәуірден бері егін салып, су дірмен орнатқан, үйрлеп жылкы, отарлап кой айдаған елдін бүгінгі өкілдері ата кәсіптің қыр-сырына терең үніле алмай, қенестік кезеңде құштегі енгізілген «жаңалықтардың» кесірінен дәстүр жалғастығынан қол үзіп қалған жайы бар. Әсіресе тың көтерудің солакай саясаты бүкіл қазақтың мал және егін шаруашылығына ауыр сокқы болып тиіді. Ол Қазақстандагы барша дихандар қауымын есенгіретіп кетті. Жерге деген жат бауыр, жыртқыштық көзқарастың себеп-салдары көп ұзамай-ақ білініп, жергілікті топырақ мен озен-судың өзіндік ерекшелігіне құрылған дәстүрді тас-талкан етті. Жаппай сыйырта жыртуудың салдарынан топырактың құнарлы қабаттары тозып, бара-бара тозаң болып желге үшып, ракымсыз колдан жасалған кү далаға

айналды. Бұл бидай мен тарының, күріштің бұрыннан мирас болып келе жатқан жетілген тұрлерінің жойылып кетуіне апарып сокты. Соның тауқымегін тартып, зардабын көрген Аркада аңыз болған Ақтогайдың атақты Ақбидай да бар.

Қазак елінің өткен тарихынан мол хабары бар орыс ақыны Сергей Марков осы Ақбидай дәуірлеп тұрғанда-ақ «Егер сіз Ақбидай деп аталатын алтып бидай туралы әлдене естісөніз, ол әлдебір шаруақор қолдан жасалған кереметпен кездестім деп ойламағайсыз. Бұл Ақбидай Токырауын алқабында ежелден оседі. Оның галамат жаратылышының өзі сондай. Сіз калай ойлар едіңіз. Бұл бидайды бойтұмдардай әспеттеп, шағын қалталармен бүкіл елді арарап жүріп, бір-біріне көрсетіп жүріп, егер зауқы сокса дәнді жалғыздап жейді» деп өзінің ерекше таң қалғанын жасырмай жазды. Жер шарындағы адамдар пайдаланған мәдени өсімдік атаулысының тұқымдық тегін, өсу және таралу жолдарын зерттеген атақты галым академик Д.Н.Прянишников өзінің «Мөлтек өсімдіктер» атты еңбегінде де Ақтогайдың Ақбидай туралы жазып:

«Француз бидайының жұз дәні 4, 55 грамм болса, ост-ұнді сорты - 3, 8, американық тұқым – 3, 2, ал орыс бидайы – 2, 25 грамм тартады. Ал Конырат бидайына жататын Ақбидайдың жұз дәні – 6, 2 грамм, Көжебидай – 4, 5 грамм. Ақбидай жетіден 25-ке дейін тармақ шығарып, әр масакта 52-ден 120-га дейін дән байлап, әр себілген бір пүт тұқымнан орта есептеп 50-60 пүт астық береді. Көжебидай 30-дан 55-ке дейін тармак шығарып (кейбір тұрлері 75-ке дейін бас тартады) әр масакта 30-60-тан дән байлап, бір пүттән орта түсімділік 60-70 пүткә дейін айналады» деген жоғары баға береді. Осындағы «Көжебидай» дегенді біздін елдің аксақалдары «Қожабидай» деп атайдын. Басында «Қожабидай» орыс тілінде «Көжебидай» деп жазылып кеткен де, бүкіл ғылыми енбекте бидайдың бұл тұрінің атауы осы үлгіде берілетін болды. Ал енді кейбір тұрлері дегенін таратсақ, Ақтогай дихандары «Ақбидай», «Қожабидай», «Бесбас бидай», «Ақбикеш бидай» деген және казір ұмытылған басқа да тұрлеріне будандастыру

арқылы қол жеткізген.

Басқа да генетик ғалымдар айырықша мән берे жазған Ақтогайлық бидай тұрлерінің атак-данқы қазақ даласының түпкір - түкпіріне тарағ, қадір-қасиеті алысқа жетті. Қазақ даласын отарлаудың белсенді өкілі. Қарқаралы бекінісі әскерінің жұзбасысы Д.Карбышев 1827 жылы Омбыда Токырауын болыстығының тұргыны Тұрсынов леген диханың қол жеткізген керемет табысын аузының сұзы құри баяндайды. Көжебидай ұнынан быламық, бөкпен және бауырсақ тағамдары жасалатының айтады. Сол секілді карқаралы уезі қазактарының тұрмыстірілілігі мен шаруашылықтары туралы жақсы білген және ғылыми жазбалар қалдырған оқымысты оғиндер М.Красовский 1863 жылы Надан Тобықты болысының 180 егіншісі 310 пұт бидай еккенин жазады. Сол кездін озінде Тоқырауын бойында бес дірмен, Қусак өзенінің сағасында екі, Қарабұлақта екі су дірмен сол аймактағы егін салатындардың пайдасына жарап тұрғанын атап көрсетеді. Егін салатын сүдігер жерагашпен жыртылып, ірі тогандардан тартылған кішігірім арықтар арқылы суарылатынын, егін салуда жергілікті жер мен судың өзіндік ерекшеліктерін жақсы білгендіктен де мол өнім алатынын жазады. Өкінішке орай ол Тоқырауын арнасында өсетін бидай тұрлерінің атауларына көніл аудармаган немесе қажет санамаган.

Актогайдың Ақбидай турали енді бір деректер көбінесе отаршылық саясатқа сай Ресейлік ұлы державалық менсінбеушілікten туындал отыратын кемсітүшілік пінғылдарда кездеседі. 1982 жылы қазақ даласындағы көптеген үзілдіктерда құргақшылық болып, егін шықпай қалады. Дағы генерал-губернаторлығының басшысы, тарихта аты басыбайлы шаруалар мен орыс казактарын Жетісуға коныс аудартумен қалған Г.А. Колпаковский егіс алқаптарын зерттеу мен тұқым тұрларін асылдандыру турали бұйрық шығарып, арнайы жұмыс тобын жасактауға пәрмен береді. Сол себептен де өнім алуда кындыққа ұшырамаган Арқага, оның ішінде Тоқырауын бойына генералдың бас кенесшісі С. Ловицкий аттанады. Оның осы сапары турали

есептік жазба түрінде келетін баяндамасы бұрынғы Қазақ ССР Орталық архивінде сакталған еді, көзір де бар шығар. Эр парагында менсінбесушілік пен миссионерлік пигыл анқып тұратын осы жазбасында біз үшін маңызды мынадай дерек бар:

«Қазактар (мәтінде Киргизы. Ж.С.) ежелден астық егumen шүгілданып келеді. Бірак кәсіптін бұл түрімен тек егінші-дихан деп аталатын жарлы-жақыбайлар тобы айналысады. Жатактардың өз жеке меншігінде малы жок. Мойынты болысындағы Шу өзенінің он жақ жағасы. Нұра болысының - Нұра (Бұл Қара Нұра емес, шет ауданындағы Нұра, Талды өзендері. Ж.С.), Темірші болысының – Кусак. Баканас болысындағы – Баканас, Кент болысындағы – Талды, Беріккарадағы – Жарлы, Тоқырауын болыстығындағы Тоқырауын өзендерінің саласында егіншілік әбден тарала дамыған. Аталған барша астықты қойнаулардан жергілікті жағдайлар мен ак егіс көлемі жағынан Тоқырауын, Талды, Жарлы өзендерінің төнірегі ерекше назар аудартады» деп жазады. Олай болса Ақтогайдың Ақбидайы аталған тұрлерінің шығуының тарихы тым әріге кететініне дау болмаса керек. Сонда жүз дәні 6,2 грамм болатын Ақбидайдың, 4,5 грамм тартатын Кожабидайдың және Ақбидай жетіден 25-ке дейін тармак шығарып, әр масакта 52-ден 120-ға дейін дән байлап, әр себілген бір пүт тұқымнан орта есеппен 50-60 пүт астық беретіндей дәрежеге жетуі ұзак жылдар бойы жасалған және еңбекпен келген іс-тәжірибелің жемісі болып шығады.

Ақбидай туралы мағлұматтарды іздестіруде 1892 жылы Омбыда Арқага келімсек переселендерді орналастыру мен қоныстандыру үшін тұргылықты жер іздеу мақсатында шұғыл ұйымдастырылған экспедиция жасақталғаны туралы мәлімет кездесті. Қарқаралы уезінен патша шенеуіктері қосылған олар Ақтогай, Тоқырауын бойына да ат басын бұрды. Осы экспедиция есебінде Тоқырауын өзені бойында Батыр, Қошкін Қазыбай, Өрысбай, Шақабай тоғаны аталатын ірі тоғандар мен басқа руладың меншігіне жататын арықтар бар екенін және Бабахан руының Жайлак өткелінде тоған бөгейтінін анықтаған. Бұл

жергілікті Сарым руынан тарайтын жеке аталар егін салатын жер жағдайын, Тоқырауын секілді өзеннен қырғасу шыгаруга қолайлы түсын дәл білген тәжірибеден туатын сұнғыла білгіліктерін танытады.

Экспедиция материалдарында бір ру атын жазуда жаңсактық кеткен. «Бабахан руының Жайдас өткелінде» деп отырганы – алдынғы тарауда «Бекей хан әuletінен тарайтын Сұлтанғазы сұлтанның екінші әйелі Апаттан Қанкожа, Бабахан. Дайыр туады» дегендегі Бабахан төренің тоғаны, ол тек экспедиция жазбасында ру атына ауысып корсетілген. «Батыр тоғаны» деп отырганы - ұлт косемі Ә. Бекейханның бабасы. Яғни, туыстары ага сұлтан болып тұрған және мал байлығы жағынан да ешкімнен кем емес, Актогай төрелерінің өзі де екі бірдей тоған ұстаган. Біз де ет пен сүйектен жаратылған адамбыз ғой, «Кошкін Қазыбай, Орысбай, Шакабай тоғаны аталатын ірі тоғандар» мына менің ата-бабама тиесілі екенін айта кетсек, пендешілік айып болмас. Балқаш жағында тобықтының «Бес жындысының тоғаны» да тарихта қалды, оған қараганда бұл тоғандар сол аймақтағы бүкіл елге бауырсақ шайнатып, наң жегізді.

Сонымен катар Кошкін-Орысбайдың Саумал атасы тармагының үрпагы, ел мен жер тарихы туралы бірнеше танымдық зерттеу кітап пен макалалардың авторы А. Қалымбергеновтің «Орысбай тоғаны» атты еңбегіндегі осы Көшкін руының тоғандары туралы көнекөз кариялардан естія-жазып алған деректерін «Көшкіннің алжыған шалдары айтқан былшыл» деп жалғанга балап, негізсіз санап күмәнмен қарап жүргендердің көзін ашуға да бұл бұлтартпас деректік гарихи құжат болып табылады. Экспедициядағы осындай материалдар А. Қалымбергенов кітабындағы жазған мына пікірін растай түседі.

«Өзегі талғанды жалғаған, үміті үзілгенге дем салған тоғандар Балқаш-Қоңырат-Актогай ауданында аз болмаган. Солардың ішінен ең кәрілерін Кошкіндердің Қазыбай, Орысбай, Шакабай тоғандарын тілге тиек еттік. Олай деуіміздің себептері жок емес. Сарытерек аулында Орысбай-Токабай баласы Саумалдың бейіті

тұр. Шамамен 200 жыл. Арқан бойы жерде балалары Құлтебай, Құзембай, Құлшебайдың күмбездері күмбірлеп тұр. Әрі Орысбай тоганының бойына салынған. Күні бүгін суармалы жерлердің белгілері сайрап жатыр. Тек жатқан жок, көшекендер егін салған деп айтып та жатыр.

Енді бір деректерде Рұсстан (Орыстан) жатақтар егін салуды үйретті деген пікір бар. Онысы Қарқаралы бекінісі салынуымен байланыстырганы, ол - тарихта 1824 жыл. Орыс ағайындар кедей-кепілгерді отырықшылыққа үйретеміз деген әрекеті бекер емес. Тоқырауын бойында суармалы жерлердің өртеден болғаны айдан анық, орыс ғалымдары да, Ә.Бекейхан да жокқа шыгармайды.

Токсан ауыз сөздің түйіні: Көшкін руына кіретін жатақтар Тоқырауын бойында егін салып күн көрген, тірі қалған, ұрпак жалғаған. Қожабидай, Бесбас бидай, Ақбидай есірген. Олардың осы кітапта атын атап түсін түстедік. Ақтогай топырагында бидай да, арпа да, тары да, жүгері де өскен. Су диірмендер жұмыс істеген» дегенді жазуының тарихи негізі бар екені анық болды.

Дәл осы жерде Амантай ағамызды тоғыктыра кетуге тұра келеді. Орыс переселен мұжықтары егін салатын жерді, тоған қазып су шыгаратын арнаны жергілікті жердің егінші-дихан адамдарынан артық білді дей алмасақ керек. Ендеше кімнен кім үйренді деген даулы мәселе. XVIII-XIX ғасырдан бері егіншілікпен шұғылданып, сол арқылы мол тәжірибе жинаған дихандар жалғыз көк шолақ атын арбаға жегіп ауып келген орыс мұжықтарына үйретпесе, үйренді деуіміз бекер болар. Рас, темір жер өндеу құралдарын алмасқан шыгар, тұқым айырбастаған шыгар, насыбай үгуге шылымдық табак алған шыгар, бірақ егін салуды олардан үйренген емес деп кесіп айтқан дұрыс. Себебі орыс переселен-карашеклендері жергілікті жердің су, ауа, топырак ерекшеліктері мен табиги амалдардың сол дікандар қауымынан артық білді дей алмасақ керек. Егінді салуда Арқада болатын көктемгі табиги амалдарды, мысалы «Құралайдың салқыны» өтуіне карай ойластыруды келімсек орыстар бірден ескере койды дей алмаймыз.

Алдағы тарауда 1898 жылғы Ф.А.Щербинаның экспедициясы материалдарына сүйене отырып, 1920 жылға дейін №3 әкімшілік ауыл болып келген Көшкін руының ауылдарының мекендері мен қыстауларының тізімін көлтіреміз. Соган қарап бұл есken-өнген ру екенін байқау киын емес. Сарымның ру басылары болған ақсақалдар мен билер өз руының қамы үшін «Бәрін бірдей қойшы болсан, құл боларсын, бірін қалмай тойшы болсан, жынды боларсын» деген қағиданы берік ұстап, мал мен егін шаруашылығын катар ұстады дәстүрге айналдырган. Егіннің ебін билетіндер мен осы саладан таным-біліктік санасы барларды максатты түрде жатак ретінде калдырган. Жатақ ретінде «жайлауға көшетін малын жок» деп тек кедейлерді калдырган деу ақылға сыймайды. Ел ішінде азын-аулақ мал басын құрауга қабілеті жетпей жүргендер Ақбидайдай жоғары сортты бидай түрін шығаруға өресі жетті дегенге кім сенеді!?! Тоган қазып су шығару мен егін салу секілді істіңбайыбына бара алмайтындарды калдырганинан түк өнбесін білмеді деу мүмкін емес. Олардын малын өздерімен бірге жайлауға әкетіп, бағып каккан. Сарым елі ру басылары «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екенін» ертеден-ак біліп, егіншілік шаруашылықты максатты түрде жүргізуге дең койған деген қорытындыға келеміз.

Біздің бұл пікірімізді Тоқырауын топырагы мен ондағы егіншілік туралы 1901 жылы шыққан Брокгауз бен Ефронның сөздігіндегі мәліметтерастайды. Ол 1899-1902 жылдары З томдық «Брокгауз бен Ефронның кіші энциклопедиялық сөздігі» деген атпен, 1907-1909 жылдары 4 томдық екінші басылымы шықты. «Жаңа энциклопедиялық сөздігі» 1911-1916 ж. шығарылды, жоспарланған 48 томның 29 томы шықты. Бұл басылымга белгілі алаш қайраткері Ә. Бекейханов автор ретінде катысқан ері осы энциклопедияда оған арналған арнайы есімнамалық макала да берілген. Сондыктан да ондағы Актоғайдагы жер-су аттары, топырагы мен егіншілігі туралы макалаларды берген және жазған Ә.Бекейханов болып шығады. Мұны ерекшелей айттың отырған себебіміз: осы сөздік арқылы Актоғайдың топырағының касиетті

atak-даңқымен шетелдіктер де таныс болған.

Сол сияқты отаршылдық саясаттарын бүркемелеп, бізді Еуропага жабайы халық ретінде таныстыруды мақсат тұтып «Описаниекиргизо-кайсацкихОрды» еңбегінде: «Бұл қазактардың өздеріне тән поэзиясымак өлеңдері мен әндері бар. Олардың ән айтқаны қойдын манырағаны секілді жағымыз әсер қалдырады» деп жазған Левшиннің, қазактың балдай қымызы ішіне жақпай мазасы кеткендіктен: «Бұлар биенің сүтінен арақ жасайды, соны ішемін деп үш күн бойы есімді жинай алмай келемін» деп жазған Янушкевичтің миссионерлік пигылдагы жазбаларының ықпалында қалам тартқан тағы бір орыс саяхатшысының тұра біздің Ақтогай, оның егінші жатақтары туралы пікірі де бар. Біздің елге 1913-14 жылдар шамасында келген ол да Тоқырауын бойында егіншілік кәсіптің өте дамығаны туралы айта келіп:

«Мезгілінде өзен бойынан көше алмай қалған казактар бөгелек, оқалақ пен сонадан бірнеше түйе, ондаған жылқы, тіпті қараусыз қалған екі баласын өлтіріп алғанын Қызыларай тауындағы корықшыдан естідім. Олар тыныс сезімдеріндегі сұмдық ісіктен кейін тұншығып табан астында өмірем кабады. Жыныс талы мен тоғайынан өзеннің аргы бетіне шыққанша бір қазактың атынан айырылып қалғанының өзі, ажалдың қалай тез келетінін көрсетеді» деп жазады. Оның қорықшы деп отырғаны - егіннің күзетшісі болуы керек, орманшылық қызмет бола қоймаган. Болған күнде оны орыс ұлты өкілі орманшы, яғни лесник деп жазары анық. Бұл қорықшы адам, кім де болса, ақылды азамат екен. Әңгімесінде айтқандарына Тоқырауынның шыбын-шіркейін сұлтау ете отырып, орыс мұжықтарын әкеліп орналастыратын жер қарап, саяхатшымын деп келген андуши орыс жансызын осындағы қорқынышты әнгімелер айту арқылы шошытып жібергені деп түсінген жөн шығар. Себебі ата конысты орыс алуына біздің елдің қай руы болса да қарсы болғанына дәлел жеткілікті. Әйтпесе «шыбын-шіркейі мол, кез келген уақытта ажал дайын тұратын адам тұрғысыз жер» деп таныткан сол Тоқырауын бойында ата-бабамыз тіршілік етті, үрпактары да

тұрып жатыр.

Кеңес дәуірінің сонына қарай Ақтогай бидайлары туралы одактық генетик, биолог мамандар да дабыл қаға ізделі. Олар сирек ұшырасатын дәнді-дақылдар тұқымын сактап отыратын койма мен тіркейтін «Қызыл кітап» жоқтығын тілге тиек ете келіп, солардың қатарында Ақ бидайды ерекше атайды. Академик Д.Д. Брежнев деген ғалым 1974 жылғы 25 шілдедегі «Известия» газетінде үлкен өкінішке толы макаласында: «Қазак даласында ертеден бері құргакшылыққа төзімді, түрлі аурулардан қорықпайтын және сортан жерге өссе беретін бидайдын көне «Ақбидай» тұқымы кең тарағып келді. Бұдан тыс ол онайлықпен төгілмейді, бұл құшті жел тұратын аудандарда аса қажет қасиет. 1972 жылғы экспедиция бұл керемет өсімдікті таба алмай қайтты. «Ақбидай» масагы тек біздін коллекцияда ғана бар» деп күйінеді. Иә, отаршылдық, одан соң оның жалғасы болған қызыл империяның тың игеруге байланысты жүргізген осы қастандығы тек Ақтогайдың ғана емес, бүкіл казак халқының егіншілік ата кәсібінің асыл жауһары ретіндес бағаланатын Ақбидайдың түбіне жетті.

Тағы қайталап айтайық, Ақбидайды орыс коммунистік билігі максатты түрде жойды. Ондагы ойлары - қайткен күнде де казак халқын тарихи тамыры мен салт-дәстүрінен, діні мен ділінен, ана тілінен және атадан балага мирас болып келген дәстүрлі жетістіктерінен айырып, мәнгүрттендіру, космополитке айналдыру саясаты. Ол - Ақтогайдың атақты Ақбидайының жер бетінен жойылып кетуіне әкелді. Осы жерде Ақбидай Қазақстанның ірі өзендері бар басқа аймағында неге өспеді, олай болғанда жоғалмайтын да ма еді деген занды сұрап туындейді. «Бесбас және қожабидайды біз де өсіріп, мол өнім алайыю» деп талпынбады дей аламыз ба? Талпынған, өсіруге тәжірибе жасал коріп арнайы келіп үйренген де. Бірақ ол жакты Ақбидай жерсінбегендіктен де өспеген! Бұл да болса Ақтогайдың топырағы мен суының қасиетті екеніне нақты мысал. Ендеше барша Ақтогайлар калай мактанса да орынды. Тіпті де сол атадан

балага мирас болып келген егіншілік еңбек дәстүрінен айрылып калғандықтың соны 1990 жылдар ортасында басталған жеке шаруа қожалыктарын құру, одан соң кеңестік шаруашылыктарды үлеске бөлудің соны аудан жұрттың жұмыс қуып қалага қарай үдерे көшуіне душар қылған нәубетке тап қылды. Орыс отарлаганнан бері шекесі шылқыған еңбекпен ғана күн көріп, қалың соры арылмаган Актогай халқының бүгінгі таңда да ашығы алышысынан түсে койған жок. Бар тілеуі – «Тәуелсіздігіміз тұғырынан таймаса екен» деген оймен, «айранын ұрттап, қойын құрттап» тұрмыс кешін отыры.

Казірде осы Актогайдың Ақ бидайының дәмін татқан қариялардың саны азайып қалды. Солармен осы туралы сөз қозғасаңыз-ак болды, көрүі нашарларап бара жатқан жанарлары жарқ ете түсіп, бидайдың ұлкендігі туралы сөзін дәлелдеу үшін алдарындағы мейіздің бір данасын ұстай алып, «міне, ақ бидайдың тұркы тұра осындей болатын, ал кожа бидай оған жетекабыл еді» деп күрсінеді. Ақ бидай туралы жерлес ақынның Ж. Қашқынов пен А. Нысаналин деген журналист те арнайы макалалар жазды. Олар да біздің елге ғана тән бидайдың осы түрінің қадір-касиетін сипаттай келіп, тұқым боларлық тұрлеріне дейін құрып кеткенін үлкен өкінішпен еске салады. А. Нысаналин «Жас Алаш» газетінде «Атакты Ақбидай қайда?» деп бұл бағытта арнайы журналистік зерттеулер де жүргізген де болуы керек. Оны мына жазған пікірі дәлелдейді

«Аудандагы көнекөздері әдетте Ақбидай және басқа да дақыл тұрлерінің Токырауынның төнірегінде 20 мамырға дейін егіліп бітіп, орақ маусымы 20 тамызда басталып, арадағы 100-110 күн дәннің көктеп, ғұлдеп, масақ сарғақ тартып пісіп ұлгеретінін жақсы білген. Осы ғасырдың жиырмасыншы жылдары кейбір колы береген дихандар бір пұттан 89, тіпті жүз пұтқа дейін өнім алған көздері болған. Ол үшін кызыл судан кейін егістікке бір ай өткенде екінші, тағы он күн өткен соң үшінші су беріліп отырган. Соғыстан соңғы жылдары да шығымды Бесбас бидайдың биіктігі 1,2 метрден асып, масақ ұзындығы 15 сантиметрге жетіп, 20

тармак салып, 175-200 дән баилаган көздері көзір оұл-оұл ұшты. 1935 жылдың өзінде Ақтогайдагы ауылшаруашылық көрмесінде бір түпке 44 тармагы бар, әр масағында 90 дән кездесстін Қожабидай, 32 тармакты Ақбидай көрсетілген. Сол шакта көзі тірі С. Бекенбаев, (75 жаста), А. Кешекбаев (74 жаста), И. Қойшыбаев (85 жаста) және өзгे ауыл ақсакалдары қазактын егіншілік мәдениеті мен тәжіриbesі жөнінде коп маглұматтар берген еді. 1957 жылға дейін бір жыл ғана Қоңырат ауданында арықиен камтамасыз етілген 5 мың гектар жер бар еді. Ал оның үш жарым гектары суармалы болатын. Аңызга айналған атакты бұл бидай түрлері Қазан төңкерісінен бұрын (Қапал, Лепсі, Жаркент т.б) Есіл өнірі мен (Атбасар, Қараөткел өнірі) және Ергіс бойының суармалы жерінде егілін, мол-мол өнім беріп келді. Амал не тың игеру кезінде колемі шағын егіс алқаптары жойылып кетіп, бұрын құнарлы болған жерлер тозып кетті» деген ой корыталды.

Макала авторының Ақтогайдың Ақбидайы егілді деп осында көрсеткен казак жерлерінің алқаптарында жаппай себілді пікірін кате демей-ак қоялық, бірақ үшқары санаймыз. Аз-маз егілген де болуы керек, әйтсе де бұл өнірлердің өлкетанушылары мен оны зерттеген ғалымдар тарапынан дәлелді тұжырымдардың жоктығы құдік туғызады. Олай болса Ақбидай қазак даласының онтүстік шығысы мен солтүстігіндегі біршама жеріне егілген болып шығады да, оның барлық түрлінің жойылып кету мүмкіндігі де азаяр еді. Оның бірден жойылып кетуініе Ақбидайдың тек бір ғана өнірде егілуі себеп болды деп ойлауға еркіміз бар.

А.Нысаналин осы макаласы арқылы Ақбидай тағдырына араша-сауға сұраған мәселені ортага салуы үлкен жана шырлық болды. Ақбидайдың жогалып кетуін ұлттық трагедияға балаган ол: «Бұл - үлкен қүйініш. Бұндай-бұндай жағдайлардың бәріне немікүрайлықпен қарауга бола ма?! Олардың жай-жапсары республиканың осы саласымен айналысып жүрген жандарға беймәлім деуге ауыз бармайды. Ендеше неге ешкім селт етпейді? Неге дабыл қағылмайды? Сонда атакты Ақбидай, Қожабидай, Бесбас бидай кайда?» деген проблема көтерді. Амал не,

Қазақстанға хатшы болып келген Г.Колбиннің кезінде мансабы үшін діріл қаққан паргия шенеуіктері де, ауыл шаруашылығы саласы ғалымдары да үн қатқан жок.

Ақбидай мұлде іздеусіз қалды десек, жалған болар. Ол туралы өзім күә болған бірер жайды да айта кетелік. 1990 жылдардың басында ауылдан «Ақбидай табылыпты» деген хабар дүнк ете түсіп, ол қаладағы бізге жетті. Мен туылған «Қаратал» совхозы кезінде «Ұлы Октябрь» колхозы болып тұрғанда, оның басқармасы болған С. Шомақбаев аксақал бұрыннан тұрған ескі үйінен үкімет берген жаңа үйге көшеді. Кешу барысында коржын үйдін үш күдік пешінің мұржа шығатын жактагы үстінен бір дорба бидай табылады. «Бұл не?» деген құмарлықпен үй иесі Сейдіғазым картка корсеткенде «Құдай-ау, бұл Ақ бидай ғой, жок, оның қожабидай аталатын тұрі ғой. Қалайша пеш үстінде осы құнғе дейін ұмыт қалған» деп мұнайыпты. Осы хабарды естіген соң ауылға аттаным да, экем Қожахметті ертіп барып Сейдіғазым картка колқа салып отырып, сірінкенің екі корабы толған бидайды сұрап алдым. Ондағы мақсатым - табылған қожабидайды калпына келтіруге өз жәрдемімді тигізу еді. Себебі, 1990 жылты мен жұмыс атқаратын КарМУ-ге көрнекті биолог, генетик ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор А. Бигалиев ректор болып келген еді. Сол кісіге қожабидайды көрсетіп, «ғылыми лабораториясында бидайды өсіріп көрсө кайтеді» деген ой болды.

Қайтып келісімен ректордың кабылдауына жазылдым да, сөзді Ақбидайдың тағдыр-талайы туралы бастадым. Бұл турасында ол кісі де мол хабардар екен, емен-жарқын әнгімелесті. Сонда мен жоғарыда жазған қожабидайдың табылу тарихын қысқаша айтып еттім де:

– 1950 жылдардың басынан бері қытай үзбей жағылатын пештің үстінде қырық жыл бойы жатып кеүіп, тіпті қуырыла пісіп те қалған шыгар. Оны қара жерге сепкенмен өспес, сіз осы сала маманысыз, зерттеу лаборатория арқылы бір әрекет жасап көрсөніз, – деп бір қорап бидайды ұсындым. Ақбидайдың дерегі

шықканына, оның қожабидай түрі тұқымы табылғанына ерекше әсерленген А. Бигалиев:

— Ыстық жерде сакталуы киын болды. Егер де бір клеткасы болса да тірі калса, онда қалпына келтіремін, - деп қуана қабылдады.

— Бар мүмкіндігін жасаңызы, - деп Ақбидай туралы бар білетінімді айттым да, сөтін салса еken деп мен кеттім. Содан бір рет арнайы барып сұрап, қалған уақытта кездесіп қалғанда сұрап мазалап жүрдім. А. Бигалиев «болмай жатыр» деп басын шайқайды. Уақыт ете бұл іс комескі тартғы, себебі ректорымыз екі-үш жылдан соң орнынан түсіп Алматыға ҚазМУ-ге ауысып кетті. Осыдан торт жыл бұрын Алматыдағы бір конференцияда кездескенде тағы сұрадым.

— Болмады, қарагым, ол бидайлар пісін-кеуіп қалған болып шыкты. 40 жылдан бері сакталуы да әсер еткен. Ешбір дәнді тірілте де, өсіре де алмадық, әрине, өкінішті, - деген кесімді сезін айтты. Ақбидайды қалпына келтірсек деген бұл талпыныс осымен аяқталды. Осы табылған қожабидайды ауылдағы ауыл шаруашылығы маманы З.Құдашбаев арнайы орын дайындал, суармалы түрде кара жерге себін, өсіріп шыгаруга ұмтылыс жасады деп те естідім. Одан да ештеңе шықлады.

Табылған қожабидайдың жыры мұнымен біткен жоқ. Тура сол шакта біздің биология факультетінде осы саладан ғылым кандидаты, жерлес жігіт Ергазы Балабатыров жұмыс жасады. Тұған жер десе, бауыры езіліп тұратын жаксы азамат еді, тек тағдыры қындау болып, марқұм өмірден ерте кетті. Ол біздің совхоздың «Куаныш» бөлімшесінде тұған, Алматыда аспирантурада катар оқығанда жерлестік рухта дос-жаран болып кеткенбіз. Осы қожабидай туралы, оны ректор бастаған топ зерттеп жатқанын естіген соң болар, бір күні жанында бір Рифхат деген татар жігіті бар үйге келді. (фамилиясын ұмыттым. Ж.С.). Рифхатты Алматыдағы бір ғылыми зерттеу институтының ғылыми қызметкері, ғылым кандидаты, доцент деп таныстырды. Бидай тұқымдарының селекциясы мен оны будандастыру арқылы

жетілдіру бойынша зерттеу жұмыстарымен шұғылданады екен.

Колқа сала келгендері - сол табылған қожабидай, соның мендегі екінші кораптағы тұқымы екен. Маман ғалым ретінде Рифхат екеуі осымен шұғылдануды ойластырып жүргендерін, сол үшін сұрап келгендеріш айтты. Қарсы болмадым, тілті қуана-куана бердім. Ақтогайдың Ақбидайы қалыптына келіп жатса, одан артық бақыт бар ма?!

Әңгіме мұнымен де бітпеді. Енді Ерғазы келесі өтінішінің шетін шыгарып, аспирантурада жүргенде мен айткан тағы бір әңгіменің ізіне түсті. Оның жайыбылай еді. ҚарМУ-дың белді ғалымы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Сагындық Жауымбаев біздің елдің сырттай оқитын бір қызына «Ақтогай ауданындағы егіншіліктің қалыптасу тарихы» деген тақырыпта диплом жұмысы тақырыбын беріп, ғылыми зерттеуді тапсырады. Ол коргауга шыгарда диплом жұмысына рецензент болатын адам іздегендеге, оның Ақтогайдан болуын ойластыргандықтан, сараптама пікір жазуға мені бекітсе керек. Содан Сәния есімді сол студент дипломын құшактап маган жұмысқа келді. Мен келісімімді берін, диплом жұмысын алғып қалдым да түнімен оқып, онды рецензия жазып бердім. Әдебиетші болғандықтан біле бермейтін көп тарихи жайларға, әсіресе, Ақтогайдың Ақбидайы туралы көптеген тын деректерге қанықтым. Құннап бір данасын алғып та қалмаганымға енді өкініп отырмын. Қайдан білейін, ол кезде ел тарихы туралы кітап жазамын деп ойлағам да жок. Әттөн, шіркін, сол кезде ксерокопия болғанда гой,

Аспирантурада жүргенде түрлі басқосуларда ғылым жолында ізденушілер өз ауданы, облысы бойынша ерекше тарихи оқигаларды айтуга құмар келетін. Сондайдың бірінде мен Ақтогайдың Ақбидайы мен осы диплом жұмыс туралы, сол Сәния деген студент қызының колында бес тармагынан сакталып қалған озім көрген үш тармақты сабагы және коргауда пайдаланған суреті бар екенін айтсам керек. Осыны ойында сакталған Ерғазы енді келіп «сол дипломшы қайда екенінен хабарым барма, бар болса, бірге іздел барсақ» деп қолка

салды. Ол Сәнияның (фамилиясы жадымда жок. Ж.С.) Ақтогайды Калинин сегіз жылдық мектебінде тарих пәнінің мұғалімі екенін, сондагы Алтынбеков Сейіткамал деген жігіттің жұбайы екенін билетінімді айттым. «Жазған құлда шаршаш жок», бір күнді белгілеп «Жамшы» совхозының Калинин бөлімшесіне жол тарттық. Іздеген адамымызды да, диплом жұмысын да, Бесбас бидайдын суретін де таңтық. Бірак бесбас бидайдын сол үш тармакты тұқымын таба алмадық. Себебі, диплом жұмысына материал іздеген кезде Қоңырат ауданының алғашқы агрономдарының бірі Омаш Байжасаровтың туыстарының бірінен көрсету үшін ат-түйедей қалап алған болып шыкты. Одан сон уәдесінде тұрып қайтарып берген. Ол адамның аты-жөні қазір жадымда жок, қайтарда аудан басынан іздел үйнен соғып едік, жол жүріп кеткен екен. Ергазылар кейін келіп жолығамыз деген пәтуага келді де, қалаға қайтып кеттік. Олар кейін келіп сол үш тармакты Ақбидайды алды ма, жок па, одан хабарым жок. Білетінім, оны алған күнде де және мен берген бір қорап қожабидай тұқымын тірілтуде де бұлар да ешкандай нәтиже шығара алмағаны анық.

Қазір бүкіл Ақтогай жұртының өзегін «шіркін-ай, сол егінші болған кісілер Ақбидайды қалай сактап қалмады екен» деген үлкен өкініш өртейді. Бәрібір де сол дихан экелерімізді даттау мұлде арту артық, замандары аласапыран болып, олар «тың игеруғе карсы болды» деген жалған жала желеуімен ұсталып, сотталып кетуден корықты. Сталиннің жеке басына табынушылықтың 1937, 1951 жылдардағы зобаланынан үрейлері мұлде ұшкан елді түсінуге болар. «Сүм омір абақты гой санағыға» деп Мағжан ақын айтқанындай, казақтың бүкіл даласы түрмеге толған шағында Ақтогай жұрты алдына бір ғана мақсат-міндеп қойды. Ол – кайткен күнде де ұрпақты сактап қалу. Одан басқасына бас ауыртуға мұршасы болмады. Орыстың діни кітабында «не суди, будешь не судим» деген сөзі бар. Сондықтан біздің де ешкімді мансұқтауға құқымыз жок. Ертең ұрпақ ауысканда олардың бізге де қандай үкім шығарарын кім білсін...

Жұмыр жер мен айды айналып ұшып жүрміз, Марска қонуға

талпынып, онда су бар екенін аныктадық. Бірақ ғылым мен техниканын осыншама дамыған шағында Актоғайдың Сарытерек елді мекені бойындағы ел-жұрт ғасырлар бойы өндіріп, әлемде тенденсі жок бидайдың ең жоғарғы сортын шыгаруға кол жеткізген Актоғайдың атақты Ақбидайшы қалыптына келтірге шамамыз жетер емес. Ұлтының өткен тарихын ұмыт қалдырган және оның айрықша саналатын табыстарын сактай алмаған атабабаларына келешек үрпақтың бетіне түкіретіні рас болса, сол кезде тірі қалғанымыз қарғыс таңбасы басылған бетімізді сүртіп тұрып, бір-бірімізге «сол кезде сен кайда болдың осы» десін кінә артатын құн де жақын қалды.

Алгашқы кітабымыздагы осы Ақбидай туралы жазылған тарауды шағындей отырып республикалық «Егемен Қазақстан» және облыстық «Орталық Қазақстан» газеттеріне «Аңызға айналған Ақбидай» атты макалалар жариялаганбыз. Оны санасты ояу зиялды қауым мен ауыл жұртшылығы жаксы қабылдағанын іле-шала хабарласқандарынан байқадық. 2020 жылды 27 тамызда «Орталық Қазақстан» газетінде «Арқаның бренді – Ақбидай тірі!» деген макала жарқ ете қалды. Авторы – белгілі журналист Қызылдак Айтжан. Газет алтын окудан қалған жұрт онымен бәрі бірдей танысты дей алмаймыз. Сондықтан оған тоқтала кету керек.

Қ. Айтжан мақаласын: «Аңызға айналған Актоғайдың Ақбидайын Арқага кайтару – откенді айтып, тамсанып, таңдай қағып, таң қала бермей нақты әрекет қажет еткелі қашан? Бірақ жазылған мен айтылғаның бәрі, жасыратыны жоқ, тек бидайды жоктаудан әрі аспады Жоктаушысы бар, іздеушісі жок-тын» дей келе, «Ақбидай тірі! Елге қайтынты» деген сүйінші хабардан бастайды. Одан сон макалада Ақбидайдың дәндік сапасы туралы «Кенестік ғалымдар не деп еді?» деген атаумен біз жоғарыда келтірген ғылыми деректерді жазады. Ал «Ақбидайды елге қайтарған кім?» деген бөлімін қаз-қалпында тұтас келтірелік.

«Ақбидай тірі деуіміз – бос айғай-сүрең емес. Кейінгі 3-4 жыл мұғдарында Актоғай ауданында ветеринария ғылымының

кандидаты Шүкірбай Төкеев ак бидайды іздең тауып, оны зерттеумен айналысып жүр. Ғалымның айтуынша, бұғандағы колға түскен тұқымның зертханалық саралтамасы оның дәл сол Ақбидай екенін дәлелдеген.

- Алынған бидайды биыл да ектік. Бұл егісте де Ақбидайдың қасиеті қайталанып отыр. Бір дәннен бес бас шықты. Яғни бір дәннен бес масак шығады. Содан халық «Бес бас бидай» деп атаған болуы керек. Егіннің шығымдылығының көп болатыны да осыдан. Жай бидайдың бір дәннен бір сабак гана шығады, - дейді Шүкірбай Төкеев».

Мақала авторы К. Айтжан одан әрі қарай ғалымның осы тұқымды іздестірудегі қадамдарына тоқтала келіп, табылған дәндік нақылдың тек 100-і гана тірі болып шыққанын хабарлайды. Тағы да Ш. Төкевіке сөз беріп:

- Алынған тұқым тірі ме, тірі емес пе деген мәселе туындалды. Зерттей келе ектік. Оның ішінде 100-і гана тірі болды. Содан 70-ке жуығы өсіп шықты. Енді соны көбейтіп, одан әрі дамыту үшін жұмыс жасап жатырмын, -деген пікірін келтіреді.

Бұл - әлемге айтай сала хабарлайтын зор жаңалық! Егерде шын болатын болса, туған жеріміздің атак-абыройы гана емес, тарихының да тірілгені деп ұгу керек. Бұл әрі-беріден сон көшпелі гана өмір сүрген халық деп мұрның шүйіре қаратаң еуропа жүртшылығының алдында казак халқының беделін өсіре түсетініне дау жок. Ш. Төкевтің айтуынша, жүргізілген зертханалық зерттеулердің кезінде осы қолға тұсірген тұқымның саралтамасында дәннің гендік құрылымы тарихтан белгілі «Бесбас бидайдың» қасиеттерін қайталайды екен. Мақалада Ш.Төкевтің колында аса зор ынталан іздең тапқан тұқымды Дүниежүзілік бидай федерациясы мен Ресей ғалымдары атакты Ақбидай екенін макулдаганы туралы құжаттары да бар екені жазылған. Ақбидайды тірілтуші ғалымның: «Мен әуелде ел ішінде «Бесбас бидай» дегенді естігендеге, неге олай аталды екен деп ойлайтынмын. Мұны енді түсіндім. Демек, бір дәннен бес масак шығып отырған. Егіннің шығымдылығы көп болатыны содан.

Жай билайдың бір дінінен бір сабак кана шығады» деген ікірі әлемде жок бидай тұқымын калыптына келтіруде нақты жұмыс жүргіп жатқанын дәлелдейді. Ш.Төкеев бастиған ғалымдардың бұл енбекі әлемге әйгілі Гиннес рекордтар кітабында Қазақстанның атынан жазылуға лайыкты ғылыми соны табыс десе де болады. Ол тұралап түрган экономикамызды көтеруге ғана емес, қанырап қалған ауылдарды жаңырту мен еліміздің камбасын мол оніммен толтыратын асыл казына да болар еді.

Сөз реті келгендейктен және біліп-тани коймайтындар үшін бұл ғалым, ветеринария ғылымдарның кандидаты Шүкірбай Төкеев өзіміздің Актогайдың тұмасы екенін айта кеткен жөн болар. Ақбидайдың әр түрлі тұқымдарын шығарудағы Кошкіннің ақсақалдарынан бері келе жаткан гендік дарындылық осы бауырымыздың бойында жаңғырып отыр десек те болар. Ол - Кошкін-Орысбай-Атынай ру тармагының ұлалы. Бұл маңызы зор ғылыми жаналықпен барша Актогай жұртшылығын құттықтай отырып, аудан басшылығы мен ел азаматтары колдау көрсетеді деп сенгіміз келеді.

## XII тарау

### **ҚОҢЫРАТ АУДАНЫ «ТОҚЫРАУЫН КӨТЕРІЛІСІ» МЕН АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДА**

Баршақазақдаласына, оның ішіндегі Қоңыратауданының халқына құғын-сүргінді, зөрлік-зомбылықты, кәмпескені, 1921-23 жылғы және 1931-32 жылдардағы аштық геноцидін ала келген Қазан төңкерісін біздің ел аса бір қуанышпен қарсы алды деуге болmas. Әрине, ел болған соң жарлы-жакыбайы, тұрмысы нашары мен есікте жалданып жүргендер болмай қалған жок емес. Бірақ олардың көпшілігі сырттан келген кірмелер болғанын да ашып айтуға тиістіміз. Себебі, бір рудын жеке ата тармагы ретінде ауыл ауылға бөлініп отырган Әлтеке – Сарымның ішіндегі мал аз, жағдайы төмендері өз аукатты туыстары төңірегінде болды да, олар өз енбегін сатқаннан корі тұрмыс-тіршілігіне байланысты ағайыншылықпен өмір сүрді. Ә.Бекейханның 15 томдық шығармалар жинағы (2016) III томындағы «Қаркаралы уезінің статистикалық мәліметтер. Ауылдық кестелер» деген тарауының 541-594 беттерінде көрсетілген Токырауын болыстығына қарасты ауылдарының орналасу кестесіне қарап отырсаныз, малы жок тақыр кедей болған ешкімді оқи алмайсыз. Туыстық байланыспен ауыл болып мал ұстаған, егін салған біздің елде орыс поселкелері көп орналаскан аумақтарға қарағанда мамыражай өмір сүрді деп кесіп айтадамыз.

«Ақтар қашып, қызылдар құған» канды төңкерістің алғашқы жылдарын әүпіріммен откізген елге 1928 жылы ірі байларды тәркілеу, оларды жер аудару науқаны қатты тиді. Ол аса бір науқаншылықпен және қатігездікпен жүргізілді. Дәл осы кезде есікте жүрген құл-құтандар мен тексіздердің «құттырган дәурені» басталды. Кенес өкіметі оларды «тендік алдың, сенің күнің туды, бай-бағланды, кожа-молданы қойдай қу қамшымен» дег есіртті. Ел ішінен жана өкіметке жаққызы келген «сол заманның

сұрқылтай - сұмырайлары» шыкты. Олар милиция болды, белсенді болды. Олар ел аузында «белсенді, атқа мініп тенселді» деген мазак сөзге де ұшырады.

Осы ірі байларды тәркілеуге байланысты 1928 жылғы 27 тамызда «Қазак Халық Қауіпсіздік Комитеті және Қазак Орталық Атқару Комитетінің қаулысына сәйкес жер аударылатындардың аудандарын анықтау туралы» арнайы қаулы қабылданған. «ҚАКСР ХҚҚ 1928 жылы 30 тамыздағы қаулысында жер аударылған байлардың баратын округтері белгіленген. Сол бойынша егер Жетісу мен Сырдария округінің адамдары Орал округіне айдалуы тиісті болса, Орал округінен Жетісуга жіберілген. Гурьев округінен Петропавлға, Қарқаралыдан Қостанайға, Семейден Сырдарияға, Павлодар мен Петропавл округінен Актөбеге, Қызылордадан Адай оркуғіне, Ақтобеден Қарқаралыға, Қостанайдан Семейге жер аударылған». (Қараныз: «1932-33 жылдардағы ашаршылық ақиқаты». Алматы: Литера-М, 2012. 43-бет). Осы қаулыдағы нұсқауға сай бүкіл Қарқаралы округінен конфискацияға ұшыраган бай-шонжар деп табылған ел жақсылары Қостанай, Торғай жеріне айдалған деп білуіміз керек. Ендеше олардың жер ауғаннан соңғы тағдыр-талайын білу үшін кейін облыс болған осы аймактың мұрағаттары мен қауіпсіздік комитеттерінің архивін артқару артық етпейді.

Осыған кейін-ак іле-шала басталған ел-жүртты еркінен тыс жаппай артельдер мен колхоздарға ұжымдастыру мен біріктіру зорлығы басталды. Біздің ел арасында «Неужели сегіз қошқар бір соқаны тартпайды» деген мәтел сөз бар. Оның мәнісі мынада: «Кәмпескеде байдың малын бөліске салғанда бір кірме тақыр кедейге сегіз қошқар үлеске тиіпті. Енді ол езілген таңтан шықкан кедейлігін алға тартып колхозга кірейін десе, басқарма оны ортаға мүшелікке кабылдамай қойынты. Себебі, егін салуға соқа тартатын күш көлігі, яғни ат, өгіз секілді малы жоқ екен. Сонда әлгі байғұс «неужели сегіз қошқар бір соқаны тартпайды» деп дәлелдемекші болыпты. Бұл сөз содан қалса керек. Құшпен және зорлықпен колхозға қуып кіргізудің салдарынан егіншілікпен

айналысқан Тоқырауын бойындағы ел құрал-жабдықтарынан, малдарынан айрылып, акыры халық аштыққа ұшырады.

Кенестік дәуірдің отызыншы жылдарында болған саяси озбырлыққа қарсылық көрсеткен көтерілістер қазак жерінде аз болмаған. Соның бірі – Қарағанды облысының Актогай ауданы аймагында, ел ішінде «уық көтерілісі» деп аталып кеткен Тоқырауын көтерілісі. Бұл туралы кенес дәуірі кезінде ештеге жазылмады, айтылмады. Тіпті сол көтерілісті үйымдастырган тобықтыларды «бұлар бір кездे уық асынып алып, совет өкіметін құлатпақшы болғандар» деп мазақ сөзге де айналдырыды. Республика аумагында 1929-1931 жылдары аралығында ұжымдастыруға карсы 372 жалпай толкулар мен көтерілістер болып, оған 80 мың адам қатысқан. Осы толкулар мен көтерілістерді аяусыз жаншу асқан қатігездікпен жүргізілді.

**Кәмпескелік зорлықнен тәркілеу мени ашаршылық кезінде төмендегідей қарсылықтар болды:**

**1929-1931 жж –** Қазақстанда ұжымдастыруға карсы қарулы қарсылықтар толқыны (Семей округі – халық наразылышының ірі ошагы).

**1930 ж акпаннан мамырға дейін –** 6 ауданды камтыған күшті толқу болды (Торғай шаруаларының Батпаққара көтерілісі – «бандиттік-басмашы қозғалысының көрінісі» деп бағаланды).

**Қаракүм көтерілісі –** 5000 шаруа біріккен көтеріліс. Оны Орынборда орналастырылған 8 -дивизия басып таstadtы.

**Созак көтерілісі –** шебер үйымдастырушылығымен, табандылығымен ерекшеленеді. Басшысы болған Жакыпов деген азамат. Аудан орталығын басып алып, көтерілісшілер аудан басшыларын өлтірді.

**1931 жылы қоктемдегі –** Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарындағы көтеріліске қатысқандар түгелдей қырылды.

**2006 жылғы «Қарағанды. Қарағанды облысы»** атты энциклопедияда «Тоқырауын көтерілісі» деген шагын макалада мардымсыз деректер гана берілген. Онда: «1929 жылы

сол кездегі кеңестік солакай саясатка қарсы қазіргі Актогай ауданы жерінде болған шаруалардың бас көтеруі. Оны Жабайдың Сәдуақасы деген адам басқарған. Кейбір деректерге қарағанда көтерілісті басуға Қарқаралыдан (кейбір деректерде Семейден) лейтенант Манохин (Манашкин болуы да мүмкін) бастаған НКВД - нің 1 взвод солдагы барған. Көтерілішілер бұл кезде Карабұлақ және басқа селолық кеңестерді тонап, астығын және ондағы милицияның мылтықтарын тартып алған. Жұзге жуық көтерілісшіні Шатыршаның етегінде тосып алады. Олардың көпшілігі боялған уық асынып алады, шиті мылтық тек бес-алты адамдаған болады. Оларды пулеметтеп атқылап, Балқаш көліне қарай қуады. Жолда басшыларын колға түсіріп, көпшілік адамды елдеріне қайтарады. Кейін көтеріліс басшылары ату жазасына кесіліп, қалғандары әр түрлі мерзімге жер аударады. 1931 жылы Тоқырауын көтерілісі ықпалымен Абыралы, Бокты, Шұбартау, Шынғыстау өнірінде де халық көтерілістері орын алды» деп кана жазылған. Бектауатадан Шатыршаға дейінгі жердің барлық елді мекендерінің халқы қатысқан бұл көтерілістің бағасы әлі толық берілген жок. Тоқырауын көтерілісі туралы арнайы зерттеулер мүлде аз. Конырат ауданы бұған дейін Алматы облысына қарагандактан архив материалдарын колға түсіру мүмкін болмады. Сондыктan актогайлық зейнеткер-ұстаз, рухани мұраның жанашыры Аманкелі Туганбайдың «Балқантау» газетінде жарияланған «Тоқырауын көтерілісі» атты макаласын аздал қысқартға отырып, қаз-қалпында беруді дұрыс деп таптық. Себебі бір-Қарагандыда бір-екі жыл ғана шығып тұрып жабылып калған «Балқантау» газеті аудан тұрғындарының бәрінің қолына тие қойған жок. Ал бұл макаланың «жергілікті «Тоқырауын тынысы» газетінше жарияланғаны туралы дерегіміз жок. Сонымен катар ауданымыздың мерейтойына келген жан-жактан келген жерлестеріміз де хабардар болсын деп отырмыз.

«Ел басына күн туып, етігімен су кешкен» сол кезенде жанын шүберекке түйіп, халқының тәуелсіздігі үшін бастарын бәйгеге тіккен аташармызыздың аттары аракілдік үлкендер аузынан естіліп

калады. Солардың бірі 1930-31 жылдары «Токырауын көтерілісін» ұйымдастырган, озі соган бас болған Жабайдың Сәдуакасы екен. Сәдуақас Шаймерденнен тұғанмен үлкен экесінің есімі қоса тіркеліп, ел ішінде Жабайдың Сәдуақасы аталған. Текті атанаң қаны мен тәрбиесі арқылы дарыған Сәдуақастың бойындагы бас асаулық, өршілдік, бірбеткей, намысқойлық айналасында болып жатқан жолсыздыктарға сын көзімен қаратып, жаңадан орнаган Кенес өкіметінің халыққа жасаған киянат-қыспагына қарсы шығарады.

Қазақстан өкіметінің 1926 жылғы тамыздагы «Декретін» басшылыққа алған белсендерлер ауылданғы байларды, тіпті орта дәулеттілерді тәркілеуді қауырт жүргізді. Асыра сілтеуге жол берілді. Тәркілеу науқан казакты отырықшылыққа айналдыру керек деген ұранга ұласты. Осыны пайдаланған сауаты мені түсінігі төмен елдегі белсендер халыққа қысым көрсетті. Тұрлі салықтар қебейді. Ауыл халкы адам төзбес күйге ұшырады. Осыған орай өкіметке деген наразылықтар күшейіп, Абыралы, Бақанас, Шұбартау т.б. көтерілістері туды. Осылардың жалғасы іспетті Токырауын бойында да 1930-жылдың соңы мен 1931-жылдың наурыз, көкек айларында аудан халқы арасында толкулар басталып, беделді деген азаматтар атқа мінеді. Осы көтерілістің басталуының себеп-салдарын зерттеп, көтеріліс басшыларына үкім шыгарған «Үштіктін» екеуімен кездесіп, деректер алған, бұл күндері жасы 82-дегі Балқаш қаласының тұрғыны, Акторай ауданының «Құрметті азаматы» Байсеркин Қайырбек қарияның деректеріне жүгінуді жөн көрдік.

Елдегі жаппай наразылыққа оның ішінде жапсарлас жаткан Семей жеріндегі халықтық толқуға бұрынғы Конырат ауданында туратын сол кездегі ширак, беделді жігіттер де үн косты. Олар қысым мен қудалауға шыдамай өз төңірегіндегілерді ішінәра каруландырып, топтастыра білді. Алғашқы қимылдарының бастау алған жері Орта Дересін болыпты. Қазіргі Акторай деп аталатын аудан 1960 жылға дейін Конырат ауданы атанған. Бұл ауданның негізі 1928 жылды қаланды. Алғашқы оргалығы қазіргі Нарманбет

ауылшының Дуанши деген жері. Онда шаруалар кооперативі бар екен. Келер 1929 жылы аудан орталығы қазіргі Ақтогай селосынан 2-3 шакырым онтүстік-шығыстағы Қарамойынга аусады. Ол жерді бұрын «Ақ үй» деп атаган. Басқару органдарының барлығы дерлік осы жаңа мекенге көшкен кез.

Наразы топты бастап, тікелей нұсқау берушілер Жабайдын Сәдуакасы, Смайылдың Жақыпбекі және Тубек деген азаматтар болады. Олар алдымен Дуаншидегі кооперативтегі азық-тұлікті талап, Тоқырауынды өрлей келе, Сарытеректегі дүкенді де басып алады. Дүкен мұлкінің біразын сол маңдагы ауылдарға үлестіреді. Осы жерде біраз кактығыстар болып, Жекейдің Қанышы, отряд мүшесі Азамбаев деген жігіт окка ұшады. Екі адам жарапанады. Барлаушылар арқылы көтерілісшілердің негізгі тобы Кендара арқылы, екінші шагын тобы озенде өрлең келе жатқандары білінеді.

Көтерілісшілерді аудан маңынан тосып алмақшы болып қурылған қарулы жасакты аудандық ОГПУ-дың өкілі Мехалошин Тимофей басқарыпты. «Ақ үйге» қарай қиқулап ереулей шауып келе жатқан Сәдуакас тобын пештің мойнын панаңап дүрбі арқылы анықтаған ол: «Мыналарда мылтық шамалы екен. Көбінің мойнына шошайтып асып алғаны киіз үйдің уығы. Адам шығының жасамай, астындағы атын атындар. Алдымен ту ұстаушыны құлатсандар, көшілігінің берекесі кетіп, кері кашады», - деп мергендеріне бұйрық беріпті. Мергендер атқан оқ ту ұстап келе жатқан Жәмлейстің Аханының жүйнішігі мен астындағы атына қоса тиеді. Алдынты топтан да біраз адамдардың аттары құлайды. Ереуілші тоңтың беті кайтып, тосылып қалады. Құты қашқан олар аттары құлаган серіктестіктерін мінгестіріп алғып, кері бұрылады. Аудан маңынан ұзап, ауылдарына, тагы басқа жактарға тараң бой тасалай бастайды. Сол шамада Қарқаралыдан косымша жазалауши отряд та келіп жетеді. Сәдуакас пен Жақып Керегетасты (Нарманбет ауылшындағы "Тасқын" деп аталып жүрген Орта қораның күншығыс жағындағы аласа шоқылы батыс баурайында), Ит құдық деген сұы бар жерді

біраз паналайды. Жақын туыстары кешкілпік, тұнгі мезгілде азық жеткізіп беріп тұрады. Іздеу қүшейіп, із кесушілер жиілеген соң, екеуі екі бөлініп, өз беттерінше бас сагалауға қошеді. Сәдуақас елсіз Табақ, Қазық, Менеш қопасы. Арқар су жакка бет алады. “Андыған жау алмай қоймайды” дегендейін, жер ынғайын жақсы білетін Керей Төленгіт аңшысы Иманбектің дегеннің бастауымен Чутин басқарған жазалаушы отряд Сәдуақасты Қазықтың қолға түсіріп, атып өлтіреді. Астындағы бедеу кара биесімен үстіндегі тұлыбын аңшыға беріп, өлі дененің бетін жасырмай далага тастап кетеді. Сәдуақастың көзінің жойылғаны туралы зан орындарынан естігенімен іле-шала оның сүйегін тауып, колма-кол жерлеуге жендеттікке негізделген күш туыстарына мүмкіндік берменді. Біраз құндерден соң мандардың үлкендері: «Азаматымыздың бетін жасыруға шамамыз жетпегені қалай, жасырын іздеушілер шығарайық, сүйегін тауып, мұсылмандық рәсімімен жер койнына берейік», - деген үйғарымға келеді. Жазық қыраттары шамалы маңдаланы бірнеше күн сүзген іздеушілер мүрдені табады. Қорқа, сақтана жүріп, Сәдуақастың сүйегін Орта Дересінге жеткізеді. Өзімен 3-4 атадан косылатын Әбділданың байбішесінің бейтіне жерлейді.

Смайлдың Жакыпбекін Қусактың Қарабұлакқа құяр сағасында, ал Тұбекті Сарыөлеңдегі Тас төбе маңында атады. Сейтіп, бүкіл қазак даласы бойынша бастау алған наразытықтың бір бөлшегіндегі болған «Токырауын көтерілісі» аса бір қатігездікпен жанышылады. Көтеріліс басшыларының көзі жойылған соң, осы дүрмеккे іlestі деген азаматтар тергеуге алынады. Олардың біразы бертінге дейін ғұмыр сүрді. Көтеріліске катысты делініп, Актогайдагы тұрмеге түсken Нарманбет ауылының тұргыны, марқұм Шалқарұлы Дауіренбек қария: «Тергеу кезінде оқымаған қарангылығымыз, соның салдарынан Кенестік саясаттан хабарсыз болғанымыз ескеріледі. Аудандагы ОГПУ-дың бастығы Мехалошин деген орыс жігітінің көндігі, кешірімділігі арқасында жазадан құтылдық. Басқа бір каныпезер болғанда бәріміз де «ит жеккенге» кете барап едік», - дейтін.

Аталған карияның осы сөздерін ел азаматтары мен көне көздер теріске шыгармайтын.

Дейтүрганмен Құрмалақтың екі ұлзы Қожабай мен Жабай ұрпактары сонынан сөз ереді. Өкіметке карсы пигылда болған әулет есебіне алынып, ұрпактары мойнына қонырау тағылады. Бұл пікірімізді Сәдуақастың немере туысы Алтынбектің үлкені Габбасты Алашордашыл болғаны үшін, үшінші баласы Қырманды жан сауғалап жүрген сонау Қызылорда жерінде 1938 жылы «Халық жауы» ретінде атқаны жайлы «Орталық Қазақстан» газетінің 18 наурыз 2006 жылғы санында жерлесіміз Құләш Салдарбектің «Ақ қүріштің майталман шебері» деген деректі-зерттеу мақаласы және 28 ақпан 2007 жылы «Егемен Қазақстан» газетіндегі Мейрамбек Төлепбергеннің «Адамга тағым етпеген тарихқа тағазым етпейді» аттың жарияланған академик Хайдар Арыстанбековпен жасаган сұқбагы айғақтайды екен....

Елі үшін басын құрбандыққа шалған Сәдуақас, Жакыпбек, Тубекке үкім шыгарған «Үштік» - сот төрагасы Сұлейменов Күнтуар, прокурор Адамбеков Ілияс, өкілетті өкіл (опер уполномоченный) Асайынов Жоламан екен. Мұны осы деректерді жинақтаған Байсеркин Қайырбек ақсақал растайды. Ол Ілияс пен Жоламанға кездесіп, жогарыда айтылған тарихи-ұлттық трагедияның Тоқырауын төнірегінде қалай өрістеп, басылғанын өз ауыздарынан естіпті. Сондай-ак Сәдуақастың жасырынып жүрген жерін тап басып тауып берген Иманбек аңшының Балқаш көлінің онғустігіндегі “Социал” совхозының Қараашыған жерінде 1966 жылы дүние салғанын айтады. Осы көтерілістің жай-жапсарын індетіп тексерген ОГПУ-дың құжаттары Алматы облыстық мұрагатында болуы мүмкін делінеді.

Шын мәнінде «Тоқырауын көтерілісінің» неліктен түйндағаны, қалай өрістегені, шағылып талқандалғаны, канша адамның қатысқаны жөнінде толық және нақтылы деректер жарияланған емес. Кейбір естеліктер мен ел-жер тарихына байланысты жазылған шағын дүниелерде үзіп-жүліп жалпылама айтылып келеді. Өлкө тарихын өркендетуге ниет стжен зерделі

азаматтар болса, Актогай ауданындағы осы көтеріліс, оған басшылық жасаған Сәдуакас, Жақыпбек, Тубектердің айға шауып мерт болған ерлік жолдарынан гибрат аларлық соны деректер табылуы әбден мүмкін. Тарихшы қауым үшін бұл ғылыми соны такырып болмақ» деп жазады. Аманкелді Туганбайдың «Балқантай» газетінде жарияланған «Токырауын көтерілісі» атты макаласы үзак жылдар бойы ғылыми жемісі болғандықтан тарихи негізі ақиқат, сол себептен де келтірдік.

«Токырауын көтерілісіне» байланысты материалдар іздестіргенімізде «Орталық Қазақстан» газетінің 2017 жылғы 30 мамырдағы санында жарияланған Қабылбек Рамазанұлының макаласына тап болдық. Автор «Әкем Рамазан 100-ге келіш, 1994 жылы дүниеден озды. Көп әңгімені кезінде сол кісінін аузынан естіп, қағазға түсірген едім» деген анықтама бере отырып жариялаган. Бұл макаланы да өзгерпестен каз-қалпында берелік.

«Еліміз тәуелсіздік алған соң бұрын айтылмай келген шындықтар айтылын жатыр. Соның бірі – Токырауын көтерілісі. Тобыктыдан тараган Өмір Даған тұқымдары Актогай өнірінде Манас, Қалдау рулары, сегіз старшын құрып, «Балқаш болысы» атанғаны белгілі. Манастың төрт әйелінен тараган Базарқұл, Таstemір, Жансары, Қенжебарак рулары Қотана-бұлак болысы атанды. 1928-1931 жылдар аралығына ел ішіндегі тәркілеудің салдарынан малмен жансактаған отырган ел-жүрттың күн көріс тіршілігі құрдымға тірелді. Алда наубет, ұлken ашаршылық таянып келе жатты. Әлеуетті адамдар оның ішінде Құбылтайдың Ахметі жанұясымен жер ауып, елден кетті. Босқын көбейді. Дәүлеттілердің малын бағып, отын жағып, күнелткен кедейлер баратын жер таппай ашыққан байлармен қоса өліп, өлмегені қанғып далада көмусіз калды. Бұл кезде Актогай өнірін мекендеген үш болыс елдің «Мойынсерік», «бірлестік», «артелгс» бірігіп, он-онбес, жиырма үйден топтаса бастаған кез. «Әлі есімде дейтін» марқұм әкем Рамазан:

«Кезінде Әлихан Бекейхановтың атқосшысы болып жүріп үйренген азды-көпті орысша білетінім бар. Осының да көп көмегі

тиді. Елдің қолындағы азын-аулак мал жазғытұры пышакқа ілігіп, еріксіз сойыла басталы. Бұған тұрткі ауыл белсенділері болатын. Олар «берсөң қолыңнан, бермесөң жолыңнан» деп малды тартып алып, ішкі Россияға ет жөнелтеміз деп жаппай қырып, сою басталды. Қарашибілкте козім корді, сойылған малаға қисал жок, тау-тау болып қатталып жатты. Белсенділер ішкі Россияға жонелтеміз деп елден колікке ат, түйе сұрады. Бірақ ол жоққа тән еді. Ақырында, қисалсыз малаңн еті ешкімге бұйырмай, күн жылып итке жем болуға да жарамады. Қайсы біреулер өзгеге бұйырғанша өзіміз жейік деп белдеудегі бұзауга дейін сойып алып жатты. Ел осылай ашаршылыққа аяқ басты. Ел ішінде наразылық қебейді. Әр жерде толқулар басталды. Сол кезде Мәскеуден екі орыс жігіті Тоқырауын бойымен Балқаш өңіріне келген еді. Қарашибілкten «казды-көпті тіл білесін» деп жолсерік болуды маган тапсырды.

Мезгіл жазғытұры болатын. Тоқырауынның бойымен Балқашқа жол тарттық. Ел ішінде береке жок. Әлі жеткендер көлігінді тарпа бассалып аударып алатын кез. Жол-жөнекей «Тобықтылар үкіметке қарсы қотеріліс жасағалы жатыр» дегенді естідім. Қайсыбіреулер оның бастаушысы Жабайдың Сәдуақасы мен Смайылдың Жакылбегі дегенде қобалжып қалдым. «Шіркін, екеуі де алмас қылыштың жүзіндей еді-ау!» деп әкемнің көзіне талай жас алғанын көргенім бар. Содан Қарабұлаққа келсек, халық жиналышп, ерттеулі ат, жасакталған жасаққа тап болдық. Маған Смайылдың Жакылбегі: «Үкіметке қотеріліп жатырмыз. Қой-екеш қой да бауыздаганда түяк серпеді, соғұрлым болмадық ба? Бізге қосыл» деді. Жасактың ұзын-ыргасы көп екен. Ауылға қайтар жолда Қарабұлаққа соксам, жасақ Дуанга аттанып кетінгі. Ақтұмсыққа таң ата іліктім.

Сартеректегі Шегірдің үйіне ат басын тіредім (ол кісі әйелімнің туган ағасы еді). Есік-терезесі сынған, үйдің айналасы опыр-топыр. Солдаттардан бір кісі олген, бізден Жекейдін баласы Кәркей оқка ұшыпты. Сол күні Қарқаралыдан шықкан 12 солдат қотерілісті баспак болған. Басшысы аудандық милиция бастығы

Т.Махношин деген орыс жігіті. «Тәуекел бастаған біраз жігіттер үйдегі астыққа шабуыл жасап, алып кетпекші болған кезде солдаттар үстіне дөп келеді. Осы арада әжептеуір атыс болды - деп Шекен қысқа ғана түсіндірді. Қалған азық-тұлікті, оның ішінде қойма деп бір бөлмеге жинаған бидайдын қалдығын түйеге артып. Сартеректен Қарашибілкке мені аттандырды. Аймактын кары әлі қалың екен, омбылаپ жүре алмай келе жатқанда алдымыздан мылтық асынған біраз адамдар жолығып, айт-үйтқа қарамай бізді ала жөнелді. Іштерінде өзімнің інім Нұршының Қайдары, Әмірхан қожаның баласы Үрзахан, Тобықты жігіті Иеш, тағы баска мен білетін азаматтар бар. Бәрі солдат кімін киіп алған. Иықтарына бір-бір мылтық асынған. Сол арада шагын жартас бар екен, солдаттар соны бекініс еткен. Мән-жайды айтқан сон милиция бастығы Махношин маған тиғен жоқ. Қайта жаныма Рыстайдың Біләлін қосып, Қарашибілкегі қазіргі Элиман корасына шығарып салды. Жол-жөнекей Біләлдан естігенім: «төменгі жақтың тобықтылары көтеріліс жасап, Дуандагы дүкенді, қойманы бұзып, халыққа таратып беріпті. Енді өзен бойымен жогарылаپ ауданды басып алмақ» дейді. Соган жергілікті жерден жігіттерді зорлаған жинал, Махношин бастаған отрядқа көмек беріп жатқанын айтты. Біләл да солардың қатарында екен. Үйге кесем, есік алдында шана үстінде бір жігіт өліп жатыр. Үкіметке карсы пікірде жүргендер үйымдастып солдаттарға қарсылық білдіріпті. Қаза тапқан – Қарқаралыдан келген І.Азанбаев деген азамат екен. Сол күні оның денесін ат шанаға салып 5-6 жігіт алып кетті.

Халық ашынып отырган еді. Төменгі жақтан келе жатқан үлкен жасаққа карсы тұра алмаймыз деген пікірде болса керек. Махношин бастаған отряд ауылдың үстімен кешікпей Ақтогайга қайтты. Бұл кезде Қарқаралыға арнайы жіберген хабар бойынша қосымша отряд келін жетті. Көтерілісшілер әжептеуір кол жинал, Сартеректегі қоймаларды бұзып, қалған астықты сол жердегі тұрғындарға таратып жатқанын естідік. Оларға жол-жөнекей баска рулардан да қосылуышылар көп еді. Ұзын карасы 150-200-дей аттылы жасакты көзім көрді. Көтерілісшілерді Ақ үй жақтагы

Қарамойын деген жерде арнайы жасақталған отряд тосып жатты. Ақ үйдін төбесіндегі мұржасына дүrbімен карауыл қойды. Қотерілісшілер Токырауын бойымен келмей, Қасабайдың үстімен тападай талтусте ауданға карай қаптал келе жатты. Милиция бастығы қотерілішілерге дүrbі салып ұзак караң отырып «тұп» деп езу тартып құлғи жіберді. Кейін білдім қотерілісшілердің көбі мылтық орнына уық асынып алған екен.

Кейде Тобықтыларға «үкіметке уық алып шықпандар» деп қалжындал жататыны содан қалған. Негізінде бұл үлкен ерлік еді. «Габаныңа талталмаймыз, біз де халықпаз» деп үкіметке көрсеткен елдің сесі еді. Олар біле тұра, тәуелсіздік үшін өмірлерін ажалға байлады. Қотерілісшілердің ішінде 5-6 адамдағана бесатар, біразы құс мылтықпен каруланған. Алдында ақ боз ат мінген адам окшау келе жатты. Тәрізі, Жабайдың Сәдуақасы болса керек. Милиция бастығы қаптал келе жатқандардың ішінен алдыңғысын – жаңагы ақбоз атқа мінгеннің озін емес, астындағы атын окка ұшырды. Бірак қотерілісшілер одан кайта қойған жоқ. Қаруы барлар қарсыласып көрді. Екі солдат жарапанды. Атсыз қалғандары кейін шегінді. Арнайы жасақ оларды өкшелей қуып, Жабай ауылының маңындағы Керегетас деген жерге бекінді. Осы арада біраз адам қотерілісшілерден шығын болса керек. Өзім көрген Қожағұл руынан Ыбыш, Қошкіннең Тәуекелді ұстап әкетті. Қотеріліс сәтсіз аяқталды. НКВД адамдары ел ішін жасырын аралап жүріп, қотеріліске қатысты-ау дегенлерді шетінен ұстап ата бағтады. Жазығы жоқ көп адам жала шекті. Аяусыз сокқыға жығып, еш тергеусіз, сотсыз-ақ жазалап жатты. Солардың ішінде өз халқының тәуелсіздігі үшін жанын пида еткен Жабайдың Сәдуақасы, Смайылдың Жақыпбекі, Жекейдің Кәркейі, тагы басқа азаматтар бар еді. Езіліп, жанышылған елге 31-32 жылдардагы аштық наубеті келіп килікті. Ол касірет – өз алдына жеке әнгіме».

Міне, А. Туганбай ағамыздың макааласы және қотеріліс оқиғаларын көзімен көрген Рамазан ақсақалдың естелігінде айтылатын оқиғалар желісі бір-бірін толыктырып тұр.

Сарытеректегі елден Көшкін-Кожагұл руласын үйымдастырып көтеріліске бастаған Қожагұл Ыбыш, Көшкін Тәуекел деген азаматтар болғанын да оқып отырмыз. Ендеше олардың да ұстасып кеткеннен кейінгі тағдыры мен тарихтағы орындарын бағалау жағы колға алынбай жатыр.

Токырауын көтерілісінің жалпы алғандағы тарихы осындай. Бұл туралы осы екі макаладан басқа толық мағлұмат беретін басқадай дерек көздері колымызыға түспеді. Сондықтан олардагы деректерді жүргөнде жүргөрмегендегі шарттың көзінде оның мәнін сипаттауда да көрсетілді. Бұған біздің алтын-косарымыз: көтеріліс басшыларының жоспарында Конырат руднігін басып алу да болған. Актогай селосынан 2-3 шакырым онтүстік-шығыстағы Қарамойындағы бұрын «Ақ үй» деп атаған жерге жасаған шабуылынан кейін көтерілісшілер осы Конырат руднігін басып алууды ойластырган. Оны 1930-31 жылдары Балқаш ГРП-сында басшылық кызметте болып жұмыс жасаған Д.В.Рождественский деген адамның мына бір естелігі дәлелдейді.

«Актогай ауданының казактары көтеріліске шығып, Коныратты басып алуға ниеттенді. Коныраттықтар амманолмен (жарылғыш зат. Ж.С.) толтырылған бұргылау штангтерінен гранаталар жасап корғануға кірісті. Оған шылым шоғымен тұтанатын бикфорлық шинур бекітілді. Екі аптаның ішінде дайын болып отырдык. Винтовкалар аз, барлығы 12 дана гана болатын. Бір жолдас темір рудасынан тұратын төбе басына жәшік толы аммонолды көміп, көтерілісшілер келген сәтте қорқыту үшін жарып жіберуді ұсынды. Жарылыш өтеп қүшті болды. Қолтеген терезе кирап, есіктерді жактауларымен жұлып әкетті. Банданың шабуылы токтап қалды. Жарылыштан сон араларында Коныратка зенбірек әкеліпті деген сыйыс тарапты. Ол туралы сол жактағы ауылдан келген жансыз казак айтып берді. Коныраттықтар одан сайын қаруланған бастады. Бричка дейтін арбага 3 турбаны бекітіп, оларды жарылғыш жат пен бытырага толтырды. Көтерілісшілер кайта шабуылдал, арада атыс болды. Қазактар төтеп бере алмады, олар бірнеше жапондық винтовкамен гана нашар

каруланган екен. Оларды Балқаш көліне қарай кудық, март айы болатын, мұз жүкарған шак еді, көтерілісшілердің көпшілігі суга кетті. Балқаштың бір жағасында ЧОН отряды болған еді, көтерілісті басуға олар да косылды. Қондыктар ол кезде балық аулап жұмысшыларды қамтамасыз етумен шұғылданып жатқан болатын». (Ю. Поповтың «Секретные страницы Сарыарки» мақаласы, аударған біз).

В.П. Михайловтың «Ұлкен жүгтүң хроникасы» атты кітабындағы деректерге сүйенсек, Қарқаралыдағы Бокты көтерілісі мен Токырауын көтерілісінің арасында тығыз байланыс болған. Осы Ю.Попов жоғарыдағы мақаласында біз үшін қажет тағы бір деректі келтіреді. Қараганды қаласында тұратын зейнеткер, сол кездегі Қарқаралы ОГПУ қызметкери болған Никита Зиновьевич Червевпен ауызба ауыз сойлескен сұқбатында, кешегі чекист Бокты көтерілісінің талқандалуы былай деген:

«Қарқаралыға жіберілген чекистердің көпшілігі Семейден болды. Ол ОГПУ начальнигі Казанский, орынбасары латыш Инта, шаргия мүшелері В.Рыбаков, Матяев, Менохин, Жуков және басқалары. Бандиттермен келіссөз жүргізіп, көтерілісті тоқтатып, жергілікті үкіметке берілуін талап ету туралы бұйрық берілді. Келісімге келуге олар көнбей, аяғы атыспен аяқталды. Қарқаралылық Андрей Бердин окка ұшты. Қару-жарап әкелу үшін сомолет қонағын алаң әзірледік. У-2 деген сомолет ұшып келіп, батыл да катты қарсылық корсеткен көтерілісшілердің үрейін ұшырды. Олар қалага басып кіруге әрекет жасап, маңайында атыс болды. Одан соң біз өз күштерімізді топтастырып Боктыға шабуыл жасадық. Көпшілігін тұтқынға түсірдік, бірақ көп бөлігі қоршауды бұзып, Ақтогай ауданы жеріне өтін кетті. Олар осы аудандагы Керегетас тауына бекінін алым, сол жердегі бандиттермен бірікті. (Әрине, бұлар Токырауын көтерілісшілері. Ж.С.) Бұлар Ақтогайды алуға төрт рет әрекет жасады. Біздің 28 адамнан тұратын атты отрядымыз тез арада көмекке бардық. Көтерілісшілерді бірден талқандай алмадық. Тек қана станковый

пулемет капа ұрыс бакытын біздің жакқа бұрды. Қотеріліспілер женеліп, Балқаш жакқа кетті, одан Фергана басмашыларына барып қосылды».

Н.З. Червев өз сөзінде А.Туганбай жазған «Сол шамада Қарқаралыдан қосымша жазалаушы отряд та келіп жетеді. Кейбір деректерге қарағанда қотерілісті басуға Қарқаралыдан (кейбір деректерде Семейден) лейтенант Манохин (Манашкин болуы да мүмкін) бастаған НКВД - нің 1 взвод солдаты барған» деген пікірді дәлелдей түседі. Оның айтып отырган «28 адамнан тұратын атты отряды» да осы бір взвод солдат және аудандық ОГПУ-дың бастығы Мехалошин де, Манашкин де, емес, бұрынғы чекист айтып отырган Тимофей Манохин болып шығады.

Ю.Попов «Бокты қотерілісі» туралы ізденісінде сол кезде ОГПУ-дің шаруашылық жұмысында болған 82 жастагы қарқаралылық Құсайын Элімбеков деген аксақалға да жолығып дерек сұраған. Ол кісі де қотеріліс басшылары туралы айта келіп: «Көпадам ұрыста каза болды, біргалайын тұтқынға алды, қалғаны Қызыларай тауына барып бекініп, сол жердегі қотеріліштермен бірікті» деген деректі айткан екен. Бірақ бұлар Актогайды алуға төрт рет әрекет жасағаны туралы аудаң тарихы туралы жазбалар мен естеліктерде ештеңе айтылып-жазыла коймайды. Қотеріліске қатыскандардан жазаланғандар туралы да ешбір дерек жоқ. Қенес дәүірінде жабық тақырыптардың бірі болды да қазір ұмытылды. Ал «Бокты қотерілісіне» қатысқан 20 адам ату жазасына кесіліп, 17 адам 10 жылға, 24 адам 5 жылға, 9 адам 3 жылға сотталған. Ал «Абыралы қотерілісіне» қатысқан 101 адам согыста каза тауып, 78 адам өлім жазасына кесіліп, 183 адам 10 жылға сотталған. Оны атақты «Рыжый Алмаздың» экесі Болатбек Насенов жазған «Абыралы қотерілісіне – 80 жыл» деген мақаласындагы деректер дәлелдей түседі. (Қараның: Қенестік Қазақстан тарихы. №4 2010. 4-32 беттер). Сонда баска қотеріліс адамдары осындағы колемде жазаланып жатқанда «Гоқырауын қотерілісінің» басшы адамдары гана қып жүріп атып өлтіріліп, қалғаны аман-сau қалды дей аламыз ба? Жаза алғандар мен қотерілістен соң Балқаштың

камысын паналап, одан Алматы төңірегі мен онтүстікке ауып кеткендер әлі де ізделмей жатыр. Бұл да болса қызыл империя саясатына карсы шыққан талай жерлестеріміздің атаусыз да атаксыз да кетіп бара жатканын көрсетеді.

Біз осы уақытқа дейін 1931-32 жылғы ашаршылықтын, ұлттымызға жасалған геноцидтің қайғысы мен қасіретін ғана сөз етіп келдік, ендігі жерде оның шынайы тарихын арнайы зерттелген ақиқатпен айтатын кез келді. Оны накты да архив актарып айқын дәлелмен көрсете отырып, тарихтагы сталинизм дәуірінде түскен қарадақтар сонғы кезде аты аталып, түсі түстелмегендіктен тарихи дүниетануымыздаорны бос, ұлттыксанамыздағы «ақтандактарға» айналып отыр. Бұған ел арасында тікелей кінәлі болғандардың да аты аталып, түрі түстелген жок, әзірше «жауырды жаба тұтып» келе жатырмыз. 1970 жылдары, яғни тоқырау заманының тұманды әлі тұтасып тұрған шакта Қазакстан Жазушылар одағының бір пленумының трибунасынан сыншы-философ Мұрат Әуезов «1932 жылы халық трагедиясын сөз етпей арқылы біздің жазушыларымыз өзінің халық алдындағы парызын да өтей алмай отыр. Сөйтіп, әдебиет өзінің ар-ожданынан айырылды. Ал, ар-ожданын жоғалтқандар әдебиетте әрі қарай өсуі, өркендеуі мүмкін емес» деп айтқан болатын. Ол кезеңде «1932 жыл», «1937 жыл» тақырыптары жүргіттың «ат-тонын ала қашатын қатерлі, жабық тақырыптар болатын. Коп жылдар жабық қалған тақырып, сол жылдардагы халық қайғысы, мұн-зары тәуелсіздік келгеннен бері қайға көтеріліп жатыр. 1932 жылы аштық тақырыбын, оның шығу себебін, салдарын терен жіліктеп жазған төл әдебиетімізде нұска бар ма десек, өкінішке қарай кібіртіктей береміз. Ага буын ұриаққа, наубеттің шетін көрген қарттарға 1932 жыл оқиғасының ізін суытпай жазылған ақын Жақан Сыздықовтың «Әлі карттың әңгімесі» поэмасы, Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, Бейімбет Майлиппенің «Күлпәші» әңгімесі болса, Жақан Мусиннің «Наркомга хат» олени, кейінде Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты», Олжас Жанайдаровтың «Жұт», Смағұл Елубаевтің «Ақбоз үй», «Мінәжат» романдары дәуір шындығын көркемдік тұрғыда

бейнеленуімен шектелді. Ақын-жазушылар жыр етпеген жер шарының бірде-бір жаралы нұктесі қалмайты, ал, казақдаласының тұла-бойын қызыл шиедей қан еткен отызыншы жылдардың жаракаты туралы жазылған шыгармалар санаулы. Аталған бүтін шыгармаларды ел-жүрттың көбі оқыды. Жерлес жазушы Жанболат Башардың сонғы уақыттарда жазған «Қабір ұстіндегі зұлмат» атты әдеби шыгармасында, отызыншы жылдары біздің аудан халқының басына төнген құғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарының жан төзгісіз азабы, зұлмат жылдардагы қайғы-касіреті ақиқатты түрде суреттелген.

Біз тәуелсіздік алғанға дейін де, кейін де оқырман қауым біле қоймайтын және сол үшін 25 жылға соттаған Жакан Мусиннің «Наркомға хат» өлеңін гана келтіргенді жөн көріп отырмыз. Кейін Қазак ССР-інің «Халық артисі» атагын алған Жакан Мусин осындаш шерлі өлеңдері үшін 1930-жылдары құғынга ұшырады. 23 жасында итжекенге айдалып Колыма лагерішде 18 жыл тұтқын болып, «мұртты шал» өлген соң гана босады.

#### Наркомға хат

Сүйініш кып сынған құрық таяғын,  
«Қайран өмір, қайда сенің баяғын» -  
Деп еңіреп тепсе темір үзетін,  
Ер-азамат әрен басып аяғын.  
Мінергे ат, ішерге ас жок сенделіп,  
Ой-арманың әлде кімдер өңгеріп.  
Көлге аунатып, құресінігे тастаса,  
Сен отырсын, қай жерінді менгеріп.  
Қаранғылтық сый-салтанат, сән-сауық,  
Қабагыннан қар емес-ау, қан жауып.  
Атамекен алтын бесік елінен,  
Әлде қайда жеті түнде жер ауып.  
Өзі шегіп ашы азабын аштықтын,  
Көзін сұзіп қала берді бастықтын.  
Голощекин атындағы жалауы

Ұзын қызыл керуеніне астықтың.  
Жұртта қалып жүре алмаган кемпір-шал,  
Күніреніп көкірек қан, көңіл дал.  
Құша беріп немересін «кош» - десін,  
Көз жұмысты қу аштықтан құрып әл.  
Сәбілерін құрым киізге орасып,  
Әке-шеше тагы бірер дөн асып.  
Сұлдер құрып Сібірге де жете алмай,  
Солай кетті айдалада жал асып.  
Күні кеше құн құлімдеп, құн құлғен,  
Кен далада көмілмеген, көмілғен.  
Ой да қырда өлген қазак жемтігі,  
О, замана бұл азаны кім білген?!

Талақ болып байлық, дәулет, бақ-мұрат,  
Енді зар боп, сынар тілім нан сұрап.  
Әне жатыр Шыңғыстауда Шәкәрім,  
Қаныпезер атқан оқтан қансырап.  
Көрші, осыны қаныпезер Наркомың,  
Өзін қаздың, көрін тірі әкенін.  
Баласың деп маган егер сенбесен,  
Айтсын анау Голощекин крайкомың.  
Естіп жұрсін, көріп жұрсін, білесін.  
Көрсендагы көрмеген боп күлесін.  
Құйбендейсін, жоргалайсың жагымсып,  
Дейсін бе әлде, тұпсіз тұнек тұнесін.  
Қайран елім, қарапайым Қазагым!  
Талтың, міне, ауру, аштық азабын.  
Налыма, күт, кезен берген тағдырың,  
Сыйшар еken тагы қандай мазағын?!

Кенес империясы ыдырап, халқымыз тәуелсіздікке жеткен,  
рухани омірге еркіндік, шындық, жариялышық берік орнықкан  
соңғы уақытта өткен жолымыз ақыл таразысына қайта салынды,  
кешіп өткен омір жолындағы асыра сілтеушіліктер, қателіктер

қайта каралды. Бүгінгі таңда біз қазактар дүние жүзінде 18 млнга әрен жеттік. «Егер қазақ даласында алапат аштық болмаганда біз 35 млн. болып отырар еді», - дейді ақын Мұхтар Шаханов. Бүкіл ұлт үшін ол бір арман болып тұрған жоқ па? Сонау өз баласының етін жегізген аштық қазактың сан жағынан да, рухани жағынан да аздырады. 1921 жылғы аштықтағы адамдарды көрген А.Байтұрсынов: «Аштықтан адамның төні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман боп кетті. Қойша қыратындағы қазак Кенес үкіметіне не жазып еді? - деп жазған еді. Осы сияқты сан мыңдаған сұраптарға жауап іздеу барысында ақын-жазушылардың шығармаларына жүгінгеннен басқа амал болмай тұр. Эйтседе ел-жер тарихына байланысты және жекелеген шежірелік енбектерде біраз сұраптардың жауабы табылып, шындықтың пердесі ашыла бастағандай. ХХІ ғасырдың гуманистік талап-тілектерін қанагаттандыра аларлыктай ұлттық сана-сезімізді шындал, рухани мәдениетімізді қайта қалыптастыру барысында өткен ғасырдағы ұлттымызға жасалған геноцидті өте ыждағаттылықпен қарауды, терен зерттеуді дәүір өзі талап етіп отыр

Ашарлық ақиқатының шындығы көп жылдар бойы бүркемеленіп келді. Кенес дәуіріндегі көркем шығармалар мен және тарихи енбектерде жарым-жартылай гана айтылып, сталиншілдік саясатқа сай гана бағаланды. Сол себепті шындықты дер кезінде жарияламау, ұзак уақыттар бойы жасыру орын алды. Сөйтіп, замана шындығы бүгінде толық айтылып бітті ме және қазақ жазушылары зұлмат сипатын және жала шеккен адамдар бейнесін қазақ әдебиетінде айшықты түрде бейнелей алды ма деген сауалдарға жауап беру кез келген өлкетану саласындағы зерттеулер мен энциклопедиялардың басты мақсаттары болып саналуы керек. Ел-жұрт тағдыры талқыға түскен кезеңнің шындығы қазақ жазушыларының шығармаларында тарихи шындық тұрғысынан айқын бейнелене алмай жүргені жалған емес. Егер олар қазіргі көркем шығармаларда суреттеліп, құрбандар бейнесі сомдалған болса тарих шындығын ашу, сол

шындықта бага беруі қажет. Ол Мемлекет тарихы институты шығарған ұжымдық «1932-33 жылдардағы ашаршылық ақиқаты» (2012) атты зерттеудің өзінде де толық айтылған жок. Тарихшы профессор Талас Омарбеков бұл турасында: «Алайда осындай нақты деректер тарихшығағалымдардың қолында тұрса да, бүгінгі тарихымызда аштық құрбанықтарын біржакты демографиялық жолмен ғана үстірт есептеп, 1930-33 жылдардағы өлген казактар санын негізсіз бұрмалай көрсету орын алғып отыр. Мысалы, Р. Конквест оларды 1 млн. адам қолемінде деп көрсетсе, Р. Дэвис пен С. Уиткрофт казактардың 1931-33 жылдардағы құрбанықтарын 1 млн. адамнан астам, ал басқа ұлттарды қосқанда бұл көрсеткіш тек қана 1,3-1,5 адам шамасында деп ойлайды. Ал казақстандық тарихшылардың бір тобы (Б. Толебаев, В. Осипов) осы аштықта 1,5 млн. адам қырылғанын, тарихшыларымыздың және бір тобы (М. Козыбаев, Ж. Абылғожин, М. Тәтімов) – 1 млн. 750 мын адамның өлгенін айтады. Бұл деректер болжамдар түрінде айтыла тұрса да, олар Казахстан тарихынан жазылған іргелі зергітеулерге ғана емес, мектеп оқулыктарына да нақты көрсеткіштер түрінде еніп кетті. Осылайша, 1931-33 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарлары туралы ғылыми корытындылардың көле-көрнеу бұрмалануының куәгерлері болып отырмыз, – деп жазады.

Кенес заманындағы зұлматтардың алнаш басталуы үлкендер өкінішпен еске алатын өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының басы мен 1928-29 жылдардағы қампескелік тәркілеу деп аталатын кезең Токырауын бойына орналасқан ел-жүртты айналып өткен жок. Одан соң кезең-кезеңімен 1931-32 жылғы аштық, 1937-38 жылдардағы жазықсыз жандарды қудалап қысым көрсету, арыстарымызды қойشا көгендеп атып-асуға дейін жеткізген зұлматтар жалгаса бергені анық. Оған Ұлы Отан соғысынан оралмаган боздактарды қосыңыз. XX ғасырдың I жартысындағы казак халқының басына келген наубеттер «Қоңырат» ауданындағы ел-жүрт тағдырын да трагедияга ұрындырган, айтып-жазып тауса алмастай апат екені ақиқат.

Міне барша қазақ халкының басына түскен осы ашаршылық пәубаты басым болігі тек қана мал шаруашылығымен, ал тек Токырауын бойындағы ауыл гана егіншілікнен шұғылданатын Қоңырат ауданы жұрттының коншілігін құrbандыққа ұшыратқаны айтпаса да түсінікті. Анықталмagan деректер бойынша Қарқаралы, Ку, Абыралы аудандарындағы 120 мың тұргылықты халықтан осы ашаршылықтан кейін 26 мың гана адам қалған. Олардың коншілігі Қарқаралыдан бері қарай «Былқылдау» арқылы «Қызыларай» елді мекені және «Кеңасу» арқылы «Сона» аталатын жерлер үстімен бүтінгі «Шабанбай би» ауылды арқылы «Бегазы» тауы, «Жіңішке» өзеші бойымен Токырауынға құлан, сол бағытпен Балқаштың балығына жетін жансақтауга жосыған. Олардың көбі жолда қырылғаны айтпаса да түсінікті.

1932-1933 жылдары қазақ халқы басынан өткөрген осы ашаршылық зұлматы туралы Сагат Жүсіп құрастырган «Ашаршылық ақиқаты» кітапта аңы шындық былай деп жазылған:

«Тағы бір айтайын дегенім, ашаршылықтан қазактың жартысы қырылды деп жатыр. Мен өзім Арқаның қазағымын. Мысалы, Қарқаралы ауданында шамамен ашаршылыққа дейін 50 мың адам тұрады да, ашаршылықтан кейін 15 мың адам қалады. Мениң ауданым Жанаарқада ашаршылыққа дейін 25 мыңнан аса халық болған еken. Ашаршылықтан кейін 5-ақ мың халықты санаган. Шет ауданында да ашаршылыққа дейін 26 мың халық болса, ашаршылықтан кейін 5-ақ мыны қалған. Иә, ашықкан адамның психологиясы өте қатты өзгереді. Қанша қиналаса да, ең соңғы мүмкіншілікке дейін баласын жемейді гой. Бірак жейтін ештеңе жок болып, әбден өлуге айналғанда алдымен қыз баланы жейді еken. Ұлым тірі қалса еken деген оймен. Бірак бәрібір өледі гой. Сосын босып келе жатқанда, әбден кажыған аштар алқаптан отырып бір-біріне «сенің балаң бітті, енді адам болмайды, одан да оны жейік те» деп те ақылдасады еken. Осындай келісімге

келеді екен. Бұл - масқара гой».

Архив құжаттарынан алғынған деректерге сүйенсек, 1932 жылдың зобаланындағы ресми деректерге қарағанда, ашаршылық жылдары емшектегі сәбілердің 72 пайызы, 7 жасқа дейінгі балалардың 60 пайызы қырылып қалған. 1932 жылы қазактар арасындағы өлім бала түудан артық болып, Орал қаласында 5 есеге, Қостанайда 2 есеге, Қызылжарда екі есеге дейін кеміп кеткен. 1932 жылы балалар үйіне 68 617 жетім алыша, 1933 жылғы 1 қантарға дейін 45 100 бала панасыз қалып, оның 1682-сі аштан өлген. Бірақ бұл кезгі ресми мәліметтердің барлығы саналы түрде кемітілін, редакцияланып көрсетілгенін ұмыттайык. Алапат ашаршылық жылдары Қазақстан шекарасынан шығын, босқыншылықка ұшыраган шаруалардың (қазактардың) саны – 1 миллион 31 мың. Олардың 165 мыны бұрынғы Кенес Одағының шекарасынан әрі асып, Қытайға, Монголияға, Ауганстанға, Иранға, Түркіяға өтіп кеткен. Сейтіп туган жерлеріне қайтіп орала алмаған. Ал корші республикаларға Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар саны – 450 мыңдай.

Аудан жеріндегі ашаршылық туралы сол кезде ағайындары «Боқты» көтерілісіне қатысты деген құдікке ілінгендіктен Ақтогайдагы нағашыларына қарай жылыстап кеткен Бекеев Нұрбектің калдырыған естелік жазбалары біршама шындықтың бетін ашады. Сонымен қатар ауданның ардагер азаматы Мырзахан Қалиакпаровтың «Орталық Қазақстан» газетіне жариялаган «Тарихымызды таразыласақ» деген макаласының айтары да бар. Н. Бекеев өзінің бұл жаққа келуін: «Мен 1930 жылы Қарқаралы оқроносының (окуртікоқу болімі Ж.С) бастыры Түсіп Қияковтың приказы бойынша Ақтогай районына мұғалім болып келдім. Район Шатырша тауынын баурайында, өзеннің он жақ қабағында. Районога тіркелісімен Актұмсық, Қарашокыда отырган нағашыларымды іздең барып сәлем бердім... Шешемнің улкен агалары Әлпай, Смағұл, Үшбай және өлген Смайыл ағасының екі ұлы Шымрбек, Мұқашка аттан түсіп сәлем бердім. Жөнімді айтып таныстым. Үлкен ағасы Әлпайдың Әмірбай, Әбдіrbай

есімді екі ұлы бар еken. Үшбайдың Қабдолл, Жұніс деген екі ұлы бар еken. Смагұлдың Төлеубек, Төлепбек, Қожахмет деген үш ұлы бар еken. Ақүй басындағы бастауыш мектепке мұғалім болып тұрып қaldым. Сонда детdom ашылды, мен бастық болып 1936 жылға дейін істедім» деп жазады. (А.Нұрбеков. Мәңгілік тұғыр. 2015. 16-бет).

Осы енбектегі Нұрбек Бекеевтің естелігі бойынша, ауданның 1930 жылғы басшылығында болған адамдарды анықтауға болады. «Актогай район болып, Шатыршатауының бауырында посстройка басталды. Шатырсыз екі квартиralық үй салынды, салушы десятник Воревьев, жуас, есті адам. Сол жылы жалғыз мен келген екеемін деп ойласам, келушілер көп еken. Бірінші секретарь Эбдірахман Сұлтанов, райсполком Сүлеймен Тасболатов, секретары Керней Әутек Бодаубеков, тагы бір Керней Сыдан Отепов, прокурор Күнтуар Сүлейменов, милиция начальнигі Махначин (был жоғарыда айттылған Т.Монохин. Ж.С.), мал дәрігері Завьялов, адам дәрігері Таракты Иса Құттымбетов, жер бөлімі бастығы Көлдейбеков, потребсоюздың бастығы Қабдырахман Жүсіпбаев және басқалары алыс жердікі және оқығандар, жауптты қызметтегілер, заготскоттың бастығы Құлік Мәкенбей Нұржанов, оқу бөлімінің бастығы Қоңыр Эбілдин» деп жазаганы накты дерек. Бұны аудан тарихына байланысты басқаларға да керегі болып қалар деп келтіріп отырмыз. «Қоңырат» ауданының ашаршылыққа душар болуына және сол ашаршылықтың зардалтарын жоюға олардың қашалықты «енбек» сініргені тарих тылсымындағы құпия. Қарап отырсақ, «Токырауын көтерілісінен» кейін аудан басшылары түгелдей дерлік басқа жактан келген кадрлармен ауыстырылған еken. Ол дегенініz, ауқаттыларды қампескелеу кезінде көзге түсуімен елді көтеріліске шығуына душар қылған бұрынғы басшылардың көбіне сенімсіздік білдірілді деген сөз.

Эттен, шіркін, сол ашаршылық зұлматын көзі коргендер түгілі, осы детдомдагы өмірді басынан кешіп аман қалғандардың дені басымы қазір бұл дүниеде жок. Ақыл-парсатқа азаттық

әкелген тәуелсіздіктің алғашкы жылдарында да ашып ештепе айтпай сүм заманның күпиясын оздерімен бірге алғып кетті. Ал кенестік дәуірде олар ашы шындық пен шерлі тарихты жазбак тұғіл, ашық айта алмады. Құғын-сүргін мен қорлық-зорлықтан мұлде жасып қалған ел өз үрпактары үшін тілін тістеп, шерменде қүйде кетті. Өз сенімді деген құрбы-құрлас сырластары арасында тек сыйырлап қана айтып, шер тарқататын. Қызығып тыңдайын десен, «бұл сен еститін әнгіме емес, құрысын, біз көргенді балалар көрмесін де білмесін, беті аулак» деп сөзді басқага бұрып жіберетін. Бала кезде туган нағашым Тобықты-Құланшы Үскак аксақалдың аштықтан Қөрпетай-Нұртайдан Балқашка аугандарында жолда адам етін жетіндерге кездескені туралы естіген әнгімемді жазуға дәтім бармай отыр. Шынында да құрысын, беті аулак.

Актоғайдагы детдомды басқарған осы Н. Бекеев баспасөз үшін жазған «Ескірмес естелік» атты мақаласында таза ақықатты айта алмады. «Егістің соны бітпей, райисполкомнан Әбеуов пен Әбділдин шакырып алғып, «Акүйдегі детдом ашылады, соган бастық болын баrasын» деді. «Топырак төгіледі, терезелер салынады, потолок болады, ремонт жүреді, жұмыскер ертен беріледі, соны басқар, жетім балалар 1 сентябрден жиналады, воспитатель, завхоз, саны 20 адамнан кем болмайды» деді. Осы айтқанының бәрі болды, 200-дей бала жиналды. Май, ет пачкапча болып келіп жатты, Балқаштан балық жеткізілді, кант-шай жеткілікті, үнді су дирменге тарттырып, нан жалтық. Детдомның шакырып алғып: «Ей, Бекеев, сені мына халықтың нанасыз детприемына бастық етіп койдық. Адал ниетінмен кызмет ет, егер жетім баланың акша, киім, тамағын беталды шашып, талантаражга салсаң, онда сені соттаймыз, осы балалардың үйі біздің бақылауымызда, әр он күн сайын өлгендерді білдірін тұр» деді. Сонымен детдомды басқарып жүріп жаттым. Ісім онып, алға баса берді. Халықтың аузына іліктім, жетім балалардың күтімі жақсы деген» деп жазғанына қарғанда, детдомның жағдайы жаман

болмаган сиякты. Эрине, көңестік идеологияның ықпалында жазғаны көрініп тұрганын сезу қын емес.

Осы детдом бастығы Н. Бекеев сәл кейінректе, нақты айтсак 1970 жылдың 14 наурызында жазған «Ашаршылық жылдарында» атты мақаласындағы мына айтқандары шындықка жақын келеді. «1932 жылы Ақтогай районының детдомында кызметтім, атақты отыз екінші жыл ғой, ойдан-қырдан жиналған 200-300 жетім баланың ауру-сырқауы көп, өліп те жатады. Бір рет 30-40 бала тышқақ, қылшадан ауырып жеке күттік, 7-8 күнде бір бала, кейде оншакты күнде бір бала, кей күні екеуден өліп қалады. Осы өлген балаларды тұган ағам Әубәкір дұрыстап комеді. Өкіметтің жетім балаларға берген азық-түлігі кем емес, бірақ ұқсатып бере алмай жатамыз, ұн жетіспейді, бидайды судиірменге тарттырып нан пісіртесін, баланы шомылдырып, шаш, тырнағын алу, кнімдерін жуып кигізу, тіктіру оцай емес, елде шай, қант, кей продуктілер жетіспейді. Сұраушылар да көп, бұл жетім балалардың азық-түлігіне көнілшектік істел не жақыныма шашпадым, бастық деп басқага шашпадым. Балаларды күтуде жан-тәніммен тік тұрудың, осы адап еңбегімнің бір қайыры болар деп ойладым» деп жазуы айғактайды. Детдом директорының бұл жазғаны рас. Әйткені өзінің тұган нагашысы Смагұл шал кемпірі Тәтипамен Сырыгеректің Қарашоқысында аштан өліп, менің әкем Қожахмет осы детдомға ілігіп кана аман қалды.

Қалай дегенмен сол детдомнан өткен 200-300 жетім баладан тараған үрлак бүгіндегі аудан жұртшылығының денін құрап отырганың айтсак та жеткілікті. «1932-33 жылдардағы ашаршылық ақиқаты» (2012) атты гылыми зерттеудегі архив материалдарынан келтірілген құжаттағы колхоздастыру мен аштық салдарынан басқа елдерге көшкен қазактар туралы мәліметте біздің ел де аталады. Онда «Карқаралы оқурғі Тоқырау ауданынан 20 тұтін көшіп кеткен. 100 үй көшуге дайын отыр» деп атап тұрып жазылған (142-бет). Сол көшкен 20 тұтін қайда барып жан сауғалады, ал қалғандары көшті ме, жоқ жергілікті қызыл коммунистердің зорлығымен елде қалып қырылды ма, ол

жагы белгісіз Осы «Тоқырауын көтерілісі» мен 1931-33 жылғы ашаршылық жылдарындағы Актогай жұрттының бастаң кешірген шерлі тарихының озі зерттеген адамға бірнеше кітапқа жүк болатыны анық.

Біз кітап қолемі көтермейтін болғандықтан 1937-37 жылдардагы сталиндік «жеке басқа табыну» салдарынан Актогай жұрттынан «халық жауы» болып айдалып, сотталып кеткен боздактар туралы жаза алмадық. Оқырман қауым білгісі келсе бұл туралы «Актогай. Энциклопедия» атты кітаптан танысуына болады. Сонда алақандай ғана ауданнан 227 адам сталиндік құғын-сүргін құрбанына айналғанын оқыр едіңіз. Тағы бір себеп: ол тақырыпты көтеретін болсақ, солардың жазықсыз құрбан болуына тікелей себепкер болған адамдардың да есімдерін атауға мәжбүр болатындықтан, олардың казіргі козі тірі үрпактарының назасына қалмауды да ойладық.

Сондықтан бұл тарауда екінші дүние жүзілік соғыс кезінде біздің елдің Кенестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста казакстандықтар үлкен ерлік корсетіп, женіс күнін жақындағуга өз үлестерін қосканы туралы мына деректерді айтумен шектелеміз.

«Барлығы майдан үшін, бірі де женіс үшін» деген ұранга үлес косуда Актогай ауданында 36 колхоз еңбек етті. Тыл еңбеккерлері соғыс зардалтары экелген ауыр кыншылыктарға қарамастан жан аямай жұмыс жасады. Т.Аршабековтың «Орталық Қазақстан» газетіне жарияланған «Женісті жақындаған Актогай» атты макаласындағы деректерге сүйенетін болсақ, Актогай өнірінен 3 мыңға тарға сарбаз Оған қорғауға аттанған. Толық емес деректер бойынша, оның 1200-ден астамы фашизмге карсы құрестегі майдан даласында қаза тапқан. 586 жауынгер жерлесіміз хабарсыз кеткен. Кейінгі деректер бойынша 257 боздактың сүйегі шетелдерде қалғаны анықталды. Қанды қырганнан 433 жауынгер ғана елге оралған. Олардан 218 адам мемлекеттік жоғарғы наградалармен, 115-і медальдармен наградталған. Қ.Нұржанов пен Н.Әбдіровтай екі бірдей Конгрес Одағының Батыры шығуы да

зор мэртебе. Қазақстанда бірде бір батыр шықпаган аудандар да бар.

Қазір Қоңырат ауданы сол кан майдан жүріп жаткан 1942 жылы Одак бойынша тылдағы ерен енбегі үшін Әскери Қызыл ту мәңгі сақтауға берілген төрт ауданның бірі болған жетістікке жетудегі тарихы туралы да зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Үлкенді-кішілі энциклопедиялар да, мерзімді басылымдар да бұл туралы жұмған аузын ашар емес. Соғысқа жіберілген әр колғап, әр пима, әр патронның орны туралы статистикалық деректер келтіруге шебер тарихшылар майданға аттанған ұшақтар туралы аса көп айта қоймайды.

Оны Серік Сагынтайдың «Жауга карсы ұшақ жасаткан Кенішбай ақын неге ескерілмей келеді?» атты макаласындағы деректерден көруге болады. Осы макаладан үзінді: «1944 жылы мамыр айының басында Караганды облысы Қоңырат ауданының бір топ азаматы Отан корғау қорына өз қаражаттары есебінен 1 миллион 666 мың сом аударғанын, сол арқылы майданға бір ұшақ, тогыз танк аттандырғаны туралы тарихшыларымыз осы уақытқа дейін тарага жазып, толық айтпай келеді.

«Иә, Қажымұқан Мұнайтпасовтың ұшагы туралы осы текстес мақалаларда, архив деректерінде 1944 жылдың қыркүйегі деген дата жиі айтылады. Тек кейбір макалалардаға ғана 1942 жыл деп жазылады. Қалай болғанда да, балуан атамыз жасаған ерлік тек бір адамға ғана емес, басқа да аталарымызға ортақ болғаны анық. Бірак таңғаларлығы, соғысқа ұшақ жөнелту үшін өз енбегімен 100 мың сом қаражат жинаған аты әйгілі ақын Кенішбай Жұбандықұлының, танк жасатуға 60 мың сом көлемінде ақша берген балуан Моншакбай Жантулақовтың, Ақантай Алдабергеновтың, Әйнек Әбдіхалықовтың, Әшімхан Ахметовтың, Адамия Әбілдиннің, Қаскен Әмірхановтың, Мәли Жаксыбековтің, Тоқберген Телібаевтың, Сейдігазым Шомақбаевтың есімдері елеусіз қалып келе жатқаны. Ал Ақтогайдагы аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайда соғыс жылдары шыгарылған «Қызыл Ту» газетінде

жазылған макаладан озге еш дерек болмай отыр. Сонау жылы ардагер азаматтар соғысқа каражат жинал берген тұста – мамырда Сталиннің атынан арнайы алғысқат та келіпті. Тек Сталин жазған жеделхат есімдері аталған ардагер әкелеріміздің отбасыларында сакталмаған. Балқім, тарихиылар, мұрагаттанушылар осы макаламыз арқылы тын ізденистер жасап, дәйекті деректер тауып қалар деңең ойдамыз, - деңең С.Сагынгайдың бастамасының колдау таплағаны да өкінішті істердің бірі.

Негізінен Актоғай ауданы тарихындағы 1937-38 жылғы қанды қыргын мен 1941- 45 жылғы соғыстағы күн кезең мәселең түрде мұрагат актара отырып зерделейтін такырыптардың бірі екені анық. Ендеше Ы.Алтынсарин айтқандай «Біз болмасақ сіз барсыз, Үміт еткен достарым, Сендерге бердім батамды» дей турайык.

## XIII тарау

### ТОҚЫРАУЫН АРНАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ӨНЕР

Ресей отаршылдығы казақ даласын жауап алуды бастаганиан кейін кең сахарадағы көшпелі елдің бүкіл болмыс-бітімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, өнері мен мәдениеті, этнографиясы зерттеу нысанасына алынып, оған қызыға да, таңдана да қаралғаны белгілі. Отаршылдық саясатқа негізделген, казақ даласын төзірек жауап алып Орта Азияны бағындыруды төзірек жүзеге асыруға ұмтылған әскери экспедициялар оны онды-солды көзіп, мақсатты ғылыми зерттеу нысанына алды. Қанша европацентристік көзқараста және ұлы державалық шовинистік пигылда болғанымен Ұлы Даланың Демоспендері мен Цицерондары және импровизаторлық қабілетте аяқ астынан сурып салып жыр төгетін ақын-жыраулар өнеріне алғашкы зерттеушілер аса бір таң қалғаны тарихи шындық. Оның басты себебі бір гана өлке немесе аймакта емес, бүкіл казақ даласының қай түпкіріне барса да өзіндік ұлттық сипаты айқын сөз өнері үлгілері кездесіл отырды. Миссионерлік пигылдагы И.Левшин: «бұл киргиз-қайсақтардың өзіндік түрмисына тән поэзиясымагы бар. Бірак олардың өлең айткандары қойдың маңыраганы сикты жағымсыз әсер қалдырады» деп менсінбесе, атақты ғалым Г.Потанин «маған бүкіл казақ даласы ән салып тұратындей көрінеді» деп бағалаған болатын.

Еуропа мен Ресейдің ориенталист-фольклорист ғалымдарын ерекше назар аударғаны - сөз өнерінің кейір түрлерінің әр өнір мен аймаққа тән өзіндік ерекшелікпен туып-дамитындық ғажайып құбылысы. Мысалы Сыр сүлейтерінің макамы кең диапозандагы Сарыарка әншілерінің шығармашылығында орын теппеуі, немесе Батыстың төкпе күйлерінен көрі Аркада шертпе күйлерге көбірек дең коятын себебі неліктен?! Біздің ойымызша, бір гана қазақ өнері дегенімізben кең даламыздың әр аймагында өзіндік

табиги ортасына байланысты өнер мектептері қалыптасқан да ол дәстүрлік даму жолында тарихи сабактастыққа орай жалғастық тауып отырган.

«Арқага барсан әншімін деме, Батысқа барсан күйшімін деме» легендідана халқымыз тегін айтпаган. Орталық Қазақстан жерінде ұлт мәдениеті мен әдебиетіне айтарлықтай үлес қосқан Ақтогай ауданы халқымыз тарихында айтулы тұлғаларды туғызды. «Такыр жерге шоп те өспейді» дегендей, бұл – «ел ішінше өнер кеніші» болғанының белгісі. Салыстырмалық тұрғыдан бағалаған, тарихи тұрғыдан таразыласақ. Токырауын өзені бойынан төрт бірдей өнер мектебінің үлгісін табуга болады. Олар: әншілік өнер, күй өнері, шешендік және ақындық өнерлер мектептері. Оны сез еткенде қазіргі әкімшілік-территориялық бөліс бойынша гана карастыруға мәжбүрміз.

Күй қазак халқының өнерінің ішіндегі аса күрметтісі болса, бұл өнер тарихында ерекше аталатын тұлғалар Ақтогай төңірегінен де шықкан. Токырауының бастауынан Балқашқа қыярсағасына дейінгі өнерлі олкеде күмбірлетіп күй шерткен Шалғынбай Тұмабайды, Эшімтай Қарымсақұлы, Тэнкин Мұқсының, Ақкызы (Мұғілсім) Ахметқызы, Эшірбек Тілешұлы, Магауия Хамзин және тағы да басқа айтулы күйшілердің шығуы, күйшілік өнер мектебінің болғанына айқын дәлел. Осы халықтық күй өнері мектебінің дәстүрін бүгінгі таңда «Қаратал» елді мекенінің онерпаз домбырашы Сейдіғаппар Өмекешов пен «Жамшылық» кобызыши Шәмши Еренбеков гана жалғастырып жүр. Екеуі де арнайы музыкалық білім аркасында өнерпаз болып жүргендер санатынан емес, қарапайым еңбеккер болса да табиги тума талантпен күйшілік аталатын киелі өнердің дәстүрін сактап, үрпактан үрпакқа жеткізушілер. Аудан орталығы Ақтогайдан 60 шакырым жатқан «Калинин» елді мекенінде тұратын Ш. Еренбеков өнерін казір ел ортасында сирек кездесетін қобыз тартудың атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүр жалғастығы демеуге болмас. Ол өзінің өнерін ата-баба жолын жалғастыруының деп есептемегенімен, кешегі бақсылық

өнерден туындаған қобызшылықтың ел ортасындағы сарқыты деген орынды. Ал баксылық жолын ұстаушылар тек қана емдеуші гана емес, бойына синкретті өнер түрлерін жинақтаған белгілі бір дәрежедегі онерпаз да болғаны мәлім. Ендеше Актогай жерінде қобызбен күй орындау өнері де өріс алған. Оған әзірге біз білетін Тұсіп баксы, Омар баксы, қобызшы Тәнкінің Мұқсины мен Әшірбек Тілешұлы күйшілерді атар едік. Бұл жерде елім деп емешегі үзіліп жүретін «Болашак» университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы Нұрлан Дулатбековтің Токырауын арнасындағы шертпе күй дәстүрін насиҳаттаудағы ерен еңбегін айрықша атай кету орынды болмак.

Ел арасында «Актогайдың бұзауына дейін ән салады» деген әзіл-оспақ сөз бар. Қызыққаннан айтылды ма, қызғанғаннан айтылды ма, кім білсін, әйтеуір осы сөзде үлкен шындық жатыр. Ол өнердін бүкіл жүргішіліктың сипаттағы дүниетанымда орын алып тарағанына нақты мысал. Өйткені осынау пәни өмірден баки дүниеге дейінгі адам ғұмырында бесік жырынан жоқтауға шейін ән-жырмен аяланған ұрпактан дүлдүл өнер тарландары шықпауы еш мүмкін емес. Атакты Әсет Найманбайұлы, Шашубай Кошқарбайұлынан бастап «қазақ бұлбұлы» атандын К. Байсейітова, М. Ержановтардың Қазақстан өнеріндегі орындары ерекше. Оларды Актогайдың әншілік мектебінің жұлдыздары десек, сол дәстүрді Абай атындағы опера және балет театрының әншісі Рымкеш Жұмаділова, «Токырауын толқыны» ансамблінің әншілері Дағыға Ақатаева, Асылмұрат Ахановтар салған жол бүгінде апалы-сіңлілі Бұлбұл және Даны Мақшоновалар және тағы басқалар арқылы жалғастық табуда. Театр саласының актерлері «Халық артистері» атандын А.Ыбыраев, М.Әбдікәрімов, З.Жақыповгардың елеулі өнер иесі болып калыптасуына ауданның ән және күй өнері мектебінің әсері болмады дей алмасақ керек. Бұл айтылғандардың барлығы да Актогай өнірінің өнер ордасы екенін дәлелдеу болса, сөз өнері, оның ішінде шешендік және ақындық өнерлер мектебіне айрықша тоқталу кажет.

«Қаска айғырдың баласы қаска тұмаса да төбел туады» демекші, үш жұздің созін ұстаган, барша қазақ халқының тағдырында корнекті тұлға, от тұлді, орақ ауызды би-шешен Қаздауысты Қазбектен бастау алатын шешендік арналары бұл жерден де табылады. Атап айттар болсақ, атакты Қараменде би, әрі батыр, әрі шешен Жидебай, Шабанбай би, Сана би, Күзембай би сияқты әділдігімен кара қылды как жарған тұлғалар болған. Осылардың ішінен айтқан биліктегі мен шешендік сөздері «Шешендік сөздер» аталатын жинаққа енгізіліп жүргендегі Қараменде мен Шабанбай билер ғана. Ол да болса түгел емес, екі-үшеуден аспайды. Бұлардың және Қараганды облысы төнірегіндегі елге ғана мәлім жоғарыда аталған қалған үш бидің билік, шешендік сөздері әлі де болса ел аузында жүр. Олар толықтай зерттеліп, зерделеніп хатқа түскен жоқ. Мысалы Шабанбай бидің Жанғұтты шешенге берген батасы жій беріледі. Ел тұтқасын ұстаган, «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» биді тек осы шешендік сезімен бағалау жеткіліксіз екені айтпаса да түсінікті. Бұл би-шешендердің біз билетін азды-көпті ділмар сөздерін мысалға келтіріп жатуды мақала қолемі көтермейді. Қараменде мен Жидебай шешендер туралы бір ғана мысал келтіре кете лік.

Дадан Тобыктыны бастап Қараменде қалыңтобықты жайлаган Шыңғыстаудан ауганда, Сыр бойындағы Жиделібайсынга жетуге Бетбак- даладан өтуге қыс түсіп кетеді. Амалсыздан Қаракесек Қарсен-Кернейдің Жарылғапберді батырына тиесілі жері Ақшатау төнірегіндегі Қарашоқыны қытайды. Ауа кошкен елде қандай жағдай болушы еді, кара құзде қыска дайындықсыз қонғанмен жердің жайлылығы сондай, ерге қоқтем науырызда токтысына дейін қоздап, айран-қатыққа қарық болыпты. Алғашқыда ел басшыларынан жазға дейіп қыстап шығуға рұқсат алғанымен, жерге қызықкан Қараменде би төнірекі осында орнығып калу туралы сөз шығара бастайды. Сөнни сезген Жарылғапберді батыр «жерді босат» дегі айтуга келсе, Қараменде ауылда жоқ екен. Ашулы батырдың сұсты түрінен қорықкан әрі сасқалактаған би тоқалы ши ішінен алып бір тостаған қойдың қатығын ұсынғанда,

ернін ғана тигізген батыр канжарын ұшымен қатыкты төртке бөліп қайтарып беріп сыртқа шығады. Атына мініп құдық басында қауға тартып жылқы суарған жігіттерге келеді де су толы қауғаны найзасымен үш рет шашып, үн-тұңсіз аттанып кетіні.

Караменде би сапардаи оралса, үрелі ел батырдың әрекетін неге жорырын білмей дел-сал болып отыр еken. Мән-жайға қанықкан соң Қараменде би:

- Бұл Кәрсөн-Кернейдің Жарылғапберді батыры болды. Қатыкты бекер-ақ көрсеткен екенсіндер. Оны төртке бөлгені - бұл жерде сендерге қоныс жок дегені. Қауғага үш рет наиза салғаны – үш күннің ішінде көш, көшпесен тұрысатын жерінді айт дегені. «Батыр аңғал, ер күдікшіл» деген, беті қатты еken, бір арандату бар шығар, ел шабудан тайынбас. Бұны бастап отырган Жарылғапберді деймісің, артында баска да ру басшылары бақастап отыр да. Ең құрығанда мал төлі аяқтанғанша шыдамады-ау. Қектемнің кара суығында Бетбақдала откізбейді, қатын-бала, мал-жанды босқа қырып алармыз. Эзірше Кәрсөн-Кернейдің шеткі жері Қарабұлакты паналай тұрмаса болмас. Бірақ бұл жерде бізге тұпқылікті қоныс жок. Иен жатқанымен ата-мекенін кім басқаға киын берсін. Қактығысын қалсак карт Шынғыстауга сыйғызбаған Кенгіrbай бізге корған болар деймісің. Амал жок, ел кешуге дайындалсын, - деп назалана сөйлейді.

Бірақ Дадан Тобықты Қарабұлакқа қарай сырғығанымен жергілікті ру басшылары тобықтыларға кош демесе де «бұл жер де біздікі» дегендей, жылқы мен бойдақ қой бақкан қостарын Қарабұлак манайына орналастыра беріпті. Қараменде шарасыздан озі тәрбиелеп ел арасындағы дау-дамайға қосып жүрген Сананы жер шолуға жұмсаса керек. Ол кеп жүріп жер ізделеп, ақыры «Ойы балық, қыры кінк, нағыз кедейдін жан сактар жері еken» деп бүкіл Даған Тобықты Балқаш бойына құлаған.

Бірақ күні ыстық, өзі шөл, мал үшін тұщы сұы аз, масасы мен сонасы коп, қалың ну камысты Балқаштан ел жайлайға көшпей отырсын ба? Сол үшін кірме болар ел, жайлай болар жер іздеуге кіріседі. Ол кезде Бектауата тауынан бергі жердің несі Әлтеке-

Сарым еншісінде, Балқашты Ұлы жұз бен Орта жұз қыс қатты жылдары катар қыстайтыны Қаз дауысты Қазбек бидің кезінде шешілсе керек. Сөз реті келгенде айта кетелік, қалың Аргын, оның ішінде Бес Мейрамның иғі жаксылары Балкаш бойын бір жолата өздеріне қаратып алу үшін бір «Аргынның баласымыз ғой» деп Дадан Тобықтының көл маңайына қоныстануына қарсы бола коймаған. Эйтпесе далада жаткан жер жок. Ұлы жұзben жер дауы бола қалған жағдайда «Қарқабаттап» ұран салып бүкіл қалың Қаракесек шыққында өздері сыйғызбай жіберсе де «Даданды қырып-жойып жатыр» деген хабар жетсе, Шыңгыстаудағы төрт болыс Тобықты қарал қалмасы анық. Оның аргы жағында «Ақжоллап» бүкіл Аргын жатыр.

Қаременде би Бектауста тауынан бері өтіп, Токырауынды өрлей жайлауга шығу әрі сол арқылы жер алу мақсатымен ел билігін ұстап отырған Жидебай батырга келеді. Тегін келіс емес екенін сезген батыр өзі «Шаппай жүйрік болған, сөйлемей шешен болған Шабаным» деп бағалаған Сарымның Шабанбай биін алдыртады. Қазакта ол кезде ас пен той көп, бұлар сондай жынындарда кездесіп жұстаныс болғанымен сынасып көрмеген еken. Бір-екі күн әнғіме-дүкен күрысып қонақ болғанда Қараменде би әр үлкен дәм ет жеген сайын «шіркін, Токырауын бойына жайылған малдың еті-ай» деп, ал шай үстінде «шіркін, Ақтоғайдың ак бидайының бауырсагы-ай, кайран Токырауынның суы-ай» деп тамсана берілті. Көреген Қараменде би өзінің негізгі шаруасы мен түпкі ойын осылайша сездірсе керек. Ол Токырауын өзенінең сағасына егін салу үшін екі-үш тоган су, ал өзі секілді ру жаксыларына жайлау үшін жер сұраганын тұспалданап білдіргені еken. Ал Токырауын сағасы Балкашқа жетпей 30 шакырымдай жерде күмға сінеді де көлге жер астымен барып қосылады. Ол дегенініз - сағаға дейінгі осынша жер және тоган алса оның егіндігін қосқанда 50-60 км. дала Дағанға кетеді деген сөз.

Алайда халықтың «жаксының келгені - сұраганы» деген дәстүрін жаксы білетін, ел ішіндегі бітпейтін дауда әбден синалған терен ойлы Жидебай батыр да, сұнғыла Шабанбай

да ашыла қоймаган болса керек. Олар қонақ бидің ас үстіндегі мактауларына қазіргі әкімдердегі косыла кетіп, бірге даурығыса жөнелмеген. Өйткені олай жасаса осынау таулы-өлкелі малға жайлыш жерді, жағасы жайлау өзенді «бірге жайласак қайтеді» деп Караменде бидің бірден колқа саларын сезбей отырған жоқ емес.

Сонымен не керек, өзінің тұспалмен білдірген сұранысына жылы ықылас көре қоймаган әрі қайткен қунде де Балқаштың шөліне қамалып қалған елін құтқаруды ойлаган Караменде би «ертең аттанамын» деген құні ауыл сыртында бірталай адам алқақотан әнгімелесіп отырғанда:

– Жидеке, осы сізді жүрт киесі бар дейді! Сол рас па? - деп сұрайды.

– Е-е, биім, мактағысы келген ел не айтпайды, болса болар. Естуімше ол жағынан озің де күр алакан емес деп жүр гой.

– Батыр, мен бұлталаққа салатын Дулаттың шалы да, сіз кеудеге салатын Қуандықтың жуан жұдырық әпербаканы емессіз. Одан да кие салыстырсақ қайтеді? – деп Караменде би ұсыныс жасайды. Дадан Тобықты бинің киесі тегін емес екенін сезген және көрінек дегенде көрініл де көрігендігі бар Жидебай :

– «Халық айтса қалт айтпайды» деген де рас, бірақ көмейінің корініп тұрғаны да рас. Салыстырсақ салыстырайык. Бірақ соңғы сөз менде қалатын болсын, - десе керек. Сонда бұрын аздық-көпті ой боліскеңімен «елдің жақсы-жайсандармен ақылдастып алмадық-ау» деп қауіп ойлаган Шабанбай би:

– Батыр ага, ер жауга ие, би елге ие, ел жерге ие деген бар деген бар емес пе? Кие қасиетті қабілет кой, асығыстық болмас па екен? – деп қалады.

– Тәйірі, Шабанжан-ай! Батырдың ерден несі артық, бірақ оқтық күші артық. Киеден кис несі артық, ел үшін салған ісі артық. Өз қазағын Үйсін-Дулатка қимай жүрген жерінді кәгір алып жатыр емес пе. Қарекен бастаған Тобықты жерге сыймай канғып жүрген жоқ, басы бірікпеген елге сыймай шұбырып жүр. Қаз дауысты Қазбек бабамыз «Елге ел қосылса құт, елден ел кетсе жүт» дегенді бекер айтпаған,- деп барып, аз-кем үнсіздіктен кейін

сөзін жалгайды.

– Егер кабыл алмасам ертен-ак мына жұрт Жидебай Қараменденің киесінен корқып кие сайсына шықпапты деп шулап шыға келмей ме?! Онда қол бастап жау қашырган батыр атым қайда? Әлтекенің би-батыры мен, бүкіл Сарымға ие сен. Екеуміз бірге болсак, ел шетінде жау болмас, бір шешімге келмесек, жер шетіне ел конбас. Менен Қарекенің киесі асса да өзі аспас, елімнен елі аса алмас. Тәуекел!

– Онда ұсыныс менен болғанда, алғашқы жол - сіздікі. Сіз бастаңыз, - депті бағанадан үнсіз отырған Қараменде би.

Сонда Жидебай батыр тұлғасына лайықтал тігілген оқалы шапанының қойнына оң колды салып жіберіп, алпыс екі айлалы алтайы қызыл тұлқіні жарқ еткізіп сұрып алып коя беріппті. Сол-ақ еken Қараменде иығынан қыран бүркіт алып ұшырыпты. Дадан Тобықтылар бабамыздың бүркіті тұлқіні бүре түсінті деседі, ау Әлтекелер Жидекенің тұлқісі алдырмапты деп дауласады. Біз анығын білмейміз, оны накты дәлелдеу де мүмкін емес. Қалай дегенмен де атақты екі тұлғаның өз киelerін жұрт көзіне көрсеткені алғаш рет болса керек. Осыдан бастап Тобықтылар бүркітті елінің киесі санаса, Әлтекелер тұз тағысын атпайды.

Ертеңінде аттанардағы Қараменде бидін «Батыр не айтасыз?» деген сауалына Жидебай:

– «Ел бірікпей, жер бөліспес. Ең алдымен ел-жұртпен сыйластыққа жол тапсан, жер табылар», - деп екі-ұшты жауап береді.

– Елімді егінге, малымды шөбіне үйретсем бе деп едім.

– Колқа сала келгенің екеу еken ғой. «Тобықты ұры келеді» деуші еді, еліннің ұрлығын тыярың, сыйлассан сыйрың. Жолың болсын, - деп Жидебай сөз біткенін байқатады.

Кейін екі ел сынаса, сыйласа келіп құдандалы болып, екі би дос-жаран сыйлас гұмыр кешеді. Кие сайсынан соң екі жылдан кейін Жидебай мен Шабанбай еліне ие болып қадіріп өткізген Қараменде биді арнайы конак етіп: «Елің Тоқырауын сағасын жайласын, сол жерден үш тоған су алсын. Бірак бері

аспасын. Жалғыз Даған-Тобықтыға ғана емес, бүкіл Тобықтының қадірлісін ғой, озіне қарайтын атамен жайлайға Қорпетай-Нұртайды жайлай» дег жер кесіп берген екен деседі. Актогай жеріндегі екі болыс елдін бірі Балқаш болыстығына негіз болған жер нобайы осыдан бастап құрылса керек.

Біз сөзіміз дәлелді болу үшін ұзактау болса да бұл мысалды әдейі келтірдік. Аталған екі би арасындағы шешендік сұрау мен арнаудың үздік ұлгілері де кездеседі. Ал Шабанбай, Сана, Құзембайлардың билік және шешендік сөздері әлі де болса ел аузында жүр. Олар әрі кетсе сонғы кездे жалпай шығып жатқан шежірелерде шашылып жатыр. Оның ішінде «агаластың атын оздырып» белгілі билер сөзін өз туысының аузына салып жүргендер де бар. Міне осындай біржакты келенсіздікі токтату үшін аталған билер сөзін ғылыми мақсатта жинастырып, салыстырмалық зерттеу жүргізу қажет-ак. «Ханның сөзін күл да айтады, бірак аузының дуасы жок» демекші, сонда ғана ауыл арасының тапқыр сөзді адамын ел тағдырын шешкен атакты би дәрежесіне апарып тенеу секілді етек алып бара жатқан науқаннан құтыламыз. Ұлы да халық шығармыз, бірак осыншама өзі ділмар, өзі дана, өзі кеменгер би-шешендеріміз көп болған болса, атамыздың басына үш ғасырга таяу орыска тәуелді болып келгенбіз?!

Актогай ауданындағы кез келген адам сөз өнеріне, оның әзіл-қалжың мен астарлы тапқыр сөзіне шебер келеді. Басқа жерлерде де бар шығар-ау, алайда бұл жакта ерекше. Ол да болса, осы шешендік өнердің сарқытының сакталғаны шығар. Бір ғана «жынды» Ыскак атанған тіл мірдін оғындар атамдар да откен. С.Жанысбай ағамыз осындай тауып айтар ділмар сөздерді жинастырып «Актогайдың айтқыштары» деген кітап та шығарды. Содан біршама астарлы сөзге канық болар едік. Оларды қайталап келтіріп жату артық болар. Бірак осы шешендік өнердің сарқыты деген пікірімізді дәлелдеу үшін мысалдар жазалық.

Менін Қызыр Қалиев деген сабактас, бір класта оқыған құрласым бар. «Қой аузынан шөп алмас» момынның момыны.

Мектепте мұғалім сабак сұраганда ұялшактығы сондай, құлағына дейін қызырып біліп тұрғанын айта алмайтын. Мектептен соң шопыр болып жұмыс жасады. Біраз уақыт ескі бір машина жүргізген соң, совхоз басшылары жана келген су таситын Газ-53 машинасын беруге үйгәрім жасайды. Совхоз инженері мен гараж менгерушісі гараж жұмысшылары мен шопырларды жинал арнаіы түрде кілтті тапсыру шарасын өткізеді. Сонда Қызыр:

– Сенім білдіргендерінізге ракмет. Бірақ мен бұл көлікті аламын ба, алмаймын ба, қазір бір жүргізіп барып көрейін, - деп машинаға отырыпты. Жері тақтайдай жолмен бір айналып қайта келіпті де:

– Ағайлар, мен бұл көлікті алмаймын, - деп кілтті ұсыныпты. Судай жана машинадан бас тартқанына таң қалған басшылар ан-таң болса, қалған жұрт:

– Неге? - десіп шу ете түссе керек. Сонда Қызыр:

– Оның себебі біреу-ак, машина спидометрінде барлық жылдамдығы 125 км. деп көрсетілген. Мен жана газды канша бассам да 120-дан асыра алмадым, яғни бір кемшілігі бар, - деп жиылған жұртты құлкіге қарық қылышты. Міне ең момын деген жанның өзі осындай тапқыр әзіл айта алса, ол деген шешендік сөздің гендік сипатының жалғасуы дер едік.

Карапайым еңбек адамдарының өзі тапқыр сөзге дайын тұратынына мысал деген жетіп артылады. Аудандық мәдениет үйінің киномеханигі Кнашин Шөкен деген адам бір тойдың ертеңіне шалабуырыл күйінде ертемен келіп кино афишасын іліп жатса, касына аупарткомның бірінші хатшысы келіп қалышты. Амалсыздан сәлем берілті. Шөкеннің халін байқаған басшы:

– Өй, сен тан атпай шіл алыпсын гой. Жұмыс уақытында неге ішесін? – деп ұрып берсе керек. Сонда Шөкен айылын да жимастан:

– Ол біздің шаруа,- депті. Бұл сөзге шамданған хатшы:

– Тура қазір милиция шақырып, абактыға жаптыртамын, - деп ашу шакырса, асып-саспаған Шөкен:

– Ол енді сіздің шаруа, - деп қарал түр дейді. Дымы құрыған

хатшы ауыз аша алмай қалыпты.

Актогай жұртының аз сөзге көп магына сыйғыза сейлеу машигына таң қалмасқа болмас. Қошкін-Шақабай Рақымберлі Серік мына бір тапқыр сөзді айтып беріп еді: «Бір отбасының келіні жайсыздау болып, оны сезетін туыстары үлдің шешесінен:

– Шешей қалыңыз қалай? Аманшылыктасыздар ма? – деп сұраса керек. Сонда ол кісі:

– Е, е, хал-жайды сұрап не қыласындар. Сваркамен отырмын гой, - деп ұлы мен келінінің арасына жамау болып отырганын бір сөзбен-ақ жеткізіпті».

Актогай жұрты Шапибай ағамыздың тапқыр сөздерін әл күнге дейін айтып жүреді. Осы ағамыз қыс түсे совхоздан бір машина шөпалып келе жатқанында, белгісіз себептен от тұтандып, машина шөбімен қоса өртеп кетіпті. Айдалада оны сөндіруге шақар жөқ, өртөнген машинаға қарап тұрып Шапибай:

– Енбегің жанбайды деуші едіндер, ал міне, жанды, - деп қараң тұр дейді. Мәселе болған оқиғага асып-састай, сабырлы қалыпта тапқыр сөз айта білуде жатыр.

Актогай совхозында Садыков Жұман деген ақсақал бар. Тегі Тобыкты, оның ішінде Мандар атасынан. Өзі Қошкінге күйеу болып келеді. Бәйбішесі Нұрбала Байсереккызы Қошкін-Қазыбай атасынан. Жұман ақсақалдың мұрыны тым рабайсыз үлкен болып жаратылған адам. Осыны тілге тиек еткен балдыздары:

– Жездеке, мұрының неге сонша үлкен? - деп маза бермейтін болса керек.

– Ой, «ер мұрынды келер» деген, барлық Қошкіннің танауын жинасан да менікіне жеткізе алмайсындар. - деп сөзден ұтып кетеді екен.

Жұман ақсақал бір жылы асыл тұқымды кошқар отарын бағуды басшыларға өтініш айтып сұрап алыпты. Сонда жанашыр жандар:

– Жұмеке, мұныңыз не? Азабы көп кошқар бакканша, саулық отарын алғып, жұз қойдан 100 қозы алғып, озат шонандар катарына кірмейсіз бе, қозы берін. біз де көмектесеміз гой. - деп тілеуқор

сөз айтса керек. Сонда Жұмекен:

— Сендер не білесіндер, совхоздагы барлық еркек кіндіктердің ішінде ең бағалысы осы қошқарлар,- дегі. «Ол қалайша бағалы болмақ» дегендеге:

— Ал ала таңнан кара кешке дейін жұмыста жүретін сендердің қайсына үкімет жағдай жасап отыр өзі? Жаксы жем де, таңдаулы шөпте, шүйгін жайылым да, керек десеніз керемет дәрілік витаминдер де осылардікі. Оның үстіне әр басына 1 сомнан төлейді. Мен бағатын 300 қошқарға басқа кірісті айтпағанда, 300 сом жалакы. Кәне, кімің осынша акша аласың? Балаңдар бағады, мен үйде жатып совхоз директорынан 50 сом артық аламын. Қошқін-Рақымберлінің экесі Сейдіғалы айтпақшы, «тогыз тының кір, бір тының шық» деп осыны айтады, - деп әзілмен жеңіп кетіпті. Ал ол кездегі акшаның құнын ел біледі.

Бірде тойдан «көңілді» шықкан Жұман тұн караңғысында үйіне келе жатса, алдында бір адам бара жатыр екен. Оны қатты қалжындастын құрдасы Асылхан Тасқынбаев деп ойлап сонында келе жатып:

— Үй, жаман неме, өтектеп шалбар киген, қокайтып шляпа киген сенің не тенің, - деп тисіп, сыпырта боктап салынты. Алдағы адам тоқтай қалып:

— Жұмеке, осы сіз не айтып келесіз? Кімді балагаттап жүрсіз?  
— денті. Сойтсе алдагы адам совхоз директоры Ибраев Жұмагұл екен. Шатақанына қатты абыржыған Жұман:

— Ой, бұл сіз бе едіңіз? Былай караганда менің ана Асылхан итімнен бір аумайсыз-ау, қатты ұксайсыз десе керек. «Сөз тапқанға колка жоқ» деген де осы.

Егінбаев Төлеген деген катарласы Аманбек деген кісіден:

— Осы Жұман ылғи қунде жаңа кастом-шалбар киіп жүреді. Соны қайдан алады екен? – деп сұраса керек. Сонда Аманбек тұрып:

— Туу, сен білмейді екенсің гой. Оның көршілерінің бәрі орыстар гой. Анау Шатин, Зоя, Володялар. Ол қунде соларға намаз оқиды және жаназага кіреді де жаңа кастюм киеді, - десе

керек.

«Сарытеректе» агайынды Қиса мен Омаш деген кісілер өткен. Сол Қиса бірде отырып:

– Осы мен өкіметтің бір ісіне қайранмын. Менен алады да Омашка береді. Оны мен былай да бермеймін бе, - денті. Сейтсе өзінде бала жок болған соң, өкіметтің бездетность деген салық ұстайтынып осылай астарласа керек.

«Бірлестік» бөлімшесінде гүмір бойы тракториы болған Кеуеков Монаш деген жігіт болды. Сол ауылдағы Қабыш деген аксақал бір ғанаурага 10 сом беремін деп кос колының саусағын көтерсе, Монаш:

– Андағынды алмаймын, - деп бұлданады.

– Е, неге? Аз ба? – деген сұралққа:

– Беріп тұрганың 9 сом 50 тиын гой. - деп тұрган жұртты ду күлдіріпті. Сейтсе, Қабыштың бір саусағының жартысы жок молак екен.

Осы Монаш «Беларусь» тракторының алдыңғы шынысына жақсы бір блокнот іліп қояды екен. Жанына отырган адам қызытушылықпен оны ашып қарамай ма? Сонда әдемілеп тұрып кос саусактың арасынан бас бармакты шыгарып койған сурет, оның астына «Ал не көріп жетістің?» деп жазып қойса керек. Караган адам ынғайсыздандығынан не дерін білмей қалады екен. Өзі болса, шек-сілесі катта мәз болады.

Жаза берсе ауданның әр ауылында айтқыш, тапқыр сөнге әзір тұратын адармдар да, неше түрлі сөздер де толып жатыр. Біз тек ой өзегіне атынған мәселеге орай кейбіреуін ғана келтірдік. Тоқырауын бойындағы шешендік ділмар сездің заман ынғайына карай әзіл-калжың түріндегі сипаты осындай дәрежеде әлі күнге дейін жалғастығын тауып келе жатыр. Уақыт ете келе сондай астарлы сөздердің негізгі авторлары біртіндеп ұмытыла келе, олар халықтық фольклорга айналып кетті.

Ақтогай өніріндегі ақындық мектеп Ә.Найманбаевтан бастау алады. Бұдан одан бұрын ешкім болмады деген ұғым тумауға тиіс. Ел арасында осындай ақындар болған деген сөз ғана айтылып,

накты деректермен дәлелдеуді қажет ететін болғандықтан да құр босқа тізбелей беру қажеттікке жатнас. Э.Найманбаевтың шығармашылық мұрасы XIX ғасыр әдебиетінің тарихында ақын-энші-композиторлар шығармаларын зерттеген ғылыми енбектерде сөз болды. Ертеректе кандидаттық диссертация да қорғалған да болатын. Бірақ Әсептің шығармашылық гұмырнамасында әлі де болса анықтауды қажет ететін жағдаяттар жоқ емес. Кеңестік идеологияның кесірінен ақынның шет ел жерінде қайтыс болуынан бір жакты бағалауға жол берілді. Оның «Ағаш ат», «Шерізат», «Батыр қызы», «Шакиғабас», «Жамсал» және т. б. қисса, дастандарының шығыс әдебиеті үлгісінде жазылуы дінгे және қазақ ұлшылдығына қарсы қозқарастың әсерінен ұлт әдебиеті тарихында әділ бағасын толық алды дей алмаймыз. Ал «Әсет пен Рысжанның айтысы» қазақ жұмбак айтысының классикалық үлгілерінің бірі десек артық айтқандық емес. Бірақ бұл айтыс казак фольклорының көп томдығындағы 1988 жылы шықкан екі томдық «Айтыс» жинағына енгізілмеген. Онда тек «Әсет пен Кемпіrbай», «Әсет пен Кәрібай» айтыстары гана бар. Әсептің ел ішіндегі қонекұлақ карттар билетін және қолжазба түрінде сақталып қалған басқа да айтыстарын жинап-жариялау, зерттеу жұмыстарын жүргізу керек-ак. XIX ғасырдағы әнші-акындар шығармашылығына тығыз байланыстырылғықта қарастырып, кешенді түрде зерделеу арқылы «кейінгі ұрпакқа Абайша сөз қалдырмадым» деп өкінген арқалы ақын тұлғасының ұлт руханятындағы орнын нактылай түсу керек. Бұл жолда былтырғы жылы ақынға берілген асқа байланысты бірталай шаруалар аткарылды.

2015 жылы Қытай Халық республикасының Шыңжан өлкесіндегі Іле Қазак ауданындағы Құлжа қаласына Іле университетіне арнайы шақыртумен бір ай лекция оқуға бардым. Менің бұл аймакка үшінші ретте келуім еді. Алдында 2012, 2013 жылдары да он күнге гана қысқа мерзімге келгенмін. Осы жолы сол жердегі әріптес жігіттерге Э.Найманбаевтың жерленген жеріне бейтіне беріп, аруағына құран бағыштасам деген тілек

білдірдім. Олар Құлжа қаласынан 250 шақырымдық қашықтықта жатқан «Тоғыз тарау» жайлауындағы кесенеге алып барды. Сол жерде Әсset ақынның мәйті жатқан жерді әкесінің корсеткен аманаты бойынша тауып берген аксақалмен кездестім. Осы аймақта тұратын наймандар ақынды көреметей құрмет тұтып, басына дұға оқып отыратындарын билдік.

Негізінде әншілік және ақындық өнер арасына шекара қоюға болмайтыны белгілі. Қазактың сөз өнері тарихында онерпаздық тұлғасында бірнеше өнер түрлері табылатын таланттар жетіп артылады. Акан сері, Біржан сал, Балуан Шолак, Сегіз сері және т.б. салған жолын жалғастыруда бұл өлкеден Әсset, Шашубайлар шықты. Тоқырауын бойындағы ақындық өнер мектебінің түлегі Ш.Қошқарбайұлының да үлтәні мен онеріндегі орны ерекше. Ол қазакортасында кездесе қоймайтын цирк өнерінің майталманы, әрі әнші, әрі айтыскер ақын, әрі композитор, яғни синкерттік бірнеше өнер түрі бойынан табылатын тума талант. Ұлттық әдебиеттану ғылымында Шашубай мұрасы да арнайы зерттелген жок десе де болады. А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» аталатын әнші-акындар шығармашылығына арналған еңбегінде Шашубай ақын туралы ешбір дерек корсетілмеген. Эзірге бары Орталық Қазақстан ақын-жырауларын ғылыми карастырган еңбектерде косак арасында жүр. Ертеректе жарық корген «Сөйле, Шашеке» (1942), одан кейінгі «Ақ қайың» аталатын өлеңдер жинағында айтулы ақын мұрасы толық көрініс талты дей алмаймыз. Кеңес дәүірінде төңкеріске дейінгі шығармалары мен айтыстары саясатқа сай келмей қаға беріс қалса, енді социализмді жырлады деген желеумен көп елнен коймауда. Кандай да болсын өнер адамы өз заманының жыршысы. Жыр алыбы деп дәріптеп жүрген Жамбылдан Ленин-Сталинді коп жырлаган ақын жок. 1936 жылы өткен Қазақстан өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі он күндігі қарсанында Алматыда өткен ақындар айтысына елінен есек мініп келген Жамбыл актық сында Шашубайдан женілген еken. Бірақ Мәскеуге бәрібір Ж.Жабаев барған. Тегінде ку кедейлігі Шашубайдың тагы да алдынан шыкса керек.

Әр айтыс ақынының өзіндік ұстанған кредосы, ақындық шеберлік қырлары болатын болса, Шашубайдың Майкөт, Куандық, Сарыбас, Жамбыл, Ажар, т.б. ақындармен айтысұы дарындылығын дәлелдесе керек. Айтыскер ақынның шығармашылық гүмырнамасының өзі жан-жақты сөз бола қойған жоқ. Шашубайдың ақын Шожемен бүкіл қазақ қырғыз даласын аралауы, Қоянды жәрменкесінде Біржан салдан бата алуы, Ұлы Абаймен кездесіп, бірге аң қуысуы, Балуан Шолақпен бірге ел арасында өнер көрсетуі секілді тарихи оқигалар тың деректтер іздестіруге өзі сұранып тұр. Амал жоқ, Шашубай мұрасының зерттелуі кенес дәуіріндегі деңгейден алға жылжыды дей алмаймыз. Ол да кенес дәуіріндегі «жерлестікті жетелеу» ауруының құрбаны. Эйтпесе саясатқа сай келеді еken деп жалғыз «Жетім қызы» поэмасымен Алмажан Азаматқызы әдебиет тарихына енін кете ме?! Кыскасы зерттеушісі табылса Шашубай тұлғасына байланысты біргалай жаңалық табылары сөзсіз. Және ол жалғыз Шашубайға немесе Ақтогай мен Арқагағана қажет емес, казак әдебиеті мен өнері тарихы үшін де елеулі болары анық.

Кенес дәуіріндегі әдебиеттің жаңа шеккен, саясат салдарынан еленбей қалған, ұлт әдебиеті тарихынан сызылып тасталған тұлға ақын Нарманбет Орманбетұлы еді. Ол Ақтогайдың ақындық дәстүрге Абайдың ақындық мектебінің үлгісін орнықтырган талантты ақын бола білуімен катар, халық ақындары шығармашылығына сыншыл реалиzm әдісін қалыптастыруға негіз қалады. Алашорда үкіметтің жақтағандықтан және оның көсемі Әлиханмен пікірлес брлгандығы үшін ғана емес, өлеңдеріндегі Абай айтқандай «кулы сия, ашы тіл» мен көп жыл болыс болғандығы ақын мұрасына ұзак жылдар тыйым салынуына себеп болды. Өз көзі тірісінде жарық қөрмеген өлеңдер жинағы алғаш рет 1939 жылы ғана «Нарманбет өлеңдері» деген атпен ғалым Е. Ісмайлотовтың ыждағатаның арқасында жарық көрді. Одан соң Е. Ісмайлолов пен Т. Ақшолаковтың мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясына» (1940), Е. Ісмайлотовтың «ХХ ғасырдағы казак әдебиеті» (1941) окулықтарына енгізіліп,

акын шығармашылығы мектепте оқытыла бастаған еді. Бірақ 1947 жылғы «Қазак ССР Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтындағы өрескел саяси кателіктер» аталағы қаһарлы қаулы шығып, үлгіткіш әдебиеттанудағы соны ізденістер талқандалған соң, басқалар мұрасы секілді Нарманбет шығармашылығы «ескішіл, керітартға» саналып зерттеуге жол жабылды. Тек тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана «Қазақ поэзиясының антологияларында» аздап жарық көре бастады. Қарапайым мұғалім, әдебиеттің үлкен жанашыры Аманкелді Туганбаевтың жинастырумен екі рет баспа жүзін көрді. Негізінен акын шығармалары толық жиналды десе де болады, зерттеу жұмыстары да қолға алынды. Алайда біздің айтпагымыз, Нарманбет акындығын қарастырганда оның Абайдың акындық мектебінің шәкірті, сыншыл реалист және ділмар шешендігі, айтысқа түскен акындығы ерекшелене сарапануға тиісті.

Тоталитарлық кенестік жүйе кезеңінде барлық жердегідей өнер ордасы атанған Актогайда да шындықты жырлауға ұмтылғандардың аузына күм күйілды. Ленинді, партияны жырлаган, идеология талабымен айтысқа шықкан акындар тобы пайда болды. Бірақ халық олардың барлығын бірдей тума талант деп мойындаған жок. Өнер десе «аузындағы асын жерге қоятын» аудан жұртшылығы - асылдан жасықты, халтурадан айшықты жырды деп басып айыра алатын талғамды да талапшыл ел. Содан да шығар кенес дәуірінде газет-журналдардың бетінен түслейтін акынсымақтарға қарағанда өнер сүйер қауым екі акынын ерекше құрмет тұтты. Алғашқысы - он бес жасынан «акын бала» атанып көзге түскен Кенішбай Жұбандықұлы. Он сегіз жастан акындар айтысына қатысып, Үйсін, Жалайыр руларының Ақбала, Ажарбике секілді акын қыздарымен айтысып бак сынайды. Орталық Қазакстандық акын-жыраулармен үзбей араласып, акындық мектептің тәрбиесінен өтеді. Отыздағы орда бұзар шағында Жетісу өлкесін аралап, мактаулы саналып жүрген акын қыздар Айса және Мақпалмен айтысады. Деректерге қарағанда Кенішбай осы сапарында жеті бірдей акынмен айтысқа шыққан

деседі. Кеңес кезіндегі халық ақындары жырлаган тақырыптардан бұл ақын да тыс кала алған жок. Алайда жұртшылыктың көңілінен шыға білді. 1935 жылы болған республикалық және Ұлы Отан соғысы кезінде ұйымдастырылған ақындар айттысында топ жаралы. «Шынында Кенішбай ашылмай кеткен кен, алынбай калған қазына еді. Оның творчествосында өлеңнің әр алуан формасы және айттыстың өте сирек кездесетін жұмбак түрлері мол», - деп жазады М.Жарылғалов (Ақтогай – алтын бесігім. Алматы, 1990).

Расында кейінгі М.Жапақов, Д.Әлімбаев, Ж.Байтуов секілді ақындармен айттыстарында шеберліктің биік үлгісін көру аса киын емес. Өкінішке орай ақын шығармалары жинақталып жеке кітап болып жарық көрген жок. Ол түгіл әр түрлі дәрежедегі айттыс жинақтарынап да орын алмаған. Жоғарыдағы М.Жарылғаповтың дерегі бойынша О.Орынтаев деген азамат 1950 жылы сол кезге дейінгі колға түскен шығармаларын жинастырып Ұлттық Ғылым академиясының сирек кездесетін колжазбалар қорына тапсырған болса керек. Әзірігे бары осы ғана болса да, ақын мұрасы өз зергітсеушісін күтуде.

Аудан жерінен кеңес дәуірінде танылған екінші ақын Жабас Кеңесбаев еді. Кенішбай ақыннан коп тәлім алғып ақындық жолға түскен Жабас омір бойы ұстаздық етүмен қатар, сол кезде жиі ұйымдастырылатын ауданараптық, облысаралық айттыстарда өз талантымен таныла білген. Сөз бостандығы болмай, кеңес дәуіріндегі саясатқа сай тілі кесулі, аяқ тұсаулы болса да ақындық қуатының молдығымен көзге түскен. Жабас ақынның мұрасын жинал бастырып шығарып, зерттеу нысанына алынса артық болmas еді.

Ақтогай ауданының халық шығармашылығының өкілдері тек осы біз сөз еткендер ғана деуге болмайды. Ел арасында түрлі жағдайларға байланысты аталып жүрген, кейбірі мүлде ұмытылған әр дәрежедегі ақын, жырши, жырау, ертегіші, тауып айтқыш қазақи қалжының шеберлері толып жатыр. Олардың нақты дерегін анықтау үшін белгілі ғалым фольклорист

Г.Потаниннің еңбектеріне көз салған дұрыс болар еді. Себебі Қарқаралы уезіне келіп бір ай бойы халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда зерттеушіге мол дерек берген халық шығармашылығы окілдерінің есімдері кездесері анық. Өйткені ғалым өзі материал жазып алған өнерпаздың есімін міндегі түрде жазып көрсетіп отырған. Әзірге бізге белгілісі орыс ғалымына жиырмага тарта ергегі, көптеген өлең-жыр жаздырған Аяберген аксақал ғана. Сол сияқты казіргі шығып жатқан шежірелерді де назардан тыс қалдырмаган дұрыс болар еді. Олардан бұрын белгісіз болып хатқа түспеген жәдігерлер кездесері ҳақ. Мысалға С.Кенжекараұлы құрастырып жазып шығарған «Дадан Тобықты шежіресінде» бұрын аты белгісіз болып келген Жабай ақынның «Тілеш байга жұбату - қөніл айтуы» берілген. Қөлемі 169 жолдан тұратын бұл нұсканы осы жаңр түріндегі олендердің классикалық үлгісі десек те қателеспейміз. Басқаның «Батыры балпаң, Биі салпан» болып бара жатқан қазіргі кезде аудан жұртшылығы өз арыстарымызды ардактамасақ, келер ұрпак алдында кешірілмес күнәға қаларымыз анық.

Корыта айтқанда, ән мен жырдың мекені атанған Актогай-Балқаш аймагы халқының ауыз әдебиеті үлгілерін, би шешендерінің даналық сөздерін, халық ақындары мен жазба әдебиет өкілдерінің әлі де белгісіз қалып келе жатқан мұрасын ықтияғты түрде жинап-жариялау мен гылыми тұргыда саралау қажет. «Актогай ауданы өнерпаздарының антологиясы» атты кітап шыгарса да артық емес. Ол секілді жұмыстар алдағы уақытта құрылғанына 100 жыл толатын Актогай ауданының мерейтойына орайластыра қолға алынып жатса, нұр үстіне нұр болары анық.

**XIV тарау**  
**АҚТОГАЙ АУДАНЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ**  
**Айтылар сөзге аңдатпа**

2008 жылы бұрынғы Қонырат, қазіргі Актогай ауданының күршігінанына 80 жыл толды. Аудан тарихының осы мерейтойлық мерекесін лайыкты деңгейде атап өту мақсатында аудан әкімшілігі бастауымен ақылдастар алқасы мен ұйымдастыру комиссиясы күрьылды. Аудан әкімі М.Жарылғаповтың шакыруымен ақын-жазушылардан А.Бекен, С.Сагынтай, зан қызметкері М.Ибрахим, мен және тәгі басқалар барып алғашқы ақылдасу кенесіне қатысып, өз ұсыныстарымызды білдірдік. Бірақ кейінде ақылдастар алқасынан шығарып тастағандыктан, ешбір жұмысына араласа алмадық. Басқа да мерекелік іс-шаралар жоспарының құрамында аудан тарихы туралы зерттеу еңбек жазу туралы ұсыныс болған-ды. Кейінгі ұйымдастыру алқасы ақылдаса келіп бұл жауапты жұмысты атқаруга өлкетанушы галым, әдеби мұралардың жанашыры, әдебиетші-ұстаз Аманкелді Туганбаевты, Е.А. Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің білікті галымы, география ғылымдарының кандидаты, профессор Мұратхан Қожахметұты Қожахметовты және өлкетанушы, тарихшы галым Теміргали Аршабековтерді бекітеді. Ол еңбектің тұра сол ауданының 80 жылдық тойына дер кезінде шықпай қалу себебін келесі беттерде сол авторлардың бірі, козі тірі қуә Аманкелді Туганбаевтың жазбасынан оқып қаныгарсыздар.

Айтпағымыз - осы алғашқы «Арқаның Актогайы» деген атаудағы кітап қолжазбасындағы галым ағамыз М.К. Қожахметовтің «Актогай ауданының географиясы» аталағын тарауындағы барлық ғылыми жағырапиялық, танымдық өлкетанушылық, жер атауларының топонимикалық материалдарын 2018 жылы ауданының 90 жылдығына арналып шыққан «Актогай. Энциклопедия» атты кітапты шығарушылар

авторлық құқықты бұза отырып, ешбір сілтеме жасамастан пайдаланып кеткендігі. Бұл ғылыми тілде plagiat, яғни басқаның жазған ғылыми енбегін ұрлап көшіріп алушылар деп аталады. Олар кім еді десеңіз, осы энциклопедияны жинақтап жазып, құрастыруши редактор, шыгарушылар алқасының жетекшісі, жауапты редакторын атаймыз. Әделел үшін «Ақтогай. Энциклопедиясының» алғашқы бетіне көз салсаныз да жеткілікті.

Казакстан энциклопедиясының 2001-2007 жылдар аралығындағы жауапты шыгарушылардың бірі Асылхан Мамашұлы «The Qazaq Times» сайтына берген «Қазір энциклопедияны танымал ғалымдар құрастыrmайды» атты сұқбатында: «Энциклопедияға бір сөзбен аныктама беру киын. Жалпылымда айтқанда, адамзаттың ғасырлар бойы жинаған барша білім-ғылымның жыныстығы деуге болады. Энциклопедияның өзі негізінен екіге бөлінеді, бірі әмбебап, екіншісі салалық энциклопедия. Әмбебап энциклопедия осы салалық энциклопедиядагы ірі ұғымдар мен түсініктерден, терминдер мен оқигалардан құралады. Салыстырмалы түрде айтсақ, қазір энциклопедияны танымал ғалымдар құрастыrmайды, бұрын ғылымның немесе өнердің бір саласымен тікелей шұғылданбаган, тек жанама қатысы бар редакторлар да құрастыра береді. Екеуінде айырма бола ма, жок па, оны өзініз ойлаңыз. Энциклопедия құрастырудың бірінші шарты – қажеттілік. Сіздің елінізде, сіздің тілінізде энциклопедияға зәрулік, мұқтаждық бар ма?» деп көрсетеді.

Иә, 90 жылдық мерейтойға байланысты аудан жүртшылығы тарапынан қажеттілік туды. Мәселе - сол қажеттілікті кандай деңгейде аткарып шығуда. Өз басымыз 2018 жылы шыккан «Ақтогай. Энциклопедиясын» не әмбебап, не салалық энциклопедияға жатқыза алмадық. Бұл басылымның ең басты кемшілігі - энциклопедия жазып шыгарудагы әлемдік дастурдің бұзылуында. Энциклопедияны арнайы жасақтаған бір топ жетекші ғалымдар тобы құрастырады, әр мақала тақырыбына сай зерттеуші ғалымдар мен мамандық иелеріне тапсырыс береді.

Макала соңында сол автордың аты-жөні жазылады және олар жазғанының дұрыс-бұрыстығына жауап береді. 614 беттік бұл энциклопедиядагы барша тарихи деректер макалалардың соңында бірде-бір автор көрсетілмеген, мұрагаттарға сілтеме жасалмаған. Неге? Энциклопедия жазудагы әлемдік дәстүр мен жүйе ұсталатын болса, кітаптың өнө бойында 2008 жылы шыгарылмай қалған колжазба кітапты жазған А.Тұғанбаев, М.Қожахметов, Т.Аршабековтің есім-сойлары әр бег сайын лықып тұrap еді. Соңда «өзі бұл энциклопедияны жазған кімдер» деген заңды сұрап туар еді. Энциклопедиядагы кейбір кате берілген деректер туралы ешкім де жауап бермейді. Себебі ешбір макала соңында автор жок. Ал Т. Мұқан - жинақтап жазушы, құрастыруыш редактор, шығарушылар алқасының жетекшісі ғана.

Плагиаттарын білдірмеу үшін, кара сыйыкпен қоршал қойып, о дүниелік болып кеткен М.Қ.Қожахметов пен «оу, мен бармын гой» дей алатын А.Тұғанбаевты «шығарушылар алқасына» емес, «ақылдастар алқасына» кіргізе салған. Тегінде М.Қ.Қожахметовтің «ғылыми мұрасын неге рұқсатсыз пайдаландыңдар» деген іздеуші сұрап туып жатса, «міне, аты-жөні тұр гой» деп көрсете салуды ойластырып койған. Шығарушылар алқасының жетекшісі – Т.Мұқанның кайтыс болып кеткен адаммен қалайша хабар алысып, не туралы ақылдасқанын кім білсін. Абай айтқандай, «ар ойламай, пайда ойлау» басым түскен. Ен құрығанда макалаларын айтпаганда, 2 монографиялық зерттеу, 5 оқулық, 250-ден астам ғылыми макала жазған ғалымның бірде-бір еңбегі 609 беттегі «Пайдаланған әдебиеттер» тізімінде де жок.

«Ақтогай. Энциклопедиясы» шығар алдында Тұнғышбай Мұқанның өзіме тұра жолыбып, «Мұратхан ағанының бүкіл еңбегін пайдалануға мәжбүр болдық. Одан басқадай тілге тиек етер ештene таппадық» деген сөзі де себепкер болды. Халқымыздың «Жаксының корінгенді - сұрағаны» деген ұлагатты сөзіне ден койдық. Онда да авторлық құқықты сактай отырып, әр макала соңында есім-сойын көрсетіп пайдаланған шығар деп ойлағанмын. Энциклопедия шықкан соң ашық жасалған

плагиаттык үрлыққа наразы болғанымызбен, ашуды ақылға жендірдік. Шыгарушылар кұрамындағы тобықтылар өзара айтыс-тартысып жатқанында, «Ақтогайлыктар өзара қырқысып жатыр» деп шыға келер «көре алмайтын коп дүшпанга» аудан намысын жығып бөрмеу үшін, ел-жұрт атына сөз келтірмеу үшін тілді тістеп үндемедік. Ағайымыздың ғылыми мұрасының ел-жұрт пайдасына жарап жатқанына шүкіршілік айттык.

Энциклопедия жазуды мал табарлық қесіпке айналдырып, бүкіл бір аудан ел-жұртының тарихын бүрмалаган деректер келтіріп, кешегі тоталитарлық-әкімшілік жүйеде кемелденген социализмді құруда атак-бедел үшін жанталасқан партократтарды әспеттеп, қазіргі билік басындағылар мен рұластық пигылда өз аталастарының жақсы-жаманын тықпалай беру, кажетсіз деректерді орынсыз келтірілу салдарынан енбек бүкіл өкірман көнілінен шықпады. Осы кемшіліктерді жасыру үшін 2008 жылғы шықпаған алғашкы кітаптағы А.Туганбаев пен М.Қожахметовтің шежірелік, жылнамалық тарихи және ғылыми еңбектерінен үрланған материалдармен бүркемелеу жолында көп еңбектену қажет емес, тек айла-құлық мол болғанына көз жеткіздік.

«Сырт көз сыншы» дегендей, осыған орай «Кудын» бір күн (бұрынғы Ку ауданы) мені екі ауыз сөзбен «отырғызып» кетті. Энциклопедиямен танысқан болуы керек, бір күні:

– Осы сіздердің Ақтогайдан галымдар көп шыккан, ә? – деп сұрады. Сөз туган жерге келіп тірелсе, бәріміз де мактана бастайтын пендеауи әдетпен:

– Иә, баршылық, – деп атакты Әлиханнан бастап санай бастадым.

– Жоқ, сіз маган казір көзі тірілерін айтынышы, – деп қадалды.

– Ә, олар мыналар, – деп ғылыми атактарымен санамалап тағы айтып бердім де, – мен біле бермейтін жастар да көп, – дегенді костым.

– Қызық, онда ауданға арналған энциклопедияны неге зейнеткер шалдар мен өтірікші журналистер жазған? – деп

тобеден тоқ еткізді. Мен жөн сөзге ауыз да аша алмай, мелшидім де қалдым.

Үйге келе сап «шыгарушылар алқасы» дегенге көз салсам, қарасам сондагы «атакты энциклопедист» 12 адамның біреуі – әкімшілік қызметкері, төртеуі – зейнеткер, төртеуі – журналист, Қ. Жолдасов пен А. Токтыбаев деген «білімдарларды» мүлде оқып-естімеппіз. Қ. Сәденовтің жөні бір бөлек. Токырауын арнасында Тобықтылардан басқа сл-жүргт болмағандай санайтын «бұлғаштерге» еріп, бұл да Құлық руынан басқа елді көрмей, азды қөлті болса да өз руының намысы деңгейінде танымдық жолда қалам тартып жүр. Энциклопедияны жинақтан жазып, құрастыруыш редактор, шыгарушылар алқасының жетекшісі «Қой бірдей жүргеніміз, ел-жүргіттан ұят болар» демей, «шыгарушылар алқасына» туыс агасын да кіргізіп қоюы төленетін қаражаттың аз болмағандығынан шыгар. Иә, шымшық торғай айтқандай «кім сойса да, қасапшы соймаган соң» солай болды. «Іс бітті, қу кетті». Шыгарушылар алқасындағы тобықтыларға өз бабасы Абайша бага берелік: «Алдамшы болмай атақ жоқ, Арамза болмай бак қайда!?»

«Актогай. Энциклопедиясын» шыгарушылардың ел тарихын танытуда бірлік пен ынтымақтылықта болмауының салдары тек оның саласының томен болуына ғана әсер етпеген сыңайлыш. Эрқайсының «жінкітің майлы басын» өз жағына тартудан туындаған пендешілік пигылдың соңы энциклопедиясы жарыққа шықкан соң дауга ұласты. Дау-дамайдың негізгі сипаты қаралайым халыққа белгілі болғандықтан ежікten жату артық, сондықтан қайталап жатпаймыз. Т.Мұқан мен С.Сагынтайдың өзара кінәласуының ақыры аса шарықтай келіп, фейсбуктың әлеуметтік желінің жазбаларында жарияланып, кітапты шыгаруши тобықтылар Құнанбай мен Божейдің текетірессіне дейін бара жаздал әрен қайтты. Дерек айттых, ал оған дәйекке Тұнғышбай Мұқанның фейсбук желісінде жарияланған жазбасы мынау:

## **«Ақтөғай энциклопедиясының» оқырмандарының назарына!**

Актогай энциклопедиясы 1917 жылдың 11 қантар айынан бастал 2018 жылдың маусым айына дейін жинақталып құрастырылды. Энциклопедияның талаптары мен оған енетін басты тұлғалардың тізімі аудандық «Мәдени мұра» қоғамдық кенесінде 3 рет каралып, шығарушылар алкасының катысуымен бекітілген. Бұл нұсқау барлық округтарға таратылған. Энциклопедияны жинақтау үшін мәдениет үйінен арнайы орын мен 2007 жылғы ескі бағдарлама қойылған компьютер берілді. Компьютер интернетке қосылмаган, электронды почтасы жұмыс жасамайды, жұмыс орнына байланыс телефоны бір жыл өткеннен кейін тана койылды. Энциклопедия нұсқасы «Ақылдастар алкасының» мүшелерінің біразына және төрағасына алдын-ала танысуға жіберілді. Нұска жазылып біткеннен кейін аудандагы 10 қоғамдық ұйымдардың төрағаларының қатысуымен өткізілген комиссия отырысында каралып мақұлданып, мамыр айының 24-де баспаға дайындау үшін жауапты редактор ретінде енгізілген Серік Сагынтайға тапсырылды. Алайда ескі бағдарламамен терілген электронды нұсқа Серіктің жаңа бағдарламасы компьютеріне салғанда әріптегілер бірінің үстінен бірі шығып сөздердің арасы ашық қалып әбден бытысты. Бұған Серік те, мен де кінәлі емеспін. Осы мінгескен сездерді ажырату үшін Серіктің көп уақыты кетті. (Мың кате деп отырган осы). Шілде айының 22, тамыз айының 2-не дейін мен еңбек демалысымен Шымкентке кеткенімде Серік ауданға келіп әкіммен бірлесіп, нұсқаны карал шығып өзгерістер енгізген. Ережеге сәйкес келмейтін адамдарды, өздерінің жақындарын енгізген. 20 шакты адам. Оның орнына Қазыбек баба мен Энет бабаны, Токтамыс батырды т.б. бірнеше танымал тұлғаларды алып тастанған. Комиссияның ұсынысымен энциклопедияға респубикалық деңгейдегі тарихи тұлғалар мен (бабалар, батырлар, Еңбек ерлері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, республикаға еңбек сінірген қызыметкерлер

мен кайраткерлердің суреттері тана енгізілсін) деген шешім қабылданған. Соган қарамастан Серік қоғам қайраткерлері Арыстанбеков Қайдардың, Арыстанбекова Ақмаралдың және Нәубат құрбаны әйгілі күйші Сарымантайдың Ахметжаның т.б. танымал адамдардың суреттерін шыгарушылар алқасының келісімінсіз және жетекшісі маган ескертпестен, менен жасырып алып тастанған. Қатардагы коп адамдардың бірі емес, аудан әкімі Салтанаттың інісін алғавитті бұзып ен басына шығарып бірінші ретке қойып жазған. Ережеге сәйкес келмейтін Салтанаттың анасын да энциклопедияга кіргізген. Энциклопедияны бастан аяқ нұктесіне дейін жазып жинап құрастырган авторы менімен санаспағандығы киянат емей немене? Осыған байланысты наразылығымды жұртқа жаю максатында емес, өкпе-наз ретінде Абылайға телефонмен жеткізгенмін. Менің ол пікірлерім төртеуіміздің оргамызда тана қалады деген ұстанымда болдым. Алайда Серік сен бүкіл жұртқа жарияладың. «Ұрынын арты қуыс деген осы емес пе?» Мен энциклопедия құрастырумен қатар мұражайда өз міндеттімді коса аткардым. Тарихи экскурсияларды үйымдастырудым. Мұражай үшін аудан тарихына байланысты тағы екі кітап жазып бердім. Ауданның 90 жылдығына арналып түсірілген деректі фильмнің кенесшісі болдым. Аудан әкімінің мерекеде жасаған баяндамасын жазып бердім. Ақша туралы айтыпсың. Ал мен бір жарым жылда алып отырган еңбек ақымның тең жартысынан астамын телефон байланысына жұмсадым. Оны менің әр адаммен бірнеше дүркін сөйлескендігім айгактайды. Olsen азаматтар канша рет сөйлескеніндігімді осы хабарламаны оқыған соң айта жатар. Нұсканың мәтініндегі қателіктерді айтыпсың. Аудандық газеттің корректоры мен Шашубай мектебінің тіл пәнінің мұғалімі тексерістен өткізген. 600 беттік туындыдағы ішінара кеткен қателіктерді тағы бір текспен салыстырайык. 2016 жылы Алаш көсемі Элиханның туган жеріне қойылған ескерткіш тас тақтада жазылған 12 - ак создін екеуі, ягни Әлекеннің әкесінің аргы тегі мен шешесінің аргы тегі گранит таска қашалып қате жазылған. Бұғінге дейін солbetінде тұр. Оған үйымдастырушылар

кінелі. Сен сол ескерткішті әлі көрмеген шыгарсың. Ал Әлихан туралы айтыпсың. Алаш қайраткерлерінің рухының алдында меніңарым таза. 1992 жылдан бастап Алаш қайраткерлері Әлихан, Жақып, Әлімхан бабаларымыздың алдындағы парызымды өтеген сияқтымын. Энциклопедияга бұрын аттары көп аталмаған тұлғалар мен әр саладагы еңбек озаттарын енгізуі басты назарда ұстадық. Архив күжаттарынан алынған 1940 жылдан басталатын деректер енгізілді. Алайда уақыттың әлі де тар болғандығынан 90 жылдыққа үлгеру үшін асыққандыктан аттары атағынан жерлестерімізден кешірім сұраймын. Оған деректерді алу үшін бір жарым жылда ауылдық округ әкімдерімен мені бетпе бет бір ретте кездестіре алмаған аудан әкімдігі кінелі. Серік інім, ашуға мініп асығыстық жасадың. «Менің өзгергеніме әкімнің кінасі жок» депсің. Онда өміrbаяндарын қайдан алдың? Ауданның арда туган екі азаматы Қайдар мен Рахымжан ағаларымызды неге бөлдің. Бұл екеуіміз үшін де жараптықсыз әрекет болды. Энциклопедия мінезі жараспаған екі адамның арасындағы дауға айналдыратын шаруа емес. Ол - халықтық мұрага жататын рухани дүние. Ендеше дау-дамайды осы жерден тоқтатайық. Рас, сениң бар жасаганың дайын болған іныгарманы түзету гана болды. Жақсы түзетіп маман ретінде жүйеге келтірдін. Ал мен күн түн демей, үйкі кормей елдін рухани байлышын тірнектеп жиналадым. Денсаулығымды да жогалттым. Мүшел жас кіші сенен орынсыз сөз естідім. Сен қызметтік мәртебене сенген шыгарсың. Ал мен өмір бойы қызметшісі болған халқымның кең пейіліне сенемін. Бағасын халық өзі берер».

Міне, Тұнғышбай Мұқанның акталу мен айыптауга құрылған осы жазбасынан-ак көп жайды аңғаруға болар. «Ақтогай. Энциклопедиясы» мен оны шыгарушылар туралы жоғарыдағы тұздығы ашы лікіріміз біреулерге жағар-жақпасында шаруамыз жок. «Піскен астың күйігі жаман» демекші энциклопедияны шыгарушылардың «қайнатқан көжесінің татымсыз сұйық болғанын» ашық айттық. Өз сөзім – өзімдікі. Енді «өзі ашы сорпаға тұзды құрт қосып отырғандай» малтамызды неге езіп

отырган себебімізді айтайык.

Ауданның 90 жылдығына арнаган 2018 жылғы «Абыз дала, аңыз дала - Актогай» аталатын еңбегіміз аудан азаматтарының қаражат демеушілігімен шықты. Ол үшін оларға Алланың нұры жаусын! Сапалы болып басылуы үшін сонау Алматы қаласындағы «Арыс» баспасымен келістік. Жасыратыны жок, Қарағандыдағы баспалар шығарған кітаптардың көбінесе түбі сөгіліп, беттері шашытып қалатыны бар. 25 кітап шығарған өзбасымыздың қырсырын әбден бұлғап қалғанбыз. Алматыдағы «Арыс» баспасына қолжазбаны тапсыру, алғашқы нұсқасымен (сигналный вариант) танысу және оны түзету, тағы басқа шаруасына барып-келу жол қаражаты, 500 дана кітапты поезден Қарағандыға, одан елге жеткізу біршама қаражаттың басына су құйғаны да рас. Ол айтуға гана оңай. Кітап шығатын болып, түзетілген соңғы нұсқасы баспаханага жіберілетініне кол қойылған соң, аудан әкімінің орынбасары Абылай Аманжоловка хабарласып, мерейтойға перзенттік парыз ретіндегі коскан үлесіміз деп, осы «Абыз дала, аңыз дала - Актогай» еңбегіміздің 100 данасын тегін сыйға тартатынымызды мәлімдедік. Ондагы ойымыз тойға келген сырт елдің адамдарына беретін сыйлықтарына косса, елімізді кеңішен тани түссе еken деген тілек еді. Той өтерден бірер күн өзіміз апарып қолына тапсырдық, куана кабылдады. Өзімді койши, пайғамбар жасына келгенше ештеңе дәметпеген басым, тіленген жокпын. Осы кітапты шығаруга демеушілік жасаған азаматтарға әкімдік тарапынан «Алғыс хат» болса деген емеурін де жасадык. Бірак «иттін итакайына дейін» таратылған сол бір жапырақ қағаз оларға бұйырмады.

Мерейтой өткен соң өз зерттеу енбектеріндегі барлық деректердің «Актогай. Энциклопедиясында» көшіріліп пайдаланғанына наразы болған және «өз шынтағын өзі тістеуге аузы жетпеген» Аманкелді Тұғанбаев ағамыз батыл шешім жасады. «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасы» мен «Тарихи мұраны сактау орталығы» секілді құзырлы мекемелерге жол тауып, бастамасы олардың

колдауына ие болды. Сол жанкинар тірліктің нәтижесінде Теміргали Аршабеков, Аманкелді Туганбаев, Мұратхан Кожахметовтың авторлығымен «Арканың Ақтогайы. (Ақтогай ауданының тарихы мен географиясы)» деген кітап Қарағандының «Полиграфист» баспасын 2018 жылы бар-жоғы 70 кана данамен жарық көрді. Титулдық бетінде жарыққа шыққан жылды 2018 деп көрсетілгенмен, оны басуға рұқсат қол осы жылдың 18 желтоксанында қойылған. Ендеше кітап оқырман жүргі қолына 2019 жылы ғана тиді деген сөз. Және тағы қайталап айтамыз – аудан тарихын монографиялық тұрғыда қамтыған тарихи – терең, ғылыми – нақты, танымы – жоғары 514 беттік бұл еңбек 70 дана ғана. Оның үшеуін мен өз ақшама сатып алдым. Ендеше бұл кітап аудан жұртшылығында санаулы адамдардың қолында ғана бар. Кітап ұсак шрифті әріппен терілген, оқылуы киын. Бұның үстіне өте саласыз шыққандығы сондай, айқара ашсаныз, берігтері шашылып түседі.

Тан каларлығы сол – авторлар кітаптың ішкі титулдық бетінде оған «Монографиялық зерттеу» деп ат қойып, айдар таққан. Дұрыс, оған келісеміз, ғылыми еңбек ретінде негізгі желісі соган татырлық. Сондыктан да Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми кенесі талқылан бекіткен. Алайда біз осы ғылыми зерттеудің дәл сол титулдық бетінде жазылған «Ақтогай ауданының әкімшілігі» мен «Редкология алқасы: Ақпанбаева Т. – олкетанушы, Қазақстанның оқу-ағарту үздігі. Мұқанов Т. Ә. – Аудандық «Қазақ тілі қоғамының төрағасы» деген анықтаманың не үшін берілгенін түсінеп алмадық. Монографиялық зерттеу - жеке адамдардың ұзак жылдар бойы жазған зерттеуінің нәтижесі. Оның әкімшілік пен ғылыми атағы да жоқ адамдар редкологиясы мен талқысынан өтуі шарт емес және талап та етілмейді. Ғылыми ортада мойындалған үш бірдей ғалым зерггеушіге баға беретін олар кімдердін шікірәсі?

Бұл жерде осы іргелі зерттеуді шығаруға табанын тоздыра еңбек сінірғен Аманкелді Туганбаев ағамыз қателік жіберген. Зерггеушілік қабілеті кез келген ғалымнан ешбір кем түспейтін

кадірлі ағамыз қоңілжықпастық пен жалпакшешейлікке таң болған.

- Біріншіден, ғылыми монографиялық зерттеулерге қойылатын негізгі ғылыми талаптарды сактамаган.

- Екіншіден, осындай мазмұнды зерттеу енбектің жарықта шығу тағдыры күр демогогиямен жүрген аталастарының талкысынан откеннен соң барып қана жарық көру құқығына ие болды деп көрсеткен. ҚарМУ-дың ғылыми кенесі бекіткеннен артық не керек еді!?

- Үшіншіден, басқасы басқа-ақ болсын, олар ауданның экономикалық және физикалық географиясын, фаунасы мен флорасын осы ғылым саласы бойынша Орталық Қазақстанданы жағрафияның білімдары М.Қожахметовтен артық біледі дей алмасак көрек. Біз де «канына тартпаганның қары сынын» деп отырған шығармыз, алайда ақиқаты осы. Яғни, Т.Аршабеков пен А.Туганбаев және марқұм М.Қожахметов өздеріне орыстың И. Крыловының мысалындағы «бұлбұлдың таланттына есектің бағасын» айткызыған болып шыққан да қойған.

Ерекшелеп айтып отырғанымыздың басты себебі - «Актогай. Энциклопедиясының» (шыққан жылы мен баспасы титулдық бетте көрсетілемеген. Ж. С.) мазмұндық жүйесіндегі қыскартыста берілген барлық дерек «Арқаның Актогайы. (Актогай ауданының тарихы мен географиясы)» (2018, «Полиграфист») атты зерттеудің 2008 жылы жарық көрмей қалған алғашқы қолжабасынан алынғаны. Сол қолжазбаны бұрынғы экім болған М.Жарылғалов тұп-тура он жыл қолында ұстады. Оған екі кітапты салыстыра қараган кез келген адам еш киындықсыз-ак көз жеткізеді. Сондықтан да «Арқаның Актогайы. (Актогай ауданының тарихы мен географиясы)» монографиясының X тарауы ретінде 381-456-беттерінде берілген профессор М.Қожахметовтің «Актогай ауданының географиясы» аталастың зерттеуін осы кітапқа жариялауды үйгардык. Оған қандас бауыр ретінде құқымыз да бар. Ол үшін сол тарауды кітапта берілген мазмұн бойынша сілтеме жасаған әдебиеттерін де сактай отырып

қаз-қалпында алдық. Ондағы мақсатымыз:

1. Ғылым әлемі адалдыкты сүйеді және қуаттайты. Заман түзеледі, ұрпак өседі. «Замана илегендер мен оған күйлөгендер» көтеді. Сонда келешек ұрпак аудан тарихы мен географиясын зерттеудің басы-қасында кателіктеге толы шала энциклопедияны шығарушылар емес, жоғарыда аталған ғалымдар тұрғанын түйсінеді.
2. Демеушілер көмегімен біршама таралыммен шығатын болған соң, бұгінгі ұрпак өз туган жерінің жағырапиялық әлемімен терендей танысады;
3. Профессор М.Қожахметовтің білместіктен емес, парықсыздықпен колды болған ғылыми зерттеуі өз авторлық құқығына кайтарылады;
4. «Ақтогай. Энциклопедиясында» алфавигтік ретте шашылып кеткен ауданның экономикалық және физикалық географиясын, фаунасы мен флорасын бір жүйеде оқып танысуға мүмкіндік туады.

2018 жылы жарық көрген «Абыз дала, Аңыз дала - Ақтогай» еңбегіміздің осы толыктырылған екінші нұсқасына М.Қожахметовтың «Ақтогай ауданының географиясы» аталағы зерттеуінің енгізілуінің себеп-салдарлары осында жатыр. Осы андатпада айтылған ойларымызға дәлел үшін, төменде ариайы өтінішпен жаздыртып алған А.Тұганбаев ағамыздың мақаласын коса беруді жөн санадық.

## **СҮЙЕР ҰЛЫН ҚОЛСА...**

**Аманкелді Тұғанбаев**  
**тарихшы-өлкөтанушы ғалым**

Ұлы Абай «Сүйер ұлын қолса, сенде сүй, сүйсінеге жарап ол» деген. Белгілі ғалым Мұратхан бауырымыз 2017 жылдың 17 сәуірінде фәниден бакытта озды. Сынаптай жылжыган уақыт ағымыда қайтқанына үш жылдан асыпты. Жолықканды жымия карат, жарқылдай амандасатын жайдары жан бүгінде рухқа айналыпты. «Жазымыштан озымыш жок», Алла ісіне не шара. Өзі жоқ, көңілімізде елесі қалған азамат жайлы ой толғап, естелік жазу көңілге кірбен түсірер жайт. Солай дегенмен дүниеден қайтқан бауырларымыздың тіршілігінде, ел алдында өздері борышым деп санаган қызметтері мен кен ұғымдағы адами келбетін, бійтім-болмысын кейінгі буын ұрпаққа тәпсірлеп жеткізу ісіне катар жүріп аралас-қуралас болған тумалары, әріптестері мен шәкірттері қатысса, сауапты іс атқарған болар еді демекпін.

Марқұмдардың аттары жиі аталып жатса, рухтары риза болып, келер ұрпақ жадына жетпекші гой. I. Жансүгіровтің «Кұлагер» поэмасында Акан жайлы:

Тегінде тегін бе еken Ақан сері.  
Бұл да бір емес пе еken елдін ері.  
Өз ұлы, өз ерлерін ескермесе,  
Ел тегін қайдан алсын кеменгерді , - деп жазған.

Ақынның осы ойын келтіргендегі мақсат Мұратхан марқұмды кеменгер ретінде таныту емес, қайта оның елге таныла қоймаган, бір қыры болып саналатын 2018 жылы жарық көрген (Қарағанды, 2018. «Полиграфист» баспасы) «Арқаның Ақтогайы» атты авторлы жинағына жеке тарау болып енген «Ақтогай ауданының географиясы» атлатын ғылыми зерттеу енбегі жайлы ой түйіндеу еді.

Аталған еңбек жайлты ой толғамдарымнан бұрын, Мұратханды алғаш көруіме оралсам, елден естігендерімді еске түсірсем деймін. Бұл 1960 жылдың қыс айларының бірі. Мен

немере туысым Шәйкен әкеміздің үйінде жатып, 10 класта оқимын. Қолым босаган сәттерде интернаттагы досым Серікбай мен Қайыркенге сирек те болса соғып кететінмін. Кешкі ымырт жабылып, ел орынга отыра бастаган кезде, солардың бөлмесіне толықтау денелі, бойшандау кара бала жаркылдай келіп амандасты. Интернаттагы жазылмаған тәртіп пе, әскердегі сияқты құш көрсету ме, біле бермеймін. Осы балаға Қайыркен ауырлау сез айтып қалды. Іле сөзге келісіл, екеуі ұстаса кетті. Бірін-бірі ала алмаған текетіресті, «кой-койласын» біздер ажыраттық. Келген бала – Мұратхан, 8 класс оқушысы, оның да мекені осы интернат. Өзінен ағасындағы екі жас үлкен Қайыркеннің астамшылығына төзбей, қарсылық көрсеткеніне, жүргіндегі оты бар ожет бала екен деп таңданыс білдірдік. Кейін сала екеуі агалы-інілі болып татуласып, сыйласып кетті. Осы бір шағын көрініс Мұратханның жастайынан намысшыл болғанын, жағасын әркімдерге бейсауда ұстата бермейтін жігерлілігін танытса керек. Оның кейін сала Орал педагогикалық институтында оқып жүрген кездеріндегі көзсіз ерлігін өзімен бірге оқыған Шұбартаялық, қазір Қарағандыда тұратын Тұрсынқызы Амантайдан естіп танырқағаным бар. Ол оқига туралы Амантай былай деп еді: «1962 жылы Ақтогайдан аздаған балалар Оралдагы институтқа түскенбіз, ішінде Мұратхан да бар. Ол бізденекі жас кіші, жасы 16-да. Оралдың күні ыстық және адам шыдан болмайтын қалырық. Бір күні бірге оқытын студент жастар ыстықтан қашып, солық басу үшін Жайық өзеніне суга түсуге келдік. Іле-шала баршамыз суга күмп-күмп қойып кеттік. Біраздан соң жағаға шығып, күмға аунадық. Бір кезде бізден алшактау жерде жүзіп жүрген бір кыздың «құтқарындар» деген жан дауысын естідік. У-шу болды да кетті. Ешбір жігіт кызды құтқаруға үмтүла коймады. Боса болмаса, біз кыздар шулаганнан басқа ештеңе жасай алмадық, дегіріміз қалмады. Сәл кешіксе, қыз суга батпақшы. Өлдікталдық дегенде, шеткөрі жатқан бір жігіт өзенге түсіп құлаштай жөнелді. Қызға жетіп, аман-есен жағаға алып шықты. Қыздың бір аяғы тартылып қалған екен. Алғашқыда шуылдан жүріп, сол

жігіттің кім екенін аңдамағанбыз. Оны құтқарған өз бауырымыз Мұратхан болып шыкты. Қатерлі іске бас тігіп, қызға екінші өмір сыйлағаны үшін баршамыз бауырымызды қуана құшактап, сансыз ракмет жаудырдық. Осы жайт институт ректорына да жетіп, оған алғыс білдірді. Өзі де институтта өте қадірлі болды» деп козі көргендерін есіне алады Тұрсынқызы Амантай апасы.

Келтірілген екі дерек - Мұратханның балалық, бозбалалық шағының үзінді елесі ғана. Осында ұлы Мұқаның, М. Әуезовтің адамда екі түрлі қасиеттің жолы бар, бірі – тіршілік қамы, екіншісі адамшылық қамы деп айтқандай, адамшылық пен кен ұғымдағы азаматтықты мұрат тұғқан қасиет Мұратхан бойына жастанай дарыған ба деп ойлаймын. Әйткені казакта «әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген макалмен коса қабат айтылатын жеті тек деп аталатын тұқым куалаушылық нұсқа да бар. Ондағы айтпағым, Мұратханның өмір есігін ашып, дүниеге келуі, кейіннен азamat болып ер жетуі тұған топырағы мен әuletke ұйыткы да пана бола болған ата-бабасының алтын босағасынан ба деп танырқаймын. Арғы аталарын біле бермеймін, өзінің тұған экесі Ұлы Отан соғысына катысып, бір қолын жау жерінде қалдырыған, ардагер де қадірменді Қожекен қартты көрдім. Аратұра Караталға барып жүргенімде, көп ішінде сөйлеп отырған кешенді сөздерін құлагым шалған. Ол кісі ғұмырының көп жылын ағарту саласына арналды. Жарты гасырға жуық үрпак тәрбиелеп, олардың бойына білім нұрын құйған шын мәніндегі халықтық мұғалім еді. Алдындағы шәкірттеріне Абайдың «Ғылым таппай мактанбасындағы»:

Орын таппай бағганба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге  
Бес нәрседен кашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеніз.  
Тілеуін, өмірін алдында,  
Оған қайғы жесеніз.

Өсек, өтірік, мақтаншак,  
Еріншек, бекер мал шашпак –  
Бес дүшпаның білсеніз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанагат, ракым ойлап кой –

Бес асыл іс көнсөніз, - дейтін өшпейтін. өлмейтін ізгілікті рух тұргысында тәрбие берді. Олардың бойына шын мәніндегі адамилық қасиеттердің орныгуына күш салды. Иншалла, алдынан білім мен тәрбие алып шықкан сандаган шәкірттерінің барлығы да ел алдына түсіп кетпегенімен, ат атандырып, сүйекке таңба түсірмей, аулының, аймағының ғүлденуіне қал-қадірінше үлес коса алды.

Осындай ұлағатты ұстаздың өз кіндігінен жарапып, бастауыш білімді алдынан алған ұрпақтары да айтулы азаматтарға айналды. Осы отбасын білім қорыған, шаңырактарына карлығаш ұя салған ба деп те танырқаймын. Үлкен ұлы Мұрагхан - география ғылымдарының кандидаты, доцент (1986), профессор (2006), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызыметкері» (2005), Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оку орындарының үздік оқытушысы» (2007), «Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-ге еңбегі сінген қызыметкер» (2009) атактарына ие болды.

Ортанды ұлдарының бірі Жандос - филология ғылымдарының докторы (2009), Караганды мемлекеттік Е.А.Бекетов атындағы университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры (2005), Халықаралық Акпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі (2011), әдебиеттанушы ғалым, сынши. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оку орындары үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты иегері (2013), Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-дың «Еңбек сінірген қызыметкері» (2016). Қытай Халық Республикасы Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық университеті (2014), мен Пекин қаласындағы Орталық Ұлттар университетінің (Минзу) (2016) Құрметті профессоры. Республикалық «Әрлеу» ғылым-білім орталығының

«Ұлагатты ұстаз» (2016) атагы берілген.

Кожекен әuletінің немерелері де ғылым жолында. Тағы бір ұлы Тайкеннің үш қызы да ғылым иелері.

- Ләззат Таймырқызы Қожахметова - Е. А. Бекетов атындағы ҚарМУ журналистика кафедрасының ага оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, казір Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің докторантты, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім көңесінің мүнисі. «Талбесік» көп балалы аналар одагы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, республикалық «Айқын» газетінің Қарагандыдағы меншікті тілшісі.

- Ләйла Таймырқызы Қожахметова - Караганды мемлекеттік Е.А.Бекетов атындағы университетті география кафедрасының ага оқытушысы, экология ғылымдарының магистрі.

- Әсем Таймырқызы Қожахметова - Қазтұтыну одагы Қараганды экономикалық университетінің ага оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

Мен үшін Мұратханның жөні тіптен бір бөлек, ейткені бүкіл педагогикалық ғылыми жолының бір үзігі болып саналатын «Актогай ауданының географиясы» біздер үшін, жалпы актогайлыктар үшія бага жетпес үлкен еңбек, рухани байлық. Автор ағалған еңбегін алғы сөз ретінде берілген сипаттамасында: «Қазакстанның ауылдық-әкімшілік аудандарының ішінде Актогай ауданы аумағы жағынан ірі өнірлердің бірі болып есептеледі. Оның кешенді географиялық сипаттамасын осы уақытқа дейін ресми баспалардан кездестірген жокпыз. Сондыктан, авторлар қолда бар мәліметтер мен маглұматтар негізінде ауданының табиғат жағдайы мен ресурстарына, халқына, шаруашылығына қыскаша түрде сипаттама жасауға мақсат қойды. Кітаптағы керекті акпараттар мен мәліметтер Актогай ауданы әкімшілігінен, Қараганды облыстық статистикалық басқармасынан, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің география институтынан алынды және жергілікті авторлардың (әсіресе ауданының экологиясы бойынша) мақалалары пайдаланылды» деп көп жылғы ізденісінің сүлбасын қыскаша көлтірген. Яғни, кітаптың колемі шағын

болғанмен, қамтылған деректер ұшан-төңіз деп айтуға болады. Енді осыларға токтаудың реті келген сияқты.

Адамзат баласының негізгі мекені жер планетасы екені мәлім. Соның кішкентай ғана нұктесі іспетті (нұктелік мөлшерге жетсе, тәубә келтіруге болар) Ақтогай аймағындағы топырак, су көздері, тау-тас, орман-тогай, өлкедегі шөп-бұта, дәрілік өсімдіктердің түрлері тағы басқалар. Біздерді мектепте оқытқан кездегі үғымша алсақ, өлі табиғат пен тірі табиғатка жататын түрлі жануарлар, бака-шаян, құрт-құмырска, шыбын-шіркейлердің түрлері мен ерекшеліктері ғылыми тұрғыда негізделін хатталған. Табиги жыныс қазба байлықтары, ашылған кен орындары, халықтың осіп-өну көрсеткіші, әлеуметтік топтары, ая райы, шаруашылық түрлері дейсіз бе, бәріне анализ жасалған. Біздерге беймәлім ұсақ шоқылар, адыр-белестер, қорым-бейіттер, қыстактар бұрынғы ата-баба мекенінде гұмыр кешкен оргасына тән есімдер мен атаулар да тізбектеліп беріліп, ыждағаттылықпен хатталыпты. Яғни, ауданымыздың табиги көріністерінде елнене бермейтін, слеусіз, ұмытыла бастаған деректеріне дейін талданып, энциклопедиялық сипатка келтірғен.

Осыған орай тағы бір ерекшелігі - топонимика ғылымына негіздей отырып, Ақтогай ауданының географиялық атауларының мемлекеттік каталогын дайындауы. Онда 1500 атау қамтылған. Сондай-ақ бүгінгі экологиялық жағдай-куйіміздің жантүрігерлік деңгейдегі жағдайға жетіп, үлкен катер тудыру қауіпінде екенін ашына баяндайды. Осы тақырыптағы талдауларында экологиялық жағдайдың нашарлауына әсер ететін төрт фактор бар екенін көрсетеді.

Біріншісі - бұрынғы Семей полигоны.

Екіншісі - Байқоңыр гарыш айлагы. Зымырандар ұшатын космостық және баллистикалық жолдары.

Ушінші – ашық рудниктер мен табиги радиациялық белсенді көздер.

Төртінші – Токырауын, Қаршығалы, Жамши, Еспе тағы басқа өзендер алқабы мен су жолдарындағы күл-коқыстар деп келеді

де, Семей ядролық полигонының, Байқоңыр гарыш айлағының, ашық уран рудниктерінің экологиялық әсеріне байланысты алынған эксперттік талдау, анализ қорыттындыларына сүйене отырып, бұлтартпас деректерді көлтіреді. Бір сөзбен айтқанда, өзі геолог-географтық екі мамандыкты катар игергендіктен шығар, мекеніміздің ерекшеліктерін жындастыра, салыстырмалы түрде жүйелеп шықкан.

Тарихши Т. Аршабеков екеуміз жоғарыда аты аталған жинак толық мәніндегі деректерді камтуда көп қиналдық. Жинактың алғашқы нұсқасы ауданның 80 жылдығына арналып, 2008 жылты дайын болғанмен, жекелеген азаматтардан туар кенестерімен толықтыра тұсу мақсатымен баспаға ұсыну мүмкін болмады. 2009 жылты ғана толықтырылып, дайындалап бітірдік. Бірақ сол жылдан басталған әкімдердің ауданындағы жиілелеп, қаржы жоқ деген сылтаулармен кешіктіріле берді. Алғашқы қолжазба мен оның электронды нұсқасы қолдарына тиғен кейбір азаматтар біздің жинактаған деректердің найдаланын кетті. Кей жайларда откен басшылардан қисынсыз ұсыныс болғаны да еске түседі. Тек кана 2018 жылдың соңына таман облыстық мәдениет баскармасына мениң жазған өтінішім негізінде шағын 70 данамен жарық көрді. Бірақ кітаптың түптелуі коніл көншітпейді. Бір таң қалатын жайт, ауданның келген-кеткен әкімдер ауданды өздері баскарған кездегі көрсеткіштерінің ұсақ-түйектерінің баршасын кітапка енгізуі талап етеді. Сірә, сол азаматтар орысшасы - еженедельник, казакшасы – апталық, жазба және жылнама (бул біздің аудан үшін киялдағы ой ғана) текті айтылатын жазбалардың жалпы тарихтан айырмашылықтарын түсіне бермейді-ау деймін. Олар біздің жылдар бойы зерттеген ғылыми деректерімізді тарихи-өлкетанушылық бағыттағы жынылар мен конференцияларда сойлеген сөздері мен мақалаларында найдаланғанын айтқанда, «Ақтогай. Энциклопедиясында» біздің 2008 жылғы қолжазба түріндегі, 2018 жылғы «Арқанын Ақтогайы. (Ақтогай ауданының тарихы мен географиясы)» (2018, «Полиграфист») атпен

**шықкан зерттеуіміздің мазмұнынан желісі жатыр.** Тарих шолак деректердің жонді-жонсіз тізбектей беру емес. Қажеттісін сұрыпташып, ықшамдал, құнды дегендері молынан жинакталса, қыскаша берілетін энциклопедиялық синатта хатталады гой.

Біздер көптеген кедергі, бөгеттерге үрынып жүргенде, Мұратхан қызылып-кымтырылмай жазбасының электронды нұсқасын сол 2008 жылы дайын күйінде ұсынып еді. Бұғінгі күні осындай кадамға ертерек барып, баталы істі сәтті аяқтаган-ау деп таңданасың, сүйсінесін. Абайдың сөзімен «Сүйер ұлың болса, сенде сүй, сүйсінерге жарап ол» дегім келеді: Оның көп кырлы ғылыми үйімдастырушылық енбектерінің бірі ҚарМУ-дегі география факультетінің ашылуына коскан үлесін қалыс қалдыруымыз киянат болар еді. Ол университеттегі Эбдірахманов Ортай, тағы басқа алдынғы буын ағалары тұстас азаматтардың демеп-ғалым қолдауымен ректораттың ғылым және білім министрлігіне ұсыныс-тілектерін өткізе алғанын айтуда парыз.

Ой-толғауымды қорытындылай келе, төмендегі жайларға назар аударуды міндет- борыш санадым. Оның біріншісі - география факультетіне өзі 18 жыл басқарған кафедрасында М. Қожахметов атындағы мұражай кабинет ашкан ғалым әріптестері мен ректорат басшыларына аудан халқы атынан ризаиңылық білдіру. Олардың осы иғлікті кадамдарының терендей беруіне тілектеспін.

Екінші, Мұратханның «Актогай ауданының географиясы» аталаатын зерттеуін «Абыз дала, Аңыз дала – Актогай» атпен басылатын осы кітаптың толықтырылған нұсқасында жеке бөлім етіп беруді үйгарған ағайындарға мың алғыс. Ойткені осы еңбек жетімді данамен жарық корсе, ол әрбір актогайлықтардың өз өлкесінтануда қолынантүспейтін койын кітапшасына айналатыны ақиқат. Және де осы еңбек аудан мектептеріне жеткізілсе, ондағы шәкірттердің туган өлкесінің үнғыл-шұңғылын танытатын адастырмас компасы болар деп үміттенемін.

*Қараганды, 25 шілде, 2020 жыл.*

## **АҚТОҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ**

**1 тарау. Ақтөгай ауданының географиялық орны**

1.1. Географиялық орны.

**2 тарау. Ақтөгай ауданының табигат жағдайы мен ресурстары.**

2.1. Жер бедері, геологиялық құрылымы, таулар.

2.2. Пайдалы қазбалары

2.3. Климаты.

2.4. Су ресурстары, өзендер.

2.5. Топырағы.

2.6. Өсімдіктері, дәрілік өсімдіктер.

2.7. Жануарлары.

2.8. Қаумалдары.

**3 тарау. Халқы және әлеуметтік-демографиялық жағдайы.**

3.1. Халқының саны, осу қарқыны, табиги өсімі және кошіконы.

3.2. Ұлттық құрамы.

3.3. Халқының орналасуы, елді мекендер.

3.4. Енбек ресурстары және оларды пайдалану.

3.5. Әлеуметтік жағдайы, инвестициялық және құрылыштық қызметі.

**4 тарау. Шаруашылығының дамуы мен орналасуы.**

4.1. Ауыл шаруашылығы.

4.1.1. Мал шаруашылығы.

4.1.2. Егін шаруашылығы.

4.2. Өнеркәсібі.

4.3. Колігі және байланыс.

4.4. Шагын бизнес.

**5 тарау. Ақтөгай ауданының экологиялық жағдайы.**

5.1. Семей ядролық полигонының экологиялық әсері.

5.2. Байқоңыр гарыш айлағының экологиялық әсері.

5.3. Ашық уран рудниктерінің экологиялық әсері.

**6 тарау. Географиялық атауларының мемлекеттік**

## **кatalogы.**

- 6.1. Алғы сөз.
- 6.2. Топонимика (географиялық атаулар) туралы түсінік
- 6.3. Елді-мекен, жер-су атауларының түсініктеме сөздігі
- 6.4. Географиялық атаулардың мемлекеттік каталогы
- 6.5. Қыскартылған сөздер тізімі
- 6.6. Қолданылған әдебиеттер
- 6.7. Қосымшалар. (Ақтогай ауданының таулары)

### **Автордан**

Қазакстан Республикасының аумағының колемі – 2724,9 мың ш.км., яғни дүние жүзі елдерінің ішінде тоғызынышы орынды алады. (Ресей – 17075, Канада – 9976, Қытай – 9600, Бразилия – 8512, Австралия – 7682, Үндістан – 3288, Аргентина – 2767 ш.км.). Қолемі жағынан салыстырып қарасак ТМД елдерінің. Ресейден басқа, он мемлекеттің аумағы, немесе Еуропалық Одактың алғашқы он екі мемлекеттің барлық аумағынан асып түседі. (1).

Еліміздің әкімшілік – аумактық бөлінісінде 1 қантар 2007 жылдың мәліметі бойынша 168 әкімшілік, оның ішінде 160 ауылдық және 8 қалалық әкімшілік аудандар бар. (2).

Қазақстанның ауылдық - әкімшілік аудандарының ішінде Ақтогай ауданы аумағы жағынан ірі өнірлердің бірі болып есептеледі. Оның кешенді географиялық сипаттамасын осы уақытқа дейін ресми баспалардан кездестірген жоқпыз. Сондықтан, автор колда бар мәліметтер мен маглұматтар негізінде ауданның табигат жағдайы мен ресурстарына, халқына, шаруашылығына қысқаша түрде сипаттама жасауға мақсат койды. Кітаптағы керекті ақпараттар мен мәліметтер Ақтогай ауданы әкімшілігінен, Қараганды облыстық статистикалық басқармасынан, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің география институтынан алынды және жергілікті авторлардың (әсіресе ауданының экологиясы бойынша) макалалары пайдаланылды. Ақтогай ауданына кешенді географиялық сипаттама алғашқы рет беріліп отыргандықтан, кемшіліктер кездесуі мүмкін.

## **1 тарау Ақтогай ауданының географиялық орны**

**1.1 Географиялық орны.** Ақтогай ауданы Еуразия материгінің 46,1° с.ендігімен 48,9° с.ендігі аралығында және 73,3° ш.бойлығымен 77,5° ш.бойлығы аралығында орналасқан. Әкімшілік карта бойынша Қараганды облысының және физикалық-географиялық карта бойынша Сарыарқаның (Қазактың ұсақ шоқылары) онтүстік шығысында құргак даңа, шөлейт және шөл табиғи зоналарында орналасқан. Аумағы 52,0 мың шаршы км., яғни облыстың жер көлемінің 11,68 пайзын құрайды.

Ақтогай ауданы Қараганды облысының төғіз ауылдық - әкімшілік аудандарының ішінде жер көлемінен үшінші орынды алады (Ұлытау – 122,9; Шет – 65,7; Жанаарқа – 50,9; Нұра – 46,3; Қарқаралы – 35,5; Бұқар – Жырау – 14,6; Осакаров – 11,2; Абай – 6,5). Аудан аумағында облыстық деңгейдегі басқаруға қарайтын Балқаш қаласының әкімшілігі орналасқан. Оның жер көлемі 5,9 мың ш.км (Балқаш қаласы әкімшілігіне Қоңырат, Саяқ, Шығыс Қоңырат кенттерінің әкімшілігіне бағынады).

Аудан шекарасының барлық ұзындығы 939 км тең, оның ішінде 225 км. Балқаш көлінің жағалауын құрайды. Батысында Шет ауданымен, (220 км), солтүстігінде Қарқаралы ауданымен (210 км), шығысында Шығыс Қазақстан (208 км) және Алматы (61 км) облыстарымен, онтүстігінде Жамбыл облысымен (15 км) және Балқаш көлімен (220 км) шектеседі.

Географиялық орнының басты ерекшелігі - темір жол көлігі мен халықаралық автомобиль көлігі желістерінен және өнеркәсіп торабтарынан алыс жатқандығы. Орталығы Ақтогай ауылына ең жакын темір жол стансалары – Жарық 170 км, Бергіс 210 км, Қараганды – 250 км., облыс орталығы Қараганды қаласынан 250 км. Балқаш өнеркәсіп торабынан – 200 км. кашықтықта орналасқан. Бұл жағдай ауданының көңестік дәүірде де, көзірігі нарықтық экономика құрылған қоғамда да әлеуметтік – экономикалық дамуына біраз кедергі жасайды. Дегенмен, жерлесіміз акын Абзат Бекен басқаша қөзқараста: «Байтақ қазақ

даласында Ақтогай атты жер көп, бірақ біздін Ақтогайдай қайдан болсын! Бұл құретас жолдар тұсқе де кірмеген, темір жолдар тұсына да маңайламаған, әуе жолы теріс айналып кеткен және содан еш жамандық көрмеген, керісінше, әлгіндей жолдармен ілесіп келер бейәдеп атаулыдан ада, жомарт, елі мәрт мамыржай мекен» (5).

Ақтогай ауданы 17 ауылдық әкімшіліктерден тұрады, оның ішінде екеуі бір ғана дербес елді мекендерден құрылған. Олар: Ақтогай, Абай, Айыртас, Жидебай, Кежек, Карабұлақ, Қараменде би, Құсак, Қызыларай, Нұркен, Орта Дересін, Сарытерек, Тасарал, Торанғылық, Шабанбай би селолық округтар және Сарышаган, Шашубай кент әкімшіліктері (Сурет 1)

Ақтогай ауданында 46 ауылдық елді-мекендер тіркелген, оның ішінде Шашубай және Сарышаган кенттері бар. Халқының саны I кантар 2007 жылда 18,9 мың адам, оның ішінде қала халқы – 5,7 мың адам, ауыл халқы – 13,2 мың адам, яғни ауылдық - әкімшілік аудандардың ішінде сегізінші орынды алады. (Бұқар Жырау – 60,7; Абай – 54,6; Шет – 46,5; Қарқаралы – 42,5; Осакаров – 36,8; Нұра - 30,6; Жанаарка – 28,4; Ұлытау – 14,3). Қарағанды облысы халқынан (1339,3 мың) өзіндік үлесі 1,4%- та тең. Халқының I ш. км –ге орташа тығыздығы 0,4 адам. (6).

## Ақтөгай ауданының әкімшілік картасы



### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

- |                   |                               |
|-------------------|-------------------------------|
| -- Аудан шекарасы | — Огей                        |
| — Теміржол        | ■ Кел                         |
| — Автомобіль жолы | ● Капалар                     |
| — Автомагистраль  | ○ Аудан тииттес елді мекендер |

МАСШТАБ 1:1 350 000

## **2 тарау Ақтөгай ауданының табиғат жағдайы мен ресурстары**

**2.1 Жер бедері және геологиялық құрылымы, таулар.** Ақтөгай ауданының жер бедері Сарыарқаның онтүстік-шығыс бөлігін құрайды. Бұл каледон мен герцен геологиялық дәуірлері кезеңдеріндегі жер бедері құрылудың интенсивті үрдістері натижесінде түзелген қуатты таулы жүйелердің қалдығы.

Жер бедері ұзак уақыт бойы әртүрлі геологиялық, үгілу және эррозия үрдістерінің әсерінен тегістеліп, қазіргі келбеті – ұсак шоқыларға айналған. Тау жыныстары біршама бұзылып, қыраттар мен таулы массивтер жұмырланып, немесе тегістеліп жер бедерінің қазіргі түзілімдер кабаты қалыптасты. Жер бедерінің көп бөлігі палеозой жыныстарының, әсіресе силур, девон және карбон конгломераттарынан, метаморфтанған тектостардан, кварциттерден, әктастар мен құмтастардан, сонымен қатар сазды тақта тастардан, коныр саздардан, порфиттерден және т.б. құраған. (сурет 2)

Қазіргі уақытта аудан аумагының жер бедері өзіндік ерекшеліктері бойынша 3 бөлікке бөлінеді. (сурет 3)

Солтүстік Қызыларай және Қызылтас таулы-шоқылы аймақ.

Орталық ұсак шоқылы аймақ.

Оңтүстік – сирек шоқылы, шағын қырқалы жазықты аймақ.

Ақтөгай ауданының таулары бір–бірінен терен шатқалдармен бөлінген үлкен және кіші жоталардан тұрады, олар кобінесе жартасты жондар мен шындардың шырмалған жүйесін құрайды. Сарыарқаның аса биік нүктелері(теніз деңгейінен алғанда) : Қызыларай таулары (Ақсоран шыны – 1565 м, Қызылтас таулары (Құшокы тауы – 1283 м, Бектауата тауы – 1214 м осы ауданда орналаскан. Салыстырып карасак: Қарқаралы таулары (Комсомол шыны – 1403 м), Кент таулары – 1400 м, Шыңғыстау таулары (Қособа шыны – 1304 м ), Баянаул таулары (Ақбет шыны – 1022 м), Қекшетау таулары (Кокше шыны – 947 м), Ұлытау таулары -793 м. Ақтөгайдың таулары жазықтардан күрт көтеріледі.


Қызыларай мен Қызылтас тауларының басты айдарлары және негізгі сілемдер есем жаргастармен үштаскан. Аса бөлшектенген жер бедері ауданың батысында, солтүстік-батысында және онтүстік-батысында ерекшеленеді. Қызыларай тауларының шығыс бөлігінде төбелі шокылы жер бедері қалыптаскан. Мұнда бірқалыпты, немесе толқынды аңгарлар кен тараған. Таулы аймактарда үнгірлер, казан шұнқырлар және күистар кездеседі. Солтүстік Балқаш өніріндегі Бектауата тауында ұзындығы 80 м «Әулие» үнгірі орналаскан. Ол кен кіре беріsten басталып аяқ жағында қабырғалары бұрышпен үйлеседі. Үнгірдің жогарғы жағында тесік, ал түбінде су бар. Бұл үнгір касиетті деп есептелінді және адамдар сиыну орнына айналдырган. Ауданың баска тауларында да үлкенді – кішілі үнгірлер кездеседі.

Таулы аймақта көп жағдайда ирелендеген құрғақ арналар және бұлактармен дарапанатын шоқы аралық аңгарлар жиі кездеседі. Шоқыаралық жазықтар алсіз толқынды, кейбір жерлерде микрорельефтер топырактың кешенділігін сипаттайды, яғни кәлімгі қызғылт, акышыл қызғылт, толық дамыған және аз дамыған әр түрлі дәрежедегі сортанды топырактардан тұрады. Әр түрлі төмендеулерде сор мен сортан топырактар, дамитын саздақтар, ауыр және орташа саздақтар, тұзданған топырак құраушы жыныстарға тән.

## Ақтөгай ауданының геологиялық картасы



### Ақтогай ауданының физикалық картасы



Ақтогай таулы массивтерінің шегінде бірнеше геоморфологиялық элементтер болынеді: денудациялық жазықтар мен өзен аңгарларының участоктері бар биік ұсак шоқылар, орташа ұсак шоқылар, төмен ұсак шоқылар және қыраттар. Олар биікемес шоқылармен, тоболермен көрсетіліп, өзен аңгарларымен дараланып абсолюттік биіктігі 700-750 метрге жетеді. Ал жалпы алғанда ұсак шоқылардың орташа биіктігі теңіз деңгейінен 400-500 метр жазық қырат түрінде сипатталды.

Өзен аңгарлары аллювиальды-пролювиальды төрттік дәуірдің шоғіндегілермен жабылып, тұздануға ұшыраған жартылай гидроморфты топырактар дамыған, сондықтан бұл аумактар

жайылымдык жерлер ретінде пайданылады. Өзендер бойында жайылма террасалар дамыған.

Ауданның онтүстік және онтүстік-шығыс бөлігі аса тегістелген, мұнда ақышыл қызылт топырактармен катар, коныр топырақтар дамыған. Ұсақ шоқыларда түпкі жыныстардың шығулары байқалмайды.

Ауданның солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігіндегі таулар мен жоталы массивтер: онтүстігінде Балқаш көліне (Тоқырауын, Жәмши, Қаршығалы және т.б.) және солтүстік-шығысында Ертіс маңы тобындағы ұсақ көлдерге бағытталған су айрықтың бір бөлігі болып табылады. Аудан өзендерінін басым бөлігі бастауын осы таулы массивтерден алады. Онтүстікке қарай жер бедері төмендей бастайды. Мұнда ұсақ шоқылар шағын қырқаларға ауысады. Бұл қырқалар солтүстіктен онтүстікке және солтүстік-батыстан онғустік шығысқа жазылады да, Балқаш көліне таяу жакында, оның абсолюттік биіктіктері 150-400 метр болатын жарлы солтүстік жағалауын қалыптастырады. Мұнда аласа таулар да кездеседі. Мысалы, тегіс жазықта арал тәрізді өрлең тұрған жалғыз – Бектауата тауын (1214м) алуға болады.

Жер бедерінің әркелкі болып келуі, аласа таулар мен ұсақ шоқылардан біріндең тегіс жазықтарға айналуы, жер асты ағысының қалыптасуына, таулы қатпарлы облыстарда қырқалы және жазық жерлерде әлсіз су айналу үрдісіне алыш келеді. Тау жыныстарының литологиялық-петрографиялық өзгешеліктері, су сактайтын және су өтпейтін жиектерінің пайда болуына әсер етеді және оның сұзгіштік, жинағыштық қасиеттері байқалып тұрады, яғни жер асты суларының химиялық құрамына және минералдануына әсерін тигізеді. Ауданның ұсақ шоқылы аймагының алыш жатқан аумагының басым бөлігі негізінен алғанда жарық сулары және жарықтың карстық сулары тараған біртұтас гидрогеологиялық облыс болып табылады. Жербедерінің барлық белгілерінің жиынтығы бойынша ірі көтерілулермен және ішкі индулер ажыратылып тұрады, олардың арасында отшелі зоналарда бар. Жалпы бұл зоналар жер асты суларының

транзиттік тараптың көрсетеді.

Жер бедерінің жазықты сипаты және оның онша ұлкен емес еңкіштігі жер асты ағысының баяу ағатының ангартауды. Бұл жағдай судың минералдануының осуіне алып келеді, тағы да бұған жамылғылық шөгінділерден келіш түсуші еріғіш тұздардың араласуы әсерінен тигізеді.

Актогай ауданының тауларының биік нүктелері теңіз деңгейімен алғанда 382 м (Бактай), 1565м (Аксоран) – аралығында болады. Олардың тізімі төменде берілген. (кесте 1)

#### Кесте 1

#### Солтүстік және Орталық өңірлердегі таулар:

№ Тау атаулары бийктігі, метр есебімен	Теңіз деңгейімен алғандагы
1. Айыргас	1063
2. Айыртас	872
3. Ақбұйрат	958
4. Ақдебай	1092
5. Ақсоран	1565
6. Ақтогай	1031
7. Ақшоқы	1000
8. Ақшоқы	735
9. Араптөбе	780
10. Арқарлы	1114
11. Аулие	1274
12. Аюлыөзек	1012
13. Әмірхан	1188
14. Байбосын	893
15. Байман	979
16. Байты	919

17. Балабосага	1043
18. Бегазы	1169
19. Босага	1023
20. Бұйрат	756
21. Бұртысерек	1250
22. Былқылдак	1024
23. Дақтас	1027
24. Жайнақпай	794
25. Жалаңаш	1138
26. Жалпаққайын	990
27. Жаман Қызытарай	1283
28. Жаңакойтас	860
29. Желтау	1016
30. Жетімшоқы	823
31. Жорға	1090
32. Жұндіқырган	1016
33. Жыланды	1155
34. Жыланшық	839
35. Кенбұрат	1108
36. Керегетас	991
37. Құнгей	832
38. Кіші Желтау	740
39. Қарағандыөзек	997
40. Қаражұмак	999
41. Қарамойын	900
42. Қарамойын	900
43. Қараоба	860
44. Қаратас	839
45. Қаратоганбай	1140
46. Қарашоқы	1051
47. Қарашоқы	832
48. Қарашоқы	893
49. Қарашоқы	977
50. Қоғалыбай	903

51. Қойтас	1118
52. Қойтас	878
53. Қойтас	880
54. Қойтас	886
55. Қошқаршоқы	819
56. Қүшкөңіл	1238
57. Қызылжан	755
58. Қызылжадыр	1025
59. Қызылжадыр	755
60. Қызылжал	1034
61. Қызылшоқы	977
62. Медеубай	843
63. Нұртай	1172
64. Саймантау	1029
65. Сарыбұйрат	913
66. Сарыжел	846
67. Сарытұмсық	1029
68. Сона	909
69. Тастыбұлак	961
70. Тасшоқы	990
71. Тоқсай	1260
72. Шойбай	928
73. Шокпартас	980

#### **Солтүстік Балқаш өңіріндегі таулар**

1. Ақшаадыр	586
2. Бақтай	382
3. Бектауата	1214
4. Бөрібай	624
5. Бірқара	646
6. Жалғызтас	500
7. Итмұрынды	557

8. Кішкене Табакқалған	661
9. Қазық	686
10. Қалмаккемел	870
11. Қалмақжатқан	689
12. Қызылтас	447
13. Қотанбұлак	740
14. Сарыоба	591
15. Төретай	616
16. Тышқан	766
17. Ұзынжаң	876
18. Үлкен Табакқалған	676
19. Шат	563

**Ақадыр** Сарыарқаның солтүстігінде, Балқаш қаласының солтүстік – шығысында 40 км жере, Токырауын өзенінің жағасында, батыстан шығыска қарай 17 км – ге созылып жатыр, ені 5 км. Ең биік жері – 583 м. Беткейлері жайдак, түпкі жыныстары жалаңаштанып жер бетіне шығып жатыр. Ерте ортанғы тас көмір дәуірі ғранитоид жыныстарынан түзілген. Сортанды сұр коныр топыракқа жусан, бұйырган, баялыш өседі. Оңтүстік беткейінде бұлақтар және тұщы сулы құдықтар (Манса құдығы) бар. Құзғі, көктемгі жайылым.

**Ақсоран** Қызыларай тау массивінің оңтүстік бөлігінде, бүкіл Сарыарқаның биік нүктесі. Актоғай ауданы жерінде, Шылым ауылынан шығыска қарай 12 км – ге созылып жатыр, ені 7 км, биіктігі 1565 м. Солтүстікке қарай еністеу келген аласа таудан тұрады. Пермнің ғраниттерінен, төменгі перм, орта тас көмір дәуірі жыныстарынан түзілген. Қаратал, Жіңілкө, Сарыөлең зендері басталады. Тау беткейлерінде қарагай орманы, тауаралық аңғарлардагы қызыл коныр топыракта қайын, көктерек, тал, арша, қараган, ойпандау жерінде тобылғы, астық тұқымдасты әр түрлі шөлті шалғы өседі. Таудың табиги көркі мен табигат байлығы шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай коймауы мүнда болашакта корық ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді.

**Ақшаадыр** солтүстік Балқаш маңындағы ұсақ шоқылы тау массиві. Солтүстік – батыстан онтүстік – шығысқа қарай 15 км созылып жатыр, ені 4 км. Ең биік жері 586 м. Шатқал, сайларен тілімденген бірнеше ұсақ шоқылармен жеке тау массивтерінен (Ақшаадыр – Бесапан, 528 м) тұрады. Силур жүйесінің жыныстырынан түзілген. Сортанды сүр қоныр топырак жамылғысында жусан, баялыш, көкпек өседі. Орталық бөлігінде тұшы сулы Сорбак құдығы бар. Баурайы күзгі – көктемгі жайылым.

**Арқарлы** Актогай ауданы жерінде, Токырауын өзенінің он жағасында. Солтүстік – батыстан онтүстік - шығысқа қарай 30 км – ге созылып жатыр, ені 8 – 10 км, ең биік жері – 1184 м. Сай, шатқал, қарқаралық ангарларға бөлінген, беткейлері бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Солтүстік және батыс тау етектерінде көп мөлшерде корымтас жиналған. Тас көмір жүйесінің орта және жоғарғы бөліміндегі тау жыныстарынан түзілген. Қоныр топырак жамылғысында жусан, бетеге, селеу, ангарларда бидайыкты шалғын өседі. Жазғы, кыскы мал жайылымы.

**Бегазы** Актогай ауданы жерінде, Карагатал өзенінің сол жағында. Актогай ауылынан шығыска қарай 27 км жерде. Солтүстік – батыстан онтүстік – шығысқа қарай 8 км-ге созылып жатыр, ені 4.5 км. Ең биік жері – 1169 м. Беткейлері жайдак, онтүстік және батыс бөлігі сай және ангарлармен тілімделген, онтүстік беткейлерінде корым тастар жиналған. Тас көмір жүйесінің ортанғы бөлім тау жыныстарынан түзілген. Қоныр топырак жамылғысында жусан, селеу, бетеге, боз, караган, арша, ангарларда астық тұқымды шалғындар өседі. Бұлаққа бай, онтүстік – шығыстан Шұбарөзек өзенінен басталады. Бегазы өнірінде көне заманда өркендеген Бегазы – Дәндібай мәдениетінің орталығы таралған.(сурет 4, 5).

**Бектау ата** (Әулиетау) Балқаш маңының солтүстігіндегі кос шоқылы тау. Балқаш каласынан солтүстікке қарай 60 км. Ең биік жері – 1214 м. Жоғарғы палеозойдың қызығылт гранитінен түзілген. Тау басы сүйірленіп, тік беткейі тасты – тастакты –

лавалы келеді. Кей жерінде бірен – саран бұта өседі. Беткейаралық аңғарларындағы қоңыр топырагында қайың, терек, тал мен кияк аралас шалғын өседі. Аркар, слік мекендейді. Нъезооптикалық минералдардың шағын көндөрі және үнгірлер кездеседі. Бектау ата үнгірі осында. Балқаш кен – металлургиялық комбинатының демалыс орындары бар. Бектау атага аппаратын жолдың бойына ақын Шашубай Қошқарбайұлы жерленген.

**Бектауата үнгірі** Бектауата тауының батыс беткейінде. Биотиптік гранит қабатындағы жарық бойымен солтүстік, солтүстік – батысқа созылып жатыр. Үнгір аузы (білктігі 3 м, ені 1,5 м, бірте – бірте кенеңе береді) тау етегінен 100 – 150 м жогары, оған қорым тас үйіндісі арқылы көтеріледі. Үнгірге кіре берісте ұзындығы 6 – 7 м, ені 4 – 5 м гранитті алаң бар. Бектауата үнгірінің жалпы ұзындығы 45 – 48 м. Түбінде су бар, суы өте суық, түбі саздақ, лайлы. Үнгір бірте – бірте тарылып барып жер бетінде шығады. Туристік манзызы бар.

**Берікқара** Актогай ауданының солтүстігіндегі Қызылтас тауының солтүстік сілемі. Ең биік жері – 1093 м. Солтүстіктен онтүстікке карай 8-10 км-ге, батыстан шығысқа карай 5 км-ге созылып жатыр. Жоғарғы палозойдың эфтузиялық жыныстарынан түзілген. Ашық қызыл қоңыр карбонатты топырагында бетеге, селеу өседі, тауаралық ойпаңдарда қалың тал кездеседі. Көптеген бұлак көздері шығады. 19 ғасырдың 2-жартысында Берікқара тауынан кәсіпкер С.И. Поповтың руда іздеушілері ежелгі қазбалардың орнынан Берікқара түсті металдар кенін ашты. Оның негізінде 19-ғасырдың 70-жыларының аяғында Николаев (Богословский) қорғасын және мыс корту зауығы жұмыс істеді.

**Дуактас** Қызыларай тау жүйесінің солтүстігінде орналасқан. Солтүстіктен онтүстікке 20 км – ге созылып жатыр, ені 7 км. Ең биік жері 1207 м. Беткейлері көлбеу, сай, жыра, ангарлармен тілімденген бірнеше ұсак шоқылтықтардан тұрады. Кембрий жүйесінің жыныстарынан түзілген. Қызыл қоңыр топырак жамылғысында боз, сұлбыас, бұталар, арша өседі. Бұлакка бай. Ашыөзек, Найманбай өзендері басталады.

**Аудан территориясындағы соңғы копа  
(Бегазы) деуірінің ескерткіштері**



**Бегазы-Дәндібай мадениетінің орталықтары.**



**Елтайқора** Актоғай ауданы жерінде. Солтүстік оңтүстікке қарай 15 км – ге созылып жатыр, ені 8 км. Ең биік жері 883 м. Беткейлері көлбейу, сай, жыра, ангарлармен тілімделге бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Тас көмір жүйесінің ортанғы бөлігінін жыныстарынан түзілген. Қоныр топырак жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар оседі. Бұлакқа бай, таудың оңтүстік етегінде құдық (терендігі 1м, су шығымдылығы 144 л/саг) бар.

**Жаман Қызыларай** Қызыларай тау жүйесінің шығысында орналасқан. Солтүстік – шығыстан, оңтүстік – батысқа қарай 27 км – ге созылып жатыр, ені 8 км. Ең биік жері – 1283 м. Беткейлері жайдак, сай, жыра, ангарлармен бөлінген бірнеше ұсак шоқылықтан тұрады. Пермь жүйесінің жыныстарынан түзілген. Аласа таулық қызыл қоныр топырак жамылғысында боз, сұлыбас, жусан, әр түрлі бұталар, арша оседі. Бұлакқа бай, Каршығалы, Қарасу, Ақсай өзендері бастау алады. Шөбі шүйгін жайылымдықтар мен шабындық жерлер бар, тау ангарларында қыстаулар (Байгазы, Сона, Кенасу және т. б.) орналасқан.

**Жантаяу** ауданының солтүстігінде орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 15 км – ге созылған, ені 8 км. Ең биік жері – 1217 м. Сай, жыра, ангарлармен түлімденген бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Кембрій жүйесінің жыныстарынан түзілген. Аласа таулық қызыл қоныр топырак жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар оседі. Бұлактарға бай, Қараменді, Найманбай өзендері бастау алады.

**Жауыр** Айыргау ауылының солтүстік – шығыс жағында 10 км жерде. Негізгі тау жотасы батыстан шығысқа қарай 7 км – ге созылып жатыр, ені 5 км. Солтүстік беткейі жайдак, оңтүстігі – тігірек, ең биік жері – 1090 м. Оңтүстік – батысында мол қорымтас бар. Тас көмір жүйесінің жыныстарынан түзілген. Қоныр топырак жамылғысында жусан, сұлыбас, боз, бұталар оседі. Бұлакқа бай, Еспе өзеніне құттын шағын өзендер бастау алады. Құзеу және қыстау ретінде пайдаланылады.

**Итмұрынды** Солтүстік Балқаш маңында. Ақжайдак шығанағынан солтүстік – шығысқа қарай 15 км – ге созылып жатыр.

ені 6 км. Ең биік жері – 557 м. Бірнеше жекелеген массивтер мен ұсак шоқылыктардан тұрады. Силур жүйесінің жыныстарынан түзілген. Сортандау сұр коныр топырак жамылғысында жусан, баялып, көкпек т.б. өседі.

**Қалмақжатқан** Солтүстік Балқаш маңында. Саяқ кеніштінен онтүстік – батыска қарай 10 км жерде, ені 4 км. Ең биік жері – 589 м. Солтүстік беткейі жайдактау келген. Девон жүйесінің жыныстарынан түзілген. Беткейлері бұлакқа (Сарықамыс, Арқаресу және т. б.) бай. Сортандау сұрконыр топырак жамылғысында жусан, баялыш және т. б. өседі. Қоқтемгі, құзгі мал жайылымы.

**Қаракенелі** Ақтогай ауылынан онтүстікке қарай 65-70 км жерде. Солт.-батыстаноңт.-шығыска қарай 25 км-гесозылышатыр, ені 8-10 км. Ең биік жері – 1,0 мың м. Сай, шатқалдармен тілімделген бірнеше ұсак шоқылыктардан тұрады. Органғы және жоғас көмір кезеңінің жыныстарынан түзілген. Коныр топырак жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар өседі. Бұлактарға бай. Қаракенелі атырабында жазғы жайылымдық пен мал қыстаулары (Ақшагыл, Төкіш) бар.

**Қарағанбай** Қызылтас тау жүйесінің батысында. Онтүстік – батыстан солтүстік – шығыска қарай 30 км – ге созылып жатыр, ені 3 – 5 км. Ең биік жері – 1140 м. Сай, шатқалдармен тілімделген бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Силур жүйесінің жоғарғы бөлім жыныстарынан түзілген. Аласа таудың қызыл коныр топырак жамылғысында жусан, боз, бетеге, бұталар өседі. Мал жайылымдығына және қыстауга (Төғанбай) пайдаланылады.

**Керегетас** Ақтогай ауданы жерінде Жыланды, Ақсай, Каршығалы өзенінің аралығында. Солтүстік-батыстан онтүстік-шығыска 20 км созылып жатыр, ені 12 км. Ең биік жері – 991 м. Беткейлері сай, жырамен тілімделген бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Таудың шығыс етегінде қорым тастың мол үйіндісі бар. Силур жүйесінің жыныстарынан түзілген. Коныр топырак жамылғысында жусан, бетеге. Сұлыбас, бұталар өседі. Жайымдылық және шабындық жерлер мен қыстаулар бар.

**Қотанбұлак** Жаңаорталық елді-мекенінің солтүстік батысында 25 км жерде. Солтүстік – батыстан онтүстік – шығыска қарай 25 км – ге созылып жатыр, ені 5 км – ге дейін. Абсолюттік биіктігі 740 м. Сай, жыра, ангарларымен тілімделген бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Тас көмір кезеңінің ортаңғы және жоғарғы бөлім жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырак жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар оседі. Бұлакқа (Айнаңбұлак, Қойлыбай) бай.

**Қызылсенгір** Ауданның солтүстік бөлігінде (Токырауын өзенінің бойында) жаткан тау массиві, аудан орталығы Актоғайдан 25 км. Тастандырылған түстес болған соң Қызылсенгір атаған. Тастанда мүк, басында тобылғы, етегінде қарған өседі. Жусан, көде сияқты шөптерге де аса бай.

**Қызыларай** Ауданның солтүстігінде, Сарыарқаның Ертіс – Балқаш су айрығындағы тау. Ұзындығы 45 км, ені 30 км. Биік жері Ақсоран 1565 м – Сарыарқа тауларындағы ең биік шың. Пермьнің граниттерінен, төменгі пермь, орта тас көмір жыныстарынан түзілген. Қызыларайдан Токырауын өзенінің Қосыбай, Қаратал, Жіңішке салалары, Қаршығалы өзенінің Сарыөлең, Карасу, Ақсай салалары басталады. Беткейлерінде қарғай орманы, қызыл қоңыр топырак жамылғылы тауаралық аңғарларында қайың, коктерек, тал, қарған, ойпаң жерлеріндегі ашық қызыл қоңыр топыракта тобылғы, астық тұқымдасты әр түрлі шөпті шалғын өседі. Қызыларай қарғай өскен Қазақстанның жазық бөлігіндегі, онтүстікке ең алса тауы. Таудың табигат жағдайлары мен ресурстары шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай қоймауы, мұнда алдағы болашакта қорық ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның табигаты коркем жерлерінің бірі.

**Қызылсоран** Сарыарқаның шығысында, Кешубай жотасынан Қалактас аңғарымен бөлініп жатыр. Солтүстіктен онтүстікке қарай 10 кмге созылып жатыр, ені 7-8 км. Онтүстікке қарай біргіндеп аласаратын алса тау жұрнагынан тұрады. Ең биік жері – 1320 м. Төменгі тас көмір, орта және жоғарғы девон жыныстарынан, аллювийлік – делювийлік шөгінділерден

түзілген. Қызыл коныр топырагында мысыққұйрық, селеу т. б. шөптер, караган, тобылғы сияқты бұталар өседі, ойпан жерлерінде тал аралас кайың кездеседі. Данабұлак, Ақтайлак өзендерінің салалары бастау алады. Қызылсоран шөбі шүйгін мал жайылмы, атырабында қыстаулар (Карамола, Қалактас) бар. Шығыс етегінде Сарыобалы ауылы орналаскан

Қызылтас - Актоғай ауданындағы таулар мен шоқылардың жалпы аты. Бұлар Керегетас, Соран, Киматас, Беріkkара, Сарыжал, Жантай, Қызыладыр, Корпетай, Нұртай, Жыланды, Ақшоқы, Ақкемер, Қызылтас және т. б. 4 мын ш. км жерді алып жатыр. Тауаралық ангарларға құшті тілімделген. Карбон граниті және пермь, карбон, силур және девонның эфузивті – тұнбалы свиталарынан түзілген. Қызылтас бұлакқа бай, Токырауын, Нұра, Жарлы, Жәмші өзендерінің бірнеше салалары осы таулар бұлактарынан басталады. Таудың ашық қызыл коныр топырак жамылғысында ойдым – ойдым кайынды – көктеректі шоқ талды орман, әр түрлі шөтті - астық тұқымдасты шалғын өседі.

**Тарғылтас** Актоғай ауданы жерінде, Гулшаг елді мекенінің онтүстік-шығысында 3 км жерде. Ұзындығы 3,5 км, ені 2,5 км. Окшауланған тау массивінен тұрады. Абсолюттік биіктігі 554 м. Онтүстік беткелі тіктеу қеледі. Тас көмір жүйесінің ерте, орта белімі гранитоид жыныстарының түзілген. Сортандау сұр коныр топырак жамылғысында көкпек, кара жусан т.б. өседі.

**Ұзынжал** Солтүстік Балқаш маңында, Саяк кенішінен солтүстікке қарай 10 – 12 км жерде. Батыстан шығысқа қарай 15 км ге созылып жатыр, ені 4 км. Абсолюттік биіктігі 678 м. Бірнеше аласа ұсақ шоқылытармен жеке тау массивтерінен тұрады. Карбонның карбонатты – терригенді шөгінді жыныстарынан түзілген Шала дамыған сұрконыр топырак жамылғысында жусан, баялыш, көкпек т. б. өседі. Ұзынжал атырабында құрамында Саяк I, II, III, IV. Таставу, Батыс Жанбас, Шығыс Жанбас кеніштері бар Саяк мысты кен орыны орналаскан.

**Шұбарайтыр** Онтүстік – батыстан солтүстік – шығысқа қарай 20 км-ге созылып жатыр, ені 10 км. Абсолюттік биіктігі 1063 м.

Беткейлері тегістеліп онделген бірнеше ұсак шоқылардан тұрады. Солтүстік және шығыс тау етегінде корымтастың мөл үйінділері шоғырланған. Таң көмір жүйесінің жыныстарынан түзілген. Сортандай қоныр топырак жамынысында жусан, сұлыбас, боз, бұталар өседі. Бұлактарға бай. Атырабында жайылымдық жерлер мен қыстаулар бар.(6).

## 2.2. Пайдалы кен орындары

Ақтогай ауданы пайдалы қазбалары бойынша Орталық Қазақстанда аудандарының арасында аса бай аймактардың бірі болып табылады. Аудан аумағының ертеде болған күрделі геологиялық үрдістер, оның қойнауындағы әр түрлі пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуын әсер етеді, ал ежелгі таулы жоталарды тегістеген денудациялық үрдістер қазба байлықтарды жер бетіне жақындаатты. Пайдалы қазбалар, әсіресе әр түрлі металл рудалары негізінен мардығының лықсымалар, бастырмалар, жарықшактар мен лаваның төгілуі орын алған каледон қатпарларының қалыптасуында құрылған.

Ақтогай ауданының аумағы Бетпакдаладан Алтай тауларына дейін созылып жаткан Сарыарқаның онтүстігі мен онтүстік – шығысындағы Өспен кеніштік белдеуінің құрамына кіреді. Мұнда жүзден астам үлкендері –кішілі кен орындары ашылған. Оларды игерудің экономикалық тиімділігі бірнешіден, көлік жүйесінің нашар дамуына, екіншіден, су тапшылығына байланысты. Сондықтан, Ақтогай өңірінің пайдалы қазбаларын халық игілігіне жарату болашактың мәселесі деп карау керек.

Пайдалы қазбалары ішінде мыс кен корларымен ерекшеленеді. Оның рудалары құрамында 1-1.6 % мыс және 1% -ға дейін мырыш бар. Сонымен қоса, молибден мен корғасынның, сирек және өте сирек кездесетін металдардың қоспалары бар, қымбат метал рудалары (алтын, құміс), уран рудалары кездеседі.

Құрылыш өнеркәсібіне керекті шикізат пен табиги құрылыш

материалдары және әртүрлі кымбат тастардың түрлері кездеседі. (Кызғылт және жасыл агаттар, аметист, хризопраз, опал, кварц және т.б.). Бірақ әлі толығымен, зерттеліп пайдалануға берілмей отыр.

Ақтогай ауданының аумағында пайдалануға жарайтын және қазіргі пайдаланылып жатқан кен орындары.

**Қоңырат мыс кені**, Балқаш қаласының солтүстігіндегі (14 км) кен орны. 1928 жылы ашылды. Геологиялық барлау жұмыстары 1928-1970 жылдарда жүргізілді. 1934 жылдан бері Балқаш тау-кен metallургия комбинатының бірден – бір шикізат базасы. Кен алаңында гранодиорит-порфир интрузиясымен қылған эфузиялық шөгінді жыныстар (липариттердің, андезиттердің, андазит – базальттардың туфтары мен лавалары) тараған. Гидротермалдық процестер нәтижесінде әлгі аталған жыныстар (әсіресе гранодиорит- порфирлер) туынды кварциттерге айналған. Қоңырат мыс кеніндегі гидротермалдық әрекеттер шенбер және сақина тәріздес келген жарылыштар бойында дамыған; олардың арасында, әсіресе, төрт бағыттағы (солт.-шығ., солт.-бат., субенді, субмеридиандық бағыттар) жарықшаларда мол түзілген. Желілі сеппелі рудалар 600 м терендікке дейін байқалатын штокверк құрап түзілген. Солтүстік-шығыска қарай созылған жаға пішиідес штокверк терендеген сайын тармақтана береді; оның жоғарғы кимасының ауданы 700 мың ш.м, төменгі кимасының ауданы 130 мың ш.м. Рудалардагы пирит, халькопирит, молибденит жұқа сеппелер мен желішілдер түрінде кездеседі. Рудадагы мыс мөлшері 1%-дан аспайды және кен штокверкінің ортасынан шетіне қарай оның мөлшері кеми береді. Руданың қосымша құраушылары ішіндегі ең маңыздылары молибден, күкірт, рений. Қоңырат мыс кені ірі кенге жатады.

**Жәкет молибден кен орны**. Балқаш қаласынан солтүстікте 90 км жерде орналаскан 1954 ж. ашылып, 1957-1964 жылдары геологиялық барлау жүргізіледі. Штокверк сипатты қалындығы 1 мм-ден 3,5 см-ге дейін жететін әр түрлі бағытта созылған молибденді желішілдер 30-300м терендікте кездеседі. Негізгі

руда минералдары: молибденит, вольфрамит, шеелит, бейруда минералдар, кварц, мусковит, дала шпаттары. Рудадагы пайдалы компоненттер мөлшері төмен, өндөу технологиясы күрделі. Кеңіш рудасын ашық әдіспен өндіруге болады.

**Күшокы мыс кен орны** – мыс өндірілген көне мыс кен орны. Беріккара полиметал кен орнынан батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Кен орнының жанынан гранит тастан каланған тоган тәріздес кен байыгатын құрылым орны және кен ондіретін құралдар табылды. Күшокыда б.з.б. 2 мыңжылдықтың жартысында кен өндіре бастаган. Бұл Күшокы маңындағы тұрғындардың мыс қорыта білгенін ангартады.

**Шығыс Қоңырат кен орны** Балқаш көлінің солтүстігінен 30 км жерде орналасқан. Қоңырат кенді аудан сілеміне жатады. 1942 жашылған негізгі рудалар компенеті өндірістік мәні бар вольфрам, молибден. Руда минералдары: молибденит, пирит, вольфрамит, галенит. Алынатын негізгі металдар: молибден, вольфрам, аз мөлшерде рений, селен, теллур, скандий. Кеңіш молибденге сұраныстың кемуінен 1996 жылдың жабылды.

**Саяқ кен орнында** 1960 – шы жылдары геологиялық кен барлау жұмыстары жүргізіліп қазіргі уақытта Балқаш тау-кен metallurgия комбинатының екінші шикізат базасына айналып отыр. Мыс рудасы құрамында молибден, алтын, темір, кобальт және т.б. сирек кездесетін түсті металдар бар. Мыстың құрамы 0,4 – 20% - дейін ауытқиды. Кеңіш халькопирит, кавелит, борнит, малахит, азурит хризокол мыс минералдарынан тұрады. Мұнда I – ші Саяқ, 3-ші Саяқ ашық карьері және кеңіш шахтасы жұмыс жасайды.

**Гулшат кен орны** Балқаш қаласының оңтүстік батысында 62 км жерде, Тарғыл тауының етегінде Қарқаралы қөлесі Бекметов корғасын кен орнын тауып, оған озінің кызы Гулшаттың атын койған. 1834 жылдан бастап мұнда корғасын рудасы өндіріле бастады. Жер бетінде 1885-1992 ж.ж. таяу жатқан корғасын кенін балқытатын корғасын-күміс зауыты жұмыс жасады. Кейін экономикалық тиімсіздігінен заут жабылып калды. Балқаш кен

металлургия комбинаты салынған соң Гуашат қайта өркендей бастады. XX ғасырдың 70-жылдары кен копарудың техникалық жағдайының киындығына байланысты мұнда кен өндіру мен өндеу токтатылды.

**Беріккара кен орыны** Ақтогай ауданының солтүстігінде Қызылтас тауының солтүстік сілемінде XIX ғасырдың екінші жартысында кәсіпкер С.И. Поповтың руда іздеушілері ежелгі қазбалардың орынан Беріккара түсті металдар кенин ашты. Оның негізінде XIX ғасырдың 70-жылдарының аяғында Николаев (Богословский) корғасын және мыс корыту зауыты жұмыс жасады. Қазір Балқаш тау – кен металлургия комбинаты шикізат ретінде пайдалануда.

**Уран кен орындары** Ақтогай ауданында уран кенин алу мақсатында 1950-1960 жылдары Волхов геологиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Соның арқасында бірнеше уран кен орындары ашылған. Оның ішінде ірі уран кен орындарына: Қарасыр.Молдашілік (Октябрская), Майтас, Аксай (Қызыл), Нұртай, Миңы, Беріккара (сурет3) уран кен орындарын атауга болады. Қарасыр кен орыны Қызыларай ауылдық аймагының солтүстігінде орналасқан. Аудан орталығы Ақтогай аулынан шығыска карай 60км жерде Ақтогай- Қарқаралы жолының бойына таяу маңда. Қарасыр бұлагының желкесіндегі Дауыл тас төбешігінен 100 метрдей үңгір казылған. Үңгірдің биіктігі 2-3 м шамасында. Осындаған жерлерде басқада уран кен орындарынан кездестіруге болады.

### 2.3. Климаты

Ақтогай ауданы шөл және шөлейтті табиги зоналарда орналасқандықтан, көп жылдық метеорологиялық мәліметтер бойынша салыстырмалы түрғыда қар аз түсетін, катаң ызгарлы қысымен, жазғы және қысқы ауа температурасының жоғарғы ауытқуларымен, жауын-шашынның аз мөлшерімен сипатталатын

шұғыл континентальды климатымен ерекшеленеді. Қыс аса сүйк, қантар айының орташа температурасы солтүстігінде  $16^{\circ}\text{C}$ , онтүстігінде  $-12^{\circ}\text{C}$  минималды температурасы -  $40^{\circ}\text{C}$ -ға дейін төмендеуі мүмкін. Жазы ыстық, құртак, шілде айының температурасы – солтүстігінде орташа  $16^{\circ}\text{C}$ , онтүстігінде  $24^{\circ}\text{C}$ . Абсолютті максимум  $+46^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашиның жылдық орта мөлшері солтүстікте 250 мм-ге дейін жетіп, онтүстік бөліктерінде 150 мм шамасында түседі. Жыл маусымдары бойынша, жауын-шашиң біркелкі түспейді. Олардың ең жоғарғы деңгейі көктемгі кезеңдерге тура келеді. Жауын-шашиның ең көп мөлшері жазғы айларда түседі.(мамыр-шілде), ал ең аз түсетінің акпан-наурыз, қыркүйек айларында және жауын-шашиның түсі жылдан жылға оте әртүрлі тарапады: бір жерлерде кар жамылғысы қалың болса, екінші бір жерлерде мүлдем кар болмайды. Ақтогай ауданының метеорологиялық көрсеткіштер 2,3 кестелерде берілген. Қардың ери бастауы акпан айының соңғы 10 күндігінде байқалады. Қардың еріп бітуі Тоқырауын бассейннің жазық жерлерінде наурыздың екінші 10 күндігінде, ал тауларда көек айының басына тура келеді. Қар жамылғысының максималды нүктесі наурыз айының бірінші 10 күндігінде байқалады. Өзеннің жоғарғы ағысында 50-55 см-ге, ал жазығында 30-40 см-ге дейін жетеді. Қар жамылғысының орташа қалыңдығы тұракты өлшеуіш бойынша 13-тен 25 см-ге дейін, ал қар қабаттары бойынша 15-тен 30-см – ге дейін жетеді. Қатқақ және аязсыз мерзімдердің көрсеткіші 4 кестеде берілген.

#### Кесте 4

#### Қатқақ болатын календарьлық мерзімі және аязсыз мезгілдердің орташа үзақтығы

Метеостан- циялар мен пункттер	Көктемгі соңғы катқақ		Күзді алғашкы катқақ		Аязсыз күн саны		
	Ең ерте	Ең кеш	Ең ерте	Ең кеш	Орташа	Ең азы	Ең көбі
Караганды	23.IV	13.VI	26.VII	9.X	126	88	157
Ақтөгай	-	15.VI	23.VIII	23.IX	89	66	136

Радиациялық баланс. Жылдық радиацияның жалпы көлемі 140-130 ккал/ш, ол жазығында өзеннің төменгі ағысында бұлттылықтың азауына байланысты 150-170 ккал/ш м түседі.

Тоқырауын өзеннің аңғарында жыл бойы 90-95 күн бұлтсыз ашық болады, және де көбеюі солтүстіктен онтүстікке қарай ұлғайып отырады. Таулы аудандарда тік және жалпы радиацияның түсі қыстың қуні, жылы мезгілге караганда көп, ал шашыранды радиация көрісінше наурыздан мамыр айларында көп. Бұл бұлттану режимінің жыл бойы ауысып отыруында байланысты болады. Радиациялық баланстың жылдық жалпы мөлшері 55-57 ккал/ш. м тен. Аудан аумағын агроклиматтық аудандастыру бойынша I, II а және III аудандар типіне жатады. Агроклиматтық аудандастырудың негізіне ауылшаруашылық дақылдары ылғалмен және жылумен қамтамасыз етілу деңгейі алынады. Ылғалмен қамтамасыз етілудің ылғалдылық көрсеткіші - Семениевтің гидротермалдық коэффициентімен бағаланды, мұнда  $10^{\circ}$ -тан жогары белсенді температуралар кезеңдегі жауын-шашынның косындысы, осы кезеңдегі 10 есе кемітілген температуралар косындысына бөлінеді. Жылумен қамтамасыз етілу көрсеткіші ретінде  $10^{\circ}$ -тан жогары белсенді температуралар кезеңдегі он температуралар косындысы алынған.

I агроклиматтық аудан Ақтөгай аумағының солтүстігін

камтиды. Аудан климаты қоңыржай жылы, гидротермалдық коэффициенті 0,7-0,8,  $10^{\circ}$  – таң жогары, белсенді температуралар қосындысы  $2000^{\circ}$  төмен. Тұракты қар жамылғысы мұнда 130-150 күн жатады, орташа қалындығы 25-30 см. Өсімдік дақылдарының вегетациялық кезеңдегі жауын-шашын мөлшері 105-125 мм.

Топырак жамылғысы негізінен қоңыр топырак түрінде. Егіншілік нашар дамыған, мал шаруашылығы негізгі сала болып табылады. II агроклиматтық ауданы Актогайдың орталық аумағын камтиды. Ауданының климатының гидротермалдық коэффициенті 0,5-0,7,  $10^{\circ}$ -тан жогары, белсенді температуралар қосындысы  $2000-2200^{\circ}\text{C}$  болатын қоңыржай жылы және құрғак. Тұракты қар жамылғысы мұнда 120-125 күн сакталып, қалындығы 20-30 см-ге жетеді. Вегетациялық кезеңде жауын-шашын 75-125 мм шамасында.  $10^{\circ}$ -тан жогары температуралар кезеңі 130-135 күнге, ал аязсыз кезең 95-120 күнге созылады. Топырак жамылғысы акшыл-қызыл топырак түрінде. Бұл агроклиматтық ауданының жылумен қамтамасыз етілуіне байланысты қоңыржай белдеудің дақылдарын есіруге болады, алайда ылғалдылықтың жетіспеуінен суармалы егіншілікті ғана дамытуға мүмкіндік бар. Сонымен қатар аудан жерлерінің көп бөлігі жер бедеріне байланысты егіншілікке қолайсыз, сол себепті олар жайылым ретінде қолданылады. (7,8).

III агроклиматтық аумақ Актогай ауданының онтүстік бөлігін камтиды. Аудан гидротермалдық кoeffициенті 0,3-0,5,  $10^{\circ}$  – таң жогары, белсенді температуралар қосындысы  $2000-3100^{\circ}\text{C}$  болатын жылы, құрғак климат. Қар жамылғысы 16 қараша – 1 желтоқсан аралығында қалыптасады. Тұракты қар жамылғылы кезеңнің ұзақтығы  $105-140$  күнге созылып, қалындығы 20-35 см-ге жетеді. Желдің орта жылдық жылдамдығы 4-4,5 м/с. Желдің күші 15 м/с асады, осы кезеңде сәүір мен казан аралығында қайталанып отыратын шанды тұмандар болып тұрады. Қатты шанды тұманды күндердің саны 22-ге жетеді. Желдер негізінен солтүстік, солтүстік-шығыстан соғады. (сүрет 6) Жазғы уақытта желдер әсері топырактың құрғакталуы жыргылған жерлердің

дефляциясына әкеледі. Бұл агроклиматтық аймагының вегетациялық кезеңі қысқа, күргақшылыққа төзімді дақылдарды есіруге қолайлы. Мұнда ылғалды жинау және сақтау шаралары бірінші орындағы мәселе болып есептеледі.

### **Су ресурстары, өзендер**


Ақтогай ауданы аумагының гидрографиялық жүйесінің даму сипаты мен дәрежесі біртекті емес. Өзендердің негізгі бөлігі ойпатты және ұсақ шоқылы аймақтың солтустік және орталық бөлігінде шоғырланған.

Сәуірдің алғашкы он құндігінде басталатын коктемгі су тасу аудан өзендері су режимінің негізгі ерекшелігі болып табылады. Су тасуының ұзактығы 19-39 күн, осыдан кейін үлкен өзендер біршама тола түседі. Су ағындарының көпшілігі жазғы уақытта жекелеген карасуларға бөлінеді. Аудандагы су ағындарына жауыншашынды су тасқындар тән емес, сондыктан өзендердің жазғы-күзгі арнасының өзгеруіне әсері аз. Өзен ағындарынан сағаларына карай судың минералдылығы жоғарылайды. Минералды тұздар құрамы жыл мезгілдеріне карай ауысып тұрады, қар ерігенде су біршама тұщыланады. Өзен суларының минералдану дәрежесі атмосфералық жауын-шашын мен температуралық режимге ғана тәуелді емес, негізінен су жинау аумагының топырак құраушы жыныстарының тұздылық дәрежесіне байланысты. Топырактың құралуына жату терендігі әр түрлі (1,5 метрден 10 метрге және одан да терен) грунт (еспе) суларының әсері мол. Ақтогай ауданында жер асты суларын пайдаланылады. Ауданың жер асты суларын болжау, қамтамасыз етілуі мен пайдалануы 7,8 суреттерде берілген.

Еспе суларының жату терндігі территорияның беткі түзіліміне және геологиялық құрылымының ерекшеліктеріне тығыз байланысты. Шоқыаралық жазыктардың көтерінкі бөліктеріндегі еспе сулар 6-10 метр терендікте таралып, топырак құраушы

процестерге әсер етпейді. Осы жағдайларды зоналық толық кескінді топырактар (кара, -орта ақшыл қызылт және қоңыр) қалыптасады. Шоқыаралық ангарлардың есепе суларға жақын (3-6 метр) төменгі бөліктегіндегі жартылай гидроморфты топырактар қалыптасады. Есепе сулары 1,5-3 метр төрөндікте тараған. Өзен ангарларында, шоқыаралық және тауаралық сай-салаларда гидроморфты қатардағы топырактар үшрасады. Сонымен бірге, есепе сулардың минералдану дөрежесіне байланысты сор топырактар қалыптасуы мүмкін.

Ойпатты және ұсак шоқылы аудандарда тығыз жыныстар арасынан тараған төрөндік 10 метр және одан да асатын жарылымдарда тұщы су кездеседі. Олардың минералдылығы жоғары емес (тау жыныстарының кұрамына байланысты) және де топырак құраушы процестерге әсерін тигізбейді. Мұнда топырактың кәдімгі түрлері қалыптасқан. (9)




Тілімделген жер бедері жағдайларындағы солтүстік жәнсөргалық бөліктерде, шоқылардың етектері мен шоқыаралық ангарларда бұлак көздері кездеседі. Бұлак сулары тұщы, сирек жағдайларда ғана тұзды болып келеді. Аудан аумағында кішігірім көлдер кездеседі, олардың коишілігі жаздың басында кеүін қалады, көбінесе сулары абын болып келеді.

Ақтөгай ауданының өзендері. Балқаш су алқабына жатады басты өзендері:

Токырауын, Қасабай, Каракемер, Ұзынбұлак, Ахмет еспе, Жінішке, Шубарозек, Терсөзек, Майозек, Карагал, Қараменде, Найманбай, Сарыолен, Қаршығалы, Даңдібұлак, Сүттібай, Шолак, Жыланды, Кусак және т.б. Кейбір өзендерінің сипаттамасы томенде берілген:

Ақтөгай ауданының жерасты супарын болжу картасы



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

МАСШТАБ 1:1350 000

Жерасты супары ресурстарын болжу модулі


0.1-0.2 0.2-0.3 0.3-0.5 0.5-1.0

минерализациясы 10 км<sup>2</sup> жер асты супарының таралған аудандары

минерализациясы 1.0 км<sup>2</sup> дейн жер асты супарының таралған аудандары

X Ортатын Kazakhstanдың блокты және пластты бассейндер жүйесі

**Ақтогай ауданының жерасты суларымен  
қамтамасыз етілу және пайдалану картасы**



**Тоқырауын өзені**

Елдің тарихы да, шаруашылығы да ең басты Тоқырауын (Тоқырау) өзенімен байланысты, ол Солтүстік Балқаш алқабының ең ірі су аңгарларының бірі болып саналады. Өзен Қызыларай-Каркаралы тауларының Қызылтас сілеміне жататын Күшокыбайгінен бастау алып, Егізқойтас пен Тұракам (Нұрланша) өзендерінің қосылуынан құралады. Өзен арнасы солтүстіктен онтүстік бағытта Балқаш көлі алабына қарай бағытталады.

Ұзындығы 298 км. Өзен аңгари кей жерінде ( жоғарғы ағысында) 10 км., тар жерінде 75 м. Жайылмасының ені 1,0-1,2 км. Аринасы тар жерде 50 м. Жауын -шашын суларымен көктемде қар және жер асты суларымен коректенеді. Токырауын алқабындағы өзендердің жер асты сулармен коректенуі, Орталық Қазақстанның баска өзендерімен салыстырылғанда 20 пайызға дейін жоғары болып келеді, бұл ұсақ шоқылы аласа таулардың гидрологиялық жағдайларымен түсіндіріледі. Жоғарғы ағыстың түзілуі қар мен коректенуіне байланысты. Токырауын алқабындағы барлық өзендердің мерзімдік негізгі күрт ерекшелігі көктемгі су тасу болып есептелінеді.

Жылдық орташа су шығыны Ақғой ауылы тұсында секундына 2,55 текше м. болады. Ірі салалары: Қараменде, Жіңішке, Косабай (Қасабай), Қаратал, Жалаңаш және т.б. Токырауын алқабының өзендерінің негізгі гидрографиялық сипаттамасы 5 кестеде және 9, 10 суретте көрсетілген

#### Кесте 5.

#### **Токырауын алқабындағы өзендердің негізгі гидрографиялық сипаттамасы (Тұрақам, Егізқойтас, Токырауын)**

№	Өзеннің аты	Құятын орны	Саласы	Өзеннің Ұзындығы КМ
1	Жаманкөлтас	Токырауын	он	15
2	Бидайшы	Токырауын	сол	17
3	Қарагаш	Токырауын	он	18
4	Тескенбау	Токырауын	он	14
5	Балықтыбұлақ	Токырауын	сол	12
6	Қараганды	Токырауын	он	14

7	Жаланаш	Токырауын	он	38
8	Алтыбай	Токырауын	он	14
9	Жиенбай	Токырауын	он	11
10	Шалшы	Токырауын	он	24
11	Қараменді (Актас)	Токырауын	сол	72
12	Керуенбай	Токырауын	он	29
13	Ахметеспе	Токырауын		25
14	Қасабай	Токырауын	сол	50
15	Қаратал (Шылым)	Токырауын	С сол	45
16	Қаракемпір	Токырауын	он	20
17	Ұзынбұлак	Токырауын	сол	13
18	Тұмарөзен	Токырауын	сол	20
19	Жіңішке (Шабан)	Токырауын	сол	66
20	Жыланшыкеспе	Токырауын	он	58
21	Кусак (Қарамола, Қаражан)	Токырауын	сол	138
22	Алтықарық	Токырауын	сол	33
23	Қойқалған	Қараменді	сол	13
24	Қожакүләзен	Қараменді	сол	18
25	Найманбай	Қараменді	сол	28
26	Былқылдақ	Найманбай	сол	11
27	Найзатас	Қараменді	он	34


28	Кеншіеспе	Керуенбұлак	он	16
29	Шолақеспе	Қасабай	сол	20
30	Қарагаш	Жінішке	он	9
31	Найөзен	Жінішке	он	26
32	Тайбұлак	Кусак	сол	28
33	Құрозек	Кусак	сол	38
34	Шақабай	Кусак	он	47
35	Актайлак (Қазанғап)	Кусак	он	85
36	Қаршығалы	Кусак	он	113
37	Жыланды	Кусак	он	88
38	Данаңұлак	Ақтайлак	он	66

Токырауынның су жинайтын алқабы (21000 ш.км.) аудан аумағы колемі-нің 40,4 пайызын қамтиды. Бұған Қаршығалы (1940 ш.км.), Еспе (1100 ш.км.), Жәмші (1550 ш.км) өзендері алқабын қосқанда Ақтогайдың 47% аумағын құрайды.

Токырауын өзенінің көзінен бастап Жінішке өзенінің саласына дейінгі аралықта озен аласа таулы аймактан ағып жағады. Өзеннің жайылмасының ені 1 км-ден 3 км-ге дейін, ал кейбір жерлерінде одан да аз. Өзеннің аңгары, жайылмак аллювиальды шөгінділеріне еніп жатады да, жағалары құламалы келеді және биіктігі 3 м-ге дейін болады. Осы участкісінде Токырауын өзенінің барлық негізгі салалары құяды. Өз бастарын Қызыларай тауларының онтүстік беткейінен алатын он жағадан Жаланаш, Қараменді, Қасабай, Бегазы және Жінішке өзендері, одан кейін Токырауынга оң жағадан онша үлкен емес сала келін косылады (Жыланкеспе), ал одан, сәл төмен ең үлкен саласы Кусак (Қосақ) өзені келіп косылады.

Озен аңгары созылыңқы болып жатуына байланысты оның


бастауымен сүкүр аймактарында әр түрлі климат жағдайлары қалыптаскан. Өзен бастауында суы тұракты болып келеді де, оңтүстікке қарай ауа ылгалдылығы біртінде азая түсіп, құргақшылық климат қалыптасады. Осыған байланысты тонырак қабатының таралуы да әркелкі болып келеді. Өзен ағысындағы жер бедері көбінесе денудациялық төбелі жазықтар болса, кей участкілерінде аккумулятивті болып ауысып отырады, ал солтүстігіне қарай ұсақ шоқылы, алласа тауларға ұласып кетеді. Жалпы жер бетінің еңкіштігі Балхаш көліне қарай ауысып отырады. Өзеннің өзіндік ерекшелігі өзен ағысында жер асты суларының мол болуы.



Тоқырауын өзені Балхаш көліне Орта-Дересін елді-мекенінің жаңында құяды, бірақ көлге тікелей құюы өте сирек күбылыш. Бұл көктемгі қар суының көтерілуі нәтижесінде, қар жамылғысы мол және тоң қабаты қалыптасқан жылдары, яғни 5-7 жыл аралығында 4-рет құяды. Ал көшілік жылдары арна суы жартылай тартылып қалатын кездері де болады. Сондыктан өзен суы тұракты егіншілікті дамытуға келмейді, тек мал шаруашылығына және

осы онірдегі халыкты ауыз сүмен қамтамасз етуде манызы зор (сурет 11)

Бұл өзен алқабының жер бедері ұсак шоқылы ойыстармен, өзен ангарларымен, су арнасы құргаған кен сайлармен, еспе сулардың жер бетіне шыккан жерлерімен, ағыссыз аймактармен, көлдін казаншұңқырлармен құрылған. Тоқырауын онірінің өзіне тән ерекшелігі қатты жыныстардың жартастар ретінде шығып жатуы.



Өзен алқабында екі ландшафты – топыракты табиги зона ерекшелінеді: құрғак далалық және шөлдік зона. Құрғак далалық табиги зона коныр және шөлдік ашық коныр топырағымен айрықшалынады. Құрғак далалар коныр топырағымен бірге кыйыршық тасты, аллювиальды – дельлювиальды су өткізгіш лаишыктардан тұрады. Бұл аймактардың осімдіктері кәдімгі жусанды - бетегелі, акелеулі, көделі әртүрлі шөпті есімдіктер болып келеді де, бұларды мал шаруашылығына жайылым ретінде пайдаланады. Бұлактардың маңайларында кайын және

көктөрек тогайлары өсіп тұрады. Жер жыртуға пайдалану үшін тек қана жер бедерінің тегістелген жерлері пайдалануға жарайды. Бұл жерлерге еспе сулардың деңгейі жеткілікті түрде тереңде жатқандыктан тонырактың сорлануы болмайды. Сондықтан, кейбір жерлерде қоңыр лайшықтар, жай сортанды тонырактар тұзеледі. Бұлар кейде жусанды – тұзды өсімдіктермен жамылған. Ауыл шаруашылығында қоңыр тонырактар зонасы негізінде мал шаруашылық бағытында пайдаланылады.

Сұр-қоңыр тонырактар жусанды - тұзды және әр түрлі эфемерлі өсімдіктермен жамылыш жатыр. Олардың өзіндік ерекшеліктері тонырақ қабатының бірқалыпты таралмауы және сортанды түрлері жиі кездесіп отыратыны байқалады. Осының барлығы өсімдіктер дүниесінің және еспе сулардың химиялық құрамдары әрқыл болып қалыптасуына әсер етеді.

Тоқырауын озенінің климаты шұғыл континентальды, ыстық, құрғак және де әр жылдары өзгеріп тұрады. Жылдың жыллы жарты жылдығында алқаптың онтүстік бөлігінде ауа – райы жоғары температура жағдайында болып келеді және де салыстырмалы түрде жыллы жерлер озеннің жоғарғы ағысында да байқалады. Қыста көбінесе таулы аудандарда қар жамылғысы коп түседі де, ал жазық жерлерінде азырак, оның себептерінен тез ақпалы тасқындар болып тұрады. Ауа – райының жылдық орташа температурасы озеннің жоғарғы ағысында 13, 15°C°. Ең сүйк айдың (қантар) орташа температурасы бассейннің солтүстік бөлігінде -18°C°, ал онгустігінде – 14°C° аяз. Минимум ең төменгі температура кей кезде -50°C°-ке дейін төмендейді, ал Балхаш көлінің жанында -40°C°-ка дейін байқалған. Қыста алқаптың онтүстік бөліктерінде әр кезде жылымықтар болып тұрады, сол күндері температура 6-8°C° жылдықты көрсетеді. Көктем кездерінде орташа тәуліктің температурасы 0°C°-ка дейін төмендеп, ал төменгі ағысындағы наурыздың бірінші 10 күндігінде күн жылышып, ал алқаптың бастауында наурыздың соңғы күндеріне сәйкес келеді. Тоқырауын озені бассейндегі желдің режимі сүйк кезеңдерде сібір ауа массасының әсері басым

болады және де онтүстік – шығысқа қарай онын әсері күшейс түседі. Жыл бойы соғатын желдер қолайсыз климаттық факторға жатады, қыста желдер, бөран, жазда – шаңды тұмандар мен анызак түрінде болады.

Тоқырауын озені алқабында атмосфералық жауын-шашын өте әр келкі түседі. Солтүстік алқабында барлық жауын-шашынның 50-60%-ы, ал онтүстік 30-40%-ы түседі. Жауын-шашынның ең көп мөлшері жазғы айларда түседі. (мамыр – шілде), ал ең аз түсетінің ақпан – наурыз және қыркүйек айларында. Жауын – шашынның түсі 1 жылдан жылға өте құбылмаған болып отырады. Ұлғалды жылдары жауын – шашынның мөлшері 350 – 370 мм-ге дейін түседі. Ал қуаңшылық жылдары 100 мм-ге дейін жауын-шашын түседі. Қар көп түскен жылдары жауын-шашынның мөлшері 200-250 мм-ге дейін жетеді, ал аз қарлы қыстары жауын – шашынның жалпы мөлшері барлығы 20-30 мм көлемде ғана болады. Тәулігінде кейбір жылдары ең көп жауын – шашынның мөлшері тауда 50-60 мм және жазықта 30-35 мм түседі. Жаңбырсыз мерзімдер негізінен тамыз – қыркүйек айларында болады, біракта шілде айында жауын-шашын жиі болмай қалатын жылдары кездеседі.

Тоқырауын өзені бойындағы шаруашылықтар.

Масштабы: 1:500000  
1 сантиметре 15км



Табиғаттың Тоқырауын өзеніне берген бір сыйы оның тұщылығы және тазалығы. Себебі, жер бетімен өзен арнасы бойынша агатын су бірнеше жерде құрдымға кеткендей жок болады да, 200-300 метрден кейін қайта шығып арнасын жалғастырып кетеді. Осылай жер бетімен, жер астымен алмакезек шығып агатын қасиет-өзен суының тазалығын бұзбайды. Өзінің тоқырал агуына орай оны халық Тоқырауын деп атап кеткен.

Тоқырауын өзенінің арнасының ағыны жогары

болғандыктан, оның суын күдіктар және су қоймалары арқылы ауыл шаруашылығында пайдалануға мүмкіндік бар. Дегенмен, соңғы кезеңдерде Токырауын алқабында ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жер колемі кеміп кетті. Оны 12,13 суреттерден көруге болады.

Токырауының суын Балқаш қаласы, Саяк кенті, Қоңырат кенті, Актоғай, Ұшарал, Сауле, Сарытерек, Жаңаорталық және т.б. ұлкенді-кішілі елді мекендір тұргындары ауыз суға, мал және жер суаруға пайдаланады. Мысалы Балқаш қаласы тұргындарын тұщы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Токырауын өзенінің Балқаш коліне құятын ариасында Токырауын-Балқаш құбыры салынды (1964-1967 жж.), ұзындығы 29 км. Мұнда бұргыланған 18 скважинаның суы қаланың солтустік-шығысындағы Гектұрмас тауының теңіз деңгейінен 425 м. биіктігіндегі әрқайсысы 10 мың текше метрлік 3 су қоймасына жиналады. Су қоймалары тазартылып, кала тұргын үйлерінің су құбырларына өз ағысымен жеткізілді.

Токырауын-Саяк құбыры 1972 жылы салынған. Саяк кентін ауыз суымен қамтамасыз етеді. Ұзындығы 180 км. Саяққа су жеткізу үшін 5 скважина бұргыланып, үш деңгейдегі биіктікте суды айдайтын үш насос орналасқан. Саяқтагы су қоймасы теңіз деңгейінен 50 м. биіктікте орналасқан. Сондыктан Саяқ тұргындарының пәтерлеріне ауыз су өз ағысымен келіп жетеді. (10,11).


Ашықарын, өзен, Токырау өзенінің алабында. Ұзындығы 30 км. Сарыоба тауынан солтустік – батысқа қарай 10 км жердегі сордан басталып, Қотыр тауы маңында Токырауын өзеніне құяды. Орта ағысында ұзындығы 3 км, ені 1 км – дей Ашықарын көлі бар. Өзен суы сәуірде тасып, жазғы ыстық айларда карасуларға бөлініп қалады. Көктемгі еріген кар суы және жер асты суымен толысады. Суы кермектеу, мал суаруға пайдаланылады.

Жалаңаш Токырауын өзенінің он саласы. Сарыөзек қыстауы маңындағы Қызылтас тау массивінің батыс беткейінен ағып шығатын бұлак суларының қосылуынан түзіліп, Қарақой


ауылданан 5 км төменірек Тоқырау өзеніне қосылады. Ұзындығы 38 км Жоғарғы жағасы тік жарлы, биік, төменірек аласарап, жайдақ келеді.(сурет 14). Қар және жер асты суымен толысады. Сәуірде тасып, шілдеде төмөнгі деңгейге орнайды. Кінігірім 6 саласы бар. Суы тұщы, ауыз суга және мал суаруга пайдаланылады. Өзен алабында жайылымдық және шабындық жерлер бар, мал қыстатылады.

**Еспе** Солтүстік Балқаш алабына жатады. Ұшқайын тауының шығыс беткейінен басталып. Тышқан тауынан 10 км батысқа таман Байтак мекенінде құмга сіңіп кетеді. Ұзындығы 75 км, су жинайтын алқабының ауданы 1100 ш.км. Жоғары ағысының жағасы жарқабакты, орта және төмен бөлігінде жайдақ, құмдауытты келеді. Қоктемгі еріген қар суы және жер асты суымен толысады. Сәуірде тасиды, 3 саласы бар. Суы тұщы, ауыз суга және мал суаруга пайдаланады, алабында шабындық жерлер бар.

Тоқырауын өзіні бойындағы шаруашылықтардагы және оны пайдалану түмділігі.



Тоқырауын өзөні бойындағы шаруашылықтардағы  
мал басы (мың бас) және құс саны.



**Жәмші** Жаман Қарасай, Солтүстік Балқаш алабында. Ұзындығы 117 км, су жинаитын алқабы 1550 шаршы км. Эрқайсының ұзындығы 10 км-ге жетпейтін 30 саласы бар. Кызылтас тауының онтүстік баурайындағы бұлақтардан басталып. Көкдомбак тауының батысында 10 км-де тартылып калады. Жәмші аласа төбелі өнір арқылы агады. Аңғарының ені 0,4-1,0 км; су жайылмасы енсіз (10-50м). Арна жағасы жарлауытты, өзен бойында бірнеше карасу бар. Қар суымен молайды. Көп жылдық орташа су шығыны сағасында 0,30 текше м/с. Өзен алабы жайылымға қолайлыш.

**Кебенекеспе**, Еспе алабында, Актоғай ауданы жерімен агады. Ұзындығы 41 км. Сарыоба тауының батыс беткейінен агатын бұлақтар суының қосылуынан түзілген. Малдыбай тауынан шығысқа караңыз 5 км жерде құмға сіңіп кетеді. Жоғары ағысында жағасы жарқабакты, төмен ағысында жайдак, құмдауытты. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толысады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға белініп кетеді. Суы мал суаруга пайдаланылады

**Қараменде** Тоқырауын озені алқабында. Ұзындығы 73 км, су жиналатын алабы 1,1 мың шаршы км. Жантау, Дуадактау, Күшокы,


Қиматас таулары беткейлеріндегі бұлак сүйнен қосылуынан түзіледі, Ақтогай ауылы тұсында Тоқырауынға құяды. Арнасы кең, ағыны баяу.(сурет 15,16). Қоқтемде су деңгейі көтеріледі. Алқабы – шабындық. Егін суаруға пайдаланылады.

**Қаратал** Тоқырауын өзені алабында. Ұзындығы 40 км. су жиналатын алқабы 380 км<sup>2</sup>. Қызыларай тауының солтүстік беткейіндегі бұлактардың қосылуынан басталып, Қарақұла ауылынан жоғарырак Тоқырауын өзеніне құяды. (сурет 9). Қар және жанбыр сүймен толысады. Сәуірле тасиды, төменгі деңгейі шілде-тамызға сай келеді. Өзен сүйи мал суаруға пайдаланылады.


**Қарышығалы** Солтүстік Балқаш алабында. Ұзындығы 111 км, су жиналатын алқабы 1940 шаршы км. Қара Бұйіртас, Жаман Қызыларай. Қызыларай тауларындағы бұлактардан басталып, Жылланы өзенінің сағасына 6 км-дей жетпей тартылып қалады. Аңгары кең, жағасы тік жарлы. Жер асты, жауын-шашын сүймен көректенеді. Қоқтемде 5-10 күндей ғана су деңгейі көтеріледі. Жылдық орташа су шығыны 0,10 текше м/сек. Жайылмасы – шабындық.

**Қусақ** Қаражан, Құрөзек, өзендері қосылысынан құралады.. Солтүстік Балқаш алабында. Ұзындығы 184 км. су жиналатын алқабы 1080 шаршы км. Қарқаралының онтүстік шығысындағы Коныртемірілік және Қоқшетау таулары беткейлеріндегі Қоқшетау бұлактарынан басталып, Жанаорталық ауылы тұсында Тоқырауын өзеніне құяды. Аңгары кең, арнасы жарлы. Қоқтемде 10-15 күндей ағын болып, жазда тартылып қалады. Алқабы жайылым.

**Жалаңаш өзенінің қимасы**  
 /сағасынан 100м алыста/  
 масштабы: км 1:1000  
 тм 1:50



**Қареманді өзенінің қимасы**  
 /сағасынан 150 м алыста/  
 масштабы: км 1:1500  
 тм 1:50



**Қареманді өзенінің қимасы**  
 /сағасынан 200 м алыста/  
 масштабы: км 1:1500  
 тм 1:50



**Сарыөлең Токырауын** алабында. Дуактас тауының беткейіндегі бұлактар суының қосылуынан түзіледі. Қаршығалы өзеніне құяды. Ұзындығы 35 км. Жоғары ағысында тау өзені, төмен бөлігі жазық өзені сипаттын алады. Жағасы жайдақ, түбі күмдауытты. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен

толысады. Сәүірдің аяғында тасиды, шілдеде төмен деңгейі орнайды. 1 саласы Кенасу өзені бар, ұзындығы 15 км. Акжарық және Кенасу ауылдарын ауыз сумен жабдықтауға пайдаланылады. Өзен алабында шабындық жерлер мол.

**Талдыөзек** Токырауын алқабында. Үшқайын, Көктас, Қызыладыр тауларының беткейіндегі бұлактар сұнының косылуынан тұзіледі. Қошқар тауының солтүстік-шығыс етегіне жетер-жетпестен жерге сініп кетеді. Ұзындығы 40 км. Өзен сұы шамалы келеді, 3 саласы бар. Көктемгі еріген қар сұы және жер асты сұымен толысады. Сәүірде тасиды, жаздың ыстық айларында карасуларға бөлініп қалады. Мал суаруға пайдаланылады, өзен алабы інабындыққа бай.


**Шолакеспе** Еспе өзені алабында. Ұзындығы 30 км. Ұрынқай тауының онгүстік беткейінен басталады, Үйтас мекені атырабында тартылып қалады. Жоғарғы ағысының жағасы тік жарлы, төменгі ағысында жайдак. Көктемгі еріген қар сұымен және жер асты сұымен толысады. Сәүірде тасиды, жаздың ыстық айларында жекелеген карасуларға бөлініп кетеді. Мал суаруға пайдаланылады, алабында жыйылымдық жерлері бар.(6).

## 2.6. ӨСІМДІГІ

Өсімдіктер дүниесінің өзіндік аймактық срекшеліктері бар: біріншіден, өсімдіктер жамылғысы сирек, құргакшылыққа төзімді, жазықтардан тауларға ауыскан сайын өсімдік түрлері өзгереді Актогай ауданында булану мүмкіндігі түскен жауын-ишаыннан 6-7 есе артық. Сондықтанда, өсімдіктер жамылғысы солтүстіктен оңтүстікке қарай сирейді. Ұлғалдың аз болуына байланысты өсімдіктер «ылғалды ұнемдеп жұмсауға» бейімделеді. Өсімдіктердің тамыры жетілген, буландыратын жапырақтары жалпақ емес, таспа тәрізді жінішке не тікенекті болып келеді. Актогай ауданының өсімдіктерінің 92-сі шөптесінді, 7-сі бұталы, 3-і ағаштар құрайды. Ұсак шоқылар беткейлеріндегі

жусанды – бетегелі өсімдіктер тобы түрлері /шренк жусаны, майкара, тамыр жусан/ қурайды. Шокылар арасындағы ойпандар арасында караган, тобылғы арағас өседі. (сурет 11) Ауданның оргалық кен алабында дала мен шөл өсімдіктерінің араласуынан шөлейт түрлері дамыған. Құргак даламен салыстырында, өсімдік жамылгысы сирек. Маусымдық өзгеріс айын білінеді. Ерте көктемде (тоныракта ылғал барда) өсімдік қаулап өседі. Жазға карай қурайды. Күзде ыстық басылып, жаңбыр кайта жауганда, біраз өсімдіктер көгеріп, кайта котеріледі.

#### Ақтогай ауданының топырақ картасы



Ақтогай ауданының өсімдіктер жамылғысы картасы



Өсімдіктердің көпжылдық түрлерден: тырысқ, бетеге, боз, тарак бидайығы; жусандардан: сирек бас, сұр жусан; соранды жерлерде сорап кара жусан, көкпек итсінек басым. Өзен аңгарларында, көлдер бойында, шалғынды – сортанды тоныракта акмамық түрлері, ши мен су оты оседі.

Аудан аумагында бұталаардан жиі осетіні – қараган, тобылғы, долана, үшқат итмұрындар. Өзен аңгарларының бойында тал мен жидеден тұратын өте сирек /реликт/ тогайлар сакталған. Өзен суының тарылуына байланысты аңгарлар құрғап, ағаш-бұталаар жағдайлары нашарлап кетті. Жалпак жапыракты және қылқан жапыракты ормандар аласы таулар бойында оседі. Ұсак жалпак

жапыракты ормандар қоктерек пен ақкайындардан тұрады, олар жергілікті жердің табиғатына маңызды қорғаныштық қызмет аткарады. Яғни, топыракты шайылудан, ылғалды сақтау т.б. Ормандар сондай-ақ жабайы аңдар мен құстардың, көптеген жәндіктердің тіршілік ортасы. Қылқан жапыракты ағаштарға қарағай мен арша жатады. Қарағайлардың етегінде және олардың көленке түскен жерлерінде шөл сұлыбасы, дала қонырбасы, қандыгул, жалпақ сабак қекнәр, бұлдыр масак сияқты шоптесінді осімдіктер биік және қалың болып өседі. Аудан аумағындағы ағаштарының қасіргік маңызы жок. Ормандар суга, топыракка, осімдікке, жануарларға қорғаныш қызметін аткарады. Аласа таулардағы өзен бойындағы ормандар жергілікті халықтың демалыс орындарына пайдаланылады.

Осімдіктер құрт маусымдылығы мен және топырактың түрлерінің ауысуына байланысты сипатталады. Мысалы: Қара және орта қызғылт топырактар зонасында толық емес және аз дамыған топырактардың осімдік түрлерінің арасынан тобылғы мен қараганның бұталары кездеседі. Тау беткейлерінің жоғарғы бөліктері мен шоқылардың шекарасында өсімдік жамылғысы төмен, тілімделген болады, мұнда кәдімгі бетеге көп өседі. Сортан топырактарда аралас шөптердің біраз бөлігі жоғалып, теніз жусаны, изен, Ситников кияғы пайда болады. Аз дамыған қара және орта қызғылт топырактарда өсімдіктер шымды дәндермен катты кескінделген. Мұнда қынаның саны көбейіп, сұық жусан, Кузмичев шөбі, селеу, тыrsa пайда болады. Шоқылы жағдайларда селеу мен тыrsa Лессинг селеуіне орын береді. (сурет 18)

Ауданның орталық бөлігі акшыл қызғылт топыракты шөлді – дала зонашығында орналасқан. Өсімдік жамылғысында ксерофильды шымды дақылдар (бетеге, селеу, сұлыбас) және жусанның әр алуан түрлері, аралас шөптер (конырбас, дала тікенқурайы, шисабак, ебелек) басым. Акшыл-қызғылт сортан топыракта жусанды аралас шөптер, кейбір жерлерде бұйрығын, қара жусан мен көкпектің дара түрлері пайда болады.

Киыршық тасты толық дамымаган және аз дамыған

топырактардың өсімдік жамылғысы алуан тұрлалғімен, күшті кескінделуімен, аз өнімділігімен ерекшеленеді. Шоқыларда өсетін өсімдіктердің негізгі түрлері: сүйк жусан, өте сирек селеу, қылша, жусан, таспашөп, шайқурай. Өсімдік жамылғысы 20-30% - дан аспайды. Шалғынды жерлер өсімдік қалдықтарының кеп мөлшерін құрайды. Жазғы жогарғы температураларда және ылғалдың жетіспеген кездерінде олар топыракты байытпай аэробы жағдайда ыдырайды. Сондыктan әкшыл қызғылт топырактардагы қарашибіктің мөлшері шамалы, ал гумус қабатының қуаттылығы әлсіз.

Шабындықтың қызғылт топырактарында селеу мен бетеге аз кездеседі, алайда аралас шөптесін дәнді өсімдіктердің түрлері коп. Мұнда кияқ сиякты ылғал сүйгіш өсімдіктер басым. Ауданның онтүстігіне қарай климаттың құрғашылығының өсуіне, жер бедерінің, топырак жамылғысының взгеруіне қарай өсімдіктер жамылғысы азая түседі. Осы жерден қоңыр топыракты шөл зонасы басталады. Бұл аймактарда кәдімгі жусанды - бетегелі, ак селеулі, көделі әртүрлі шоғті өсімдіктер кездеседі, бұларды мал шаруашылығына жайылым ретінде пайдаланады.

Бұлактардың маңайларында кайың және қоңыр топырактары өсіп тұрады. Жер жыртуға пайдалану үшін тек кана жер бедерінің тегістелген жерлері пайдалануға жарайды. Бұл жерлерге еспе сулардың денгейі жеткілікті турде теренде жатқандықтан топырактың сор басуы болмайды. Эр жерлерде осылардың арқасында қоңыр лайшығы, сортанды топырактар түзеледі. Бұлар кейде жусанды – тұзды өсімдіктермен жамылған. Ауыл шаруашылығында қоңыр топырактар зонасын тек кана мал шаруашылық бағытында пайдалануға болады.

Сұр – қоңыр топыракты зона Токырауын алқабының ең онтүстік бөлігінде таралған, оның көлемі онша үлкен емес. Сұр – қоңыр топырактар жусанды - тұзды және әр түрлі эфемерлі өсімдіктермен жамылғып жатыр. Олардың өзіндік ерекшеліктері топырак қабатының бірқалыпты таралмауы және сортанды түрі тез өсіп отыратыны байқалады. Бұл өсімдіктер дүниесінің әр

түрлі болуына және еспе сулардың аса химиялық құрамды болып қалыптасуына алып келеді.

Құрғак далалық зонада ашық коныр топырактар Балхаш - Нұра су айрығының бөліктерінде таралған. Жер бедері басым бөлігі ұсақ шоқылы, кей жерлерде аласа таулы болып келеді. Топырак түзуші жыныстардың негізгі бөлігі су өткізгіш лайшыктар болып келеді. Олар жақсы дамыған ашық коныр топырак түзу үшін ак селеуі – бетегелі жусанды өсімдіктер, әсіресе лессинг жусанының бірнеше түрі кездеседі. Кең сайларда тобылғының, караганның шогырланып өсуі байкалады. Тұздалған топырактардың алып жатқан терриориялары үлкен емес, бірақта олар аздаған учаскілермен зонаның барлық терриорияларында кездеседі. Мұнда мал шаруашылығы дамыған, кейбір жерлерде суландыратын жерлерге егіншілік жүргізуге болады.

Шөл зонасы солтүстік тұзды – жусанды шөп таралған, коныр топырагымен және солтүстік жусанды – тұзды шөп, сүр – конырлы топырактар түрлерін біріктіреді.

Шабындықтар Тоқырауын өзенінің солтүстік және онтүстік беліктерінде аса үлкен емес алқапта, топырак қабатының құнарлы аймақтарында кездеседі. Шабылатын шабындықтың жартысынан жуығы жаз айларының басында / маусым, шілде / шабылып жиналады. Шабылатын шабындықтың түсімділігі әр жылдары атмосфералық жауын-шаши мөлшеріне байланысты өзгеріп отырады. Жайылымдық жерлер Ақтогай ауданының барлық терриориясында кездеседі. Дегенмен олардың таралуы біркелкі емес, шығым мөлшері де әр түрлі. Топырак жамылғысының әр түрлігімен және физикалық-географиялық жағдайын бір қалыпты болмауы себебі-бұл аймақтың көптеген беліктерінде көп мөлшерде жусанды-бетегелі шөптегер кездесуіне әсер етеді. Ақтогай ауданы терриориясында негізінен мынандай ағаштар оседі: қарағай, қайың, тал, терек, қарағаш, жиде және бұталы өсімдіктердің бірнеше түрлері кездеседі. Орман алқабының ондірістік маңызы жоқ. Олар санитарлық-гигиеналық қызметті атқарып, орналаскан жерлерде Тоқырауын өзені бөктеріндегі

және тау бөктеріндегі микроклиматты қалыптастырады. Орман алқабы Ақтөгай ауданы халқының демалыс орындарының қызметін атқарды

Бұталы өсімдіктер өзен жагаларында, ұсақ шоқылы аймақтарында өседі. Ең көп кездесетін қараган бұталары, тобылғылар, жабайы түйежапырактар, итмұрын, қарақат, мойыл, үшқат тағы басқа өседі. Бұталар өзен бойындағы ылғалдың жиналудына ықпал етеді. Сонымен коса топыракты жел және су эрозиясынан сақтайды. Біршама денгейде өзен су режимінің жақсаруына да ықпалын тигіздеді. Жер асты сулары негізінен Балхаш көлінің батыс бөлігін, оның 200 мың га жерін құрайды. Аудан аумағындағы бұталы өсімдіктер мен өзен антарларындағы бұталы ағаштар көлемі 2,8 мың га, Төқырауын алабының жерін алып жатыр.

Жусанды-бетегелі, жусанды-соранды өсімдік жамылғысы ауданның құнды мал жайылымы. Ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытудағы ұзак жылдардағы саясат табиғи жайылым саласын тоздырып жіберді. Біріншіден, Арқа жерінде ғасырлар бойы жайылымды маусымдық пайдалану жүйесі қалыптасқан еді. Екіншіден, біздің ата -бабаларымыз уақыт пен кеңістікті итеру арқылы, табиғаттарының ішінде жайылымның табиғатын түсіну негізінде, бойлық бойынша шырқай көшіп, жыл құсы сияқты ұдайы табиғаттың қолайлы онірлеріне көшіп қонатын. Тіршілігінің тірегі торт түлік малын мәңгілік көктемге ілеңстіріп, қайырымы мол Жер ананы тіршілікке қолайлы өндіріс құралы ете білген. Ауданга, тіпті шаруашылықка (бұрынғы совхоздарға) жерді әкімшілік жолмен боліп беру нәтижесінде тиімділігі жоғары көшіп кону жүйесі бұзылды. Яғни, бір кеншарлар тек жайлаулық жерде, екіншілері қыстауды, үшіншілері көктеу, немесе күзеу төңірегімен шектеліп қалды. Бұл үрдіс казіргі шаруа қожалығына (фермер) да тән болып қалды. Мал санын жоспарлау, көбейту саясатын жүзеге асырмак болып, жайылым мүмкіндігін ескермей, мал басы есті . Малдың 1 гектар жайылымға есептелген ғылыми нормасы есептелмегендіктен

жайылым малдың тұяғымен тапталып, істен шыгуына әкеліп сокты.

Өзендер мен бұлактар Балхаш колінің бассейніне жатады. Олардың табигатына тән қасиет болып гидрологиялық режимінің үнемі қозғалыста болуы тән. Қоқтем кезінде оларда қыскаша су тоқтату бөгеттері жасалады да, ал жазғы уақыттарда бұл бөгеттер белгілі бір участкерде гана сакталады. Судың минералдану деңгейі жаз аяғына қарай котеріледі.

Шөлейтті зона ауданының солтүстік бөлігінің 57 % -ін қорын алып жатыр. Бұл зонаның жер бедері Қазактың ұсақ шоқысына сәйкес келеді. Қазактың ұсақ шоқысы ете көтерінкі жерде орналасқан жазық / абсолюттік биіктігі 400-900 м /. Олардың ішінде ауданың солтүстік-батыс бөлігіндегі Қазактың ұсақ шоқылары қатпарлы-жакпарлы болып келеді. Бұлардың ең үлкені және биік тау жүйесі – Қызыларай тауының орташа биіктігі-1386 м, Ақсораң шыны-1565 м, Әулие тауы-1274 м. Бұл таулардан Тоқырауын өзенінің жекелеген салалары: Қараменде, Қаратал, Қасабай, Жіңішке, Қарасу тағы басқа өзен салалары басталады.

Өзен бойының климаттық жағдайында солтүстік бөлікте алғашқы кар жамылғылары мен кара сұық караша айының екінші жартысында басталады, ал онтүстік бөлігінде сол караша айының аяғы желтоқсан айының басында орныгады. Негізгі кар жамылғысының биіктігі орташа есеппен 26-36 см-ге жетеді. Олар ездерінің тұрақсыздығымен ерекшеленеді.

## 2.7. Дәрілік есімдіктер

Ақтогай ауданында өсетін медицина фармацепт өнеркәсібіне қеректі, сонымен бірге халық медицинасында белгілі дәрілік есімдіктер түрлері кездеседі. Е.А. Бекетов атындағы ҚарМУ-дің ботаника кафедрасының жүргізген далалық экспедициялық зерттеулер (Ақсораң тауы маңында,

«Бегазы» қыстагы, Сарыбұлак жайлауы, Тоқырауын өзені

бойында жүргізілді) барысында көзірігі медицинада көң түрде колданып жүрген дәрілік өсімдіктерге аныкталды.

Зерттеудің нәтижесінде Ақтогай ауданынан 80 түрлі дәрілік өсімдіктер аныкталды. Бұл дәрілік өсімдіктер 2 бөлімге бөлінеді: ашық тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктер. Ашық тұқымдыларға: 1 класс –қылша, екі тұқымдастар – карагай және кипаристер, екі туыс –қарагай және арша және екі түрлі кәдімгі қарагай, қазак аршасы жатады. Жабық тұқымдыларға: екі класс- коштарнектылар және дара жарнақтылар жатады. Коштарнектыларға 24 тұқымдастар жатады: саргалдақтар, калақай, көкнар, қайындар, карамұктар, раушангүлдер, корғасыншоңтер, крестгүлдер, талдар, ұшқат тұқымдастар, бүршак тұқымдастар. Қүрек от, қастамактар, шатыргүлдер, құлқайыр, шырмауыктар, айлаулықтар, ерінгүлдер, алқалар, сабықөк, бақажапырактар, құрделігүлдер, шегіргүлдер. Бұларға 63 туыс және 75 түр жатады. Дара жарнақтыларға бір тұқымдастар астық тұқымдастар, бір туыс-бидайық және біртүр-жатаған бидайық жатады. Дәрілік өсімдіктер Ақтогай ауданындағы 30 тұқымдастарға жатады. Бұлардың ішінде көң тараган дәрілік өсімдіктер мынандай тұқымдастарға жатады: құрделі гүлділер -14 түр, раушангүлдер – 15 түр. ерінгүлдер 10-түр, қалған тұқымдастар аздап кездеседі.

Зерттеу барысында табылған, тіркелген өсімдіктердің көпшілігі құрделі гүлділер тұқымдасты - *Asteraceae* L. Бұл тұқымдастан 14 түрлі дәрілік өсімдіктер аныкталды, олар 11 туыска жатады. Барлығы шөптесін өсімдіктер. Олардың ішінде ең көп тараган түрлері мыналар:

#### **Кәдімгі мыңжапырак – *Achillea millefolium*.**

Биіктігі 60 сантиметрге дейін жететін көп жылдық шөп тектес өсімдік. Сабактары түзу, жанама бұтактары аз. Жапырактары кезектесіп орналасқан, жінішке бөліктерге бөлініп тілімденген жай жапырак. Гүлдері майда, сабактың жогарғы жағында құрделі гүл шоғын жасап шоғырланып тұрады.

#### **Аңыз жусан – *Artemisia absinthium***

Биіктігі 125-150 сантиметрге жететін, шөп тектес, көп

жылдық өсімдік. Сабактары түзу, жанама бұтакшалары көп. Жапырактарының сағактары қыска, сабагынын үш жағындағы жапырактары отырмалы түрде орналаскан.

**Кәдімгі Түйменшетен – *Tanacetum vulgare***

Көп жылдық шөптектес, биіктігі 110-120 см-ге дейін жететін өсімдік. Сабагы түзу, ұзына бойына созылатын жыралары бар, бас жағына таман бұтактанып, жайла өседі. Сопакша жапырактары құстың қауырының дай тілімденген, шеттері тегіс емес, сабакқа кезектесін, жарыса орналасады. Жапырактың үстінгі беті жасыл түсті, ал астынғы беті сұрғылт жасыл түсті болады.

**Кәдімгі Бақбак – *Taraxacum officinale***

Көпжылдық шөптектес өсімдік. Тамырына жақын орналасқан жапырактары ұзынша, сопакша олар әртүрлі формада түкті болып келеді. Сабагының жоғарғы жағында бір гана гүл зембілі болады. Ал гүл оралғысы қөттеген сұрғылт жасыл түсті екі қатарлы жапырактардан тұрады.

Екінші орында Раушангүлділер тұқымдасы. Бұл тұқымдасқа 10 түрлі дәрілік өсімдіктер кіреді, олар 8 туыска жатады. Бұлардың біреуі ағаш тектес, 2 түрі бұта тектес, қалғандары шөптектес өсімдіктер. Осылардың ішінде ен көп кездесетіні:

**Дәрі шелна Дәрілік қандышоп – *Sanguisorba officinalis***

Көп жылдық, сабагының биіктігі 1 метрге дейін жететін шөп тектес өсімдік. Сабагы тік өседі, колмен ұстағанда оның 2-3қырлы екені бірден білінеді. Тамыр жапырактары ұзын сағакты, 7-25 ке дейін жапыракшасы бар. Гүлдері майда, шымқай қызыл түсті, гүл шоғы шоқпарбас.

**Орман бұлдіргені – *Fragaria vesca*.**

Биіктігі 5- 20 см-ге дейін жететін, көпжылдық өсімдік. Тамыры қыска, көлбеу өседі. Сабагы тік және жатаған болып өседі, кабығын түк басқан. Тамыр мойынан тікелей өсін шықкан жапырактар үш күлак күрделі, жапырак сабактары ұзын, төсмелі. Гүлдері ак түсті, гүл сабактары ұзын.

**Шегіршін жапырак үркөрғұл – *Filipendula ulmaria*.**

Биіктігі 1-2 метрге жететін көп жылдық шөп тектес өсімдік.

Сабагы тік, жоғарғы жағында жайыла өседі. Жапырактарының жиегі қауырсын тәрізденіп, бөлінген, жәй жапырақ, олар 2-4 тең жұпталып сабакқа карама-қарсы орналаскан. Жапырактарының тәменгі жағында акшыл көп түсті, қалын түгі бар. Гүлдері майда, ақ немесе сары түсті, өсімдіктің жоғарғы жағында шогырланған өскен.

**Итмұрын – *Rosa canina*.**

Биіктігі 1,5- 2 метрге жететін көп жылдық, бұталы өсімдік. Бұтактары қызыл қоңыр түсті, қабығы жылтыр. Вегативтік өркендердің көптеген жіңішке өткір тікенектері бар. Қосалқы жапыракшалары бар, гүлдері ірі, ашық қызыл түсті.

**Дәрілік түйе жонышқа- *Medicago officinalis*.**

Сабагы тік өседі, гүлі ұсақ, сары түсті, жиналыш күрделі шашак гүл шогырын құрайды. Жапырагы үш құлак күрделі болады. Ол сабакқа түтпеліп жабысып өседі.

**Ақ түйе жонышқа – *Medicago medic*.**

Биіктігі 50- 125 см, екі жылдық шөп текстес өсімдік. Сабагы тік өседі, өн бойында нашар жетілген түктөрі болады. Гүлдері ақ түсті, күрделі шашак.

**Шалғындық беле – *Trifolium pratense***

Биміктігі – 50 см-ге дейін жететін, көп жылдық, шөп текстес өсімдік. Сабагы жіңішке, тік өседі, бұтакшалары көп. Үш құлак күрделі жапырақ. Гүлдері топтасып, ірі гүл шогырын құрайды, түсі қызыл.

Еріндігүлділер тұқымдасы. Бұл тұқымдастан 8 түрлі дәрілік өсімдік табылды, олар 6 туысқа жатады. Оның 4-і бұта текстес, қалғандары шөп текстес. Солардың ішінде көп кездескені.

**Тасишоп – *Thlaspi serpyllum L.***

Жартылай бұта текстес, көп жылдық өсімдік. Оның биіктігі 15-20 см болады. Жапырактары сарғыш түсті, пішіні жұмыртқа тәріздес бір-біріне қарсы орналаскан. Гүлдері майда, күлгін түсті сабагының бойына шок-шок болып орналаскан шашак.

**Атқұлак – *Rumex confertus villd.***

Биіктігі 120 см, көпжылдық шөп тәріздес өсімдік. Сабагы

түзу өседі. Оның ұзына бойына созылған салалары болады, жапырақтарының ұзындығы 20 см, ені 10-12 см. Олар үшбұрышты ұзын, ұштары додал келеді. Гүлдері майда, көкшіл жасыл түсті, сыпыртқы сиякты шогырланып тұрады.

Қайыңдар тұқымдасы. Бұл тұқымдасқа ағаш текес бір тұрлі дәрілік –сүйел қайың жатады.

**Қайың - *Betula pendula roth.***

Ол биіктігі 20 метрге дейін жететін тегіс, жылтыр ақ қабықты ағаш. Жапырақтары тықыр, кезектесе орналасқан, үш бұрышты немесе ромбы тәрізді жай жапырак. Сағактары ұзын. Гүлдері гүл шогына жиналышп, сырғаға ұқсан салбырап тұрады.

**Көк терек – *Papulus tremula L.***

Биіктігі 30 метрге дейін жететін ақшыл сары дінді ағаш. Жапырақтары ұзын сағакты, донгелек, ойыс жиекті, жәй жапырақ.

**Қарағайлар тұқымдасы – *Riparia Lindi.*** Қарағай биіктігі 35-40 метрге дейін жететін, көп жылдық ағаш. Қылқандары жұптасып орналасқан, мәнгі жасыл түсті, ксерофиттік есімдік.

Негізгі дәрілік өсімдіктердің колданылуы.

Ғылыми әдебиет деректерінен алынған жабайы өсегін дәрілік есімдіктер туралы, олардың халықтық және ғылыми медицинада колданылуы және олардан дайындалатын препараттар туралы мәлімет ұсынамыз.

**Кәдімгі мыңжапырак - *Achillea millefolium*.**

Химиялық құрамы: эфир майы 0,8% /негізгі компонент – азулин/, камфора, туйон және құмырска, сірке, валериан, аконит аскорбин қышқылдары, С, К витаминдері, спориттер бар. Мыңжылдықтың кан токтататын, қабынуға, аллергияға қарсы әсер ететін, жаракаттардың жазылуын тездетін, кан тамырларын кенситетін, ауырған жерлерді тыныштандыратын касиеттері бар. Тұнба және экстракт ретінде қолданылады.

**Ашы жусан – *Artemisia absinthium L.***

Химиялық құрамы; эфир майы 0,5-2%. Гликозидтер, авсинтин, С витамині, смола, крахмал бар. Препаратымен микробтарды жоятын, қабынуына қарсы әсер ететін, ішек құрттарын түсіретін,

несеп айдайтын, өт жүргізетін, денедегі ауырған жерлерді және нерв жүйесін тыныштандырады. Онымен бүйрек және құық, бауыр, тамак ауруларын, сары ауруларды емдейді. Дәрілік препараты тұнба түрінде қолданылады.

**Дәрілік қандышон – *Sanguisorba officinalis*.**

Химиялық құрамы: өсімдік тамыры мен тамыр бұтақшаларының құрамында 25%-ке дейін илік заттар, 30%-ке дейін крахмал, 3%-жынық қымыздық қышқылы, кальций тұзы, С және А витаминдері, аз мөлшерде эфир майлары бар. Медицинада сұйық экстракт ретінде асқазан мен ішекті емдеуге, жатыр мен бүйректен аккан қанды тоқтатуға қолданған.

**Орман бұлдіргені - *Fragaria vesca L.***

Медицинада жемісі мен жидегі қолданылады. Құрамында: қант 15%-ға дейін, аскарбин қышқылы 50 мг%, каротин 0,5 мг%, алма-лимон қышқылы 1,5%, минерал тұздар, илік заттар бар. Медицинада жемістің тұнбасын ас корыту жұмысын жаксартып, тамаққа тәбетін аштыратын, жүрек бауыр және бүйрек ауруларына, асқазанға жара түскенде, кан қысымы көтерілгенде емдеу үшін пайдалануға болады.

**Түймешетен - *Ranunculus ilgaris L.***

Дәрілік шикізат ретінде түймешетеннің гүлі және гүл тостаганшалары пайланылады. Өсімдіктің гүл тостаганшаларында және жапырактарының құрамында эфир майлары, камфора, флавоноидтар, алколоидтар, илік және ашы заттар, қант бар. «Тафлон» препаратын дайындауға пайдаланады. Препараторы өт және оның жұру жоллары қабынганда, асқазан сөлінің қышқылын арттыру үшін беріледі.

**Сүйелді қайың – *Betula pendula L.***

Қайыңның жас жалырағы мен бүршігінде микроб өлтіретін заттар бар. Сонымен бірге оның құрамында эфир майлары, смола, сапониндер, витаминдер бар. Қайыңның бүршігі мен жалырағы несеп пен өт айдайтын дәрі ретінде қолданылады.

Дәрілік өсімдіктердің өнімділігі.

Жергілікті халықтың пайдалануына және өндірістік максаттар

үшін 10 тұрлі кен тараған өсімдіктердің өнімділігінің нәтижелерін көрсетуге болады. Өнімділігін анықтау туралы мәліметте дәрілік өсімдіктердің омір сұру оргасын кездескен ассоциациясын және әрбір өсімдіктер қауымының құрамындағы ассоциациялардағы өнімділігінің әртүрлі екендігініе көз жеткізділі.

**Ақбас түйс жонышка – *Melilotus albus*.**

Жайылым жерлерде, тау етектерінде. Жол жиегінде, бұта текгес өсімдіктер арасындағы өсімдіктер қауымында, арамшөп ретінде кездесетіндігі аныкталды. Ол көбіне дәрілік түйежонышқамен бірге өседі, бірақ аз кездеседі. Оның шикізат корының өнімділігі 147 + 12,9 кг/га

**Орман бұлдіргені – *Fragaria vesca*.**

Орманның ашық аландарында, шалғынды жерлерде, шабындықтарда, бұлақ маңайында және жабайы бұталардың арасында өседі. Сейтіп шөптесінді-бұлдіргенді ағашты ассоциация құрамында, субдоминант болып есептеледі. Оның шикізат корының өнімділігі /жапырағы/ 118 + 10,2 кг/ га шамасында болады.

**Ашы жусан – *Artemisia absinthium*.**

Далалы, орманды аймактарда, ескі мал кораларының маңында, жол бойында кейде егістіктіктің арасыда арамшөп ретінде өседі. Сонымен катар шөптесін астықты-жусанды, жусанды-астықты ассоциацияда кездеседі. Кептірілген құргак шикізатының өнімділігі /жер үсті бөлігі/ 3,2 +0,169 кг/га

**Қандышоп – *Sanguisorba officinalis*.**

Орман шеттерінде, өзен жагалары мен батпақты жерлерде, шалғындықта аралас ормандарда өседі. Астықты қандышопті шөптесін, шөптесін-қандығашты және қандышопті-шөптесін ассоциациясын құрайды. Кептірілген шикізатының өнімділігі 84+7,9 кг/га.

**Шегіршін жаныракты жұлдызгүл – *Filipendula ulmaria Maxim.***

Шегіршін ылғалды шабындықтарда, орманның шөптесіндерінде, сайларда, өзен жагасында, бұталардың арасында

өседі. Шоптесінді-шегіршінді –ағашты ассоциация кұрамында кездеседі. Өнімділік қоры шикізаты- 48+-3,9 кг/га.

#### **Бақбак – Tagasum officinale web**

Бақбак шабындықтарда, тау етектерінде, өзен жагалау-ларында, орманды жерлерде өседі. Бақбакты шоптесін ассоциациясы күрайды. Шикізатының өнімділігі – 12+-0,9 кг/га.

#### **Түймешетен - Ranacatum vulgaris L.**

Түймешетен жолдардың жиегінде, егістік жерлерде, шабындықтарда, өзен жагаларында, далалы аймақтарда кездеседі. Түймешетенді шоптесін, бұталы-түймешетенді, шоптесін ассоциациясын күрайды. Шикізат кұрамының өнімділігі -8 +-0,7 кг/га

#### **Кәдімгі мыңжапырак – Achillea millefolium.**

Шабындықтарда, орманның шеттерінде, төбелердін етектерінде, бұталардың арасында, егістік жерлерде өседі. Көбіне шоптектес-мыңжапыракты-астықты, мыңжапыракты-астықты ассоциация күрайды. Көбінесе жайылымдық жерлерде тұтасып өседі. Қорының өнімділігі 19+-1,3 кг/га.

#### **Қымыздық – Rumex confertus willd.**

Шабындықтарда, орманның шеттерінде, мал жайылымдарында, шалғынды жерлерде, жолдардың етектерінде өседі. Бұл осімдік ылғалы аз жерлерде, ылғал мол жерлерде өседі. Қымыздықты-шоптектес ассоциациялар жасап кездеседі.

Сонымен, қорыта келгенде Ақтогай ауданында көн таралған дәрілік, тамактық өсімдіктердің ішінен шикізатының өнімділігі жоғарыға мыналар жатады; орал миясы, орман бұлдіргені, ақбас тұье жоңышка, қандышөп, жатаган жебіршөп, кәдімгі мыңжапырак, ал өнімділігі төменге; абыз жусан, бақбак, қымыздық жатады. Зерттеу нәтижесінде өсімдіктердің таралуы, өнімділігі олардың есу ортасының ерекшелігіне тікелей байланысты екендігіне көз жеткізілді.

Далалық зерттеу нәтижесінде ауданының жоғарыда аталған өнірлерінен гана 80 түрлі дәрілік осімдіктер аныкталды. Олар 24 тұқымдасқа 40 туысқа жатады. Қазақстаниның Қызыл кітабына

енген осімдіктерден; сүйел шөп, шай қурай, киік оты, ұйқы шөп, далалық жалбыз және қара аңдыз бар екені аныкталды. Бұл осімдіктер қоргауды және алдағы уақытта жан-жакты зерттеуді талап етеді.

Жоғарыда келтірілген дәлелдерге қарғанда қазіргі таңда табиги өсімдік корын тиімді пайдалану және оны қорғау өте үлкен орын алады. Осы мәселені шешуде бірден-бір әсер ететін тиімді жол жабайы өсетін өсімдіктерді мәдени түрге айналдыру. Бұндай жұмыстарды жүргізу өте кын, көп сибекті кажет етеді және ұзақ уақытты талап етеді, бірақ жаксы нәтиже береді.

## 2.8. Қаумалдары

### 2.8.1. Бектауата мемлекеттік табиги - зоологиялық қаумалы.

**Бектауата мемлекеттік табиги – зоологиялық қаумалы** 27.06.2001 жылы ҚР Үкіметінің №877 жарлыгымен құрылды. Республикалық маңызы бар. Қарағанды облысы, Ақтогай ауданының аумағында, Сарықұлжа тауларының солтүстік сілемінде орналасқан Қаумалдың жер колемі 500 гектар, шаруашылық әрекеттерге тиым салынған, қаумалды қорғауга жататын коршаган өнірді қосқанда жер колемі 49500 гектар болады. Балқаш қаласынан солтүстікке. Табиги аудандастыру жүйесінде **географиялық орыны** Жезқазған – Аягөз физикалық – географиялық провинциясына, яғни қоныржая белдеудін шөлейтті ландшафтық зонасына жатады.

**Жер бедері:** Солтүстік Балқаш ұсак – шоқылы, адыр – бұдырлы, тәбелі денудациялық тұғырлы жазықтығына жатады. Қос шоқылы Бектауата тауы орналасқан. Ең биік шыны – 1213 м. Тау басы сүйірленіп, тік беткейі тасты – тастакты – лавалы келеді.

Қаумалда Бектауата үнгірі бар. Биоттік гранит қабатындағы жарық бойымен солтүстік, солтүстік – батыска созылып жатыр. Үнгір ауызы (білктігі 3 м., ені 1,5 м, бірте – бірте кене耶 береді)

тау етегінен 100-150 м жоғары, оған қорымтас үйіндісі арқылы көтеріледі. Үнгірге кіре берісте ұзындығы 6 - 7 м, ені 4 – 5 м гранитті алан бар. Бектауата үнгірінің жалпы ұзындығы 45 – 48 м. Түбінде сұы бар, сұы өте сұық, түбі сазды, лайлы. Үнгір бірте – бірте тарылыш барын жер бетіне шыгады.

**Геологиялық құрылымы:** Бектауата қаумалы Балқаш – Ертіс күмбезді – шоқылы онтүстік еңісінде орналасқан. Тәменгі және органды палеозойдың күмдақтары, кварциттері, аргалиттер және әртүрлі эфузивті жыныстардан тұрады. Бектауата тауды жоғарғы палеозойдың қызығылт гранитінен түзелген.

**Климаты:** шұғыл - континенталдық. Қантар айының орта температурасы - 14°C., маусым айы + 20°C. Жылдық жауынның орта мөшері 200 – 250 мм.

**Су режимі:** Жер беті сулары: Балқаш көлінің және ішкі ағынсыз алабы аумағыда және Токырауын мен Жәмші өзендерінің су айрығына жатады. Жер асты суларының жарықшактағы орташа терендігі - 15 м., сұы аз минералданған.

**Топырағы:** тастакты күмдакты – сазды төбелер мен шоқылардың бектерлерінде және беткейлерінде құралады. Шөлдік сұр – коңыр және күмдакты топырактан құралады. Ойыс жерлерде сортан және сортанды топырактар кездеседі.

**Осімдіктері** ағаш, бұтак және шөп тектес өсімдіктерден құралады. Олар кайың, көктерек, бұталы тал, қараған, татар және ұсак жапыракты ұшқат, жыңғыл, жиде, итмұрын, тастак каракат, алтай доланасы, сереңті және шығыс бетеге, арпабас, шайқурай жапыракты тобылғы, акжусан, сүттеген жуа, ши, көкпек, боялыш, теріскен, арша, шалғынды түлкі құйрық шөп, бозқілем лакса, мыңжапырақ, татар және ергежейлі сепкілгүл, тұтікті қалампиршөп, солтүстік қалампиршөп, кәдімгі қырықаяқ, киікоты, аксуюты, бұқтарма шатырбасы, түйесінір.

**Қызыл кітапқа енгізілген:** арша

**Жануарлары:** аркар, қасқыр, түлкі, акқоян, құмқоян, борсық, сабаншы, дала күзені, далатышкан, сұр сұыр, сұртышкан, теңбіл ергежейлі тышкан, монгол шиқылдауығы

, далашиқылдауық, қалқан тұмсықты жылан, жасыл бақа, сутышқан, кәдімгі атжалман, әверсман жалманы, винограды жалманы, сұр атжалман, ергежейлі шұбар қосаяқ, тілеміш, сұнкар – болабан, дала бүркіті қара ләйлік, шіл, сұрқұр, ақбас тырна, қараторы қызыл құйрық (әдемі құйрықты торғай), жылан жегіш қыран, кәдімгі және шығыс кептер, кәдімгі және үлкен шұбар тоқылдақ, шөлшымшық, кәдімгі және дала бөктергі, қарақарлығаш, қылқұйрық, бұлдырық, жагалтай, қараұзынқанат, кәдімгі құралай, сарғалдақ, торғай.

**Хұқықтық режимі:** қаумалдың жеке жағдайына, тәртібіне байланысты, яғни есімдікті шабу, кесу, аң аулау шектелген Қаумал аумағының арнайы жерлерінде мал бағу, шөп шабу, аң аулау, жер жырту, жүйесіз демалыс орнына айналдыруға рұксат етілмейді.

**Қызыл кітапқа** енгізілген арқар, қараторы қызылқұйрық (әдемі құйрықты торғай), сұнкар – болабан, теңбіл ергежей тышкан.

### **2.8.2. Тораңғы мемлекеттік табиғи – ботаникалық қаумалы.**

ҚР Үкіметінің 27.06.2001 жылғы № 877 жарлығымен құрылды. Республикалық мәртебесі бар. Ақтогай орман және жануарлар корғау мемлекеттік мекемесіне қарайды.

Географиялық орны. Қарағанды облысы Ақтогай ауданының аумағында, Балқаш қаласының шығысында. Жер көлемі 48 гектар.

Табиғи аудандастыру жүйесіндегі географиялық орны Каспий маңы – Тұран аймағы, Жезказған – Аягөз физикалық – географиялық провинциясы, Мойынты өңіріне жатады.

Жер бедері және геологиялық құрылымы, Тоқырауын (Тоқрау) өзенінің көне ағысындағы аккумулятивтік жыныстардың жазықтық формасынан қуралған. Тоқырауын өзені ағысының орта және төменгі алқабында екі аккумулятивтік террастардан тұрады. Өзеннің ені 50 м құрғак атырауды құрайды және тізбекті

– төбелі күмдардан тұрады. Атыраудың жағасы төмен, батпакты келеді. Геологиялық құрылымы Балқаш – Ертіс күмбезді – үйінді көтерілімнен тұрады., Құмдақтар, кварциттер, аргилиттер басым келеді.

**Климаты** құрғақ, құрт шұғыл континенталдық климат, жазы ыстық қантар айының орта температуrasesы - 15°C, шілде айының орта температуrasesы +24°C. Жауын – шашының жылдық мөлшері 150 мм.

**Су режимі:** Жер бетіндегі сулар: Токырауын (токырау) өзені. Балқаш қаласынан 28 шақырым жерде күмгә сініп кетеді. Жер асты сулары: Метаморфолық жыныстағы жарыкшактарда сулары жоғарғы деңгейде минералданған. Токырауын өзені аңгарларында су теренділігі 5 – 10 м.

**Топырақ жамылғысы.** Құмтасты толық құрылмаган сұр – коңыр және кәдімгі сұр – коңыр топырактан тұрады.

Негізгі есімдігі биік діңгекті торанды және әртүрлі жапыракты терек (қызыл кітап).

**Хұқықтық режимі,** қаумалдың жеке жағдайына байланысты жұмыс ережесімен реттеледі. Орманды және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі торанды агашиң сақтау және қалпына келтіруге міндетті. Ағаш кесу, (санитарлық кесуден басқа) мал бағу, шөп шабу, жер жырту және т.б. қажетке пайдалануга рұқсат етілмейді.

### **2.8.3. Қызыларай мемлекеттік табиги – зоологиялық қаумалы.**

Қызыларай мемлекеттік табиги – зоологиялық қаумалы ҚР Үкіметінің 27.06.2001 жылы № 877 жарлығымен құрылды. Республикалық мәртебесі бар және уақыты шектелмеген. Ақтогай ауданының мемлекеттік орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесіне караиды.

Географиялық орны Қараганды облысы Ақтогай ауданының

аумағында. Қызыларай және Жаман Қызыларай тауларының орталық белгінде орналаскан. (Жінішке ауылынан шығысқа карай ұзындығы 24 шакырымга, ені 8-9 шакырымга созылып жатыр)

Қызыларай қаумалының жер көлемі 18200 га: Шаруашылық әркетіне тиым салынған буферлік зонанды қосқанда жер көлемі 311200 гектар болады.

**Физикалық** – географиялық аудандастыру жүйесінде географиялық орны коныржай белдеудін шөлейттік ландшафтық табиги зонасына жатады, яғни Жезказган – Аягоз физикалық – географиялық провинцияға енеді; Сарыарқаның Ертіс – Балқаш су айрығында орналаскан.

Жер бедері және геологиялық құрылымы. Қызыларай таулы массивінде Сары-Арканың теніз деңгейімен алғанда ең биік шыңы - Аксоран оналаскан. Аксоран тауының ұзындығы 12 км, ені 7 км, биіктігі 1565 м. Солтүстікке карай еңстен келген аласа таудан тұрады. Пермінің граниттерінен төменгі пермь, орта тас комір дәүірі жыныстарынан түзелген. Қаумалдың аумағы Солтүстік Балқаш герцендік қатпарлы синклинарлық облыска жатады.

Климаты шұғыл – континентті, жазы ыстық. Қантардың орта температурасы – 15°C, шілденің орта температурасы + 24°C. Жылдық жауын мөлшері 195 мм.

Су режимі Жер бетіндегі сулар Балқаш көлі алқабына жатады. Қызыларай тау массивінен бастау алатын өзендер. Токырауын өзенінің салалары: Қасабай, Қаратал, Жінішке; Қаршығалы өзенінің салалары Сарыөлең, Қарасу, Ақсай. Жерасты суларының жарықшақтагы терендігі 10 – 50 м, су тұшы болып келеді. Топырақ жамылғысы: ашық күлгін, кара күлгін, таулы қара топырактарынан түзелген. Жер бетіне шығып жатқан тау жыныстары көп кездеседі.

Өсімдіктері: ағаш, бұта және шоп тәрізді тұқымдастардан тұрады. Олар: кәдімгі қарагай, көктерек, котырқайың, үшаталық тал, қаракоктал, Вильгельм талы, емарша, шайқурай, татар және

ұсақ жапыракты үшқат, тікенек итмұрын, қаражеміс ыргай, аз гүлді бөрікарақат, сібір бөрікарақат, терісken, алтай доланасы, мойыл әңгіш, тұтікті қызылқия, ашықтүлді қызылқия, қыска сабакты қызылқия(қызыл кітап), тасшүйгін, киякөлең, нәзік көкнар, бөзкілем, гибридті бозкілем (қызыл кітап), қыржua. тікенекті ақселеу, қызыл ақселеу, солтүстік қалампиршоп, бұқтарма шатырбасы, ұсақ жапыракты дазифора, мыңжапырак, киікоты, түйесінір, кәдімгі қырықаяқ, арнабас, аксуюты, жартасты ескек (қызыл кітап), таumasақ, тасшыгүл (қызыл кітап)

**Жануарлары** арқар (қызыл кітап), елік, бұлан, қабан, сабанышы, ақкіс, ақ қалақ, сілеусін, касқыр, карсак, сұрсуыр, далаалакоржын, сұрқоян, борсық, бүркіт (қызыл кітап), кара ләйлік, ақбас үйрек, жапалак (қызыл кітап) батбак үкісі, күр, сұршіл, ақшіл, бөдене, кара кезкүйрық, сүйірбасты тоқал тіс, сары тоқалтіс, кіші және орта жерқазған, дала алакоржын, тарғақ, жорға дуадақ, байғыз, кәдімгі қүйкентай, жагалтай, ителгі.

**Хұқықтық режимі.** Өсімдіктер және жануарлар дүниесінің ерекшелігіне байланысты қаумалдың жеке міндеттері мен максаттарына байланысты сирек кездесетін аңдар мен өсімдіктердің және жануарларды сакталуына көп қоңіл болінеді. Оларды аулауга, арнайы жерлерді пайдалануға шектеу салынған. Шөп шабу, мал бағу және т.б. шаруашылық жұмыстар бекітілген норма бойынша шекте және белгілі бір жерлер болініп беріледі. Ағаш кесу, аң аулау, дәрі- дәрмек, өсімдіктерді жинау, мал бағу, шөп өртеу сияқты әрекеттерге тиым салынған.

### **3.3 Халқының орналасуы. Елді – мекендер**

Халықтың орналасуындағы ерекшеліктер: аудан бойынша орташа халықтың тығыздығы 1 шаршы км-ге 0,4 адамнан келеді. (Караганды облысы бойынша – 3,1, Қазақстан бойынша – 5,6)

Актоғай ауданында 1999 жылғы халық санагы бойынша қала халқы – 5,7 мың адам (30,2%), ауыл халқы – 13,2 мың адам

(69,8%), ал 2006 жылы осыған сәйкес бұл корсеткіштер 6,7 мың адам (29,1%) және 16,3 мың адам (70,9%) тең болды. Ең ірі елді-мекендері Балқаш колі маңына орналасқан Шашубай кенті (2,1 мың адам, 2005) Торанғылық – (0,6). Орта Дересін (0,8) Сарышаган кенті (4,3) Сонымен бірге Тоқырауын алқабына орналасқан Ақтогай (3,6 мың) Жаңа – орталық (1,0), Сарытерек (1,1), Нұркен (1,1), Шабанбай би (Шылым) 11,2 Сәуле (1,6 ), Ақши (0,5), Ақжарық (0,8).

Елді-мекендердің қысқаша сипаттамасы төменде берілген:

**Абай** Ақтогай ауданындағы Абай ауылдық округінің орталығы. Қаршығалы, Кусак өлкесінің аңгарында, Желтау тауының онтүстік – шығысында – 14 км, ауда орталығының онтүстік – шығысында – 87 км. Қараганды қаласының онтүстік – шығысында 435 км жерде орналасқан. Ауыл ұсак адырлы жазық жерде орналасқан. Округ аумағында 1930 – 32 жылы Таң, Бидайық ұжымшарлары болған. 1984 жылы «Нарманбет», «Шұбартау», «Айыртас» кеңшарлары негізінде Абай атындағы кеңшар және ауылдық кенес болып құрылған. Халқының саны – 0.4 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы – 265.2 мың га. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – кой шаруашылығы, косымша ірі кара, жылқы осіру болды. Округ Агашкөл, Тасқын елді мекендерін камтиды. Мектеп, ФАП, мәдениет үйі, кітапхана баска да мәдени – тұрмыстық мекемелер бар. Кеңшар негізінде 26 шаруа қожалығы құрылған. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Балқаш темір жол стансасы 165 км жерде.

**Айыртас** Ақтогай ауданындағы Айыртас ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығының онтүстік – шығысынан – 185 км, Қараганды қаласынан 430 км жерде. Айыртас тауының етегінде орналасқан. Округ 1932 жылға дейін Семей облысы, Шұбартау ауданына қарал, орталығы Өтізау (қазір қыстак) болған. Іргесі 1965 жылы қаланған. «Айыртас» кеңшары, ауылдық кенесінің орталығы болған. Халқының саны – 0.5 мың (2005). Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – кой

шаруашылығы, қосымша саласы жылқы, ірі кара өсіру болды. Кеншар негізінде 1995 жылы 21 шаруа қожалықтары құрылды. Жерінің жалпы ауданы - 308.6 мың га. Округте Еспе өзені, Ойран, Ешкіөлмес, Тазқызыл, Құлкора, Долағай, Желдіқара таулары, Жорға, Жауыр тарихи орындары бар. Мектеп, ФАП, клуб, пошта басқа да мәдени – тұрмыстық мекемелер жұмыс істейді. Ауыл басқа елді мекендерден автомобиль жолдары арқылы байланысады.

**Ақжарық** Актогай ауданындағы Қызыларай ауылдық округінің орталығы. Орталық Қазақстанның ең биік тауы Аксораның (1565 м) етегінде, аудан орталығы – Актоғай ауылының солтүстік - шығысында - 60 км. Караганды қаласының онтүстік – шығысында 330 км жерде орналасқан. Іргесі ұжымдастыру кезеңінде 1926 жылы құрылған. Халқының саны – 0.8 мың (2005). Округ аймагында 1930 – 1940 жылы «Мәдениет», «Жұмыскер», «Кенасу», «Үміт», «Бесата», «Қалмақбас» ұжымшарлары ұйымдастырылған. 1950 – 1990 жылдары «Қызыларай» кеншарының және ауылдық кенесінің орталығы. Округ аумагында Карасыр кен орны болған. Кенасу, Тесіктас таулары, Мамай асуы, мәдени – мұралар – балбал тастар бар. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – кой шаруашылығы, қосымша саласы – егін шаруашылығы болды. Жерінің жалпы ауданы – 256.0 мың га. Мектеп, ФАП, клуб, кітапхана және басқа да мәдени – тұрмыстық мекемелер бар. Кеншар негізінде 57 шаруа қожалығы құрылған (2006 ж). Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Балқаш темір жол стансасы 270 км жерде.

**Ақтас** Актоғай ауанындағы Қараменде би ауылдық округінің орталығы. Ақтас өзенінің анғарында, Қызылшоқы тауының етегінде, аудан орталығының солтүстік – шығысында – 45 км. Караганды қаласының 290 км жерде орналасқан. Іргесі 1982 жылы «Енбек» кеншары болып қаланды. Халқының саны – 0.7 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы – 147.0 мың га. Шаруашылықтың

мамандандырылған негізгі бағыттары – ірі қара өсіру, егін шаруашылығы болды. Округтің елді мекендерінде (Куаныш, Ыстыбұлак, Ақтас ауылдары) 3 мектеп, ФАП, 2 клуб, кітапхана басқа да мәдени – тұрмыстық мекемелер бар. Кеншар негізінде 48 шаруа қожалықтары құрылған. Округ қолемінде Берікқара ескі кен орны бар. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Балқаш темір жол стансасы 240 км жерде.

Ақтогай Ақтогай ауданының орталығы. Тоқырауын өзенінің бойында, Шатырша, Жосалы, Каражұмақ тауларының етегінде орналаскан. Солтүстік – шығысында Қараганды қаласынан – 250 км, онтүстігінде Балқаш қаласынан 210 км жерде орналаскан. Іргесі 1929 жылы қазіргі Нарманбет ауылдық округіне қарасты Дуанши елді мекенінен көшіріліп, алғашқыда «Басшы» деген атпен қаланды. 1930 жылдан Ақтогай ауылы болып аталды. Халының саны – 3.6 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы – 66.5 мың га. Негізі мал шаруашылығымен айналысады. Жалпы білім беретін 2 орта мектеп, №14 кәсіптік мектеп, өнер мектебі, жасөспірімдер спорт мектебі, балабакша жұмыс жасайды. Ауылда орталық аурухана, 2 саябақ, археологиялық – этнографиялық мұражай, «Тоқырауын толқыны» халықтық ән – би ансамблі, Ақтогай халық театры, «Балбырауын» би ансамблі, «Арман» эстрадалық ұжымы, «Сәуле» АҚ, «Энергия», «Су жүйесі» ЖШС, 187 жеке кәсіпкер жұмыс жасауда (2006). Ә.Бекейханов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, жез таңдай энші К.Байсейітова, Кенес Одагының Батыры Қ.Нұржановтың ескерткіштері орнатылған. Басқа елді мекендермен көтерме тас жол арқылы қатынасады. Ең жақын Жарық темір жол стансасы 190 км жерде.

Ақши Ақтогай ауданындағы Кежек ауылдық округінің орталығы. Нұра өнірінің ангарында, тау етегінде, Ақтогай ауданының солтүстік – батысында – 100 км, Қарагандының онтүстік – шығысына қарай 180 км жерде орналаскан. Балқаш көліне құятын Тоқырауын және Шерубай – Нұра өзендері осы өнірдегі аты анызға айналған Қайдауыл – Шерукеден бастау

алады. Сондықтан бұл жер «Сарыарка белі» деп аталады. Тарихи аныздарға бай жер. Іргесі 1942 жылы Алғабас, Нұра, Сталин ұжымшарларының фермасы болып каланды. 1975 жылы Шет ауданы Акши мамандандырылған шаруашылық бірлестігі, 1979 жылы Ақтөгай ауданы, Акши шаруашылығы бірлестігі болып құрылды. 1995 жылдан бастап Ақтөгай ауданы, Кежек ауылдық округі. Халқының саны – 0.5 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы- 85.7 мың га. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – егін шаруашылығы, қосымша мал өсіру болды. 49 шаруа қожалығы бар. Округте мектеп, кітапхана, клуб, пошта, АТС басқа да – мәдени – тұрмыстық мекемелер бар. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль арқылы байланысады. Ен жақын Жарық теміржол стансасы 150 км жерде.

**Береке** Ақтөгай ауданындағы Кусак ауылдық округінің орталығы. Кусак өзенінің бойында, аудан орталығының оңтүстік-шығысында 130 км, Қарағанды қаласының шығысында 380 км жерде орналасқан. Іргесі ұжымдстыру кезінде 1933 ж. қаланған. 1936 ж. Таң, Молотов, Береке, Қопа ұжымшарлары ұйымдастырылып, атқа рушы орган Кусак ауылдық Кенесіне қараган. 1951 жылы ұжымшар – артельдер біріктіріліп Бидайық ұжымшары, 1963 жылдан «Шұбартау» кеншары болып ұйымдастырылды. Халқының саны – 0.8 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы – 192.5 мың га. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – кой шаруашылығы, қосымша – еттік ірі қара, жылқы өсіру болды. 2000 жылдан «АБС Балқаш» тау – кен компаниясының «Еңбекшіл» алтын кен орны жұмыс істейді. Ауылдық округте мектеп, ОДА, клуб, кітапхана, басқа да мәдени – тұрмыстық мекемелер бар. Кеншар негізінде 22 шаруа қожалығы бар. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ен жақын Балқаш темір жол стансасы 210 км жерде.

**Гүлшат** Ақтөгай ауданындағы елді мекен, қалашық. Балқаш қаласының оңтүстік – батысында 62 км жерде, Тарғыл тауының етегінде орналасқан. 1834 жылдан мұнда корғасын өндіріле

бастида. Каркаралы көпесі Беметовтың осы өнірден қорғасын көнін тауып, оған өзінің кызы Гүлшаттың атын қойған.

#### **4 тарау Шаруашылығының дамуы мен орналасуы.**


##### **4.1 Ауыл шаруашылығы.**

Актоғай ауданының экономикасының құрылымында ауыл шаруашылығы басым келеді. Оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі 90%-ға тең, 10% онеркосіп және халыққа кызмет ету салаларының үлесіне тиеді.

Ауданның табигат жағдайы: жер бедері, жер коры мен құрылымы агроклиматтық ресурстары, су ресурстары, топырағы және т.б. факторларға байланысты ауыл шаруашылығында мал шаруашылығы жетекші роль атқарады.

Ауыл шаруашылығы 2006 жылдың аяғында 1709,9 млн. теңге өнім өндірсе, оның 130,9 млн. теңге (8,3%) егін шаруашылығы үлесінде, 1579,0 млн. теңге (91,7%) мал шаруашылығы үлесіне тиеді. (Караганды облысы бойынша осыған сәйкес егін шаруашылығы 32,1% және мал шаруашылығы 67,9 %. Қазақстан Республикасы 50,7 және 49,3 %. (сурет 19)

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрылымы, % есебімен, 2006 ж. (16,17)



Актогай ауданы Караганды облысы Қазақстан Республикасы Аудан бойынша жалпы жер аланы 1343994,5 гектарды құрады, оның ішінде 1300969,5 гектары (96,8%) ауыл шаруашылығына пайдалы жерлерге (егіндік, жайылым, шабындық), ал 43025 гектары (3,2%) ауыл шаруашылығына жатпайтын жерлерге тиеді. Ауыл шаруашылығына пайдалы жерлердің құрылымында жайылымның үлесі -1244286,6 га. (95,6%), егіндік – 12385,9 га. (1,0 %), табиги шабындық – 40567,9 га. (3,1 %), тыңайған жерлер – 372,3 га. (0,3 %), жеміс-жидектер – 1,8 га. Ауыл шаруашылығына жатпайтын жерлер ішінде – 639,0 га. (1,5%) орман алқаптарын құрайды.(15)

Ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлер құрамында 95,6 жайылым болғандықтан мал шаруашылығы құрылымында кой және жылқы шаруашылығына мамандалған.

Ауыл шаруашылығымен айналасатын субъектілер: ауыл шаруашылығы кәсіпорындары (занды тұлғалар, барлығы 671), оның ішінде: шаруашылық серіктер (4), шаруа (фермер) кожалықтары (667), және халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары (3887) айналасады. (2006 ж.) (16)

Жер аланын пайдаланушылар бойынша 86,7% (164860,0 га) шаруа (фермер) кожалықтарында, 13,3% (17881,0 га) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиесілі, калған жер аланы – 303,5 га үй шаруашылықтары мен саяжай участкері пайдаланады. Орташа есеппен бір кәсіпорынға 22353,9 га., бір шаруа (фермер) кожалығына 1831,5 га. әрбір үй шаруашылығына 0,1 га жер аланы тиесілі.

Аудан жер алаңының ауылдық округтари бойынша географиялық орналасуын және үлес салмагын 10 кестеден көруге болады.

**Кесте 10.**

**Ақтогай өңірлері бойынша жер алаңының  
орналасуы (2007 ж) (16)**

Аудандық округтер	Жер алаңы – барлығы га	Ауданның жер алаңында ауыл округтары жер алаңының үлес салмагы, % есебінен
Ақтогай ауданы	1343994,5	100,0
С оның ішінде:		
Ақтогай а.о.*	9898,1	0,7
Абай а.о.	76371,9	5,7
Айыртас а.о.	91201,0	6,8
Жидебай а.о.	90502,5	6,7
Кежек а.о.	43226,3	3,2
Қарабұлак а.о.	133623,4	9,9
Караменде би а.о	64217,3	4,8
Құсак а.о.	104943,0	7,8
Қызыларай а.о.	89945,3	6,7
Нұркен а.о.	152808,6	11,4
Орта Дересін а.о.	130286,5	9,7
Сарытерек а.о.	118207,2	8,8
Сарышаган ә.ә.**	3191,0	0,2
Тасарағай а.о.	46044,9	3,4
Торанғылыш а.о.	38464,6	2,9
Шабанбайби а.о.	115521,4	8,6
Шашубай қ.ә.	35541,5	2,6

\*а.о – ауылдық округ, \*\*қ.ә - кент әкімшілігі,

10 кестеге қарасақ, жер алаңы үлес салмагы Нұркен, Қарабұлак, Орта Дересін, Сарытерек, Шабанбай би. Құсак ауылдық округтар үлесіне тиеді. Олардың 17 ауылдық округінің ішінде озіндік үлесі 56,2 % га жетеді.

**АУДАН МЕТЕОСТАНЦИЯСЫНЫң ДЕРЕКТЕРІ  
БОЙЫНША КӨП ЖЫЛҒЫ АУАНЫҢ ОРТАША  
ТЕМПЕРАТУРАСЫ**

Метео- станция- лар мен пунктер	Орташа жылдык температура	Соның ішінде ай салын											
		кан- тар	ак- пан	нау- рыз	сәу- ір	ма- мыр	мая- сым	шил- де	та- мыз	қыр- күй- ек	ка- зан	кара- шпа	Жел- ток- сан
Кара- ганды	2,0	-6,2	-15,0	-8,8	-2,4	12,8	12,9	20,5	19,0	11,4	2,8	-6,4,	-14,4
Актоғай	0,5	-18,7	-17,0	-10,0	1,4	11,8	17,5	19,8	17,2	10,0	1,2	-8,9	-16,9

**Ауданның жауын-шашиның мөлшері жөніндегі  
көп жылдық деректер**

Метео- станция- лар мен пунктер	Орташа жыл- дык жауын- шаши	Соның ішінде ай салын											
		кан- тар	ак- пан	нау- рыз	сәу- ір	ма- мыр	мая- сым	шил- де	та- мыз	қыр- күй- ек	ка- зан	кара- шпа	Жел- ток- сан
Кара- ганды	315	22	20	24	22	27	41	42	28	21	23	24	21
Актоғай	215	13	15	13	22	19	32	24	22	12	14	13	16

**Қатқақ болатын календарьлық мерзімі және аясыз  
мезгілдердің орташа ұзақтығы**

Метеостанциялар мен пунктер	Коктемдең соңғы күткәк		Күзді алғашкы күткәк		Алсыз күн саны			
	Ең ерте	Ең кес	Ең ерте	Ең кес	ортаса	Ең азы	Ең кебі	
Карағанды	23.IV	13.VI	26.VII	9.X	126	88	157	
Актоғай	-	15.VI	23.VIII	23.IX	89	66	136	

## **ҚОСЫМШАЛАР**

Географиялық орналасуы 48-49 бойтық, 75-76 ендік

1. Желтау -1016 м
2. Кіші Желтау -740 м
3. Қызыл – 755 м
4. Арқарлы – 1114 м
5. Қараоба -860 м
6. Байты – 919 м
7. Қоғалыбай – 903 м
8. Қарашоқы – 832 м
9. Қаратас -839 м
10. Бұйрат – 756 м
11. Араптобе – 780 м
12. Құнгей – 832 м
13. Қошқаршоқы – 819 м
14. Шойбай – 928 м
15. Қарашоқы – 893 м
16. Керегетас – 991 м
17. Жыланшық – 839 м
18. Ақшоқы – 735м
19. Қойтас – 878 м
20. Айыргас – 872 м
21. Жетімшоқы – 823 м
22. Қызыладыр – 755 м
23. Қарашоқы – 977 м
24. Бегазы – 1169 м
25. Қойтас – 880 м
26. Жайнакпай – 794 м
27. Қарамойын – 900 м
28. Медеубай – 843 м
29. Байман – 979 м
30. Тастыбұлак – 961 м

31. Қарамойын – 900 м
32. Қызылжал – 1034 м
33. Сона – 909 м
34. Қаражұмак – 999 м
35. Акторай – 1031 м
36. Жаман Қызыларай – 1283 м
37. Ақсораң – 1565 м
38. Кенбұрат – 1108 м
39. Аюлызек – 1012 м
40. Босага – 1023 м
41. Қарашокы – 1051 м
42. Аулие – 1274 м
43. Қойтас – 1118 м
44. Қарагандызек – 997 м
45. Шокпартас – 980 м
46. Бұртысерек – 1250 м
47. Токсай -1260 м
48. Қызыладыр – 1025м
49. Қызылшокы – 977 м
50. Байбосын – 893 м
51. Ақдебай – 1092 м
52. Әмірхан – 1188 м
53. Сарыбұйрат – 913 м
54. Жұндіқырган – 1016 м
55. Былқылдақ – 1024 м
56. Сарыжел – 843 м
57. Ақшокы – 1000м
58. Балабосага- 1043 м
59. Жанақойтас – 860 м
60. Қойтас – 886 м
61. Саймантау -1029 м
62. Дақтас – 1027 м
63. Ақбұйрат -958 м
64. Сарыгүмсек – 1029 м

65. Тасшоқы - 990 м
66. Жалпаққайың – 990 м
67. Нұртай – 1172 м
68. Жыланды – 1155 м
69. Жаланаш – 1138 м
70. Күшокы -1238 м
71. Қаратоганбай – 1140 м
72. Айыртас – 1063 м
73. Жорға – 1090 м

#### **Солтүстік Балқаш. өңірінің таулары**

1. Қотанбұлақ – 740 м
2. Бектауста – 1214 м
3. Жалғызтас – 500 м
4. Ақшадыр – 586 м
5. Сарыоба – 591 м
6. Бөрібай – 624 м
7. Торетай – 616 м
8. Итмұрынды – 557 м
9. Қалмақжатқан – 689 м
10. Ұзынжал – 876 м
11. Бірқара – 646 м
12. Шат – 563 м
13. Қазық – 686 м
14. Қызылтас – 447 м
15. Қалмақемел – 870 м
16. Кішкене табақкалған – 661 м
17. Үлкен табакқалған – 676 м
18. Тышқан – 766 м
19. Бақтай -382 м

## **Өзендер**

1. Төкырауын
2. Қасабай
3. Қаракемер
4. Ұзынбұлак
5. Ахметеспе он сапарлар
6. Жіңішке
7. Шұбарозек
8. Терсінөзек
9. Майозек
10. Қаратал
11. Қараменде
12. Найманбай
13. Сарыөлең
14. Қаршығалы
15. Дәнлібұлак
16. Сүттібай
17. Шолақ
18. Жыланды
19. Кусак
20. Жамшы
21. Қаратал
22. Тұлқілі

### **6.5. Қысқартылған сөздер тізімі:**

- а. – ауылшынын  
т. – тауының  
шығ. – шығыс  
онт.-шығ. – онтүстік – шығыс  
онт.-бат. – онтүстік – батыс  
бат. – батыс  
солт.-шығ. – солтүстік – шығыс

солт.-бат. – солтұстік – батыс  
онт. – онтұстік  
тау. – тауларының  
өз. – өзенінің  
о.с – оң саласы  
с.с – сол саласы  
сол. сал. – сол. саласы  
он. сал - он саласы  
Қаз. т.ж – Қазақстан темір жолы  
Ш. Қаз – Шығыс Қазақстан  
күр. - күргак

#### **Сілтеме жасалған әдебиеттер:**

Абросов А.В., Губайдуллин Р.А., Альшаев Н.А. и др. «Отчет по доразводке нижнетокраусного месторождения подземных вод для водоснабжения Балхаш / переоценка эксплуатационных запасов по состоянию на 01.01.77 г.» Центрально-Казахстанский Территорияльная Геологическая управление /ЦКТГУ// /рук/.  
Агроклиматический справочник по Карагандинской области.  
Гидрометеоиздат, Л., 1962 г. – С. 120-134.  
Агроклиматические ресурсы. Жезгазганской области.  
Республика Казахстан. Гидрометеоиздат, Л., 1976. – 56 с.  
Гидрометеорологический очерк. Генсхема орошения  
и освоение земель по р. Токырау институт  
«Центрказгитроводхоз» Караганда. 1975 г. /рук/. – 142 – 149  
с.  
Государственный водный кадастр. Многолетние данные  
режиме и ресурсах поверхностных вод суми. Том. 5. казахский  
ССР. Воп. 4. Бассейны рек оз. Балхаш и Восточных районов  
Центрального Казахстана. Гидрометеоизд, Л., 1988 г. – 132 с.  
Водные ресурсы Казахстана. Алматы. 1957 г. – 45 с.  
Гидрогеология СССР. IV том. Карагандинская область

Редактор тома Фалевич И.Е. Изд-во «Недра» М., 1970 г. – 32 с.

- Водохозяйственный паспорт бассейна р. Токырау /с р. Кусак/ институт «Центрказгигроводхоз». Караганда 1976 г. /рук/. – 74 с.
- Государственный водный кадастр. Основные гидрологические характеристики /за 1971-1975 гг. И весь период наблюдений/ Том 13. Центральный и Южный Казахстан. Вып. I. Бессточный район - Центрального Казахстана Гидрометеоиздат, Л., 1978 г. – 67 с.
- Құрманов Қ. Физикалық география терминдері мен үгымдарының орынша – қазақша анықтамалық сөздігі. Баспа. Алматы «Рауан» 1993 жыл. – 25 с.
- Лебедев В.В. Гидрологи и гидрометри в задачах. Гидрометеоиздат. - Л., 1961 г.
- Лучшева А.А. Практическая гидрология. Гидрометеоиздат, Л., 1976 г. Научно-прикладной справочник по климату СССР. Серия – 3. Многолетние данные части 1-6. Вып. Казахская ССР книга 1-3. Гидрометеонзат, Л., 1989 г. – 28 с.
- Объединения научная сессия по проблемам развития производительных сил - Центрального Казахстана производительных сил. Изд-во Академии Наук Казахской ССР. Алматы – 1958 г. – 44 с.
- Отчет о результатах разведки эксплуатационных запасов грунтовых вод долины р. Токырау для обоснования проекта хозяйственного водоснабжения г. Балхаш. Госплан. СМ. РСФСР «Геотех контора». М-1959 г. – 31 с.
- Ресурсы поверхностных вод ССР. Основные гидрологические характеристики. /за 1963-1970 гг. И весь период наблюдений/ Том 13. Центральный и Южный Казахстан. Вып. I. Бессточный район – Центрального. Л., 1977 г. – 23 с.

## **6.6. Қолданылған әдебиеттер**

1. М.Кожакмет. Қазақстан Республикасының экологиялық және әлеуметтік географиясы. Қарағанды: КарМу баспасы, 2006. -480 б.
2. Қазақстан өнірлері-2007: Статистикалық жинақ. Астана, 2007.
3. Н.Ақбайтегі. Аудан болып қашан құрылдық. – Токырауын тынысы, күркүйек, 2000 ж.
4. Қарағанды, Караганды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. - 584 б.
5. А.Бекен., Дәүітәлі Стамбеков (1947-1999 жыл), Жалын, №2, 2004 ж.
6. Караганды облысы: Статистикалық жылнама. - Қарағанды, 2007. -144 б. Агроклиматический справочник по Карагандинской области. Гидрометеоиздат, Л., 1962 г. – С. 120-134.
7. Н.А.Конюхов. Агроклиматические ресурсы. Жезгазганской области. Казахской ССР – Л.: Гидрометеоиздат, 1976. – 107 с.
8. Гидрометеорологический очерк: Генсхема орошения и освоение земель по р. Токырау. Караганда: Институт Центр Казгидроводхоз, 1975: (рук.) –С. 142-149.
9. Отчет о результатах разведки эксплуатационных запасов грунтовых вод долины р. Токырау для обоснования проекте водоснабжения г. Балхаш. – М.: Геотехконтора, 1959. – С. 31.
10. Государственный водный кадастр. Основные гидрологические характеристики./за 1971-1975 гг. И весь период наблюдений/ Том 13. Центральный и Южный Казахстан. Вып. 1. Бессточный район – Центрального Казахстана - Гидрометеоиздат, Л., 1978 г. – 67 с.
11. Қарағанды облысы аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуы: Статистикалық жылнама. - Қарағанды, 2002.
12. Қарағанды облысы аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуы: Статистикалық жылнама. - Қарағанды,

2007.

13. Қарғанды облысының демографиялық жылнамасы: Статистикалық жинақ. - Қарғанды, 2007. -Б. 6-19
14. 2000-2006 жылдардағы Қарғанды облысы бойынша еңбек және халықтың жұмысымен қамтылуы. – Қарғанды, 2007, Б. 7.
15. Бірінші үлттық ауыл шаруашылығы санагының алдын ала қортындылары: Қарғанды облысы, Ақтогай ауданының өсімдік шаруашылығы. - Қарғанды 2007, Б. 17-18
16. Қазақстан өңірлері: Статистикалық жинақ. – Алматы, 2007.
17. Ауыл (село) дамуының мониторингі: Статистикалық жинақ. –Қарғанды, 2007.
18. С.А. Талжанов. Ір түрлі қогамдық жүйе жағдайында Орталық Қазақстан жер ресурстарын мал шаруашылығының жайылым ретінде пайдалануын экономикалық-географиялық түргыда бағалау. - Автореферат – Алматы, 2005.
19. Бірінші Үлттық ауыл шаруашылығы санагының алдын ала қортындылары: Қарғанды облысы Ақтогай ауданының мал шаруашылығы. – Қарғанды, 2007.
20. Нечаев. Динамика пастбищной растительности Каракумов под влиянием метеорологических условий. –Ашхабад: 1966. – 23 с.
21. Б.Н.Клок, А.И.Дроздов. Ауыл шаруашылығын өркендегу жүйесі жөніндегі ұсыныстар. – Алматы, 1968. – 368 б.
22. А.П.Федосев. Агрометеорологические условия произрастания пастбищных растений в Казахстане. – Ашхабад: Изд-во АН Туркменской ССР, 1963. – С. 16-23.
23. Қарғанды облысының өнеркәсібі: Статистикалық жинақ. - Қарғанды, 2007.
24. Қарғанды облысының шаруа (фермерлік) кожалықтарының қызметі Турали. - Қарғанды, 2007.
25. Қарғанды облысындағы шағын бизнесің дамуы.

Қарағанды, 2006.

26. А.Ногаев. Актоғай радиациялық аймаққа жатуға құқылы.  
– Арка Еңбеккери, 4 сәуір 1998 ж.
27. А.Әбіл. Халық экологилық жағдайдың кейбір мәселелерімен қорытындылары. – Токырауын тынысы, 22 шілде 2000ж.
28. М.Калиакпар. Актоғай да апат аймагы. - Токырауын тынысы, 5 тамыз, 2000 ж.
29. А.Әбіл. Сынақ жарылыстарының жаңғырығы. - Токырауын тынысы, 14 маусым, 2000 ж.
30. Е.А.Керимбаев. Атаулар сыры. – Алматы: Қазақстан, 1984. – 119 б.
31. Э.М.Мурзаев. Очерки топонимики. – М., Мысль, 1974. – 382 с.
32. Афанасьев А.В. Зоогеография Казахстана. Алма-Ата, 1960
33. Афанасьев А.В. и др. Звери Казахстана. Алма-Ата, 1953
34. Банников А.Г. и др. Жизнь животных. т. 6. М., 1971
35. Беляев А.М. Список грызунов Казахстана. – «Труды ЗИН АН СССР», 1934, т. 2, вып. 1.
36. Бобринский Н.А., Кузнецов Б.А., Кузякин А.П. Определитель млекопитающих СССР. М., 1965
37. Виноградов Б.С. Руководство к определению грызунов Средней Азии. Самарканд, 1930
38. Виноградов Б.С. Грызуны СССР. Определитель по фауне СССР, издаваемые Зоологическим институтом
39. Академия наук. Т.10. Млекопитающие СССР. Л., 1933
40. Виноградов Б.С., Громов И.М. Грызуны фауны СССР. М. – Л. 1952
41. Гепнер В.Г., Наумов Н.П., Юргенсон П.Б. и др. Млекопитающие Советского Союза. Т.2. ч1. М., 1967
42. Гепнер В.Г., Чалский К.К. и др. Млекопитающие Советского Союза. М., 1976
43. Громов И.М. Млекопитающие фауны СССР. Ч. 1-2. М. –

Л. 1963

44. Долгушин И.А. Птицы Казахстана. М., 1962-72
45. Карасева Е.В. Материалы к познанию географического распределения и биологии некоторых видов мелких млекопитающих Северного и Центрального Казахстана. – В кн.: Биология, биогеография и систематика млекопитающих СССР. М.. 1963 ж.
46. Картешев Н.И., Соколов В.Е., Шилов И.А. Практикум по зоологии позвоночных. М., «Высшая школа», 1969
47. Кузнецов Б.А. Млекопитающие Казахстана. М., 1948
48. Новиков Г.А. Хищные млекопитающие фауны СССР. М. – Л., «Наука», 1956
49. Панченко С.Г. О некоторых редких птицах Центра Казахстана. – В кн.: Редкие и исчезающие звери и птицы Казахстана. Алма-Ата, 1977
50. Параскив К.П. Пресмыкающиеся Казахстана. Алма-Ата, 1956
51. Паспорт Бектаутинского ГПЗЗ.
52. Паспорт Кзыларайского ГПЗЗ.
53. Паспорт Тургангового ГПЗЗ.
54. Алаев Э.Б. Социально-экономическая география: Понятийно-терминологический словарь. – М.: Мысль, 1983.
55. Алампиев П.М. Экономическое районирование СССР. М.. 1959. Балхашпром / Балхаш, 1996. – 115 б.
56. Баранский Н.Н. Экономическая география СССР. М.. 1948. БГРК «АБС» / Балхаш, 2000. – 95 б.
57. Двоскин Б.Я. Экономико-географическое районирование Казахстана. – Алматы: Наука, 1986. – 248 б.
58. Двоскин Б.Я. О внутриобластном районировании // Изд. АН СССР. Сер. Геогр. 1964. №4
59. Ердявлетов С. Экономическая и социальная география Казахстана - Алматы: КазГУ, 1998. – 287 б.
60. Информация о социально-экономическом развитии Актогайского района на 01.01.2002.

61. Итоги переписи населения 1999 года по Карагандинской области. Т.2: Алматы, 2001.
62. Казахская ССР: Экономическо- географическая характеристика. М., 1957.
63. Казгипрозем. Схема землеустройства Актогайского района Жезгизганской области. – Карагандинский филиал: 1973. -119 б.
64. Казгипрозем. Схема создани высокопродуктивных кормовых угодий Актогайского района Жезгизганской области. – Карагандинский филиал: 1973. -61 б.
65. Қалиакпар А.С. Ақтогай ауданы: 1928 жылы құрлған // Токырауын тынысы, 1998 жыл, 28 тамыз. – 3 б.
66. Кистанов В.В. Комплексное развитие и специализация экономических районов СССР. М., 1968.
67. Колсовский Н.Н. Теория экономического районирования. М.: Мысль, 1969.
68. Кутафьев С.А. Казахска ССР. М., 1983.
69. Лобова Е., Хабаров А. Почвы. – М.: Мысль, 1983. – 303 б.
70. Нургалиев Р. Карагандинская область. – Караганда: 1986. – 608 б.
71. Отчет акима Актогайского района за 2003 год.
72. Паспорт Актогайского района, 2002.
73. Прохоров А.М. Большая Советская Энциклопеди. М.: 1976.
74. Республика Казахстан: информационный паспорт. А.: Жети Жарғы, 1998 112 б.
75. Хайрлиев И.Н., Кожахметов М.К. Экономическая и социальная география Казахстана - Караганда: Караганда: КарГУ, 1997. – 130 б.
76. Шарыгин М.Д. Социально-экономическое микрорайонирование – Пермь: Пермский университет, 1990. – 76 б.
77. Экологиялық апаг аймагы болсак та, даусымыз жоғарыга жетер емес // Токырауын тынысы, - 12000. 3 маусым. 2– 7 беттер.
78. Ярмухамедов М., Конкашпаев Г. Экономическая

география Казахской ССР. Алматы, 1961.

79. Гурман Э.В., Катин И.А. Растение и наше здоровье. Алма-Ата. Кайнар – 1987

80. Ахметжанова А.И., Гурр Р.В. Ресурсы лекарственных растений в некоторых районах Центрального Казахстана. В сб: Морфологические и экологические особенности растительного мира Центрального Казахстана. Караганда., 1986.

81. Красная книга Казахской ССР., – Алма-Ата., Наука. 1981.

82. Куприянов А.Н., Калякина П.И., Адекенов С.М. Редкие и исчезающие растения Карагандинской области.. Караганда. 1985.

83. Карамышева З.В., Рачковская Е.И. Ботаническая география степной части Центрального Казахстана. Изд-во Наука. Ленинград. 1973.

84. Кожабеков М., Кожабекова Г. Дәрілік есімдіктер. Алматы. 1982.

85. Арыстангалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазакстан осімдіктері. Изд-во Наука Алма-Ата. 1977.

86. Қалиев Б. Өсімдік атаулары. Алматы. Ана тілі. 1993.

87. Халық депутаттары Ақтөй аудандық Қенесінің сессиясы туралы Қазақстан сессиясы туралы «Арқа еңбеккері» 28.11. 1992ж.

88. Қазақстан Республикасының депутаттарының сессиясына қатысуышыларға Жезқазган облысы Ақтөй ауданының еңбеккерлері мен тұргындарынан «Ашық хат», «Арқа еңбеккері» 05.12.1992ж.

89. А.Туганбаев «Полигон бізге не берді?». «Арқа еңбеккері» 12.12.1992ж.

90. А.Туганбаев «Зұламаттың зарлабы». «Егеменді Қазақстан» 01.11.1994ж.

## ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Құрметті оқырман қауым! Сіз мектепте білім алғып жүрген оқушы, білім-ғылым жолына енді ғана қадам басқан студент, балқім жас үрпак оқытып-тәрбиелеп жүрген мұгалім, болмаса басқа мамандық иесі болсаның да, ұлттық руханияттан молынан хабардар, ой-санасы ояу, ел тарихын түсіне білетін намысы қалғып кетпеген зиялы жан шыгарсыз. Осы тарихнамалық еңбекті оқып шықкан соң, сіздің «апырым-ай, ә» деп қойып, сан түрлі ойларға бататыныңызға ешбір дауым жоқ.

Қазакта «тойшы атым болмаса да, қойшы атым бар» деген бір аталы сөз бар. Бүгінде Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор ғалым атасып жүрсем, ол аспаннан түскен жоқ шыгар. Маган да Актоғай десе қатар аталатын Токырауындай туган жердің киелі топырағы қалам ұстап жазуга деген қабілет, гылым жолына түсуге талап берді. Ата-бабам аруағы колдап, біреу қызығатындей, біреу қызғанатындей атак-дәрежеге ие болыппын. Содан да болар, аяғым жеткен жерге жүрдім, тілім жеткенше сөйлемдім, ақыл-ойым шегіне дейін жаздым. Сол талпыныстың бір нарасы ретінде осы кітапты назарларыңызға ұсынып отырмын. Артық айтып, кем жазған жерлері болса, алдын ала кешірім өтінемін. «Қарашада өмір түр, караласан көнер ме» деп Ұлы Абай айтқандай енді бұл тақырыпқа қалам таргар-тарпасымды бір Kok Тәңірісі біледі.

«Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны аласын» деген рас па, әлде Кек Тәңірінің мәндайға жазғаны сол болды ма, әйтеуір әдебиет аталатын «сөз өнерінің дертімен» (Абай) бала шағымнан ауырып, жалықпастан соңына түстім. Сондықтан туган жер туралы әрбір аныз-әпсана, әңгіме-хикаятпен мақалалар, мұрағаттыққұжаттарды жинастырумен болдым. Сонда Актоғайдай тарихы катпар-қатпар құпияға толы ел-жүрттың бастан өткөрген дәуірлерін жазуга бір адамның таланты да, ғұмыры да жетпейтінін ұқтым. Ендеше бұл жазылғанды сол гажайып тарихтың бүгінгі жалпы оқырманға

түсінікті ұстінгі қабаты деп кана қабылданыздар. Біздің максат - туган жер тарихы туралы азды-көпті жазылған зерттеулерге аз болса да үлесімізді қосу.

Қазіргі жаһандастырудың ықпалымен өз тарихи тамырынан ажырап, рухани мешеулікке ұшырап бара жаткан жас үрпакка ой сала алсақ, ол дәл біз үшін жеткілікті. Кітаптағы айтылатын, әрі салғастырмалық тұрғыда талданатын оқиғалар туралы көзқарасымыз - бұзылмайтын қағида немесе тұжырым емес. Мен жаздым – бітті, кестім – үзілді деуден аулакпыш. Өйткені елдің ауызша тарихнамасында сакталып келген аныздық асыл сөздер бастапқы нұсқасынан түрліше өзгеріске түсे таралатынын еске ұстау қажет. Сонымен қатар олар айтып-жазып жеткізушілердің өзінің «қанына тартпаса, кары сынатын» субъективті көзқарасына толы болатынын түсінеді гой деп білемін. Олардың осында айтылар ойдың өзегіне айналып отырғанының себебі де кітапқа кіріп, таска басылып, білмейтіндер танысып, билетіндер санасында жаңғыртса еken деген тілекten туды. Қекірегі – көмбе, ақыл-обы – алтын, сөздері - інжү-маржандай шежірешіл карттарды табудың өзі мұнға айналып бара жатқан шакта, елжүрт санасын бір сілкіндіріп, өз өткен тарихына басқа көзben карай бастаса деген үмітпен қолға қалам алған едік. Сондықтан сол қариялардың сарқыты болып қалған жандардың қолына осы кітап түсे қалғандай болса, өз пікірлері мен толыктырулар қосатын жайттары туралы хабарласып жатса, қуана қабылдар едік. Ол да болса ел үшін жасалатын игі істерге косылар бір үлес болар еді. Ел іші болған соң, оқырманның талғам-тілегі де әртүрлі болары анық, кейбір пікірімізге карсы көзқарас туындал жатса, оған да құқылы. Тек «пілге үрген канден» секілді болмай, туган жер тағдыры мен ел мұддесі үшін болып жатса, барлық сынды қабылдаймыз және түзетуге талпынамыз.

Себебі ғылым тек қана құдіктен туады. Біз алдагы уақытта тың ізденістер жасауға болатын басты бағыттардың негізгі желісін ғана салдық. Кенестік дәуірде кобінесе ақиқаттың ауылынан алыс жатса да, сол заман талабына сай біршама жазылған соңғы

кезеңдерден саналы түрде бас тарттық. Ел үшін тоталитарлық заман болған, партократтар үшін «тамаша дәурен» болған ол дәуірдің де шындығы де кейін жазыла жатар. Кеңестік идеология ол жолда коммунистік идеяга шын берілген фанатиктерді ғана емес, заман ынғайына жыгылған «малтабарларды» да шеберлікпен пайдаланды.

Оркімді заман сұйремек,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Заманы оны илемек, - деп хакім Абай айтқандай, ірін-шіріп құрыған социализм дәуірінде ұлт, халық мұлдесінен горі жеке басы немесе аталас туыстың камынан аса алмагандар елдің ойсанасын мәнгүрт дәрежесіне дейін төмендетті.

Мысалы, райкомга жоғары қызметке барған бір партократ өз естелігінде бүгінгі күні «Бір айдың ішінде 9 бірдей аталасын лауазымды қызметке орналастырганын» мактандыспен айтып-жазды да. Олардың барлығы ел, халық үшін емес, социализм үшін деп «аталастың атын оздыру» мақсатында қызмет жасаганына айтар дау жок. Айта берсе, мысал коп. Оны аудан тарихынан хабары бар кез келген санасы ояу адам калауын тапсан, ұзак түнге жырлап беруге бар. Мемлекетке өткізетін ет жоспарын асыра орында, сол арқылы көзге түсіп партия съезіне делегат болу, атақ алып «сылдырмак» орден тағыну үшін халықтың ақ адал малын қамап, күшпен етке өткіздірту секілді елге жасалған зорлық-зомбылыкты да көзіміз көрді. Шіркін-ай, ең өкініштің, солар кара орманды қалың елге обал болады-ау демеді-ау!

Біреулер малының киесісанаганайғырын шілденіңыстығында сойып сатты. Ер азamat жұмыста, мал исесі болғандықтан себепсіз шыға алмайды, әйтпесе күдік туады. Соның салдарынан бұғанасы қатпаган мектеп оқушысы ауылдық кенес тіркеуіндегі тізімнен артық малды сактау үшін «мал қамау» науқаны өткенге дейін таудың сай-саласында жылқысын кісендер күзеттіп, далага түнеді. Қарапайым халықтың күн көрін отырган малын қамап, ауылдық кеңестің тіркеу книгиңдагыдан артық малды етке өткізуғе

мәжбүрлөгендер де сол - «заманына құйлегендер». Қазір олар туралы «ел басшысы» болды деп мактау естелік айтып-жазып жүргендер де сол – бір кезде «заманы илегендер». «Тура осылай жаса, қара халықты зар илет» деп партия да, үкімет те нұсқау берген жок еді гой. Оған дәлел республика түгілі, осы облыстың дәл іргедегі басқа аудандарында осындай келенсіздіктер орын алмаганы белгілі. Оның атын басынғандық дейді. Соры арылмаган қайран момын ел демеске амал да жок. Актоғайдагы Әлтеке-Сарымнан тарайтын ұрпактың әрбір аксакал-карасақалы билетін ол жайларды айтып-жазып жатуды артық санадық. Оған біріншіден, кітап колемі көтермейтін болды, екіншіден, шынайы шындыққа сай материалдарды жинақтау кынға түсті. Ендеше, әзірge осыған риза болыныздыр, қадірлі жерлестер! Тұған жер топырағына арнаған зерттеуімізді қалай қабылдал, қалай бағалау өз еркінізде.

Бұл енбек негізінен алғанда осыдан тұра он жыл бұрынғы ауданның құрылуының 80 жылдық мерейтойына арналып жазылған 30 шакты беттік мақала дәрежесінде қалуға тиісті де еді. Алайда мақаланың алғашкы беттері аудандық «Токырауын тынысы» газетінің екі санында жариялана бастап еді, неге екені белгісіз сол кездегі аудан әкімі тыйым салып, сол үшін редактор сөгіс естіді. Облыстық газеттің редакторы да басамын деп алғанмен, ол да белгісіз себептермен жарыққа шығармады. Тегі аңы ақиқаттың ашық айтылуынан сескенген біреулер өтініш жасаған болуы керек. Еріксізтагы да қосымша ізденіп, толықтырып жеке кітап етіп бастыруға бел байладық. Соның нәтижесінде 2018 жылы Алматының «Арыс» баспасынан шыққан 216 беттік кітап ел-жүрттың қолына тиды. Сондықтан бір күнлік газет бетінде қалар мақала денгейінен жоғарылап, кітап дережесіне жетуіне кедергі келтірулері арқылы мен сиякты ерекіске келгенде қисық та қыныр адамға «көмек» жасаған лауазым иелеріне зор «алыс-карғысым» бірдей екенін білдіремін.

Енді сол алғашқы кітапка енбей қалған деректерді толықтыра отырып, осы енбекті назарларынызға ұсынып отырмыз. Ел

тарихының барлығын қамтитын еңбек жазуға бір адамның шамасы да келмейтіні түсінікті. Біз Арканың Акғойының тайпалық-рулық, өлкелік ғылыми тарихын тануда ергендері үлкен бір салтанатты сарайга айналатын ғимараттың ірге тасын гана қаладық. Dana халқымыз айтқандай, бәрі де откінші. Ал халық, оның ұрпағы - мәнгілік. Сталин шалдың «Гитлер келеді де кетеді, ал неміс халқы қалады» деп айтқаныңдай, кешегі кеңес дәуіріндегі «құдайдың құлагын ұстагандай болғандар» кетті. Олардан «пәленбайының жылдары ауданға бәленбай деген адам басшы болды» деген жағыз сөйлемнен басқа ештене де қалған жок. Қейінгілер де сол бағадан аса алмай отырганына халық күэ. Ал халық қалды, олар жақсы-жаман болсын келешек ұрпак іздейтін өз тарихын жасау үстінде.

Мен білетін және козім жеткен бір шындық бар. Ол - карапайым халықтың карғыс-наласына ұшыраган адамның түбі қайырлы болмайтыны. Айтып жатсақ, оған көп әңгімеге арқау болар мысал жеткілікті. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, кейінгі буын өкілдері өз туган жері туралы тарихи деректер іздестіретініне ешбір дау жоқ. Олай болса соларға келешекте табан тірерлік магұлмат алуға жараң жатса, енбегіміздің еш болмаганы.

Уа, менін туган жерінің тарихы дегенде ешқандай ұстанымдар мен қагидаларға бағынбайтын оқырман халық атты - Ұлы Сыншым! Әзірге бар айтарым осы. «Ғұмыр жолында озіне кейінгі ұрпактың келешекте қандай үкім шыгаратынын ойламаган адам қауілгі» деген бір канагты сөз бар екен. Оны кім біледі.... Келешек ұрпак сын таразысына тартқан кезде, біз де талқандастып қалмасақ болды.

**«АҢЫЗ ДАЛА, АБЫЗ ДАЛА – АҚТОҒАЙ» аталатын бұл тарихи танымдық еңбектің осы жолғы толықтырылған осы иұқасының баснадан жарық коруіне демеушілік жасаумен қолдау көрсеткен азаматтарға алтысым шекіз. Ел тарихына ариалған кітаптың жарыққа шығуына белдірген Атымтай Жомарттық пейілдеріне Алланың иұры жаусын!**



**Амантай Қалымбергенов  
Руы- Кошқін-Орысбай-Саумал**



**Аманжол Нұрбеков  
Руы - Қара (Кожас)-Кейкі**



**Салықов Айдын Жұманұлы  
Руы - Тобықты-Мандар**



**Рахымберлұлы Серік  
Руы -Кошқін-Шакабай**



Мәжінов Әмірсерік пен Жакан жеңгей  
Рұы - Кошқін-Орысбай-Атығай



Елдос Жандосұлы Смагұлов  
Рұы - Кошқін-Орысбай-Атығай

Бұлардан басқа да осы кітаптың баспадан жарық көруіне азды-кошті қолдау корсеткен Азат Максұтбекұлы Бабашов, Салтанат Мағұзұлы Жүнісов, Қамаш Төлеубаева секілді жанашыр жандарға ыстық ықыластары үшін зор ризалығымызды айтамыз.

## **МАЗМУНЫ**

Сөз басы немесе аныздан ақиқатқа .....	4
I тарая. Ақтогай ауданындағы елдің тайпалық және рулық күршілімі .....	12
II тарая. Үрпакқа ұран болған Қарқабат Ана.....	49
III тарая. Еркіндік аңсаған қайран ел .....	70
IV тарая. Ақтогай ел-жұрты және Кенесары-Наурызбай көтерілісі .....	84
V тарая. Елеусіз қалған есіл ерлер.....	125
VI тарая. Танылмай қалған бір тұлға.....	157
VII тарая. Тоқырауын болыстығының күршілік тарихы.....	171
VIII тарая. Ұлылықтар ұштасуы .....	217
IX тарая. Тоқырауын болысындағы переселендер .....	244
X тарая. Ақтогай халқы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде .....	256
XI тарая. Анызға айналған Ақбидай .....	263
XII тарая. Қоңырат ауданы «Тоқырауын көтерілісі» мен ашаршылық жылдарында .....	282
XIII тарая. Тоқырауын аринасындағы шешендік және ақындық өнер .....	310
XIV тарая. Ақтогай ауданының географиясы.....	329
Корытынды сөз.....	435

**АБЫЗ ДАЛА, АҢЫЗ ДАЛА –  
АҚТОҒАЙ**

Тарихнамалық зерттеу.  
Толықтырган екінші  
басылым.

Мұратхан Қожағметұлы Қожағметов  
Жандос Қожағметұлы Смагұлов

Пішімі 60x84 1/16 Офсеттік басылым.  
Көлемі 40,5 б.т. Тараптывы 500 дана. Тапсырыс № 22691